

ИД 012
32922k

1-ТОМ

Қазақ
әдебиетінің
тарихы

ЧАТЫН ОРДА ДӘУІРІ МЕН
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
ҒҮСЫНДАҒЫ ӘДБИЕТ



**«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ
ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Алматы
2008


«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., *кеңестің төрағасы*

Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.А.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.К.
Әжіғали С.Е.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.М.
Байпаков К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрхан Қ.Н.
Досжан А.Д.
Есім Ғ.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Құл-Мұхаммед М.А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.К.
Түймебаев Ж.К.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.



Қазак
әдебиетінің
тарихы

Он томдық

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

ҚИРАБАЕВ С.С., ҚР ҰҒА академигі, төраға;

**ҚАСҚАБАСОВ С.А., ҚР ҰҒА академигі, төрағаның
орынбасары;**

БЕРДІБАЙ Р.Б., ҚР ҰҒА академигі;

**ЕЛЕУКЕНОВ Ш.Р., филология ғылымдарының докторы,
профессор;**

НҰРҒАЛИ Р.Н., ҚР ҰҒА академигі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Қазақ әдебиетінің тарихы

3-ТОМ

**АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ МЕН
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ**

Жалпы редакциясын басқарғандар —
филология ғылымдарының докторы, профессор

Немат КЕЛІМБЕТОВ,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
академиясының академигі

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ



Қаз Ақпарат

Алматы

2008

ББК 83.3 (5 Қаз)

К 17

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН**

3-томның редакциялық алқасы:

Дербісәлі Ә., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Жармұхамедұлы М., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Жолдасбеков М., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Келімбетов Н., филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қасқабасов С.А., ҚР ҰҒА-ның академигі,
Қирабаев С.С., ҚР ҰҒА-ның академигі,
Қорабай С.С., филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
(жауапты шығарушы)
Мағауин М., филология ғылымдарының кандидаты

К 17 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. —
Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
Т.3. - 536 б.

ISBN 978-601-03-0025-5

“Қазақ әдебиеті тарихының” 3-томы XIII-XVIII ғасырлардағы жазба әдебиет пен акын-жыраулар поэзиясына арналған. XIII-XV ғ.ғ. өмір сүрген Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері Хорезми, Құтб, Сәйф Сараи, Дүрбек, Рабғұзи, Әли шығармашылығы, XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген белгілі тарихшылар — жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері Захириддин Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Әбілғазы Баһадүрхан сияқты акын-жазушылардың туындылары талданып, олардың қазақ әдебиеті тарихындағы орны ашып көрсетілген. Қазақ әдебиеті тарихының бұрын аз зерттелген дәуірі жаңа көзқарас тұрғысында пайымдалады. Сонымен бірге XV-XVIII ғасырлардағы акын-жыраулар поэзиясының танымал өкілдері: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз (Шәлгез), Бұқар, Ақтамберді, Тәтіқара жыраулар шығармашылығы дербес түрде қаралып, қазақ шешендік өнерінің белді өкілдері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер әдебиет тарихына кең көлемде енгізіліп отыр.

К 4603020000
00(05)-08

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-03-0025-5



© М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2008
© «ҚазАқпарат» баспасы, көркемдеу, 2008

КІРІСПЕ

Еуразия құрлығының жарымына жуық жерді камтыған Алтын Орда мемлекеті — көшпелі-отырықшы мемлекеттің классикалық үлгісі болды. Ол тек қана елді қырып-жоюмен, қалаларды қиратумен шұғылданды деген біржақты пікір — тарихқа қиянат екені күмәнсіз. Алтын Орда мемлекеті адамзат тарихында, әсіресе Еуразия халықтарының тағдырында үлкен рөл атқарды. Оның тұсында Монғолиядан Дунайға дейінгі аралықта тұрған елдердің бір-бірімен қатынасы күшейді, сауда-саттық, дипломатиялық іс дамыды, жер-жерде қалалар мен кенттер салынды. Көне түркі мен оғыз-қыпшақ замандарында қалыптасқан рухани мәдениет тоқырамай, соны сипатта жалғасын тапты. Атап айтқанда, Түрік қағанаты тұсында өмір сүрген Иоллығтегіннен бастау алған авторлық әдебиет бұл шақта әлсіреген жоқ, керісінше, ол жыраулық үлгіде көрініс беріп, үлкен мәнге ие болды. Мұны өз уақытында Ұлық жыршы атанған Кетбұғаның, Қотанның, Сыпыра жыраудың шығармаларының жұрнактары түрінде жеткен жекелеген өлең шумақтарынан көруге болады. Өкінішке қарай, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы нақты мәлімет өте аз. Әзірге белгілісі — олар XIII-XV ғасырлар аралығында өмір сүргендігі. Бұл кезең — Алтын Орда мен Қазақ хандығының тұсы. Сан жағынан азғантай болғанымен бүгінде бәрімізге мәлім бұл мәтіндер өзінің мазмұны жағынан да, поэзиялық қасиеті тұрғысынан да сол дәуірдегі әдебиет жөнінде қажетті дәрежеде мағлұмат бере алады. Дәлірек айтсақ, Кетбұға, Қотан, Сыпыра жыраулардың да өлеңдері өте маңызды оқиғалармен байланысты, олардың тақырыбы мемлекеттік, бүкіл қауымдық маңызы бар мәселелерді камтыған, ол өлеңдер тіпті тікелей ханға қарата айтылған, немесе күллі елдің

жағдайын сипаттаған. Ал, мұндай белгілер ол заманда, негізінен, жыраулар поэзиясына тән. Демек, аталмыш авторлар Алтын Орда дәуірінде-ақ жыраулық әдебиетті қалыптастырған. Егер осы тұрғыдан зерделесек, Иоллығтегін де жырау болып шығады, яғни ол Қазақ хандығы кезінде өте өрістеген авторлық ауыз әдебиетінің бастауы десе де болады. Олай болса, жыраулық әдебиет—көшпелі мемлекетте болатын өнер деп тұжырым жасауға мүмкіндік бар. Олар хандық мемлекеттің идеологы болып, елдік мәселесін, мемлекетке қатысты проблемаларды сөз қылатын болған, зор беделге ие жыраулар әміршімен тікелей сөйлесіп, өз ойын ашық айта алған.

Алтын Орда мемлекеті — көптеген түркі тайпалары мен монғол руларының бірлестігі әрі мекені болды. Оның алып жатқан байтақ өлкесі Дешті Қыпшақ деп аталып, қыпшақтардың қоғам өміріндегі барлық салада басым болғандығын көрсетеді. Соншалықты әр алуан ру-тайпалардан құралғандығына карамастан Алтын Орда орталықтанған күшті мемлекет болды, өйткені онда біртұтас саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени жағдай қалыптасқан еді. Ең бастысы — мемлекет бірынғай көшпелі болмай, отырықшылық сипатта да болды. Соның арқасында мемлекетте қалалық та мәдениет туды, рас, ол тақыр жерге туған жоқ, керісінше көне түркілер мен оғыздардың, қарахандықтардың заманында өрістеген мәдениеттің, дәлірек айтқанда, жазба әдебиеттің негізінде пайда болды да, бұрынғы әдеби дәстүр қайта түлеп, жанаша даму жолына түсті, сөйтіп бұл тұста өмірге жазба түріндегі біраз шығарма келді. Солардың қатарында, мәселен, Хорезми, Құтб, Сәйф Сараи, Дүрбек, Рабғұзи, Әли шығармаларын және т.б. дүниелерді ерекше атауға болады.

Алтын Ордан соң пайда болған Қазақ хандығы көршілес мемлекеттермен, Орта және Таяу Шығыс елдерімен үздіксіз араласып отырды. Онда араб-мұсылман мәдениеті мен ғылымы барған сайын тереңдеп тарала берді. Мектептер мен медреселер ашылып, оларда оқыту араб-парсы және түрік тілдерінде жүргізілді. Ғылымның әр түрлі салалары (дін ілімі, математика, логика, философия) бойынша білім беріліп, Шығыстың ұлы ақындарының классикалық туындыларымен таныстырылды. Сарай маңындағы шонжарлар, ірі феодалдар, бектер және басқа да дәулетті адамдар өз балаларын Бұхараға, Самарқанға, Бағдалқа және мұсылман дүниесінің басқа да ірі мәдени орталықтарына оқуға жіберіп

отырды. Мұның бәрі Қазақ хандығының жалпы дамуына, бүкіл қоғамның рухани өмірі мен мәдениетіне игі ықпал жасады.

Бұл дәуірде қазақ халқының рухани мәдениеті тек фольклормен, авторлық ауыз әдебиетімен сипатталып қойған жоқ. Онда жазбаша әдебиет те дамыды, ол, негізінен алғанда, хан сарайы маңындағы ортада жасады және көбінесе тарихи шығармалар түрінде болды. Орта ғасырларда әдебиет жанрлары жеке-жеке сараланған жоқ, сондықтан көркем проза дербес жанр болмады. Негізінен, әдебиет деп поэзия танылды, ал қара сөзбен тарихи және өзге де шығармалар жазылды. Сол кезде олар тарихи еңбек ретінде ғана емес, сонымен қатар, оқырмандарға арналған көркем туынды ретінде де әсер берді. Сондықтан мұндай туындыларда әртүрлі әдеби тәсілдер, адам айтқысыз әсірелеулер, оқиғалардың айқын суреттемелері, өлең шумақтары мол кездеседі. Ал поэзиялық жолдарда бейнелі теңеулер, ойға орала бермейтін эпитеттер мен көркем әдебиеттің басқа да белгілері бар.

Қазақ хандығы құрылған кезеңде өмір сүрген мемлекеттердің этникалық құрамы да, шекаралық межелері де бүгінгі кездегідей нақты емес еді. Сол себепті ол замандарда пайда болған әдеби туындылар да, басқа да шығармалар да, тіпті салт-ғұрыптар да жеке бір мемлекеттікі, яки, бір халықтыкі болған жоқ. Рутайпалар, адамдар әр мемлекетте тұрғанмен бірі-бірімен еркін араласып жатты, бір дүниені «мынау менікі», «мынау сенікі» деп бөлмеген, оны ортақ деп түсінген. Сол себепті, сол тұста жазылған шығармалар, бұрынғы фольклор сияқты, ортақ болған, оларды бір-бірінен алып, рухани қажеттігіне пайдаланып жүрген, сондықтан да қай шығарманы алсақ та, онда бір ғана мемлекеттің емес, бүкіл Орталық Азиядағы елдердің мәселесі, тарихы, олардың көсемдері туралы сөз болады. Міне, осындай Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түрік халықтарының көркем әдеби жәдігерліктері ретінде танылған маңызды шығармалар аз емес. Олардың ішінен Захириддин Бабырдың «Бабыр-намасын», Камал ад-дин Бинаидің «Шайбани-намесін», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашидиін», «Жаһан-намесін», Қожамқұл бек Балхидің «Тарихи Қыпшағын», Қадырғали Жалайырдың «Жами'ат-тауарихын» және басқа шығармаларды атауға болады. Бұл авторлар өз шығармаларында тек оқиғаларды суреттеумен және билеушілердің шежіресін баяндаумен ғана шектелмеген. Олар өз суреттемелеріне қоса көркем бейнелер жасап, ауыспалы мағынаны пайдаланған,

кейде шайқастардың немесе басқа оқиғалардың көріністерін біршама көркем беріп, өз сөз саптауларын алуан түрлі айшықты троптармен әрлендіре түскен, хикаяларына өздерінің ақындық таланты мен зор эрудициясы бар екендігін дәлелдейтін өлең жолдарын енгізіп отырған. Мұның бірінші кезекте Бабырға қатысы бар.

Сонымен, XVI-XVIII ғасырларда қазақ халқының рухани мәдениеті өзінің алдындағы дәуірлердегі мәдени дәстүрлердің қисынды жалғасы болып, бірнеше бағытта дамыды. Онда циклге айналған ертедегі мифтер мен көне хикаялар ұтымды түрде араласқан. Фольклор жанаруды бастан кешірді, кейбір ескі жанрлар жойылып кетті, өзгелерінің түрі өзгертіліп, жана жағдайларға бейімделді. Алғашқы қауымдағы нанымдарға негізделген көптеген мифтер мен ескі аңыздар исламдық сипат алды, ал кейбіреулері рухани мәдениеттің шетіне ығысты.

Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан сыртқы экономикалық жағдайларға байланысты батырлық, отаншылдық және тарихи тақырыптар алға шықты. Әсіресе тарихи жырда, тарихи өлеңде, ертегіде (новеллалық және сатиралық) жана түрлер мен адамдар және оқиғалар туралы тарихи аңыздар пайда болды.

Негізінен алғанда, XVI-XVIII ғасырларда идеологиялық рөл атқарып, күшті қазақ мемлекеттігі мен оны сыртқы басқыншылардан қорғау идеясын жырлаған жыраулар поэзиясы басты орын алды. Жыраулар поэзиясы мен би-шешендер шығармашылығы мемлекетке қызмет етіп, хан билігін қолдап отырды. Сонымен бірге олардың шығармашылығы мен іс-қимылдарынан ханға деген оппозициялық ой-пікірлер бой көрсетеді. Алайда, мемлекеттің тәуелсіздігіне келгенде алауыздықтар екінші қатарға ығысып, әдебиет те, фольклор да, музыка өнері де бірлікке және басқыншыларға қарсы күресуге шақырды.

XVIII ғасырдың ортасында жыраулар поэзиясының орнын кәсіби ақын поэзиясы басты. Қазақстан Ресейге қарап, өз мемлекеттігінен айрылды, соған байланысты Қазақ хандығының идеологтары мен идеологиясы тарихи аренадан кетті. Мұның өзі, бір жағынан, бұқарашыл ақындардың рухани өмірде белсенді рөл атқаруына және әдебиеттің мемлекет пен билеушіге тікелей қызмет етуден кетуіне, екінші жағынан, батырлық және отанды сыртқы жаулардан қорғау тақырыбының саябырлауына, оның

орнын лириканын ала бастауына әкеп соқты. Қоғам мен оның рухани мәдениетінде әдебиет дербес өнерге айналды және оны жыраулармен қатар классикалық шығыс поэзиясының дәстүрлерін ұстанған ақындар (Софы Аллаяр, Сайхали) одан әрі дамыта түсті. Сонымен бірге қазақ әдебиетінде көтерілісшілдік поэзия туып, қалыптасты, ол енді отан қорғау тақырыбының орнына, отаршылдыққа қарсы тақырыпты дамытты. Ол әсіресе XVIII ғасырдың аяғынан бастап Қазақстанның түрлі аймағында Ресей отарлауына қарсы көтерілістер тұтанған кезде қауырт өріс алды, сөйтіп қазақ әдебиетінде ұлт-азаттық идеясын ту қылған поэзия өмірге келді. Бұл, әсіресе, Махамбет пен Дулат шығармашылығында айқын көрінді.

Үшінші томды жазуға қатысқандар: филология ғылымдарының докторы, профессор **Н.Келімбетов** («Алтын Орда дәуірі әдебиеті», «Кисса-сул әнбия», Хорезми. «Мұхаббат-наме», Құтб. «Хұсрау-Шырын», Сәйф Сараи. «Гулстан бит-Түрки», Дүрбек. «Жүсіп пен Зылиха», «Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр», Әбілғазы Баһадүрхан. «Шежіре-и түрік», Захириддин Мұхаммед Бабыр. «Бабыр-наме»); ҚР ҰҒА академигі **С.Қасқабасов** («Кіріспе», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет»); филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Дербісәлі** («Мұхаммед Хайдар Дулати»); ҚР ҰҒА академигі **Р.Ғ.Сыздық** тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Қойгелдиев** («Қадырғали Жалайыр»); филология ғылымдарының докторы, профессор **М.Жармұхамедұлы** («Сыпыра жырау», «Асан Қайғы», «Бұқар жырау», «Шешендер шығармашылығы», «Қазыбек би»); филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө.Күмісбаев** («Үмбетей»); филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Дәдебаев** («Төле би», «Сырым шешен», «Бөлтірік шешен»); филология ғылымдарының кандидаты **М.Мағауин** («Тәтіқара»); филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Қ.Сыдиқұлы** («Шалкиіз (Шәлгез) жырау»); филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Қорабай** («Дана Хикар хикаясы», «Доспамбет», «Қазтуған», «Ақтамберді», «Ақтайлақ би»); филология ғылымдарының кандидаты **С.Қосан** («Әли», «Жиёмбет», «Әйтеке би»), филология ғылымдарының кандидаты **А.Әлібекұлы** («Мысырдағы кыпшак әдебиеті»); филология ғылымдарының кандидаты **Г.Кұрманғали** («Марғаска»).

Бұл томды жазу барысында бұрын қайтыс болған ғалымдардың да еңбектері пайдаланылды. Өйткені бұл ғалымдар қазақ әдебиеті

тарихының белгілі бір кезеңін алғаш зерттеген мамандар ретінде ғылыми қауымға кеңінен танылды. Олардың ежелгі дәуір әдебиеті туралы ой-тұжырымдары мен пайымдаулары ұлттық әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Сол себепті ақын-жыраулар поэзиясын жете зерттеген ғалымдардың бірі Қабіболла Сыдиықұлының Шалқиіз (Шөлгез) жырау туралы тәуелсіздік жылдары жазған тарауы сол күйінде осы томға енгізілді.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ

Дешті Қыпшақта негізі қаланған Түркі мемлекеті — Алтын Ордада XIII-XV ғасырларда ғылым, мәдениет және әдебиет едәуір дамып, бүкіл әлемге таныла бастаған еді. Әсіресе, XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекетінің Еділ бойындағы астанасы Сарай (Берке-Сарай) қаласы дүниежүзіне мәшһүр мәдени орталықтардың біріне айналды. Мұнда қысқа мерзім ішінде әлемнің әр түкпірінен атакты ғалымдар, ақындар, өнер қайраткерлері, сәулетшілер, т. б. жиналды деуге болады.

Берке, Өзбек және Жәнібек хандардың тұсында Алтын Орда астанасы Сарай шаһарында ислам әлемінің ең атакты ғалымдары (Құтб ад-Дин ар-Рази, Сад ад-Дин ат-Тафтазани, Хафиз ад-Дин ал-Баззави, т. б.) мен акын-жазушылары өмір сүріп, еңбек етті. Бұл кезде олар Дешті Қыпшақты Батыс пен Шығысқа танытқан өздерінің ғылыми, әдеби туындыларын қыпшақ тілінде жазды.

Рас, Алтын Орда халқы өздерінің этникалық құрамы жағынан әр түрлі еді. Соған карамай, Алтын Орданың мемлекеттік тілі — қыпшақ тілі болды. Әйтсе де «қыпшақ тілі» дегенде мынадай бір жайтты мықтап ескерген жөн сияқты. Ұлан-ғайыр өлкелерді өз ішіне қамтып, әрі іштей ұсақ-түйек ұлыстарға, тайпаларға, рулық құрылымдарға бөлініп жатқан Алтын Орда сияқты үлкен мемлекетте қыпшақ тілінің түрлі диалектілері бар еді. Алайда мұндай диалектілердің бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ болатын. Дәлірек айтсақ, біріншіден, «XIII ғасырда қалыптасып, мәмлүктік Египетте мейілінше дами түскен көне түрікмен әдеби тілі; екіншіден, оғыз-қыпшақ әдеби тілі; үшіншіден, Сырдарияның төменгі ағысында қалыптасып, кейінірек мәмлүктер билігіндегі Египетте дами түскен қыпшақ-оғыз әдеби тілі; төртіншіден, Еділдің төменгі ағысы мен Солтүстік

Хорезмде өмірге келген оғыз-түрікмен әдеби тілі; бесіншіден, Орта Азияда кең өріс алған көне өзбек тілі» болғанын ескергеніміз жөн¹.

Дешті Қыпшақта, мәмлүктер билігіндегі Египет пен Сирияда XII – XV ғасырларда жазылған әдеби, діни, ғылыми туындылар қыпшақ тілінің осы аталған диалектілерінің бірінде өмірге келген. Мұндай шығармалар түркі тілдес ру-тайпалардың бәріне де түсінікті болды.

Сонымен, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің объектісі осы мемлекет жерінде жазылған көркем туындылармен ғана шектеліп қалмайды. Сондай-ақ бұған XIII – XV ғасырларда Ақ Ордада, Орта Азияда, мәмлүктік Египетте қыпшақ тілінде жазылған көркем шығармалар да енеді. Бұл туралы түркология ғылымында күні бүгінге дейін түрлі пікірлер айтылып келеді.

Мәселен, немістің көрнекті түріктанушы ғалымы А. М. Фон Габен өз зерттеулерінде Алтын Орда дәуірі әдебиетін екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – Алтын Орда және Хорезм әдебиеті, ал екіншісі – мәмлүк-қыпшақ (Египет) әдебиеті².

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің дамуына Дешті Қыпшақ пен Мысыр (Египет) арасындағы түрлі саладағы: саяси, әскери, мәдени, әдеби, тіпті ел билеушілер арасындағы туыстық байланыстар да зор ықпал етті. Мәселен, мәмлүк Египетінің астанасы Каир қаласында Шәхаб ад-Дин Сараи, Махмұд ибн Фаттаһ ас-Сараи, Абдуллах әбу-т-Тина ас-Сараи сияқты Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан шыққан (сол себепті тахаллустары, яғни лақап аттары «Сарай» болып келеді) акындар, тарихшылар, философтар, дін қайраткерлері, т. б. еңбек етті.

Сондай-ақ арабтың Махмұд ибн Ахмед ибн Мұса, Мұхтар ибн Махмұд әз-Зәкиди, Аргун-наиб, Халиль ибн Никлади аль-Алаи, т.б. көптеген ғалымдары Алтын Ордаға барып, Сарай қаласында еңбек етті, өздерінің әлемді тандандырған ғылыми трактаттарын жазды.

Кезінде Египетке кеткен қыпшақтар – мәмлүктер өздерінің ежелгі отаны Дешті Қыпшақпен туыстық байланыстарын үзбей тұрды деуге болады. Мысыр әмірлері де Алтын Ордамен қарым-қатынас жасап, тіпті құда-жекжат болып жүрді. Мәселен, өзі Еділ

¹ Наджил Э. Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык. Часть первая, А., 1975, с. 16-17.

² Түркі филологиясының негіздері (Неміс тілінде). Виссбаден, 1958, I-том, 37-б.

бойында туылып, кейінірек Мысыр елінің әмірі болған сұлтан әл-Мәлік әз-Захар Бейбарыс (1217-1277) Алтын Орда ханы Беркенін қызына үйленеді. Мұның өзі Алтын Орда мен Египет арасындағы түрлі байланыстарды жақсартта түсуге кезінде зор ықпал етті³.

Араб тарихшысы ибн-Тагри-барди өзінің «Мысыр елі мен Каир үстінде жарқыраған жұлдыздар» атты кітабында: «Египетті мәмлүктер билеп тұрған кезде біздің елде қыпшақ тілі басым болды. Ел билеген әмірлер, әскери адамдар, елшілер, жергілікті әкімдер, өнер және әдебиет қайраткерлері негізінен қыпшақ тілінде сөйледі. Мәмлүктерге жағыну үшін тіпті қарапайым арабтар да қыпшақ тілінде сөйлейтін еді. Ал, Египет пен Сирияны билеген кейбір мәмлүк сұлтандары араб тілін білмейтін. Мәселен, Сұлтан Бейбарыс, атакты Хаджіб Алмас айналасындағы арабтармен тәржімән-тілмәш арқылы сөйлесетін», - деп жазады⁴.

Белгілі араб ғалымы әл-Макризи өзінің «Мемлекетті басқару ілімі жайында жол көрсететін кітап» деп аталатын еңбегінде мынадай пікір айтады: «Рас, кейбір мәмлүк әмірлері араб тілін жақсы білетін. Мәселен, Мысырдағы ең жоғарғы дәрежелі әмірлердің бірі Бештак әл-Қыпшақи араб тіліне жетік еді. Әйтсе де ол арабтармен тек аудармашы арқылы сөйлесіп, ресми құжаттарды алдымен өзінің түркі тілінде жазып алатын да, содан кейін ғана оны тәржіманға айтып, арабшаға аудартып отыратын».

Бір қызығы — Египеттегі мәмлүктер арасында, әсіресе, әкімдер, әскери адамдар, дін қайраткерлері қатарында ақындар көп болған. Олар өз өлеңдерін қыпшақ тілінде жазып, ресми мәжілістерде халық көп жиналған той-думандарда, тіпті базарларда оқуды дәстүрге айналдырған. Бұл туралы ибн-Тагри-барди: «Мәмлүктер арасында дарынды ақындар жиі ұшырайды. Олар өз өлеңдерін зор шабытпен жазып, оны жағымды дауыспен оқи да біледі. Алайда олар көбінесе поэзия қағидаларымен санаса бермейді. Түркілердің ішінде ең дарынды ақындар: Ат-Танбага әл-Жавали мен Әмір-ақын Ала ал-Дин ибн Абдаллах дер едім. Шам шаһарының әкімі Ала ал-Дин ибн Абдаллахтың «Айадур әл-мехъяви» атты өлеңдер жинағына тамсанбаған зиялы жан жоқ. Шайыр өз қаһарманының сыртқы келбетін келістіре жырлайды:

³ Stanley Lane Poole. A history of Egypt in the Middle ages. London, 1936.

⁴ Ибн Тагри-барди. Әл-наурум ул-заһарти фи мулук Мисире уа әл-Қаһарати. 9:103. 783х. Т. Дар-ул кітаби.

Көзі менен кірпігіне түркілердің карашы:

Тандандырған, тамсандырған сикыршыға санашы.

Түркілердің бар сикыры – көзінде емес сөзінде,

Намаз оқып тұрғандай ғой жыр жазатын кезінде»⁵, – деп жазады.

Египетке мәмлүктер келген соң әдебиетте адамның сыртқы пішінін бейнелеп көрсетуге, әрі адам денесінің сұлулығын мадақтауға ерекше назар аударыла бастады. Мәмлүктердің әдемілігін бейнелеп көрсетуге арналған тенеулер, фразеологиялық сөз тіркестері, қанатты сөздер тіпті қазіргі араб лексикасында да өз ізін қалдырған деуге болады. Ер адамдардың сұлу келбетіне тамсанған араб әйелдерінің «Құлды мәмлүк сияқты», «Құйып қойған мәмлүк», «Мәмлүктен айнамаған» деген сияқты сөздерін бүгінгі күні де Каир көшелерінен жиі-жиі естуге болады.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінің мұралары онша көп сақталмаған. Бұл кездегі әдебиет өкілдерінен біз Сайф Сараи, Хорезми, Құтб, Дүрбек, Лутфий, Сайдахмат, Әли Атаи, Рабғузи, т. б. шығармаларын білеміз. Кейбір акын-жазушылардың лақап есімдері ғана мәлім.

Бұл кезде өмірге келген көркем туындылардан Хорезми, Құтб, Сәйф Сараи, Дүрбек, Рабғузи, Әли ерекше мәшһүр болды.

Дүрбек діни аңыздар сюжетіне құрылған “Жүсіп — Зылика” қиссасын өз бетінше қайта өндеп, оны осы реалдық өмірдің қызығы мен қиындығын шыншылдықпен жырлаған дастан етіп жаңадан жазып шықты.

Сондай-ақ діни-мистикалық бағыттағы әдеби шығармалар да аз емес еді. Міне, сондай діни-мистикалық шығармалардың бірі – Насыр-ад-дин Рабғузидің прозалық туындысы – “Қисса-сул әнбия” немесе “Қисса и Рабғузи” деп аталады.

“Қисса-сул әнбия” – сюжеттік жағынан алып қарағанда, негізінен әулие-әмбиелар, өздерін құдайдың жердегі өкілдері санайтын пайғамбарлар жайында қисса-хикаялар, аңыз-ертегілер жинағы болып келеді.

“Қисса-сул әнбия” 1914 жылы Қазан, ал одан кейінірек Ташкент қалаларында бірнеше рет жеке кітап болып басылып шықты. Ел арасында бұл кітаптың қолдан көшірілген нұсқалары кезінде кең тараған.

⁵ Ибн Тагри-Барди. Әл-Наужум ул-заһарти фи мулук Мисире уа әл-каһарати. 9:103.783х. Т. Дар-ул Китаби. 141-б.

Әйтсе де “Рабғузи қиссасы” түгелдей бастан-аяқ діни уағыз емес. Мұнда ежелгі дәуірдегі түркі тектес ру-тайпалар арасында көп тараған қиял-ғажайып ертегілер, аңыздар, қиссалар, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер берілген. Мәселен, осы кітаптың Қазан қаласынан шыққан басылымында 79 ертегі-аныз, қисса-хикаят, т.б. бар.

Ерте дәуір әдебиетін ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалым Б.Кенжебаев солардың бәрін тақырып-мазмұнына, идея-мәніне қарай мынадай үш топқа жіктейді:

1. Жер, көк, адамзат, хайуанат, жын-шайтан, періште, адам ата, от, топырақ жайлы түсінік, әңгіме.

2. Әулие-әмбиелер, пайғамбарлар, солардың өмірбаяндары, іс-әрекеттері туралы қиссалар, ертектөр, аңыздар.

3. Шежіре — мұсылман жыл есебінің, хижраның алғашқы он жыл ішінде болған тарихи оқиғалар, календарь — жыл, ай, күн аттары, назым-өлеңдер.

Бұл шығармада Сүлеймен, Дәуіт, Мұса, тағы басқалар оқырманға тек әулие-пайғамбар ретінде ғана емес, ел билеген әділ патша болып та көрінеді. Мәселен, Дәуіт патша күндіз мемлекет басқару істерімен айналысып, ал түнде дәруіш киімін киіп алып, ел аралайды екен. Ол халықтан патшаларың әділ ме, ел билеген әкімдер зорлық-зомбылық көрсеткен жоқ па деп сұрайды екен. Ел-жұртқа тізесін батырған әкімдерді ұдайы жазалап отырады екен дейді. Бір күні Дәуіт өзі туралы:

— Патшаларың қалай? — деп сұрапты. Сонда бір кісі:

— Патшамыз Дәуіт жақсы, бірақ жұрттың ақысын жейді, — деп жауап береді. Сол күннен бастап Дәуіт патшалықты тастап, темір соғушы ұста болып кетеді.

Дәуіт патша туралы тағы бір мынадай хикая бар. Дәуіт өз еліндегі бір кісінің әйеліне ғашық болып қалыпты. Сол әйелге үйлену үшін дереу күйеуін соғысқа жібереді. Сол күні патшаға арыз айтып, ағалы-інілі екі адам келеді. Інісі айтады: — Ағамның тоқсан тоғыз қойы бар. Сөйте тұрып, ол менің жалғыз қойымды тартып алды, — дейді. Сонда Дәуіт патша қаһарына мініп: — Бұл не деген әділетсіздік! — деп айғай салады. Бұған әлгі адамның ағасы аспай-саспай жауап береді: — Несі бар, әміршім, сіздің тоқсан тоғыз әйеліңіз бар екенін бүкіл ел біледі. Сөйте тұрып біреудің жалғыз қатынын тартып алдыңыз. Мұныңызды қалай түсінуге болады? — деп жауап беріпті.

“Қисса-сул әнбияның” кейбір қисса-әңгімелерінде халық ауыз әдебиетінің сарыны, сюжеті, көркемдік тәсілдері басым болып келеді.

Мұса пайғамбар жайындағы қиссалар қазақтың қиял-ғажайып ертегі-аңыздарын еске салады. Мұсаның “киелі” асатаяғы бар екен. Оны жерге шаншып қалса, ғайыптан жайқалған бау-бақша пайда болады немесе әскер өте алмай тұрған асау дарияға өзінсі-өзі көпір салынып қалады, яки қуып келе жатқан жауға қарсы тұратын аждаһа жылан шыға келеді.

“Қисса-сул әнбияда” Ануқ деген алып адамның бейнесін былайша суреттеп көрсетеді: Ануқтың екі аяғының арасы бір күншілік жол екен. Дариялардан таудай балықтарды қолымен ұстап алып, аспанға созып жіберіп, әлгі балықты күнге күйдіріп жеп отырады-мыс. Әлемді топан суы басқанда су оның тізесіне де жетпепті. Өзенге су ішуге барғанда бір аяғы арғы жағалауда, бір аяғы бергі жағалауда тұрады екен. Ануқ өзен үстінде осылайша тұрып өліпті. Сонда оның бір жілігі өзен үстінде көпір болып қалған екен.

Ал осы хикаяда байғыз құс туралы мынадай әңгіме бар. Біреу байғыз құстан сұрапты:

— Неге сен ұдайы адамы жоқ ескі жұртты, қираған қорғандарды мекен етесің? — депті.

Сонда байғыз құс:

— Мен адамдардың зұлымдығынан қорқамын. Бір кезде гүл жайнаған шаһарларды күл-талқан етіп, осындай күйге түсірген адамдар ғой. Солардың зұлымдығын естен шығармау үшін ескі жұртты мекен етем, — деп жауап беріпті.

Сөйтіп, “Қисса-сул әнбия”, бір жағынан, діни аңыз-әңгімелерге, екінші жағынан, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлеріне негізделіп жазылған прозалық көркем туынды болып табылады.

“*Кодекс куманикус*”. Бүкіл қыпшақ даласын, Орта Азия мен Шығыс Еуропа жерлерінің көбін жаулап алу негізінде құрылған Алтын Орда мемлекеті нығайып тұрған кезде қыпшақ тілі үстем тілге айналды.

Алтын Орда дәуірінде (XIII—XV ғасырлар) Жоңғар қақпасынан бастап, Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы ұлан-ғайыр өлкені мекен еткен елдің бәрі де қыпшақ тілін білетін, түсінетін болған. Бұл кезде Еуропа елдерінен қыпшақ даласына келетін, Дешті Қыпшақ

арқылы жүріп Азия елдерінен өтетін саяхатшылар, елшілер, әскери адамдар, тағы басқалар қыпшақ тілін білуге мәжбүр болған.

Орыстар көршілес отырған қыпшақтарды — *половецтер*, ал кейде *печенгелер* деп атаған. Ал Батыс Еуропа жұртшылығы қыпшақтарды *кумандар* деп атап кеткен еді. Ол кезде Еуропа елдерінде латын тілі, ал ислам діні тараған Азия мемлекеттерінде парсы тілі ресми, әдеби тіл болған.

“Кодекс куманикус” — латын сөзі. Бұл сөздің мән-мағынасы — “кумандардың кітабы”, “қыпшақ тілінің сөздігі” яки “қыпшақ туралы жинақ”. Бұл сөздік екі бөлімнен тұрады. Кітаптың бірінші бөлімінде үш бағана етіп жазылған латынша—парсыша—куманша сөздік берілген. Сөздікті осылайша үш бағаналы етіп құру өте қажет болған. Өйткені мұндай сөздік қыпшақ даласына Батыс Еуропа елдерінен келгендер, яғни латын тілін білетіндер үшін де, Шығыс жақтан келген адамдар, яғни парсы тілінде сөйлейтіндер үшін де пайдалануға қолайлы еді.

“Кодекс куманикустың” екінші бөлімін — сан қилы аңыз-әңгімелер, ертегілер жинағы деуге болады. Екінші бөлімнің мақсаты — кумандар арасында христиан дінін уағыздау болса керек. Мұнда христиан дінінің пайдасы жайындағы түрлі уағыз-өсиет сөздер, Христостың өмірі хақында, Мария Ананын әулиелігі туралы, киелі Апостолдар жөнінде хикая-аңыздар бар.

“Кодекс куманикустың” түпнұсқа қолжазбасы қазір Италияның Венеция қаласындағы әулие Марк шіркеуінің кітапханасында сақтаулы тұр. Бұл шығарманың бірінші бөлімін, яғни латынша-парсыша-куманша сөздігін тұңғыш рет француз тіліне аударып, 1828 жылы Париж баспаларының бірінен жеке кітап етіп шығарған Генрих Юлий Клапорт болды. Атақты ориенталист Г. Кун 1880 жылы қолжазбаның екі бөлімін де толық латын тіліне тәржіма жасап, Будапешт қаласында бастырып шығарды. Бұл кітап 1884 жылы Санкт-Петербургте неміс тілінде шықты. Оны неміс тіліне аударған В. Радлов еді. Дания ғалымы К. Гренбек қолжазбаның түпнұсқасын (факсимилесін) 1936 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Бұл кітапты тұңғыш рет қазақ тілі тұрғысынан егжей-тегжейлі зерттеген ғалым Ә. Құрышжанов болды.

“Кодекс куманикус” әдебиет тану ғылымы тұрғысынан әлі арнайы зерттелген емес.

Біз әңгіме етіп отырған сөздікте қазіргі қазақ халқының

әдеби тілінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері көп ұшырасады. Кітаптың алғашқы бетінен, яғни “А” әрпімен басталатын сөздерден бірнеше мысал келтірейік. Мысалы: ат, ата, ұлы ата, азамат, айна, ай басы, айыл, ақ, ақ қой, т.б.

Сөздіктің екінші бөлімінде сан түрлі жұмбақтар, өлең-жырлар, діни кітаптардан шағын үзінділер келтірілген. Солардың ішінде мынадай қазақ жұмбақтары кездеседі:

Ішер, жер, ініне кірер. (шешуі: пышақ)

Буы бар да, ізі жоқ. (шешуі: кеме)

Аузын ашса, өнмені көрінеді.

(шешуі: есік ашқанда көрінетін үй ортасындағы от)

Тап-тап тамызық,

Таматұғын тамызық,

Көленкеден кеп

Күйетұғын тамызық. (шешуі: көбелек)

Ұзын ағаш басында

Ұлы бітіс бітірдім. (шешуі: көсеу)

Ақ үй, аузы-мұрны жоқ үй. (шешуі: жұмыртқа)

Жазда жабулы тоқпақ жатыр. (шешуі: кірпі)

Жазда жабулы қауыс жатыр. (шешуі: жылан)

Ерте тұрдым, алып ұрдым. (шешуі: есік)

Белдеуде бес ат,

Бесеуі де қасқа ат. (шешуі: бес саусақ)

Сенде, менде жоқ,

Сенгір тауда жоқ,

Отта, таста жоқ,

Қыпшақта жоқ. (шешуі: құс сүті)

“Кодекс куманикус” қыпшақ даласында жазылған, сол кездегі қыпшақ тілі мен әдебиетін зерттеу үшін аса құнды материалдар беретін жәдігерлік болып табылады.

ХОРЕЗМИ

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ең көрнекті үлгісі — “Мұхаббат-наме” дастаны. Оны жазған — ақын Хорезми. Хорезми — ақынның лақап аты. Ақынның шын аты-жөні, өмірі, шығармашылығы жайлы мәлімет сақталмаған. Ол жайында білетініміз онша көп емес. Ақын Хорезми — Алтын Орда ханы Жәнібектің тұсында өмір сүрген. Сол Жәнібектің Сыр бойындағы әкімдерінің бірі болған — Мұхаммед Қожабектің тапсыруы бойынша 1353 жылы “Мұхаббат-наме” дастанын жазған.

Бүгінгі күнге “Мұхаббат-наме” дастанының екі қолжазба нұскасы жеткен. Дастанның екі нұскасы да қазір Лондонның Британия музейінде сақтаулы тұр. Ресей Ғылым академиясының Азия халықтары институты 1952 жылы осы екі қолжазба нұскасының фото көшірмесін алды. Қолжазбаның бірі — 1432 жылы ұйғыр әрпімен көшірілген. Демек, “Мұхаббат-наме” дастанын Хорезми жазғаннан 80 жылдан кейін оны ұйғыр әрпімен қайта көшірген болып шығады. Бұл — дастанның ең көне, алғашқы көшірмелерінің бірі болса керек.

Ал енді “Мұхаббат-наменін” араб әрпімен жазылған нұскасы — 1509 жылы көшірілген. Басқаша айтсақ, дастан жазылғаннан кейін, араға 166 жыл салып барып араб әрпімен көшірілген екен.

Бір қызығы — араб жазуындағы қолжазба ұйғыр жазуындағы нұскадан 77 жыл кейін көшірілсе де, оған қарағанда әлдеқайда кең әрі толық сақталған болып келеді.

1971 жылы Түркияның (Стамбул) ұлттық кітапханасынан «Мұхаббат-наменін» араб графикасымен жазылған нұскасының екі көшірмесі табылды. Бұл дастанды орыс ғалымдары В.В. Бартольд (1924), А.Н. Самойлович (1928) және Ә. Нәжіп арнайы зерттегені мәлім.

Бұл әдеби жәдігерліктің ұйғыр әрпімен көшірілген нұскасын белгілі орыс ғалымы – А.М. Щербак тілдік тұрғыдан зерттеп, орыс тіліне аударды¹.

Ал “Мұхаббат-наменін” екі нұскасын да өзара салыстыра отырып, зерттеп, араб әрпімен жазылған нұскасын қазіргі әріптермен транскрипция жасап, оны орыс тіліне аударып, жан-жақты зерттеген көрнекті түрколог Әмір Нәжіп болды².

Сондай-ақ бұл дастан 1954 жылы өзбек тіліне (Т. Жалалов), 1981 жылы үзінді түрінде татар тіліне, ал 1985 жылы қазақ тіліне (А. Қыраубаева) тәржіма жасалды. Алайда бұл аудармалар ғылыми тұрғыдан да, көркемдік жағынан да сын көтермейтіні кезінде мерзімді баспасөз бетінде жазылғаны мәлім.

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші бір топ қазақ ғалымдары (Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев) «Мұхаббат-наменін» араб жазуымен бізге жеткен ең толық нұскасын ғылыми негізде жан-жақты талдап, көне мұраның қазақ әдебиетімен көркемдік сабақтастығын дәлелдеп шықты, әрі дастанның түпнұсқаға мейілінше жақын қазақ тіліндегі аудармасын оқырман қауымға ұсынды³.

“Мұхаббат-наме” дастанының араб әрпімен жазылған нұскасы 473 бәйіттен тұрады. Дастанда 11 наме (хат) бар. Жігіттің қызға жазған он бір хаты жырға негіз болған. Солардың ішінде төртінші, сегізінші және он бірінші хаттар парсы тілінде жазылған. Қалғандары Алтын Орда түріктерінің бәріне бірдей түсінікті қыпшақ-оғыз тіліндегі жырлар болып келеді. Сонымен, дастандағы 317 бәйіт қыпшақ-оғыз тілінде, 156 бәйіт парсы-тәжік тілінде жазылған. Әйтсе де “Мұхаббат-наменін” негізгі тілі – Алтын Орда қыпшақтарының тілі екенін ұмытуға болмайды. Дастанның әрбір жолы бұған айқын дәлел. Мұнда грамматикалық жағынан да, лексикалық тұрғыдан да қыпшақ тілі элементтері басым екені даусыз.

“Мұхаббат-наме” дастанының кіріспесінде ақын: “Мен де ұлы тәңірге жалбарынып, “Мұхаббат-намені” жаздым” – дейді. Автор сол кездегі әдеби дәстүрді сақтап, алдымен әлемді жаратқан тәңірге

¹ Щербак А. М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959.

² Хорезми. Мухаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н. Наджиба. М., 1961

³ Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. А., Ғылым 1986.

сыйынады, сосын пайғамбарларға мақтау сөз айтады. Содан кейін ғана дастанның жазылу себептеріне тоқталады.

Ақын “Мұхаббат-намені” Алтын Орда ханы Жәнібектің Ақ Ордадағы әкімдерінің бірі — Мұхаммед Қожабектің тапсыруы бойынша жазғанын айтады:

Түн ақшам ким көрунди бәйрам айы
Мұхәммәд Хожа-бектің дәвләт хумайы.

Буйурды өргә шадырван урулды,
Кәдәх келтурдилар мәжлис курулды.

Хусәйни пәрдәси узрә түзүб саз
Муғәнни бу гәзәлни қылды ағаз.

...Тәбәссүм қылды, айды: ей фәлани,
Кетүргил бизга лайық әрмәғаны.

Тилармин ким бизнин тил бирла пәйда.
Китаби әйласан бу қыш катым да.

Кәбул қылдым, йир өптим, айдым: ей шах,
Иши кин топракты дәвләт ли дәрғах⁴.

Бұл жырдың жолма-жол аудармасы төмендегідей болып келеді:

Ақшам түні көрінді, мейрам айы,
Мұхаммед Хожа-бек — дәулет құмайы.

Бұйырды (ол) — өрге шатыр тігілді,
Көзелер көтеріліп, мәжіліс құрылды.

Хұсаини пернесіне түсіріп саз,
Жаршы бұл гәзәлді қылды уағыз.

Жымиып күлді де айтты: ей, пәленшеке,
Келтіргін сыйыңды бізге лайық.

⁴ Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. А., 1986. 125-126-бб.

Тілер ем біздің тілде жазуынды,
Кітапты осы қыста менің қасымда.

Қабыл қылдым, жер өптім, ей шах — дедім, —
Есігіңнің топырағы — дәулет сарайы⁵.

Бұдан кейін “Мұхаббат-наме” авторы оқырманын Мұхаммед Қожабекпен таныстырып өтеді. Әсіресе ол жөнінде дастанның кіріспесінде, қорытынды бөлімінде көбірек айтылады. Шығарманың негізгі бөлімінде ол туралы сөз қозғамайды. Себебі ол шығарманың негізгі кейіпкері емес. Автор оған өз дастанын арнағаны үшін мадақтайды.

Ақын өзіне көп камқорлық көрсеткен Қожабекті батыр, асыл текті, мырза, көреген деп дәріптейді. Сондай-ақ Қожабектің қоңырат руынан екенін, оның Жәнібек ханға жақындығын тілге тиек етеді:

Зехи әрслан йүрәк Қоңрат улуғы,
Кичик йашдин улығларнын улуғы.

Сә’адәт м’дәни иқбал гәнжи,
Мухәммәд Хожа-бек аләм күвәнжи.

Оза жансыз тән ерди мүлки сенсиз,
Шәхиншәк Жаны-бек ханға иетан сиз⁶.

Мазмұны:
О, арыстан жүректі, Қоңырат ұлығы,
Кіші жастан ұлықтардын ұлығы.

Бакыт — көзі, береке — кеніші,
Мұхаммед Хожа-бек әлем қуанышы.

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсиз,
Шахтың шахы Жәнібек ханға етенесіз⁷.

Ақын Хорезми осылайша Қожабекті жер-көкке сыйғызбай

⁵ Оғыз-намс. Мұхаббат-намс. А., 1986. 87-89-бб.

⁶ Сонда. 128-б.

⁷ Сонда. 91-б.

мақтап, оны жомарттыққа — Хатымтайдан, батырлықта — Рүстемнен, сұлулықта Шолпан жұлдызынан озасың дейді.

Міне, осындай мадақтау жырлары айтылған соң ғана шығарманың негізгі бөлімі басталады деуге болады:

Мухәммәд Хожа-бек мәдхин түгәттим.
Мухәббәт-нәмә ни бунйад еттим⁸.

Қазақша жолма-жол аудармасы:

Мұхаммед Қожабекті мақтап біттім,
Мұхаббат-намені жазуға кірістім⁹.

“Мұхаббат-наменің” негізгі бөлімінде жігіттің сүйген қызына деген мөлдір махаббаты жырланады. Жігіт сүйген қызына әсемдік әлемінен тең таппай, оны Айға да, Күнге де теңеп, жер бетіндегі сұлулық атаулының ғажайып картинасын жасайды.

Махаббат тек адамзатқа ғана тән ғажайып, асыл қасиет екенің ақын зор шеберлікпен суреттейді:

Ики йақту гәвхәр аләм бергән.
Мухәббәт гәнжини адәмғә бергән.

Хәва үзрә берур шунқарғә қуны,
Толун ай дек қылур бир кәтрә суны.

Анын қим ал ининдә мең йәратты,
Бойы бирла сачыны тең йәратты¹⁰.

Мазмұны:
Екі жарық гәуһарды әлемге берген
Махаббат кенішін адамға берген.

Көкте берер (жем қылар) сұнқарға ақкуды
Толған айдай қылар бір тамшы суды.

⁸ Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. А., 1986. 131-б.

⁹ Сонда. 93-б.

¹⁰ Сонда. 123-124-бб.

Оның кемел өңінде мен жаратты,
Бойы мен шашын тен жаратты¹¹.

Діни мистикалық бағытта жазылған сол кездегі қисса-хикаяттар адамды бұл өмірдің қызығынан безуге шақырып, сүйіспеншіліктің өзін жұмақтың ісі етіп қоятыны мәлім. Мұндай шығармалар “о дүниенің” ләззаты үшін тіршіліктегі іс-әрекеттен, өмір үшін күрестен бас тартуға шақырады. Жұмақтағы хор қыздарын дәріптейді.

Ал “Мұхаббат-наме” дастанында адамның осы өмірдегі адамға деген сүйіспеншілігі зор шабытпен жырланады. Акын нақты өмірдің қадір-қасиетін жоғары бағалайды. Шығарманың бас қаһарманы өз сүйіктісі үшін ешқандай қауіп-қатерден тайсалмайды.

Жігіт сүйген қызына жазған хатында “Сүйіктім, қасымда болсан, жұмақтың маған керегі жоқ” деп батыл сөйлейді:

Сачың бир тарынә мин хур йетмас,
Иүзүн нүн наурынә миң нур йетмас.

Әгәр берсә суйурғаб хәк тә’ала,
Керәкмас сен сизин Фирдәвси-ә’ла.

Киши ниң сен сизин не жаны болсун,
Аның тек умурниң на саны болсун¹².
Қазақшасы:

Шашыңның бір талына мың хор [қызы] жетпес,
Жүзіңнің нұрына мың нұр жетпес.

Хак тағала жарылқап берсе егер,
Керек емес сенсіз маған жұмақ та.

Кісінің сенсіз не жаны болсын,
Ондай өмірдің не сәні болсын¹³.

Жігіт сүйген қызына осындай пікір айта келіп, “маған сенсіз жұмақтың керегі жоқ, сен арғы дүниедегі хор қызынан мың есе

¹¹ Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. А., 1986. 86-б.

¹² Сонда. 132-б.

¹³ Сонда. 95-б.

артыксын, сол періште кыздар келіп, сенін сұлулығыңа табынсын, сен жоқ жерде — жұмақтың өзі маған дозак”, - дейді.

Сөйтіп, акын нақты тұрмыс-тіршіліктегі сүйіспеншілік сезімін “о дүниенін” барлық қазынасынан мың есе артық деп бағалайды.

Дастанның басты қаһармандары — бір-біріне ғашық болған жігіт пен қыз. Шығарма негізінен жігіттің қызға жазған он бір хатынан тұрады. Дастанда қыздың жігітке жазған жауап хаты берілмейді. Алайда жігіттің хатынан қыздың сүйген жігітке деген сүйіспеншілік сезімін, қуаныш-реніштерін айқын аңғаруға болады.

Жігіттің өзінің ғашығына жазған хатында қызды былайша сипаттайды:

Әйә көрк ичрә аләм падишахы,
Жехан тутты сенин хүснүң сипахы.
... Тәбәссүм қылсаңыз шәкәр уйалур,
Тишиң инжүсидин гәвхар уйалур.

Жәмәлин йитти ‘аләм ға сипахлар,
Қатында йир өпарлар жүмлә шәх-лар.

Фәләк ‘ишқын йолындә бисәр-о пай,
Ысырған данәси, Зүхрә, йезүн — Ай¹⁴.

Қазақшасы:
О, сұлулық әлемінің падишахы,
Сұлулығыңның әскері жаһанды жаулап алды.

Езу тартып күлсеңіз шекер ұялар,
Тісіңнің інжуінен гәуһар ұялар.

Жамалын жетті әлемге әскер болып,
Өбер жерді жаныңда барша шахтар.

Саған ғашықтық жолында аспан адасты ақылынан,
Сырғанның дәні — шолпан, жүзін — ай-ды¹⁵.

Қыздың сұлулығынан қысылған Күн не істерін білмей абыржып, түні бойы бетіне перде жауып, ұялып жатады екен:

¹⁴ Оғыз-наме. Мұхаббат-намс. А., 1986. 131-132-бб.

¹⁵ Сонда. 94-б.

Сондықтан түн ұзаққа Күн ұялып,
Түн пердесін жамылып жатады екен.

Жігіт сүйген қыздың сұлулығы сондай, тіпті оны көргенде отқа табынушылар өз дінінен безіп кетеді деп суреттейді.

Хорезми өзі жырлаған қызды тек тендесі жоқ сұлу ғана етіп көрсетумен шектеліп қалмайды. Дастанның бас қаһарманы ғашық болған қыз көрікті ғана емес, сонымен бірге ақылына Аплотон танданатын данышпан әрі сүйгеніне барынша адал, адамгершілігі жоғары, инабатты, ізгі жан. Міне, сол арқылы автор махаббат жайын әлеуметтік мәселе дәрежесіне дейін көтере білген. Ақын адамға тән кейбір жаман қасиеттерді — опасыздықты, зұлымдықты, әдепсіздікті, надандықты өлтіре сынайды. Хорезми осындай ой-пікірлері арқылы өзі өмір сүрген ортаның әділетсіздігіне біршама наразылығын білдіргендей болады. Сондықтан дастанда жырлаған махаббат тақырыбына әлеуметтік-қоғамдық тұрғыдан мән беріп қараған жөн деп білеміз.

Дастанда жігіт бар сырын ақтарып, ғашығы үшін ажалдың өзінен де тайсалмайтынын сездірсе де, қыз оның ішкі жан дүниесін түсінбей-ақ қояды. Мұның бәрін жігіттің хаттарынан аңғарамыз. Ғашықтық дертінен ем таппаған ер жігіт сүйген қызына былай дейді:

Менін қадір-қасиетімді өлгенімде білерсін,
Мендей азап шексе Аплотон да жынданар еді.

Ақыры арманына жете алмасына көзі жеткен жігіт қызбен қоштасады:

Мені саған деген махаббат өлтірді,
Енді сенің есігіңнен аулақ кетемін, қош бол.

Сонын өзінде жігіт өмірден түнілмейді. Қыздың бақытты болуына тілектестік білдіреді. Дастанда жігіт өз махаббатына барынша берік, қызбен біржола қоштасса да, сүйіктісінен мәңгі-бақи айнымайтынын айтады:

Көңілге өзгенің махаббатын жуытпан,
Жырақта жүрсем де өзінді ұмытпан.

Жігіт сүйгеніне: өмірде алтын мен мыстың айырмасын

білмейтін көңілі соқыр наданның қолына түсіп қалма дегендей, алыстан меңзеп, ақыл айтады: -

Қадірінді көр надан қайдан білсін,
Гәуһардың қадірін әркім біле бермес.

Рас, кейде дастанның лирик қаһарманы ертегі-аңыздарда айтылатын дәстүрлі кейіпкерлерге ұқсап кетеді. Әйтсе де дастанда өмір нақты көріністерімен, шынайы суреттермен бейнеленген. Ал ондағы кейіпкерлер күнделікті тіршілік тынысын сезінетін нақты жандар. Автор лирик қаһарман арқылы қоғамның кейбір көкейтесті проблемаларын ауызға алады:

Қәчан ким шад есан ғамгинә рәхм ет,
Әгәр султан есан, мискинә рәхм ет¹⁶.

Қазақшасы:

Көңілің шат болса, қамыққанға рақым ет,
Егер сұлтан болсан, міскінге рақым ет¹⁷.

Сөйтіп, акын ғашықтардың аузына сөз салу жолымен өзінің нақтылы философиялық-қоғамдық көзқарасын оқырман қауымға жеткізеді.

Хорезми гуманистік ой-пікірлерді кезінде ту етіп көтерген дарынды акын, өз заманының ойшыл азаматы ретінде танылған. Автор дастанда махаббатты жырлау арқылы өзі өмір сүріп отырған қоғамның кейбір кемшіліктеріне сын көзімен қарайтынын айттық.

“Мұхаббат-наме” – сюжеті қызықты, тілі көркем, көріктеу құралдары алуан түрлі, өлең құрылысы шебер жасалған дастан. Акын Хорезми дастанда жыр жолдарына үстеме мағына беріп, оны ажарландырып жіберу үшін тенеу әдісін көбірек қолданады. Сөйтіп, ол өзі суреттеп отырған белгілі бір заттың яки құбылыстың ерекше белгілерін айқындай әрі ажарлай түседі, сол арқылы жырдың эстетикалық әсерін еселеп арттырып жібереді.

¹⁶ Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. А., 1986. 142-б.

¹⁷ Сонда. 105-б.

Хорезми теңеу сөздерді мейлінше орынды колданады. Дастанда: “нәркес көз”, “ай жүз”, “кылдай бел”, “шекер сөз”, “лағыл ерія” деген секілді дәстүрлі теңеулер көп.

Ақын қалың қолдың қан майданға кіргенін — аш қасқырдың қойға түскеніне, қыздың бір тал шашын — мың хор қызына теңеуі, т.б. аса ұтымды шыққан.

Дастаннан тағы бір мысал келтірейік:

Әйә хуршид тек аләм чирағы,
Мүнәввар чехрәниз фирдавс бағы.

Ачылса лә линиз шәкәр сачылур,
Көрүб гүл ғұнчаниң ағзы ачылур.

Бойуң тек сәрв йок бустан ичинда,
Иүзүн нуры дин ай нуксан ичинда.

...Шәкәрдин татлы сөзли дилрубасын,
Дариға ким, чечәк тек би вәфасын¹⁸.

Қазақ тіліне жолма-жол аудармасы:

О, күн сияқты әлемнің шырағы,
Жүзіңіздің сәулесі — жұмбақ бағы.
Ернінді ашсаң, аузыңнан шекер төгілер,
Сені көріп, гүл қауызы аузын ашар.

Бойындай тік ағаш жоқ бақ ішінде,
Нұрыннан келеді нұксан ай бетіне.

Шекерден сөзі тәтті сен сұлусың,
Дариға, опасыз гүл сияқты¹⁹.

Сонымен бірге, ақын дастанда айшықтаудың бір түрі болып табылатын шендестіру немесе антитеза әдісін де кеңінен қолданып отырады. Сол арқылы Хорезми бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды, құбылыстарды, түр-түсі әр түрлі заттарды бетпе-бет

¹⁸ Оғыз-намс. Мұхаббат-намс. А., 1986. 134-135-бб.

¹⁹ Сонда. 97-98-бб.

кою әдісімен бұлардан мүлдем басқа бір құбылыстың, ұғымның, заттың сыр-сипатын оқырман көзіне елестетеді. Мәселен, ақын бірде: “кара менің ақ жүзіңе жарасар” десе, екіншісінде – “сен сұлтансың, ал мен – бакытсыз тұтқынмын” деп антитеза жасайды.

“Мұхаббат-наме” дастанында айтылуы бір болғанмен, мән-мағынасы әр түрлі сөздерді ойнатып, құбылтып шебер қолдана біледі:

Ашар йилдин сениң йилгандә атын,
Күйаш йанлық жеханны тутты атын

Әгәр десәм сени Рүстәм йәраарсын,
Қылычын бирла сәф ларны йәраарсын²⁰.

Қазақ тіліне жолма-жол аудармасы:

Желден асар желгенде сенің атын,
Күн сияқты жаханды тұтты атың.

Егер сені Рүстем десем, жарарсын,
Қылышыңмен жауларыңды жарарсын²¹.

Хорезми түркі халықтары әдебиетінде “наме” жанрына өзінің “Мұхаббат-наме” дастаны арқылы тұңғыш рет жол ашты. “Наме” сөзінің бірнеше мән-мағынасы бар. Сондай-ақ “наме” – жанрлық форма ретінде де мәлім. “Наме” сөзінің ең жиі ұшырайтын мағынасының бірі – арнау өлең түрінде жазылған дастан, поэма деуге болады.

Хорезмидің “Мұхаббат-намесі” — дәл осындай арнау ретінде жазылған дастан. Мұнда екі ғашық жанның ой-сезімдері, айтар сөздері жігіттің жазған арнау хаттары арқылы берілген. Кезінде мұндай әдіс әдебиет жанрындағы айтарлықтай жаңалық болған. Бергін келе мұндай “намелер” лиро-эпикалық поэмаларға айналып кеткені әдебиет тарихынан мәлім.

“Мұхаббат-наме” дастанында жігіттің қызға жазған әрбір хатынан кейін месневи (аралас ұйқаспен келетін екі жол өлең), кейде ғәззал түріндегі жыр жолдары беріледі. Бұл ақынның өзіндік

²⁰ Оғыз-намс. Мұхаббат-намс. А., 1986. 128-129-бб.

²¹ Сонда. 91-92-бб.

поэтикалық тәсілі. Сондай-ақ бұл дастан поэзияның фард (өз алдына ұйқасып, біртұтас түйінделген ойды білдіретін екі жолды өлең) деп аталатын түрлеріне де негізделіп жазылған.

Хорезми өз қаһармандарының бейнесін айқындай түсу үшін өзінен бұрынғы сөз зергерлерінің қолынан шыққан — Ләйлі мен Мәжнүн, Хұсрау мен Шырын, Жүсіп пен Зылика сияқты ғажайып образдарды зор білгірлікпен, аса шеберлікпен, ұтымды пайдаланып отырады. Мұның өзі Хорезми кейіпкерлерінің бейнесін сан қырынан келіп көрсетуге көмектеседі.

“Мұхаббат-наме” дастанының өлең үлгісі негізінен екі тармақты, он бір буынды болып келеді. Дастанның екі, үш, төрт буынды ұйқаспен келетін тұстары да бар.

Бұл дастан ертеректе жазылса да, казактың лиро-эпикалық жырларымен сарындас, үндес, идеялас, тіпті түр жағынан да ұқсас болып келеді.

Қорыта айтқанда, Хорезми сәтсіз махаббаттың трагедиясын жырлай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін сөз етеді.

Алтын Орда дәуірінің ең таңдаулы туындыларының бірі саналатын “Мұхаббат-наме” дастанының әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан маңызы зор. Хорезмидің бұл ғажайып шығармасын танып-білу арқылы біз бүгінгі қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өмірге келу жолдарын, қазіргі қазақ тілінің даму сатыларын, халқымыздың өткендегі әдет-ғұрпын, салт-санасын, т.б. тереңірек ұғынатын боламыз.

ҚҰТБ

Шығыс классикалық әдебиетінің ғажайып үлгілері XIII–XV ғасырларда ұлан-ғайыр қыпшақ даласына кеңінен тараған еді. Фирдоуси, Низами, Сағди сиякти есімдері әлемге мәшһүр Шығыс ақындарының шығармаларын Алтын Орда, Орта Азия түркілерінің сол кездегі әдеби тіліне көптеп аударып бастады.

Еділ сағасындағы Сарай қаласынан шыққан аса көрнекті ақындарының бірі Құтб еді. Ақын XIV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген. Алғаш Құтб Сырдария бойындағы мәдени орталықтардың бірі — Сығанақ қаласында тұрады. Ал Тыныбек Алтын Орда мемлекетінің тағына отырған кезде ол Сарай қаласына қоныс аударды. Кейінірек ол мәмлүктік Египетке барып, сонда тұрып қалған.

Құтб ақынды қыпшақтар арасында “Құтбы” немесе “Құтып шайыр” деп те атай берген. Ақынның өмірі жайында мәлімет жоққа тән. Тіпті оның толық аты-жөні де белгісіз. Құтб — ақынның лақап аты болса керек. Құтбтың біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған жалғыз шығармасы бар. Ол — “Хұсрау мен Шырын” дастаны. Бұл шығарма — әзірбайжан халқының кеменгер ойшылы, ұлы ақыны Ілияс Жүсіпұлы Низамидың “Хұсрау мен Шырын” атты поэмасының аудармасы. Оны түпнұсқадан, яғни парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне еркін аударған ақын Құтб болды.

Құтб ақынның дастаны қазақ оқырманы арасында ерте кезден-ақ тарағаны жақсы мәлім. Әзірбайжан халқының кеменгер ақыны Низамидың “Хұсрау мен Шырын” поэмасын Құтб ақын қыпшақ-оғыз тіліне 1341–1342 жылдары аударған болса керек. Бұл — Тыныбектің Алтын Орда тағына отырған кезі. Аудармашы дастанды Тыныбек пен Ханша Малика-Хатунға арнайды.

Құтбтың “Хұсрау мен Шырын” дастанының жалпы көлемі – 120 парак, яғни 240 бет. Дастан 4740 бәйіттен тұрады (Низамиде 7000 бәйіт). Дастанда Құтб акынның өзі жазған жыр жолдары да бар. Қалғандары шығарманы көшірушілер тарапынан қосылған өлеңдер болып келеді. Құтб дастаны 91 тараудан тұрады.

Бұл дастанның жалғыз ғана көшірмесі бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. Қолжазба қазір Париждің ұлттық кітапханасында сақталып келеді. Бұл қолжазбаны түпнұскадан көшіріп, қағазға түсірген қыпшак ақыны Берке Факих еді. Ол Алтын Ордада туып-өскен, өз елінде акын ретінде танымал болған. Кейінірек мәмлүктік Египетке барып, сонда қайтыс болған.

“Хұсрау мен Шырын” дастанын алғаш зерттеушілердің бірі поляк ғалымы А. Зайончковский болды¹. Бұл туындыны ол түрік тілінің қыпшак диалектісінде жазылған аса құнды әдеби мұра деп бағалады. Мұны ол Низами поэмасының тікелей аудармасы емес, қайта-өндеп жазылған туынды шығарма деп таныды. Ал Е.Э. Бертельс болса, оны Низами поэмасының толық, көркем аудармасы деген болатын².

Көрнекті кеңес түркологі Ә.Н. Нәжіп парсы тіліндегі “Хұсрау уа Шырын” түпнұскасы мен қыпшак-оғыз тіліндегі “Хұсрау уа Шырын” нұскасының өзек-арқауы бір екенін ерекше атап көрсетеді. Ғалым бұл дастанның Құтб жасаған аударма нұскасын жартылай төл туынды, дербес роман деп бағалайды³.

Хұсрау мен Шырын арасындағы мөлдір махаббат туралы аңыз-афсаналар Таяу және Орта Шығыс, Дешті Қыпшак, Закавказье мен Орта Азия, Индия халықтары арасында көне замандардан бері-ақ кең тараған.

Міне, осы ежелгі аңыздарды негізге ала отырып, Хұсрау мен Шырын туралы дастан жазу дәстүрі азірбайжан ақыны Низами мен үнді шайыры Әмір Хосрау Дехлевиден бастап, сегіз ғасыр бойы үзілмей, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл тақырыпты ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалым Г.Ю. Алиевтің айтуы бойынша, Хұсрау мен Шырын жайындағы аңыздарға құрылған елуден астам дастан бар екен⁴. Мәслен, түрік сұлтаны Баязиттің баласы Қорқыт

¹ A. Zajaczkowski. Najstarsze wersja turecka Husrav u Sirin Gutba. Cz7 II, Facsimile, Warszawa, 1958.

² Бертельс Е.Э. Навои. М. – Л., 1948, с. 187.

³ «Тюркологический сборник». М., 1966, с. 163.

⁴ Алиев Г.Ю. Легенда о Хосраве и Ширин в литературах народов Востока. М., 1960, с.163.

(лақап аты Харими), Ахмед Ризван, Джалили Саури, Ахмед Иман Заде, Мирза Мұхаммед Қасым, Эмри Чалаби, Идирисбек, Вахши Кермани т.б. Шығыс шайырлары Хұсрау мен Шырын аңызына негізделген дастандар жазды.

Бертін келе, XVI ғасырда «Хұсрау мен Шырын» сюжеті негізінде үнді акындары Мир Мухсин, Навваб Асфахан, Мұхаммед Шариф, Ибрахим Эдхем, т.б. жаңа дастандарды өмірге әкелді.

Ал, енді XVIII ғасырда Шығыстың Мирза Абдуллах Туршуди, Мырза Мұстафа Насыр, Шоғле Мұхаммед Нейризиді сияқты есімі мәшһүр шайырлары «Хұсрау уа Шырын» атты дастандар жазғаны мәлім.

Сондай-ақ әзірбайжан акыны Самед Вургун 1942 жылы осы дастан сюжеті негізінде «Фархат пен Шырын» деп аталатын романтикалық драма жазды. Ал, түрік акыны Назым Хикмет 1948 жылы «Хұсрау мен Шырын» дастанының сюжетіне құрылған «Махаббат туралы аңыз» деген лирикалық мазмұндағы ғажайып пьесаны сахнаға қойды.

Құтб акынның «Хұсрау мен Шырын» дастанының қай елде жазылғаны туралы зерттеушілер арасында ортақ пікір жоқ.

А.Н. Самойловичтің зерттеулеріне жүгінер болсақ, «Хұсрау мен Шырын» дастаны Алтын Орда жерінде жазылған болып шығады¹. Ал, Ә.Н. Нәжіптің дәлелдеуі бойынша, Құтбтың бұл дастаны Алтын Ордада жазылып, кейінірек Египетте қайта көшірілген. Бізге дастанның осы көшірмесі жеткен².

А. Зайончковскийдің пікірі бойынша, бұл әдеби жәдігерлік мәмлүктік Египетте жазылған, ал оның авторы Құтб – Хорезмнен шыққан шайыр Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны кыпшак-оғыз аралас тілінде жазылған³.

Сонымен, Алтын Орда мемлекеті мен Египет елінде өмірге келген әдеби жәдігерліктер екі түрлі аралас тілдің бірінде, яғни не кыпшак-оғыз аралас тілінде (Ә. Нәжіптің сөзімен айтқанда, кыпшак тілінің Алтын Орда-Хорезм нұсқасы) немесе оғыз-

¹ Самойлович А.Н. К истории литературного среднеазиатского турецкого языка. Сб. «Мир-Али Шир». Л., 1928, с. 6.

² Наджин Э. Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египета XIV века (Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук). М., 1965, с. 142.

³ Зайончковский А. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики (1946–1956 гг.). «Советское востоковедение», 1957, №2.

қыпшақ аралас тілінде (қыпшақ тілінің Алтын Орда — Египет нұсқасында) жазылған.

Құтб аударған “Хұсрау-Шырын” поэмасын қазақ тілі тұрғысынан жан-жақты зерттеп, бұл дастанның ғылыми сөздігін жасап шыққан ғалым А. Ибатов болды. Бұл сөздікте осы дастандағы 4400-ден астам сөз бен сөз тіркестеріне түсінік беріліп, нақты мысалдармен дәлелденген. Сөздіктің Құтб аударған “Хұсрау—Шырын” дастанының тілі қазіргі қазақ тіліне мейлінше жақын тұрғанын аңғару қиын емес. Мысалы: *аваз — әуез, ағач — ағаш, ағыр — ауыр, адаб — әдеп, арслан — арыстан, асман — аспан, балчық — балшық, баш — бас, біліг — білім, ғазаб — азап, дәрт — дерт, дариға — дариға-ай, т.б.*

Иран елінде бір карт патша болыпты. Оның Хұсрау деген жалғыз ұлы бар екен. Хұсрау көп оқып, ер жетіп, әдепті жігіт болыпты. Патша ұлының Шапур деген бір суретші досы бар екен. Бір күні ол Хұсрауға әділ патша Мехинбану және оның жиені сұлу Шырын жайында әңгіме айтып береді. Сонда Хұсрау Шырынға ғашық болып қалады. Досын қызбен сөйлесуге жібереді. Шапур алыстағы Армения еліне барып, Шырын серуендейтін бактағы бір ағашқа Хұсраудың суретін іліп қояды. Жігіттің суретін көрген Шырын оған ғашық болып қалады. Ақыры Шапур бір күні Шырынмен оңаша сырласып, оған Хұсрауды мақтайды. Шырынға жігіттің жіберген жүзігін береді. Ақыры екі ғашық екі елдің шекарасында кездеседі.

Бірақ нақ сол сәтте Хұсраудың әкесі қайтыс болғаны туралы хабар келеді. Хұсрау дереу өз еліне аттанып кетуге мәжбүр болады. Алайда еліне келгенде дұшпандары оған қарсы шығып, әкесінің тағына отырғызбай қояды. Хұсрау амалсыздан тағы да қыздың еліне — Арменияға қайтады. Шырын қыз тойға асықпау керектігін, алдымен Иран тағына иеленіп алу қажеттігін айтып, Хұсрауға кеңес береді. Хұсрау жәрдем алу үшін Румға (Византия) барып, Рум патшасынан әскер алады, әрі оның қызы Мариямға үйленіп қайтады.

Хұсрау әкесінің тағына отырған кезде Мехинбану дүниеден өтіп, патша тағына Шырын отырады. Шырын мемлекетті әділдікпен, білгірлікпен басқарады. Қалалар бұрынғыдан да гүлдене түседі. Елдің дәулеті артады.

Патша Шырын сол кезде Фархад деген атақты ұста жігітті шақырып, шөлдалаларды суландыратын каналдар қаздырады.

Сөйтіп жүргенде Фархад Шырынға ғашық болып қалады. Бұған қатты ашуланған Хұсрау қалайда Фархадты күртпак болады.

Дастанда Хұсрау мен Фархад арасындағы сұрақ-жауап диалогі тартымды етіп берілген. Фархад сұрақ қояды, ал Хұсрау оған жауап беріп отырады. Осы диалогтен бірнеше бәйітті мысалға келтірейік:

Бурун сүрді: не иерліксін сан?

Айттікiм: ашықләр шаһариденман.

Айтти: анда не санаат килурләр.

Айтти: жан сатиб, қазғу олурлар.

Айтти: жонни сатмоклик хато ол,

Айтти: ашық иолында һәм рауа ол,

Айтти: не кадар сеудiнг сан аны?

Айтти: сөзгә сiғмаз хеч байаны.

Айтти: гар иолуксәнг курса сени?

Айтти: кузга сургум түпракини.

Қазақ тіліне жолма-жол аудармасы:

Алдымен сұрады: қай жерліксін сен?

Жауап берді: ғашықтар қаласынан мен?

Айтты: сенің қандай өнерің бар?

Айтты: жан сатып, жер қазамын.

Айтты: жан сату қателік қой ол,

Айтты: ғашықтық жолында ем ғой ол.

Айтты: сен оны не үшін сүйесін?

Айтты: оны айтып жеткізетін сөз жоқ.

Айтты: егер жолықсан, қайтер едің?

Айтты: басқан топырағын көзіме сүртер едім.

Фархад пен Хұсрау арасындағы әңгіме осылайша жалғаса береді.

Хұсрау патша бір күні Фархадқа мынадай шарт қояды:

– Ей, Фархад, сен сонау төбесі көк тіреген Бесотын тауын как жарып әскерім өтетін жол сал. Сонда ғана Шырын сұлу сенікі болады, – дейді. Фархад патшаның бұл шартын орындайды. Мұны көрген Хұсрау зәресі қалмай, Фархадқа бір жалмауыз кемпірді жіберіп, Шырын өлді деп хабар айтқызады.

Бұған шыдай алмаған Фархад өзін-өзі өлтіреді. Бұл арада Мариям да қайтыс болады. Ал сол кезде Хұсрау дереу Шекер деген сұлуға үйленіп алады. Бірақ көп ұзамай Шекер де дүниеден өтеді. Сөйтіп, Хұсрау тағы да Шырынға барып, кешірім сұранады, әлі де соған бұрынғыдай ғашық екенін айтады. Оған үйленбек ниеті бар екенін білдіреді. Бірақ Шырын асықпайды. Хұсрауға көп ақыл-кеңес айтады. Шырынның кеңесі бойынша, Хұсрау тозып кеткен өз мемлекетін тәртіпке келтіре бастайды. Қалаларды гүлдендіреді, әділетті билік орнатады.

Бірақ ғашықтардың ғұмыры ұзақ емес екен. Хұсраудың Мариямнан туылған баласы – Шеруя сарай әкімдерімен астыртын сөз байласып, Хұсрауды қапылыста өлтіреді. Әкесін өлтірген соң, ол Шырынға үйленбекші болады. Бірақ Шырын өзінің Хұсрауға деген махаббатын аякасты етпейді. Шырын өз қол астындағы құлдардың барлығын азат етіп, мал-мүліктерін кедейлерге үлестіріп береді де, Хұсраудың қабіріне келіп, өзіне-өзі қанжар салып өледі.

Шығыс поэзиясының ең тандаулы үлгілерін көркем аударма жасаудың кеңінен тараған кезінде өзіндік бірнеше түрлі дәстүрі; әдісі болған. Мәселен, назирагөйлік әдісінде өзінен бұрынғы ақын жазған сюжетті, образды, тақырыпты бетке ұстай отырып, аудармашы идеясы мен мазмұны, көркемдігі мен формасы жағынан мүлдем жаңа шығарма жазып шыққан. Ал көркем аударма әдісі бұдан өзгешелеу болып келеді. Мұндай әдісті қолданғанда аудармашы-ақын өз жанынан азды-көпті өзгерістер, жеке эпизод, ой-пікірлер енгізуі мүмкін болған. Дегенмен, түпнұсқасының жанры мен негізгі ерекшеліктері сақталып отырған.

Міне, Құтб ақын “Хұсрау-Шырынды” аударғанда дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың осы әдісін шебер қолданған. Ол түпнұсқадағы идея мен сюжетті, мазмұн мен форманы, дастанның көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, оған өз дәуірінің – XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінде орын алған әлеуметтік құбылыстарды табиғи түрде енгізе білген.

Ақын Құтб аудармашы ретінде Низами жасаған жеке көріністерді

егжей-тегжейлі кайталап жатпайды. Құтб акын Низами дәуірі үшін маңызды болған кейбір оқиғаларды аудармай тастап кетіп, оның орнына XIV ғасырдағы қоғамдық-саяси көкейтесті мәселелерді қосып жырлайды.

Сонын өзінде, Құтб өзінен бұрын Низами көтерген идеялардың XIV ғасыр үшін де өз мән-мағынасын жоймағанын жақсы білген. Сондықтан аудармашы түпнұсканың идеясы мен сюжетін сақтап қалуға барынша әрекет жасап отырған.

Дегенмен, Құтб аудармасының өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Низами дастанда қала өмірін, патша сарайлары мен бау-бақшаларды көбірек көрсетеді. Ал Құтб болса, негізінен мал шаруашылығымен, аңшылықпен тіршілік ететін Алтын Орданың дала қыпшақтары мен оғыздарының өмірін суреттейді. Құтб жырлаған қаһармандар — қашанда қылыш пен қалқан асынып, ұдайы атқа мініп жүретін, шетінен аттың бабын білетін шабандоз жандар.

Сондай-ақ Низами суреттейтін той-думанда зәулім сарай ішіндегі кілемдер, қымбат жиһаздар, шарап ішіп, бас шұлғып отырған бекзадалар, қылымсыған қыз-келіншектер өз көріністерін тапқан. Ал Құтб дастанында шарап емес, қымыз ішеді, той-жиын сарайда емес, көкмайсалы ең далада болады. Тойға жиналған жұрт кобыз сарынын тындап, бас шұлғиды.

Низами өз дастанында Хұсраудың таққа отыру салтанатын оның дүние-жиһазын, ақсүйекті ата-тегін мактаудан бастайды. Ал аудармашы Құтб дүние-мүлік, атақ-дәреже емес, Хұсраудың әділетті, оқыған, адамгершілігі мол жан екеніне көбірек көңіл бөлген.

Адам бойындағы ең асыл қасиеттерді — адалдықты, мейірімділікті, бауырмалдықты, мөлдір махаббатты, білімділікті, еңбек сүйгіштікті ту етіп көтерген бұл дастанның тәрбиелік, танымдық мәні зор.

“Хұсрау — Шырын” дастанының басты қаһарманы — Шырын. Дастанда Шырын тек сұлу қыз, адал жар ғана емес, сонымен бірге ол — әділетті патша, халық қамқоршысы. Сондай-ақ ол дастанның екінші бір басты қаһарманы — Хұсрауды қайта тәрбиелеген мейірбанды жан.

Шырын өз елінде ғана емес, сүйген жігіті Хұсраудың мемлекетінде де әділдік пен тыныштық, дәулетті, тұрмыс-тіршілік орнатуға барынша күш салады. Құтб осы Шырын образы арқылы

мемлекетті қашанда әділ, білімді, инабатты, мейірбанды жандар басқаруы керек деген пікір айтады.

Шырын патша тағына отырған кезде бүкіл мемлекетте әділеттілік орнап, енді залымдар мен сарандар өзінен-өзі жоғалып кетеді:

Енді кой мен қасқыр қатар тұрып,
Бір бұлақтан су іше бастады*.

Бұл арқылы Низами да, Құтб та, егер ел билеген әкімдер әділетті болса, бір-біріне қасқыр мен койдай болып жүрген бай мен кедейлер өзара келісіп кетер еді деген пікір айтпақ.

Дегенмен, орта ғасырда әділдік туралы пікір айтып, сөз қозғаудың өзі үлкен прогрессивті құбылыс еді.

Шырын өз махаббатына өле-өлгенше адал жан. Ол Хұсрауды жан-тәнімен беріліп сүйеді. Сүйіспеншілік жолындағы қиыншылық атаулының бәрін жеңіп шығады. Тіпті Хұсраудың жағымсыз қылықтары мен жеңіл-желпі мінездеріне де кешірімділікпен қарайды. Махаббат жолында құрбан болады.

Дастандағы ең күрделі образ — Хұсрау бейнесі. Хұсрау шығармада екі түрлі қырынан көрінеді. Бірі — махаббатқа опасыз, ойын-сауыққа құмар, жеңіл мінезді, залым Хұсрау. Екіншісі — елге қайырымды, әділ патша Хұсрау.

Дастанда осы екі Хұсрау арасында ұзақ уақыт күрес болады. Біресе Хұсраудың жағымды мінез-құлқы жеңіп, ал келесі жолы ұнамсыз жақтары басым түсіп жатады. Ол көңіл көтеру камын ойлағ, ойын-сауыққа берілген кездерінде мемлекетті басқару істерін ұмытып кетеді.

Хұсрау бойындағы сүйіспеншілік сезімі алғаш тұрақсыздау болып келеді. Сол кезде ол Мариямға, кейінірек Шекерге үйленеді. Ол шынайы сезімнің өзін өткінші нәрсе деп біледі. Бірақ Хұсрау бұл күйінде қалмайды. Шырынның ақыл-парасаты арқасында өзгереді. Өз сүйгені жолында ажалдан да тайсалмайтын қаһарманға айналады.

Хұсрау енді патша ретінде де ұнамды істерімен жұрттын

* Зайончковский А. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики (1946-1956 гг.). «Советское востоковедение», 1957, №2. с. 86.

алғысына бөлене бастайды. Елді жақсы басқарып, көптеген игілікті істер тындырады. Ол басқарған мемлекет қайта гүлденеді. Хұсрау халыққа көп қамқорлық көрсетеді. Бүкіл елде әділдік, тыныштық, бақытты өмір орнайды.

Сөйтіп, ақын азғындық жолына түсіп кеткен зұлым әкімдерді Хұсрау бейнесінен үлгі-өнеге алуға шақырады. Өйткені автор ел билеген әкімдерге ақыл-кеңес айту арқылы қоғамның қайшылықтарын жоюға болады деп ойлаған.

Низамидің басты мақсаты — Хұсраудың қайта тәрбиеленіп, жақсы адам, әділ патша болуын сипаттап көрсету еді. Құтб автордың осы түпкі ойын дұрыс түсініп, Хұсраудың психологиялық тұрғыдан қыпшақ даласына лайықты образын сөз зергерлеріне ғана тән ғажайып шеберлікпен жасап шыққан.

Дастандағы Фархад бейнесі ерекше назар аудартады. Фархад — еңбеккор адам, ғалым, данышпан. Дастанда Фархад арқылы нағыз ғашық адамның бейнесі жасалған. Оның Шырынға деген шынайы сүйіспеншілігі жігіттің жігеріне жігер, күшіне күш қосып, оны ерлік істерге шабыттандырады.

Фархадтың өлімі оның жеңілгені емес, жеке басының трагедиясы болып табылады. Ал Хұсраудың жеңісі — оның дәрменсіздігі мен рухани жеңіліске ұшырауының белгісі еді.

Патша тағы мен тәжі үшін, мансап пен алтын үшін өз әкесін өлтірген шаһзадалар тарихта көп болған. Мұндай жиіркенішті, қанды оқиғалар Алтын Орданы билеген Жошы хан ұрпақтары арасында да кезінде етек алған еді. Адамдық қасиеттен жұрдай болған осындай жауыздардың типтік бейнесі дастанда Шеруя бейнесі арқылы көрінеді.

Ол әкесін өлтіріп, патша тағына отырады. Бірақ мемлекет істері, халық жағдайы оны қызықтырмайды. Шынайы сүйіспеншілік сезімі де оған жат, түсініксіз нәрсе болып көрінеді. Сөйте тұрып, Шеруя өзінің өгей шешесіне “ғашық” болады. Шеруя бастаған залымдардың кесірінен бүкіл ел күйзеліске ұшырайды. Ақырында Шырын да, Хұсрау да қайғылы қазаға душар болады.

Сөйтіп, Құтбтың қыпшақ-оғыз тіліне аударған “Хұсрау — Шырын” дастаны ұлы Низамидің прогрессивті ой-пікірлерін білдіре отырып, сонымен бірге XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің ішкі және сыртқы қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін де зор шеберлікпен ашып көрсетеді.

Бұл дастанда діни-мистикалық әдеби шығармаларға қарсы

бағытталған осы өмірдің нақты шындығы бейнеленеді. Акын адамгершілікке, әділдікке, ынсапты болуға, туған жерді туған анандай жақсы көруге, қара бастың камынан гөрі халық мүддесін қашанда жоғары қоя білуге, өнер-білімді игеруге, махаббатқа адал болуға үндейді.

“Хұсрау-Шырын” дастаны қазақтың лиро-эпостық жырларымен сарындас, үндес, соларға мейлінше жақын болып келеді. Мұны Құтб дастанының идеясы мен мазмұны, композициялық құрылысы мен баяндау тәсілдері, көріктеу құралдары, т. б. толық дәлелдейді.

СӘЙФ САРАИ

Сәйф Сараи – Алтын Орда әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Ол лирик және эпик акын, жазушы және аудармашы ретінде түркі тектес халықтар әдебиеті мен тілінің өзінен кейінгі кезеңдерде дами түсуіне мол үлес қосып, едәуір ықпал еткен қаламгер.

Акынның өмірі мен шығармашылығы жайында көп мәлімет сақталмаған. С. Сараидың бізге жеткен жалғыз көлемді еңбегі бар. Ол – “Гүлістан бит-түрки” (“Түркі тіліндегі Гүлістан”) деп аталады. Акын бұл еңбегін Сырдария бойында бастап, Египеттегі Ніл өзені жағасында жазып бітірген екен. Бұл өзі парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидің “Гүлістан” атты шығармасының еркін аудармасы.

Ал Сәйф Сараи осы “Гүлістанды” қашан қыпшак тіліне аударып біткені жайында өз кітабының соңында мынадай мәлімет береді:

Биз насыхат шартын ош қылдук байан
 Ким иетмиш болса биза не зийан.
 ...Муддати хежрат йеди йуз тоқсан уч
 Иыл еди ким азалды калмади куч
 Ол шаввал еди ким, ей азиз
 Хатм олди бу “Гулистан” намамиз¹.
 Жолма-жол аудармасы:
 Біз баян еттік сіздерге насыхат сөзін,
 Жетпістің жетегіне ерген кезім.
 Хижра бойынша жеті жүз тоқсан үш
 Бойдан қуат қашып, азайды күш.
 О, қадірлім, тамылжыған тамыз еді,
 “Гүлістан” жырын жазып, бітірдік іс.

¹ Наджиб Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. “Гулистан” С.Сараи. Часть I и II, А., 1975. с. 61.

Бұл мәліметтерге қарағанда, Сәйф Сараи хижра жыл санауы бойынша, 793 жылдың тамыз (шаввал) айында “Гүлістанды” аударма жасап бітірген. Бұл – жанаша жыл санау есебі бойынша, 1391 жылдың тамыз айы. Ақын “Гүлістанды” жетпіс жасымда аударып біттім деп отыр. Демек, Сайф Сараи 1321 жылы туылған екен. Бұл кезде Алтын Орданы Өзбек хан билеп тұр еді.

Сонымен, Сәйф Сараи Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты нығайып, ел іші бейбіт, тыныш кезінде Сараи қаласында тұрады. Ал кейінірек хан ұрпақтары арасында тақ үшін таластар басталып, Дешті Қыпшақта аласапыран заман туған кезде ақын туған жерден алысқа кетуге мәжбүр болады. Ол қалған өмірін Мысыр (Египет) елінде өткізіп, 1396 жылы сонда дүние салады.

1915 жылы Анкарада шығатын журналдардың бірінде түркі тіліне аударылған Сағдидің “Гүлістан” дастаны Голландиядан табылғаны туралы шағын ғана хабар жарияланды. Бірақ оған ешкім назар аудармайды. 1950 жылы профессор Феридун Нафиз Узлук Голландияның Лейден университеті кітапханасы қорынан “Гүлістанның” фотокошірмесін алып, оған шағын алғы сөз жазды да, 1954 жылы Анкарада жеке кітап етіп басып шығарды.

«Түркі тіліндегі Гүлістанның» аудармасы жайында тұңғыш рет ғылыми пікір айтып, С. Сараи аудармасын әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан талдаған ғалым А. Баттал-Таймас болды². Ол аудармаға ғылыми шолу жасай келіп, оның стильдік құрылысына, әсіресе, тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық ерекшеліктеріне сараптама жасады.

Алайда қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырдың аса құнды әдеби жәдігерлігі – “Гүлістан бит-түрки” шығармасын егжей-тегжейлі зерттеген түркітанушы ғалым Ә.Н. Нәжіп болды. Ғалым С. Сараи шығармасының жазылу тарихын, оның әдеби мәнін, тілін, сол дәуірдің әдеби және тілдік ерекшеліктерін кең көлемде зерттеп, “Гүлістан бит-түркиді” қазіргі орыс графикасы бойынша транскрипция жасады, әрі орыс тіліне жолма-жол аударма жасап шықты. Сондай-ақ С. Сараи аудармасының өзіндік ерекшеліктерін ашты, шығарманың қыпшақ тілінде жазылғанын толық дәлелдеп берді. Бұл әдеби жәдігерлік көне түркі әдеби тілдерінің ішінде қазіргі қазақ тіліне өте-мөте жақын тұрғанын ашып көрсетті.

² А. Battal-Taymas. Seyf Sarai nin Qülüstan tärkümесini gözden gesiris, Türk dili araştırmaları yilli i. Ankara, 1955.

Сәйф Сараи өзі ұстаз тұтқан Сағди ақынның “Гүлістанын” аудару барысында шығарманың композициялық құрылысын бұзбай, сол күйінде сақтап қалуға әрекет жасаған. Сондықтан парсы тіліндегі “Гүлістан” секілді қыпшақ тіліндегі С.Сараи аударған “Гүлістан бит-түрки” де сегіз тараудан тұрады. Олар:

Бірінші тарау — ел-билеушілер туралы.

Екінші тарау — халық бұқарасы жайында.

Үшінші тарау — қанағат-ынсаптың пайдасы жөнінде.

Төртінші тарау — тілге сак болудың пайдасы туралы.

Бесінші тарау — жігіттік шактың көріністері хақында.

Алтыншы тарау — кәріліктің адамды кәріп етіп қоятыны туралы.

Жетінші тарау — тәлім-тәрбиенің әсері жайында.

Сегізінші тарау — әнгімелесудегі әдептілік мәселесі туралы.

Мұның бәрі прозалық қисса-хикаят түрінде айтылады. Сағди Ширази өз “Гүлістанын” ұйқасқа құрылған прозамен жазған. Арагидік өз ойын өлең жолдарымен түйіп, қорытындылап кететін тұстары да бар. Аудармашы Сәйф Сараи да солай істеген. Тек кейде аудармашы-ақын Сағди жырларын тәржіма жасап жатпай-ақ, дәл сол мағынадағы өз өлеңдерін мәтінге білдірмей қосып жіберіп отырады. Әйтсе де мұның өзі зор шеберлікпен жасалғандықтан, аударманың идеялық мазмұнына да, көркемдік дәрежесіне де нұқсан келтірмейді. Қайта Сағди ақынды Дешті Қыпшаққа жақындата түседі.

Сағди жазған “Гүлістан” кітабын өзгертпей, сол күйінде аударуды С. Сараи өзіне мақсат етіп қоймаған. Қыпшақ ақыны парсы тілін жетік біле тұрып, Сағдидың кейбір прозалық хикаяларын, өлеңдерін аудармай тастап кеткен. Бірақ оның есесіне қыпшақ еліне жақын жеке эпизодтар мен жыр жолдарын қосып отырады.

Сәйф Сараи шығарманың алғашқы беттерінің бірінде ақын Сағдидің “Гүлістанын” түркі тіліне тәржіма жасауға себепші болған жәйттерге қысқаша тоқталып өтеді: “Илк йаз кунларинда бир кун бустан ичинда гуллар арасында бир неча зариф ‘алимлар билап отуруп, инжа ‘илминдан бахе кылып абийати ғариб ва аш ари акиб оқудум еса ол алимларнин улусы аруз илминдан бир мушкил байтнин тақатту ын суал өтті. Филхал жавабин ештип, айтти: ей адиби ғариб, сана бир мувафик насихатим бар, кабул кылсан

хайр болғай айттим: буирун Айтти: шайх Сағди Гулистанын турки таржума кылсан бир сакиби давлат атына йадгарин жеханда қалсун деп. Ол азизнин мубарак нафасин кабул етип айттим: инша аллаку та'ала, амма куватим за'иф турур, анын кавий ма'наларына. Айтти: и'анака аллаху, ей адиби ғариб. Мен дағы таңриға таваккал кылып хикмат белин рағбат ели билан бағлап башладым, тамам болғай деп инша аляху та'ала. Бу китап аты ол сабабдан “Гулистан” болды ким'ажайиб хикаят ва ғарайиб насайих ва анва латайиф билан мураптаб ва музаййан болып турур”³.

Аудармасы: “Бір жолы мен раушан гүлдері жайқалған бак ішінде ойға жүйрік ғұлама-ғалымдармен әңгімелесіп отыр едім. Біз сөз саптау, сөйлем құру мәселесін талқылап жатқан болатынбыз. Мен ғажайып бәйіттер мен тамаша өлеңдер оқыдым. Сол сәтте әлгі ғалымдардың ішіндегі ақсақалы аруз өлшемімен жазылған бір киын бәйіттің құрылысы туралы маған сауал қойды. Мен дереу жауап бердім. Сонда әлгі ғұлама: — О, жат жұрттық қаламгер, мен саған бір жақсы кеңес бермекпін, егер сол кеңесімді қабыл алсаң жақсы болар еді, — деді. — Айтыңыз, — дедім мен. — Егер шейх Сағдидің “Гүлістанын” түркі тіліне аударып, оны бір бақытты жанға арнасан, жақсы болар еді. Сол жаннан естелік болып қалар еді.

Мен сол құрметті адамның бата іспеттес лебізін қабыл алып, оған былай дедім: “Күдіретті құдай қаласа — айтқаныңыз орындалар, бірақ бойымнан күш-қуат қашқан шақта оның терен мән-мағынасын игеруге дәрменім жетер ме екен? Ол айтты: — О, жат елден келген қаламгер, сені құдайдың өзі қолдайды.

Мен де жаратқанға жалбарынып, белді бекем будым да, іске қызу кірісіп кеттім. Оны сәтті аяқтармын деп үміттенем. Бұл кітап сол себепті “Гүлістан” деп аталған. Ол өзі таңырқарлық әңгімелерден, тамаша ғаклия сөздерден, ұшқыр ой-пікірлермен құрастырылып, безендірілген”.

Сәйф Сараи қара сөзбен оқырманына осы жәйттерді егжей-тегжейлі түсіндіріп алады да, өз ойын одан әрі өлеңмен тереңдете түседі. Басқаша айтсак, С. Сараи “Гүлістанды” аударма жасау барысында мәтінге өз өлеңдерін де зор шеберлікпен кірістіріп жіберген. Бұған бір мысал келтірейік:

³ Наджил Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. “Гулистан” С.Сараи. Часть I и II, А., 1975. с. 55.

Ей жехани илму устади хунар
 Ма рифатниң манба и сакиб назар
 Гул тиласа хатырлин толы табак
 Бу гулистанидан оқы бир варақ
 Гул жамали бир неча кунда кечар,
 Бу Гулистан дайима конул ачар.
 Ол ажайиб ким ғарайиб мұнда бар
 Хосрау-у Ширин ичинда қанда бар?
 Бу латайиф бағы, бустани дурур
 Булбул муғаннийи гулистанни дурур⁴.

Қазақшаға жолма-жол аудармасы:

Сәулесің білімнің, ұстазысың дарынның,
 Қайнарысың ғылымның, қайырымдысың қашанда:
 Жанын сенің құшақ-құшақ раушан гүлін қаласа,
 Менің осы «Гүлістанымның» бір бетін оқып шық.
 Көркемдігін раушан гүлдің ұмытарсың сонда сен,
 Ал «Гүлістан» жаныңды қуанышқа толтырар.
 Мұндағы ғажап тамаша
 Тіпті “Хұсрау мен Шырында” да жоқ шығар.
 Бұл — әсемдіктің гүлістаны, гүл-бағы
 Бұлбұл — сол бактын әншісі ғана емес пе?!

Бұдан кейін Сәйф Сараи “Гүлістанды” парсы тілінен түркі тіліне қандай мақсатпен аударғанын, яғни әлемдегі ең жақсы кітаптардың бірімен оқушысын таныстырғысы келгенін өлеңмен айтып өтеді. Сосын барып ол Сағди шығармасын аударуға тікелей кіріседі.

“Гүлістан бит-түрки” тұтас сюжетке құрылған шығарма емес. Мұнда қысқа-қысқа хикаялар, аңыздар, ертегілер, өлеңдер, күлкілі әңгімелер, т. б. белгілі бір тақырыптар бойынша жүйеленіп берілген. Дегенмен, шығарманың негізгі қаһармандары ретінде оқиға желісіне қоғамдық топтың барлық өкілдері дерлік қатысып отырады.

Сағди ғұмыр бойы ел аралап, жиһанкез атанған адам. Сондай саяхатта жүріп ақын қоғамдық өмірдің түрлі сатысында тұрған

⁴ Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. “Гулистан” С.Сараи. Часть I и II, А., 1975, стр. 57.

адамдарды көреді. Олар: саудагерлер, дәруіштер, ақындар, қолөнершілер, дикандар, малшылар, бектер, әкімдер, хандар, т.б. Ақын ел кезіп жүріп көрген-білген қызықты әңгімелерді, афоризмдерді, аңыздарды, канатты сөздерді, мақал-мәтелдерді жазып алып жүрген. Кейін соның бәрі осы кітабына арқау болған.

Сәйф Сараи әрбір хикаяны бастар алдында Сағди Ширази атына мақтау сөздер айтып алып, сосын ғана автор идеясын жеткізетін хикаяларды баяндауға көшеді. Ақын түсіндіру, насихаттау жолымен қатыгез әрі зұлым әкімдерді бауырмал, инабатты адам етуге болады деп ойлаған. Сол үшін ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді — әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты, т.б. мадақтайтын қызықты хикаяларға көбірек назар аударған.

Шығармада жақсылық пен жамандық, қатыгездік пен мейірімділік, патша мен дикан, шындық пен өтірік, әке мен бала, күйеуі мен әйелі, інісі мен ағасы, т.б. аралық қарым-қатынасы, үндестігі қандай болу керек деген сауалға жауап беріледі.

Ақын осы мәселелердің біріне қатысты хикаяларды айтумен шектеліп қалмайды. Сонымен бірге ол өзі әңгіме етіп отырған моральдық, этикалық мәселелер жайында философиялық түйін жасайды. Автордың мұндай шешімдері көбінесе дерлік өлең-жыр түрінде берілген. Әке мен баланың қарым-қатынасы туралы хикаядан бір мысал келтірейік.

Хикаят: “Бір султанның үш оғлы бар еді. Икиси узун байлы сахиб жамал, дағы бири қысқа бойлы еді. Бір кун султан бу қысқа бойлы оғлына хақарат көзи била бакты. Оғлан фарасат билан билди дағы айтты: ей әке, ұзын бойлы ақымактан қысқа бойлы ақыл йахшырақ дуруп”.

Аудармасы: “Бір сұлтанның үш баласы бар еді. Екеуі ұзын бойлы, келбетті, ал біреуі қысқа бойлы еді. Бір күні сұлтан сол қысқа бойлы ұлына ашу-ызалы көзімен қарады. Баласы бәрін ақылымен ұқты да, әкесіне айтты: Ей, әке, ұзын бойлы ақымактан, қысқа бойлы ақылды жақсы”.

Тағы бір хикаят: «Ел билеуші бір сұлтан өз халқына тізесін қаттырақ батырып жіберіпті. Адамдар ел-жұртын тастап, басы ауған жаққа көшіп кете бастапты. Босап қалған уәлаятқа жау дереу ие болып алыпты».

Бұл арқылы С. Сараи ел билеген әкімдерге халыққа қамқор бол,

⁵ Наджиб Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. “Гулистан” С.Сараи. Часть I и II, А., 1975. с. 70.

мейірімділік көрсет, сен сол халықтың арқасында патша болып отырсын деген өсиет-уағыз айтады:

Шын жүректен сүйе алмасан халқынды,
Бұзасың ғой сен патшалық салтынды.
Халқын безсе, не боласың, сұлтаным,
Аямағын өз халқыннан алтынды⁶.

«Түркі тіліндегі Гүлстанда» мынадай бір әңгіме бар: Бір топ қаракшылар қылмыс үстінде қолға түседі. Солардың ішінде бір жас бала бар екен. Қаракшыларды соттап жатқан кезде патшаның уәзірі әлгі баланы өлімнен аман алып қалады, әрі өз үйіне апарып тәрбиелейді. Сол қаракшы бала өсе келе өзін өлімнен алып қалған уәзірді де, өзіне қамқорлық жасаған тәрбиешісін де өлтіріп, тауға қашып кетеді. Баласы тауға барып, өлген қаракшы әкесінің орнын басады.

Бұл әңгіме арқылы С. Сараи оқырманына:

Бөлтірігі бөрінің,
Қасқыр болып шығады.
Қанша бағып-қаксаң да,
Басыңды көрге тығады, —

демек⁷.

Тағы бір хикаяны мысал етіп келтірейік.

Хикаят: Меккеге қажы болу үшін бара жатқан бір топ жолаушы өзара жанжалдасып қалыпты. Қызыл кеңірдек болғанша ұрысып, шаштарын жұлысып, әбден төбелесіпті. Сонда төбелеске араласпай, жайбарақат түйе үстінде отырған бір жолаушы ұрыс-керіске таңырқап айтқан екен: “Ғажап ә?! Сүйек — пешка шахмат тақтасының қарсы жақ бетіне жеткенде күшейіп, табанда Ферзь болып кетеді, яғни бұрынғысынан қасиеті артады. Ал қажы болуға келе жатқандар бүкіл сахараны кесіп өтіп, енді Меккеге жете бергенде бұрынғы ізгі қасиеттерінен айырылып қалғаны қалай?!”

“Гүлістан бит-түркте” әдептілік, тілге сақ болу, өсек айтпау, сыпайылық сияқты көптеген этикалық мәселелерді қозғайтын

⁶ Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. “Гулистан” С.Сараи. Часть I и II, А., 1975. с. 72-73.

⁷ Сонда. 71-б.

хикаяттар көп. Мысалы: “Мың батпан келетін тасты қаңбақ құрлы көрмейтін бір алып палуан бұрқан-тарқан болып ашуланып тұр екен.

— Бұған не болған? — деп сұрапты біреу.

Сонда әлгі палуанның көршісі тұрып:

— Мың батпан тасты ұршықтай иіретін көршім еді. Бүгін ол менің бір ауыз сөзімді көтере алмай, бүлініп жатыр, — деп жауап беріпті”.

Сәйф Сараи парсы тіліндегі “Гүлістанды” қыпшак тіліне зор шеберлікпен аударғаны даусыз. Шығарманың түпнұскасындағы кейбір қиын ұғымдардың аудармашы қыпшак тіліндегі эквивалентті баламасын тауып, оқырманға түсінікті етіп береді. Сол арқылы аудармашы өз қаһармандарының көңіл-күйін, психологиясын зор шеберлікпен ашып көрсетеді.

Сәйф Сараи шығармасы әлемдік әдебиеттің алтын қорынан орын алған көркем туынды.

ДҮРБЕК

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі — Дүрбек акын. Акынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет сақталмаған. Тіпті оның толық аты-жөні де мәлім емес. Дүрбек — әдеби лақап аты. Акын XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бас кезінде өмір сүрген. Ол «Жүсіп пен Зылиха» дастанын 1409 жылы жазған.

Жүсіп пен Зылиха жайындағы қызықты аңыз-хикаялар Дүрбекке дейін де кең тараған еді. Бұл тақырыпқа кезінде Фирдоуси, Балхий, Шерозий, Ансари сияқты атақты шайырлар қалам тартқан болатын. Алайда олардың бәрі парсы тілінде жазылған еді. Дүрбек — осы сюжетке тұңғыш рет Орта Азия түркілерінің көне өзбек тілінде дастан жазған шайыр. Бұл туралы акын:

Бұл кисса парсылардың тілінде еді,
Соны ойлап-ақ жүрегім тілімделді.

Жүсіпті мәңгі есте қалдырайын,
Түрікше сөзден сурет салдырайын.

Хикаясын Жүсіптің баяндайын,¹
Түрік тілі тұрғанда аянбайын.

Қолыма қағаз бенен қалам алдым,
Бейнебір кестешідей өрнек салдым, — дейді¹.

¹ Дүрбек. Юсуф ва Зулайхо. Тошкент, 1959. 7-б.

«Жүсіп пен Зылиха» дастанының 1516 жылы көшірілген ең көне нұсқасы Түркияның Топқани кітапханасында, ал 1563 жылы көшірілген, екінші нұсқасы Париждің Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

Жүсіп пен Зылиха жөніндегі қызықты аңыздар сюжеті Шығыс пен Батыс елдерінде ежелгі дәуірде-ақ кең тараған болатын. Бертін келе Жүсіп пен Зылиха туралы аңыздар тәрбиелік мәні зор әдеби мұра ретінде ислам және христиан діндерінің негізгі кітаптары – Құран (XII сүре) мен Інжілден де өз көрінісін тапты. Шығыс шайырлары Жүсіп пен Зылиха тақырыбына кезінде жүз елуден астам дастан жазған Фирдоуси, Балхий, Шерозий сияқты Шығыс классикалық поэзиясының алыптары екендігін біз жоғарыда айттық. Алайда Жүсіп пен Зылиха арасындағы мөлдір махаббатты әлемдік әдебиеттер тарихында тұңғыш рет түркі тілінде жазған Дүрбек ақынның дастаны ғана алты жүз жыл бойы оқырман назарын өзіне аударып келеді. Дүрбек дастаны әлемнің көптеген тілдеріне тәржіма жасалды.

Жүсіп пен Зылиха туралы аңыздар негізінде Шығыстың есімдері әлемге мәшһүр Фердауси, Балхий, Бахтияри, Әли, т. б. ақындары ғажайып дастандар жазды.

Жүсіп пен Зылиха тақырыбы қара сөзбен де жазылған, яғни прозалық түрдегі туындылар да бар. Е.Э. Бертельстің пікірі бойынша мұндай проза түріндегі әдеби туындыны Абдуллах Ансорий (1006-1088) жазған болу керек².

Ақын Дүрбектің «Жүсіп пен Зылиха» дастаны туралы өзбек ғалымдары С.Хайдаров, Ж. Лапасов, В.Валихожаев, сондай-ақ түрік ғалымдары Ф. Көпрулзаде, С.Н. Банарлы т.б. ғылыми зерттеулер жасап, бір қатар еңбектер жариялады. Әсіресе, Ф.Сүлейменованың «Жүсіп пен Зылиха» дастанының Париж қолжазбасы жайындағы зерттеуін аса құнды еңбек деп білеміз³.

Атақты түркітанушы ғалым Ә.Н. Нәжіп өз зерттеулерінде Дүрбек ақынның «Жүсіп пен Зылиха» дастаны – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің классикалық үдгісінде жазылған туынды екенін дәлелдей келіп, арғы тегі қыпшақ-оғыз немесе оғыз-қыпшақ

² Бертельс Е. Э Альманах «Дар». Ташкент 1944. с. 107.

³ Сулаймонова Ф. Навоийға нисбат берілген «Юсуф ва Зулайхо» достониинг Париж кул ёзмаси хақида. Тошкент, 1973.

тілдерінің бірі болып келетінін көне өзбек тілінде жазылғанын ерекше атап көрсетеді⁴.

Дүрбек «Жүсіп пен Зылиха» дастанының негізгі оқиғалық желісін Жакып деген пайғамбар — патшаның он бір баласы арасындағы күншілдіктен туған қайғылы жәйттерді баяндаудан бастайды. Жакып он бір ұлының кенжесі Жүсіпті өте жақсы көреді. Әкесінің патшалық тағы мен тәжін Жүсіптен қызғанған он ағасы оны өлтірмек болады. Әйтсе де оны әулие — періштелер аман алып қалады. Жүсіпті ағалары аяқ-қолын матап, құлдыққа сатып жібереді. Дастанда Жүсіптің ұзақ жылдар жат елдерде жүріп, жан төзгісіз қайғы-қасірет көргені суреттеледі. Ақыры Жүсіптің кеменгер даналығы мен темірдей төзімділігіне Мағриб елінің патшасы Таймус, Мысыр әміршілері Раян мен Әзиз ерекше риза болады. Соның арқасында Жүсіп Мысыр еліне патша болып, сүйіктісі Зылиха сұлуға үйленеді. Патша Жүсіп бүкіл елдегі түрлі қантөгістер мен соғыстарды тоқтатып, бейбіт, бақытты өмір орнатады.

Әділ патша жөніндегі халық арманы — орта ғасыр үшін прогрессивті құбылыс еді. Дүрбек өз дәуірінің перзенті ретінде қоғамның жақсы немесе жаман болуы патшаның қандай адам болуына байланысты деп түсінді. Зұлым, ақымақ патша гүлденіп тұрған мемлекетті ойран қылып, халықты күйзелтіп жібереді. Ал ақылды, әділ, жомарт патша қирап қалған қалаларды гүлістанға айналдырады деп пайымдалды.

Мемлекетті қашанда кара қылды қак жарып, әділ төрелік ететін жандар басқаруы керек деген түйін жасайды. Мысыр елінің әміршісі Раянды ақын әділ патшаның үлгісі ретінде суреттейді. Оның даналығы мен әділдігі сондай, Мысыр елінің тағына өзінен де данышпан, әділ жанды, яғни Жүсіпті отырғызады. Жүсіп зындандағы тұтқындарды босатады, ел ішінде тәртіп орнатады. Мемлекетті кеменгерлікпен басқарады. Халықтың дәулеті артады. Көп жылғы ашаршылықтан, аштықтан құтылады.

«Жүсіп пен Зылиха» — оптимистік сарындағы дастан. Дастанда ұдайы жақсы адамдардың мерейі үстем шығып, зұлым жандар жұрт алдында маскара болып отырады. Бұл дастанның ғасырлар бойы үздіксіз оқылып, айтылып, ұмытылмай келе жатқанының өзі де ақынның осы гуманистік идеясына байланысты. Азаттық пен

⁴ Наджил Э. Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египета XIV века (Диссертация на соискания ученой степени доктора филологических наук). М., 1965, с. 27.

әділдік жолындағы күресте гуманистік идеялардың үстем болуы қоғамдық прогресс үшін аса маңызды еді.

Ақын өзінің осы ойын Жүсіптің әкесі Жакыптың бір жағымсыз қылығымен дәлелдейді. Жакып базардан баласы бар бір құл әйелді сатып алады. Әйелдің өзін қызметші етіп алады да, баласы Бәшірді Мысыр саудагеріне сатып жібереді. Әлгі құл әйел баласын жоқтап күні-түні жылаумен болады. Көп жылдар бойы қайғыдан қан құсып жүреді. Ал Бәшір құлдық өмірдің қатыгез тіршілігінен қор болады. Жакып өз үйіндегі құл әйел мен оның баласы Бәшірдің басына қандай қайғы-қасірет салса, құдай дәл сондай қайғы-қасіретті Жакыптың өз басына да келтіреді. Жакыптың он бір баласы ішіндегі ең жақсы көретін кенже баласы Жүсіп күндердің күнінде Мысыр еліне құлдыққа сатылып кетеді. Ал қарт Жакып сол баласын сағынып, жылай-жылай ақыры көзі соқыр болып қалады.

Көп жылдардан кейін Жүсіп өзі құлдыққа сатылған Мысыр еліне патша болған кезінде Бәшірді құлдықтан құтқарады. Бәшір мен оның анасы бақытты өмір сүре бастайды. Дәл сол кезде Жакып та баласы Жүсіпті тауып, қайғы-қасіретін ұмытады, көзі қайтадан көретін болады. Бұл арқылы ақын «Өмірде жақсылық – жақсылықпен, ал жамандық – жамандықпен қайтады» деген халық даналығын өз оқырманына көркем тіл, тартымды сюжет арқылы жеткізіп отыр.

Дүрбектің «Жүсіп пен Зылиха» дастаны, сырттай қарағанда, пайғамбарлар, әулие-періштелер, патшалар өмірінен жазылған туынды сияқты болып көрінеді. Ал, шындығында Дүрбек ежелгі аңыз сюжетін бетке ұстай отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдің көптеген көкейкесті мәселелерін көтергенін аңғару қиын емес.

Дүрбек Алтын Орда мен Мауаранахрда XIV – XV ғасырларда орын алған кейбір тарихи оқиғаларды «Жүсіп пен Зылиха» дастанына идеялық өзек етіп алған. Әлем әміршісі Темір патша 1405 жылғы қаңтардың 19 күні Отырар маңында кенеттен қайтыс болғаны мәлім. Бұл хабарды естіген бойда-ақ Әмір-Темір ұрпақтары тақ пен тәжге өзара таласып, бүкіл Мауаранахр өңірін ұзақ жылдар бойы қанды шайқастар алаңына айналдырып жібергені белгілі.

Міне, осындай соғыстардың бірі – Темірдің баласы Шахрух пен немересі Халил арасында 1409 жылы Балх қаласы үшін болған еді. Бұл соғыста Балх қаласының халқы түгел қырылғанын Дүрбек өз

көзімен көреді. «Алты ай бойы қоршауда қалған Балх қаласындағы жан шошырлық дозақ» көріністерін Дүрбек «Жүсіп пен Зылиха» дастанында зор шеберлікпен, сенімді етіп көрсете білген.

Әмір Темірдің баласы Шахрух осындай қанды соғыстардың бірінде Балх қаласын қоршап алады, ол ерекше қатыгездік көрсетіп, үш ай бойы қалаға ешкімді кіргізбейді де, одан ешкімді шығармай да қояды. Қала халқы түгелдей аштыққа, түрлі індет-ауруларға ұшырап жаппай қырыла бастайды. Акын «қаланың іші — дозақ, ал сырты — жұмақ» деп бейнелейді. Қаланы қоршап тұрған биік қорғанның сыртында түрлі жемістер — алма, өрік, анар, жүзім, тағы басқалар уылжып пісіп тұрады. Ал аштықтан дәрменсіз болып, құлап жатқан жандар қорған сыртындағы пісіп тұрған дәмді жемістерді «тек көзімен көріп, қиялымен жейді». Бұл туралы акын:

Аштық келіп, бұл қаланы жалмады,
Нәрестелер аш өзек боп зарлады.

Қорған сырты — жәннәт болып жайнады,
Ал ішінде дозақ оты ойнады.

Адам деген түсініксіз, қызық-ау,
Бір-біріне қол созбайтын бұзық-ау.

Інілері өліп жатыр, біледі,
Ағалары сыртта тұрып күледі.

Бұзылса адам — нағыз хайуан болады,
Сонда қоғам қасіретке толады, — дейді.

«Жүсіп пен Зылиха» дастанының негізгі идеясы — ел билеушілер арасындағы тәж бен тақ үшін, байлық пен мансап үшін жиі-жиі болатын қанды соғыстардың, ағайын адамдар арасындағы бақталастық пен алауыздықтың, шектен тыс қатыгездіктің зардаптарын паш ету. Акын ел басқаратын жандардың ақылды, әділ, мейірімді, жомарт болуын көксейді. Жүсіп пен Зылиха бейнелерін жасау арқылы Дүрбек өз оқырманын алға қойған мақсатқа жету үшін қажымай-талмай күресуге әрі өмір жолындағы қиындықтарға барынша төзімді болуға үндейді.

³ Дүрбек. Юсуф ва Зулайхо. Тошкент, 1959, 141-б.

Дастанның бүкіл сюжеттік желісі Жүсіптің басынан кешкен сан қилы оқиғаларға негізделген. Дастандағы жүзден астам аңыз-хикаялардың барлығы дерлік негізінен Жүсіптің бейнесін сомдауға арналған.

Бала Жүсіптің түс көруі, түсінде аспандағы Күн мен Айдың жерге түсіп, Жүсіпке тағзым етуі, мұны естіген күншіл он ағасының Жүсіпті өлтірмек болғаны, ақыры оны Мәлік деген Мысыр саудагеріне сатып жібергені, Жүсіптің ұзақ жылдар бойы құл болып, құлдық азапқа төзіп жүруі, оған ойда жоқта жала жабылып, көп жылдар бойы зынданда жатуы, Мысыр патшасының түсін жорып, бүкіл елді төніп келе жатқан ашаршылықтан аман алып қалуы, әділдігі мен төзімділігінің, ақылдылығы мен адамгершілігінің арқасында Мысыр еліне патша болуы зор шеберлікпен бейнеленген.

Жүсіп – кек сақтамайтын, кешірімшіл жан. Ол өзін өлтірмек болған он ағасының күнәсін кешіріп, оларға көп жақсылық жасайды. Өзіне жала жапқан Зылихаға ғашық болады. Ақыры оған үйленеді.

Жүсіп бейнесі күрделі, сан қырлы деуге болады. Бір жағынан ол қайсар, жігерлі, өз тағдырын өз қолына алған қайратты жан ретінде көрінеді. Ал, екінші жағынан, «Әзірейіл мен Жебірейіл» көрінген сәттерде бірден дәрменсіз, әрекетсіз өз тағдырын өзі сырттан жәйбаракат бақылап отырған «бейшара пенде», «құдайдың құлы» болып көрінеді.

Түйіндеп айтқанда, Жүсіп көркіне көз тоймайтын, балалықтың базарын қызықтап жүрген бала-жігіттен, бірте-бірте көргені көп көсем, білгені мол данышпан болып, мемлекет қайраткері – Мысыр елінің әміршісі дәрежесіне дейін көтерілген жан.

Зылиха – өз тағдырын өзі шешуге әрекет жасайтын, ойлаған мақсатына жету үшін алған бетінен қайтпайтын өжет қыз. Ол түсінде Жүсіпті көріп, соған ғашық болады. Зылиха көрген түсін анасына айтады. Жүсіпті іздеп, сапар шегуді армандайды: Ата-анасы қызына қарсы болмайды. Ақыры Зылиха түсінде көрген арманы – Жүсіпті іздеп, алыстағы Мысыр еліне аттанады.

Алайда Зылиханың жолы болмайды. Ол Жүсіпке емес, Мысыр елінің әміршісі Әзизге душар болады. Қыз жылап-жылап өз тағдырына нәлет айтады. Әйтсе де амалсыздан Әзизге тұрмысқа шығады:

Түсіме енген Жүсібімді таппадым,
Бір сол үшін ар-ожданнан аттадым.

Күзгі күндей аяз түспей солыппын,
Тағдыр айдап Әзиз жанға жолықтым.

Отқа түспей, күйіктен мен өртендім,
Өмір деген әзірейілден жиіркендім.

Бұл жалғанға лағнет айтып өтемін,
Мына өмірді талак етіп кетемін⁶.

Дүрбек өз дастанында Зылиханың сұлулығын, жүріс-тұрысын, нәзік жанын, ішкі әлемін суреттеуге көп көңіл бөлген. Сонымен бірге, Зылиха — көп оқыған, көп білетін, шынайы ғұлама жан ретінде бейнеленген:

Зылиханың көркіне көз тоймаған,
Қос жанары бейне жұлдыз жайнаған.

Бұл әлемнің бар білімін менгерген,
Ғұлама жоқ бізде оған тең келген⁷.

Зылиха өзіне Жүсіптің оралуына сеніп, қырық жыл бойы сабыр сақтап келеді. Ақыры екеуі қосылып, мұрат-мақсаттарына жетеді. Махаббат күдіретімен екеуі де қайта жасарып кетеді.

Дастанда Жүсіп пен Зылихадан басқа да бірқатар қаһармандар бар. Олар: он бір баланың әкесі — Жакып, Мағриб елінің патшасы — Таймус, Мысыр елінің патшасы — Раян, Мысырдың әміршісі — Әзиз, тағы басқалар.

Жүсіп пен Зылиха жайындағы аңыздардың сюжеті негізінде Батыс пен Шығыстың көптеген ақындары мен жазушылары ғажайып көркем туындылар жазған. Шығыс халықтары әдебиетінде осы сюжет бойынша жазылған жүз елуден астам көркем шығарма бар екен.

Немістің ұлы акыны Гете жас кезінде Жүсіп пен Зылиха туралы аңыздарды тандана тындап, тамсанып оқығандығы туралы жазады. Акын өзінің «Поэзия және шындық» деп аталатын

⁶ Дүрбек. Юсуф ва Зулайхо. Тошкент, 1959. 79-б.

⁷ Сонда. 63-б.

кітабында Жүсіп пен Зылиха хикаясының бұлақ суындай мөлдір тазалығына сүйсіне келіп: «Мұндай аңызды қандай күдіретті күш-қуат жаратты десенізші! Адам жаны жақсылық үшін жаратылған ғой!», — депті. Бір қызығы — әлемдегі түрлі халықтардың акындары мен жазушылары ел басына ауыр күн туған сәттерде, өз елінің әлеуметтік-саяси тарихының қиын-қыстау кездерінде халыққа айтар ой пікірлерін астарлап жеткізу үшін Жүсіп пен Зылиха жайындағы аңыздарды өз туындыларына арқау етіп отырған. Мәселен, ХХ ғасырдың ұлы ойшылы, немістің аса көрнекті жазушысы Томас Манн өзінің «Жүсіп және оның ағалары» деп аталатын романында билік басына келген фашистердің адам табиғатына жат, дөрекілік істерін, қан төгуге әзір тұрған дүлей күш пен ақыл парасат арасындағы идеялық күресті, «басқалардан артық жаралғанбыз» дейтін нәсілшілдік көзқарасты өлтіре сынайды.

Түркия елінің атакты акыны Назым Хикмет кезінде Жүсіп пен Зылиха жөніндегі аңыздардың мүлдем жаңа қырын ашқандай болды. Ол өзінің «Жүсіп және Менафис» деген драмасында «Жүсіп пен Зылиха» деген аңыздарды негізге ала отырып, бүгінгі қоғамдағы әділетсіздік пен қатыгездік, зұлымдық пен өшпенділік жайындағы ой-пікірін ортаға салады. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою қажеттігін зор шеберлікпен көрсетеді.

Жүсіп пен Зылиха тақырыбына қазақ акыны Жүсіпбек Шайхулисламұлы қисса жазып, оны Қазан баспаларынан бірнеше рет (1898, 1901, 1913) бастырып шығарады. Жүсіпбек дастанында жоғарыда айтылған Дүрбек дастанының негізгі оқиға желісі сақталған.

«Жүсіп пен Зылиха» дастаны гуманистік идеяға, адамгершілікке, әділдікке, бауырмалдыққа, ізгілікке үндейді.

Сонымен, қазақ әдебиетінің ежелгі тарихында Алтын Орда дәуірі (XII–XV ғасырлар) деп аталатын үлкен бір тарихи кезең бар деп білеміз. Бұл дәуірде акын Хорезмидің Сырдария бойында туындаған “Мұхаббат-наме” поэмасы, Еділ бойындағы Сарай қаласынан шыққан белгілі акын Сайф Сараидің “Түркі тіліндегі Гүлістан” дастаны, Мысыр (Египет) мемлекетінде өмір сүрген қыпшақ акыны Құтбтың “Хұсрау уа Шырын” поэмасы, Дүрбектің “Жүсіп-Зылика” дастаны қыпшақ-оғыз тілдерінің негізінде жазылғаны мәлім.

Сондай-ақ осы кезеңде қазақтың тұңғыш тарихшысы Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди”, Қадырғали Қосынұлы Жалаиридін

“Жамиғ-ат-тауарих” (“Шежірелер жинағы”), Захириддин Бабырдың “Бабыр-наме” атты шығармалары жазылған еді. Атақты тарихшы Әбілғазы Бахадүрханның “Шежіре-й түрк” (“Түрік шежіресі”) және “Шежірей терекіме” (“Түрікмен шежіресі”) деп аталатын екі шығармасы да қазіргі түркі тілдес халықтардың әдебиет тарихына қосылған елеулі үлес болды.

ӘЛИ

Алтын Орда дәуірінде туған түркі жазба ескерткіштерінің бірі – “Нахджул фарадис” екендігі мәлім. Бұл шығарма ХІҮ ғасырдағы Жошы ұлысында және мәмлүктер билігіндегі Мысыр, Шам өлкелерінде жазылған еңбектердің арасында елеулі орны бар ерекше жәдігер. Белгілі түркітанушы Ә. Нәжіптің Сәйф Сараидың “Гүлістан”, Хорезмидің “Махаббат-нама”, Күтбтың “Хұсрау мен Шырын” сынды шығармаларының бірі поэтикалық аударма, бірі жартылай прозалық, жартылай поэзиялық аударма еңбек, ал енді бірі араб-парсылық аруз өлшемімен жазылған поэма екендігін айта келіп: “Как известно, поэтическое, тем более переводное произведение имеет меньшую ценность для истории языка. Поэтому объемистое прозаическое произведение “Нахджул фарадис” имеет большое значение для характеристики тюркского языка в ХІҮ в. В том ареале, где создан этот памятник”¹, – деп жазғаны да жоғарыдағы пікірді айғақтай түседі.

Жалпы, “Нахджул фарадис” жайында алғаш дерек беріп, көне түркі қолжазбасына ғалымдар назарын да аударған татар халқының ірі тарихшысы әрі ағартушы ғалымы Шиһаб ад-дин Баһауаддин ұлы Маржани болатын. Ол өзінің 1885 жылы Қазанда басылған “Мустафад әл-ахбар фи ахуали Казан уа Булғар” атты кітабының І томында татар, қыпшак, бұлғар тайпаларының шығу тегіне тоқтала келіп осы елдердің тілінде жазылған бірнеше ескі жәдігерлерді атайды. Соның ішінде “Башлағали”, “Иусуф”, “Насихат ас-салихин”, “Бәдауам” кітаптарымен бірге “Нахджул фарадисті” де атап өткен. Осы арада Маржани ескілік көзін жай ғана айтып

¹ Наджил Э. Об авторе и дате создания памятника ХІҮ века «Нахджул фарадис» // TURCOLOGICA (к 70-ию акад. А.Н.Конопова). Ленинград: Наука, 1976. с. 291.

коймай, оның басты тақырыбы мен ескерткіштің авторы туралы қысқаша мәлімет берген. Сондай-ақ, ғалым шығарманың тілі жөнінде де өз пікірін жария етеді.

Алайда, бұл қолжазба Маржани қайтыс болғаннан кейін де ширек ғасыр бойына елеусіз қала берді. Себебі, татар тарихшысы пайдаланған еңбектің қолжазбасы жоғалып кетті де, тек XX ғасырдың 20-жылдары Стамбулда “Нахджул фарадистің” жана нұскасы әрі ең көне көшірмесі табылады². Рас, бұған дейін татар ғалымдары Ғ.Әзиз бен Ә.Рахим осы өңірден табылған тағы бір қолжазбаны ғылыми айналымға енгізіп, әдебиет тарихы оқулықтарына пайдаланған болатын³. Бұған қоса ескерткіштің тағы бірнеше көшірмелері Татарстан ҒА Әдебиет және тіл институты мен Қазан мемлекеттік пединститутының кітапханасында сақтаулы тұрғаны белгілі болды⁴.

Десек те, “Нахджул фарадис” пен оның қолжазбалары жайында арнаулы да алғашқы еңбек жазған қырым-татар ғалымы, Ялта Өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Якуб Кемал еді⁵. Сондықтан ең алдымен осы нұсқаға тоқталып өтейік. Ғалымның жазуынша, бұл қолжазбаның иесі — Әли мурза Әміров текті әулеттен және оның манайында бірқатар оқымысты ғалымдар болған сияқты. Әли мурза өлген соң, шамамен 1905 жылдардың кезінде аталған қолжазбаны иесінің басқа да мүліктерімен бірге жергілікті букинист сатып алады. Ақырында, 1928 жылы “Нахджул фарадистің” осы нұскасын Ялтадағы шығыс музейінің қызметкерлері экспедиция барысында қолға түсіреді⁶. Қолжазбаның бас жағына ХҮІІ ғасырға телінетін Шағын-Герей ханның жарлығы желімделген. Оның бірінші бетінде: “Бұл “Нахджул фарадис” кітабы 792 жылы рабиғ-ул ахир айында жазылған. Меншік иесі — Мұхаммед шаһ Баһадүрұғлы, қазір 1176 жыл”, — деп жазылған екен. П.Кемалдің пікірінше, Мұхаммед-Шаһтың есімі қырым сарайына жақын мырзалардың арасында кездеседі⁷.

Ялталық қолжазба 549 бетті құраған және екі бөлімнен тұрған.

² Түркия межмугасы., II. Стамбул, 1928.

³ Рахим Ғ., Ғазиз Ғ. татар әдебиеті тарихы. Қазан, 1925. 69-б.

⁴ «Нахджул фарадис». Қолжазба. Қазан университетінің кітапханасы. Ш. 60261.

⁵ Кемал Я. Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нахджул фарадис». Симферополь, 1930.

⁶ Сонда. 5-б.

⁷ Сонда. 5-б.

Я.Кемал шығарманың бөлім тақырыптары ірі алтын әріптерімен көкшіл фонға түсірілгенін, сондай-ақ, ондағы атаулары да кішілеу алтын әріптермен жазылғанын, ал, Мұхаммед пайғамбардың хадистері мен Құран аяттары басқа мәтіндерге карағанда барынша үлкенірек етіп, қызыл сиямен жазылғанын мәлімдейді. Бір назар аударарлық жағдай, халиф Омардың қазасы мен оның жерленуін баяндайтын әңгіменің соңында Мұхаммед пайғамбар мен алғашқы екі халиф Әбу-Бәкір мен Омардың бейіттерінің өзара орналасу жайын да қызыл сиямен кескіндеген екен. Ғалым шығарманың сапалы қағазға өте шебер хұсни хатшының қолымен насх үлгісімен және аздап сулус ыңғайымен көшірілгенін ескертеді. Ялта қолжазбасын көшірушінің есімі — Қасым бин Мұхаммед. Я.Кемал сол кездің белгілі ғалымдары В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский, А.Н.Самойлович, Көприлизаде сынды түркітанушылармен хабарласып, “Нахджул фарадис” туралы пікір алысады. Оқымыстылардың көпшілігі Маржани қолжазбасын тілге тиек етеді де, академик В.В.Бартольд қана Түркиядағы Ени-Джами кітапханасында 879-нөмірде тіркелген тағы бір нұсканын табылғанын жеткізеді. Бұл қолжазбадағы еңбектің аты да сәл өзгеше — “Фадаилу-л Муғжизат” деп аталған. Аталмыш нұсқа “Нахджул фарадистің” ең толық нұскасынан саналады. Ескерткіш жөніндегі тұңғыш мәліметті 1928 жылы профессор Зәки Уәлиди Тоған “Түркия мәжмұғасы” журналында жариялаған.

Сонымен, бұл айтылғандардан біз “Нахджул фарадис” кітабының Стамбул, Қырым және Қазан қалаларында сондай-ақ, кейінірек Ленинград (СПб) Шығыстану институтына түскен көшірме нұсқаларының барын білеміз. Алайда, аталған қолжазбалардың тағдыры түрлі әлеуметтік-саяси немесе өзге де себептерге байланысты қилы кезендерді бастан кешкен. Мәселен, жоғарыда жазғанымыздай еңбектің бағалы көшірмелерінің бірі саналатын Маржани нұскасы бергі заман ғалымдарының қолына тimestен жоғалып кетсе, одан кейінгі Бақшасарай-Ялта музейінде сақталған тағы бір тамаша көшірмесі де із-түссіз жоғалып кетті. Қырымдық нұсқа туралы толымды еңбек жазып, шығарманың кейбір үзінділерін жариялаған⁸. Я.Кемал 1938 жылы Өзбекстанда қайтыс болған. Ә.Нәжіптің деректеріне сүйенсек, қырымдық ғалым Бейруттегі американ колледжін, Мәскеудегі

⁸ Кемал Я. Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехджул фарадис». Симферополь, 1930. с. 6.

Лазарев атындағы шығыс тілдері институтын бітірген. Біршама уақыт Бакшасарайдағы Зенжырлы медресесінің (Меңлігерей ат. инст-т) директоры болған. Қайтыс болған жылына карағанда (1938) қуғын-сүргін құрбаны болғанға ұқсайды. Ялта нұсқасының жоғалуының тағы бір себебін 1941-45 жылдардағы Қырым-татар автономиясының таратылып, жергілікті халықтың өзге өңірлерге жер аударылуымен де байланыстыруға негіз бар. Қалай дегенмен, аталған екі қолжазбаның жоғалуы “Нахджул фарадистің” зерттеушілеріне елеулі қолбайлау болғаны анық.

Аталған орта ғасырлық мұраның қолжазбаларымен таныс болған бірқатар ғалымдар көбінесе, шығарманың мазмұнынан гөрі оның жазылған уақыты мен мекені, сондай-ақ ескерткіштің авторы жөнінде пікір таласқа ден қойды. Әрине, оған себеп те жоқ емес. Біріншіден, ескі қолжазбалардың алғашқы беттерінде ұшырайтын шығарманың жазылған жылы мен автор туралы мәліметтер өте жұтан, екіншіден, көнеріп тозған, үшіншіден, нұсқалардағы уақытты белгілеген сандар да өзгермелі болатын. Сонымен бірге, орта ғасырлық автор мен көшірушілердің ара-жігін айырудың да өзіндік қиындықтары жетерлік. Бұған қоса, “Нахджул фарадис” авторының есіміне тіркелген бірнеше қала, мемлекет, яки ру аттары да оның қай жердің тұрғыны немесе қай халықтың өкілі екендігін анықтауға біраз кедергі келтіргенін байқау қиын емес. Ең ақыры, жазба жәдігерлерді зерттеушілер негізінен тілші, тарихшы-ғалымдар болатын. Содан болар, оқымыстылар әдетте, ескерткіштің әдеби-көркемдік құрылымынан гөрі оның жазылу тарихы мен тіліне басым көңіл бөлгені белгілі.

Ең алдымен зерттеушілер ескерткіштің жазылған уақытын анықтады. Маржани кітабында еңбектің жазылған уақыты туралы былай делініп көрсетілген: “... екінші күнінде йылға йеті йүз әллік тоқызда Сарай шаһарында йерді”. Яғни, ғалымдар хижра есебі бойынша 759 немесе миләди санауымен 1357-58 жылдар шамасын “Нахджул фарадис” шығармасының жазылған мезгілі деп санады. Кейіннен, Ә.Наджип ленинградтық қолжазба (№316) негізінде Маржани нұсқасында өшірілген жерлердің сөздерін толықтырып ескерткіштің дүниеге келген уақытын анықтай түсті. Соңғы нұсқа бойынша “Нахджул фарадистің” жазылған мерзімі мен авторының аты-жөні былайша нақтыланды: “Сафар айының секізінші күн,

⁹ Маржани Ш. Мустафал әл-ахбар фи ахуали Қазан уа Булгар. I-том. Қазан, 1895. 14-б.

йылқы йылы ерді. 759-да Сарай шаһарында ерді. Бұ кітабны жамғу қылғушы ғалым әл-раббани әл-әлғам ас-самдани әл устазу әл-мутлақ Махмуд бин Ғали бин шейх әс-Сараи мәншәан уа әл-Бұлғари муәлладан уа әл-Кердери ғакдан”. Қазіргі тілмен айтқанда: “Сафар айының сегізінші күн, жылқы жылы еді. 759 жылында Сарай шаһарында бұл кітапты жинақтап құраған Құдай жолындағы ғалым һәм оның мәнгі қызметшісі, кемел ұстаз, мүміндердің досы Махмуд Ғали ұғлы шейх Сараи немересі, бұлғардан шыққан, нәсілі – Кердері”. Әрине, бұл пікірге ғалымдар бірден келе қойған жоқ. Зерттеушілердің бірқатары ескерткіш Сарай қаласында жазылды десе, екіншілері “Нахджул фарадистің” отаны – Хорезм деген болжамды ұсынды. Әр ғалымның өз дәлелі де болды. Мәселен, З.Уәлиди Стамбул нұсқасының қағазы – орта Азиялық және кашқар түркілерінің жазуын пайдаланғанмен сөйлемдердің үстіне хорезм тіліне сай келетін хәрәкат қойылғанын көлденең тартып, шығарма сол өңірде жазылған деп есептейді. Сондай-ақ, зерттеуші “Нахджул фарадис” еңбегін жазуда Махмуд бин Ғалидің Орта Азия теологтарының шығармаларына сүйенгенін де еске салып өткен¹⁰.

Сонымен қатар Стамбул нұсқасы бойынша ескерткіштің алғашқы көшірмелерінің бірі 761 жылы жасалғаны және оның иесі – Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Хұсрау әл-Хорезми екені анықталды. Қолжазбаның 443 бетінде: “Бұл кітап тамам болды тарих йеті иүз алтмыш бірдә. шахр-уллаһул мубарак джумади әл-аууал айының алтыншы күніндә ерді. Кім китабаты кошлук уақтында таммам болды. Тақы бу кітапның мусанифі мәзкүр йәкшәнбә күн дәр-ул фәниден дәр-ул бақиға риһлат қылды” деген анықтама берілген. Яғни, кітаптың құрастырушысы әрі авторы Махмуд бин Ғали миләди бойынша 1360 жылы 22 наурызда, жексенбі күні, кітаптың көшірмесі бітуіне үш күн қалғанда қайтыс болады¹¹. Түрік ғалымы М.Ф.Көпірлузаде “Нахджул фарадистің” авторы Хорезмдегі Кердер қаласында туып, кейіннен Сарайда тұрған деген пікірді ұсынды. Бірақ, Ә.Нәжіп бұған келіспейтіндігін білдіреді. Зерттеушінің ойынша, Махмуд бин Ғали Кердер шаһарында емес, Бұлғар қаласында туған (әл-булғари муәлладан) және Сарай шейхының ұлы. Ал, Кердер түркілердің ірі діни

¹⁰ Түркият межмуғасы., II. Стамбул, 1928. 331-6.

¹¹ Наджип Э. Об авторе и дате создания памятника XIV века «Нахджул фарадис» // TURCOLOGICA (к 70-ию акад. А.Н.Кононова). Ленинград: Наука, 1976. с.296.

орталығы болғандықтан Махмуд бин Ғали сол арада шарифат ілімдерін оқып, үйренген сынайлы¹².

Бірқатар зерттеушілер “Нахджул фарадистің” тілін бұрынғы бұлғар-татар тіліне жатқызып келді. Мәселен, Шиһаб ад-дин Маржани жазба мұранын тілі туралы: “Бұ лисан анларға Жошы уа Бату ордасындан кірмесе керек. Шөне анлар лисанына мұғайыр уа һәм анлар иттибағинде мұсылманлары аз уа зағиф. Берке хан кіріші 640 хұдудында исламға дахил болса да, иттибағинда ислам расух табкан йок еді. Әксарында кадими казак ислами кабилындан болып, мұсылман хан ғасырында мұсылманлықда. Уа аның бағдында ғайри мүсілім хан болса, әнкар мұтабағат ғалиба иртидад қылар еділер. Әнша татар кабилесінде Өзбек хан ұғлы Жәнібек хан ғасырларында ислам рәуаж уа қаут расух табты. Уа Ноғай тайпасы лисанында “дін Өзбектен қалды” дигән сөз бар. Аймыш аз заманда анлар шул мемлекетте болған тайфелерге өз тілдерні кіріте алмаслар. Бұ. луғат бұлғар аһалиесінің өз лисанлары болмақ керек”¹³, — дегені әрине, біраз қайшы пікірлерге жол ашты. Маржани татар халқын бұрынғы бұлғар, хазар мемлекеттерінің мұрагері ретінде қарастыра келе, олардың да бір кездері Алтын Орда, яки Жошы ұлысының құрамында болғанын мойындағысы жоқ. Тарихшы хазар, бұлғар елдерін түркі тайпаларына жатқызады, әрі оларды қыпшақтармен туыс халық деп есептейді. Сондай-ақ, татар атауының да уақытында қыпшақ этносына қатысты бір ұғымға қолданғанын жазады¹⁴.

Алайда, кейінгі заман ғалымдары Маржанидің жоғарыда келтірілген пікірін іліп әкетіп, “Нахджул фарадисті”, “Жүсіп киссасын”, “Гүлістан бит-түркиді”, т.б. Алтын Орда кезеңінде туған шығармаларды татар-бұлғар әдебиетінің үлгілері ретінде қарастырып жүргені мәлім. Әсіресе, Ғ.Рахим, С.Вахид, Х.Минегулов, Ш.Абилов, Х.Хисматуллин сынды татар оқымыстылары “Нахджул фарадисті” осы халықтың төл мұрасындай сезінетінін аңғару қиын емес. Кейбір зерттеушілердің бұра тарту мақсатымен ғылыми сілтемелердің өзін өзгерте пайдаланғанын байқаймыз. Мысалы, Ш.Абилов аталмыш мұра жайындағы орыс тілінде басылған мақаласында Ә.Нәжіптің

¹² Наджип Э. О памятнике XIY века «Нахдж ал-фарадис» и его языке // Советская тюркология. Баку, 1971, № 6, с. 63

¹³ Маржани Ш. Мустафад әл-ахбар фи ахуали Қазан уа Булғар. I-том. Қазан, 1895. 16-б.

¹⁴ Сонда. 17-18-бб.

зерттеу еңбектеріндегі жекелеген сөйлемдерді бұзып-жарып, өнін айналдыра қолданғаны айқын көрініп тұр.

Мәселен, ол түркітанушы ғалымның: "... на территории Золотой Орды, а в последующие века и на территории современной Татарии и Башкирии огузо-туркменская литературная традиция с незначительной модернизацией сохраняет свои позиции, как мы увидим ниже, даже после формирования современного татарского литературного языка как второго письменного языка",¹⁵ — деген пікірінен "огузо-туркменская" тіркесін және оның алдындағы біраз сөздерді алып тастап, орнына "сама литературная традиция..." деп бастап жіберген¹⁶.

Шындығына келгенде, "Нахджул фарадис" мейлі Хорезмнің Кердер қаласында жазылсын, мейлі Алтын Ордаға қарасты Сарай шаһарында жазылсын, бұл ортағасырлық ескерткіштің қазақ әдебиетіне етене жақындығы әлдеқашан белгілі болған еді.

Кердер қаласы туралы мәлімет берушінің бірі Я.Кемал өз еңбегінде көне шаһар жөнінде: "Полное имя его указывает на принадлежность его к Кердеру. Кердер находится в Хорезме, на востоке Кухне-Оркенг, между современными Ени-кале и Чемпай. В прежние время он считался известным городом. По источникам книг "Табакат" он являлся центром ученых и теологов того времени. Среди них встречаются имена Хусаматдин Эсаганакки, Мухаммед ибн Абду-л-керим Туркестани. Большинство из них по происхождению являются тюркскими учеными", — деп жазған болатын. Сонымен қатар, автордың: "Имя этого города В.В.Бартольд употребляет почему-то в форме курдер, а в "Муғаджам әл-Булдан" оно пишется — Кердер"¹⁷, — деп түзету енгізуі де құптарлық пікір еді.

Осы деректерге сүйенген қазақ ғалымы профессор С.Аманжолов та өзінің "Кіші жүздің Кердері диалектісі турасында" атты орыс тіліндегі зерттеуінде "Нахджул фарадистің" жазылған жері мен оның авторы жөнінде бағалы пікірлер жазған. Шығыстанушы Н.Веселовскийдің еңбектеріне сүйене отырып, ғалым Алшын

¹⁵ Наджип Э. О средневековых литературных традициях и смешанных письменных тюркских языках // Советская тюркология. Баку, 1970. № 1. с. 89

¹⁶ Абилов Ш. Нехджул фарадис // Татарская литература (VIII-XVIII в.в.). Казань: Фэн, 1999, с. 94.

¹⁷ Кемал Я. Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехджул фарадис». Симферополь, 1930, с. 11.

одағына кірген көптеген рулардың ішінде Кердері тайпасының ерекше көзге түскенін және олардың біздің заманымыздың I ғасырында Арал теңізінің жағалауларын мекендегенін жазады. Зерттеуші аталған себептерге байланысты теңіздің де Кердері атанғанын, сондай-ақ, олардың қалалары да Кердері есімін иеленгенін мәлімдейді. Әмударияның оң жағалауындағы Хорезм жері де Кердерілер елі атанған¹⁸.

С.Аманжолов Якуб Кемалдің “Нахджул фарадис” тілі ортаазиялық түркі әдеби тілінің екінші дәуіріне, яғни оғыз-қыпшақ диалектісіне жақын деген пікіріне келіспейтінін білдіреді. Ғалымның ескі өзбек, татар тілі деген секілді казактын да көне тілі болмауы мүмкін емес екендігін айта келіп: “Но мы не можем утверждать что язык “Нехджуль фарадис” является образцом основы общеказахского языка. Возможно, что в нем отразились некоторые особенности диалекта кердерийцев”¹⁹, — деген пікірі де назар аударуға тұрарлық.

Кердері руынан шыққан Махмуд бин Ғалидін хорезмдік емес, сарайлық екенін және оның Бұлғар елінде туғанын атап көрсеткен екінші бір түркітанушы Ә.Нәжіп те “Нахджул фарадис” авторының казак халқының өкілі екендігін жоққа шығармайды. Мәселен, ғалымның: “Как известно, многие из казахских родов и племен входили тогда в состав Золотой Орды. Племена Киши жуз кочевали в непосредственной близости от культурных центров государства в низовьях Волги. Они в свою очередь состояли из племен Алимуды, Байуды и Жети ру. Последние включали семь крупных родов, одним из которых был род Курдер. Слово “гакдан” (قائد), означающее “связанное”, дает нам возможность связать происхождение нашего автора с казахским родом Курдер. И так, возможно, что Махмуд бин Али происходил из казахского рода Курдер (Кердері—С.К.), родился в Булгаре, жил и творил в Сарае”²⁰, — деген ойлары жоғарыдағы пікірлерді толық қуаттайды. Осындай ойды әдебиетші Х.Сүйіншәлиев те қолдаған. Зерттеуші казак әдебиетінің көне дәуірлеріне катысты монографиялық еңбегінде: “Асылы, Әмір Нәджип пікірлері дәлелді және тиянақты. Бұлғардан

¹⁸ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка (часть I). Алма-Ата, 1959, с. 103.

¹⁹ Там же, с. 104.

²⁰ Нәджип Ә. О памятнике XIV века «Нахдж ал-фарадис» и его языке // Советская тюркология. Баку, 1971, № 6. с. 63.

шықса да Сарайда тұрған Кердері перзенті деуі орынды”²¹, — деп жазады.

Сонымен бірге, Кердерілер жөніндегі деректер көптеген ортағасырлық тарихшылар мен ғалымдардың еңбектерінде ұшырайды. X ғасырдың басында Еділ бойына саяхат жасаған араб елшісі Ибн Фадланның қолжазбасында мынадай мәлімет бар: “Әл-Жүржаниден (Үргеніштен—С.Қ.) бір күндік жол бойында Ардаку дейтін қыстақ бар. Оның халқын әл-Керделі деп атайды”²². Сондай-ақ, белгілі тарихшы, академик Ә.Марғұлан Кердері мен абдал ту баста Амударияның аяқ жағын қоныстанған ғұндардың бір тайпасы, кейін оғыздардың ұлысына қосылып, ең соңында қазақтың Кіші жүз ұлысына қосылған дей келіп, орта ғасырлық географ Йақұт әл-Хамауи әр-Румидің (1179-1229) “Муғджам әл-Булдан” атты кітабынан төмендегі мәліметті алға тартады: “Кердері — атакты Афрасиабтың Хорезм өлкесінде арқа сүйеген бір мықты уәлаяты. Мен түріктің падишасы Афрасиабтың өзінің қымбат нәрселерін, алтын, күмістерін Хорезм уәлаятындағы Кердеріден жоғары бір жерге көмгендігі туралы көне деректі парсы тілінен оқып білдім”²³. Бір ғажабы Хорезмнен Кердери лакабын иемденген көптеген ғалымдар шыққан. Мысалы, Ә.Дербісәлиев осы өлкеден шыққан үш бірдей ғалымның атын атайды. Олардың бірі — Әбд әл-Ғафур бин Лұкман бин Мұхаммед әл-Кердери. Шығыстанушы ғалымның ойынша, “Әл-Кердери деген сөз әдеттегідей оның Кердері тайпасынан шыққандығын білдіреді”²⁴. Орта ғасыр тарихшыларының деректеріне қарағанда бұл ғалым араб жерінде білім алып, кейін Халаб қаласындағы әл-Хаддадийн медресесінде ұстаздық еткен. Сонымен бірге ол Әбу Ханифа мазһабының діни теориялық ілімдерін түсіндіру мақсатымен бірнеше трактаттар жазғаны белгілі болды.

Ә.Дербісәлиевтің “Қазақ даласының жұлдыздары” атты кітабына енген ғалымның тағы бірі — Мұхаммед әл-Кердери (1202-1244). Зерттеуші ол туралы деректердің Мысыр кітапханасындағы “Кітаптар каталогында” бар екенін жазған. Үшінші ғалымның есімі — Хафиз ад-дин Мұхаммед Әл-Кердери. Бұл жерлесіміз де алдыңғылары секілді мұсылман заңдарының білгір ғұламасы.

²¹ Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. А., 1987. 176-б.

²² Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. А., Қазақ университеті, 1991. 352-б.

²³ Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. А., 1985. 201-б.

²⁴ Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 164-б.

Оның “Джамиғ әл-уаджиз”, “Манакиб Әби Ханифа”, “Масаил”, т.б. ғылыми еңбектерін тізбектей келе; зерттеуші ғалымның кейбір шығармалары Ташкент, Стамбул қалаларының кітапханаларында сақталғанын тілге тиек еткен²⁵. Бұған қоса, Кердері ныпсысын иеленген тағы бірқатар ғұламалар мен акын-шайырлардың есімдері Ш.Маржанидің “Мустафад әл ахбар...” атты еңбегінде, К.Брокельман, В.В.Бартольд, т.б. шығыстанушылардың зерттеулерінде ұшырасады.

Орта Азия мен Хорезм және Еділ бойында туған ғалым, жазушылардың алғашқы легі Х ғасырларда-ақ, араб-парсы жерлеріндегі ірі қалаларға білім іздеп барған. Солардың ішінде әл-Фараби, әл-Жауһари, әл-Бозжани, әл-Хорезми сияқты қыпшак текті ғалымдар көп болғаны мәлім. Мұның бір себебі, елдегі Селжүктер қозғалысы, Ғазнауилер билігі, оғыз-қыпшак ұлыстарының ыдырауы кезіндегі саяси тұрақсыздықтан туған деуге болады. Екінші кезен Алтын Орда дәуірімен тұспа-тұс келді. Монғолдар шабуылынан кейін қатты қысымға ұшыраған қыпшак тайпаларының бір бөлігі Кіші Азияға және мысырға өтіп кеткені тарихтан мәлім. Ал, Бейбарыс әулетінің билігі тұсында Мысыр мен Жошы ұлысының арасында саяси ынтымақ орнап, әсіресе, исламға бойұсынған Өзбек хан дәулеті кезінде бұл қарым-қатынас дами түсті. Дәл осы уақытта Еділдің төменгі жағын мекендеген Алшын-Қыпшак тайпаларынан шыққан ірі теолог ғалымдар мен шайырлар да Мысырлық бауырларын сағалап, оқу-білім, яки қызмет жағдайымен ел асқанын жоққа шығара алмаймыз. Көптеген мұсылман ғұламалары Алтын Ордада әлі қалыпқа түсе қоймаған діни орта мен сарай манындағы саяси салқындықтың әсерімен жат жерді саялап кеткен. Солардың арасында Сәйф Сараи, Берке Факиһтер мен қатар Махмуд әл-Кердеридің болуы – күдік тудырмайтын жәйт.

Стамбул, яғни Яни-Джами нұскасында “Нахджул фарадис” қолжазбасы автордың көзі тірісінде, қайтыс боларынан үш күн бұрын көшірілгені жазылған. Қолжазбаның бірінші бетіндегі қосымша жазудан көшірменін Египетте Мұхаммед бей бин Әбу Саид Уақмақтың (1437-1445) кітапханасында сақталғанын оқимыз. Бірақ, кейіннен османдықтар билігі тұсында Түркияға әкелінген сияқты.

²⁵ Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. 167-168-бб.

Тағы бір назар аударатын жағдай, Мысыр сұлтаны Бейбарыстын өзі де қыпшақ тайпасының Беріш руынан екендігі, оның мұрагері екінші бір Байұлы аталығы — Шеркеш ұрпағы болғандығын ескерсек, Сарай төңірегі мен Мысыр билеушілері маңында Алшындардың жиі ұшырасуын заңды құбылыс деп бағалаған жөн.

Еділ бойынан шыққан шайырлардың ең көрнектісі, кейін Мысырға қоныс аударған Сәйф Сараиды да қазақтың Алшын тайпасының перзенті деуге негіз бар. Мысалы, ақынның “Гүлістан бит түркі” атты шығармасынан мынадай жолдарды оқығанда осындай ойға қалдық. Сәйф Сараи кейіпкерінің сұлулығына теңеу іздегенде: “Асылы Алшын, сүзләре чын, күзләре татар ирер”, — дейді. Осы жолдарды татар ғалымы Ш.Абиловтын: “Она сама из соколиного рода, слово ее верное, глаза — татарские”²⁶, — деп қате аударғанын көреміз. Бұл жерде зерттеушінің алшын сөзінің мәнін түсінбей, оны лашын мағынасымен шатастырып алғаны білініп тұр. Мұның бір себебі, қазіргі татар халқының өкілдерінің Алшын руы жөнінде хабарсыз болуынан, яки олардың негізгі этникалық құрамында аталған этнонимнің аса маңызды орын алмайтындығынан шығар. Олай болса, шығармада ұшырайтын Алшын руына Сәйф Сараидың немесе оның кейіпкерлерінің байланысы барлығын, сондай-ақ, бұл этникалық атаудың осы өлкенің (Еділ бойының — С.К.) байырғы тұрғындарының бірі — Кіші жүз қазақтарына тікелей қатысты екендігін де ешкім жоққа шығара алмас.

Алтын Орда мемлекетінің соңғы дәуірлерінде, әсіресе, Ноғай Ордасы тұсындағы қазақ әдебиеті тарихында да Алшындардың үлесі қомақты екендігі көпшілікке белгілі. Бұл орайда проф. С.Аманжоловтын: “Поскольку алшынцы по численности представляют собой около 1/3 всего казахского народа, естественно, они не могли не повлиять в какой-то мере на общую культуру, в том числе язык всего народа. Между тем надо отметить, что золотоординские или ногайские эпосы (как, например, Едыге, Ер Саин и т.п.) в казахскую степь перенеслись через уста алшынцев, сохранив, конечно, некоторые особенности алшынского диалекта”²⁷, — деген пікірі де шындықтан алыс емес.

²⁶ Абилов Ш. Нехджул фарадис // Татарская литература (VIII-XVIII в.в.). Казань: Фэн, 1999. с. 90.

²⁷ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка (часть I). А., 1959. с. 43.

Осы өлкеде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір кешкен үлкен дарын иесі Тұрмағамбет шайырдың өз есімін: “Өз атым — Тұрмағамбет, асылым — Алшын”²⁸, — деп танытуы Әбубәкір Шоканұлы сияқты білімдар акынның “Кердері” лақабын иемденіп жүруі де өз ата-бабаларының дәстүріне адалдығын көрсетсе керек.

“Нахджул фарадис” шығармасының авторы Махмуд бин Ғалидің сопылық жолға түсіп, дәруіштердің ықпалында болғаны жөнінде де деректер бар. Қолжазбалардың бірінде оның есімі хорезмдік Минһәжетдин шейхтың муридтері қатарында аталған (16,2). Бұл орайда кітаптан көптеген діни ағартушылық және дидактикалық сарындағы тарихи аңыздар мен шағын әңгімелерді оқуға болады. Шығармада XIII ғасырдағы филология, философия және теология ілімдерінің тандаулы жетістіктері мен идеялары пайдаланылғанын көреміз. Мұнда әсіресе, ортағасырлық новелла, қысқа хикая жанрындағы баяндау үлгілері көбірек кездеседі. Олардың да басты тақырыбы адам мінезі, кісілік, ар-иман мәселелеріне арналған және шығармалардың образдау жүйесінде көркем әдебиет белгілерінің анық байқалуы — кітап пен автор тұлғасын биіктете түсетін әдеби жаңалықтың бірі.

Махмуд Ғалиұлының “Нахджул фарадис” атты осы шығармасында “Шейх уағызы”, “Дәруіш шаттығы”, “Ғыйлеран һәм камсыздық”, “Сезгір құл”, “Әділ күтуші”, т.б. бірқатар халықтардың қоғамдық-әлеуметтік және адами қарым-қатынасы жайында шынайы шежіре, мәнді мысалдар шебер өрнектелген.

Қорыта айтқанда, орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихында Махмуд бин Ғали мен оның “Нахджул фарадисі” де өзінің лайықты орнын иеленетіні шүбәсіз.

²⁸ Ізтілеуов Т. Назым (таңдамалы шығармалары). А., 1982. 56-б.

МЫСЫРДАҒЫ ҚЫПШАҚ ӘДЕБИЕТІ

Алтын Орда мемлекетінде XIII-XV ғасырларда ғылым, мәдениет және әдебиет едәуір дамып, көрші елдерге қоғамдық, саяси, мәдени тұрғыдан ықпал ете бастады. Әсіресе, Берке, Өзбек және Жәнібек хандар тұсында Алтын Орда астанасы Берке-Сарай мейлінше өркендеген шаһарға айналған еді.

Алтын Орда мемлекеті өзінің этникалық құралы жағынан алуан түрлі болатын. Соған карамай, мұнда негізінен қыпшақ-оғыз тілі үстемдік етті. Рас, Алтын Орда сияқты ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан елде қыпшақ тілінің түрлі диалектілері болды. Әйтсе де, мұндай диалектілер онша көп емес еді.

Атақты түркітанушы ғалым Ә.Н. Әжіп атап көрсеткендей, “алдымен Алтын Ордада, сосын мәмлүктік Мысырда кеңінен қолданылған қыпшақ тілінің кайнар-бастаулары Қыпшақ даласында жатқаны даусыз. Бұл тіл-түркі тілдерінің ішінде қыпшақ-оғыз тобына жатады. Біз сөз етіп отырған қыпшақ тілі XII ғасырда Сырдарияның төменгі ағысында әдеби тіл ретінде қалыптасып, Ахмед Йассауи туындыларында тұңғыш рет өз көрінісін тапқан еді”¹.

Мысыр еліне мәмлүктер (еріксіздер, жалдамалылар, құлдар) алғашта соғыс тұтқындары, сатып алынған құлдар, жалдамалы жұмысшылар ретінде келе бастаған еді.

Тарихи жазбаларда Ніл жағасында түркі халықтарынан алғаш билік жүргізген Ахмадтың әкесі Тулун Бағдад халифының мәмлүгі болғаны жөнінде дерек бар. Тулун Мауараннаһр жерінен Бағдадқа

¹ Наджип Ә.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египета XIV века (Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук) М., 1965, с. 64, 572.

күлдыққа сатылып, бас уәзірлікке дейін көтеріледі. Адалдығымен халифтің сеніміне кірген ол баласы Ахмадты Мысыр жеріне уәли болып баруына ықпал жасайды.

Ахмад ибн Тулун Мысырдағы уәлилік қызметінің екінші жылында өзінің тәуелсіздігін жариялап, Бағдад халифына тек діни істерде ғана бағынады. Тулун әулеті билік құрған жылдары Мысырда түркі халықтарынан көптеп мәмлүк сатып алу басталады².

Тулундықтардан кейін билік басына келген ихшидтер мен фатималықтар дәуірінде түркі жұртынан әскери жасақ ретінде адам сатып алу саябырсығанымен, һижраның 567 жылынан басталған аийубилер кезеңінде бұл іс өз жалғасын тапты. Себебі, аийубилер билікке келген тұста батыстан кресшілер Мысыр мен Сирия жерлеріне жорықтарын бастаған еді. Осындай қысылтаян кездерде мемлекет тұтастығын сақтап қалу үшін сұлтандар мен әмірлер жалдамалы әскерді көптеп сатып ала бастады. Күл саудагерлері сұлтандарға ең жақсы, күшті мәмлүктерді жеткізуге тырысты. Сұлтандар оларға сұраған құнынан артық төледі. Кресшілерге қарсы әскер мен өздерін қорғайтын арнайы дайындалған сенімді жасақты көбейту мақсатында билік иелері саудагерлерді осылай ынталандырып отырды. Мысалы, Салахаддин Аийуби кресшілерге қарсы соғыста жеңу үшін Қыпшақ жері мен Кавказ өңірінен 12 мың мәмлүк сатып алады³. Мәмлүктерді әскери өнер мен соғыс қимылдарына үйретіп, дайындаған соң осы жауынгерлердің ішінен мың кісіден тұратын, негізі азиялық мықты әрі күдіретті жасақ құрылды.

Мұсылман әлемінде ерекше мәні бар тарихи оқиғаның бірі — Айн Жалут соғысы. Алғаш рет моңғолдарға тосқауыл қойған бұл соғыс көптеген тарихи оқиғалардың тууына негіз болды. Осы соғыстан кейін, яғни 1260 жылы сұлтан тағына отырған Рукн ад-дин аз-Заһир Бейбарыс моңғолдар мен кресшілерге қарсы тұруы үшін күшті әскери одақ іздей бастады. Византия императоры Михаил Полиологус VII пен одақтасқан сұлтан Бейбарыс шығыс мемлекеттерінен тек Алтын Орда ханы Беркені таңдады. Алтын Орда бұл уақытта үлкен мемлекет еді. Амин әл-Холи бұл жөнінде Ибн Тағрибердінің кітабына былайша сілтеме береді: “Алтын Орда

² Ануар Зуклама. Әл-мамалик фи Миср. Каир, «Мәктабатү Мәдбули», 1995.15-б.

³ Сонда. 19-б.

күшті және үлкен мемлекет. Ол біздің елден алыста орналасқан. Оның басшысының (Берке хан, 1256-1266 ж.ж. билік құрған) көптеген әскері бар. Ол мұсылмандықты қабылдаған. Берке мен аз-Заһир (сұлтан Заһир Рукн ад-Дин Бейбарыс 1260-1277 ж.ж. Мысырды билеген) арасында достық орнап, елшілік алмасқан”⁴. 1261 жылы сұлтан алғаш рет Сарай қаласына өз елшісін аттандырады. Бұл жөнінде В.Тизенгаузен: “Египет сұлтаны әл-Малик аз-Заһир Бейбарыс өзінің алғашқы хатын Алтын Орда ханы Беркеге сенімді аландық көпестер арқылы жібереді. Бұл хат һиджра жыл санауы бойынша 600 (1261/62) жылы жазылған еді”⁵, — деп көрсетеді. Хатты алған Берке хан Мысырға көмек ретінде атты әскер жіберіп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп тұрады. Осы тұста Мысыр билеушісі Бейбарыстың тек атты әскерінің өзі қырық мыңға жетеді⁶. Бұл сол кездегі өлшем бойынша өте көп еді. Сұлтан қыпшақ даласынан келген әскерлерді ерекше күтіп, оларға қоныстану үшін арнайы жер бөледі. Қыпшақ даласынан әскери істер үшін мәмлүктер алу үрдісі кейінгі сұлтандар тұсында да өз жалғастығын тапты. Әл-Макриздін еңбегіне жүгінген Қасым Абдуһу Қасым төмендегідей дерек келтіреді: “Сұлтан әл Мансур Қалауын (1279-1290) өзіне тиесілі мәмлүктердің санын алты мың жеті жүзге жеткізеді. Ал, баласы Ашраф Халил олардың санын он мыңға жеткізуді қалаған. Сұлтан Насыр Мұхаммед бин Қалауын мәмлүктерді көптеп сатып алумен аты шыққан. Ол Өзбек (хан) елінен, қыпшақ жерінен келген мәмлүктерді көбірек алатын”⁷. Тіпті, әскери, саяси-экономикалық қарым-қатынасты нығайту мақсатында Алтын Орданың хандары мен Мысыр сұлтандарының арасында қыз алып, қыз беріскен жағдайлар да болған⁸.

Мәмлүктер тарихын зерттеген көптеген ғалымдар бұл заманды “Бахрилік мәмлүктер (1250-1381)” және “Бурждық мәмлүктер (1381-1571)” деп екіге бөліп қарайды. Ал, “Китаб фатху Миср әл-хадис” атты кітаптың авторы Хафизбек мәмлүктер кезеңін екі үлкен топқа бөледі. Біріншісі, 1250 жылдан — 1517 жылғы османлыларға дейін, екіншісі, Осман империясы тұсынан бастап Мысырда

⁴ Амийн аль-Холи. Связи между Нилом в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы». 1962. 8-б.

⁵ Тизенгаузен В. Сборник относящихся к истории Золотой орды. Т.1. СПб., 1884. 55-б.

⁶ Соңда. 100-б.

⁷ Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамлик ат-тауарих әс-сиаси уә-л-ижтима’и. Каир, «Айп», 1998. 32-б.

⁸ Амийн аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы». 1962. 9-б.

Мұхаммед Али ұйымдастырған атақты “Қорған құрбандығына” дейін өмір сүрген мәмлүктер”. “Қорған құрбандығы” 1811 жылы ақпан айында болған еді.

Мысырдың тарихшы ғалымы Ануар Зуклама өзінің “Әл-мамалик фи Миср” деген кітабында мәмлүктерді төрт бөлікке бөледі. Олар:

1. Бахрилік (теңіздік мәмлүктер) 1250-1381 ж.ж.
2. Бурждық (камалдық мәмлүктер) 1381-1517 ж.ж.
3. Бектік (бекзада) мәмлүктер 1517-1811 ж.ж.
4. Мухаммед Али кезеңіндегі мәмлүктер”.

Мәмлүктерді ұлтына, шыққан тегіне, нәсіліне қарап бөлуге болмайды. Олардың барлығы бір жерден, бір халықтан шықпаған. Бахриліктер Ніл өзенінің ортасындағы Рауда аралында тұрып, сонда дайындалғандықтан, бурждықтар камалдар мен мұнараларда әскери дайындықтан өткендіктен осылай аталған.

Десек те, ортағасырлық жылнамашылардың барлығы дерлік мәмлүктердің отаны солтүстік Азиядағы “Қыпшақ жері” деп анықтама береді. Тіпті, ол моңғол шапқыншылығы кезіндегі Шыңғыс ханның баласы Жошы мен немересі Бату хан билігіндегі жер екендігін атап көрсетеді⁹. Мәмлүктердің көбі Қыпшақ даласынан шыққан түркі-қыпшақтары десек те, олардың арасында күрдтер, әзірбайжандар, парсылар, армяндар, гректер, италяндықтар да бар еді.

Мәмлүктер билікке келген жылдары араб жеріне тұс-тұстан жау анталап тұрған еді. Шығыс пен батыстан араб елдеріне бір мезгілде шабуыл басталды. Екі бүйірден қысқан христиандар мен моңғолдар Араб түбегі мен Мысыр жеріне қауіп төндірді. Бүкіл мұсылман халықтары өздері қасиетті санаған Мекке, Мәдина және Құдыс (Иерусалим) қалалары жау аяғының астында тапталмауына мәмлүктерге үміт артады.

Мәмлүктер бұл сенімді ақтайды. Күшті жасақталған мәмлүктер алдындағының барлығын қырып, жойған Хулагу әскері мен кресшілерге бір мезгілде тойтарыс беріп, басып алынған Сирия мен Мысыр жерлерін азат етеді. Сонымен қатар, өздері де басқа елдерге жорық жасап, мемлекет шекарасын кеңейтеді. Мәселен,

⁹ Хафизбек. Кітаб фатху Миср әл-хадис. Каир, «Дар-ус-сикафати әл-жадид», 1988. 31-б.

¹⁰ Ануар Зуклама. Әл-мамалик фи Миср. Каир, «Мәктабагу Мәдбули», 1995.25-б.

¹¹ Сонда. 21-б.

Заһир Бейбарыстың сұлтандығы жайлы жырлаған сол замандағы бір ақын:

Патша болды — Мысыр менен Иеменнің еліне,
Билік қылды Ирак, Рим және Нубия жеріне¹², —

- деп, мәмлүк мемлекетінің шекарасы қазіргі Мысыр, Алжир, солтүстік Судан, Таяу Шығыс, Сирия, Ирак және бүкіл Араб түбегін қамтығанын көрсетеді.

Мәмлүктер тұсында билік басына келген қыпшақтар ана тілінде сөйлесті. Сарай тілі қыпшақша болды. Мәселен, сұлтан Бейбарыс, сұлтан Қалауын, хажиб Алмас жас күндерінде-ақ Мысырға келсе де арабша білмеген. Мысыр тарихшысы Амин әл-Холидың айтуы бойынша олар әрдайым қастарында аудармашы ұстаған. Кейбір билеушілер арабша білсе де одан бас тартып, қыпшақ тілінде сөйлескен. Араб тілінде таза сөйлейтін Бештак әл-Қыпшақи әмірлікке жеткен соң тек қыпшақ тілінде ел басқарған¹³.

XIII ғасырдағы тарихи оқиғалар түркі халықтарының басын біріктірді. Қыпшақ, бұлғар, хазар, оғыз және т.б. түркі тілдес тайпалар Алтын Орда құрамына кіріп, бір мемлекет аясында өмір сүрді. Мемлекетті Шыңғысхан ұрпақтары билеп-төстегенімен, аз ғана уақытта монғолдар түркіленді. XIII ғасырға дейін-ақ халықтық деңгейге жеткен қыпшақтар мен бұлғарлар Алтын Орда дәуірінде мәдениеттерін одан әрі дамытты. Мемлекеттік тіл түркі тілі болды. Бұл жөнінде татар халқының әдебиетші ғалымы Х.Ю.Миннегулов: “Алтын Орда әдебиетінің тілі өз дәуірінде “түркі тіл” деп аталған. Қазіргі уақытта ол “Алтын Орда түркісі”, “Еділ-Орал түркісі”, “қыпшақ тілі”, “ескі татар тілі”, “түркі-татар тілі” және басқа терминдер арқылы аталып жүр”¹⁴, — деп жазады. Мәмлүктер мемлекетінде де түркі тілі ресми тіл ретінде жүрді¹⁵. Осы аралықтағы түркі халықтары өз тілдерінде жазба мұралар жазып қалдырғанымен мемлекеттік тіл қыпшақ

¹² Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамлик ат-тауарих әс-сиаси уә-л-ижтима’и. Каир, «Айн», 1998: 112-б.

¹³ Амин аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы». 1962. с. 31.

¹⁴ Миннегулов Х.Ю. Сәйф Сарай тормышы һәм ижаты. Казан, «Казан университеты нашрияты», 1976. 4-б.

¹⁵ Амиль аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы». 1962. с. 31.

тілі болып саналған. Алтын Орда мен Мысыр жерінде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының ең көп тараған және өзара қатынас тілі қыпшақ тілі екендігін “Ат-тухфату-з-закияту фил-луғати-т-туркиянын” белгісіз авторы: “Уә жә’алту-л-и’тимәдә фиһи ‘алә-л-луғати-л-қифжақияти ли-әннәһә кәсирату-л-исти’мәли уә ләм әзкуру әл-луғатә-т-туркманиәтә иллә ‘индә адз-дзаруррати фа ақулу қилә” (“Мен мұнда (шығармада – А.Ә.) қыпшақ тіліне (негізіне – А.Ә.) сүйендім. Өйткені ол ең көп қолданылады, түркімен тілін пайдаланбадым, тек зәру болғанда “қилә” (түркіменше былай деп айтылады – А.Ә.) деп ғана көрсеттім”)¹⁶, - деп жазады. Сондықтан да біз Сырдария өзенінің бойындағы Хорезм, Сығанақ, Сайрам, Жаркент, Жент қалаларынан бастап, Еділді бойлай орналасқан Сарай, Саксын, Үкек, Азау (Азов), Акша Кермен қалаларына дейін, солтүстіктегі Бұлғар, Сібір аймағы, Башкыр, Чулуманнан оңтүстіктегі Баку Ширван, Дербендке дейін созылып жатқан Алтын Орда және мәмлүктер билігі тұсындағы Мысыр мен Сирия жерлерінде негізгі қатынас тіл “түркі-қыпшақ тілі” деп атай аламыз.

Мәмлүктер билікке келгеннен кейін араб пен түркі-қыпшақтардың әдеби байланысы қатты дамыды. Қыпшақ даласынан Ніл сағасына қоныс тепкен ғалымдарға, әдебиетшілерге қамқорлық жасалды. Билік басындағы түркі тектес сұлтандар мен әмірлер өздерінің ана тілінде жазылған кітаптарды көптеп алдыртты. Осындай кітаптардың бірі - Баласағұндық Жүсіп Хас Хажибтің “Құтадғу білік” шығармасы. Бұл дидактикалық шығарманың араб әрпімен жазылған бір нұсқасы 1896 жылы Мысырдан табылады. Шамасы, Жүсіп Баласағұнның бұл туындысы Алтын Орда мен Мысыр арасында мәдени байланыс орнағаннан кейін Ніл жағасына жеткізілген секілді. Өйткені кітап ең алғаш Иззадин Айдемир деген кісінің мүлкі болған. Иззадин Айдемир – сұлтан Ан-Насыр Мұхаммедтің қарамағындағы мәмлүктердің бірі. Басында дауадар, онан соң Халәб пен Траблуста наиб қызметін атқарған ол мемлекеттің бас қолбасшылығына дейін көтерілді. Иззадин Айдемир қайтыс болғаннан кейін кітап сұлтан Ан-Насыр Насреддин әл-Хасанның кезінде мыңбасы болған Елбұға әл-Хассаки әл-Черкасидің қолына тиеді¹⁷.

¹⁶ Ат-тухфату-з-закияту фи-л-луғати-т-туркия. Ташкент, «Фан», 1968. 2-б.

¹⁷ Исламов Р.Ф. Алтын Орда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдәни бағланышлар. Казан: Мағбугат йорты, 1998. 168-б.

М.Көпрүлү көрсеткендей Құл Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметі” төрт өлкеге айтарлықтай әсер еткен. Олар: 1) Қыпшақ, яғни, бүгінгі солтүстік түркілерінің өлкесі; 2) Түркімен жері; 3) Әзірбайжан өңірі; 4) Батыс түркілері, яғни, Анадолы мен Рум елі өңірі¹⁸. Сондай-ақ Арал, Каспий жағалауында, Сырдария бойында қоныстанған оғыз-қыпшақ тайпалары селжүктермен бірге Евфрат өзенінен өтіп, Палестина мен Мысыр жеріне жорық жасағанда олардың рухани басшылары сопылық ағымның шейхтары еді. Анадолы жерінде өз мектебін қалыптастырған Жалаладдин Руми, Ғазали, Шамсиддин Табризи сынды дәруіштер иасауия жолының (тарикат) ізбасарлары болып саналады¹⁹. Иасауи ілімін жалғастырушылар мен Құл Қожа Ахметке еліктеген мистик ақындар сопылықты тарату үшін Сырдария жағасынан бастап, Жерорта теңізіне дейінгі аралықта өз насихаттарын жүргізді. Тіпті, Қазақ хандығының мемлекет болып қалыптасуында Иасауи ілімі айтарлықтай рөл атқарған. Өтеміс қажы жазып қалдырған “Шыңғыс-наме” мен авторы белгісіз “Темір-наме” атты қолжазбаларға сүйенген Зікірия Жандарбек иасауия шейхтарының Алтын Орда мен Дешті Қыпшақты қалай дінге кіргізгенін айтып өтеді²⁰.

XIII ғасырдың отызыншы жылдарында түркі халықтарының жеріне моңғол шапқыншылығы басталады. Шыңғыс хан әскеріне қарсы шыққан халықтың көбі моңғолдар тарапынан қырылды. Олардың елді мекендері тоналып қиратылды. Мәдениет ошақтары саналған Отырар, Сығанақ, Басра, Бағдад сынды шаһарлардың орны күлге айналды. Рухани құндылығы мол кітаптарға толы атақты кітапханалар өрт жалынына шарпылды. Ислам өркениетімен ұштасқан түркі мәдениеті тоқырауға тірелді. X-XII ғасырларда Орта Азияда қайта өрлеу кезені басталып, ғылым-білім, сәулет өнері, әдебиет пен мәдениет қанатын кенге жайып гүлденгенде моңғол шапқыншылығы тұсында қайта құлдырады. Осы тұстағы қалам ұстаған ғалымдар мен шайырлар жат елге қашып, жан сауғалады. Араб жорықтары Ислам дінін үгіттеумен қатар мұсылман мәдениетін әкелсе, моңғол шапқыншылығы ешнәрсе әкелмеді. Керісінше Шыңғыс әскерлері

¹⁸ Koprulu Fuad. Turk edebiatında ilk mutasavviflar. Ankara, “Dianet Isleri Baskanligi”, 1991, 174-s.

¹⁹ Соңда. 183-255-66.

²⁰ Жандарбек З. Түркістанның қысқаша тарихы. Түркістан, 2000. 22-24-66.

түркі ғалымдарын қудалап, олардың құнды шығармаларын жоюға тырысты. Шапқыншылықтың алғашқы жылынан бастап, бір ғасыр көлемінде ауыз толтырып айтарлық рухани мұраның болмауы осы себептен еді. Рас, зобалаңды жылдарда өмір сүрген деп Кетбұға мен Майқы бидің есімдері аталады. Бірақ, казак әдебиеті тарихында Кетбұғаның айтқанынан Жошы қазасын Шыңғыс ханға естіртуі ғана сақталған. Тек, тарихи деректерде Кетбұға есімді кісінің Хулагу сарбаздарының бас нояны болғаны жазылады²¹. Оны Мысырға барар жолдағы Айн Жалут жеріндегі соғыста Жамаладдин Аккуш әш-Шамси деген әмір өлтірген²². Назар аударарлық бір жайт, мәмлүктер билігі тұсындағы атакты араб тарихшысы Ибн әл-Асир Кетбұғаны “Ұлық (Ұлы) Жыршы” деп атап, өзінің жылнамасында Ұлық Жыршының Жошы қазасын Шыңғысханға жеткізген мәтінін келтіреді²³. Алтын Орда, Мысыр және монғол әскерлерінде түркі-қыпшақ жасақтары мейлінше көп болғанын ескерсек, Ніл бойында қыпшақтардың топтасуы таң қаларлық емес. Үш биліктің (Хулагу, Алтын Орда және мәмлүктер) негізгі жауынгерлері түркі халықтарынан құралғандықтан, сондай-ақ, олардың Сирия мен Мысыр жерінде тоғысуы жат жерде түркі-қыпшақтарының билікке келуіне мүмкіндік береді.

Мысыр мен Алтын Орданың дипломатиялық қарым-қатынастары тек саяси-әскери жағынан ғана емес, сонымен қатар, мәдени-әдеби байланыста да дамыды. Мысыр елінің сұлтаны аз-Заһир Бейбарыс Бундукдаридың Алтын Орда ханына жіберген сыйлықтары ішінен Құран, хадис, түрлі діни кітаптар, сан алуан ғылыми трактаттарды кездестіруге болатын еді. Араб жылнамашысы Ан-Нуайридін жазуы бойынша Берке Ислам дінін қабылдағаннан кейін қол астындағы бұқара халықтың басым көпшілігі мұсылманшылыққа бет бұрады. Тіпті, әйелі Жижек-хатун (Шешек-хатун болуы да мүмкін. Көне түркі-қыпшақ тілінде “шешек” — гүл, “хатун” — ханым деген сөз) ислам дінін қабылдап, өзімен бірге алып жүруі үшін, шатырдан көшпелі мешіт жасатады²⁴.

²¹ Тизенгаузен В. Сборник, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб., 1884. с. 80-81.

²² Ибн Тагриберді (Жамаладдин әбулмухасин Юсуф бин Тагриберді әл-Атабеки). Ашнужуму-з-заһирату фи мулуки Мисри уә-л-Каһира. т.VII. Каир, «Дар-ул-кутуб», 1984. 79-б.

²³ Смирнова Н.С. Очерк истории казахского фольклора // История казахской литературы. Казахский фольклор. Т.1. Под. ред: Н.С.Смирновой. А., 1984. с. 66

²⁴ Исламов Р.Ф. Алтын Орда һәм мәмлүклер Мисыры: язма мирас, мәдени бағланышлар. Казан: Матбугат йорты, 1998. 131-б.

Сондай-ақ кыпшак даласында туылған сұлтан Бейбарыс өзінің атын қалдыру үшін және отанының мәртебесін көтеру мақсатында хан рұқсатымен Қырымда мешіт салдырады²⁵. Макриздін жазуы бойынша, сұлтан Әл-Мансур Калауын Әл-Әлфи де Қырымда мешіт салдыру шығынына жиырма мың динар қаржы бөледі. Мешітте өзінің атын, дәрежесін тасқа ойып жаздыру үшін ұстасын және бояуларын жібереді²⁶. Мароккодан шығып, мұсылман елдері мен Үнді, Қытай сынды елдерге саяхат жасаған атақты араб саяхатшысы Ибн Батута Алтын Ордаға жасаған сапарында осы мешітке арнайы соғады²⁷.

Өз кезегінде алтынордалықтар да аянып қалмаған. Бұл жөнінде әл-Айни: "... құрметті шейх және білгір дәрігер Гила ад-дин ан-Нуғман Қудыс /Иерусалим/ қаласында ғибадатхана тұрғызуға тілек білдіреді. Бұл істі жүзеге асыру үшін Өзбек хан оған көп мөлшерде алтын бөледі. Бірақ ол ізгі ниет сәтті аяқталмайды"²⁸, — деп көрсетеді.

Жас күндерінде сатылған мәмлүктер және екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас нәтижесінде барған елшілер, әскерлер, саудагерлер, ақындар, ғылым іздеген ғалымдар мен білім жетелеген шәкірттер өздерімен бірге жат-жұртқа кыпшактың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, тілі мен ділін ала барды. Оларды көздің қарашығындай сақтады. Кейбір кыпшактан шыққан мәмлүк сұлтандар түркі дүниесіне тән бағзы дәстүрлерді арабтарға да орындауға міндеттеді. Мәселен, ел билеушілері бір себептермен халық алдына немесе сауық-сайранға шыққан кездерінде түркі-моңғол дәуіріндегідей сақшылары тізіліп жүретін болған. Ал, сырнайшылары мен кернейшілері билеуші топтың келе жатқанын сырнайлатып, кернейлетіп, дабыл қағып білдіріп отырған²⁹.

Аталған еңбектердің барлығы түркі тілінде болғанымен әртүрлі диалектілерде жазылған. Түрколог ғалымдар XIV ғасырда пайда

²⁵ Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамалик ат-тарих әс-сиаси уә-л-иджтима'и. Каир, «Айн», 1998. 165-166-бб.

²⁶ Тизенгаузен В. Сборник, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб., 1884. с. 363, 435.

²⁷ Исламов Р.Ф. Алтын Орда һәм мәмлүклер Мисыры: язма мирас, мәдени бағланышлар. Казан: Матбуғат йорты, 1998. с. 165.

²⁸ Ибн Тағриберді (Жамаладдин әбулмухасин Юсую бин Тағриберді әл-Атабеки). Ашшужуму-з-заһирағу фи мулуки Мисри уә-л-Каһира. т. VII. Каир, «Дар-ул-кутуб», 1984. 174-б.

²⁹ Амин аль-Холи. Связи между Нилом в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы», 1962. с. 23.

болған жазба мұраларды “аралас” тілде жазылған ескерткіштер деп санайды. Мәселен, Э.Нәджиб: “XIV ғасырда Алтын Орда мен Мысыр аймағында өзінше бір аралас жазба тілдер пайда болды”, - деп жазып, сонымен қатар, бұл аралас тілдерді беске бөліп қарастырады. Олар: 1. Көне түркімен жазба тілі. Бұл тіл XIII ғасырда қалыптасып, мәмлүктер билігі тұсында Египетте дамыған; 2. Оғыз-қыпшақ жазба тілі. Бұл селжүктер кезінде әсіресе аййубилер дәуірінде Египетке көшіп келген оғыздар және оғыз тайпаларының құрамына қосыла келген қыпшақтардың тілі; 3. XII ғасырда Сырдарияның бойында қалыптасқан қыпшақ-оғыз тайпаларының жазба тілі; 4. Еділдің төменгі жағы мен Хорезмнің солтүстік аймағында қалыптасқан оғыз-түркімен тілі. Бұл тілге қыпшақ тайпалары мен карахандықтар билігі тұсындағы ұйғырдың жазба тілі айтарлықтай әсер еткен; 5. Сырдария бойындағы қыпшақ-оғыз тайпаларының жазба тілі мен карахандық дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр тілдерінен пайда болған көне өзбек тілі³⁰. Сондай-ақ, XIV ғасырда пайда болған ескерткіштердің тілін түркі тілдеріндегі й және з тобы етіп екі жікке бөледі. Сөйтіп, біріншісін — қыпшақ-оғыз тобы, екіншісін — карахандық дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр тіліне жататын оғыз-қыпшақ тобы деп атайды.

Көптеген ғылыми кітаптарда көрсетілгендей XIII ғасырдың ортасынан, яғни моңғолдар 1258 жылы халифаттың астанасы, ғылым мен білімнің орталығы Бағдатты жаулап алғаннан бастап араб әдебиеті құлдырады. Шапқыншылар жергілікті халықты аяусыз қырып, моңғолдарға бас иеген ғалымдар мен ақын-жазушылардың көзін құртты. Көбі жан сауғалап Мысыр жеріне қашты.

Әмин әл-Холи Мысыр жеріне қоныс аударған алтынордалықтардан бірнешеуін атап өтеді. Олардың бірі — Махмуд ибн Фатшах ас-Сараи (775/1373-74 жылы қайтыс болған). Бірнеше уақыт Сирияда тұрған Махмуд ибн Фатшах ол жерден қудаланып, Каирге қашып келеді. Мұнда ас-Сараи “Сарагатмышия” медресесінде сабақ береді. Бізге жеткен деректерге қарағанда ол заң, шарифат, логика, риторика салаларын жетік білген.

Дия ибн Садаллаһ әл-Қырым (778/1376-77 ж.к.б.) есімді алтынордалық та өмірінің соңын Нил бойында өткізеді. Қырымдағы қазы отбасынан шыққан ол Каирдегі сұлтан Бейбарыс

³⁰ Нәджиб Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. М., 1989. с. 80-81.

салдырған “Бейбарысия” медресесін басқарады. Сонымен қатар, “Аш-Шейхуния” медресесінде сабак береді. Бұл жерден сұлтан әл-Ашраф өзі салдырған мектепті басқаруға шақырып, оған “шейхтардың шейхы” деген дәреже береді. Дия ибн Садаллаһ ислам ілімдерін өте терең біліп, ханифи және шафи’и мәзһәбы бойынша дәріс беріп, кейбір даулы мәселелер бойынша үкім шығарып отырған. Сондай-ақ, ол шешендік өнерді де жақсы меңгерген.

Рукн ад-Дин әл-Қырыми Ахмед ибн Мухаммед (783/1381-82 ж.к.б.) Еділ бойында ер жетіп, өз елінде шамамен отыз жылдай қазылық жасаған. Каирге келген ол әл-Азһар мешітінде фикһ бойынша дәріс жүргізеді. Рукн ад-Дин әл-Қырыми мұсылман әлемі ең дұрыс хадистер деп мойындаған, Әл-Бухари жинаған “Ас-Сахих” кітабына түсіндірме жазған. Бірақ ол толық аяқталмаған.

Махмуд ибн Абдаллаһ Әбу-т-Тина ас-Сараи әл-Қаһири (801/1398-99 ж.к.б.) мәмлүктер билігі тұсындағы дәстүрге сай араб, парсы, түркі тілдерін білген. Өз уақытындағы білімді кісілердің біріне саналған Әбу-т-Тина ас-Сараидың риторика мен поэзия салаларындағы еңбектері замандастарының құрметіне ие болған³¹.

Алдындағыны жайпап өтетін Хулагудың бұқа мойын әскерінен кейін Мауаранаһрды, Кіші Азияны, қыпшак жерін Аксак Темірдің сайыпқырандары басып алды. Темірдің жауынгерлері көрші жатқан Алтын Орда, Хорезм, Анадолымен қоса Сирия жерін басып өтті. Қалалар отқа оранып, кітапханалар күлге айналды. Халықтың сөзін сөйлеген шайырлар мәмлүктер елін пана тұтты.

Араб әдебиетінің құлдырауы Кіші Азияға селжүктердің келген кезінде-ақ басталған еді. X-XI ғасырларда Иран, Орта Азия, Кавказ өңірлерінен қоныс аударған сөз зергерлері өз шығармаларын араб лұғатымен қоса “поэзия тіліне” саналған парсы тілімен де өрнектеді³².

Араб халқының осындай ауыр хәліне қарамастан Қызыл теңіздің арғы шетінде орналасқан Мысыр елінде XV ғасырға дейін мәдени өмір жалғаса берді. Әсіресе әдебиет Мысырда мәмлүктер билеген ғасырларда біраз жанданды³³.

Жаһилия дәуіріндегі бәдәуилерден бастау алатын арабтың

³¹ Амин аль-Холи. Связи между Нилом в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы», 1962. с. 29.

³² Фильштинский И.М. История арабской литературы X- XVIII века. М., 1991. с. 450.

³³ Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. А., 1982. 179-б.

классикалық әдебиетінің тоқырауы халық ауыз әдебиетінің өрістеуіне мүмкіндік берді. Халық арасында фусхадан (әдеби тілден) ауытқып ләһжамен (диалектімен) шығарылған поэзия мен проза жанры кең таралды. Диалектіде жазылған кейбір өлендер мәдениеттің ордасы саналатын сұлтандардың сарайларына да жетіп, олардың авторларына қолдау көрсетілді.

XIII-XVI ғасырлардағы араб әдебиетінің құлдырауын билік басына түркі мәмлүктері келуімен байланыстыратын кейбір әдебиетші ғалымдар бұл кезенді “қараңғылық кезіндегі әдебиет” деп атайды. Алайда, А.Е.Крымскийдің айтуы бойынша араб әдебиетінің құлдырауына түркілердің билікке келуі емес, сол кездердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әсер еткен. Бұл әлеуметтік жағдай XVI ғасырдағы Османлы мемлекеті тұсында ушығып, араб әдебиетімен қоса түркі әдебиетінің де құлдырауына әкеліп соқты³⁴.

Әдебиет пен ғылымның, мәдениет пен әлеуметтік жағдайдың тоқырауға ұшырауына байланысты адамдар арасында бұл дүниенің қызығынан безуге, құдайдың хақ жолына түсуге, пендеуи қажеттіліктен бас тартып, күнәлардан арылуға үндеген поэзия дамыды. Халық арасында сопылықты уағыздаған діни өлендер мен трактаттар кеңінен таратылды. Сопылар аскеттікті қолдап, дін ілімінің дамуына жағдай жасауға тырысты.

Араб әдебиетінің тарихын зерттеуші, Мысырдың көрнекті ғалымы Шауки Дайф өзінің еңбегінде сопыларға тіпті сұлтандар көмектесіп, қолдап отырғандығын айтады. Оның айтуынша сұлтан Рукнаддин Бейбарыс һижраның 707 жылы сопыларға арнап Каирдағы ең әдемі және үлкен ханақа (сопылардың құлшылық қылатын орны) салдырады. Ханақада 400 сопы тұрып, сол жерде құлшылық қылып, зікір салып, Құран мен хадис ілімінен дәріс алады. Сондай-ақ, сұлтан Насыр Мухаммад бин Қалауын һижраның 723 жылы Сириакус ханакасын сопыларға пайдалануға береді. Бұл ғибадатханада жүз сопыға арналған жүз қылуат, мешіт, асхана, кітапхана, ерлер мен әйелдерге арналған моншалары болған³⁵. Сонымен қатар Шауки Дайф мәмлүк әмірлері салдырған он екі ханақа болғандығын да тілге тиек етеді³⁶.

³⁴ Крымский А.Е. История новой арабской литературы XIX - начало XX в. М., 1971. с. 25-26.

³⁵ Шауки Дайф. Тарих әл-әдәб әл-араби Миср. 7-том. Каир: Дәру-л-кутуб, 1990. с. 65.

³⁶ Сонда. 66-б.

В.С.Гарбузованың пікірі бойынша Кіші Азия мен Жерорта теңізінің шығыс және оңтүстік-шығыс жағалауларында түркі тіліндегі алғашқы әдеби шығармалар XIII ғасырда пайда болған. Олардың негізгі бөлігін сопылық тақырыпта жазылған туындылар құрады³⁷. Кіші Азия жеріндегі селжүктер билігі тұсында сопылық поэзияның негізін қалаған Жалаладдин Руми еді. Жалаладдиннің бізге екі шығармасы белгілі. Бірі лирикалық өлеңмен жазылған “*Диван Шамс-ул-Хақаик*” (“Шындықтың күні жинағы”), екіншісі кен көлемде жазылған дидактикалық поэма “*Мәснәуи-и мәнәви*” (“Жасырын мәндегі поэма”). Жалаладдин алғашқы жинағын рухани ұстазы және досы *Шамс Тебризиға* арнайды³⁸. Кейбір деректерде Гарбузова көрсеткендей *Шамс Тебризи* емес, дұрысы *Шамс Тарази* болу керектігі айтылады³⁹.

Тараз қаласынан шыққан Шамс Тарази діни-сопылық ілімді жетік меңгеріп, иасауия жолын ұстанады және оны Кіші Азия жеріне насихаттайды⁴⁰. Мұнда ол тек Жалаладдин Румиге ғана емес сонымен қатар, бірнеше сопыларға ұстаздық етеді. Олар өздері жазған діни шығармаларда Шамс Тарази атын құрметпен еске алады. Біз мұны мысалға “*Кесік бас*” жайлы дастанның барлық нұсқаларында кездесетін شمش ترازى يادينا “Шамс Тарази ядына” (“Шамс Таразиға арналған”)⁴¹ деген жолдан аңғара аламыз.

Жалаладдин Руми де халықты *Шамс Тарази* үйреткен сопылық жолына үндеп, сопылықты “тілсіз тіл” деп атады. Оның көз-қарасы бойынша сопылық ішкі (нәпсі) және сыртқы (тіл-көз) жамандықтардан, жаулардан сақтайтын дос, барлық халыққа ортақ тіл деп көрсетеді. Ол өз жырында:

Әгәр кидур карындаш йокса иаууз,
Узун йолда бу дүр сена калаууз.
Жубоны берк тут куртлар үгушдүр,
Ишіт бандан кара кузым, кара куз.

³⁷ Гарбузова В.С. Поэты средневековой Турции. Л., Изд. Ленинградского университета, 1963. с. 31.

³⁸ Сонда. 40-б.

³⁹ Ахматгалиева Я.С. Исследование тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». М., 1979. с. 31.; Дербісәліев Ә. Қазак даласының жұлдыздары. А., 1995. 158-б.

⁴⁰ Kuprulu Fuad. Turk edabiatında ilk mutasavviflar. Ankara, “Dianet Isleri Baskanligi”, 1991. 263-s.

⁴¹ Ахматгалиева Я.С. Исследование тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». М., 1979. с. 30.

Әгәр татсен, уа гәр румсән уа гәр түрк
Зәбон би зәбонон ро бииамуз⁴².

Егер бауырын (сопылық ағымдағы) немесе жауын келсе,
Ұзақ жолда сенің жолдасың осы болады.
Отарынды берік тұт қасқырлар шабады,
Тыңда мені, кара қозым, кара қозы.
Егер сен таттық, я румдық немесе түрік (болсан)
Онда тілсіз тілді үйренгейсің,⁴³

деп бүкіл халық сопылықпен жүрсе бірін-бірі тез, жылдам түсінетіндігін көрсетеді.

XIII-XIV ғасырларда сопылық шығармалар жанаша түрленіп, басқа қырынан көрінді. Түркі халықтарының арасында “Нахж-ул-Фарадис”, “Рахат-ул-кулуб”, “Қисас-ул-әнбия”, “Жұмжұма”, “Қисса-и Юсуф” сынды діни шығармалар жазылды. Бұл аталған шығармалардың барлығында Жаратушы Алланың бар екендігін, бірлігін, оның мейірімі мен шапағатын, қаһары мен азабын көркем тілмен баяндайды. Кейбір туындыларда айтар ойды мифтік аңыз-әңгімелермен сабақтастыра отырып жеткізеді. Г.Б. Хусаиновтың түсіндіруі бойынша мұндай діни-сопылық шығармаларда зороастризмнің, манихейліктердің бағзы бір элементтері ұшырасып, Тәурат пен Інжілдің оқиғалары, тіпті гректің ұлы ойшылдары Аристотель мен Платонның философиялық ой-пікірлері кездеседі⁴⁴.

XIII-XIV ғасырлардағы араб әдебиетінің құлдырауы, түркі халықтарының билікке келуі жоғарыда айтқанымыздай халық ауыз әдебиетіне жол ашты. Мысырдағы жергілікті тұрғындар арасында риуаяттар, қиссалар, науадирлер ауызша кең тарады. Осы жағынан алғанда араб қиссашылары казак жыршылары секілді жұрт алдында аңыз-әңгімелерді, ерлік дастандарды жатқа айтатын болған. Қиссашылардың айтатын негізгі тақырыптары — отанды сүю, жаудан елді қорғау, мадақ секілді болып келеді. Қиссашылар мен әңгімешілер көпшілік жиналған орындарда халықтың қалауымен ертегілер, “Мың бір түн” оқиғаларын, Харун

⁴² Гарбузова В.С. Поэты средневековой Турции. Л., Изд. Ленинградского университета, 1963. с. 40.

⁴³ Өлеңдерді казак тіліне аударған мақала авторы.

⁴⁴ Хусаинов Г.Б. Башкирская литература XI-XVIII вв. Уфа, 1996. с. 71.

Рашид сынды әділ патшалардың билігін, жекелеген батырлардың ерліктерін айтып отырған.

Мәмлүктер тұсында пайда болған осындай ерлікті дәріптейтін риуаяттардың бірі және ең көлемдісі “Сират әл-Мәлик аз-Заһир Бейбарс” (“Мәлик Заһир Бейбарыстың өмір жолы”) еді⁴⁵. Бұл кітаптан тек сұлтан Бейбарыстың өмірін ғана емес, сонымен қатар, сол уақыттағы мәмлүктердің тұрмыс-тіршілігін, тарихи оқиғаларды анық көруге болады. Ә.Дербісәлиев “Бейбарыс жайлы аңыздар, қисса, әңгімелер бір емес, бірнеше ғасырдың жемісі” дей келіп, И.М. Фильштинскийдің Бейбарыс туралы халық романдарына Мухиддин ибн Абдузаһир (1223-1292), тарихшы-шежірешілер әл-Макризи (1362-1442), мен ибн Тағриберділердің (1409-1470) қалдырған мағлұматтары негіз болған деген пікірді келтіреді⁴⁶. Осылайша мәмлүктер арасында беллетристикалық шығармалар кен тарай бастайды. Бұл жөнінде А.Е. Крымский: “... көп ретте бұл халықтық қарапайым, немесе “қарадүрсін” әдебиет іспетті болды. Сондай-ақ бұл бұрын болмаған жаңалық та тың нәрсе сияқты еді. Ол XVI- XVIII ғасырларда емес ілгерірек мәмлүктердің тұсында, ал кейбір бөліктері, тіпті кресшілер жорығы кезінде-ақ шыққан болатын. Оның түп-тамыры тіпті теренде жатыр. XVI-XVIII ғасырларда, яғни түріктердің тұсында осындай халық әдебиеті жансызданып шетке шығып қалмай, керісінше жаңарған дүние іспетті қарапайым халық тобын ләззатқа бөледі. Халық әдебиеті көшелер мен базарлардан, кофеханалардан өзінің қарабайыр әңгімеші, декламаторларын тауып жатты. Мұндай халықтың көне әдебиет үлгілері түркілер тұсында азып-тозған жоқ, қайта керісінше әрі қарай қарапайым халық ішінен тыңдаушыларын тауып фольклорлық шығармалар сияқты бірінші дүниежүзілік соғыс тұсына дейін өмір сүріп, одан кейінгі уақытта да қол созды”⁴⁷, - деп жазған еді.

Түркі-қыпшақтардың Ніл бойына келуі Мысыр әдебиетіндегі көркемдік образдардың жаңаша түрленуіне ықпал жасады. Түркі-қыпшақтары поэзиядағы тенеуде жергілікті халықтан асып түсті. Адамның дене бітімін, айдай жүзін, қарақаттай көзін, қиылған қасын, қыр мұрны мен оймақтай аузын, маржандай тістерін

⁴⁵ Сират әл-Мәлик аз-Заһир Бейбарыс. Ливан, Бейрут: Дәр-ул-кутуб аш-ша’бия, 1982.

⁴⁶ Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. А., 1982. 188-189-бб.

⁴⁷ Крымский А.Е. История новой арабской литературы XIX-начало XX в. М., 1971. с. 48.; Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. А., 1982. 188-189-бб.

жырлауда қыпшақтар алдына жан салмады. XIII-XIV ғасырлардағы Мысыр қыпшақтарының поэзиясында мәмлүктер сұлулықтың символы болды. Тіпті, бұл теңеулер мысырлықтардың сөздік қорындағы “ол мәмлүктердей сұлу” деген сөз тіркесінің пайда болуына негіз болды.

Мысырдағы түркі-қыпшақ әдебиетінің өкілдері арасында көптеген талантты, шебер ақындар болды. Олар араб-парсы поэзиясындағы өлең өлшемдерімен де, сонымен қатар, түркі өлшемдерімен де жазған. Бұлайша жазуға жергілікті ақындар таң қалып, түркі өлеңінің өлшеміне, тілінің байлығына жоғары баға берген. Мәселен, араб ақыны Ибн әл-Адим әл-Катиб түркі поэзиясы шебер құрылысы жөнінде:

Я всегда думал, что тюрки отличают
чарующие глаза и веки,
Но вот в их изумительных стихах
Я нашел божественные рифмы,
прекрасный диван,
И уверился, что у них чудесно все⁴⁸, -

деп жырға қосады.

Сонымен, XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиетінің бір тармағы мәмлүктер билік құрған Ніл жағасына барып жалғасады. Мысыр мен Сирия жерінде гүлденген оғыз, қыпшақ, қарлұқ диалектілеріндегі түркі әдебиетінің тарихы, шығу төркіні, қайнар көзі Орхон-Енисей бойындағы тас жазбаларда қашалған және одан әріректегі сак-ғұн тайпаларынан жеткен ерлік жырлардан басталады.

VIII-XI ғасырларда Ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының әдебиетіне араб, парсы әдебиетінің ықпалы болғанымен де Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгнеки, Ахмет Йассауи сынды шайырлар өз ана тілдерінің қадірін арттырып, түркі сөз өнерінің, әдеби мұрасының жанаша дамып, қалыптасуына үлестерін қосты. Жетісу мен Сырдария бойында пайда болған қарлұқ-ұйғыр, қарлұқ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдес әдебиет селжүктер тұсында оңтүстік батыс, яғни Кіші Азия жерінде дамыса, моңғол шапқыншылығы

⁴⁸ Амин аль-Холи. Связи между Нилом в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы», 1962. с. 32-33.

кезінде батысқа жылжыған қыпшақ-оғыз диалектісінде сөйлейтін халықтардың әдебиеті Еділ бойында жанданып, тіпті шалғайдағы Мысыр жерінде өз жемісін берді.

Орта ғасырлардағы шығыс мұсылман халықтарының көпшілігінде мәдениет пен әдебиет тарихы екі бағытта дамыды. Оның біріншісі халық ауыз әдебиетін дамытқан дала мәдениеті болса, екіншісі жазба әдебиетті дүниеге келтіріп, қалыптастырған қала, сарай мәдениеті еді. Бұл екі мәдениет XIII-XIV ғасырларда қатар және аралас өмір сүрді.

Түркі халықтарының негізгі қонысы болған Дешті Қыпшаққа Ислам дінінің таралуымен бірге жазба әдебиет те қанат жая бастады. Тіпті, моңғол шапқыншылығы тұсында көптеген мәдени орталықтар, сәулетті қалалар, тарихи ескерткіштер қиратылып, жойылғанымен Алтын Орда мемлекеті кезінде экономикалық-саяси жағынан нығайып, қалыптасты. Сарай Бату, Сарай Берке, кейінірек Сарайшық сияқты жаңа қалалар бой түзегеннен соң қыпшақ жерінде қала мәдениеті мен әдебиетінің дамуына жол ашылды. Хандар салдырған қос Сарайға Алтын Орданың түкпір-түкпірінен, Хорезм, Әзірбайжан, Кавказ, Кіші Азия сынды шалғай өңірлерден ғалымдар, жазушылар, әдіптер (акындар) көшіп келе бастады. Ел билеуші хандар да оларды қолдап отырды. Мәселен, 1333 жылы Алтын Орданың бас қаласы Сарай Беркедегі Өзбек хан жанында болған араб саяхатшысы Ибн Батута жиын, мәжілістерге акындар мен шешендердің шақырылатынын, сонымен қатар, жыр сайыстары ұйымдастырылатынын жазады⁴⁹. Алтын Ордада мемлекеті тұсында көптеген түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті ортақ қалыптасты. Жергілікті халықтың тарихымен айырылмастай болып байланысқан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті қатар өмір сүрді. Тарихи оқиғаларға негіз болған күрес барысында Еділ бойында моңғол, араб, парсы тілдері белгілі бір топ арасында қолданылғанымен, осы жерлерді мекендеген түпкілікті халық ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі тілін сақтап қалды. Сонымен қатар, алтынордалықтар өздерінің жазба әдебиетін өмірге әкелді. “Оны Еділ, Орал бойларынан, Хорезм мен Қырым жерінен шыққан акындар, шайырлар, жазушылар туғызды”⁵⁰.

Десек те, түркі-қыпшақ әдебиетінің таралу кеністігі тек Алтын

⁴⁹ Ибн Батутаның дәшті Қыпшаққа саяхаты. Оренбург, 1917. 20-б.

⁵⁰ Башқорт әдебиеті тарихы. Урта быуаттар осоро. 1-том. Өфә, Башқортостан китаб китап нәшриәте, 1990. 168-б.

Орда аумағымен ғана шектеліп қалмаған. Түркі-қыпшақ тіліндегі әдеби шығармалар Армян жерінде, Шығыс Европада, Кіші Азияда, тіпті, солтүстік-шығыс Африкадағы Мысыр елінде танымал болды. Түрік ғалымы Ф.Караманлыоглы мұны “Мысырдағы қыпшақ әдебиеті”, “Мәмлүк-қыпшақ әдебиеті”⁵¹ деп атады. Алтын Орда мен Мысыр жерінде жазылған Құтыбтың “Хусрау уә Шырыны” (1342), Хорезмидің “Мұхаббатнамасы” (1358), Хусам Катибтың “Жұмжұмасы” (1370), Сәйф Сараидың “Гүлістан бит-түркіі” (1391) мен “Суһаил мен Гүлдерсіні” (1394) – қыпшақ әдебиетінің жауһарлары. Мысыр мен Алтын Ордада пайда болған шығармалар туралы Ә.Нәжіп: “Бұл мәдениет пен әдебиет сол заманда Алтын Орда мемлекетінде өмір сүрген түрлі түркі халықтарының арқасында дүниеге келген. Сондықтан біз бұл мәдениет пен әдебиетті туғызуда қазіргі татарлар, башқұрттар, өзбектер, казактар, түркімендер, ноғайлар, карақалпақтар және басқа түркі халықтарының бабалары белсенді қатысқан деп санаймыз. Демек, бұл құнды мәдениет пен әдебиет туындылары ортақ байлық болып табылады”⁵², – деп жазады.

XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда мен Мысыр арасында саяси-экономикалық және мәдени байланыстар барынша дамыды. Дипломатиялық, сауда, мәдени байланыс негізінде түркі халықтарының өкілдері Мысырда топтана бастады. Түркілер мәмлүктер мемлекетіне түрлі жағдайларға байланысты қоныс аударды. Оларға мәмлүк билеушілері қатардағы жалдамалы жауынгерліктен сұлтандыққа, сарай ақындығынан бас қазылыққа дейінгі орындарды ұсынды.

Тарихшы Мұрат Рәмзи өзінің “Тәлфик-ул-ахбар...” атты кітабында Қазан, Бұлғар және татар билігі туралы айта келіп, Мысырдағы түркі әдебиетінің өкілдері туралы да құнды деректер келтіреді. Мұрат Рәмзидің дерегі бойынша мәмлүктер билігі тұсында әрі ғалым, әрі шайыр Насриддин ан-Насыри деген кісі болған. Тарихшы ол жайында төмендегіше мәлімет береді: “Насриддин ан-Насыри ең алғаш ан-Насыр ибн әл-Азиздің мәмлүгі болған. Адалдығы арқасында қызметі жоғарлап, билікке жетті. Ақылдылығымен жоғары дәрежелі әмірлердің бірі болды.

⁵¹ Seyf-i Sarayı. Gulistan terğumesi (Kitab Gulistan bi't-Turki). Hazırlayan: F.Karamanlioglu. Ankara, 1989. XV.

⁵² Нәжіп Ә. XIV ғөз шағыйре сәйф Сараи һәм аның заманы. // «Совет әдәбияты» журналы, 1957. №4. 94-б.

Шығармаларын назыммен (өлеңмен) және нашрмен (қарасөзбен) жазды. Өзі туралы поэзия мен прозамен “Мен араб тілін толық білу үшін жиырма жыл бойы түркіше сөйлеспедім”, - деп жазған”⁵³. Оз заманында араб тарихшылары мен әдебиетшілері Насриддин ан-Насыридін ғылыми және әдеби шығармаларына жоғары баға беріп отырған⁵⁴. ХХ ғасырдағы Мысыр ғалымы Әмин әл-Холи ХІІІ-ХІV ғасырлардағы Ніл мен Еділ жағалауларында өмір сүрген түркілердің өзара байланысын зерттеген еңбегінде Насриддин ан-Насыри жөнінде: “Замандастары оның поэтикалық және прозалық еңбектерін жоғары бағалаған”⁵⁵, - деп жазады.

Сондай-ақ, Әмин әл-Холи Мысыр жерінде өмір сүрген қыпшақ акыны Танбаға әл-Жуали ‘Ала ад-Дин ибн ‘Ата-алла (1343 ж.к.б.) жайында құнды мәлімет келтіреді. Әмин әл-Холи өзінің кітабында Ибн Та’бирдің: “Ол – түркі шайырларының ең үлкені еді. Қыпшақ руларынан шыққан шайырлардың ішінен онымен тең түсетін ешкімді білмеймін”⁵⁶, – деген дерегін келтіреді.

Мәмлүктердің билігі тұсындағы түркі-қыпшақ әдебиетінің өкілдері туралы деректер өте аз. Мысырдағы қыпшақ әдебиетін қарастырғанда Алтын Ордада туындаған шығармаларды атамау мүмкін емес. Түркі халықтарына ортақ Мысырдағы қыпшақ әдебиетінің өкілдеріне Сәйф Сараи, Берке Факиһ, Құтб, Мәуләнә Қазый Мухсин, Мәуләнә Исхак, Мәуләнә Имад, Хорезми, Абдулмәжид, Тоғлы Хожа, Хасан оғлы, Хусейн Хасан Мухаммад әл-Хорезми сынды жыр майталмандарын жатқызуға болады.

Мысыр мен Алтын Орда арасында әскери байланыс орнағанын жоғарыда айтқанбыз. Осы байланыс негізінде алтынордалық жауынгерлер мәмлүктер еліне бірнеше рет көмекке барып, араб жерін екі бүйірден қысқан монғолдар мен кресшілерге қарсы соғысқа қатысқан. Мұсылман бауырларына көмек қолын созған әскерлермен бірге жалынды жырларымен сарбаздар рухын көтеретін акындар да Мысыр жеріне қоныс аударды. Мұндай акындар майдан шебінде ұран тастап жырласа, бейбіт күнде араб, парсы, түркі тілдеріндегі құнды шығармаларды аударып, көшірген.

⁵³ Әл-Рәмзи М.М. Тәлфик-ул-ахбар уә тәлқиқ-ул-әсәр фи уақайғ Қазан, Булғар уә мулук-ул-Татар. Орынбор, 1908. 327-б.

⁵⁴ Сонда. 328-б.

⁵⁵ Амин аль-Холи., Связи между Нилом в ХІІІ-ХІV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., «Издательство восточной литературы», 1962. 31-б.

⁵⁶ Сонда. 32-б.

Тіпті, кейбіреулері шайкас күндерінде де өз аудармалары мен көшірмелерін жандарынан тастамаған. Осындай ақындардың бірі Берке Факиһ еді.

Берке Факиһ дегеніміз кім? Оның өмірі туралы не білеміз? Бұл сұрақтарға жауап беретін дерек көзі — ақынның өз өлеңі. Ол өлең Құтбтың “Хұсрау уа Шырын” атты назиралық үлгідегі поэмасының соңына жазылған⁵⁷. Бір ескерте кететін жай, Құтбтың шығармасы бізге тек осы Берке Факиһтің көшірмесі арқылы ғана жеткен. “Хұсрау уа Шырынның” соңына Берке көшірмеші ретінде өзінің аты-жөнін араб тілінде төмендегіше көрсетеді: “Тәммәт би-’ауни-л-ләһи уә хусни тауфикиһи ’алә иәди-л-’абди ад-да’ғиф ән-нахиф ар-ражи и ғуфран раббиһи Берке ибн Бераказ Қандуд ибн Идгу әл-жинс әл-кибжаки фи хамис уә ’ишрин мин шаһри сафар сәнәти хамса уә сәмәнин уә саб’а мииати”⁵⁸ (“*Жеті жүз сексен бесінші жылы сафар айында Алланың жақсылығы және көмегі арқылы раббысының кешірімінен үміткер, әлсіз құлы, қыпшақтан шыққан Берке ибн Бераказ Қандуд ибн Идгудің қолымен жазылып бітті*”. Ауд. — А.Ә.) Жоғарыда көргеніміздей Берке өз әкесінің Бераказ Қандуд екенін, атасының Идгу есімді кісі болғанын, қыпшақ руынан шыққандығын анық жазады. Сондай-ақ ақын:

Атым Берке Факиһ деп аталады,
Өзім мүмин-мұсылманмын, негізім қыпшақ.

немесе,

Осымен атактымын Мысырда өзім
Факиһ деп айтады екі көзім (халық)⁵⁹, —

деп өзі туралы мағлұматты нақтылай түседі.

Факиһ кісі есімі емес. Ол — лауазымның аты. “Факиһ” арабша “зангер”, “шариғат заңын білуші” деген мағына береді. Мұсылман елдерінде кісіні атқарған қызметімен атау кен өріс алған. Мысалы, мәмлүктер тұсындағы әскери “Атабек” шені кісі есімімен қатар жүрген. “Атабек” сөзін түркі мәмлүктері “колбасшы”

⁵⁷ Zajaczkowski Ananiasz. Najstarsza wersja Turecka Husrau u Sirin Qutba, Cz. 1. Polska Akademia Nauk, Warszawa, 1955.

⁵⁸ Сонда. 300-б.

⁵⁹ Сонда. 302-б.; Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков. На материале «Хосрау и Ширын» Кутба. Книга I. М., Главная редакция восточной литературы «Наука», 1979. 41-б.

мағынасында қолданған⁶⁰. Сондай-ақ, парсы поэзиясының классигі Хафиздің шын аты – Шамсаддин Мұхаммед болған. Ол Құранды, шарифат заңдарын, өлең-жырларды көп жаттағандықтан осылай аталған⁶¹. Ақын “екі көзім” деп адамдарды айтып отырса керек. Себебі, арабтар “екі қолдың арасындағы”, “екі көздегі” деген сөз тіркестерін екінші мағына ретінде қарсы алдында тұрған затқа немесе адамға қатысты қолданады. Осыған қарағанда халық ақынның есіміне “факиһ” атауын қосып, “Берке Факиһ”, яғни шарифат заңын білуші, заңгер Берке деп атаған.

Берке “Хұсрау уа Шырынды” көшіріп және бітірген кезде, яғни, 785/1382 жылы Мысырда бахрилік мәмлүктердің билігі аяқталып, бурждық мәмлүктер үстемдік құрған еді. Бұл уақытта европалық кресшілер әлі де Мысыр жеріне шабуылдарын тоқтатпаған. Осындай шабуылдардың бірінде европалықтар Александрияны басып алады⁶². Қысылтаяң шақта жат жердегі қандас бауырларына қыпшақ жерінен көмекке әскер келеді. Қалың қолмен бірге Берке Факиһ те Алтынбұға есімді бекке ілесіп, Александрияны көпірлерден (кресшілерден) азат етуге келеді. Бұл жөнінде ақын:

Келіп Ескендірге соғысу (азат ету) үшін,
Алайын деп көпірден мүмін үшін.
Жауынгермін, сакшымын ниетім қалыс (таза)
Етейін деп өзін көпірден алыс⁶³, -

деп Александрияға келу мақсатын поэзиялық көркем тілімен жеткізеді де, өзінің қожасы жайында:

Алтынбұға еді ол, бұрынғы аты,
Өзі ғалым, сабырлы һәм тілі тәтті.
Ере келдім мен де оның қасына,
Құлы деп айтады оның атына...

⁶⁰ Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамалик ат-тарих әс-сиаси уә-л-ижтима’и. Каир: Айн, 1998. 73-б.

⁶¹ Күмісбаев Ә. Абай және Шығыс. А., ҚазМУ, 1995. 122-б.

⁶² Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамалик ат-тарих әс-сиаси уә-л-ижтима’и. Каир: Айн, 1998. 263-б.

⁶³ Zajaczkowski Ananiasz. Najstarsza wersja Turcka Husrau u Sirin Qutba., Cz. 1. Polska Akademia Nauk, Warszawa, 1955. p. 301. Наажил Ә.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. Книга 1. М., Главная редакция восточной литературы «Наука», 1979. 40-б.

...Алтынбұға бек пенен қылдым сапарды,
Қырайын деп келдім осы кәпірді⁶⁴, -

деп Алтынбұғанын ғалымдығын, сабырлығын, сөзге шешен жан екенін мақтанышпен жырлайды. Ақын мәмлүктер жеріндегі түркі-қыпшақтар арасында бұл бек Құтлықожа деп те аталатынын көрсетуді ұмытпайды.

Аталған атағы Құтлықожа,
Хақ оны қылсын екі дүниеде қожа.
Құлыннан дұға осы ғұмыр бойында
Жауыздық көрмесін күн-ай барында⁶⁵, -

деп Алтынбұға-Құтлықожаға дұға оқыған Берке Факиһ құдайдан қожасының жамандық көрмеуін тілейді. Оған өмір бойы тілекші болмақ ниетін екі бәйітке сыйдырады.

Ақын Құтбатын “Хусрау уа Шырын” поэмасының сонына жазған жүз екі жол өлеңін екі кезеңде шығарған секілді. Бір кездері Алтынқожа-Құтлықожа бектің жеке хатшысы, көшірмешісі, зангері болып аты шыққан Берке өмірінің соңғы жылдарында қиыншылықпен және жоқшылықпен күн кешеді. Бұрынғыдай халық та оған көп көңіл бөлмейді. Үкілеп ұстаған қожайыны да бұл кездері қасында жоқ болғанға ұқсайды. Шамасы бұл уақытта Алтынбұға-Құтлықожа фәни дүниеден өтуі де мүмкін. Себебі Берке Факиһтің өз қожасына деген сағыныш бәйіттері мен оқыған дұғасы бізді осындай ойға жетелейді. Қалай болған күнде де ақынның бұрынғы қызық дәурені аяқталып, катал тағдырға душар болады. Шайыр:

Бұл күнде Факиһқа еш көңіл бөлмейді,
Факиһ деп ешкім құрмет қылмайды.
сондай-ақ,
Қызметте жүремін не болса көшіріп,
Кейде тоқ боламын, кейде көп аш болып⁶⁶, -

⁶⁴ Zajaczkowski Ananiasz. Najstarsza wersja Turecka Husrau u Sirin Qutba., Cz. I. Polska Akademia Nauk, Warszawa, 1955. p. 301. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков. На материале «Хосрау и Ширын» Кутба. Книга I. М., Главная редакция восточной литературы «Наука», 1979. 40-б.

⁶⁵ Бұл да сонда. 301, 41-б.

⁶⁶ Бұл да сонда. 41-б.

деп мұның шағады. Ауыр тұрмыс-тіршілігіне налиды. Бұрынғы “Факиһ” деп құрметтелетін күндерін ансайды. Өзінің көшіруші қызметіне көңілі толмайды.

Берке Факиһ алтынордалық акын Құтбтың “Хусрау уа Шырын” поэмасынан бөлек авторы белгісіз “Иршаду-л-мулук уә-с-салатин” (Патшалар мен сұлтандарға ақыл-кеңес) деген кітапты арабшадан түркі-қыпшақ тіліне аударып шыққан. Аударма Александрия қаласының наибы Сайф Бачманның тілегі бойынша орындалып, һижра бойынша 789 жылғы 20 шәууәл айында (1387 ж. маусым) аяқталған.

Берке өлең құрылысында Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білігін” үлгі тұта отырып, оның ішіндегі кейбір сөз тіркестерін өз жырында шебер пайдалана біледі. Берке Факиһтің шығармаларын мұқият зерттеген Г.Т. Таһиржанов “Құтадғу біліктің” қыпшақ ақынына үлкен әсері болғанын, акынның қолында осы кітаптың Мысырдан табылған нұскасындай көшірме болғанын анықтайды. Сонымен қатар, ғалым Мысыр жеріне “Құтадғу білікті” Берке Факиһ алып барған жоқ па деген пікір айтады⁶⁷.

Мәмлюктер билігі тұсындағы түркі әдебиетінің бір мұрасы акын-аудармашы Шариф Амиди қолымен туындаған. Ол парсының классик акыны Абулкасым Фирдауси Тусидің “Шаһнама” атты поэмасын түркі тілінде сөйлетеді. Шариф Амидидің өмірі мен басқа шығармалары жайындағы деректер белгісіз. Тек түрік ғалымы Фейми Едхем Каратай: “Шариф сұлтан Жемнің жақын адамдарынан еді. Мысырға кетіп, сол жақта “Шаһнаманы” он жылда тәржімалап, сұлтан Кансуһ Гуриге сыйға тартады”⁶⁸, - деп жазады. Мұны атакты түрколог ғалым Ә.Нәжіп те өз еңбегінде келтіріп, осы пікірге қосылады⁶⁹.

Осы жерде Фейми Едхем Каратай атап өткен Кансуһ Гуридің есіміне тоқталсақ, сұлтанның дұрыс және толық аты-жөні әл-Ашраф Әбу Насыр Қанисауһ әл-Ғаури деп жазылады. Қанисауһ әл-Ғаури жайында қысқаша айтып өтер болсақ, ол сұлтан Қайтбайдан кейін, яғни 1501 жылы такқа отырады. Қайтбайдың

⁶⁷ Исламов Р.Ф. Алтын Орда һәм мәмлюклер Мысыры: язма мирас, мәдени бағланышлар. Казан: Матбугат йорты, 1998. 169-б.

⁶⁸ Zajaczkowski Ananiasz. Turecka wersja Şah-name z Egiptu mameluckiego. Zakład Orientalistyki Polskiej Akademii Nauk. Warszawa. Państwowe wydawnictwo naukowe. 1965. 8 s.

⁶⁹ Наджип Ә.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарая и его язык. Ч. I. А., 1975. с. 39.

өлімінен кейінгі қысқа уақытта таққа таласып, аз ғана мезгілде елді бірнеше сұлтан басқарған болатын. Олар билік үшін бірін-бірі өлтіріп, қамап, жер аудартып, бақталастарын тақтан тайдырып отырды. Осындай тақ таласта мәмлүктердің ең жоғарғы лауазымын алған Қанисауһ әл-Ғаури елді ұзақ жыл басқарады. Сұлтан Қанисауһ әл-Ғаури билік құрған жылдары билік үшін тартыс біраз тынышталады.

Қанисауһ әл-Ғауридың есімі тек билеуші ретінде ғана емес, сонымен қатар, ақындығымен де жақсы таныс. Сұлтан әл-Ашраф Қанисауһ әл-Ғаури мен бірнеше ақынның шығармалары топтасқан жинақ Барбара Флемминг тарапынан табылған⁷⁰. Сондай-ақ, ол өз айналасына түрлі шайырлар мен қалам иелерін топтастырды. Ғылым мен әдебиеттің өркендеуіне үлес қосқан ол кейбір кітаптардың шығуына өзі басшылық жасайды.

Міне, осындай мұсылман әлеміне белгілі адамның есімін ғылыми-зерттеу және танымдық мақалалар мен еңбектерде әртүрлі жазып келеді. Мәселен, “Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі” атты еңбекте сұлтанның есімі “Кансух Гури” деп жазылады⁷¹. Ал, татар ғалымы Р.Ф. Исламов бұл есімді “Кансау әл-Ғаури” деп береді және бірнеше мәрте осы атауды өз зерттеуінде қолданады⁷². Тіпті, әлемге аты мәшһүр түркологтар А.Зайочковский мен Э.Н.Нәжіптің де еңбектерінде сұлтанның есімі түрліше жазылады. Нәжіп өз зерттеуінде мәмлүк сұлтанының есімін “Кансу Гури” деп көрсетіп, тіпті, “Гури псевдоним Кансу и означает “Мыслитель”⁷³, - деп түсініктеме бере кетеді.

Поляк ғалымы, түрколог А.Зайочковский 1965 жылы Варшава қаласында “Turecka wersja Sah-name z Egiptu mameluckiego” деген кітабын шығарады. Бұл кітап Абулқасым Фирдауси Тусидің “Шаһнаме” атты поэмасының түркі тіліне аударылуын зерттеу болып табылады. Сонымен қатар кітапта аты аталған поэма тәржімасының фотокөшірмесі мен транскрипциясы қоса берілген.

⁷⁰ Наджип Э.Н. Еще раз о «Гулистан» Сейфа Саран // «Советская тюркология», Баку, 1981. №2. с. 80.

⁷¹ Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томапов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, А., 1971. 41-б.

⁷² Исламов Р.Ф. Алтын Урда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдени бағланмышлар. Казан: Матбугат йорты, 1998. 154-159-бб.

⁷³ Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Саран и его язык. Ч. I. А., 1975. с. 38-40.

А.Зайочковский осы зерттеуінде сұлтанның есімін “Қансау Фаври”⁷⁴ деп көрсетеді.

Поляк ғалымы келтірген фотокөшірменің алғашқы бетінде: “Би-рәсми хиззаниһи мәуләнә әл-макаму әш-шарифу әс-султану мәлику рикабу әл-умуми-с-султан әл-малику-л-мулук әл-Ашраф Әбу Насыр Қанисауһ әл-Ғаури ’азза насруһу уә хулидә мулкуһу әмин”⁷⁵, - деп жазылған. Мұны қазақ тіліне аударсақ “Аса мәртебелі сұлтан, халықтарды үстінен қарайтын бакылаушы әмір, патшалардың патшасы әл-Ашраф Әбу Насыр Қанисауһ әл-Ғауридің қазынасына арналады. Оның жеңісі асқақтап, патшалығы сақталсын. Әмин”, - болып шығады. А.Зайочковский тіпті, Қанисауһ әл-Ғауридің замандасы, әрі “Шаһнаманы” түркі тілінде сөйлеткен аудармашы-ақынның:

Жиһан сұлтаны Ғаури Қанисауһ хан,
Замануң ’айни ичре олур инсан⁷⁶.

Аудармасы:

Жиһан сұлтаны Ғаури Қанисауһ хан,
Заманның көзі түскен ол бір инсан, -

деген жыр жолдарын транскрипциялап, сұлтан есімінің Қанисауһ екеніне аса ыждаһаттықпен мән беріп өтсе де”, өзінің пікірінен айнымайды.

Біз өз зерттеуімізде А.Зайочковскийдің жарыққа шығарған “Шаһнаманың” фотокөшірмесіне және мәмлүктер кезенін зерттеген араб тарихшыларының деректерін негізге ала отырып түркі тектес сұлтан есімін әл-Ашраф Әбу Насыр Қанисауһ әл-Ғаури деп атаймыз.

Сонымен, Қанисауһ әл-Ғаури карамағына барған Шариф Амиди Фирдауси шығармасын он жылдай аударарды. Бұл жөнінде аудармашы түркі-қыпшақ тілінде: “Бу китабин назмыны мәуләнә султан ’азза насруһу Әл-Ғаури әууәл султанат иылында ибтәдә иылындық он иылда тәмам олынды. Аның дәулетінде итмам ершді...” (“Бұл кітаптың өлеңі жеңістері асқақтаған сұлтан Әл-Ғаури мырзаның алғаш сұлтан болған жылында басталып, он жылда

⁷⁴ Zajaczkowski Ananiasz. Turecka wersja Şah-name z Egiptu mamelukkiego. Zakład Orientalistyki Polskiej Akademii Nauk. Warszawa. Państwowe wydawnictwo naukowe. 1965. 8 s.

⁷⁵ Сонда, 486-б.

⁷⁶ Сонда. 471-б.

⁷⁷ Сонда. 43-б.

тәмамдалды. Оның билігі тұсында толық аяқталды”, - деп жазады да, қай жылы аяқталғаны жайында араб тілінде: “Тәммә әл-китабу би-’ауни әл-мәлики әл-уәһһаби дахуату-н-наһари иауму-л-аһад сәни шәһру зул-хижжати-л-харам сәнәту ситтә ’ашара уә тис’умиати мин һижрати нәбәуиати ’аләйһи афдалу-с-салауат уә әкмәлу-т-тахият” (“Кітап барлығын сыйлаушы патшаның/Алланың бір сипаты/ көмегімен пайғамбар /оған ең абзал салауаттар мен сәлемдер болсын/ һижрасының тоғыз жүз он алтыншы жылында, қасиетті зұлхижжа айының екінші жексенбісінде түске дейін аяқталды”)⁷⁸, - деп нақты көрсетеді. “Шаһнаманы” парсы тілінен он жыл аударған түркі-қыпшақ акыны аударма соңына өзінің толық аты-жөнін Хусейн бин Хасан бин Мухаммад әл-Хусейни әл-Ханифи деп жазады⁷⁹. Осыған қарағанда Шариф Амиди акынның лақап есімі болуы керек.

Мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ тілінде жазылған кітаптардың бірі “Муният-ул-ғуззат” деп аталады. Арабтар түркілерді “Ғуз” (көпше түрі — “Ғуззат”) деп те атаған. “Ғуз” сөзі “оғыз” атауынан шыққан. Сыр бойынан Кіші Азия жеріне жылжыған селжүктердің негізгі құрамын толықтырған оғыз-қарлұқ тайпалары ержүректілігімен біраз беделге ие болған еді. Сондықтан да арабтар арасында оғыз атауы қыпшақтар билікке келгенге дейін “түркі” сөзінің баламасы болды. “Түркілердің тілегі” деген мағына беретін бұл шығарманы аты-жөні белгісіз бір аудармашы Тимур бектің әмірі бойынша Мысыр жерінде араб тілінен аударды.

Біздің заманымызға дейін “Муният-ул-ғуззат” шығармасының бір қолжазбасы ғана жеткен. Ол Стамбулдағы Топкапы сарайында орналасқан кітапхананың Ш.Ахмет атындағы бөлімінде 3468 нөмірімен тіркелген. Кітап мәтіні қалың қағазға жазылған 115 беттен тұрады. Араб тіліндегі алғашқы беттері 7 жолмен, ал қалған беттері 9 жолмен жазылған. Кітаптың басы мен соңы қызыл қағазбен түптеліп, алтынмен апталған жазулармен, оюлармен өрнектелген. Сыртқы мұқабасы қоңыр түске қаныққан қой терісінен жасалған. Бұл қолжазбаның соңғы беттеріндегі мағлұматтарда кітап Алтынбұға есімді батырға арналып, қазіргі жыл санау бойынша 1446-1447 жылдар шамасында көшіріліп

⁷⁸ Zajaczkowski Ananiasz. Turecka wersja Šah-name z Egiptu mameluckiego. Zakład Orientalistyki Polskiej Akademii Nauk. Warszawa. Państwowe wydawnictwo naukowe. 1965. 8 s. 282-б.

⁷⁹ Сонда. 282-б.

жазылғандығы көрсетілген. Аталған Алтынбұға кәпірлерден Александрияны азат етуге мұсылмандарға көмекке барған Алтынбұға-Құтлықожа бек болуы да мүмкін. Егер екі Алтынбұға бір болса, онда кітапты көшіруші Берке Факих емес пе деген ойға келеміз. Бірақ бұл нақтылауды қажет етеді.

“Муният-ул-ғуззат” шығармасы соғыс өнеріне байланысты жазылған. Соғыста ең жиі қолданылатын тәсілдерді егжей-тегжейлі түсіндірген кітап алты бөліммен тұрады. Олар:

Атка міну. Бұл бөлімде атка міну тәсілі, ер-тоқымсыз атқа отыру жолы, ер-тұрман, үзенгі сынды ат әбзелдерінің қандай болу керектігі, атты тынықтыру, баптау әдісі жазылған.

Сүнгі ұстау. Мұнда Мухдиси, Сағри, Шами, Хорасани сияқты сүнгі ұстау тәсілдері мен бір тәсілден екіншісіне өту жолы, найзаласу әдісі, сүнгі түрлері айтылған.

Қылыш ұстау. Бұл бөлімде Емен, Қыла, Үнді, Фаранжи, Сүлеймен, Бамашыки сияқты қылыштардың ерекшеліктері, қылышты ұстау, дұрыс пайдалану, қынапқа салу тәртібі берілген.

Қалқан ұстау. Бұл бөлім Стамбул қолжазбасында жоқ.

Оқ ату. Кітапта оқ ату бөлімінің бас жағы жоқ. Бұл бөлімде садақты тарту, көздеу, камалға оқ жаудыру жолы, ат үстінде қалай садақ тарту тәсілі баяндалған.

Доп ату. Бұл бөлімде таякпен допты ұру ойыны жазылған. Ойын соғыс өнеріне баулиды. Мұнда допты ұру, таяк саны, ойнайтын жердің көлемі, ойынға қатысушылардың саны, ойын ережесі жазылған.

“Муният-ул-ғуззат” кітабы әскери өнерге арнап жазылғандықтан әдеби шығармаға саналмайды. Жазылу стилі де ауыз екі тілмен құрастырылған. Шығарманың тілі жөнінде Я.Екманн: “Асылы қыпшақ тілінде жазылған”, – деп анықтама береді.

Тарихи отанынан сан қилы себеппен Мысыр жеріне қоныс аударған түркі ақындары еңбектерін сұлтандар мен әмірлерге арнады. Шығармаларын гуманистік ой-толғамдар мен махаббатты арқау еткен мысырлық түркі-қыпшақ шайырларының қатарын Мәуләнә Қазый Мухсин, Мәуләнә ’Имад Мәуләуә, Әбдулмажид, Тоғлы Хожа, Хасаноғлы сынды бірнеше ақындар толтырды. Демек, жат жұрттағы түркі-қыпшақ әдебиетінің өкілдері мен олардың мұраларын жинау кезек күттірмес іс-шара болып саналады.

ДАНА ХИКАР ХИКАЯСЫ

Түркі халықтарының дүние жүзі бойынша қоныстануын айғақтайтын қазіргі этнографиялық карта — бұл адамзат тарихындағы мыңдаған жылдар бойғы этногенетикалық және көші-қон процестерінің нәтижесі. Шығыстанушы, тарихшы-ғалым С.Г.Кляшторный жазғандай: «Түркі этногенезінің ежелгі ошақтары Евразия құрлығының шығыс бөлігімен — батысында Алтайдан шығысында Хинганға дейінгі аймақты қамтитын Орталық Азиямен және Оңтүстік Сібірмен тығыз байланысты. Бұл үлкен өңір көрші өркениеттен де, өзге этникалық кейіптегі таулы-тайгалық және дала тайпаларынан да окшауланған жоқ. Көші-қон процесінің қия жолы бірде күшейіп, бірде тынып, бүкіл Ұлы даланы көктеп өтті»¹.

Европада құмандар, Ресейде половцы деп аталған қыпшақтар казак даласын ғана емес, Еділ алабы мен Қырым қиырын қоныстанып, түркі тілдес халықтардың қыпшақ тобындағы казак, татар, башқұрт, каракалпак, қарашай, балқар халықтарын қалыптастыру тарихында үлкен рөл атқарды. Олар XI-XII ғасырларда Қара теңіз бен Дон, Еділ өзендері арасындағы ұлан-ғайыр аймақты мекен етіп, кейбір бөлігі Кавказ елдерінде көшіп-қонып жүрді. Міне, осы Кавказ жерінде ежелден жауынгер халық — қыпшақтардың армян, грузин патшалықтарына әскер есебінде зор пайдасы тиді. Сыртқы шапқыншылықтан қорғауда үлкен күшке айналды.

XIII ғасырда монғол шапқыншылығы салдарынан ата-мекенінен үдере көшкен армяндар Батыс Украинаға келіп қоныстанады

¹ Эволюция государственности Казахстана. Алматы, 1996. с. 12.

да, 1496 жылы Подольск қаласын өздерінің осындағы орталығы ретінде қабылдайды. Бұдан былай армяндар қуатты әскері бар, Кавказ бен Қырымда көшіп жүрген қыпшақтарға саяси жағынан тәуелді болады. Сол себепті қыпшақтардың тілін үйреніп, күнделікті іс-қағаздары армян, поляк тілдерімен қатар қыпшақ тілінде де жүргізіледі, қыпшақ тілінде тарихи баяндар, діни әдебиеттер, естелік жазбалар, эпиграфиялық ескерткіштер, қыпшақ тілінің грамматикасы жазылады, армяншадан қыпшақ тіліне көркем әдебиет үлгілері аударылады. Мұның бәрі армян жазуында жүзеге аскандықтан бұл мұраларды ғылыми әдебиетте «армян жазуындағы қыпшақ ескерткіштері» дейді.

XVI ғасырдағы армян жазуындағы қыпшақ ескерткіштерін зерттеген орыс ғалымы Т.И.Грунин өзі транскрипциясын жасап, мәтіндерін аударған, грамматикалық түсініктері мен кіріспе мақаласын жазған «XVI ғасырдағы половец тіліндегі құжаттар» атты жинақтың алғы сөзінде: «Жылдар бойы половецтерге саяси тәуелді болған армяндар олардың тілін де үйренеді, половецтер саяси дербес мемлекет болудан қалған соң да ұзақ уақыттар бойына сол тілді пайдаланады»², — деп сол замандағы қыпшақтардың төл жазуы болмаса да, осы көне тайпаға байланысты көптеген құнды материалдардың армян әрпімен жазылғандығын айтады.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің бірі — «Дана Хикар хикаясы» Шығыстың ең көне жәдігеріне жатады. Бұл баға жетпес мұра екі жарым мың жылға жуық жолдан өтіп, біздің кезімізге ауызша және қолжазба түрінде жетті. Шығарма өткен жол күрделі де бай болған сайын ол туралы филологиялық ғылым да күрделі әрі бай. Үш ғасырға жуық уақыт бойы Хикар абыз туралы хикая тілші және әдебиеттанушы ғалымдар назарын аударып келеді. Себебі бұл туынды өзіндік ерекшелігі бар, сирек кездесетін шығыс жәдігері болып табылады, тақырыбы мен мазмұны жағынан да тартымды, көне заманнан сыр шерткен қырларымен қызықтырады.

«Дана Хикар хикаясы» арамей, грек, араб, армян, славян, румын, қыпшақ және басқа көптеген нұсқаларда сақталған. Бұл жақсылықты түсінбеген рахметі жоқ жиен туралы орамды көркем формалармен жазылған хикая. Онда ақыл-өсиет те, аңыз-әпсана да көп.

² Документы на половецком языке XVI в. (Транскрипция, перевод, предисловие, введение, грамматический комментарий и глоссарий Т.И.Грунина). Москва, 1967. с. 58.

Ескерткіштің армян нұсқасының үш негізгі жарияланымы бар. Солардың ішінде ағылшын ғалымы Ф.Конибер жарияланымының маңызы зор. 1898 жылы Лондонда «The story of Ahikar» деген атпен жарық көрген хикая мәтіні көптеген тың зерттеулер жазуға негіз болды.

Армяншадан қыпшак тіліне аударылған бұл көркем-дидактикалық шығарманың қолжазба нұсқасы Австрияда, мхитаристердің Венадағы кітапханасында сақталған. «Дана Хикар хикаясы» шығармасын 1964 жылы француз ғалымы Жан Дени мен поляк ғалымы Эдуард Триарский француз тілінде жариялайды. Армян ғалымы А.Ташян Вена кітапханасындағы армян қолжазбаларының каталогін түзген еңбегінде бұл жазба ескерткіштің атын «Хикардың тарихы мен өсиеті (армян тілінен қыскартылып аударылған)» деп көрсетеді. Сол себепті Ж.Дени мен Э.Триарский осы атау негізінде «Дана Хикар тарихының» армян-қыпшак нұсқасы» деген атпен «Шығыстану» жинағында ескерткіш мәтінін бастырады. Содан бері қырық жыл уақыт бойы аталған ескерткіштер бойынша осы ғалымдар тұжырымдамасы негізге алынып, түріктанушылық еңбектерде «Дана Хикардың хикаясы» — «История мудрого Хикара», «Сказание о премудром Акире (Хикаре)», «История и поучения Премудрого Хикара» деп аталып келеді.

«Дана Хикар хикаясы» немесе «Ақылды Ахикар туралы баян» атты көркем-дидактикалық шығарманың отаны б.з.д. 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында, қазіргі Иран аумағында құрылған Ассирия патшалығы. Оқиға желісі сол дәуірдегі Синаххериб және Асарходдан патшалардың данышпан кеңесшісі, ақылмен Хикар немесе Ахикар шешеннің асырап алған баласы Натанға айтқан өсиеттері, Натанның әкесіне жасаған опасыздығы, жазықсыз жазаланып, жапа шеккен Хикар дананың қысылтаяң сәтте ел патшасы Сенекәрім ханға көмекке келіп, өзінің ақылды сөздерімен көрші хандықпен келіссөз нәтижесінде шапқыншылықтың алдын алуы, екі мемлекетті татуластырған дипломатиялық шеберлігі туралы аңыздарға құрылған.

Мәтінің аударылған уақытын анықтау мәселесіне келсек, «Дана Хикардың тарихы және ақылдары» деген монография

³ Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшак ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі». Алматы: Ғылым, 1990. 5-6.

жазған белгілі армян ғалымы, филология ғылымының докторы, профессор А.А.Мартirosян: «Филологиялық талдау Хикар туралы мәтіннің қыпшақ тіліне XVI ғасырда армян-қыпшақ тізімінен (1575 ж.) әлдеқайда бұрын аударылғандығын дәлел етеді»⁴ – деп жазғандай, «Дана Хикар хикаясының» аударма нұсқасы XVI ғасырда дайындалғанмен, негізінен, XV ғасыр шамасында қалыптасқан. Бұл туралы А.А.Мартirosян осы ескерткішке байланысты зерттеулерінде нақты атап көрсетеді.

«Дана Хикар туралы хикая» ежелгі Шығыс әдебиетінде кен тараған өміршен тақырыптардың бірі болды. Шығарманың көне әдебиетте белгілі болғандығына ерте замандағы Элефантинде табылған папирустар да куә. Бұл жәдігермен б.з.д. V ғасырда грек авторлары да таныс болған. Демокрит Хикар туралы туындыдан үзінділер келтірген сияқты. Ежелгі Мысыр жерінде де осыған ұқсас шығармалар жазылған.

Шығарманың басты кейіпкері, хан кеңесшісі Хикар – даналық пен жоғары адамгершіліктің, көрегендік пен білгірліктің хас бейнесі. Дана Хикардың баласы Натанға айтқан әр сөзі – ақылдың кені, шешендік шеберлік мектебі. Түсіне білген, көкейіне тоқи білген адам Хикар дананың әр сөзін өмір жолының темірказығы етіп алып, ақыл өлшеміне жүгінері хақ. Ал туғаннан надан, көрсоқыр надан Натан – данышпан туған ақылды әке Хикарға қарама-қарсы кейіпкер. Натанның басты қателігі де, оңбай сүрінген опасыз әрекеті де өмір бойы әлпештеп, даналыққа, имандыққа үйреткен әке тәліміне қарсы шығып, сатқындық жолға түсуі. Сайып келгенде, әкесіне ор қазған опасыздың жалғанда жолы болмайды. Шындық жеңіс құрып, желсөзге ерген аңқау хан да ақырында дана кеңесшінің алдында қателігін мойындайды, әділеттілік орнап, ақиқат тушысы Хикар хакім жеңіс тойын тойлайды.

«Дана Хикар хикаясының» басты сюжеттік арқауы – имандылық. Ұрпақ алдындағы парыз бен қарыз, әкесінің балаға сыншылығы, отаншылдық рух пен ұлтжандылық жігер-жалын, ұрпақ тәрбиесі мәселелері шығарманың өн бойынан мен мұңдалап тұрады. Ахикардың өсиет-нақылдары ерте дүние ойшылдары Эзоп пен Демокрит тәмсілдерімен үндесіп келсе, кейін ғалымдар шығарма шыққан көне Ассирия жерінен басталған шығыс даналығымен тығыз қабысқандығын талай атап өтті.

⁴ Мартirosян А.А. История и поучения Хикара Премудрого. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. Ереван, 1970. с. 37.

Дана Хикардың ақыл-өсиеттері — бұл әкесінің баласына айтқан қысқаша уағыздары. Оларда адамның мінез-құлық қалыптары мен қоғамдық өмір сүру дағдылары көрініс тапқан. Өсиеттер көбінесе ақыл-кенес, уағыз түрінде келеді. Ақыл айтуға бір сылтау туа қалса Хикар әке баласын: «Ұлым» деп үйрете бастайды да, баласы тек сол сөздерді тындайды. Баяндаудың бұл түрі кейін философиялық трактаттарға дейін пайдаланғандылығы белгілі.

Қоғамдық тәртіп ережелерінің жиынтығы болып, жоғары адамгершілік шарттарын негіз еткен Хикар өсиеттері мән-мағынасы бай мазмұнға толы. Әкесінің баласына айтқан ақыл-кенес түріндегі уағыздарда адамдардың күнделікті өмірінің түрлі саласындағы этикалық қалыптары мен қарым-қатынас дағдылары — ата-анаға, сүйген жарға, туыстар мен дос-жаранға, перзентке, қарттарға, соттар мен билеушілерге көзқарас қалыптары кенінен қамтылған. Хикаяда сүйіспеншілік, қанағат, рақымшылық, байлық пен мансап, айып-күнә туралы өсиеттер бар, сонымен бірге қоғамдық сананың даму сатысындағы кейбір өзгертілген қайшылықты уағыздары да кездесіп қалады.

Хикар өсиеттерінің үлкен танымдық маңызы бар. Себебі бұл уағыздар өмірлік тәжірибеден туған ой-түйіндер екенін хикаядағы әр өсиет нақты дәлелдейді.

«Ұлым, ақылдылармен ақылды болуды есте тұт, солардай болмаққа; ессіз адамдарға жолдас болма, сені де ессіз, тәрбиесіз дер» деген өсиет ақыл-ой атаулының темірқазығы іспетті ғасырлар бойы жадыда жатталып қалатын терен мағыналы уағыз болса, «Ұлым, атаң мен ананды сүй, (олар) саған өмір берді; олардың қарғысын алмағайсын, өйткені тәңірі мен ата-ананың алғысы бірдей; (олардың) қарғысын (алмасан), сен де өз балаларыңнан сүйеніш табарсың» деген өсиет жолдарында қаншама құнды мағына жатыр. Ата-ананы сүйіп сыйлау адамгершілік мұраттардың ең жоғарғы қағидасы ретінде қарастырылады, армян кыпшақтарына арналып аударылған мәтін болғандықтан «құдай» сөзі кыпшақша «тәңірі» сөзімен орынды алмастырылған. Мұндай имандылық уағыздарына құрылған терен ойлы тәмсілдерді Хикар өсиеттерінің бүкіл өне бойынан кездестіреміз.

Қазақ филология ғылымында «Дана Хикар хикаясын» бірінші болып зерттеген тілші-ғалым Сейсенбай Құдасов өзінің «Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана хикар сөзінің тілі» атты ғылыми еңбегінде: «Түркі-моңғол халықтары әдебиетінің терен білгірі

Г.Потанин орыс әдебиетіндегі аталған шығарманың кейіпкерлері Ахир мен Синагриптін түркі-моңғол әдебиетіндегі параллельдерін салыстыра зерттей келіп, бұл сюжет Орталық Азияда пайда болған деп жорамалдайды. Салыстырма ретінде казак әдебиетіндегі Жиренше шешен, Шона батыр бейнелеріне тоқталады⁵, – деп тұжырымдайды. Шынында да, казак ауыз әдебиетінің ертегі, аңыз, шешендік сөздері, киссалар мен дастандардағы сюжеттік желілерді салыстырып карасак, Сүлеймен патша, Лұқпан хакім, Жиренше шешен бейнелерінен акын-жыраулар толғаулары мен би-шешендер тәмсілдерінен «Дана Хикар хикаясымен» көптеген ұқсастықтарды табуға болады.

Армян кыпшақтарына арнайы аударылған шағын нұсканын беташары: «Услу Хігернің сөзү есі акылы. Айтканы да өгүтү кі өгүтлангөйлар адам оғланлары. Да ата оғлуна өгүт бергей де есіне алгайлар» деп көне кыпшақ тілінде жазылған. Қазіргі казак тіліне аударған мәтіні: «Дана Хикардың сөзі, ес-акылы. Адамзат баласы үйренсін деп айтканы, үгіт-өсиеті. Ата баласына өсиет берсін де естеріне алсын» деген сөздер болып шығады (Транскрипция мен аударма мәтін С.Ж.Құдасов кітабынан алынды). Осы беташардың өзінен әрісі халық ауыз әдебиеті ұшқындарын байқасак, берісі Ыбырай Алтынсарин әңгімелері мен Абайдың кара сөздеріне ұқсастық нышандарын аңғарамыз.

Дана Хикардың мына бір өсиетіне назар аударайықшы: «Адам жүзінің суын (ұятын) кетірет тағы төрт іс бар: алғашқысы – жаман әйелге ғашық болса, екінші – көп сөйлеп, айтса: «Мен сиякты ешкім сөйлей алмас, білмес», үшінші – орынсыз килігіп, жақсылардың сөзін бұзса, төртінші – «білемін» деп жалған сөйлесе. Дана Хикардан тағы сұрады: «Дүниеде не тәтті? Хикар айтты: «Беттің ұяты. Кімнің жүзінің ұяты болса, ол – сүйкімді, өйткені барша (жаман) нәрсе арсыздықтан туады»⁶.

Осы накылдың өзі Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұқар жыраулардың толғауларындағы имандылық, инабаттылық, адамгершілік ой иірімдерімен тығыз қабысып тұр. Көне замандағы Хикар дана мен казак аңыздары арасындағы ұқсастық, дәстүр ерекшеліктерін тарихи-әдеби, тілдік салыстырмалы әдіспен тыңғылықты зерттеу қажет. Ежелгі Ассириядағы даналық ойшылдық мектебінен басталған

⁵ Құдасов С.Ж. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі». Алматы: Ғылым, 1990. 12-б.

⁶ Сонда. 42-б.

шешендік тағлым қазақ әдебиетіне қандай шығармашылық орта, мектеп арқылы ықпал еткендігін ажыратып түгендеп беру — болашақтың міндеті.

Ең бастысы, қазақ ғылымында «Дана Хикар хикаясын» зерттеу басталды. Оның басы-қасында көрнекті түріктанушы-ғалым Ғұбайдолла Айдаров болып, тілдік жағынан Сейсенбай Құдасов тыңғылықты зерттеулер жүргізді, ал белгілі әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Шәмшиябану Сәтбаева бұл ескерткіш туралы арнайы ғылыми мақала жазды.

Хикар туралы хикая әлемдік әдебиетке үлкен ықпал етті. Папирустардан бастап «Мың бір түн» шығыс ертегілеріне дейінгі игі әсер түрлі халықтардың ауыз әдебиетінде, аңыздар мен әпсаналарда, ертегілер мен мысалдарда айқын көрініс тапты.

Қорыта айтқанда, ежелгі Шығыс данасы жүздеген ғасырлар бойы мәңгі өшпес өсиеттерімен бірге өркениетті елдер төрінен орын алып, үлкен сүйіспеншілікке бөленді. Ассириялық данышпан Хикардың ұлына айтқан уағыздары біздің заманда да құнды. Сондықтан армян жазуындағы «Дана Хикар хикаясы» кыпшак ескерткіші қазақ әдебиеті тарихындағы бағалы жәдігер болып табылады.

ТАРИХИ ШЕЖІРЕ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР

Қазақ елі егемендік алып, өз алдына дербес мемлекет болды. Егемендік – ежелден еркіндік аңсаған қазақ халқының ұлы арманы еді. Сол арманымызға жеттік.

Ал ғасырлар бойы өзгеге бодан болып, енді ғана азаттықтың дәмін татқан елдің әрбір азаматы мұндайда өзіне-өзі: “Мен кімін? Біз кіміз? Ата-тегіміз кім?” деп сауал қояры хақ.

Сонымен, біз ата-тегімізді білеміз бе? Оны білу үшін не қажет? “Жеті атасын білмеген жетесіз” деген сөздің түпкі мәнісі неде? Ата-тек (орысша: родословие, древо) сөзін қалай түсінеміз?

Бұл сұрақтарға бірден жауап беру жеңіл-желпі іс емес. Өйткені кеңестік заманда ата-тек сұрастыру айып саналды. Өзінің шыққан тегін айтқан адамды – рушыл, ұлтшыл, тіпті нәсілшіл деп сынады. Сол себепті ұзақ жылдар бойы ата-тек шежіресі ғылыми тұрғыдан да зерттелмей келген еді.

Еліміз егемендік алып, қоғамдық ой-сананы қайта құра бастағалы бері ата-тек мәселесіне, қазақ шежіресіне біртіндеп назар аударыла бастады.

Сонымен шежіре дегеніміз не?

Шежіре – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарихи ғылымның бір тармағы. Ежелгі ру, жұрт, ұлыс, тайпалардың, бүкіл бір халықтың шығу тегін, өсіп-өрбуін, даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін шежіре-жылнамалар ұлттық мәдениеті бар елдердің бәрінде де кездеседі. Тегінде, мұндай шығармаларды екі топқа бөліп қараған жөн деп білеміз. Бірі – тарихи оқиғаларды жіпке тізгендей етіп, хронологиялық тәртіппен баяндайтын ресми жылнамалар. Ал, екіншісі – тарихта болған жеке қайраткерлердің өмір жолын яки тұтас бір ру, тайпа, яки халықтардың шығу тегін, өсіп-өрбуін, кезеңдерін, т.б. сөз зергерлеріне ғана тән шеберлікпен бейнелеп көрсететін көркем шежірелер.

Біз қазір дарынды қаламгерлердің қолынан шыққан осындай көркем шежірелер жайында сөз қозғап отырмыз.

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін танып-білуде тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер ерекше зор рөл атқарады.

Сан ғасырлар бойы атадан балаға ауызша да, жазбаша да мұра ретінде келе жатқан шежірелерді қазақ ойшылдары, ақындары мен жыраулары жақсы білген.

Ресми шежіре — тарих ғылымының бір тармағы іспеттес деуге болады. Дегенмен қазақ елі шежірені тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды деп таныған. Тіпті алғашта ресми тарих ретінде жазылған шежіренің өзін айтушы жыршы-жыраулар оған көркем тенеулер қосып, бірте-бірте шежіре мәтінін тарихи жырға айналдырып жіберетін болған. Сонын өзінде, шежіренің негізгі сюжетін, тарихи фактілерін көбінесе дерлік өзгертпей сол күйінде сақтап қалып отырған.

Шежіре жазушылар өз дәуіріндегі саяси күрестің қызу ортасында жүрген. Олар белгілі бір мағынада өз заманының тарихшы-ғалымы, саяси қайраткері секілді болған. Шежірешілер сан алуан тарихи құжаттарды, өздерінен бұрынырақ жазылған жылнама-шежірелерді жинақтап, оған өз дәуірінің аса маңызды оқиғаларын қосып жазып отырған. Сосын оны кітап көшірушілер — хуснихатшылар бірнеше дана етіп көшіріп жазатын болған. Көп томдық қолжазба-кітаптар осылайша өмірге келген.

Мұндай шежіре-кітаптар кезінде зор рөл атқарған. Әрбір шежіре авторы өз елінің данқты тарихын, елді сыртқы жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батырларын, алдына жан салмаған ақындары мен шешендерін, ел басқарған ақылгөй-абыз ақсақалдарын, хандарын, т.б. мадақтап отырған. Ең бастысы — жылнама яки шежіре жазушылар өзі өмір сүріп отырған дәуірдің саяси оқиғаларын өзінен сан ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалармен тығыз байланысты түрде айтуға әрекет жасайтын болған.

Қазақ тарихында кезінде кең өріс алған дәстүрлердің бірі — шежіре таркату еді.

Қазақ халқының тарихына тікелей немесе жанама қатысы бар шежіре кітаптар, хуснихатшылар тарапынан көшірілген қолжазба шежірелер кезінде оқырман қауымға жақсы мәлім болған. Олар: Рашид әд-Диннің түрік-монғол шежіресі, Жамал Қаршидің Оғыз-Қыпшақ шежіресі, Рахым Ташкентидің “Ансаб ас-салатин” (“Сұлтандар шежіресі”), Бейбарыс пен ибн-Халдун

жазған “Қыпшак шежіресі”, Ұлыбектің “Сұлтандар шежіресі”, “Насаб-наме Шыңғыс”, “Насаб-наме казак”, Әбілғазының “Түрік шежіресі”, Қадырғали Жалайыридің “Шежірелер жинағы”, Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди”, Захириддин Бабырдың “Бабыр-наме”, Абдулла Ниязовтың “Үш жүздің шежіресі”, Өтеу Бөжейұлының “Қазак жұртының шежіресі”, (Н.И.Гродеков жазбасында), Диханбай батырдың “Ұлы жүз шежіресі”, (Н.А.Аристов жазбаларында), Ш. Құдайбердіұлының “Түрік, қырғыз-казак һәм ханлар шежіресі”, Нұржан Наушабайұлының “Манзумат казақиясы”, Ғұсманғали Сыдықовтың “Қырғыз-казак шадманиясы”, тағы басқалар. Бұл шежірелердің көпшілігін казак қауымы кезінде тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды ретінде қабылдап, ел арасына ауызша да, жазбаша да кең таратып жібергені мәлім.

Шежіре жазушылар тарихи деректерге ғана емес, шығарманың көркем тілмен жазылуына да ерекше мән беріп отырған. Қазак қауымы тіпті кара сөзбен жазылған шежіре тарихтың өзін бейне бір дастан-жыр секілді ұйып тыңдаған. Мұны шежіре жазушылар мықтап ескеріп келгенін аңғару қиын емес.

ӘБІЛҒАЗЫ БАҒАДҰРХАН

Әбілғазы Бағадұрхан — түркі халықтарының ежелгі шежіресін жазған ғұлама-тарихшы, есімі мәшһүр шежіреші, Хиуа ханы (1645-1663) болған.

Әбілғазының әкесі Арабмұхамед — Дешті Қыпшақтың ханы Жошы ұрпақтарының бірі болып келеді. Ал, анасы Мейірбану — Арал теңізі манайын мекен еткен казак руларының ханы Жанғазы сұлтанның қызы.

Әбілғазы Үргеніш қаласындағы Арысхан медресесінде оқып, шығыстың аса білікті ғалымдарынан әлем тарихы, поэзия, мемлекетті басқару мен әскери өнері, т.б. бойынша дәріс алады. Ол есейіп, ер жеткен шағында өзі туралы: “Кұдай тағала мырзалық қылып маған біраз нәрсе берген, мен, әсіресе, үш түрлі өнерді жете менгердім. Біріншісі — әскери өнер, яғни әскерді басқару, оның тәртібі, атты әскер мен жаяу әскерді аз не көп болғанда шабуылға қалай алып шығу, достарыммен де, дұшпандарыммен де сөйлесе білу; екіншісі — ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түркі тілінде месневи, касида, газел, рубаят тәрізді өлең шығара білу, араб, парсы, түрік сөздерінің мағынасын жетік білу; үшіншісі — бұрын Арабстан, Иран, Тұран, Монғолияны билеген патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған ірілі-уақты оқиғаларды жатқа білу”, — деп жазды.

Арабмұхамед хан қартайған шағында оның балалары арасында таққа таласу күресі басталып, билікке талас ұзаққа созылып кетеді. Осындай қарулы қақтығыстардың бірінде Әбілғазы қатты жарақаттанады. Бауырларының қолына түссе өлетінін сезіп, ол Әмудариядан жалғыз жүзіп өтеді де, төніп тұрған ажалдан қашып

¹ Әбілғазы. Түрік шежіресі (ауд. Б. Әбілқасымов). А., 1992. 8-б.

құтылады. Жалпы Әбілғазы жастайынан батыл, ержүрек, қайсар мінезімен көзге түседі. Сол үшін оның есіміне “Баһадүр”, яғни “батыр” сөзі қосып айтылатын болған.

Әбілғазы өз басына өлім қатері төнген кезде қазақ әміршілері — Есім хан мен Тұрсын ханды паналауға мәжбүр болады. Ақыры ағалары 1628 жылы Әбілғазыны алдап қолға түсіріп, оны Иранға айдатып жібереді. Сөйтіп, Әбілғазы өз өмірінің он жылын Исфахан қаласында өткізеді. Бұл тұтқыннан қашып құтылған Әбілғазы біраз жыл бойы түрікпен және қалмақ ауылдарында бой тасалап жүреді.

Арал қазақтары 1645 жылы Хиуа хандығына қарсы көтерілісте жеңіске жетіп, Әбілғазыны Хиуа ханы деп жариялайды. Әбілғазы хан тағында отырған жылдары көптеген игілікті істер жасайды. Ол алпыс жасқа келгенінде хандық билікті баласы Ануш Мұхамедке беріп, енді өзі ата-бабаларының шежіресін жазуға кіріседі. Сонымен, Түрік шежіресінің жазылу тарихы туралы Әбілғазы: “Бұл тарихты жазуды бір кісіге тапсыралық деп ойлап едік, лайықты кісі таппадық. Сондықтан “Жетім өз кіндігін өзі кесер” дегендей, өз тарихымызды өзіміз жаздық. Адам атадан бұл кезге шейін, есебін бір құдайдың өзі біледі, патша, бір де бір әмір, бір де бір ауылды билеуші өз тарихын өзі жазған емес. Ешкім жазуға бата алмаған бұл кітапты жазғанда мен пақыр жалған айтуды не өз кемшілігімді жасыруды мақсұт еткен екен деп ойлай көрменіздер”, — деп жазады².

Әбілғазы жазған екі шежіре сақталып, бүгінгі күнге жеткен. Олардың бірі — “Түркімен шежіресі”, ал екіншісі — “Түрік шежіресі” деп аталады.

“Түрік шежіресінде” Адам атадан бастап, Шыңғыс ханға дейінгі және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия мен Қыпшақ даласында, Таяу Шығыста болған сан қилы тарихи оқиғалар жүйелі түрде баяндалады. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары шежіресін сөз ете отырып, Әбілғазы негізінен түркі тектес халықтардың тарихына көбірек назар аударған. Кезінде академик Х. Френ “Түрік шежіресін” аса жоғары ғылыми еңбек ретінде бағалай келіп, бұл шежіре “Ресей мұсылмандарына өз ата-бабаларының тарихын білуге көмектесіп қана қоймайды, олардың жалпы тарих ғылымына деген көзқарасын оятуға тиіс” деп жазған болатын³.

“Түрік шежіресі” XIX ғасырда-ақ неміс тіліне (Шенстрем),

² Әбілғазы. Түрік шежіресі (ауд. Б. Әбілқасымов). А., 1992. 7-8-бб.

³ Соңда. 4-б.

одан француз тіліне, бертін келе орыс тіліне (Третьяковский) аударылып, бірнеше рет Еуропада жеке кітап болып басылып шықты. Бұл шежіренің орыс тіліне тәржіма жасалып, кітап болып шығуына кезінде Ресейдің атакты графы Н.И. Румянцев тікелей өзі қамқорлық жасағаны мәлім.

Қазақ халқының көне тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне тікелей қатысты түрлі жазба жәдігерліктер ішінен “Түрік шежіресі” ерекше орын алады. Бұл шежіре тоғыз бабтан (тараудан) тұрады. Шежіренің 1-2 бабтары Адам атадан бастап, Шыңғыс ханға дейінгі оқиғалар, 3-6 бабтарында әлем әміршісінің Үкідай, Шағатай, Толы деген ұрпақтарының Мауараннахр, Иран, Қашқар жерінде билік жүргізуі, ал 7-9 бабтарында Жошы хан және оның ұрпақтарының Дешті Қыпшақта, Туранда, Қырымда, Мауараннахрда, Хорезмде патшалық етуінің тарихы баяндалады. Әбілғазы шежіресінде қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың ежелгі тарихы, олардың байырғы әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, т.б. туралы көптеген құнды деректер бар.

“Түрік шежіресі” күні бүгінге дейін тек тарихи мұра ретінде ғана қаралып келді. Ал, кезінде ол тек шежіре ғана емес, сонымен бірге, өз дәуірінің көркем туындысы саналған.

Иә, кезінде шежіре жазудың өзіндік, көркемдік дәстүрі болған. Мұнда кара сөздің өзі оқуға жеңіл болатындай етіп, ішкі логикалық ұйқасқа, белгілі бір ырғақ пен екпінге құрылған. Мұның өзі шежіренің көркемдік, эмоциялық әсерін күшейте түсетін болған. Бұл сөзімізге “Түрік шежіресінен” бір ғана мысал келтірейік: “Менліхан тағы бир неше иллар ет жеп, кимиз ичип, айдег, күндег сулуларни кучип, сынаптай йорғаларни минип, көнли тиген иерлергә учиб, ол дүниягә кетти”⁴.

Демек, Әбілғазы шежіресінің қазақ әдебиеті тарихынан алатын өзіндік орны бар. “Түрік шежіресінің” қазақ тарихына тікелей қатысы бар жетінші бабын оқырманға толық күйінде ұсынып отырмыз. “... Жошы ханның анасының аты Бөрте кошын еді, ол екіқабат кезінде Шыңғыс хан жоқта Меркіт халқының ханы Шыңғыстың үйін шапты. Бөрте кошынды олжа қылып алып кетті. Оң ханның қатыны Бөрте кошынның женешесі еді. Оң хан мен Меркіт ханының арасында достық бар еді. Оң хан Бөрте кошынды сұратып алдырып, Шыңғыс ханға жіберді. Өйткені Оң

⁴ Библиотека восточных историков. Казан., том 2, 1854. с. 54.

хан мен Шыңғыстың әкесі Есуки баһадур дос еді. Бөрте қошын жолда Жошыны туды. Ол жерде баланы салып алып жүрер ештеңе болмағандықтан, камырдан қорап жасап, соның ішіне салып алып келді. Шыңғыс хан баланы көріп, қатты қуанды, бізге Жошы келді деді. Монғол тілінде жошы деп жана келген қонақты айтар еді, сол себептен атын Жошы қойды. Естеріңізде болар, Жошы хан әкесінен бұрын өлді, ол жөнінде Шыңғыс хан дастанында айтқанбыз.

Шыңғыс хан Жошының өлгенін естіген соң қатты қайғырып, аза тұтты. Ол уақытта мемлекет мәслихатында балалары мен әмірлеріне өсиет және насихат айта бастады. Аза тұтып біткеннен соң, Өтшікенге: “Сен Дешті қыпшаққа бар, Жошы ханның екінші баласы Бату, лақабы Сайып хан, соны әкесінің орнына отырғызып, інілері мен әмірлерді соған бағындыр. Егер інілері мен әмірлер сенің сөзіңді тындамаса, өзін анда қалып, маған хабарла, біз сенің айтқаныңды істелік”, — деді. Өтшікен Жошының ұлысына жақындағанда Бату хан хабар алып, інілері мен балаларын алдынан жіберді, өзі олардың артынан шықты. Өтшікенмен көрісіп, қазаны аза қылды. Үш күннен соң Өтшікен Батуды әкесінің тағына отырғызып, Бату ханның інілері мен әмірлері Шыңғыс ханның айтқан сөздерін жеткізді, барлық халық оны қабыл қылды. Одан соң монғол рәсімімен ұлық той жасап, Батуға аяқ берді, Бату оларға аяқ берді, көп сыйлықтар үлестірді. Дәл сол кезде Шыңғыс хан ордасынан Шыңғыс хан өлді деген хабармен шапқыншы келді. Бүкіл халық аза тұтып жыласты. Азадан, қайғыдан кейін Бату мемлекетін кіші інісі Тоқай темірге тапсырып, бес інісімен қосылып, Өтшікен бәрі Шыңғыс ханның тағы орналасқан Қаракорым тарапына аттанды, келіп Қаракорымда барша әмірлер мен ханзадаларға қосылып, үлкен аза тұтты. Азадан айыққан соң Бату хан және басқа ханзадалар Шыңғыс ханның өсиетін орындап, Үкідай ханды таққа отырғызып, ұлық той қылып, ханға аяқ берді, хан ханзадаларға және әмірлерге аяқ берді, қазынаның кілтін ашып, соншалықты көп сый-сияпат үлестірді, ешбір дәруіш сыйлықсыз қалмады, бәрі қарық болды.

Қытай мемлекетінен бірнеше жұрттың билеушілері жау болып еді. Үкідай қаған ол жаққа жүрмек болды. Бату ханға бұл сапарға менімен бірге аттанайық деп хукім қылды. Бату хан бес інісімен бірге аттанды. Ол сапарда қаған бұл жұрттардың баршасын талқандап, қайтып Қаракорымға келді. Бату ханды Орыс, Шеркес,

Бұлғар және баска қалаларға жұмсады, өзінің ұлы Күйік ханды, Толы ханның ұлы Менку ханды және Шағатай ханның ұлы Байдарды бұл сапарда Бату ханға қызмет қылындар және көмек беріндер деп Батуға қосты. Бату хан бұлармен бірге өзінің ордасына келді. Батудың інісі Токай Темір бұл жамағатты үш күн қонақ етті. Бұдан кейін Бату хан оларды қырық күн бойы қонақтады. Одан кейін әскер жимаққа әр жаққа хабаршылар жіберді. Аз ғана мерзімде есепсіз көп әскер жиылды. Естеріңізде болар, Жошы хан Дешті қыпшақта Көк орда деген жерде тұратын. Бату ханның мажар, башқұрт, орыс, неміс жұрттарын бағындырғаны және өзінің опат болғаны жайлы кейінірек айтылады.

...Бату хан өлгеннен соң, Менку қаған оның ұлы Сартақты хан қойды. Ол хандық билігіне кіріспестен бұрын қаза тапты. Одан соң оның інісі Олакшыны хан қылды. Олакшы да аз тұрып опат болды. Одан кейін Менку қаған Жошының баласы Бүрге ханды хан қылды. Бүрге хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Бату хан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, қағанға көп сый-сияпат жіберді. Одан соң құдай тағала бір күні Бүрге ханның көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін білдірді. Бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды.

Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Бүрге хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоғай Темірді шақыртып, бұл сырын оған айтты, ол және мұсылман болды. Кәпір болған кісілермен жамандасты. Ақыры алты жүз алпыс төртінші жылы о дүниеге кетті, патшалық өмірі жиырма бес жылға созылды.

... Бүрге хан өлгеннен соң Менку Темір хан болды. Бату хан дәстүрімен аға-інілеріне ұлыстарды бөліп берді. Ақ орда деген мемлекетті Шибан ұлы Баһадүр ханға берді, Құм уәлаятын Оран темірге берді. Оран темір Токай Темірдің баласы еді. Өзі Бұлғар мемлекетіне аттанды. Екі жылдан кейін қайтып келіп, сансыз әскермен Абақа хан үстіне аттанып, Иран мемлекетіне барды. Абақа ханмен жарасып, қайтып келді, бір біріне үнемі сыйлықтар жіберіп, барып-келіп тұратын еді. Хижраның алты жүз сексенінші жылы Абақа хан о дүниеге кетті. Оның орнына отырған Ахмет хан мұсылман еді. Бірнеше уақыттан соң Абақа ханның ұлы Арғұн

ханның қолынан шәйіт болды. Одан соң Арғұн хан патша болды. Дешті Қыпшақта Менку Темір Арғұн ханның патша болғанын естіп, Тоқай және Теріктай деген екі бегін бас қылып, сексен мың кісіні Арғұн ханның үстіне жіберді. Арғұн хан бұл хабарды естіп, Әмір Тоғажар дегенді сансыз көп әскермен ілгері жіберді, өзі оның артынан аттанады. Бұл екі әскер Қарабақ үстінде соғысты. Менку Темір ханның әскері жеңіліп, қашып кетті. Бұл хабарды Менку Темір хан естігеннен соң құса болып өлді. Одан соң Тода Менку патша болды. Бұл Тода Менку хан залым, дарынсыз адам еді. Тоқтағу хан оның залымдылығынан қашып кетті. Біраз уақыттан кейін көп әскер жиып келіп, Тода Менкумен соғысып, жеңіп, Тода Менкуді өлтіріп, өзі патша болды. Көп жұрттарды бағындырып, ата мен ағаларының дәстүрімен көп іс тындырып, ақыры бұл дүниені тастап, ол дүниеге кетті. Патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді.

... Тоқтағу хан өлгеннен соң Өзбек хан болды. Елді он үш жасында ата-бабасының дәстүрімен басқарды. Әркімнің мәртебесіне қарай құрмет көрсетіп, сыйлықтар берді. Елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты. Одан соң барынша Жошы елі өзбек елі атанды. Екі рет Иран жұртына Әбусағит үстіне жүргенмен, Иранды ала алмады, ақыры ажал жетіп, ол дүниеге кетті.

... Өзбек хан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібекті хан көтерді. Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді, Сарайшық шаһарында таққа отырды, шариятты қатаң сақтар еді. Темірташ ұлы Мәлік ашраф ол кезде Әзірбайжан патшасы еді, ол өзі сондай пасық және залым адам еді. Сондықтан Әзірбайжанның игі жақсы адамдары жан-жаққа қашып кетті. Қазы Мұхиятдин деген адам Сарайшық шаһарына қашып келді. Ол күнде уағыз айтар еді. Бір күні Қазы Мұхиятдин уағыз айтып болғаннан соң, халыққа Мәлік ашрафтың залымдығы мен пасықтығын ұзақ хикая етіп айтып берді. Ханнан бастап барлық жиналған халық жылады. Қазы Мұхиятдин Жәнібек ханға: “Егер Мәлік ашрафтан біздің кегімізді алып бермесен, ертең қиямет күні біздің қолымыз сіздің етегіңізге тиеді”, — деді. Ханға бұл күшті әсер етті. Әскер шақыртып, Мәлік ашрафтың үстіне аттанды, барып онымен соғысып, оны жеңді, Мәлік ашрафты өлтіріп, оның төрт жүз түйе лағыл мен жауһарын, өзге де дүниеліктерін әскеріне үлестіріп берді. Ұлы Бердібекті Әзірбайжанға әкім етіп, өзі жұртына қайтып

келді. Одан соң ауруға шалдығып, ол ұзаққа созылды. Хан: “Енді мен бұл аурудан жазылмаймын”, — деп, Әзірбайжандағы ұлы Бердібекті шақыртты. Бердібек хан келіп жеткенше Жәнібекке уақыт болды. Ол қайтыс болар алдында халқын жиып, оларға көп насихаттар айтты. Хижраның жеті жүз елу сегізінші жылы қайтыс болды, ол он жеті жыл патшалық құрды, Сарайшықта жерленді.

... Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібек хан Сарайшыққа келді. Үш күн аза тұтып, азадан соң барлық ханзадалар мен әмірлер жиналып, Бердібекті хан көтерді. Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді. Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкім қалдырмай, бәрін өлтірді. Бұл пәниден өзі өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бермады, екі жылдан кейін жеті жүз алпыс екінші жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды.

Өзбек ішінде, “Нар мойыны Бердібекте кесілді” деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге балаларының әулеті патшалық құрды”⁵.

⁵ Әбілғазы. Түрік шежіресі (ауд. Б. Әбілқасымов). А., 1992. 113-117-бб.

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАИРИ

Он жетінші ғасырдың алғашқы жылдары жазылған (1602 ж. аяқталған) Қадырғали бидің тарихи еңбегінің ғалымдар назарына ілінуі ХІХ ғасырда өмір сүрген татар ғалымы Ибрагим Халфиннің есімімен тығыз байланысты. Ол еңбектің бір көшірмесін 1819 жылы Казан университетінің кітапханасына тапсырған¹. Академик Ә. Марғұланның пікірі бойынша И. Халфин Қадырғали би еңбегін, «жақсылап оқып шығып, Әбілғазының шежіресімен салыстырып шығады, сол кітаптың мазмұнымен және Әбілғазыны пайдаланып, «Ақуал Чингизхан уа Аксак Темір» деген кітабын жазады»².

Қадырғали шығармасымен Россияда алғаш танысқан ғалымдардың бірі — шығыстанушы, академик Х.Д. Френ. Ол шығарманың Тәуекел ханның немере інісі Қасымов хандығының ханы Онданұлы Оразмұхаммедтің сандығында сақталған Қосымұлының өз қолымен жазған түпнұскасымен таныс болған. Х.Д. Френ Ибрагим Халфинге Абылғазы еңбегін осы нұскамен салыстырып оқуға кеңес берген³.

Ғалымдар қауымын «Жылнамалар жинағымен»⁴ таныстыруда аса үлкен еңбек сіңірген — белгілі шығыстанушы Илья Николаевич Березин. Ол «Жинакпен» Казан университетінде жұмыс істеп жүрген кезінде танысқан. Ғалым «Москвитянин» журналында алдымен шығарма туралы хабарлама беріп⁵, кейіннен оның сол кездегі жалғыз көшірмесін Қазанда өзі шығаратын көп сериялы

¹ Ибрагим Халфиннің қолжазбаны қайдан және кімнен алғаны белгісіз.

² Марғұлан Ә. Күміс сандық құпиясы. — «Қазақ әдебиеті», 1981, 1 қаңтар.

³ Солда.

⁴ Бұдан былай Қадырғали би еңбегін осылай кең тараған атымен атауды тура көрдік.

⁵ Березин И.Н. Татарский летописец, современник Бориса Федоровича Годунова. — «Москвитянин», 1851, № 24, кн. 2, с. 543—554.

«Библиотека восточных историков» басылымының 1854 жылғы 2-томында басып шығарады⁶.

И.Н. Березин журналдық макаласында, кейіннен «Жинакка» жазған алғысөзінде оған алғаш рет тарихи тұрғыдан талдау жасай келіп, ескерткіштің деректік мәнін жоғары бағалаған. Қолжазбаның аты берілген алғашқы беттерінің жоғалып кетуіне байланысты және оның басым бөлігінің белгілі Рашид ад-Дин еңбегінің қысқартылған аудармалық нұсқасы екендігін негізге ала отырып, Березин Кадырғали би шығармасына «Джами ат-тауарих» атын берген. И. Березин «Москвитянин» журналында кадырғали би еңбегінен үзінді беріп, оны Н.И. Ильминскийдің аударғанын; ал жазған алғысөзінде кейінірек аударманы толық түрінде жариялайтындығын айтқан. Бірақ, өкінішке орай, осы уақытқа дейін ол аударманың тағдыры белгісіз болып келеді.

«Жинак» деректерін өз еңбегінде алғаш рет кең пайдаланған тарихшы В.В. Вельяминов-Зернов болды. Ол өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты белгілі еңбегінде «Жинактың» құнды жақтарын көрсетумен бірге, кемшіліктерін де сынға алған болатын. Сондай-ақ Вельяминов-Зернов Кадырғали би еңбегінің «Тарихи Рашиди» сияқты шығармалармен өзектес, сабақтас екендігін орынды айтқан⁷.

Кадырғали би шығармасын сақтап, оны танып-білуде туысқан татар халқының оқыған азаматтарының, ғалымдарының сіңірген еңбегі баға жеткісіз. 1922 жылы тіл маманы Әли Рахим (А.Ш.Абдрахимов) бұрынғы Қасым хандығымен тығыз байланыста болған Қазан молласы Г.Галеев-Барудидің Қазандағы Орталық Шығыс кітапханасына сыйлаған кітаптарының арасынан Кадырғали би еңбегінің жана, әрі сапалы көшірмесін табады. 1927 жылы жарияланған макаласында ол екі көшірменің де текстік сапасына археографиялық талдау жасаған⁸. Сол жылы жазында Ә.Рахим Кашкары аталатын татар аулынан табылған татар жылнамаларының қолжазба жинағы арасынан Кадырғали би еңбегінің үзіндісін кездестіреді. Ол Хаджы-Гирей хандыққа

⁶ Березин И.Н. Библиотека восточных историков Т. II, Ч.1. Сборник летописей, татарский текст. Казань, 1854.

⁷ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2, СПб., 1864, с. 130.

⁸ Рахим А. О новом списке татарского исторического сочинения XVII века – Вестник научного общества татароведения. Казань, 1927, № 7, с. 133-148.

шақыру туралы дастан болатын. Сонымен, Қадырғали шығармасы бізге толық емес екі көшірме және бір үзінді күйінде жетті.

Біз қарап отырған еңбекті дерек ретінде пайдаланған не болмаса оны тікелей талдауға арналған жұмыстар қатарына тарихшы М.Г.Сафарғалиев⁹ пен тіл маманы Х.Хисматуллиннің¹⁰ еңбектері де жатады. Бірақ бұл екі автор да Қадырғали би шығармасын карауда өз жұмыстарында кемшіліктерге орын берген. Мысалы Х.Хисматуллин «Жинақ» авторының өз еңбегі туралы «Бұл нұсқаны фарсы тіліндегі Чингиз-наме кітабынан түркі тіліне аударды»¹¹ дегеніне карамастан, аударманы татаршаға, ал еңбекті үзілді-кесілді XVII ғасыр бас кезіндегі татар мәдениетінің үлгісіне жатқызады¹². Бұл позиция жалпы татар зерттеушілерінің басым көпшілігіне тән. Әрине, еңбектің татар қоғамында (алайда, Қасымов хандығы туралы бұл тұжырымның өзі де біржақтылық болар еді) өмірге келгендіктен, оның белгілі дәрежеде сол қоғамға тәндігін жоққа шығаруға болмас, дегенмен автордың казак қоғамынан шыққандығын (оны автордың өзі де шығармасында айтады), ал шығармаға келсек, оның түпнұсқасы мен жасалынған көшірмелерінде тілінің аз да болса өзгерістерге ұшырап, татаршаға жақындай түскендігін ұмытпау кажет-ақ.

Қадырғали би шығармасын зерттеп тануда татарстандық тарихшы М.А.Усмановтың еңбектерінің алатын орны ерекше¹³. Оның, әсіресе, 1972 жылы жарық көрген монографиялық жұмысының «Жинақта» талдауға арналған көлемді тарауын жалпы бұл еңбекті және оның авторының өмірбаянын арнайы зерттеудегі алғашқы саликалы еңбек ретінде карауға болады. Сонымен бірге М.А.Усманов жұмысында Қазақстан ғалымдары тарапына орынды айтылған сынмен қатар, жансақ пікір және тұжырымдардың да орын алғандығын атап айту кажет. Мысалы, М.Усманов сібірлік Қараша мен Қадырғали бидің бір кісі екендігі туралы өзінен ала отырып, «Жинақ» авторының қайсыбір пікірлерін ол өмір сүрген

⁹ Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды., Саранск. 1960.

¹⁰ Хисматуллин Х. «Жәмиғь-эт-тәварихның» татарча тәржемәсе. — Татар теле һәм әдәбияты., Казан, 1959, 309-317-бб.

¹¹ Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Т.11. ч., 1, Сборник летописей. с.170.

¹² Хисматуллин Х. Аталған мақала. 308, 312-б. «Жәмиғь-эт-тәварих»-ның татарча тәржемәсе. — Татар теле һәм әдәбияты., Казан, 1959, 309-317-бб.

¹³ Усманова М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв.: «Сборник летописей», «Дафтар-и Чингиз-наме», «Таварих- и булгария», «Татарские шаджра». Изд. Казанского университета. 1972; Соныкі. «Великие ученые Средней Азии и Казахстана, XIII-XIX вв» (Алма-Ата, 1965) атты кітапқа рецензия — «Народы Азии и Африки», 1967, №2, с. 204-207.

заман, қоғамдық қатынастар арнасында (контекстінде) емес, бүгінгі талап тұрғысынан қарайды. Сондай-ақ, М.Усманов татар және казак сияқты ағайын халықтардың мәдениетін қарсы қою дұрыс еместігін орынды сынға ала отырып, өзінің де бұл принципке қайшы келер қателіктер жібергендігі түсініксіз-ақ.

Қадырғали би еңбегін казак топырағында ғылыми тұрғыдан зерттеу Ш.Уәлихановтан басталады. Ұлы ғалым «Жинақты» «Киргизское родословие» атты мақаласында, профессор И.Н.Березинге жазған хатында және басқа еңбектерінде кең пайдаланып, ол туралы өте маңызды ойлар түйген. Уәлиханов мұнымен шектелмей, Қадырғали би еңбегінің құндылығын терең түсіне отырып, оның казак тарихына тікелей қатысы бар тарауларын орыс тіліне сапалы түрде аударған¹⁴.

Қадырғали би еңбегін ХҮІІ ғасырдан жеткен аса маңызды еңбек ретінде бағалап, Уәлиханов ол туралы «единственные памятники казахов»¹⁵, «...которая замечательна уже тем, что написана киргиз-кайсаком»¹⁶ — деген. Сондай-ақ еңбектің казак халқының қалыптасу процесін, оның тілін, казак сұлтандарының генеалогиясын зерттеуде алатын орнын Уәлиханов дәл әрі жоғары бағалаған.

Совет дәуірінде Қазақстан ғалымдарының Қадырғали би еңбегіне назар аударуы 50-жылдардан бері ғана казак ССР-і тарихының 1957 жылғы басылымының I томында «Жылнамалар жинағының» өмірге келуі және деректік мәні туралы беріліп, оның халқымыздың ортағасырлық мәдениетіне тікелей қатынасы бар құнды ескерткіш екендігі айтылған. Сонымен бірге тарау авторы шығарманы «тілі жағынан ерекше шежіре»¹⁷ дей келіп, оны «ортаазиялық жазушылардың дәстүрлі шығармаларынан мүлдем өзгеше» қояды.

«Жинақты» Қазақстанда зерттелуі академик Ш.Уәлиханов шығармаларына берілген түсініктемелерінде және басқа мақалаларында белгілі ғалым қадырғали бидің өмірбаяны, шығарманың деректік негіздері мен мәні туралы, сондай-ақ оны зерттеп тануда негізге аларлық терең тұжырымдар жасаған. Мәселен, Марғұлан Қадырғали би шығармасына белгілі Рашид

¹⁴ Уәлиханов Ч.Ч. Извлечения из собр. Соч., т.1., Алма-ата, 1961, с. 142-168.

¹⁵ Сонда, 216-б.

¹⁶ Сонда, 210-б.

¹⁷ Казак ССР тарихы. Алматы, 1957, I т., 232-б.

ад-дин туындысының аты берілуі оның деректік маңызын дұрыс бағалауға кедергі болып келгендігін орынды көрсетіп берді. Сонымен бірге Марғұлан Қадырғали би еңбегі мен өмірбаянын карауда дәлелсіз ойларға да орын алдырған. Айталық, белгілі ғалымның сібірлік Қарашаның «Жинақ» авторы екендігіне дәлел боларлық нақты деректердің әзірге жоқтығына карамастан, басқа авторлармен бірге оларды бір кісі санауы түсініксіз. Өкінішке орай, бұл дәлелсіз пікір «Жинақ» төңірегінде әңгіме еткен басқа да зерттеушілердің жұмыстарында әлі күнге өзгеріссіз беріліп жүр.

Қадырғали би еңбегіне ғылыми көпшіліктің назарын аударып, ол туралы 1964 жылы Москвада өткен XII халықаралық антропологтар мен этнографтардың конгресінде сөйлеген сөзінде, кейінірек жарық көрген көлемді еңбегінде мәнді де тың ойлар айтқан этнограф ғалым Э.А.Масанов болды. Масанов Россияда XVIII ғасырдың 40-жылдарында біз карап отырған еңбектің аудармасы жасалғандығын, орыс ориенталистерінің бұл еңбекпен ерте кезден бері таныс болғандығы туралы қызғылықты фактілер келтірді¹⁸.

1965 жылы жарық көрген «Великие ученые Средней Азии и Казахстана VIII-XIX вв.» (Алма-ата, 1965) атты жинақта оның авторларының бірі К.Жүнісбаев алғаш рет көпшілікке арналған Қадырғали бидің өмірбаяны және оның шығармасы туралы біршама толық түсінік беруді мақсат еткен. Жинақ шығарушыларының ізгі ниетін колдай отырып, бірақ Қадырғали биге арналған очеркте елеулі кемшіліктерге орын берілгендігін де айтпасқа болмайды. Ол кемшіліктер туралы тарихшы М.Усмановтың кезінде орталық басылымда жарық көрген сын макаласында¹⁹ және монографиялық еңбегінде сын пікірлердің басым бөлігінің дәлелді екендігін мойындай керек.

Қадырғали би еңбегін зерттеудегі 60-жылдардағы жасалынған ізденістердің нәтижесін «Қазақ ССР тарихы» жана басылымының 2-томынан анық байқауға болады. Мұнда Алтын Орда және оның орнында пайда болған мемлекеттік бірлестіктердегі саяси, әлеуметтік мәселелерді карауда басқа Орта Азиялық деректермен қатар, Қадырғали би еңбегінің де тартылғанын көреміз²⁰.

¹⁸ Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966, с. 24.

¹⁹ Усманов М. Рецензия на кн.: «Великие ученые Средней Азии и Казахстана». с. 204-207.

²⁰ Усманов М. «Татарские исторические источники...», с. 33-39.

Сондай-ақ «Жинак» деректерін белгілі бір мақсатта өз мақалаларында тарихшы В.П.Юдиннің, т.б. пайдаланғанын²¹ айтып өту абзал.

Нақты деректердің болмауы Қадырғали би өмірбаяны жайлы шындық деңгейіне жеткізілген жорамалдардың зерттеу еңбектерінде кең тарауына негіз болды. Солардың ең бастысы — Сібір жылнамаларын бірауыздан әңгіме еткен Қараша²² мен «Джами ат-тауарих» («Сборник летописей» — «Жылнамалар жинағы») авторы Қадырғали бидің бір кісі екендігі туралы тұжырым.

«Жылнамалар жинағы» авторының өмір жолына алғаш көңіл аударған И.Н.Березин мен В.В.Вельяминов-Зернов бұл мәселе жайлы кесіп ештеме айтпаған. Татар ғалымы М.А.Усманов белгісіз себептермен И.Н.Березин Қараша мен Қадырғали биді бір кісі санады деген пікір айтады²³.

И.Н.Березиннің «Москвитянин» журналында жарияланған хабарламасында Қадырғали би өмірбаянына байланысты айтқан ойын сол күйінде оқып көрейік: «...участь благодательственного Годуновым Ураз Мухаммеда была, по-видимому, крепко связана, все что было хорошо Ураз Мухаммеду, было хорошо и для приближенных его. Притом же, судя потому, что автор служил еще родителям Ураз Мухаммеда, он был не молод, когда писал свою хронику, и следовательно чувствовал глубже и ценил лучше благодеяния Бориса»²⁴. Ал шығарманың жазылу мерзімі туралы айта келіп: «...автор умер прежде наступления в русской земле смутного времени, в котором принимал деятельное участие Ураз Мухаммед: иначе он не оставил бы дополнить свою летопись последующими событиями»²⁵, — дейді. Белгілі шығыстанушы кейірінек «Жылнамалар жинағына» жазған алғысөзінде үлкен өзгеріссіз осы сібірлік Қараша мен Қадырғали бидің бір кісі екендігі жайлы жорамал да жоқ. Демек, М.А.Усмановтың Березин, Карамзин ойларына сүйене отырып, «Жинак» авторы мен Қараша мырзаны бір кісі санады деуі, әрине, дәлелсіз.

Қадырғали би шығармасына терең талдаулар жасап, оны өз еңбегінде кең пайдаланған В.В.Вельяминов-Зернов бұл мәселеге

²¹ История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Алма-Ата, 1979, т. II. С. 186, 378-379, 185-186, 379.

²² Қараңғу, Қарача деп те атайды.

²³ Усманов М.А. Татарские исторические источники..., с. 40.

²⁴ Березин И.Н. Татарский летописец., 548-б.

²⁵ Сонда, 553-б.

келгенде өте абай және кейінгі зерттеушілер одан әрі дамыта қарамаған, бірақ көңіл аударуға лайық пікір айтқан еді. Ол мынадай сұрау қойған болатын: «...что в исходе XVI ждзалаиров – М.К.), Кадыр-Али, в сопровождении нескольких лиц, в числе которых, быть может, находился и автор «Сборника летописей», выехали в Россию либо вместе с Ураз Мухаммедом, либо вскоре после него?»²⁶.

Бұл жерде В.В. Вельяминов-Зерновтың Қадырғали мен «Жинақ» авторын екі кісіге жатқызуы, әрине, жаңылыс кеткендік. Ол дау туғызбаса керек. Мәселе басқада, анығырақ айтса, ғалымның Қадырғали және басқа бірнеше адамның Оразмұхаммедпен бірге не болмаса санауында.

Деректерден, зерттеу еңбектерінде Оразмұхаммедтің Москвада, кейіннен Керман шаһарында жалғыз емес, үлкен семьясымен және ел-жұртынан ере келген жақын би-бектерімен бірге тұрғандығы белгілі. Ағасы Тәуекел ханға жолдаған жауап хатында ол семьясының хал-жағдайы туралы толық түсінік береді: «...Да мать твоя Ази-царица, да сестра Алтын-царевна, да мать моя, Бахты-царевна, да племянница твое Бахты-царевна, да племянница твоя кунь-царевна и все много, много бога молят и челом быют»²⁷. Ал Керман (Қасымов) шаһарында таққа отыру салтанатында көшпенділер салты бойынша оны төртеуі төрт жағынан алтын таққа көтеріп, оны мен солына орналасқан арғын Жаныш бек, қыпшақ Тоқай бек, жалайыр Қадырғали бек, Исбай маңғыт Сыбай бектерді ханның жаңа жұрты емес, бастапқы жұртынан ере келген Қараша бектері, жақындары деп айтуға толық негіз бар. Демек, Тобольскіде тұтқынға түскен Сейтек хан, Оразмұхаммед және Қарашалар, әрине, Москваға тек өз бастары ғана жөнелтілген жоқ. Өздерімен бірге, не кейінірек бөлек олардың семьяларының, жақындарының да Москваға жеткізілгені анық. Осы арада неге сібір тұтқындары патшаға өз бастары ғана емес, семьясымен бірге жөнелтілді деген сұраудың тууы заңды-ақ. Қысқаша болса да, бұл жайға тоқтала кету абзал.

Мәселе сол тұстағы орыс үкіметінің шығыстағы жаңа елдер мен аудандарды өзіне қаратуға жүргізілген саясатының астарында және ерекшелігінде еді. XVI ғ. соңғы ширегінде Оралдың шығыс бөлігін,

²⁶ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях..., ч. II. с. 435.

²⁷ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1961, с. 12.

Батыс Сібірді бағындыру Россия үшін өте қолайсыз жандайда өтті. Тура осы мезгілде ол онтүстікте Қырым хандығымен, батыста Речь Посполитая, Ливон ордені және Швециямен өз тәуелсіздігі және теңіз жолдары үшін ұзаққа созылған ауыр күрес жүргізуге мәжбүр болды. Сондықтан да Иван ІҮ, оның ізбасары Федор Иванович, Борис Годунов Сібір саясатында ашықтан-ашық күшке барудан үзілді-кесілді бас тартқан болатын.

Федор Иванович тұсында 14 жыл бойы саяси билікті өз қолында ұстаған, 1588 жылы патша тағына отырған Борис Годунов Сібір саясатында аса абай болды. Ол саясаттың мәні барлық Сібір халықтарының қарсылығын туғызатын, әрі ұзаққа созылуы мүмкін қарулы күреске бармай, мүмкіндігінше көп күшті және шығынды қажет етпейтін жолмен жүру еді. Ал ол жол жергілікті билікті қолында ұстап отырған феодалдық топтармен ымыраға келу болатын. Басқаша айтқанда, Сібір билеп-төстеушілерін патша билігіне бағытталған әрекеттен қайтарып, оларды мүмкіндігінше патша қызметіне өтуге көндіру, ал көнбесе күшпен мәжбүр ету еді. Міне, сондықтан да воевода Д.Чулковтың Сейтек, Оразмұхаммед және Қарашаны тұтқынға алуы, әрине, кездейсоқ оқиғаға жатпайды.

Ойымыз дәлелді болуы үшін бірер мысалдар келтірейік. XVI ғасырдың өзінде-ақ бір орталыққа бағынған орыс мемлекеті қалыптасу және өсу барысында көп ұлттық сипат ала бастаған. Оның құрамына солтүстік халықтарымен қатар марий, чуваш, удмурт, татар және башқұрт сияқты Поволжья, Орал халықтары да енген болатын. Патша өкіметі бұл халықтарды өз құрамына енгізу барысында ең алдымен олардың феодалдық топтарын өзіне қаратуға ұмтылды. Мысалы, Қазанды бағындыру барысында татар мырзаларының біраз бөлігі орыс патшасына қызмет етуге Қазан хандығы жерінен кеткендігі белгілі. 1551 жылы наурызда Иван Грозный Қазанға Шиг Алейді Хабаров бастаған 500 орыс атқыштарымен (стрельцы) енгізер алдында бұрынғы Қазан ханы Сафы Гирейдің жесірі Сюнбекіді (Сүйінбикені) ұлы Утемыш-үкімет әкімшілік жолмен Россияның ішкі аудандарына жер аударып, оларға байырғы орыс жерлерінен поместье түрінде иелік бергендер де қосылды. Солардың қатарында да Қасымов хандығының қызметтегі татарлары да бар болатын²⁴.

²⁴ Русская военная сила. Очерк развития выдающихся военных событий от начала Руси до наших дней. Вып. III., М., 1889. с. 23.

Бұл саясат Борис Годунов үкіметі тұсында да өз жалғасын тапты. Үкімет Сібір воеводаларына берген нұсқауларында мүмкіндігінше Көшім хан және оның төңірегіндегі мырзаларымен келісімге келуді, сөйтіп, оларды патша қызметіне өтуге көндіруді тапсырды. Осы саяси бағытты іске асыру барысында Көшім ханның немере інісі, әрі қолбасшысы Мәметкүл семьясымен, ханның сегіз әйелі, ұлдары Әбілқайыр, асманак, Шаим, Бипатша және сегіз қызы, бірнеше мырзалары тұтқынға алынып Москваға жөнелтілді²⁹. Бұл операцияны іске асырған воевода Андрей Воейков өзінің патша жолдаған хатында: «...послал кучюмова царя сыскивать в Чаты и в Колмаки, и где он кучюма царя найдет, и я холоп твой приказал ему говорит Кучюму царю, чтобы Кучюм царь ехал служить к тебе Государю вся Руси, а ты Государь царь и Великий князь Борис Федорович вей Руси его пожалуешь своим жалованьем³⁰» — дейді. Хаттан воеводаның патшадан Сібір ханын бүкіл семьясы, туғантуысы, қызметтегі мырзаларымен Москваға жөнелту туралы арнайы тапсырма алғандығын байқау, әрине, қиынға түспесе керек.

Сібір ханын, оның айналасындағыларын семьясымен Москваға алдыру, сөйтіп, поместье, вотчинаға иелік, шен-шекпен, қызмет беру оларды біржола бағындырудың және ымыраға келтірудің ең сенімді жолы еді. Патша үкіметінің Сібір саясаты туралы жақсы жазған авторлардың бірі Карамзин: «Тщетно Государь, желая водворить тишину в своем новом, отбеленном Царстве, обещал даже оставить его царем в земле Сибирской, если он с покорностью явится в Москву³¹» — деп жазған болатын. Бұл саясатты іске асыру жұмысына тұтқындағы ханзада Әбілқайырдың да тартылғанын айта келе ол: «О том же писал к отцу и пленник Абдулхаир, словя великодушие Федора, который дал ему и царевичу Маметкулу богатые земли и собственных, любя живить смертных и миловать виновных³²» — дейді.

Мұндай саясат патша үкіметіне Россияға іргелес орналасқан басқа шығыс халықтарын үркітіп алмау үшін де қажет еді. Москвада, әрине, Оразмұхаммедтің кім екенін жақсы түсінді. Сондықтан да үкімет оны Қазақстанмен арадағы қатынасты

²⁹ Усманов М.А. Татарские исторические источники... с. 29-30.

³⁰ Акты исторические. т. II., СПб., 1841, с. 4-5.

³¹ Карамзин Н.М. История государства Российского. Т. X, СПб., 1834, с. 21.

³² Карамзин Н.М. История государства Российского. Т. X, СПб., 1834, с. 21.

пайдалану қажеттігін де ұмытқан жоқ болатын. Оны біз Федор патшаның Тәуекел ханға жауабынан, сондай-ақ Оразмұхаммедтің ағасына жолдаған хатынан анық байқаймыз. Біріншісінде патша Көшім және Бұқар ханы Абдолламен күресте Тәуекелден көмек сұраса, соңғысында тұтқындағы ханзада ағасына қуатты орыс патшасы қол астына өтуге кеңес береді.

Сонымен бірге үкімет Оразмұхаммедтің Москвада тұтқында болуын басқа саяси мақсатта пайдалануға да тырысты. Оразмұхаммедтің патша сарайында шетелдік жоғары елші, өкілдері ресми қабылдауларға қазақ ханзадасы (царевия) ретінде қатынасуынан, әрине, үкіметтің оны сырт көз алдында өз билігінің географиялық және этникалық ауқымын кең етіп көрсету мақсатында да пайдаланғанын аңғару қиын емес.

Жалпы, бұл кез Москвада Оразмұхаммед, Мәметқұл, Сейтек сияқты хан тұқымдары аз емес еді. XVI-XVII ғасырлардың іс-қағаздарында ол туралы қызғылықты деректер сақталған. Мысалы, құпия приказдың іс қағазында: «...При царе Борис Федорович всея Руси служили: царевич Казанские орды (казахские деп оқыңыз — М.Қ.) Ураз Магмет, царевич Сибирской Маметкуль, царевия шемарханский Шихим, царевич Ургенский Умамет» — делінген.

Біз қарап отырған кезенді зерттеушілердің бірі Р.Г.Скрынников Борис Годунов билікке келген соң өзінің кешегі жаулары мен қарсыластарына атак пен құрметті үйіп-төгіп, олардың кінәмшіл менмендігін қанағаттандыруға тырысты дейді³³. Бұл саясат жаңа қосылған және іргелес жатқан елдермен қатынаста да өз жалғасын тауып отырды.

Патша өзінің сібірлік тұтқындарынан да шен, құрметті аяған жоқ болатын. Сейтек вотчинаға иелік, ал кейіннен Қасымов хандығын алғандығы белгілі. Міне, осы келтірген фактілер Сібір тұтқындарының семьяларының, жақын адамдарының да Москваға алынуын заңды құбылыс ретінде қарауға негіз береді. Олай болса ата-бабасынан бері қазақ хандарына қызметте келе жатқан Қадырғали бидің Оразмұхаммед семьясымен бірге, сол семьясының қызметіндегі Қарашы биі ретінде Москваға аттануы да толық мүмкін жай. Және ол жалғыз емес, онымен бірге қазақ даласынан арғын Жаныш би, қыпшақ Тоқа би, қазақтармен аралас жатқан ноғай елінен Исбай, маңғыт Сыбай билер де бар еді. Олай

³³ Дела Тайного приказа. т. 22, кн. 2, слб., 1908, с. 61, 62, 63.

³⁴ Скрынников Р.Г. Борис Годунов. М., 1983, с. 123, 137.

дейтініміз бұл рулардың сол кезде Ока бойындағы Қасым хандығы құрамында болуы, әрине, көңілге қонбайды. Демек, Қадырғали биді Оразмұхаммед семьясымен бірге барған Қарашы билердің бірі ретінде қарауға болады. Ол орта ғасырларда Қарашы би, бектердің өз әміршісімен басқа жұртқа ере кетуі қатардағы заңды құбылыс болған.

Егер сібірлік Қарашыға келсек, ғылымға әзірге белгілі деректер көрсеткен мынадай жайларды еске алмаса болмайды. Қарашы ұзақ жылдар Көшім ханға ғана ықпалды емес, бүкіл Ертіс бойындағы халық арасында беделді саяси қайраткер ретінде көрінеді. Г.Ф.Миллер ол туралы «он самый могущественный из татарских мурз»³⁵, — дейді. Қарашының Көшімнен кетуін жылнамалар ханға тиген ең үлкен соққылардың бірі ретінде қарайды. Ал маңызды жаңалық есебінде хабарлаған.

Мұнымен қатар жылнамаларда «Қарашы ұлысы», «Қарашы көлі», «Қарашы қалашығы»³⁶ деген атаулар да жиі кездеседі. Міне, осы фактілер сібірлік Қарашының бұл өлкеде келіміз емес, бұрыннан тұрып келе жатқандығын, ал Көшім ханда бір емес, ұзақ жылдар бойы қызметте болғандығына дәлел болса керек. Осыған байланысты М.А.Усмановтың Сібір жылнамаларына сүйене отырып, «Карачи был совершенно независим от Уразмухаммеда»³⁷ деуі және оның Сейтеппен бірігіп әрекетке көшуі бері дегенде 1548 жылдан басталады деп санауы³⁸ көңілге қонады. Бірақ осы уақытқа дейін Қарашының Көшімнен кету себебі белгісіз себептермен зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Қысқаша болса да осы мәселеге тоқталып өтейік.

Батыс Сібір өлкесіндегі осы кезеңдегі саяси жағдайды Шейбанидтер династиясы мен Тайбұғы династиясы арасындағы ертеден келе жатқан күрес контекстінде қарамасқа болмайды. Сол күрес барысында 1563 жылы шейбанид Көшім Тайбұғы тұқымы Едигер мен Бекболатты өлтіріп³⁹, Сібір билігін өз қолына алған болатын. Жылнамалар Бекболат ұлы Сейтекті Бұқарға қашырды дейді⁴⁰. Ол кез Сібірден бергі даласы да Бұқарға жатқызылған.

³⁵ Миллер Г.Ф. История Сибири. т.1. М.-Л., 1937, с. 240.

³⁶ Сибирские летописи. Издание Императорской Археологической комиссии. СПб., 1907, с. 66, 277, 325, 326, 327.

³⁷ Усманов М.А. Татарские исторические источники... с. 44.

³⁸ Сонда, 42-43-66.

³⁹ Сибирские летописи... с. 117-118, 186.

⁴⁰ Сонда, 118, 140-66.

Сібір жылнамаларынан Сейтектің Шейбанид Көшімге қарсы тайбұғылықтардың күресін жалғастырғанын, ал 80-жылдары белсенді қимылға көшкенін байқаймыз. Ремезов жылнамасы Сейтек қарашымен бірге 1584 жылы тамыз айында қайтыс болған Ермактың қару-жарағын бөлуге қатысты дейді⁴¹. Жалпы жылнамаларда бұл жылдың аталуы кездейсоқ емес.

1584 жыл Көшім үшін өте ауыр жыл болған. Бұл жылы оның қолбасы інісі Мәметқұл тұтқынға алынып, Москваға жіберілді. Тура осы жылы ханға бір ауыр соққы тиді. Ол оның ең ірі және жақын кеңесшісі Қарашының бөлініп кетуі еді.

Көшім хан мен оның Қарашы мырзалардың қатынасын айқындап беретін деректердің жоқтығына байланысты олар екеуінің араздасу себептерін толық түсіндіру мүмкін емес. Бірақ жергілікті феодалдық топтар мен Көшім арасында қайшылықтың болғандығы және алғашқылардың біразының Тайбұғы әулеті жағын қолдағандығы, Көшім мен Қарашы арасындағы араздық сол қатынастардың айқын көрінісі екендігі күмән туғызбайды. Ермакпен күрес барысында Көшімнің әлсіреуі бұл қайшылықты тереңдете түсті. Міне, осындай жағдайда жергілікті феодалдар тобының өкілі Қарашының Тайбұғы әулеті жағына шығуы, әрине, таң қаларлық оқиға емес.

Сонымен көріп отырмыз, сібірлік Қарашы келімсектен гөрі Ертiс өңірінің байырғы тұрғынына көбірек ұқсайды. Бұл мәселеге байланысты жалғыз дерек Сібір жылнамаларының көрсетуіне сүйенсек, Қарашының қазақ хандарынан Шейбанид және Тайбұғы династияларымен байланысының тереңдігін аңғару қиынға соқпайды. Ал бізге белгілі «Жинақ» авторының ата-бабасынан бері қазақ хандарының қызметінде келе жатқандығы анық. Оның үстіне XVI ғасырдың 70-80-жылдары Қазақ және Сібір хандықтарының арақатынасы шиеленісе түскендігі, тіптен олардың арасында қарулы қақтығыстардың болғандығы белгілі⁴². Сондай жағдайда Қарашының қазақ хандарының бітіспес жауы Көшім ханда да қызметте болуы, әрине, көңілге қонбайды.

Қорыта айтқанда, біздің пікірімізше, біріншіден, «Жинақ» авторы Қосымұлы Қадырғали би мен Тобылда тұтқынға алынған,

⁴¹ Сибирские летописи. Издание Императорской Археографической комиссии. СПб., 1907. с. 345-346.

⁴² Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов. Оренбург, 1924, ч.1, с. 137; Абуситова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-ата, 1985, с. 50-55.

Көшім ханның, кейіннен Сейтек ханның қызметінде болған Қарашы мырза бөлек кісілер. Екіншіден, Қадырғали бүкіл саналы өмірін қазақ ханы Шығайда, оның ұлы Ондан сұлтанда қызметте өткізген, кейінірек оның ұлы Оразмұхаммед тұтқынға түскенде сұлтанның семьясымен бірге басқа билер сияқты кеңесші би есебінде Москваға жіберілген.

XIV-XVI ғасырларда ыдыраған монғол империясының орнында Еділден Батыс Сібір жазығына дейінгі аралықта түркі тілдес тайпалардың экономикалық, әлеуметтік және саяси даму, кемелдену барысында жеке-жеке халықтық бірлікке өту процесі жүріп жатты. Орталық Азияның көне дәуірден бері негізгі тұрғындарының бірі болып келген түркі тайпаларының жеке халықтық (народность) бірлікке көшуі олардың бұдан былайғы қоғамдық және мәдени дамуының алғышарты еді. Ф.Энгельс бұл кезең туралы: «Из смешения народов, происходившего в раннем средневековьи, постепенно развивались новые национальности» — деген болатын. Бізге белгілі этникалық ұғым — ұлттық бірлік, әрине, кейінгі ғасырлардың, басқа экономикалық-қоғамдық қатынастардың үлесіне тиеді, дегенмен сол бірлікке апаратын алғашқы қадамдар осы кезеңде-ақ жасалған болатын.

Бұл күрделі процесс сол кездің өзінде-ақ экономикалық және саяси қатынастармен қатар, рухани өмірде де өз көрінісін тапқан. Көне түркі тілі негізінде қазақ, өзбек, қырғыз, татар және басқа туыс тілдердің, сол тілдерде жазылған не айтылған көркем ой туындыларының қалыптасып дамуы, жалпы рухани қондырғыда ұлттық нышандардың тереңдеп, айқындала түсуі соған айғақ болса керек. Жалпы қоғамдық өмірде бұл процесс, жеке халықтың саралану процесі бірсыдырғы кедергісіз, қайшылықсыз жүрді десек, мәселені тура түсінбегендік болар еді. Жеке халықтың саралану, даму процесі, әсіресе рухани салада баяу жүрді. Оның жолында көлденең феодалдық бытыраңқылық, ортағасырлық діни фанатизм, таптық қанау, ірілі-ұсақты феодалдық қалыңдықтар мен соғыстар тұрды. Соған қарамастан қоғамның объективті даму қажеттігінен туындаған бұл құбылыс, жеке халықтардың қалыптасып дамуы, қоғамдағы өз логикалық шешімін тапты. XVI ғ. соңына қарай бұрынғы түркі тілдес тайпалардың, тайпалық одақтардың орнына ағайынды өзбек, қазақ, қырғыз, татар және басқа халықтар біржола қалыптасты, олардың қайсыбірі өзінің ұлттық мемлекетін құруға әрекет жасады.

Аталған халықтардың этникалық бірлік ретінде өзін-өзі тану санасының оянуы, саяси және мәдени дербестікке ұмтылуы өз көрінісін қоғамдық сананың белсенді бөлігі тарихтануда анық байқатты. XVI-XVII ғасырларда Орта Азия және Қазақстанда дүниеге келген, не болмаса осы өлке өкілдерінің қаламынан туған белгісіз автордың «Таварих-и гузида-йи Нусрат-намеси», Өтеміш қажының «Шыңғыс намеси», Хафиз таныштың «Шараф-наме-йи шахий», Абылғазының «Шаджара-йи турк ва могулы» және басқа көптеген еңбектер осыған айғақ.

Халықтардың саяси және әлеуметтік тәуелсіздігі үшін күрес барысында өз тарихын білуге ұмтылуы тек орта Азия, Қазақстан ғана емес, бұл өлкеге іргелес орналасқан басқа да Орталық Азия елдеріне тән құбылыс болатын. Тура осы мезгілде Шығыс Түркістанда Дулат мырза Мухаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», Чорас Шах Махмудтың «Тарих», Шығыс Монғолияда белгісіз авторлардың «алтан тобчи» және «шара туджи», санан «Сэцэннің «Эрдэнийин тобчи», Лубсан Данзанның «Алтан тобчи» сияқты еңбектері дүниеге келген еді.

Негізгі мәні XIII ғасырда күшпен құрылған монғолдар империясының құлап, оның орнына тайпалық құрылысты ауыстырған халықтық бірліктің және сол жеке халықтық тұтастыққа негізделген мемлекеттің қалыптасуы болған бұл тарихи кезеңде тарихтану еңбектерінің жазылуына түрткі боларлық себептер жеткілікті еді. Солардың ішінен ең негізгілері ретінде Шыңғыс тұқымдары және басқа феодалдық топтардың қайшылықтың шиеленісуі, халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуы, қоғамның жалпы мәдени дәрежесінің, соған байланысты рухани талабының өсуі десек кателеспеген болар едік.

Бұлардың ең іргелісі де, әрі өміршеңі де еңбекші халықтың әлеуметтік теңдікке ұмтылуы және оның халықтық санасының оянуы болғанымен, ол феодалдық, антагонистік қоғамдық қатынастар жағдайында феодалдар тобының идеологиялық құралы болған діннің көмегімен ылғи да артқа ығыстырылып, тұншықтырылып отырды. Қоғамдық өмірде саяси билікті қолында ұстаған Шыңғыс тұқымдары — сұлтан-төрелер тарихи еңбектердің бет-бағдарын анықтап, оларды өздерінің таптық, династиялық мүддесінің қуатты құралына айналдыруға тырысты.

XVI-XVII ғасырлар орталық идеясы «әлемдік билік» болған шыңғыстық идеологияның әлі де болса өрлеу кезеңі еді. Ол,

тарихшы В.П.Юдиннің дәл басып айтқанындай, «хан» атағының тек Шыңғыс тұқымының қасиетті үлесі екендігі түркі-монғол қоғамдарында ешқандай күмән тудырмайтын аксиомаға айналған заман болатын». Міне, осыған байланысты саяси билікті қолына алған үстем тап өкілдері Шыңғыс тұқымы болмаса хан атануға хұқысыз болды, сондықтан да өз биліктерін шартты болса да хан сайланған Шыңғыс тұқымдарының атынан жүргізді (мысалы, Едіге би), не болмаса өздерінің Шыңғыс ұрпағы екендігі жайлы лақаптар таратты (Әмір темір, т.б.).

Міне, осындай жағдайда хан сарайында, не оның төңірегінде жазылған тарихи еңбектер Шыңғыс тұқымдары билігінің мәңгілігін уағыздаған, оған құлдыққа шақыруға міндетті болды. Сондықтан да олар көп жағдайда газан, шайбани, Абылғазы сияқты хандардың тікелей нұсқауы бойынша жазылды немесе олардың өздерінің қаламынан туды. Осы бағытта жазылған феодалдық тарихи еңбектердің орталық идеясын Орта Азиялық тарихшы өтеміш қажы былай берген болатын: «Бұдан былай қарашылар билігі мәңгі жойылсын!»⁴³.

Біз карап отырған мезгілде Орта Азия мен Шығыс Түркістанда өмірге келген тарихи баяндауда бірнеше дәстүрдің бас қосуы, атап айтсақ, монғолдық, араб-парсылық және түркі халықтарының дәстүрі болатын. Жалпы бұл үш дәстүрді де өз жұмысында алғаш рет шеберлікпен пайдалана білген Рашид ад-дин болды. Оның әлемге әйгілі еңбегінің қай заманда болмасын ескірмей, жаңғырып отыру сырының түп төркіні де осында болса керек. Орта Азия халықтарының тарихи танымының, ойының одан әрі дамуына аталған мектептердің ықпалының тигенін, сонымен бірге түркі халықтарының ілгері заманнан тарихи ойды дамытуда өзіндік салты мен дәстүрі, мектебі болғандығын атап айту абзал. Оның бірден-бір нанымды көрінісі түркі қағанаты дәуірінен бізге жеткен Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастардағы жазулар.

Ойымыздың дәлелді болуы үшін, ең алдымен, бұл ескерткіштердің дүниенің басқа да аудандарында сол тұста жазылған шығармаларға тән рухта, көтерген қоғамдық жүгі бойынша олармен өзектес екендігін атап айту қажет. Феодалдық

⁴³ Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... — «Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв.». Алма-Ата, 1983, с. 114.

⁴⁴ Сонда.

қоғамның, әсіресе, оның ерте даму кезеңдері тұсындағы негізгі ерекшеліктерінің бірі — саяси бытыраңқылық. Ол қоғамдық тақырыпқа жазылған ортағасырлық шығармалардың ең негізгі мәселелерінің бірі болған. Оның біз көне түркі жазуларынан да нық байқаймыз. Білге қаған елінде ауызбірліктің кемдігіне налып: «...Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсан, аштықты түсінбейсің, сондығың үшін алдандың, қағанның тілін алмадың, жер-жерге бардың, әбден алқындың, арыдың»⁴⁵ — десе, Күлтегін құрметіне қойылған құлпытас авторы «атамыз, бабамыз ұстаған жер-су иесіз болмасын», — деп өсиет айтып, бірақ елінен татулықтың кеткеніне мұнайып: «О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы, бардың, біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Қаның судай ақты, сүйегің таудай жатты, бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күн болды»⁴⁶ — десе, Тоныкөк құлпытасын жаздырушы өз елінің тәуелсіздігіне сырттан төнген қауіпті түсінгенде «түнде ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді»,⁴⁷ — дейді.

Ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлмеген қоғам болмаған. Феодалдық қоғам да (оның бастапқы және дамыған сатыларында да) бұл мәселеден тыс қалған емес. Сол ұрпақ тәрбиесінің негізі де, басты бағыты да өткенде болған өнегелі істерді үлгі ету, бүгінгі тілмен айтқанда, тарихпен тәрбиелеу болған. Көне түркі ескерткіштерінде ел басқару ісінде қағаннан кейін білгелердің тұрғандығы айтылады. «Азғана түркі халқы көшпелі еді, қағаны алып еді, ақылгөйі білге еді»⁴⁸, — дейді. Сөйтіп, азаматтық (әскери емес) биліктің басында қағанның, ал рухани биліктің басында білгенің тұрғанын айтады. Әрине, білге жаңа қалыптасып, нығайып келе жатқан феодалдық катынастар жағдайында қағанның әлеуметтік тірегі екендігі рас. Бірақ сонымен бірге оның белгілі дәрежеде өз заманына лайық идеологиялық тәрбиелік міндет атқарғанын да ұмытуға болмайды. Рухани дамудың әлі де болса балаң заманында оның «білге», демек, өмір таныған көсем атануы да соған меңзейді. Білге қоғам үшін, ең алдымен, әрине, өткен ұрпақ тәжірибесін жетік білетіндігімен және жаңа ұрпақты сол тәжірибеге белсенді түрде баулуымен ерекшеленсе керек.

⁴⁵ Ертедегі әдебиет нұсқалары. Хрестоматия. Алматы, 1967, 36-б.

⁴⁶ Сонда, 37-б.

⁴⁷ Сонда, 48-б.

⁴⁸ Сонда, 47-б.

Көне түркілердің рухани мәдениет саласындағы жетістіктері ізсіз өте шыққан жоқ болатын. Рашид ад-дин Таян хан өткізген үлкен бір жиында Құба-тегин ыжару айтқан жырдан қара сөз түрінде үзінді береді. Онда жырау араларына алауыздық араласқан ағайынды Бұжорық және таян хандарға заманын үлгі етіп, оларды, «теңіздей толқыған» найман ұлысын бірлікке шақырады⁴⁹.

«Юань ши» Шыңғыс колдарының ойранына дейін наймандар ұлысында іс қағаздарының жүргізілгендігін, олардың түркі тілінде жазылып, ханның алтын мөрімен бекітілгендігін айтады. Мөр алым-салық және басқа маңызды іс қағаздарына басылған. Деректер бойынша Таян ханның ең соңғы хатшысы, алым-салық ісін жүргізуші жақын адамы Тататуна деген ұйғыр болған⁵⁰.

Монғолдардың қолына түскен Тататуна енді оларды іс қағазын жүргізуге баулып, ханзадаларды ескі түркі әрпі арқылы монғолша жазып-оқуға үйреткен. Осы арада еске алатын бір жай, яғни егер наймандар монғол тілдес қауым болса, Шыңғыс хан хатшыға «ханзадаларға өз тілінде (демек, монғол тілінде — М.Қ.) ұйғыр әрпімен жазуға үйрет»⁵¹, — деп әмір бермеген болар еді.

Жоғарыда келтірілген және басқа наймандарға байланысты кездесетін деректерден олардың тарихи танымының биік, шешендік өнерін жоғары бағалағандығын, сондай-ақ өз заманына лайық жазу мәдениетінің болғандығын көреміз. Қоғамдық даму дәрежесі бойынша керейлердің де наймандардан кем болмағандығы күмән тудырмайды. Міне, осыған байланысты найман мен керейлердің ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктерін Шығыс түркі қағанаты мәдениетінің мұрагерлері ретінде қарауға негіз бар сияқты. Түркілердің мәдениет, қоғамдық ой, соның ішінде тарихтану саласындағы жетістіктері керей, найман және басқа түркі қауымдары арқылы монғолдарға жетіп, олардың мәдени дамуына айтарлықтай үлкен ықпалын тигізді. Сондай-ақ, біз қарап отырған мезгілде монғол және түркі руларының өзара жақындасуына, бір-бірінің мәдениет, рухани өмір саласындағы жетістіктерін қабылдауға қажет алғышарттар жеткілікті болатын. Олардың ең негізгілері ретінде, біріншіден, екі жақтың да экономикалық және

⁴⁹ Рашид ад-дин. Аталған еңбек. 1 т., 1 к., 136-б.

⁵⁰ Қалырбасов А.Ш. «Юань-ши как источник по истории керситов и найманов. «Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования». 1976-1977. М., 1984, с. 252.

⁵¹ Сонда.

басқа қоғамдық қатынастарының даму дәрежесінің жақындығын, екіншіден, олардың рухани өмірде өзара ықпалды болуына кедергі жасар әлемдік діндерді де әлі де қабылдай қоймағандығын бөліп айту орынды⁵².

Сонымен бірге, біз егер деректерге сүйене отырып, бұл өзара ықпалда XIII ғасырға дейін басымдық түркілер жағында болды десек, шындықтан ауытқымаған болар еді. Оған дәлел ретінде керей, наймандарда негізін Шыңғыс қалаған монғол мемлекеті құрылғанға дейін-ақ ерте феодалдық мемлекеттік бірлік болғанын және жоғарыда айтқандай, жазба мәдениеті қалыптасып, іс-қағазы жүргізілгендігін айтсақ та жеткілікті.

XIII-XIV ғасырларда түркі-монғол халықтары арасында ауызекі тарих дәстүрінің терең тамыр жайғанының нақты айғағы монғолдардың «Күпия тарихы» мен Рашид ад-дин еңбегі болып табылады. Монғол тарихшысы Ш.Бира «Монгольская историография (XIII-XVII вв.)» атты зерттеуінде «Джами атауарихта» көне түркілер мен монғолдар тарихында үлкен көңіл аударылғанын айта келіп, бұл бөлім түгелдей ескі монғол тарих айту дәстүріне сүйенеді»⁵³ деген пікір түйеді. Әрине, белгілі еңбектің алдымен монғолдық жазба және ауызекі деректерге негізделгенін еске ала отырып, бұл пікірдің жалпы шындыққа жақындығын мойындамасқа болмайды.

Сонымен бірге, бұл пікір біржақтылықтан да ада емес. XIII ғасырдағы монғолдар мен шығыс түркілерінің тарих айту дәстүрінде айырмашылықтан гөрі ортақ жайлар басым болды. Оның үстіне Рашид ад-дин еңбегіне берген кіріспе бөлімінде жұмыста баяндалған түркі-монғол халықтарының тарихына байланысты деректерді сол елдердің аса беделді деген шежіре айтушыларынан және өзіне жеткен кітаби еңбектерден теріп, ешқандай еркін бұрмалаусыз, өзгертпей, сол күйінде оқушылар қатарында пулад Чинсан, Газан ханмен бірге болғанын аңғару қиын емес⁵⁴. Осыған байланысты Рашид ад-диннің еңбегі белгілі дәрежеде XIV ғасырға дейін түркі халықтары арасында сақталып келген тарихи деректердің теңдесі жоқ жиынтығы, олардың тарихи таным деңгейінің, тарих айту талғамының, бір сөзбен айтқанда,

⁵² Көшпенділік өмір салты басқа отырықшы елдердегідей діннің терең етек жаюына кедергі болды. Соған байланысты түркі-монғол елдерінде дінни фанатизм өзінің классикалық даму дәрежесіне жеткен емес.

⁵³ Бира Ш. Монгольская историография (XIII-XVII вв.). М., 1978, с. 141.

⁵⁴ Рашид ад-дин. Аталған еңбек. Т.І. кн.І. 47-48, 50, 68, 69, 75-66.

тарихи ойының энциклопедиялық көрінісі ретінде карауға толық негіз бар. Сондықтан да, парсы тарихшысы еңбегіндегі көне түркі және монғол халықтарының тарихы бұл екі халықтың да тарих айту дәстүріне бірдей негізделген деп айта аламыз.

Рашид ад-дин еңбегінде түркі және монғол халықтары арасында тарихи материалдарды есте сақтау және оларды жатқа айту дәстүрінің айтарлықтай жақсы даму алғандығын ескертіп, бұл саладағы деректерді тарихи реконструкцияда пайдалану принциптерін де береді. Ғалымның пікірі бойынша, әрбір халықтың тарихи зердесінде сақталып келген аңыз әңгімелерде берілген деректердің бәрі де құрметтеуге лайық. Олардың ішінде шындық пен жалғанның аралас жүруі де ықтимал, бірақ соған қарамастан тарихшының міндеті белгілі шежірешілер жеткізген деректерді өзгертпей сол күйінде беру⁵⁵. Демек, олардың арасынан тарихи шындықты ажыратып алу – оқушының ісі. Парсы тарихшысы еңбегінің орта ғасырларда, одан кейінгі кезеңдерде де түркі халықтарының арасында өте кең мәлім болып кенінен тарауының бірден-бір себебі де оның түркі тайпаларының көне тарихын беруде тарихи шындыққа жақындығында еді.

«Джами ат-тауарихтың» негізгі деректерінің бірі біздің заманымызға жетпеген «Алтын дәптер» атты тарихи еңбек екендігі белгілі. Мамандардың пікірі бойынша, бұл шығармада монғолдардың шығу тегімен қатар, олармен тығыз байланыста болған түркілердің де шежіресі берілген⁵⁶. Бұл пікірдің жорамалдан шындыққа жақын екендігін Рашид ад-диннің өзінің көрсетуінен анық байқауға болады. Мысалы, ол жалайырлардың монғолдармен қатығысы туралы айтқанда, сол «Алтын дәптерге» сілтеме жасайды⁵⁷. «Алтын дәптердің» монғол феодалдарының, анығырақ айтсақ, Шыңғыс руының ең алғашқы жазба тарихы екендігін еске алсақ, көңілге оның пайда болуына түркілердің тікелей ықпалы тиген жоқ па деген заңды сауал құру тәртібі және жазу мәдениетін игеруде найман, керейлердің тікелей ізбасары болған монғолдардан өз жазба тарихын жасауда да олардан көп нәрсені қабылдауы толық ықтимал. Тіптен «Алтын дәптерді» кезінде найман ханы Таянды қызметте жүргенде түркі руларының шежіресін кітапқа түсіріп,

⁵⁵ Рашид ад-дин. Аталған еңбек. Т.1. кн.1. 47, 48, 50, 56-56.

⁵⁶ Бира Ш. Аталған еңбек, 138-б.

⁵⁷ Сонда. 180-б.

тәжірибе жинаған Тататунанын да жазуы толық мүмкін ғой. Олай болса, «Алтын дәптердін» үлгісі есебінде болған Керей немесе Найман хандықтарында өмірге келген түркі руларының жазба шежіресінің болмағандығына кім кепіл?

Шыңғыс әскерінің түркі руларын жеңіп, ата қоныстарынан ығыстыруы олардың саяси белсенділігінің әлсіреуіне, соның негізінде ескі түркі мәдениетінің біржола құлдырауына әкелді. Тек XIV-XV ғасырларда ғана моңғолдар империясының ыдырауына байланысты түркі халықтарының жана сапада қайта жанданып, дербес ел болып қалыптасып, өздерінің ұлттық тілі мен мәдениетін дамытуға қажет шарттар түзіле бастады. Осы кезеңде түркі елдерінің рухани жаңғыруының басында тұрған алыптардың бірі, түркі әдеби және ғылыми тілге айналуына көп күш жұмсаған Әлішер Науаи «Фархад пен Шырын» дастанында бұл мәселеге өз катынасын мына жолдарда дәл берген еді:

Хорсроумын, Низамимын дей алман,
Шайырлардың тәнірісі Жәмиға да ере алман.

Низами — жеңімпазды, акылы мол,
Берда, Ганжа, румды табындырды ол.

Хосроудың сөзі шырын, тілі бал,
Үндістанды жаулап алды бір өзі ол.

Бүкіл Иран бір Жәмиды тындайды,
Бүкіл араб Жәми сөзін сыйлайды.

Бірақ, бірақ қалың ру, қалың қауым түркілер,
Менің ғана сөзімді естіп іркілер.

...Шираз бенен түрікменнің даласы,
Хорасан мен Қытай шебер арасы.

Қайда жүрсін, түркі сөзін ту етіп,
Сап түзеуге түркілерде бар ерік.

Бұл қисаны шетсіз, шексіз мұн толы,
Жан азабы, биік сезім, сыр толы.

Жаздым үлкен шабытпенен күніге,
Жанға жылы түркі ана тілімде⁵⁸.

Әлішер Науаи өзінің негізгі шығармасы «Хамсені» түрікше жазды. Ұлы ойшылдың сенімі бойынша тек осы тіл ғана оның бар болмысын, арман-тілегін, мақсат-мүддесін толық жеткізе алатын еді. Қайшылыққа толы катал заманында тек түркі ғана оны этникалық, рухани бесігі, ең қымбат асылы — туған халқымен мәңгіге біріктіре алатын еді.

Бірнеше жүз жылдық үзілістен кейін жаңа сапада түркі тілінің халықтарының саяси белсенділігінің өсуінің, этникалық, мәдени дербестікке ұмтылуының айқын көрінісі болатын. Егер бұл сапалы құбылысқа халықтардың өзін-өзі тану (самосознание) санасының оянуы деп қарасак, ол процестің қоғамның барлық әлеуметтік бөлігін қамтығаны, сондай-ақ, ол бір күндік немесе бір жылдық эмоциялық сілкініс емес, халық өмірінің ең тереңінен бастау алып, өніп-өсіп отырған, мұқалмас нақты күш болғандығы да даусыз. Халықтың қабағын бағып отыруды әдетіне айналдырған билеуші феодалдық топтар, әрине, бұл өзгерістерді елемей қалған жоқ, қайта оны өздерінің таптық мүддесіне пайдалануға тырысты. Осы мақсатта хан-сұлтандардың нұсқауы бойынша араб, парсы тілдеріне түркіге Шыңғыс тұқымының мәңгі билігін дәріптейтін аудармалар жасалынды, сондай-ақ, түркі тілінде осы мазмұндағы жаңа еңбектер жазыла бастады. Мысалы, «Қыпшақ хан тарихының» көрсетуінде Дашт-и Қыпшақ ханы Шах-Будагтын (XV ғ.) нұсқауы бойынша оның сарайында парсыдан түркіге еңбектер аударылған⁵⁹. Ал оның ұлы Мұхаммед Шайбани хан (XV-XVI ғ.ғ. бас кезі) өзі түрікше шығармалар жазып және сол тілге белгілі кітаптарды аудартқан. Өз еңбегін XVII ғасырдың орта тұсында жазған шайбанид Абылғазы хан сол кезеңге дейін-ақ түрікше біраз еңбектердің болғандығынан хабар беріп, өзі де «Түрік шежіресін» сол тілде, яғни бес жасар балаға дейін түсінікті болса екен деген ниетпен жазғанын айтады⁶⁰. Ол еңбегіне берген алғысөзінде: «... о некоторых династиях держав, основанных потомками Чингиз

⁵⁸ Навои Алишер. Поэмы. Перевод со староузбекского (М., 1972) деген кітаптың 328-329-беттерінен алып, өзіміз қазақшаға жолма-жол аудардық.

⁵⁹ Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969, с. 393.

⁶⁰ Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Т. III, ч. 1. История Абуль-газы, IX, с. 1.

хана, есть по десяти летописей, о других по двадцати, о иных по тридцати летописей. В настоящее время у меня убогого подрукою есть восемнадцать свитков, в которых заключаются исторические рассказы о потомках Чингиз-хановых, властвовавших в Иране и Туране»⁶¹, – дейді.

Абылғазы ханның билікке келгенге дейінгі күрес барысында Түркістанда Есім ханның үйінде қонақта болғандығы мәлім. Демек, Абылғазы баһадүр казак хандарының да шежіресімен таныс болды деп сенімді айта аламыз.

Орта Азия мен Қазақстандағы жеке халықтардың өзара терең тарихи байланыстарын былай қойғанда, осы аймақтағы барлық мемлекеттік бірліктерді билеп-төстеуші Шыңғыс тұқымдары, сұлтандардың арасында да генеалогиялық тығыз байланыстың болғандығы белгілі. Демек, казак хандары мен сұлтандары сарайларында да шежірелер оқылып, шежірелердің жазылуы заңды құбылыс. Сонымен бірге хан-сұлтандардың, дала аксүйектерінің белгілі дәрежеде сауаттылықты бағалауы, өз балаларына уақыт талабына сай білім беруі, сол мақсатта араб, парсы тілдерін, шарифат заңдарын жетік білген мұсылманша сауатты дін қызметіндегі адамдардың және шағын кітапханалар ұстауы – дамыған феодалдық қоғамға тән құбылыс. Себебі қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі, қоғамның жалпы мәдени дәрежесінің өсуі жағдайында жалғыз күшке сүйену өзін-өзі толық ақтаудан қалған болатын. Шыңғыс және оның ұлдарының жүргізген жаугершілік заманында пайда болған рулық, тайпалық араласудың орнына енді сапалы жаңа кезең – халықтық бірлік кезеңі келе жатыр еді. Жаңа заман, жаңа қатынастардың өз талап-тілегі бар, соның бірі мұсылманша сауаттылық болатын.

XVI ғасырда казак даласы аксүйектері арасындағы сауаттылықтың бірден-бір көрінісі Азия музейінде, кейін Шығыс институтында сақталған Оразмұхаммедтің сандығы. Академик Әлкей Марғұланның көрсетуі бойынша ол сандықта «Насап наме», «дастан Едіге би», «дастан Айса ұлы ямет», «дастан Ақсақ Темір», «Сиыршы», «дастан Қозы Көрпеш-баян сұлу», «Тарихи Рашиди» және тағы басқа кітаптар сақталған⁶². Ә.Марғұлан шығыстанушы-ғалым академик Френнің көрсетуіне сүйене отырып, бұл сандықта

⁶¹ Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Т. III, ч. 1. История Абуль-газы, IX, с. 1-2.

⁶² Марғұлан Ә. «Күміс сандық құпиясы». - «Қазақ әдебиеті», 1981, 1 қаңтар, 14-15-бб.

сонымен бірге көптеген қазақ шежірелерінің де болғандығын айтады. Олардың ішінен «Қиян Домбауыл Мөрген шежіресі», «Алаш мыңы», «Үйсін Майқы би шежіресі», «Қыпшақ кіреулі шежіресі», «Едіге би шежіресі» сияқты еңбектерді бөліп атайды⁶³.

Бұл шежіре, дастандарды тек хан-сұлтан төңірегімен шектеу, әрине, үлкен ағаттық болар еді. Олардың көбінің аты, соған байланысты демократиялық сипаты сауаттылықтың қалың халыққа да тым жат болмағандығын байқатады. Дастан, шежірелердің негізгі жаратушысы да және кең таратушысы да, ең алдымен, әрине, халық болды.

Міне, осы келтірген фактілер мен тұжырымдар Қадырғали би еңбегінің негіздерін тұйық, анахронистік оқа жағасындағы Қасым хандығына ғана емес, сонымен бірге Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өзгерістерден іздеуді талап етеді. Мәселені бұлай қарау шығарманың табиғатына сай келіп, еңбектің деректік мәнін тура түсініп, бағалауға көмектесері сөзсіз. Бұл жалпы марксистік тарих ғылымында қалыптасқан принцип.

Сонымен Қадырғали еңбегі — Орта Азиялық тарихи шығармалар дәстүрінде, сол арнада жазылған еңбек. «Жинақ» мағынасы мен структуралық құрылысы жағынан «Тауарих-и Тузида-йи Нусрат-наме» (XVI ғ.), Өтемиш қажының «Чингиз-наме» (XVI ғ.), Абылғазы «Шаджара-йи түрк ва моғұл» (XVI ғ.), «Тарихи Қашғар» және басқа Орта Азиялық және Шығыс Түркістандық тарихи еңбектерді еске салады.

«Жинақ» өзінің композициялық құрылысы жағынан үш бөлімнен тұрады: 1) «Бориске арнау»; 2) Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармасы; 3) Урыс ханнан Оразмұхаммедке дейінгі Шыңғыс тұқымдарының тарихы. Тек бір дастанда ғана белгілі алтынордалық қайраткер Едіге қызметі баяндалады.

Қадырғали би жұмысының деректік негізі туралы еңбегінің сонында былай дейді: «Бұл тарихтың (жазылуына) себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасына (бері) құлдық қыла келген жалайыр тарақ тамғалы еді. Парсы тіліндегі «Чингиз-наме»* кітабынан түркі тіліне аударды, ал кейінгі

⁶³ Марғұлан Ә. «Күміс сандық құпиясы». - «Қазақ әдебиеті», 1981, 1 қаңтар, 14-15-бб.

*Бұл арада Қадырғали би «Чингиз наме» деп «Джами ат-тауарихтың кең тараған екінші атын айтып отыр. Еңбектің Тегеран музейінде берілген тізімінде оның аты «Китаб Чингиз наме» делінген. — Рашид ад-дин Фазуллах. Джамии ат-тауарих (сборник летописей). Т. III. Перевод с персидского языка А.К.Арендса. Баку. 1957, с. 12.

замандар (туралы) өз естіп-білгенін Алла тағала жәрдем беріп теріп жазды...»⁶⁴.

Қадырғали би еңбегінің кіріспе бөлімінде «Джами ат-тауарих» кітабының бірінші «бөлімі бірінші тарауы» деп деректің негізгі атын анық айтады. Сонымен автордың көрсетуі, сондай-ақ еңбектің мағынасы аудармаға негіз ретінде Рашид ад-дин еңбегінің Орта Азия, не болмаса Еділ бойына жеткен бір көшірмесі алынғандығын дәлелдейді.

Қадырғали би Рашид ад-дин еңбегін толық аударған емес. Негізінен ол «Джами ат-тауарихтың» екі кітаптан тұратын бірінші бөлімінің қысқартылған нұсқасын береді. Мұнда түркі-монғол тайпаларының Шыңғыс хан империясы құрылғанға дейінгі қоғамдық өмірі, Шыңғыстың тоғызыншы атасы Бұланжардың өмірге келуі және оның Шыңғысқа дейінгі ұрпақтары жайлы аңыз, Шыңғыстың өмірбаяны және оның Газан ханға дейінгі ұрпақтарының тарихы баяндалады. Шыңғыстың Яса-зандарын қосқанда мұнда барлығы 24 дастан берілген.

Аудармада объективті себептерге байланысты орын алған кемшіліктер бар екендігін айта келіп, сонымен бірге оның өн бойынан нағыз жазушылық, аудармашылық таланттың ұшқындарын байқауға да болады. Қадырғали би «Джами ат-тауарихты» еркін аударып қана қоймай, ұлы шығармада берілген адам, өзен-су, жер аттарына да анықтаулар енгізген, сондай-ақ халық арасында өз заманына дейін сақталып келген деректерге сүйене отырып, ол Рашид ад-дин еңбегінің қайсыбір детальдарын толықтыра түскен. «Джами ат-тауарихты» орыс тіліне аударушылардың бірі А.А.Ромаскевич Қадырғали бидің осы бағыттағы еңбегі туралы былай дейді: «...при установлении чтения собственных имен хулагуидских ханов очень много помог татарский текст «Сборника летописей», изданный И.Н.Березиным»⁶⁵.

«Жинақтың» тікелей өзі жасаған бөлімінің деректік негізі туралы Қадырғали би ашып ештеме айтпағанымен, арагідік өз заманында ел арасында кең тараған еңбектерге сүйенгендігін білдіріп отырады. Мысалы, Темүр Құтлу хан туралы дастанда: «Ол

⁶⁴ Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Т. II. ч. I., Сборник летописей., с. 169-170.

⁶⁵ Рашид ад-дин Фазуллах. Джамии ат-тауарих. (Сборник летописей) Т. I, кн. I. с. 13.

туралы хикаялар арнайы дастандарда әр жерлерде кездеседі»⁶⁶, — дейді. Не болмаса, Едіге бек туралы дастанында: «Ол туралы оған арналған дастандарда, әр жерде кітаптарда болу керек»⁶⁷, — дейді. Міне, осыған байланысты Қадырғали би шығармасының бұл бөлігін жазуды дерек ретінде қазақ және татар халықтары арасында кітап түрінде кең тараған тарихи еңбектерді пайдаланған деп айта аламыз. Оған жоғарыда келтірген Оразмұхаммед сандығындағы кітаптар құрамы дәлел бола алады. Олар туралы Ә.Марғұлан: «Мұнда, дастан» деп жазылған кітаптардың аттары тегісімен Қадырғали Жалаиридың жазғаны сияқты, соның стиліне келеді»⁶⁸, — дейді.

Сонымен, Қадырғали би еңбегі — ортағасырлық түркі жазба тарихи дәстүрі арқасында кезеңдегі мәдени дамудың деңгейі мен сипатына сай жазба тарихпен қатар, жатқа тарих айту дәстүрін де жақсы меңгерген автор. Ал ол өмір сүрген тарихи кезеңде көшпелі түркі қоғамдарында қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде ауызша тарих айту дәстүрінің гүлдеу дәуірі еді. «Жинақта» берілген шежірелік материалдар, түркі халықтары арасында кең тараған Едіге жайлы эпостан үзінді, пайдаланылған мақал-мәтелдер соның айғағы. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қадырғали би еңбегі — жазба және ауызекі тарих айту дәстүрлерінің өзара ықпалының тамаша көрінісі. Сондықтан да еңбекке белгілі бір тарихи кезеңде қатар даму алған осы екі дәстүрдің бірдей үлгісі ретінде қарау оның деректік сапасын тура бағалауға көмектесері даусыз.

«Жинақтың» астарлы ойы, жазу стилі, көркем тілі оның авторының талантын құр қол еместігін, заманында қазақ қоғамында белгілі би, халықтың жүріп өткен жолын жақсы білген шежіре адам болғандығын білдіреді. Сондай-ақ Қадырғали бидің өзі өте жақсы меңгерген ана тілі түркіден басқа, парсы тілін біршама жетік, ал араб, орыс тілдерін де білгендігі байқалады. Міне, осы қасиеттер оған тайпалық одақтан халықтық бірлік жолына түскен қазақ қоғамының алғашқы жылнамаларының бірі болуға көмектесетіндігі сөзсіз. Академик Ә.Марғұланның сөзімен айтсақ, Қадырғали бидің еңбегі — қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі. Оның артында қалдырған мұрасы осындай қорытындыға негіз бола алады.

⁶⁶ Березин И.Н. Библиотека., с. 159.

⁶⁷ Сонда, 161-б.

⁶⁸ Марғұлан Ә. «Күміс сандық құпиясы...», 14-15-бб.

Қазақ халқының ғылыми тарихын жасауда осы уақытқа дейін аз жұмыс жасалынған жоқ. Халықтың жүріп өткен жолының ғылыми реконструкциясын жасауда шешуші орын деректерге, соның ішінде, әсіресе жазба деректеріне тән екендігі мәлім. Осыған байланысты қытай, араб, парсы, орыс және ескі түркі тілдерінен аударылып жеке кітап болып басылып шыққан жинақтардың маңызы өте зор.

Сонымен бірге, кез келген халықтың нағыз ғылыми тарихын жазу, ең алдымен, сол халықтың өзі жасаған деректерді толық меңгермей мүмкін емес екендігі де талас тудырмаса керек.

Әрине, ауызекі тарихтың (устная историология) жазба деректері, соның негізінде жазылған ғылыми еңбектердің алдында әлсіз жақтарын асыра бағалауға болмайды. Жазба тарихтың аты жазба тарих, бұл — аксиомалық шындық. Бірақ көшпелі тұрмыс жағдайында қоғамдық қажеттіліктен туып, сонау Қытай қабырғасынан Еділге дейінгі үлкен кеңістікті мекендеген түркі-монғол халықтарының мындаған жылдық өмірлік тәжірибесінен сусындап дамып, жетіліп отырған ауызекі тарихтың елеуге тұрарлық қырлары мен сырларын мойындамау қателік болар еді. ХІХ ғасырдың орта тұсында жаппай сауаттылыққа қолы жетпегенмен, көкірегі ояу қазақ халқының тарихи танымының ерекшелігі туралы Шокан Уәлиханов өзінің орыс оқушыларына былай деп жазған еді: «Нет ни одного достопамятного события, ни одного замечательного человека со времени самобытной жизни этого народа, воспоминание, о котором не осталось бы народной памяти. Один воспет импровизатором, имя другого обессмертил в памяти предков какой-нибудь бессмертный знаменитый музыкант-чебезгичи или кобузчи. Каждый почетный киргиз родоначальник знает всю генеалогию своего рода и, чтобы быть благовоспитанным и порядочным человеком, усердно изучает народное право под руководством старого бия, пользуясь в народе репутацией, юридическою известностью, и совершенствуется в красноречии, приобретая на память множество поговорок, пословиц, забавных анекдотов употребляя их для украшения своих речей... Но увы, через десять лет мы можем сказать только: так было прежде; так стильно изменяется народ наш»⁶⁹.

Ал бұдан сәл ертерек, 1846 жылы қазақ даласын аралап онын

⁶⁹ Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие. Собр. соч. В пяти томах. Т. 2, Алма-Ата, 1985, с. 157-158.

өмірімен жакын танысқан айдаудағы поляк революционер-демократы Адольф Янушкевич казак жырау, акындарының танымдық өресі туралы: «Это киргизские трубадуры, барды степи, великие поэты, импровизации которых, как и талант исполнения, часто присущий киргизам, прекрасно свидетельствуют об умственных способностях этого народа...»⁷⁰, — дейді. Сол сапарында көкшелік Орынбай мен Жанактын айтысында болып, олардың айтысының қысқаша мазмұнын баяндай келіп, Жанак акынның жандарал мен байлардың ерлігін айт дегеніне Орынбай акынның берген жауабы туралы былай дейді: «Желая доказать, что он все это знает, как молитву... Орынбай прыгнул со своей домброй не дальше и не ближе, как к сотверению мира, и начав от адама, воздал славу каждому из патриархов... потом переплыв в Ноевом ковчеге воды потопа, бросился с вершины Арарата на библейскую древность, не пропустив ни вавилонского Навуходносора, ни фараонов Египта; наконец, неудержимый, словно Ниагарский водопад, запел о каждом из знаменитых мужей, которых встречал по дороге, и не передохнул ни минуты в течение часа, счастливо добрался до самого Магомета. Этот ураган песни, нависший над последними десятиями веками, вот-вот должен быть на головы героев исламизма и разбиться мелодичными брызгами над киргизской Ордой...»⁷¹.

Бұл келтірілген пікірлер кішкене болса әсірелеуден ада, шындыққа негізделген пікірлер болатын. Қазак қоғамында өткенді білу, тарихқа құрмет азаматтық сананың іргетасы есебінде бағаланды. Әрине, халықтың, оның жана буынының тарихи зердесін тәрбиелеу қазіргі дамыған қоғамдағыдай белгілі бір жүйеге түспегенімен, бірақ сол қоғамның талабына сай мындаған қатынастарға бойы қалыптасып, көшпелі феодалдық қатынастарға бейімделіп, жетіліп отырған тарихпен тәрбиелеу әдісі болған жоқ деп ешкім айта алмайды. Түн ұзақ маздаған ошак басында ата мен немеренің, әке мен баланың, ақ бас қария мен уыз жастың арасында айтылған аңыз-әңгімелер, арнайы жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа, ауылдан-ауылға ауысып отырған шежіре сол жүйенің негізгі элементтеріне жатады. Ал үлкен жиын-тойларда, үш жүзді бірдей қамтыған ұлы астарда міндетті түрде өткізіліп отырған үлкен

⁷⁰ Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966, с. 64-65.

⁷¹ Сонда, 69-70-66.

ақындар айтысы да сол қалыптасқан жүйенің маңызды бір саласы болып табылады.

Қазақ және басқа түркі тіліндегі халықтарға шежіре айту көне түркі қағанаты, мүмкін, одан да ерте замандардан жеткен. Оның сол ерте уақыттарда-ақ айтарлықтай даму алғандығының бірден-бір көрінісі, жоғарыда айтылғандай, Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарихында» берілген түркі-монғол тайпаларының шежіресі. Рашид ад-дин түркі халықтарының ерте кезден-ақ тарихи таным саласындағы үлкен жетістіктерін және мұндай дәстүрдің міндетті түрде үзіліссіз жүргізіліп отырғанын, сондай-ақ өз еңбегін жазуда түркі халықтарының беделді өкілдерінің көрсетулеріне сүйенгендігін айтады⁷².

Дегенмен, бұл арада ауызша тарих айту дәстүрінің ерекшеліктері туралы емес, керісінше, сол қазақ халқының өз өкілінің қаламынан туған жазба тарихи еңбек хақында. Ал XVI және XVII ғасырларға тән сол қоғамның өзінен шыққан басқа авторға тиесілі кітаби еңбектердің жоқ екендігін еске алсақ, онда Қадырғали би «Жинағының» орны айқындала түседі. Әрине, біздің автордың қазақ тарихына қатысты берген мәліметі соншалықты көп десек, асыра бағалауға ұрынар едік. Бірақ «Жинаққа» тиесілі азын-аулақ мәліметтердің өзінің ғылыми маңызы өте құнды, оларды басқа деректік ескерткіштердегі мәліметтер ауыстыра алмайды деуге де болады. Өйткені, Қадырғали мәліметтері қазақ қоғамына тән процестерді сырт көз арқылы емес, (белгілі деректердің басым бөлігі осы сипатта) іштен қарауға көмектесе алады. Қадырғали би еңбегінің құндылығы да, ең алдымен, осы сапасына байланысты, қазақ тарихына қатысы бар басқа ортағасырлық деректерден айырмашылығы мен артықшылығы да оның осы қырынан туындайды. Белгілі орыс тарихшысы В.О.Ключевский Россия тарихына байланысты шетелдік авторлардың тарихи фактінің, қоғамдық өмірдің негізінен сыртқы көріністерін ғана тура баяндай алатындығын айта келіп: «Напротив, известия о домашней жизни, о нравственном состоянии общества не могли быть в такой степени верны и полны: эта сторона жизни менее открыта для постороннего глаза и притом к ней менее нежели к другим сторонам народной жизни приложима чужая мерка»⁷³, — дейді.

⁷² Ключевский В.О. Сказание иностранцев о Московском государстве. М., 1916, с. 8, 9, 21.

⁷³ Рашид ад-дин. Аталған еңбек, т. I, кн. I, 67-68-бб.

Бұл кез келген елдің тарихын жазуда басшылыққа алуға лайық принциптік ой еді.

Қадырғали би еңбегіндегі қазақ тарихына тікелей қатысы бар деректердің бірі мына жолдарда берілген: «Қанлы қауымы болады екі сан. Алаш мыңы қауымы болады үш сан. Қатағанин қауымы қазіргі заманға дейін үлкендерін біледі. Ал алаш мыңы арасындағы ұлығы тарак тамғалы жалайыр болады.

Шыңғыс хан заманынан (бері) бір мәртебеден (үлкендік) Тебре бекке тиді, одан Шейх Софы бекке, одан айтулы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді, одан Карач бекке тиді, одан Тонка бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар. Узбекия арасында мағлұм мәшһүр⁷⁴.

Қазіргі Қазақстанның оңтүстігін, Талас, Қаратау және Сырдың бойын мекендеген Қанлы және Қатаған — ертеден белгілі тайпалар. Шығыс деректері, монғолдардың «Құпия тарихы» бойынша, қанлылар қыпшақтармен бірге Шыңғыс хан шабуылына дейінгі Қазақстан жеріндегі ірі қауымдар қатарына жатады. Бертін қанлылар Ұлы жүз құрамында қазақ халқын құрған тайпалардың бірі болса, қатағандар туралы оны айту қиын. Бахр ал-асрардың көрсетуі бойынша, XVI ғасырдың соңына қарай қазақ-моғұл қалқығысулары кезінде қатаған қауымының біразы Сұлтанғазы сұлтан басы болып Қашқарияға кеткен⁷⁵. Ал, Абылғазының көрсетуіне қарағанда, XVII ғ. басында қатағандардың қалғаны Ташкентті билеуші қазақ ханы Тұрсынмұхаммедтің қол астында болып, Есім хан мен Тұрсынмұхаммедтің қол астында болып, Есім ханмен болған соғыста біразы ханымен бірге опат болған⁷⁶.

Енді осы келтірілген үзіндіде Қадырғали би әңгіме етіп отырған «Алаш мыңы» кім, соған көңіл аударайық. Егер «Жинақпен» шамалас уақытта жазылған еңбектерді оқысақ, біз қазақ қауымының аты ретінде алынған «алаш», «алаш мыңы» деген ұғымдарды кездестірмейміз. Мұндай терминдердің сол кезеңге тән шығармаларда кездесуі де толық ықтимал. Бірақ бізге белгілі беделді авторлар Мұхаммед Хайдар Дулат, Махмуд бен Вали, Шах Махмуд Чорас және басқалар қазақ қоғамына байланысты өзбек-қазақ не болмаса қазақ деген сөздерді пайдаланған.

Моғұл қатынасына байланысты қазақтардың саяси тарихына

⁷⁴ Березин И.Н. Библиотека..., с. 171.

⁷⁵ Материалы по истории казахских ханств..., с. 326.

⁷⁶ Сонда.

үлкен көңіл аударған Мұхаммед Хайдар Дулат Дашт-и-Қыпшақты сол кездегі екінші атымен Өзбекстан атап, оның оңтүстік шығыс шекарасы Балқаш көліне дейін жеткендігін, ал казактардың ол уақытта өзбек-казак атанғанын әңгімелейді⁷⁷.

Бұл Әбілқайыр хандық құрған мезгілден бастап (XV ғ.) өзбек қауымының бүкіл Дашт-и Қыпшак өлкесінде қуатты саяси-этникалық күшке айналған кезеңіне тұс келеді. Соған байланысты біраз уақытқа дейін (шамамен XVII ғ. екінші жартысына дейін) Дашт-и Қыпшақтың екінші жанама аты Үзбекстан, Үзбекия болғаны деректерден белгілі.

Дашт-и Қыпшақтың XVII ғ. бас кезінде арагідік Үзбекия атанғанын Қадырғали би еңбегінен де аңғарамыз. Ол жоғарыда көрсеткендей, Алаш мыңы арасында жалайыр тайпасының алатын орнын айта келіп, бұл бүкіл «Үзбекия арасында мағлұм, мәшһүр»⁷⁸ — дейді. Міне, осы көрсетулердің бәрі казактардың көптеген тайпалық қауымдардан тұрған Әбілқайыр ұлысынан сараланып шыққандығынан хабар берсе керек. Кезінде бұл бөлініп шыққандарды Дашт-и Қыпшакта «казак» атаған. Бұл туралы — Тарих-и рашиди» былай дейді: «Когда Абул-Хайр-хан полностью подчинил себе Дашт-и Кипчак «некоторые султаны джучидской династии обонянием прдусмотрительности почуяли веяние (надвигающейся) беды с его стороны и решили предотвратить ее. («с этой целью) несколько султанов — Кирайхан, Джанибек-султан и им подобные с немногочисленным количеством людей, бежав от Абул-хайр-хана, прибыли в Могулистан...

Так как они (Кирай и Джанибек) сперва, бежав и отдалившись от своего многочисленного народа, некоторое время пребывали в беспомощности и скитаниях, их и прозвали казахами, и прозвище это закрепилось за ними»⁷⁹.

Мұхаммед Хайдардың бұл көрсетуінен «казак» есімінің казак қауымына сырттан берілгендігін аңғару қиынға соқпайды. Басқаша айтқанда, бұл арада «казак» — өзге жұрт берген есім (иноназвание). XVI-XVII ғасырлардағы Орта Азиялық және Шығыс Түркістандық көрші жатқан елдерден шыққан тарихшылардың бәрі де казак халқын осылай атайды.

Міне, осыған байланысты казак қоғамынан шыққан Қадырғали

⁷⁷ Материалы по истории казахских ханств. с. 195, 219.

⁷⁸ Березин И.Н. Библиотека... с. 171.

⁷⁹ Материалы по истории казахских ханств..., с. 221-222.

бидің өз елін «Алаш мыңы» атауы ойландырмай қоймайды. «Қазақ» сөзінің этимологиялық, әлеуметтік негізімен өте көп айналысқан Шоқан Уәлиханов Қадырғали биден «қазақ» сөзін таба алмағанына үлкен өкініш білдірген. Біздің пікірімізше, Қадырғали би еңбегінен «қазақ» атауын іздеудің де қажеті жоқ. Өйткені ол кез қазақтар өздерін көрші халықтар берген атпен (иноназвание) атамай, өз ішінде қабылдаған, алғашқы халықтық өз атымен (самоназвание) атайтын. Ал ол ат «Алаш мыңы», кейінірек «Алаш» еді.

Қазақтардың өздерін «Алаш» атағанын жалғыз Қадырғали би еңбегінен ғана емес, XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген, қазақ қауымынан шыққан ақын-жыраулардың шығармаларынан, сондай-ақ, халық арасында соңғы уақыттарға дейін сақталып келген аңыз-әңгімелерден, бай шежірелерден де анық байқауға болады. Солардан бірер мысал келтірейік. XVI ғ. саяси оқиғаларына белсенді түрде ат салысқан, қазақ ақындық өнерінің басында тұрған жыраулардың бірі Шалкиіз: «Алаштан байтақ озбаса, арабыдан атты сайлап мінбенді»⁸⁰, — дейді. XVI ғ. соңы мен XVII ғ. алғашқы жартысында өмір сүрген Шалкиіздің ізбасары, Қадырғали бидің замандасы Жиёмбет жырау Есім ханның жасаған зорлығына налып: «Арқаға қарай көшермін, алашыма ұран десермін»⁸¹, — дейді. Заманындағы қазақ қоғамының саяси жағдайын өз шығармашылығында сонша дәл бере алған бұл азамат ақындардың айтқандарының қазақ тарихы үшін деректік мәнін елемеске болмайды.

Қазақтардың бастапқы халықтық аты «алаш» болғандығы жайлы аңыздар да көп тараған. Олардың өзара кейбір өзгешеліктеріне қарамастан мазмұны ортақ болып келіп, негізгі түйіндері мынаған саяды: 1) іргелі ұлыстан туыс тайпалар бөлініп шығады; 2) олар өз ерлігімен, өжеттігімен күн көріп, байтақ елге айналып өзге көршілерін мойындатады; 3) ақылды, батыр Алаша жаңа жұртқа хан болады және оны үш жүзге бөледі.

Осы тақырыпқа айтылған аңыздардың бірін Ш. Уәлиханов «Қырғыз шежіресі» еңбегінде келтіреді. Онда бір ұлыстан бөліне көшкен елдің Алаша есімді хан сайлап, көбейіп, елге айналып, өз еркіндігін қорғап, басқа елдерге өздерін танытып, кейінірек сол алғашқы ханының есімімен аталып кеткендігі жайлы аңыздан үзінді беріп, бұл аңыздың халық арасында кең тарағандығы

⁸⁰ Бес ғасыр жырлайды. I-т., Алматы, 1984, 41-б.

⁸¹ Сонда, 58, 61-б.

соншалық, оны өзін ақсақал санайтын кәрі-құлақ қазақтың кез келгені біледі дейді⁸². Ғалымның бұл сөзін «Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы» деген көне мәтел толықтыра түскендей.

Аталған еңбегінде Ш.Уәлиханов 1392 жылы әмір Темірдің Алтын Орда ханы Токтамышқа қарсы жорығында Сырдың солтүстігінде Қаракұмда отырған қазақ ұлыстарын тонап, олардың хандары Әмет пен Сәметті дарға аскандығын, ал бұл хандардың Алаша хан ұрпағы екендігі жайлы деректер береді⁸³. Ш.Уәлиханов шежірелер көрсетуіне сүйене отырып, Алаша хан ұрпағы Әмет пен сәметтің өлімімен таусылып, олардың орнына Орыс хан ұрпағы келгендігін айтады⁸⁴.

Бұл арада Алаша хан өмірде болған, ал қазақ елі оның атын алған деп ой түюден алыспыз. Сонымен бірге халық санасына соншама терең орныққан бұл аңыздан шындықтың нышанын көрмеу де қателік болар еді. Қалай болғанда да «Алаш» аңызы кейінірек қазақ атанған көшпелі туыс тайпалардың шаруашылықтық, территориялық, тіптен этникалық тұтастыққа және дербестікке ұмтылған алғашқы балаң кезеңдерін еске салады. Оның халық есіне терең орнығып, ұзақ сақталуы да осыған байланысты болса керек. Өз тарихи жолындағы аса маңызды оқиғаларға зерек халық тек керегін ғана екшеп, теріп отырған.

Егер «алаш» атын бір халықтың алу себебіне келсек, бұл жалпы ортағасырлық құбылыс екендігін ұмытпаған жөн. Қазақ шежіресі әрбір ру, тайпаның болуын белгілі бір адам атымен, ру не тайпа басы есімімен байланыстырады. Рашид ад-дин еңбегінен де көптеп келтіруге болады. Егер бері жақынырақ кезеңдерге келсек, маңғыт қауымының Алтын Орда қолбасшысы Ноғай есімін, ал Дашт-и Қыпшақ өзбектерінің Алтын Орда ханы Өзбек есімін алғандығы мәлім. Түрлі рулық қауымдардың бірігіп, этникалық тұтастыққа айналу процесінің алғашқы кезеңдерінде олардың жинақ атының болмауына байланысты ортағасырлық саяси бөлу мен атауларға сай ол ұлыс (не одақ) басында тұрған хан не әскер басы атымен аталуы объективті, заңды құбылыс болатын.

«Алаш» жұртының «қазақ» атануы, әрине, бір күннің нәтижесі емес. Дашт-и Қыпшақ жұрты берген бұл есім «алаш» арасында бірден орныға қалмай, ұзақ уақыт сырттан таңылған жанама есім

⁸² Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие, с. 158-159.

⁸³ Сонда. 161-б.

⁸⁴ Сонда.

ретінде көңілге қонымсыз, құлаққа жайсыз қабылдануы да толық ықтимал. Тек кейінірек алғашқы «алаш» одағының кенеюі, оның бастапқы «алаштық» ауқымынан асып жана кезеңде халықтық сапаға көтерілуі енді оның этникалық құрамына біржола енген барлық рулардың ортақ, жинақы «қазақ» атын қабылдауына негіз болды. Дегенмен сол алғашқы атау бүкіл халықтың қалыптасуына негіз болған одақтық ұйым ел есінде ұзақ уақыт сақталып қалды.

Қадырғали би «Алаш мыңын» құр атап қана қоймай, оны үш ірі санға бөледі. Бұл үш сан еске еріксіз үш жүзді салады. Егер осы үш санды үш жүз деп алсақ, онда «Жинақтың» көрсетуі жүздік бөлу қазақ қоғамында XI ғ. болған деген ойды қосымша анықтай түседі. Сонымен бірге, егер осы уақытқа дейін деректердегі жүздік бөлу туралы ең алғашқы мерзім есебінде 1616 жыл алынып жүрген болса, Қадырғали би көрсетуіне байланысты енді ол мезгіл бері дегенде 1602 жылға дейін шегеріледі.

Қадырғали би көрсетулеріндегі келесі көңіл аударарлық жай: ол Алаш маңымен қатар дербес этникалық қауым ретінде қаңлылардың аталуы. «Жинақ» авторы олардың да екі қорытынды — қазақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың XII ғ. бас кезінде әлі де болса бірігу процесінің толық аяқталмағандығы.

«Жинақ» авторы, сондай-ақ, қаңлы, қатаған, алаш мыңы қауымдарында өз ішінде жолға бөлушілік болғандығын, ал ол бөлушіліктің бері дегенде XIII-XIV ғ. басталғандығынан дәлелді хабар береді. Ол туралы: «Қатаған қауымы қазіргі заманға дейін (жолы) үлкендерін біледі. Ал Алаш мыңы арасында ұлығы тарак тамғалы жалайыр болады»⁸⁵, — дейді. Қадырғали би одан ары Алаш мыңы арасында осы үлкендікті (жолы үлкен мағынасында — М.К.) бірінен соң бірі үзбей жалғастырып отырған нақты алты кісінің атын атайды. Олар ілгеріден бері Тебре бек, Шайхы Софы бек, Айтулы бек, Итбаға бек, Қараша бек және Тонқа бек Алаш мыңының ағасы болып келген осылар дейді⁸⁶.

Бұл арада анық нәрсе белгілі бір одаққа енген ру-тайпалардың жолы үлкен-кішісін анықтау түркі тілдес тайпалар арасында тым ертеден келе жатқан дәстүр екендігі. Мұндай жіктеудің белгілі бір қоғамдық қажеттілікке байланысты пайда болып, феодалдық қоғамдық қатынастар жағдайында руаралық қатынастарды реттеудің бірден-бір құралы болғандығы аян. Сонымен бірге бұл

⁸⁵ Березин И.Н. Библиотека..., с. 170-171.

⁸⁶ Сонда.

жіктелуді, ең алдымен, үстемдік құрушы феодалдық топтардың дамыған феодалдық жағдайында бұл ортағасырлық институттың қоғамдық дамудың елеулі кедергілерінің біріне айналғандығы белгілі жай.

Ал Қадырғали би еңбегіндегі жалайыр тайпасының Алаш мыңы арасындағы үлкендігіне келсек, онда мынадай фактілерді еске алуға тура келеді. Жалайыр үшін талас қоныс аударуға мәжбүр болған сұлтандардың әрекетінен бүтін бір халықтың қалыптасу себептерін іздеу — методологиялық қателік. Бұл арада тарихшының айтқан ойларын, берген деректерін тек оның заманы контекстінде және одан бергі аралықтағы өзгерістерге байланысты қарау мәселені толығырақ түсінуге көмектесері сөзсіз. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Жәнібек, Керей және оларды қолдаған сұлтандардың XV ғ. орта тұсындағы шаруашылықтың, соның негізінде этникалық-мәдени жіктеулерді өздерінің мүддесіне пайдалануға тырысқандығы байқалады. Осыған орай, Ш.Уәлихановтың Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңде әрбір Шыңғыс тұқымы дербес ұлысты билегісі келді деген бағалы пікірі ойға оралады.

Сонымен бірге «Тарих-и Рашиди» авторының Моғулия ханы Иса Буганың жана көшіп келгендерді жарылқап, оларға өз иелігінен орын берді деп көрсетуін де сол күйінде қабылдауға болмайды. Өйткені Жетісу ежелден, бері дегенде Түркі қағанаты дәуірінен дулат, үйсін, қыпшақ сияқты көптеген түркі рулары мекен еткен өлке болатын. XIII ғасырда Шыңғыс қырғынынан ыққан найман, керей, жалайыр және басқа түркі тайпаларының Жетісуға жете, не оған іргелес келіп бас сауғалауы олардың бұл өлкедегі елмен ертеден тығыз байланыста болғандығын көрсетеді. Ал кейінірек мұнда енді Әбілқайыр ұлысынан түркі тілдес рулардың көшіп келіп орналасуы да, әрине, кездейсоқ оқиға емес, бұдан бұрынғы кезеңдерден бастау алатын терең шаруашылықтық, этникалық процестердің логикалық жалғасы болатын. Сондай-ақ, қазақ халқының қалыптасуын туыс рулардың жана жерге көшіп келуінен іздесек те дұрыс қорытындыға келе алмайтындығымыз түсінікті. Халық болып түзілу процесін жергілікті рулар мен сырттан келген рулық одақтардың бірдей ат салысқандығы талассыз. Міне, осыған байланысты Жәнібек, Керейлермен бірге, олардан бұрын және кейін келген рулардың Дашт-и Қыпшақ ұлысынан бөлініп орналасуы негізінде нендей себептер жатыр деген заңды сұрақ туады.

Ол себептерді Алтын Орда тұсында басталып, кейіннен Дашт-и Қыпшак өлкесінде және басқа аудандарда өз жалғасын тапқан қоғамдық еңбек бөлінісінің одан ары даму процесінен іздеу орынды. Өзбек ұлысына енген халықтардың шаруашылықтық дамуы олардың территориялық жіктелуіне, ал шаруашылық-территориялық жіктелу этникалық, тілдік жіктелуге ұласуы заңды болатын. Бұл арада, әрине, басқа тіл мен мәдениетке тән этникалық топтардың да (мысалы, монғолдық элементтердің) рөлін жокқа шығаруға болмайтыны түсінікті. Бірақ, дегенмен, Қазақ халқының құрамына негізгі компонент ретінде енген рулар арасындағы байланысты кездейсоқтықтан, жеке сұлтандар мен хандардың қалауынан, не болмаса, олардың билеуге ұлыс іздеп көшіп-қонуы нәтижесінде пайда болған байланыс емес, ерте кезендерден түзіліп, қайта жалғасып, тарихтың қатыгез сұрыптауынан, сынынан өткен байланыс еді. Бұл терең байланыстың тарихи қайнар көзін түркі қағанаттары заманынан көреміз.

Жоғарыда біз «Жинақтың» түпнұсқасының жоқтығын, ал табылған көшірмелерінің толық емес, шығарма автордың өзі берген аты көрсетілген алғашқы беттерінің жоғалып кеткендігін қысқаша айтып өттік. «Жинақтың» И.Халфин тапсырған сол кездегі жалғыз көшірмесін оқушы қауым назарына ұсына отырып, И.Н.Березин өзінің алғысөзінде: «Біз шығармаға негізгі бөлігі Рашид ад-диннің әйгілі туындысының қысқаша аудармасынан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере аламыз», — деп жазды. Сөйтіп, Қадырғали би еңбегін түгелдей оның аты көрсетілген жаңа көшірмесі табылғанға дейін «Джами ат-тауарих» - «Жылнамалар жинағы» деп атауды ұсынды.

Өкінішке орай, қолжазбаның кейінірек табылған екінші көшірмесінде де еңбектің автор берген аты жоқ болып шықты да, ол сол «Джами ат-тауарих» — «Жылнамалар жинағы» атанған күйінде қала берді. Бұл жағдай тарихшы ғалымдар арасында Қадырғали би еңбегінің дербес деректік мәнін тура бағалауға айтарлықтай кедергі жасады, басқаша айтқанда оны Рашид ад-дин жұмысының түркіше нұсқасы ретінде ғана қарауға негіз болды. Ол туралы Ә.Х.Марғұлан мен М.А.Усманов орынды айтып жазған болатын. М.Усманов жоғарыда аталған еңбегіне Қадырғали бидің есімі мен оның шығармасына байланысты әлі де анық емес жайлар туралы өз ойын ортаға сала келіп, еңбектің атын оның жаңа тізімі табылғанша сол бұрынғы күйінде қалдыра тұру қажеттігін айтады.

Жаңылыс тұжырымдарға жол бермеу үшін солай ету де дұрыс шығар. Бірақ еңбектің жана көшірмесін іздеу жұмыстарымен бірге, оның автор берген атын анықтау мақсатында жүргізілмек ғылыми әрекеттердің де құқықтығын еске ала отырып, осы мәселе төңірегінде қысқаша болса да, өз пікірімізді оқушы назарына ұсынуды дұрыс санадық.

Еңбектің атын анықтау жолында жасалған ізденіс, ең алдымен, жұмыстың жазылу себебіне апарып тірейтіні түсінікті. Олай дейтініміз еңбектің аты белгілі дәрежеде оның жазылу мақсатына тәуелді, содан туындаса керек. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Қадырғали бидің өз еңбегін жазудағы негізгі мақсаты өзінің әміршісі Ондан сұлтан-ұлы Оразмұхаммедтің Қасымов тағын иемденуге толық лайық екендігін, біріншіден, Борис Годунов тағы алдында, екіншіден, жана бейтаныс орта Қасымов ақсүйектері алдында дәлелдеу еді. Оразмұхаммед — кездейсоқ тұлға емес, хан тұқымы, Шынғыс ұрпағы. Демек, оның хан мәртебесіне көтерілуі сол тарихи кезеңдегі үстем тап арасында қалыптасқан мемлекеттік билік туралы ұғымға сай, заңды. Бұл — шығарманың орталық идеясы. Оны автордың өзі де жасырмайды, анық айтады: «Бұл тарихтың (жазылуына) себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның ата-анасынан (бері) құлдық қыла келген жалайыр тарак тамғалы еді. ...патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын (айту) және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын (көрсету) үшін жазылды»⁸⁷.

Шығарманың құрылымы да осы негізгі ойға бағындырылған. Автордың тікелей өзі жазған екінші бөлімі жай парсы тарихшысының әйгілі еңбегіне қосымша ғана емес, керісінше, бірінші, аударма бөлімі соңғысына тарихи көрініс есебінде. Ал шығарманың екінші бөліміндегі тоғыз дастанның⁸⁸ ең көлемдісі де және ең негізгісі де «Дастан-и Ораз-Мұхаммед» болып табылады. Тарихшы М.Усмановтың әділ атап көрсеткеніндей бұл дастан бүкіл шығарманың жай соңғы, аяқтаушы бөлігі ғана емес, ең маңызды, шешуші түйіні.

Еңбектің міне осындай жазылу мотивтері мен ерекшеліктеріне байланысты ойға Қадырғали би шығармасын ортағасырлық

⁸⁷ Березин И.Н. Библиотека..., с. 169-170.

⁸⁸ И.Н.Березин жариялаған көшірмеде тоғызыншы «Иадкархан дастаны» берілген беттер жоғалып кеткен.

шығыстық тарихшыларға тән дәстүр бойынша «Тарих-и Ораз-Мұхаммед» деп атауы толық мүмкін-ау деген пікір оралады. Әрине, бұл жорамал ғана. Шығарманың атын біржола анықтау – әлі де болса болашақ ізденістердің үлесі. Осы бағытта Москва, Ленинград, Қазан сияқты ірі ғылыми орталықтардың кітапхана, архив қорларынан Қосымұлы Қадырғали би еңбегінің жаңа қолжазбасын, тіптен түпнұсқасын қарастыру нәтижелі аяқталуы толық ықтимал. Сондай үмітпен біз де «Жинақтың» әзірге белгілі екі тізімі негізінде жасалған нұсқасын және оның қазақ тарихына қатысты дастандарының бүгінгі қазақ тіліне аудармасын ұсына отырып, еңбекті сол И.Н.Березин берген атымен атауға мәжбүр болдық.

Шежіре тілінің стильдік ерекшеліктеріне назар аудару керек, өйткені бұл шығарма — қазақ авторы қаламынан шыққан тұңғыш проза туындысы. Қадырғали мұнда тарихи шығарма жанрына барған проза жазушысы әрі проза аудармашысы. Борис Годуновқа арнаған «Мадақ сөзінде» Қадырғали жазушы болып көрінеді. Бұл шешен тілмен көркем түрде берілген монолог, оның көркемдігін ауызша поэтиканың мәнерімен ұйқаса, үйлесе келген құрылымдар танытады. Мұнда кайталаулар, параллелизмдер, метафоралар, эпитеттер, тенеулер сияқты стильдік тәсілдер өте шебер пайдаланылған. Мысалы: *хан* сөзі әрбір сөйлемнің соңында кайталап келіп эпифора болады: Халайикын адллік білән сурған *хан*; йетімлерге рахим қылыб, чығайларны тойдурған *хан*, айуа йыл казина да бар малын хақ йолында ихсан қылған *хан*... Әрі тағы бірнеше сөйлем *хан* сөзіне аяқталады. Немесе *айналасы алты төгүрегі төрт хан* сияқты параллельдер автордың әдеби тіл тәсілдерін қолдана білетін көркем сөз шебері екендігін танытады. Ал тарих шежіресі ретінде баяндайтын тұстарда Қадырғали енді оқиғаларды айтатын автор болып көрінеді, мұнда әшекейлі элементтер жоқ, оқиғалар мен адамдардың аты-жөндері келтірілген жай сөйлемдер басым. Мысалы, Андын сон Токтаға өлді. Анын нәслі дін һіч кім қалмады. Бачқыр Тоұқтаға бек улуғ әмрә бек болды. Андын [сон] Хорезми бек болды. Муса білән Иамғурчы бір анадан туған ерді...

Стильдік ерекшеліктері жағынан Қадырғалидың аударма тексі мен өз қаламынан шыққан төл баяндауларының тексі бір-бірінен өзгешеленіп тұрады. Ең алдымен Қадырғали Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарих» атты аса көлемді еңбегін тұтас аударған жоқ,

өзіне қажет жерлерін ғана алған. Ол Рашид ад-диндегі түркі-монғол әміршілерінің тарихына ғана көңіл бөледі, яғни өзінің кожасы Оразмұхаммед ханзаданың ата-бабаларының тарихын сөз етеді. Рашид ад-диннің қалған Иран, Хытай, Чин, Кара Хытай, Мачин, Рум, Шам, Мысыр сияқты елдердің тарихын, оларды билеген халифтардың, сұлтандардың, маликтердің атабектердің тарихын шерткен тұстарын және кереметтерін ғажайып оқиғалар жайындағы баяндауларын тастап кетеді. Сондай-ақ, Рашид ад-дин келтірген аңыз-әңгімелер (орысша притчи) мен құраннан алынған үзіктерді, келтірілген өлең жолдарын беруді мақсат етпейді. Бұған, біздіңше, бірнеше фактор себеп болса керек. Ең алдымен, Қадырғалидың мақсаты — Оразмұхаммедтің ата тегі «тегін» емес, оның өзге де әміршілермен «терезесі тең» екенін, Шыңғыстай әлемді тітіреткен ұлы адамның әулетінен екенін баяндау, сондықтан оған түркі-монғол хандықтары мен империясының арғы-бергі (тіпті өз тұсына дейінгі) тарихына қатысты материалды алады. Екіншіден, өз мүмкіншілігіне қатысты материалды алады. Екіншіден, өз мүмкіншілігіне де қарайлайды. Оның И.Н.Березин жазғандай, «мұсылманша білімі едәуір болғанмен, араб, парсы тілдеріне аса жетік болмағандығы» Рашид ад-диннің парсының аса күрделі әдеби тіліндегі үлкен шығармасын дәлме-дәл аударып беруге жібермеген. Сондықтан кейбір зерттеушілер атағандай, Қадырғали шежіресінің кейбір тұстарының тілі түсінуге ауыр, стильдік ақаулары мол «кедір-бұдырлау» болып шыққан. Әсіресе, түпнұсқадағы күрделі ұзақ синтаксистік құрылымдар біздің тарихшымызға онай тимегені байқалады. Оған Шыңғыс ханның өсиеттері баяндалған тұстары мысал бола алады. Үшіншіден, Қадырғалидың алдында не тұсында өзге тілдерден түркі тіліне аудару тәжірибесінің аздығы да автордың біраз тартынуына және баяндау стилінің жатық болу-болмауына әсер еткен. Мысалы, түркіше баламасы бола тұрса да, көп сәттерде Қадырғали шежіреші түпнұсқадағы араб, парсы сөздерін сол қалпында ала салады. Мысалы, *аксар* (көбі, басым көпшілігі), *атба* (бағынышты), *балахир* (сонында, ақырында), *бисйар* (өте, аса), *ғайат* (шек, соң) сияқты сөздер қайта-қайта қолданылса, *забт* (жаулап алу), *инс* (адамзат), *истарха* (әлсіреу), *марғзар* (көкал), *миһтар* (бас, ұлы) сияқты бірер реттен көрінген араб-парсы сөздері аудармашының балама іздеп көп киналып отырмағандығын көрсетеді. Тіпті ол өз ана тілінде де, жалпы түркі

тілдерінде кеңінен қолданылатын *өлік*, *өлген адам* деген сөздің орнына арабтың *мутауаффа* сөзін, «көк» (өсімдік), «шөп» дегенді *набат*, «жоктау»-ды *нуха*, «күс» дегенді *туйур*, «жүкті, екіқабат» дегенді *хамила* деп беруі де аударма принципіннің әлі жоқтығын танытады. Абстракт ұғым атауларын аудару Қадырғали түгіл, бүгінгі түркі тілдеріне оңай болмағандығын тіліміздегі сандаған арабизм, фарсизмдерден білуге болады. Сондықтан ХҮІ ғасыр шежіресінің тіліндегі арабша ондаған абстракт ұғым атауларын автордың «іздене білмегені кемістігі деп санамаған күннің өзінде, бұл тексте «тұнып тұрған» араб сөзі мен түркі тілінің көмекші етістігі тіркесіп жасалған етістіктерді, ондаған арабша, парсыша сын есімдер мен үстеулерді, шылауларды, бір жағынан, біздің авторымыздың «қолтаңбасына» телісек, екінші жағынан, сол кезеңдегі (яғни орта ғасырлардағы) түркі әдеби тілдерінің кәнігі нормаларынан іздеу керек болады.

ЗАХИРИДДИН МҰХАММЕД БАБЫР

Захириддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) — көрнекті мемлекет қайраткері, данқты қолбасшы, сонымен бірге, ғажайып өлең-жырлар жазып қалдырған лирик акын, дарынды жазушы, ғұлама-ғалым, атақты тарихшы. Ол 1483 жылы 14 ақпанда Әндіжан қаласында туылған. Бабырдың әкесі Омар Шейх — әйгілі Әмір Темірге туажат болып келеді. Шешесі — шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның бәйбішесінен туылған екінші қыз — Құтлық Нигар ханым болған. Жүніс ханның тұңғыш қызы — Михр Нигар ханым, ал кенже қызы—Хуб Нигар ханым — қазақтың белгілі тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидің анасы екені мәлім. Қазақ ханы Сұлтан Ахмет, яғни Алаша хан осы Жүніс ханның екінші әйелі — Шаһ бегімнен туылған.

Жастайынан өнерге, білімге құштар болған Бабыр түркі тілдерімен қатар араб және парсы тілдерін жете меңгеріп, Шығыстың классикалық поэзиясынан еркін сусындаған, тарих, философия, табиғаттану ғылымдары бойынша, сондай-ақ сәулетшілік (архитектура) және соғыс өнері бойынша өз заманына лайықты едәуір білім алған жан. Ер жүрек батырлығы үшін оны бала кезден-ақ Бабыр (арабша “бабур” — “арыстан” деген сөз) деп атап кеткен.

Әкесі қайтыс болғаннан кейін он екі жасар Бабыр Ферғана уәлаятының әмірі болып, таққа отырды. Бұл — қылыштың күшімен Әмір Темір құрған мемлекеттің іштей әбден ыдырап, әмірші ұрпақтарының билік үшін күнде өзара қырық пышак болып соғысып жатқан кезі еді.

Бабырдың мақсаты — Амудария мен Сырдария аралығында, яғни, Мауараннахрда бір орталыққа бағынатын қуатты мемлекет құру болды. Сол арманына жету үшін көп жылдар бойы әрекет жасап, талай суыт жорықтарға аттанады. Бірақ онысынан нәтиже шықпайды.

Ақыры Шайбани хан бастаған ру-тайпалардың тегеуірініне төтеп бере алмаған Бабыр өзіне сенімді бір топ нөкерлерімен Ауғаныстанға кетеді. Сосын одан әрі Үндістанға қарай бет алады. 1525 жылы ол Дели сұлтаны Ибрагим Лодидің әскерін бытшыт етіп женеді. Сөйтіп, Бабыр Үндістан билеушісі болады. Үш жүз жыл бойы, яғни ХІХ ғасырдың бас кезіне дейін (Индияны ағылшындар жаулап алғанға дейін) өмір сүріп келген Ұлы Моғол империясының (1526—1858 ж.ж.) негізін қалаған мемлекет қайраткері ретінде Бабырдың есімі тарихтан жақсы мәлім.

Рас, үнді елін жаулап алу үшін қан төгілген соғыстар болды. Әйтсе де Бабыр негізін қалаған мемлекет Үндістанның қоғамдық-саяси және экономикалық, мәдени тұрғыдан дамып, өркендеп өсуінде өте үлкен прогрессивті рөл ойнады. Бір орталыққа бағынатын мемлекет құрылған соң ғана үнді елінде ғасырлар бойы тынбай жүргізіліп, еңбекші халықтың қанын аяусыз төгіп келген жергілікті феодалдардың өзара бақталас соғыстары тоқтатылды. Халық бейбіт еңбекке көшті. Жаңадан көптеген үлкен каналдар қазылып, шөлді жерлерге су шығарылды. Егіншілік мықтап дамыды. Бабырдың әмірімен жаңа қалалар, ғылым және мәдениет орталықтары салынды.

Жаңа Үндістанды құрушы ұлттық басшы ретінде тарихқа енген мемлекет қайраткері, жалынды публицист Джавахарлал Неру өзінің әйгілі “Индияны ашу” деген кітабында Бабырды “жылы жүзді, батыл, іскер жан, өнер мен әдебиетті бағалай білген қайраткер” ретінде сипаттап, ол туралы зор құрметпен сөйлейді. Ол Бабыр билеген дәуір жөнінде айта келіп, “бұл кезде Индияда үлкен игілікті өзгерістер өмірге келді. Жаңа бір леп есіп, мұның өзі өнер, архитектура, тағы басқа мәдениет салаларын құлпыртып, жасартып жіберген еді” деп жазады. Бабыр 1530 жылғы желтоқсанның 26 жұлдызында Индияның сол кездегі астанасы Агра қаласындағы өзі салдырған Зарафшан деп аталатын бау-бақшалы мекен-жайда қайтыс болады. Бабырдың өсиеті бойынша оның сүйегін Кабул

¹ Дж. Неру. Открытие Индии. М., 1955, с. 272.

қаласының маңындағы Шердарваза тауының етегіне жерлейді. Бабырға ғажайып ескерткіш-мавзолей салады. Бұл жер қазір “Бағ-и Бабыр” деп аталады.

Бабыр ең алдымен ғасырлар бойы талай ұрпақ тамсанып оқыған тамаша лирикалық өлең-жырлардың авторы. Оны ұлы шайыр Әлішер Науаи өзінің ең дарынды шәкірттерінің бірі санаған. Бабыр 14—15 жасында-ақ Гератта тұратын Науаиға өлеңмен хат жазып, ұстазынан талай рет өлеңмен жазылған жауап хат алған. Бірақ бұл екі акын ғұмыр бойы бірін-бірі көрмей, кездесуді армандап өткен.

Бабырдың лирикасы негізінен сол кезде шығыс классикалық поэзиясында кең тараған жанрларда — ғазал, рубаят, туйық, маснави, т.б. түрінде жазылған өлеңдер болып келеді. Ол сопылық-мистикалық ағымдағы акындар секілді “жұмақтың рахатын” емес, шын өмірден туындайтын табиғи сезімді, шын мәніндегі махаббатты, адам бойындағы асыл қасиеттерді жырлады. Оның өмірді мадақтап, халықты өнер-білімге шақырған өлеңдері көп. Әсіресе туған жерден алысқа кетуге мәжбүр болып, өз елін, Отанын сағынып жазған жырлары оқушысын бірден еліктіріп, баурап әкетеді. Бабыр көбінесе дерлік ар-ождан тазалығына, әділдікке шақырады, зорлық-зомбылыққа қарсы шығады:

Әрқашанда таза болсын ар-ожданың, жүрегің,
Өзгелер де саған адал, әділ болар білемін.

Зорлық қылсан өзгелерге — өзін жәбір көрерсін.
Қиянаттын құрбаны боп қорлықпенен өлерсін.

Кейде Бабыр сол дәуірдің әдеби дәстүріне сәйкес өз ойын бүркемелеп, нәзік ишарамен астарлап, аллегориямен көмескі сөйлеп жеткізеді.

Бізге Бабырдың қолжазба түріндегі өлеңдер жинағының екі нұскасы мәлім. Бірі қазір Парижде, екіншісі Индияның мәшһүр Рампур кітапханасында сақтаулы. Профессор А. Самойлович осы екі нұсқа және “Бабыр-намедегі” өлеңдер негізінде 1917 жылы Петроградта Бабыр өлеңдерінің жинағын бастырып шығарды.

Сонымен, Бабыр кейінгі ұрпаққа сөз патшасы — өлең мен өсиет айтып, артына мол, әрі құнды поэзиялық мұра қалдырған дарынды акын.

Сондай-ақ, Бабыр – өлең құрылысы, музыка теориясы, соғыс өнері, т.б. жайында бірқатар ғылыми еңбектер жазған өз дәуірінің көрнекті ғалымы. Ол тіпті өзінше жаңа жазу таңбаларын – жаңа графика ойлап шығарып, оны ел арасына таратады. Тарихта “хати Бабыр” (“Бабыр жазуы”) деп аталып кеткен бұл әріптер көне түркі ескерткіштерінің жазуына ұқсас болып келеді. “Хати Бабырдың” негізі – көне түркі жазуы. Бұл жазу алғашта Сырдария бойындағы Сығанак (Қыпшақ елінің сауда, мәдени және саяси орталығы болған) қаласында өмірге келгені мәлім. Алайда, құран жазуын, яғни, араб әрпін киелі санайтын діншілдер “Бабыр жазуына” барынша қарсы шығып, оны жойып жібереді. Бұл туралы:

Түріктерге өз әрпі де бұйырмады-ау, киелі,
Бабыр хаты бөтен емес, Сығанактың сыйы еді, —

деген жолдары бар.

Шығыс филологиясына қатысты зерттеулерінің ішінде ерекше оқшауланып тұрған, шоктығы биік шығармасы — “Аруз туралы трактат” деп аталады. Көне түркі, шағатай, араб-парсы тілдерінде жазылған поэзиялық шығармалардың ішкі табиғатын ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеген Бабыр өлең-жырдағы түрлі буындардың өзара сәйкестігі туралы ілімді жаңа қағидалармен байыта түсті.

Сол арқылы түркі тілдерінің поэтикалық мүмкіндігі шексіз мол екендігін нақты деректермен дәлелдеп көрсетті.

Бабыр араб, парсы және түркі тіліндегі жазылған поэзиялық шығармалардың өлең құрылысы — буын, бунақ саны, ұйкасы жөнінде қызықты пікірлер айтады. Әсіресе оның түркі тіліндегі поэзиялық шығармаларда созылыңқы және қысқа буындардың белгілі бір заңдылықпен кезектесіп келуіне негізделген өлең өлшемі — аруз жөніндегі пікірі құнды. Өйткені араб және парсы поэзиясындағы аруз туралы Бабырға дейін-ақ талай-талай ғылыми трактаттар жазылған болатын. Ал, түркі поэзиясы әлі теориялық тұрғыдан зерттеле қоймаған еді. Бабыр X-XV ғасырда өмір сүрген алпыстан астам ақынның өлең-жырларынан үзінділер келтіре отырып, “нағыз поэзиялық көркем шығармаларды тек араб, яки, парсы тілінде ғана жазуға болады, ал түркі тілі көркемдік дәрежесі биік өлең жазуға жарамайды” деген пікірді біржола теріске шығарды. Әрине, мұның бәрі Бабырдың көп қырлы, табиғи талантын таныта түсті.

Әйтсе де, Бабырдың есімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, онын атын тарих бетіне мәңгі-бақи өшпестей етіп жазып қалдырған ен басты еңбегі — “Бабыр-наме” болды.

“Бабыр-наме” — Бабырдың есімін көркем сөз зергері ретінде ғана емес, сонымен бірге, дарынды, тарихшы, географ және этнограф ретінде әлемге мәшһүр еткен шығармасы.

Кезінде түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ болып келген әдеби тілде — шағатай тілінде жазылған бұл прозалық шығарма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде — XV ғасырдың соны мен XVI ғасырдың бас кезіндегі Орта Азиядағы негізгі саяси оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалады. Ол кезде “Кабул-уәлаяты” деп аталатын, қазіргі Ауғанстан территориясында орын алған маңызды тарихи оқиғаларды “Бабыр-наменің” екінші бөлімінен оқып білуге болады. Ал, Бабыр патшаның өз қолымен жазылған мемуарлық кітаптың үшінші бөлімі — солтүстік Индиядағы саяси оқиғаларды, осы ғажайып елдің географиясын, табиғатын, халқын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, т.б. көркем тілмен бейнелеп көрсетуге арналған.

Әрине, феодалдық аристократияның өкілі ретінде Бабыр үстем таптың мүддесін қорғауға мәжбүр болғанын ұмытпау керек. Алайда соның өзінде Бабыр билеуші тап өкілдерінің тақ пен тәжге таласып үздіксіз жүргізген соғыстарын, мағынасыз қан төгілген шайқастардың салдарынан қанырап қалған қалалар мен бау-бакшасы сусыз қурап кеткен өлкелерді, алым-салықтың шамадан тыс көбейіп кеткенін, жұт жайлаған ауылдарды, т.б. бүкпесіз, ашықтан-ашық әңгімелейді.

Бұл жөнінде Бабырдың өзі былай деп жазады: “Мұнда жазылғанның бәрі ақиқат. Мен өзіме-өзім мынадай шарт қойдым: әрбір оқиға қалай болған — дәл солай етіп жазамын, мен жазған әрбір сөз шындық болсын. Сондықтан өзімнің туған-туыскандарымның жақсы жақтарын да, жаман жақтарын да жасырмай айттым. Өзіме жақын жандардың да, жат кісілердің де кемшіліктері мен игі қасиеттерін баян еттім”.

Бабырдың бүкіл ғұмырын жан-жақты қамтып көрсететін бұл автобиографиялық сипаттағы туынды әр жылда болып өткен елеулі тарихи оқиғаларды құрғақ фактілермен жіпке тізгендей етіп баяндайтын жылнама түріндегі шежіре кітап емес. “Бабыр-наме”

² Бобир. Асарлар. 2-том. “Бобирнома”, Тошкент, 1965. 291-292-бб. (Біз мысалларды кітаптың осы басылымынан алып отырмыз. - Н.К.)

— құнарлы, бейнелі тілмен жазылған, дарынды сөз зергерінің қолынан шыққан нағыз көркем шығарма екені даусыз. Оған Бабыр жасаған жанды бейнелер, канатты сөздер, табиғат суреттері, сан килы тенеулер, т.б. көріктеу құралдары толық дәлел.

Сонымен, кезінде күллі түркі тектес ру-тайпалардың бәріне бірдей түсінікті болған шағатай тілінде жазылған “Бабыр-наме” қазіргі қай халықтың мұрасы саналады? “Бабыр-наменің” қазақ халқының тарихына, әдебиетіне, тіліне, рухани өмірінің басқа да салаларына қатысты қандай дәрежеде болды?

Кезінде қазақтың оқыған зиялылары “Бабыр-намені” қазақ халқының өз тарихы жазылған шығарма деп таныды. Мұнысы орынды да еді. Себебі Бабырдың бұл еңбегінде кейінірек қазақ, өзбек, түрікмен, тағы басқа түркі тектес халықтардың этникалық құрамына енген ру-тайпалардың тарихы баяндалады. Бірқатар қазақ хандары, батырлары, қоғам қайраткерлері, ақындары туралы аса құнды деректер бар. Ежелгі қазақ жеріндегі кенттер, өзендер, көлдер, таулар, сондай-ақ, өсімдіктер мен жан-жануарлар, т.б. әңгіме болады. Мәселен, “Бабыр-намеде” қазақтың Түркістан, Сайрам, Отырар секілді шаһарлары туралы, Сырдария (Сейхун), Арыс, т.б. өзендері мен көлдері жөнінде қызықты деректер жазылған. Бабыр өзінің әкесі Омар Шейхтың Арыс өзені бойындағы бір шайқасы жайында айта келіп, “Арыс өзенінен өтіп, Омар Шейх өзбектерді тас-талқан етіп жеңді, олардан тұтқындар мен малдарды тартып алып, бұрынғы иелеріне қайтарып берді”. - деп жазады.

Сол кезде қыпшақ даласын мекен еткен түрлі халықтардың ежелгі тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, діни ұғымдарын, т.б. сөз етеді.

“Бабыр-намеде” қазақтың алғашқы хандары Жәнібек, үш жүз мыңға жуық атты әскері болған қазақ ханы Қасым, ұлы жүздің Жетісудағы дулат тайпасынан шыққан тарихшы-ғалым әрі ақын Мұхаммед Хайдар Дулати, жалайыр руынан шыққан ақын Хасен Әли, т.б. жөніндегі нақты тарихи деректер берілген. Қазақ елінің қыпшақ, дулат, жалайыр, арғын руынан шығып, кезінде қолбасы, есік ағасы, ұлы бек сияқты жоғары лауазымды қызмет атқарған жиырма шақты қоғам қайраткеріне Бабыр өзінше мінездеме береді.

Міне, осы пікірімізді дәлелдеу үшін “Бабыр-намеден” бірнеше мысал келтірейік. Бабыр өз шығармасында Жүніс ханның сұлу

қызы Сұлтан Нигар ханым туралы айта келіп, оны Әдік Сұлтан өлген соң “казак ұлысының ханы Қасым хан алды... Қазак хандары мен сұлтандарының бірде-біреуі бұл ұлысты Қасым хандай нығайтқан емес. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам болды”, - дейді.

Сондай-ақ, Бабыр өзінің туған бөлесі, казактың белгілі тарихшы-ғалымы Мұхаммед Хайдар Дулати туралы да пікір айтады: “Хайдардың әкесін өзбектер өлтірген соң, ол менің карамағыма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап Қашқарға, ханға кетті... Жұрттың айтуы бойынша, ол енді бұрынғыдай байсалды болып, дұрыс жолға түсіпті. Қолы әрбір іске епшіл-ақ: жазуға да, сурет салуға да, жебе ұстауға да ұста. Өлең сөзге де дарыны бар. Маған жазған өтініші келген еді: сөз саптауы жаман емес”.

Ал, кезінде қасида-өлең (мақтау өлең, ода) жазуда алдына жан салмайтын дарынды акын Хасен Әли туралы “Бабыр-намеде” мынадай нақты деректер бар: “Хасен Әли — жалайыр еді. Шын аты Құсайын Жалайыр. Бірақ ол Хасен Әли деген атпен көбірек мәлім болды. Әкесі Әли Жалайырға Бабыр мырза құрмет көрсетіп, оны бек етті. Соныра Жәдігер Мұхаммед Гератты алғанда, Әли Жалайырдан мәртебесі биік кісі болған емес. Хасен Әли Жалайыр — Сұлтан Құсайын мырзаның құсбегі болды. Ол акын еді, “Түфейли” деген бүркеншек атты пайдаланды. Ол қасиданы өте жақсы жазатын, өз дәуірінде қасида жазу жағынан ақындардың көсемі еді... Бес-алты жыл менің қолымда болды. Маған да ол бірнеше жақсы қасидалар арнады”.

Міне, казак халқының этникалық құрамына енген ру-тайпалардан шығып, есімдері XV—XVI ғасырлардағы шағатай тіліндегі әдебиетте мәшһүр болған осындай шайырлар, тарихшылар аз емес. Қасида жазуда кезінде алдына жан салмаған Жалайыр Хасен Әли жырлары да, кезінде поэзия әлемін дүрліктірген Хайдар Дулатидің “Жиһан-намесі” де казак әдебиеті тарихында өзіндік орны бар шығармалар екені даусыз.

Ұлы Абай, көрнекті шығыстанушы-ғалым Шоқан Уәлиханов және академик-жазушы Мұхтар Әуезов кезінде “Бабыр-намені” ерекше зейін қойып оқып, бұл еңбекті казак халқының тарихына, ертеректегі тілі мен әдебиетіне, этнографиясына тікелей қатысты шығарма деп танығаны мәлім. Олар Бабыр кітабының казак халқы тарихына қатысты жақтарын ашып көрсетті. Сондай-ақ, өздері

де XV-XVI ғасырдағы қазақ тарихын, әдебиетін сөз еткенде осы еңбектің ұрымтал тұстарынан нақты деректер келтіріп отырды.

Абай өзінің “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деген қара сөзбен жазылған еңбегінде: “Белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Ол кезінде аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың “Үш жүздің баласы” дейтуғыны — сол. Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай “мынау бір алаша болды ғой” депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. “Бабыр-намеде” солай жазылған” дейді.

Қазақ халқының азаматтық тарихына тікелей қатысты “Бабыр-намедегі” қызықты мәліметтерге, әсіресе төрт жүз мың нөкері болған қазақ ханы Арслан (Арыстан) жөніндегі деректерге кезінде Шокан Уәлиханов ерекше назар аударып, бұл шығарманы осы тұрғыдан аса жоғары бағалағаны мәлім.

Ал, енді Мұхтар Әуезовтың атакты “Абай жолы” эпопеясынан бір сөйлем оқып көрейік. “Абай... кейде Бабыр, Науаи, Аллаяр сияқтыларды оқып-оқып кеп, өзі де қағаз, қарындаш алып, соларша бірдемелер жазып кетеді”.

М. Әуезов акындық тұғыры биік тұрған Науаиды емес, ғұмыр бойы өзін ұлы шайырдың шәкірті санап кеткен, Науайдан қырық екі жас кіші Бабырды алдымен ауызға алады. Бұл кездейсоқтық па? Әрине, олай емес. Өйткені кезінде қазақ қауымына Науаи ғазалдарынан гөрі “Бабыр-наме” жақсырақ таныс еді. Неге? Мұның сыр-себептері көп... біріншіден, “Бабыр-наме” қазақ қауымының тарихына, рухани өміріне тікелей қатысы бар, қазақ еліне өте-мөте жақын туынды екенін жоғарыда айттық. Екіншіден, “Бабыр-наме” кезінде Орта Азия түріктерінің әдеби тілі болған шағатай тілінде жазылғаны мәлім. Ал, шағатай тілінің құрамында араб-парсы сөздері басым болып келеді.

Бұрын қазақ даласындағы мектеп-медреселерде оқитын шәкірттер алдымен осы шағатай тілін үйрену арқылы Шығыс классикалық поэзиясының алтын қазынасымен танысуға әрекет жасап отырған. Басқаша айтсақ, шағатай тілін оқып үйрену — араб және парсы тілдерін меңгерудегі алғышарт, алғашқы басқыш

саналған. Міне, сондықтан да казактың азды-көпті оқыған азаматтарының бәрі дерлік кезінде “Бабыр-намемен” жақсы таныс болған.

Біз “Бабыр-наме” шағатай тілінде жазылған деп жүрміз. Ол қандай тіл? Сол жөнінде бірер сөз айта кетейік.

Кезінде Шағатай (Шыңғысханның Жошыдан кейінгі екінші баласы) хан билеген өлке “Шағатай ұлысы” деп аталғаны тарихтан жақсы мәлім. Алғашқы кезде Шағатай мемлекетіне қарасты түріктердің тілін — “шағатай тілі” десе, ал кейінірек барып Орта Азия мен соған көрші отырған (Сыр бойында Еділ мен Жайық, Арал мен Каспий жағалауларында, т.б.) бүкіл түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ — Ортаазиялық әдеби тілді “шағатай тілі” деп атап кеткен. Бұл тілді қазір орта ғасырлық түркі әдеби жазба тілі деп те атайды.

Ал, Бабыр заманында “шағатай тілі” дегеннен гөрі “түрікше” “түркі”, “түрік тілі” секілді атаулар көбірек қолданылған.

Әйтсе де, шағатай тілі туралы күні бүгінге дейін түркология ғылымында ортақ пікір жоқ. Мәселен, кейбір ғалымдар (А.К. Боровков) “шағатай тілі” деген терминді “ескі өзбек тілі” деген тіркеспен алмастырып жүр. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес. Кезінде тіпті Әлішер Науаидің өзі де “Мизан-у ләфзан” (“Өлең өлшемі”) деген еңбегінде: шағатай тілі — басқа түркі тілдерінен, соның ішінде өзбек тілінен де бөлек, өзге тіл деп таныған. Тіл тарихын зерттеген көрнекті ғалымдардың басым көпшілігі (А. Вамбери, А.Н. Самойлович, Ә.Н. Нәжіп, т.б.) шағатай тілін — Орта Азиямен оған көршілес аймақтарда XI-XVI ғасырларда қалыптасып, дамыған түркі жазба әдеби тілі деп біледі. Сонымен “Бабыр-наме” кітабы бір кезде казактардың да ата-бабаларына ортақ болған ортаазиялық әдеби тілде (түркі немесе шағатай) тілінде, жазылғаны анық.

“Бабыр-наменің” тілі жөніндегі осы пікірімізді енді нақты мысалдармен дәлелдеп көрейік. Мәселен, Бабыр тауда өсетін тобылғы туралы айта келіп, былай деп жазады: “Тобұлғу йағачы бу тағларда бар, өзгә хеч йерде бұлмас. Тобұлғу бір йағачедур, посты кызыл, аса кылулар камчы дәстәсі хам кылулар, күшләрға капас кылулар, таруш кылыб тіргәз кылулар, хейли йакшы йағачдур. Теберуклук билә йірақ йерлерге елтарлар”, — деп жазады. Аудармасы: “Бұл тауларда тобылғы ағашы бар, ол өзге еш жерге өспейді, одан аса таяқ жасайды, камшы сабын жасайды, құстарға

тор-капас жасайды, жонып, жебе жасайды, өте жақсы ағаш саналады. Оны теберік ретінде алыс жерлерге апарды”.

Тағы бір мысал келтірейік: “Бұ науахы йақшы аулақ йерлер бұлур. Иламiш дариясынинг йакинiдәгi калинг ченгеллерде бұғу, марал уа тонқүз көп бұлур. Ушак-ушак ченгеллерде кырғауыл уа тауушкан калин бұлур. Пуштасида түлкiсi бисаиар бұлур, даркамин бұлур”. Аудармасы: “Бұл өлке — аншылық үшін өте жақсы, қолайлы жер. Иламiш өзенiнiң маңындағы қалың шенгел iшiнде бұғы, марал және жабайы шошқа көп болады. Қырлы жерлерде түлкі қаптап жүреді”.

Иә, “Бабыр-наменi” бүгiнгi қазақ оқырманының түсiнуi де онша қиынға соқпайды.

“Бабыр-наме” — энциклопедиялық шығарма. Мұнда тарихи оқиғалармен бiрге, табиғаттану, география, топография, әдебиеттану, тiл бiлiмi, этнография, тағы басқа ғылым салаларына қатысты өте бағалы мәлiметтер жинақталған.

Бабыр өзi болған, соғысқан жерлердегi таулар мен кең жазира далаларды, сан қилы өсiмдiктер мен хайуанаттарды, түрлi халықтардың әдет-ғұрпы, тiлi, әдебиетi мен өнерi, кейбiр сөздердiң этимологиясы жайлы нағыз ғалымға тән дәлдiкпен, әрi ұшқыр қиялды жазушыға ғана тән шеберлiкпен бейнелеп жазады.

Бұдан бес жүз жылдай бұрын қай жерде қандай өсiмдiктер өскенiн, қай елде қандай жан-жануарлар тiршiлiк еткенiн, қай жерде көл, қай тұста шөл болғанын, қайсы өзен қайсы теңiзге құйғанын бiлу — бүгiнгi ғылымның табиғаттану салаларын (география, ботаника, зоология, т.б.) дамыта түсу үшiн аса қажеттi баға жетпес материал екенiн бүгiнгi ғылыми-зерттеу көрсетiп отыр. Мәселен, Бабырдың кезiнде Сырдария өзенi қазiргiдей Арал теңiзiне құймаған екен. “Сейхун өзенi Түркiстаннан едәуiр төменiрек жерде, ешқандай өзенге қосылмай, түгелдей құмға сiңiп таусылады”. Демек, Сырдария кейiнгi кезде ғана ағыс бағытын өзгертiп, Аралға құятын болған. География ғылымының ежелгi тарихын зерттеушiлер үшiн бұл мәлiметтiң маңызы зор.

“Бабыр-наме” тарихи, ғылыми еңбек қана емес, сонымен бiрге, түркi (шағатай) тiлiнiң мол мүмкiндiктерiн зор шеберлiкпен пайдалана отырып жазылған көркем туынды.

Рас, бұл прозалық шығарманың негiзгi объектiсi тарихи оқиғалар болып келедi. Әйтсе де автор сол тарихи оқиғаларды

баяндап шығуымен шектеліп қалмайды. Ол көркем шығармаға тән метафора, тенеу, метатеза, эпитет, гипербола, т.б. көріктеу құралдарын “Бабыр-намеде” зор білгірлікпен қолданғаны еріксіз назар аударады.

“Бабыр-намеде” түркі тілдес халықтардың ертегі-аныздары, мақал-мәтелдері, фразеологиялық сөз тіркестері, айшықты тенеу сөздері жиі ұшырайды. Бабыр өз дәуірінің әдеби тілі — шағатай тілін осы шығармасында мейлінше ажарлап, құбылтып, айшықтап қолданады. Бұл сөзімізге “Бабыр-наменін” кез келген бетін ашып жіберіп, дәлел келтіруге болады.

Сөйтіп, “Бабыр-наме” авторы бейнелі көркем сөздермен тарихи оқиғалардың жанды картинасын жасап шыққан дарынды суретші екені даусыз. Ол, әсіресе, өзі тікелей қатысқан қан майдан, қырғын соғыстар картинасын бейнелеп жазуға шебер.

Жазушы ерлікті, батылдықты көкке көтере мадақтайды. Ал, қоян жүрек қорқақтықты, опасыздықты жер-жебіріне жеткізе әшкерелейді. Ең бастысы — патша тағына таласып, өзара қырық пышак болып қыркысып жатқан феодалдық соғыстардың адам табиғатына жат, жиіркенішті жақтарын оқушысына егжей-тегжейлі, зор білгірлікпен суреттеп көрсетеді. Автор мән-мағынасыз қан төгуден оқушысын сақтандырығысы келетін сияқты.

Сонымен бірге, Бабыр кезінде есімі әлемге әйгілі, дарынды қолбасшы, жаужүрек батыр болған адам. Бұл жөнінде XIX ғасырдың белгілі шығыстанушы ғалымы Н.И. Веселовский мынадай пікір айтқан: “Бабыр батырлығының шегі жоқ деуге болады. Оның бүкіл ғұмыры батырлықтың үлгісі секілді. Тіпті ол Шайбанидің он бес мың әскері тұрған Самарқанды өзінің небәрі екі жүз кісілік отрядымен жаулап алуға тәуекел жасады ғой. Тек тәуекел жасап қана қойған жоқ, жауды, шынында да, қаладан қуып шықты. Бабыр империясының пайда болуын айтсанызшы! Бабыр Ибрагим Лодидің қолынан күдіретті Үндістанды түкке тұрғысыз қарудың жәрдемімен тартып алған”.

“Бабыр-намеде” тарихта болған көптеген көрнекті адамдардың — қол бастаған батырлардың, ғалымдардың, сәулетші-шеберлердің, ақындардың, тағы басқа өнер адамдарының психологиялық портреті, әдеби бейнесі жасалған. Лауазымы, атақ-дәрежесі, ұлты, жасы, мінез-құлқы, діні, т.б. әртүрлі болып келетін сол тарихи адамдардың бәрі бір-бірімен шығарманың ең басты

қаһарманы Бабырдың өзі арқылы байланысып тұрады. Бұл көркем туындының өзіне тән оқиға желісі, сюжеті, композициялық құрылысы бар. “Бабыр-наме” оқуға жеңіл, оқушысын бірден баурап әкетеді.

Жиһанкез Бабыр өзі жүрген жерлердің табиғатын — тауларын, өзендері мен көлдерін, орман-тоғайларын, аңдары мен құстарын нағыз суретшіге тән шеберлікпен бейнелеп көрсетеді. Автор кара сөзбен айтып жеткізе алмаған кейбір ғажайып көріністерді лирикалық өлең жолдарымен суреттеп өтеді. Әлемге есімі мәшһүр шығыстанушы ғалым, академик В.В. Бартольд “Бабыр-наменін” көркемдік дәрежесін жоғары бағалай келіп, оны “түркі тіліндегі прозалық шығармалардың ең жақсы үлгілерінің бірі” деген еді.

Қорыта айтқанда, “Бабыр-наме” шын мағынасындағы энциклопедиялық шығарма. Мұнда ғылымның сан түрлі салалары жөнінде аса құнды мәліметтер берілген. Қазақ халқының азаматтық тарихына, әсіресе, әдебиеті мен тіліне, этнографиясына қатысты материалдар Бабырдың осы еңбегінде мейлінше көп жинақталған.

Орта Азия мен үнді елінде XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бас кезінде болған тарихи оқиғалардың, сол кездегі феодалдық қарым-қатынасты дәл осы кітаптағыдай толық әрі шебер суреттейтін бірде-бір әдеби және тарихи жәдігерлік жоқ. Әсіресе, мұнда сол кездегі Үндістан туралы егжей-тегжейлі, зор ілтипатпен жазылған. Бабыр үнді елінің сұлу табиғатына таңырқап, ол жөнінде мақтанышпен былай дейді: “Біздің жермен салыстырғанда бұл өзі таңғажайып ел, мүлдем басқа дүние деуге болады. Таулары, өзендері, ормандары, далалары, қалалары, өлкелері, хайуанаттары, адамдары, тілдері, жауыны мен желі — мұндағының бәрі біздегідей емес, басқаша болып келеді... Синд өзенінен өткен бойда-ақ жер мен су, ағаштар мен тастар, жолдар мен әдет-ғұрыптар бірден өзгеріп сала береді”.

Орта Азия мен Үндістанда “Бабыр-намені” тарихи, ғылыми еңбек ретінде мейлінше жоғары бағалаған. Сол дәуірдің көрнекті тарихшы-ғалымдары Бабырдың осы еңбегіндегі деректерден пайдаланып отырған. Бабырдың немересі Акбар шахтың (1556-1609) тұсында “Бабыр-наме” шағатай тілінен парсы тіліне аударылды.

Біздің елімізде “Бабыр-наменін” қолжазбасын тұңғыш рет Тимур Пулат деген кісі 1714 жылы Бұхара қаласынан тауып, оны кейінірек белгілі ғалым Георг Джекат Кер С.-Петербургте зерттей

бастайды. Осы қолжазбаны негіз етіп алған Н.Ильминский “Бабыр-намені” 1857 жылы Казан қаласында бастырып шығарады.

“Бабыр-наменін” тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан теңдесі жоқ ғылыми еңбек екенін ертерек аңғарған Батыс Европа және орыс ғалымдары оны зерттеуді, өзге тілдерге аударуды өткен ғасырдақ қолға алған еді. Мәселен, ағылшын ғалымдары У.Эрскин мен Ж.Лейден “Бабыр – намені” түпнұсқадан ағылшын тіліне аударып, оны 1826 жылы Лондонда бастырып шығарды. Бабырдың басты еңбегін тәржіма жасау осы кезде Германияда қолға алынған еді. “Бабыр-намені” ағылшын тілінен неміс тіліне біршама қысқартып аударғандар: алдымен Ю.Клапрат, кейінірек А.Кейзер (1828 жылы) болды. Сөйтіп, “Бабыр-наме” 1828 жылы неміс тілінде Лейпцигте жарық көрді. Белгілі француз ғалымы Паве де Куртейл “Бабыр-намені” француз тіліне толық аударып, 1871 жылы Парижде жеке кітап етіп шығарды.

Англияның белгілі шығыстанушы ғалымы Аннет Беверидж “Бабыр-намені” ұзақ жылдар бойы жан-жақты зерттеп, оны 1905 жылы ағылшын тіліне қайта аударма жасап шықты. А. Беверидж “Бабыр-наменінің” ғылыми тұрғыдан аса құнды зерттеу екенін дәлелдей келіп, Бабырдың бұл шығармасы ағылшынның атакты тарихшысы Э.Гиббон (1737-1794 ж.) мен ұлы физик И. Ньютон (1643-1727 ж.) мемуарларынан кем түспейтін, солармен терезесі тең тұрған еңбек деп бағалайды.

Ағылшын ғалымы Э.Денисон Росс (1871-1940 ж.) “Бабыр-намені” мейлінше жоғары бағалайды, әрі оның көне түркі тілінде жазылған шығарма екеніне ерекше назар аударады: “Бабырдың бұл мемуарын – адамзат тарихында осы күнге дейін жазылған ең қызықты, ең романтикалық әдеби шығармалармен қатар қойып қарауға болады. Бұл өзі Бабырдың ана тілі болып табылатын түркі тілінде жазылған”.

“Бабыр-намені” зерттеу, өз тілдеріне аударма жасау, бастырып шығару істеріне Индия (М.Н.Хайдар, С.А.Шарми, Р.П.Трипатхи), Ауғанстан (А.Х. Хабиби, А.А.Кохзад), Түркия (Р.Р. Арат, И.Н. Баюр), Пакистан (Р.А.Надви, А. Мавлийат), т.б. Шығыс елдерінің ғалымдары да едәуір үлес қосты.

Ал, кеңестік дәуірде Бабырдың басты шығармасы орыс тіліне толық аударылып, үш рет басылып шықты. Оны орысшаға тәржіма

жасаған М.А. Салье болды. Өзбек тіліне “Бабыр-наме” 1959 жылы аударылды.

“Бабыр-намені” 1990 жылы орыс тілінен қазақшаға Б.Қожабеков тәржіма жасады.

“Бабыр-намені” оқып, үйренуге деген ынта-жігер бүкіл дүние жүзінде жылдан-жылға артып келеді. ЮНЕСКО-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының халық ағарту, ғылым мен мәдениет мәселелері жайындағы мемлекет аралық ұйым) арнайы қаулысы бойынша “Бабыр-наме” 1980 жылы француз тіліне қайта аударылды. Бакье Граммон осы аудармасы үшін ЮНЕСКО-ның арнайы тағайындалған сыйлығын алды.

“Бабыр-наменін” француз тілінде шыққан жана басылымына есімі әлемге мәшһүр шығыстанушы ғалым Луи Базен алғысөз жазды. Алғы сөзден соң Кеңес Одағы (С.А.Азимжанова), Ауғанстан (А.Хабиби) және Индия (Муhib-ул-Хасан) ғалымдарының бас мақалалары берілген. Бұл мақалаларда Бабырдың басты еңбегін маман-ғалымдар мейлінше жоғары бағалаған.

Бабырдың әдеби-тарихи мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу, өзге тілдерге тәржіма жасау және шығармаларын бастырып шығару ісіне, әсіресе, өзбек ғалымдары мен жазушылары мол үлес қосып келеді. “Бабыр-наменін” түпнұсқа мәтіні 1948 жылы Ташкентте басылып шықты. Ал, 1965-1966 жылдары Бабыр шығармаларының үш томдығы жарық көрді. Бұл басылымның томына Бабырдың өлеңдері, екінші және үшінші томдарына “Бабыр-наме” енген. “Бабыр-наменің” М.А. Салье аударған орысша нұсқасы 1958-1960 жылдары Ташкенттегі “Фан” (“Ғылым”) баспасынан шықты.

Ал, өзбектің белгілі жазушысы Пірімқұл Қадіров Бабыр және оның ұрпақтары туралы “Жұлдызды түндер” және “Құмайын мен Акбар” деп аталатын тарихи романдар жазды. Сол арқылы ұлы Бабырдың есімін көпшілік оқырман қауымға бұрынғыдан да кенірек көлемде мәшһүр етті. “Жұлдызды түндер” романы қазақ тіліне де тәржімаланды.

Қорыта айтқанда, Бабырдың ғажайып лирикалық өлең жырлары да, ғылыми тұрғыдан аса құнды “Аруз жөніндегі трактаты” да, энциклопедиялық туындысы “Бабыр-наме” де сан ғасырлық уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қазіргі түркі тілдес халықтардың әдебиет, мәдениет тарихына ортақ қазына, асыл мұра болып қосылды.

Бабыр қайтыс болған соң Ұлы Моғол империясының тағына оның тұңғыш ұлы Құмайын отырғаны мәлім. Ол әкесі бастаған істі

жалғастырып, үнді елінің экономикасы мен мәдениетін арттыра түсуге бағытталған бірқатар шараларды іске асырды. Құмайын мен оның баласы Акбар патша салдырған ғажайып ғимараттар Индия сәулетшілік өнерінің зор жеңістері саналады.

Бабырдың кенже қызы Гүлбадан-бегім түркі, араб, парсы, т.б. тілдерді жетік білетін өз дәуірінің оқымысты, зиялысы, қаламы жүйрік жазушы болған. Гүлбадан-бегім “Бабыр-наменің” жалғасы саналатын “Құмайын-наме” кітабын жазды. Бұл прозалық шығармасында Гүлбадан-бегім өз ағасы Құмайын патша тұсында Орта Азия, Үндістан, Ауғанстан жерінде орын алған елеулі тарихи оқиғаларды, түрлі халықтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, т.б. дарынды қаламгерге тән зор шеберлікпен суреттейді.

“Құмайын-наме” — этнографиялық материалдарының молдығы жағынан теңдесі жоқ туынды. Парсы тілінде жазылған бұл тарихи еңбек те **өзбек тіліне тәржіма** жасалды. Мұнда “Бабыр-наменің” қалай жазылғаны және Бабырдың өзі туралы қызықты деректер бар.

Сонымен, “Бабыр-наменің” түркі тілдес халықтар әдебиеті мен мәдениеті тарихынан алатын орны мен атқаратын рөлін дүние жүзінің ең көрнекті түрколог және шығыстанушы ғалымдары мейлінше жоғары бағалады. Бабырдың осы энциклопедиялық мәні бар ең басты еңбегі қазақ халқының да рухани игілігі болып табылады. “Бабыр-наме” — қазақ елінің де шежіресінен сыр шертетін, аса құнды көркем туынды.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) – Орталық Азиядағы түркі халқының ғылымы мен мәдениеті һәм әдебиетінің де қалыптасуына үлес қосқан үлкен майталман, халқымыздың тұңғыш тарихшысы, өз заманының озық ойлы әмбебап дарын иесі. Сол себепті де тәуелсіздігін алғалы өткеніне үніліп, өшкенін таумп жатқан республикамыздың өз ғалымдары ғана емес, сондай-ақ, әлемнің көптеген елдерінің оқымыстылары да Хайдар Мырзасыз қазақ тарихының бастауын елестетудің қиын екендігін мойындайды. Ойшыл шығармашылығына құрметпен қарап, үлкен баға береді. Ерен еңбегі және игі қызметімен де түркі халқына тұлға болған осындай ойшылды базбір жұрт зиялылары «*Мырза Хайдар түрік*»¹ деп оның түркі текті екеніне мән берсе, кейбір ел ғалымдары дарабоз дарынды *Мырза Хайдар Дуғлат* деп тегін парсы тілінің ауанына қарай жазған. Сондай-ақ, оны *Әмірзада Кашмири* деп көрсеткендер де жоқ емес².

Мырза Хайдар өмір сүрген кезеннен бастап оның атакты «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасы аса ділгірлікке байланысты ғасыр сайын көшіріліп отырған. Мысалы ол XVI ғ. – 3 рет, XVII ғ. – 5, XVIII ғ. – 3, XIX ғ. тіпті 12 рет хатқа түскен³. Бұл — аталмыш еңбекке деген қажеттіліктің ешуақытта да күн тәртібінен түспегенін дәлелдейді. Сондықтан асыл дүниенің нұсқаларын қазір де Англия, Франция, Германия, Ресей секілді Еуропа елдерімен қатар Үндістан, Пәкстан, Иран, Өзбекстан және Шығыс Түркістан

¹ History of the rise of the Muhammadan Power in India. Calcutta, 1910.

² Хафиз Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. Шараф нама-ий шахи. Ч.1-М., 1983.

³ Султанов Т.И. «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дуғлата//Письменные памятники Востока. Ежегодник. 1975. -М., 1982. С.116-135.

кітапханаларының қолжазба қорларынан кездестіруге болады.

Ұлы ғалым шығармасына орта ғасырлардың өзінде-ақ Орталық Азия тарихын зерделегендердің соқпай кеткені некен-саяқ. Олар әсіресе Кашмир, Шығыс Түркістан, Тибет секілді көпке дейін жұмбақ, бимағлұм болған елдер жайлы жазғанда, көбінесе Мырза Хайдар деректеріне иек артқан. «Тарих-и Рашидиді» жазба жәдігерлік, сенімді бұлақ көзі ретінде пайдаланған⁴. Аталмыш шығармаға құрметпен қол созған ХІХ ғасыр ғалымдарының бірі, әрі бірегейі — Шокан Уәлиханов. Ол Санкт-Петербургтегі Ресей ғылым академиясы мұражайынан «Тарих-и Рашидидін» қолжазбасын ұшыратып, ол жайлы ойларын өрнектеген. Шығарманың кейбір тұсын мазмұндай аударған⁵. Соңыра «Тарих-и Рашидиді» атакты Ресей шығыстанушылары В.В.Вельяминов-Зернов⁶, В.В.Бартольд⁷ те өз еңбектерінде пайдаланған.

XX ғасырда да Мырза Хайдар шығармасы ғалымдар назарынан түскен жоқ. Атакты ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында ол жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып халқымыздың тарихының тереңде екеніне көңіл аударған. Ал, Еуропа жұртшылығы Мырза Хайдар шығармасымен бұдан 100 жылдай бұрын-ақ танысқан. «Тарих-и Рашиди» табылған соң шығыстанушы Денисон Росс оны ағылшын тіліне аударып Нэй Илайестын үлкен алғысөзімен 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған⁸. Осы аударма Мырза Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты.

Батыс Еуропа шығыстанушылары Х.Беверидж, В.Беллью, Дж. Бриггс, Дж. Даусон, Х.Джэррит, Р.Шоу, Э.Эллиот, В.Эрскайн де Үндістан тарихын зерделегенде ұлы ғалым еңбегіне сан рет жүгінген. Әйтсе де «Тарих-и Рашидидін» көпке дейін орыс, казак тілдеріне тәржімаланбауына байланысты біртуар кеменгер жайлы жазылған еңбектер республикамызда аз болды. Мүмкін ол Мырза Хайдар шығармаларының парсы, ежелгі түркі тілінде жазылып дүние жүзіне шашырап кеткендігінен де болар. Дегенмен 1996 жылы Ташкентте үлкен парасат иесінің «Тарих-и Рашидиі» орыс

⁴ Хафизиди Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. Шараф нама-ий шахи. Ч.1-М., 1983.

⁵ Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. - А-А., 1985. Т.4. С. 14-27.

⁶ Вельяминов - Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. -спб., 1864

⁷ Бартольд В.В. Хайдар мирза//Сочинения. -М., 1973. Т. VIII.

⁸ Әдебиет және искусство. 1941. №4. 78-87-66.

⁹ The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. London, 1898 (Patna, 1972)

тіліне тәржімаланып жариялануы"¹⁰ һәм оны республикалық «Санат» баспасы 1999 жылы¹¹ өз оқырмандарымен қауыштырған соң, ғалым мұрасына қызығушылық арта түсті. 2003 жылы «Тарих-и Рашиди» тұңғыш рет парсы тіліндегі қолжазбадан шығыстанушы, ғалым Ислам Жеменей тәржімасымен де Алматыда жарық көрді¹². Ежелгі Тараз және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеттері ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық бірнеше конференциялар өткізді. Тараз мемлекеттік университетіне, Алматы мен Астана және Қазақстанның өзге де қалаларының көшелеріне Мұхаммед Хайдар Дулатидың аты берілді.

Ғалымның 500 жылдық мүшел тойы ЮНЕСКО құзырына ілігіп, 1999 жылы оны Қазақстан және әлемнің бірқатар елдері де атап өтті. Сөйтіп, ол көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев орынды айтқандай, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1975 жылы өткен 1100 жылдық мүшелтойынан кейін қазақ елінің рухани, мәдени, ғылыми өміріндегі тағы бір ірі де елеулі оқиға болды.

Әдебиетіміз бен мәдениетіміз һәм оның қайнар бастаулары мен ғасырлар парағының арасында қалып қойған Мырза Хайдар Дулати іспетті ұлы тұлғаларын тану мен таныту бүгінгі тәуелсіз қазақ елі үшін өте қажет.

Мырза Хайдар өзінің ұзақ та емес, бірақ жарқын оқиғаларға толы жалынды да мәнді ғұмырында сирек ұшырасатын дарындылығы һәм өз шығармаларында ойшылдығы, парасаттылығы, қарымды қаламгерлігімен ерекше тұлғалана көрінген талант иесі. Оның XVI ғасырда түркі жұртын әлемге тағы бір жарқ еткізіп, атын ілім, білім көкжиегіне алтын әріппен жаздырған қайталанбас ерекше құбылыс екенін енді ғана түсіне де сезіне бастадық.

Мырза Хайдарды біз негізінен тарихшы ретінде танып, бағалап келдік. Десек те, кейбір еңбектерде оның ақын болғандығы жайлы айтылғанымен, поэзиясы жайлы ешқандай нақтылы дерек келтірілмейді. Әйтсе де, оның қаламынан «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық еңбектен басқа «Жаһан наме» атты поэма да туған. Ғалым еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кеткендігі сияқты поэма да көпке дейін

¹⁰ Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996.

¹¹ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. -А., 1999.

¹² Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. -А., 2003.

мәлімсіз болып келді. Оны Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып 1937 жылы неміс тілінде ол туралы шағын да болса тұңғыш мақала жазған башқұрт ғалымы атақты Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891-1970)¹³ болатын.

Әуелі ол поэманың еш жерінде автордың аты аталмайтынына көңіл аударған. Сол себепті, әрі поэма ежелгі түркі әдеби тілінде жазылып Орталық Азияда болған тарихи оқиғалар баяндалатындықтан ба, неміс шығыстанушысы И.М.Хартман (1764-1827) оны Қожа Ахмет Йасауи өлеңдерінен тұратын жинаққа қосқан. Содан оны Ахмет Зәки Валиди оқи келе поэманы жазған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиден басқа ешкім де емес деп пышак кесті тұжырым жасаған¹⁴. Башқұрт ғалымының уәжін орынды көрген ағылшын шығыстанушысы Ч.А.Стори (1888-1967) парсы әдебиеті тарихына арналған белгілі еңбегінде Мырза Хайдар шығармашылығына бірнеше бет арнай отырып: «Мен Хартман коллекциясындағы география туралы өлеңмен түркі тілінде жазылған авторы белгісіз «Жаһан наме» атты шығарманың Ахмет Зәки Валиди дәлелдегендей Мырза Хайдар еңбегі екенін, оны Мырза Хайдар Бадахшанда болған кезде жазғаны жайлы хабарлағаны үшін сэр Дэнисон Роска (1871-1940) өте ризамын¹⁵ десе, Т.И.Сұлтанов: «*Оған поэзия да жәт емес-ті. ол түркі және парсы тілдерінде бірдей жазды және оның «Аяз» атты ақындық лақабы болды. 936/1529-1530 жылдары Мырза Хайдардың Бадахшанда болуына орай туған түркі тілді «Жаһан наме» атты поэманы (ұлы ғалым) жазған делінеді»...»Жаһан намеде» сондай-ақ тарихи және өмірбаяндық сыпатты да мағлұматтар бар»¹⁶, – деп Ч.А.Стори мағлұматтарын толықтыра түскен.*

Дей тұрғанмен, «Тарих-и Рашидиді» зерделеген Н.Н.Туманович атты тағы бір ғалым: «*1529-30 жылдары ол Бадахшанда болған кезде жазған, өлеңмен өрілген жағрафиялық трактат Мырза Хайдардікі деген болжам бар»¹⁷* деп ұлы ойшылдың өлең өнеріне қатысты да мұрасы барлығына Т.И.Сұлтановтан да бұрын 70-жылдардың басында-ақ назар аударған. Бұл ретте ол Т.И.Сұлтанов сияқты «*жазған делінеді»* демей, керісінше «*Мырза Хайдар қаламына»*

¹³ Walidi A.Z. Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat// Bulletin of the School of Oriental Studies. Vol. VIII, pt. 4. London, 1937. p.985-989.

¹⁴ Сонда. 986-б.

¹⁵ Стори Ч.А. Персидская литература. -М., 1972. Ч.2.

¹⁶ Письменные памятники Востока. Ежегодник. 1975. -М., 1982. С. 116-135.

¹⁷ Арабо-персидские источники о тюркских народах. -Фрунзе; 1973. С. 62-66.

жатады деген болжам бар» деп шығарма авторының Мырза Хайдар екеніне мензеп тұр. Т.И.Сұлтановтың «*өмірбаяндық сыпаттағысы*» мен Н.Н.Тумановичтің «*болжам бары*», Ахмет Зәки Валидидің «*Жаһан намені*» жазған «*Мырза Хайдардан басқа ешкім де емес*» деуіне себеп-поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаянының Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиінін» «екінші дәптерінде» жазған өмірбаянымен тікелей үндесуі, рет-ретімен оны қайталауы һәм ақынның (Мырза Хайдардың) 33-бәйітте:

Мана сар-гозашт улған ишдин дейин,
 Кунул ғам била тулған ишдин дейин.
 Менің басымнан өткен іс жайлы айтайын,
 Көңіл қайғыға толған іс жайлы айтайын —

деуі дер едік. Оны шынында да төмендегі үзіндіден де оп-онай байқауға болады. Әйтсе де, Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы бұл асыл дүние көпке дейін қолымызға түспей келді. Тек 1994 жылы ғана Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцель ханымның арқасында «Жаһан наме» автордың тарихи отанына қайтып оралды.

Поэманы аудару үстінде бірде Шынжан өлкесіне іссапармен барудың реті келді. Сол жолы ғалымның ата-бабалары мен өзінің де 18 жыл ғұмыры өткен Қашғар, Опал, Хисар, Жаркент секілді қалалар мен тарихи елді мекендерді араладық. Үрімшіге оралған соң Шынжан университетінің профессоры, әдебиетші-ғалым Әбдікерім Рахман менің Мырза Хайдар шығармашылығымен айналысып жүргенімді есітіп «Жаһан наменің» бір көшірмесінің 1981 жылы Қашғар қаласынан табылғанын айтты. «Сабакты ине сәтімен» дегендей ол нұсқаны да¹⁸ сол сапар сондағы қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевтан Алматыға алып қайттым.

«Жаһан наме» дастанының деп жазылған ондағы алғысөзде қолымыздағы жалғыз қолжазбасын Қашғарлық кітапұрыш Қадірбұлақ 1981 жылы тауып, 1982 жылы Шынжан қоғамдық ғылымдар академиясы қолжазбалар қорына өткізген... Бұл қолжазба Патлық Қотан қағазына настағалиқ жазу үлгісімен екі бағана етіп көшірілген. Қолжазбаның пішімі 16 x 10,5 см., ал жалпы көлемі 56 парақ. (Дастанның жалпы нобайы 112 бет)... Әрбір беті 13 жолдан тұрады. Бәйіттер қара сиямен, тарау тақырыптары қызыл

¹⁸ Аяз Шекасте. Жаһан наме. Үрімші, 1985.

сиямен көшірілген. Қолжазбада кейбір сөздердің өшіріліп қайта түзетілгендігі, кейбір сөздерде мазмұн мен емле жағынан кателерге жол берілгендігі аталмыш дүниенің автордың өз қолымен емес, кейінгі жылдары көшіруші жағынан қандай бір нұсқаға (бәлкі түпнұсқа болуы да мүмкін) сүйеніп көшірілгендігіне куәлік етеді»¹⁹.

Шыңжаң ғалымдары бірақ шығарма мазмұнына қарап поэма авторын «Айаз Шикаста» деп көрсетіпті. Олардың сірә Ахмет Зәки Валидидің мақаласы мен поэманың Берлиндегі нұсқасы жайлы хабары болмаса керек. Сондай-ақ, олар неге екені белгісіз поэма «Кіріспесіндегі» автордың «*бұл қам көңілдің өзінің басынан өткен оқиға*» деп шегелей көрсеткеніне мән бермеген. Оны қаперге алып «Тарих-и Рашидимен» салыстырғанда Ахмет Зәки Валиди айтқандай, «*поэманы жазған Мырза Хайдардан басқа ешкім де емес*» екеніне оп-оңай -ақ көз жеткізуге болар еді.

1999 жылы өзбек ғалымдары «Жаһан намені» аудармастан Берлин қолжазбасы бойынша бастырып шығарды²⁰. Сол себепті де «Жаһан намені» біз ежелгі түркі әдеби тілінен қазақ тіліне аудару кезінде Берлин мен Қашғар нұсқаларын салыстырып отырдық.

Берлин нұсқасында 1704 жыл деген мерзім көрсетілген. Әйтсе де Ахмет Зәки Валиди оны Молла Умар ибн Молла Қажы деген кісінің 1814 жылы көшіргеніне назар аударады. Шынында да поэма сонында осылай делінген. «Жаһан наменін» Берлин нұсқасы 1328, Қашғар нұсқасы 1329 бәйіттен тұрады. Ара-арасында қазақ батырлар жырындағы сияқты қарасөз де араласып отырады. Мұнда, әсіресе, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасады.

Поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөлуге болады. Алғашқы 110 бәйітті шығарманың «Кіріспесі» дер едік. Оның өзін де көтерген тақырыбы, айтылар жәйттерге орай бірнеше тараушаларға таратуға болады.

Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер әдетте «хамд» — мақтау, «мунажат» — мұнажат, «наыт» — теңеу (эпитет), «мадх» — мадақ және «сабаби назми китаб» — кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Әйтсе де Кеңес дәуірінде ондай шығармалардың көпшілігінің осы бөлімі коммунистік идеология шарттарына сай келмейтіндіктен алып тасталынатын. Біз ол әдетті

¹⁹ Аяз Шекасте. Жаһан наме. Үрімші, 1985.

²⁰ Мирза Мухаммед Хайдар. Азий. "Жаһон нома". Тошкент 1999.

бұзып поэманың қылауына да тимей, дастан мәтінін толық та түгел бердік. Сонымен дастанның «мақтау» бөлімінде Мырза Хайдар әуелі (1-14 бәйттерде) Жаратушыны жырға қосады.

1. Санайи жаһан афаринга бурун,
Ким андин емастур иши йашурун.
Мадақ – жаһанды жаратушыға бұрын,
Ешкімнің одан емес ісі жасырын.
2. Неким адамиийни хийали йетар,
Һар ишким улусдин неһани йетар?
Нендей (бір) адамның ақыл-ойы жетсе (де),
Қайсы біреу ұлыстан құпия етсе (де),
3. Бари аниң алдида йек-сандурур,
Ачук дашту ғар тийре маскандурур.
Бәрі оның алдында бірдей болар,
Кен дала мен қара түнек болса да мекені.
4. Неким аламу аһлида бардур,
Анин қудрати анда эһардур.
Әлем жұртында не болса да,
Оның құдіреті онда да көрінеді.
5. Жаһанда неким жану, жансиздурур,
Һавада учар, йерда йугруб йурур.
Жиһанда не болса да жанды, жансыз болар,
Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.
6. Аниң қудратидин пар-о-бал ачар,
Анин қудрати бирла йугруб качар
Оның құдіретімен канат қағар,
Оның құдіретімен жүгіріп қашар, —

дей отырып көктем мен күз болатыны сияқты дүние жаратылғалы бері адам баласының да «біріне кемел, біріне зауал» белгіленіп қойылғаны, тағдырда әділеттік жоқ екеніне тоқтала да шағына келе 15-30 бәйттерде хазреті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пен оның төрт серігіне (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) сыпаттама береді. Сөйтеді де:

20. Уларға вафа қилмади бу жаһан,
Сану мандек авараларға на сан
Оларға (да) опа қылмады бұл жаһан,
Сенің мендей кезбеде нең бар!

деп тағдырға реніш айтады.

Ал 35 бәйіттен бастап «Тарих-и Рашидидін» «екінші дәптерінде» тәптіштей жазған өмірбаянын мұнда қысқаша өлеңмен жырлауға көшеді.

35. Хабардар улуб бу некайат ешит,
Ушул вақтлар ким бар ердим йигит.
Хабардар болып бұл хикаяны есіт,
Сол уақыттарда едім /мен/ жігіт.

36. Вилаятта сакин едим нача йил,
Мана ул ватандек булуб ерди, бил.
Уэлаятта тұрып едім неше жыл,
Маған ол отандай болып еді, біл, —

дейді.

Автордын «уэлаят» деп отырғаны Орта Азия. Өйткені орта ғасырларда Түркістан, Ташкент, Самарқан мен Бұхара, Әндіжан мен Ферғана секілді шаһарлары бар аймақ «уэлаят» деп аталғаны тарихи деректерден мәлім.

Мырза Хайдар, міне, осы уэлаятта өткен жастық шағына бірнеше бәйіттер арнаған. Онда ол «көктем мен күз айларында биік төбеге шығып, шалғында шапқылап, көңіл қалаған жерде мәжіліс құрып, немесе әдемі баққа жиылып ойнап-күлген, қуаныш пен шаттықта өткен жастық шағын» сағына еске алады. Бірақ тағдыр жазмышымен ақыры достар тобынын ажырап әрқайсысы әр қиянға аттағаны туралы сөз ете келе, автор енді 1513-1514 жылдар оқиғасы, яғни «Тарих-и Рашидиде» айтылғандай, өздері Әндіжан аймағында тұрған кездері мұнда Әбу Бәкірдің шапқыншылық жасағанын суреттеуге көшеді.

55. Алиб ултуруб Андижан мулкени,
Алай деб хийали жаһан мулкени.
Алып түгел Әндіжан патшасын,
Алсам деп қиялдайтын жаһан мүлкін.

56. Бар ерди, валэ Кашғар саридин,
Келиб жамьи бад-хан һар саридин.
Бар еді сондай Қашғар жакта,
Келіп жиылған залымдар әр жактан.

57. Кечалар уғурлук йусуни била,
Йуруб кентларға ит уни била...
Түнде ұрлықпен айналысатын,
Баратын кенттерге итше ұлып...

60. Әбу Бакр еді Қашғар хақими,
Ки йук ерди Рустамдин аниң ками.
Әбу Бәкір еді Қашғар әкімі,
Жок еді Рустемнен оның кемі.
61. Аниң мулкидаки йел - улус тамам,
Тапиб ерди банду беллада мақам...
Оның патшалығындағы ел, ұлыстың бәрі,
Тұтқындықта, азапта қалып еді...
66. Булуб ушбулар баэси шаһрийар,
Болуб иттифаку сиғару кибар.
Болып осылар себеп патшаға,
Қосылып оған кіші мен үлкен
67. Раван булди хан Қашғар мулкига,
Ким ул Хайбари би - хабар мулкига?!
Атғанды хан Қашғар патшалығына,
Ол Хайбари бейхабар патшалығына
68. Хабардар булуб, калиб ул бад-гоуһар,
Чарикин салиб қала-и Қашғар.
Хабар алып қойып ол жауыз,
Әскерін кіргізді Қашғар камалына.
69. Йетиб хани алам алиб қаласин,
Тубатка качиб ул, салиб қаласин.
Жетіп әлем ханы алған (соң) қаласын,
Тибетке қашты ол, тастап қаласын.
70. Сунига тушуб чарик ахер йетиб,
Башини алиб келдилар қатл етиб.
Соңына түсіп әскер ақыры жетіп,
Басын алып келді өлтіріп.
71. Хутан, Қашғар че алиб хан йуруб,
Адалат била тахт уза ултуруб.
Қотанды, Қашғар сияқты хан алып,
Әділетпен такка өзі отырып.
72. Улус бар-қарар улди давранида,
Киши қалмади банду зенданида .
Ұлыс мығым болды дәуренінде,
Кісі қалмады тұтқын болған зынданында, —

дейді ол. Сөйтіп автор мұнда «Тарих-и Рашидидің» жеті-сегіз тарауына жүк болған сан-алуан оқиғаларды бар-жоғы оншақты бәйітке сыйдырып жіберген. Әрі онда сол кездегі қоғамдық саяси-

жағдай, ел өмірі, халық басына қасірет әкелген Әбу Бәкірдің зұлымдығы, бірақ оның өзінің де ақыры мерт болғаны суреттелген. Ақын Әбу Бәкірге Саид ханның әділеттілігін, парасаттылығын қарсы қояды. Бір қызығы бірақ Мырза Хайдар 60-бәйітте Әбу Бәкірді Әбу-л-Қасым Фирдаусидің (940-1030) «Шаһ намесінің» бас кейіпкері Рүстем батырмен салыстырып, мақтап отырған сияқты көрінеді. Әйтсе де оның айтайын деп отырғаны Әбу Бәкірдің Рүстем сияқты алып тұлғалы болғандығы ғана.

Саид хан таққа отырып көңілі жайланғаннан кейін бұрынғы дұшпандарының көпшілігіне кешірім жасап оларды өз жағына тартуға тырысқан. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған. Қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт, медреселер салдырған. Ол жайлы ақын:

73. Ким ул хаджаву малдар улмағай,

Хазина аңа гандж ила тулмағай?

Кандай бір дәулеттінің мал-мүлкі болмаса

Қазынасы оның байлыққа толмайды.

74. Тапуғинда ман һәм булуб собһу-шам,

Туруб куллиғинда килиб иһтемам .

Қызметінде мен һәм болып ертелі-кеш,

Тұрдым қол астында, ыждаһат, —

дей келіп өз халін ол X-XI ғасырларда өмір сүріп, қазіргі Ауғанстан мен Индияның солтүстігін билеген Махмұт Газнауи патша (997-1030) сарайындағы Аязбен салыстырады. Өзіне шын беріліп, қалтқысыз қызмет еткені, ақыл-ойы, парасаттылығы үшін Махмұт Газнауи Аязды уәзір дәрежесіне дейін көтерген. Саид хан да Мырза Хайдарға өз мемлекетінің ең жоғары, ең жауапты лауазымдарын сеніп тапсырған. Мысалы

75. Булуб лутфу иһсанидин сар-афраз,

Булуб ерди Махмуд йанлиғ Айаз.

Еткен соң жақсылық, қайырым — бақытты,

Болып еді(м) Махмұттың Аязы сияқты, —

дейді ақын ол туралы.

«Ол әкелік сүйіспеншілікпен мені жетімдіктің қасіретінен құтқарып, қамқорлығына алды және де мені жақсы көріп маған берілгендігі сонша, мен оның інілері мен балаларының қызғанышына қалдым. Оның қасында тұрған 24 жыл ішінде мен білім алып, алыс пен жақынды таныдым, уайым-қамсыз тамаша

күн кештім. Мен көркем жазу, сауатты жазып-сызу, өлең өнері, стилистика, сурет салу мен алтынмен әшекейлеу және басқа да кәсіптер бойынша өз құрбыларым арасында озып, ерекше шеберлік таныттым. Сондай-ақ мемлекет істерін басқару мен жүргізу... түнгі жорық, атыс, соғыс, аң аулауды ұйымдастыру мен жүргізу, қойшы әйтеуір мемлекет ісіне қажеттінің бәрінде де ол менің ұстазым, әрі ақылшым болды»²¹, деп жазады ұлы ғалым «Тарих-и Рашидидін» алғашқы беттерінде -ақ.

Шынында да, әуелі сарай қызметінде болған ғалым сонынан бірте-бірте ханның әскери қолбасшысы дәрежесіне дейін жеткен. Сөйтіп, жас кезінде көрген:

77. Фалак жоуру золмин фарамуш етиб,
Нашату тараб жамини нуш етиб
Тағдырдың зорлық, зұлымдығын ұмыт етіп,
Шаттық, қуаныш кесесін нәр етіп

78. Йурур ердим асуде дел-шаду хеш,
Фалак жоуру зелмидин азаде ваш.

Жүруші едім тып-тыныш қуанышты,

Тағдырдың зорлық, зұлымдығынан құтылғандай, — деп ханға ол ризашылық білдіреді. Бұл жайлы автор тек «Жаһан намеде» ғана емес, жоғарыдағыдай «Тарих-и Рашидиде» де бірнеше рет қайталай айтқан.

XVI ғасыр түрлі феодалдық соғыстардың өршіп тұрған кезі болатын. Шайбандық өзбектер Бабырды Ауғанстанға тықсырды. Ол жерде де тыныш өмір бола қоймайтынын сезген Бабыр ақыры Үндістанға кетіп, онда Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалады. Оған осы күнгі Ауғанстанның солтүстігіндегі Бадахшан өлкесі де кіретін. 1529 жылдары оны жоғарыда айтылғандай, шайбандық өзбек хандарының басып алу қаупі төнсе керек. Мырза Хайдар 79-бәйттен бастап осы мәселені де сөз етуге көшеді.

79. Ки вакие булуб андағ аййам иши,
Келибан Бадахшан саридин киши.
Оқиға болып сондай күндер іші,
Келіп еді Бадахшан жактан кісі.

80. Хабар берди: «Би-сар қалибдур улус,
Бузуғлукға кунлин салибдур улус.

²¹ Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. -Ташкент, 1996. 22-б.

Хабар берді: «Бетімен кетіп тұр ұлыс,
Бұзықтыққа көңілін салып тұр ұлыс.

81. Ул йелни иликламаса хан бариб,
Асир улгусидур факиру ғариб.

Ол елді қолына алмаса хан барып,
Тұтқын үлгісі-дүр пақыр мен ғаріп.

82. Алур ул вилайатни узбек келиб,
Мани йел ибардилар андак билиб.

Алар ол уәлайятты өзбек келіп,
Мені ел жіберді соны біліп.

83. Ки хандин укун йуктур уммидимиз,
Йаруғлук берур кузга хоршидимиз».

Ханнан басқа ешкімде жоқ үмітіміз, ханның Бадахшанға жасаған екінші жорығы, сол кезде болған оқиға) Жарық нұр берер көзге күніміз!» – дейді. Мұны естіген хан Мырза Хайдар екеуі Бадахшан жаққа үлкен қолмен аттанады. Міне, дәл осы жәйттер туралы «Тарих-и Рашидиде» «Саид алардың себебі»²² атты арнаулы тарау да бар. Сонымен, 1529 жылдың желтоқсанынан бастап олар Бадахшан өлкесінің орталығы – Қала-и зафарды келіп қоршайды.

Қала-и зафарда Мырза Хайдар жас кезінде шайбандықтардан қашып, Кабулдегі бөлесі Бабырға бара жатқанда /1508-1509/ жылға жуық тұрған-ды. Сөйткен, өзіне пана болған қамалға ол енді, міне, тағдыр жазмышымен жиырма жылдан соң оралып отыр. Өзін қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шокытпай мәпелеген мейірімді бөлесі Хан Мырза бірақ бұл кезде тірілер санатында жоқ еді. Сондай-ақ, ол мұнда танысып, табысқан, бірге болған, бірге жүрген достарынан да ешкімді кездестіре алмайды. Сондықтан да өткен күндерді ол қайғыра да мұндана еске алады.

Саид хан мен Мырза Хайдар Қала-и зафарды қоршап, сонда 1530 жылдың көктеміне дейін болған. Осындай ұйқысыз түндері ол жас кезінде бұл қамалда өткізген айларын, ізсіз кеткен достарын, өмірден тым ерте бақилық болған ата-анасын сағына еске алады. Өмір талқысына өзінің де ерте түсіп, талай тауқыметті көргенін қамыға айтады. Соның бәрі жүрегіне мұң байлайды. Өзін енді қайғы, қасіреттен сейілту үшін ол осы поэмасын жазуға кіріседі.

Поэманың сюжеттік желісіне үнді ертегі, дастандарының

²² Мырза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. -Ташкент, 1996. 486-490-66.

бірі негіз болған сияқты. Автордың араб, парсы тілдерін жақсы білгендігін ескерсек, бұл ойдың өміршендігі өзінен өзі түсінікті болар.

Сонымен, поэманың негізгі оқиға желісі 115 бәйіттен басталады да әрі қарай динамикалы түрде дами бастайды. Ертеде Самин деген қалада Шаһсауар атты патша болыпты. Екі жүз жылға таяу ғұмыр кешіп жеті ықылым елді бағындырған әмірші төрт құбыласы түгел боп, ұлыс пен уәлаят, қазына мен байлықтан кемшілік көрмесе де бір перзентке зар болады.

Ұлы жоқтық отына күйіп, қайғы жалынына қақталып қасіреттен қан жұтқан патша мазар-мазараттарды аралап, әулие-әнбиелерге сиына жүріп, бір Алладан перзент сұрап жалбарынады. Ақыры патшаның дұға, мінажаты қабыл болып күндердің күнінде дүниеге ұл келеді. Оған Фируз шаһ деп ат қойылады. Шаһзада эпостар мен ертегілердегі сияқты тез өсіп, жас кезінде-ақ бар ғылымды меңгереді. Қолы боста аңға шығып түлкі қуып, киік атады. Түндерінің көпшілігін ойын-сауық, көңіл көтерумен өткізеді. Қуанышты да шат өмір сөйтіп алаңсыз жалғаса береді. Бірі Қытай, екіншісі Рұм сұлуларын мақтаған мақпал түнгі сауық кештердің бірінде сақи ханзадаға шарап ұсынады. Оны ішер-ішпесте-ақ Фируз шаһ кенет ұйықтап кетіп, түсінде ғажайып бақ пен бостандарды, керемет балкондары бар сарайларды, одан «жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат» ғажайып бір перизатты көреді. Пері қыздары Фируз шаһты қолдан қолға алып өз шаһынын алдына апарарды. Ханзаданы патшаға ұсынған кезде Фируз шаһтын мандайындағы шанды сүртеді. Автор осылай оның перілер еліне ұзақ жүріп жеткенін аңғартқандай. Сөйтсе мұнда да сауық кеші өтіп жатыр екен.

152. Ки гардешка кигурдилар пийала,

Қилиб най бирла чанг, танбур нала.

Пиялайды жібергенде айналымға,

Най менен чанг, танбурдың шықты зарлы үні, —

дейді ақын. Пері шаһы ілтипат етіп Фируз шаһқа кесе толы шарап ұсынады. Ішіп салған ханзада содан мас болып құлап қалады. Кенет оянып кеткен ол ұйқыда көргендерін таба алмау үстіне оның түс, яки өңінде болғанын да біле алмай дел-сал күй кешеді. Түсінде көрген сұлу қыз ойынан шықпайды. Оны біреуге сездіріп, яки сыр етіп айта да алмаған Фируз шаһ ақыры сары уайымға салынып, пұшайман халге түседі. Бірте-бірте бұрынғыдай ойнап-

күліп, көңіл көтеруді, сұхбат кештерін өткізуді де қояды. Ақыры ол өзі душар болған жайттың жайдан-жай еместігін пайымдап, бұл істі уақтысы жетіп аян болғанша ешкімге білдірмей құпия ұстауға бел байлайды. Дегенмен, Фируз шаһ бойынан өзгеріс байқаған, көпті көрген кәнігі Сәлім уәзір баласы Фируз райды шақырып сыр тартады. Бірақ ол да ештеңе білмейтін боп шығады. Сонда ол ұлына ханзадаға барып түрлі әңгімемен көңілін аулап, сырын білуді тапсырады. Фируз рай досымен ұшырасқан соң базына қыла отырып қайғыға бөленуінің себебін сұрайды. Фируз райға Фируз шаһ амалсыз сыр ашуға мәжбүр болады.

Фируз рай да ханзадаға бұл мәселенің мән-жайы анықталғанша ешкімге білдірмей, бұрынғыдай ойнап-күліп әліптің артын бағуды ұсынады. Ол да оны мақұл көреді де өзінің уайым, қайғысы туралы тіпті уәзірге де тіс жармауды қатан тапсырады. Сәлім уәзірдің патшаға барып, ханзада мен достарына аңға шығуға рұқсат сұрауын мұқияттайды.

Сәлім патшаға Фируз шаһтың тілегін жеткізеді. Ханзадамен бірге «жұрт та тау, далаға серуен етіп, гүл мен қызғалдақ теріп, тамаша той-думан етсе, қалағанынша қыдырып аң ауласа, жігіттер киік атып, көңіл көтеріп жадырап қайтса» деген ұсыныс жасайды. Әмірші қуанып, өзінің де ұлымен бірге аңға шығуға дайын екенін білдіреді.

Ханзада мен шаһтың да аңға шығатыны туралы жар шақыртуға бұйрық беріледі. Ұлыс жиылып, сансыз сарбаз сапка тұрған соң Шаһсауар патша бастаған жұрт аңға аттанады. Патша киіктерді жинатып, бір жерге топтастырады.

289. Тузук чаргалаб чаргадин қалмасун,

Қилиб жаһд арани ачук қалмасун.

Дұрыстап қоршап, қоршаусыз (жер) қалмасын,

Етсін ыждаһат аралары ашық қалмасын.

290. Арасидин утқарса һар қим кийк,

Муни жазм билсун ки қалмас тирик.

Арасынан өткізсе кімде-кім киік,

Мұны анық білсін, қалмас тірі.

291. Нача тарбиат қилғаным булса ул,

Бериб шаһр, улус билғаным булса ул.

Қаншалықты маған жақын болса да,

Қала, елді берген болсам да.

292. Кийк санада паре килғумдурур,
 Нам ул лаһзе авваре килғумдурур.

Киіктің санындай пәршектеп тастаймын,
 Сол замат қаңғыртып жіберемін, —

дейді ол.

Сондай мықты қоршаудан шыға алмай, бір киік ортада зар еді. Кенет ол жанұшырып келіп, ақыры Фируз шаһ алдынан өтіп жалпақ даланы бетке алады. Фируз шаһ тұра қуады. Жақындап көрсе бір нәзік жануар екен. Бірақ ол ханзадаға жеткізбей шаршатады. Әйтсе де анда-санда аралары алшақтап кетсе, шаһзада өзінен көз жазып қалды-ау дегендей артына бұрылып көз сүзе қарап та қояды. Фируз шаһ мұндай әдемі киікті атып алғанша, егер ұстай алса, мойнына алтын бау тағып, сарай салтанатының бірі еткенді жөн көреді. Сөйтіп, оған оқты шығын етпей қуа береді. Киік те аршындай қарғып қаша береді. Арада талай дала, талай тау, талай сахара қалады. Бір кезде киік шыбын қонса тайып жығылатындай жылтыр, үздіксіз тұтасқан бір алтын тау етегіне жетеді. Аспанмен астасқан таудың ұшар басы көктен айырғысыз көкпенбек екен. Ал тау етегінен оқ жетер биіктікке дейін баспалдақ салыныпты да, ал оның арғы жағы тамаша қакпамен жалғасыпты. Киік баспалдаққа қарғып шығады да ары қарай зым-зия жоқ болады.

«Бұл не жұмбақ, кімнің мекен-жайы бұл, мүмкін іздегенім осында болар» деп таңырқаған шаһзада атынан түсіп, баспалдаққа шыққан кезде артынан Фируз рай да жетеді. Ханзада оған осы жерде тұра тұруды, өзінің жоғары көтеріліп, мән-жайды біліп қайтатынын айтып, биіктегі қакпаға бет алады. Фируз шаһ ішке кіріп жан-жағына қараған соң бұл жердің атакты Гүлстан шаһары екеніне көзі жетеді. Түсінде көрген тамаша сарайлар, балкондар мен әдемі бактар көзіне оттай басылады. Енді бірде жоғарыда— биік күмбез үстінде парлай қалықтап жүрген пері қыздары Фируз шаһты көрісімен оны қолдан қолға алып күмбезді сарайға апарады. Сарай іші сұңғақ бойлы, алқызыл жүзді, бұйра қарашашты перизаттарға, һәм олардың өзіне лайық орны көрсетілген алтындалған орындықтарға толы екен. Ұзамай ән салынады. Қыздардың шат та сазды әніне қайғы-зар, қасіретке толы әсем әуен қосылып, жүрек тебіренеді. Енді бірде такта отырған, түсінде көрген ғашығына көзі түскен Фируз шаһ есінен танып қалады. Таңырқаған сұлу қыз шаһзадаға қамқорлық көрсетеді. Әрең

дегенде өзіне-өзі келген ханзада «бұл тағы да түс болып жүрмесін» дегендей жан-жағына таңырқай да мұндана қарайды.

Перизаттың бұйрығымен пері қыздарының бірі шаһзадаға хош иісті шарап ұсынады. Бірнеше кесе көтерген соң Фируз шаһ көңілденіп бойын шаттық пен қуаныш билейді. Перизат патшайымы қасымда болса деп армандайды. Бірақ ғашығының өзіне пері қыздарынан сақтана да ұрлана наздануы оны таң қалдырады. Оны байқаған Перизат шаһзадаға өз жағдайын баяндайды. Бұл жұрттың Ирам бақ атты перілер елі, өзінің сол ел патшасының қызы екенін айтады. Жас кезінен-ақ ерекше зеректігімен көзге түскен оған сөз салмаған шаһзада қалмапты. Перизат сұлу оның бәріне әдетте үш шарт қояды. Бірақ қауышу күштарлығынан аса алмаған пері шаһзадалары шарттың бірін де орындай алмай, амалсыз қайтуға мәжбүр болады. Дей тұрғанмен, Назбой сұлу Фируз шаһқа «олардың бәрі пері патшаларының ұлдары еді, ал сен адам шаһының баласысың ғой, адамда әдетте әдіс көп болады. Егер мақұл десең шарттарды айтайын», — дейді. Қызды құлай сүйген ханзада нендей шарт болса да орындауға әзір екенін білдіреді.

Назбой өзі ұйықтаған соң шаһзаданың оны дауыстамай, жұлқыламай 3 рет еріксіз оянып, еріксіз орнынан тұратындай етіп ерекше бір сүйсініспен оятуы қажеттігін ескертеді.

Осының бәрі есіне түскен ол Назбойды енді ешқашан көре алмайтынына, оның мәңгілік жоқ екеніне, өзінің жалғыз қалғанына көзі жеткен соң қайғы, мұң мендегені сонша есінен адаса бастайды. Басына топырақ шашып, төсін жыртып жерге аунап жылайды. Жаратушыдан Назбойдан ажыратпай, өзін де алуды сұрап жалбарынады.

Фируз шаһтың мұң, зарына құлақ қойған Жаратушы, пендесінің тілегін қабыл етеді. Сол сәтте бейіт ішінен бір қол шығып шаһты ішке алып кетеді. Махаббатты ту етіп, сүйген жарына өле-өлгенше адалдық танытқан Фируз шаһ жайлы дастанын акын:

1290. Киши билмади ким қайан бардилар,

Ку(йуб) хали жайу макан бардилар.

Ешкім білмеді (олар) қайда кетті,

Тастап бос үй-жай, мекенін кетті, —

деумен аяқтаған.

Поэманың «Негізгі бөлімі», сөйтіп, осы 1290 бәйітпен біткен. Әрі қарай 1306-бәйітке дейін Мырза Хайдардың өмір, тағдыр

жайлы философиялық толғанысы берілген. Бұл ретте Мырза Хайдар өзін Аяз деп атайды да «өміріннің тұлпары жүргелі тұр, ал сен кейде ояу, кейде ұйқылысын, бейкамсын. Уақытты бос өткізбей тіршілік ет. Өйткені өмір өте шығады. Ал артында енбегің, игі істерің, қол жеткен табысың жеміс боп қалады. Сондықтан ешқашан бос жүрме» деген саликалы да мәнді ой айтады. Уақыт ешқашан тоқтап қалмайды, — дейді акын әрі қарай. Жыл, ай, күн, түн өзімен-өзі өтіп жатқандай болғанымен, тағдырың сені жаһаннан шарқ ұрып іздеп жүрген шығар, іздемесе бұрын өткен дос, жаран, ата-ана, туыскандарың қайда? Тағдыр оларды да өз кезегімен өткізіп, енді сенің кезегінді келтіргелі «дамылсыз ізіңе түсіп іздеп жүрген шығар» дей отырып, тағы да уақытты бос өткізіп ғафил қалмауға шақырады.

Терең толғанысқа толы осындай ойлардан соң 1307-1313 бәйіттерде Мырза Хайдар Алла тағала мен Мұхаммед пайғамбар һәм оның төрт халифасына мінәжат етіп, тіршілікте ағаттықпен жасаған күнәлары үшін кешірім сұрайды.

Ал ең соңғы 1314-1329-бәйіттерде ол енді дастанның жазылу себебі мен аяқталған кезіне оралады.

1314. Қел, ей, муншии табы роушан неһад,

Қилурман «Жаһан намедин» хайр-бад.

Кел, ей қаламгер, көңілі ашық

Етемін (енді) «Жаһан намемен» қоштасу.

1315. Кунул лоуһидин раф етиб ғоссени,

Қилурман тамам емди бу киссани.

Көңіл тактасынан көтеріп қайғыны,

Етемін тамам енді бұл киссаны.

1316. Бу ул кисса ерди ким, ул һам-нешин,

Қилиб ерди, кунлумни кургач һазин.

Осы кисса еді, сырлас дос

Болған, көңілімді көрген соң мұңлы.

1317. Мувафек куруб ани уз һалима,

Монасеб курунуб уз аһвалима.

Сәйкес көріп оны өз халіме,

Ұқсас көрініп (ол) өз жағдайыма.

1318. Хийал айладим ерса такриб ила,

Бу чағлиқ һекайати тартиб ила.

Еттім қияд шамамен,

Осындай хикая ретімен.

1319. Тизилди келиб, назм селкин тутуб,

Тамам улди буниадин йил утуб.

Түзілді келіп өлең, жібін ұстап,

Тамам болды негізгі (бөлімінен соң) жыл өтіп, —

деп поэманың «Негізгі бөлімінің» бұрын жазылғанымен, соңғы беттерінің арада жыл өткен соң ғана хатка түсірілгенін ескерткен.

«Жаһан намені» Мырза Хайдардың Бадахшандағы Қала-и Зафарды қоршауға алған 1529-1530 жылдары жазғанын жоғарыда айтқанбыз. Бірақ дастанның «Негізгі бөлімін» ол 1530 жылдың көктемінде бітіре қоймаған секілді. Шығармамен жұмысты ол Қашғарға қайтып оралған соң 1532 жылға дейін де жалғастыра берген. Себебі қиссаның соңғы беттерінің нүктесін қойған кезді ол:

1324. Йил ат ерди Мачин таварихида,

Раджаб айи «фархунда» тарихида.

Жылқы жылы еді Машын жылнамасында,

Раджаб айында, фархунда мерзімінде.

1325. Тугаттим жаһан меһнату ғоссесин,

Килиб назм бур дастан киссасин.

Бітірдім жаһан михнаты мен қайғысын,

Етіп өлең осы дастан киссасын...

1326. «Жаһан наме» куйдум аниң атини,

Дедим чун аниң хали халатини.

«Жаһан наме» қойдым оның атын,

Айтқаным үшін оның хал-жағдайын, —

деп, тайға таңба басқандай анық көрсеткен, яғни һижраның 939 жылының раджаб айы 1533 жылдың наурыз айына түс келеді. Мырза Хайдар бұл кезде үлкен әскермен Кашмирде болатын. Ал ақынның ол кездері неге көңілі тола емес, неліктен мұңлы еді? Мырза Хайдар неге ол кездің мұңының әрбір сәті өзін әрі-сәрі етті дейді?

Ұлы ғалым «Тарих-и Рашидидің» «Автордың Кашмирге келуі және соған байланысты болған оқиғалар жайлы» атты 96 тарауында һижраның 939 жылының джумада ас-сани айында (1532 жылдың 29 желтоқсаны) 4 мың жасақпен Кашмир жеріне аяқ басқаны жайлы жазғанын жоғарыда айтқанбыз. Содан олар ол өлкеде 1533 жылдың мамыр айына дейін болып, Кашмирдің біраз жеріне ту тігеді. Бірақ жас қолбасшының жеңістерін қызғанған Мырза Әлі Тағай әскер арасына ылаң салып, бүлік шығарады.

Әскерлерді Кашмирді талақ тастап, Қашғарға қайтуға үгіттейді. Әскер арасында сөйтіп толқу мен кобалжу туады²³.

«Іштен шыққан жау жаман» дегендей Мырза Хайдар дулаттан шыққан ағайыны Мырза Әлі Тағайдын іштарлығы мен опасыздығына күйініп қатты ренжиді. Бірақ өз қолын өзі кесе ме? Оны әрі-сәрі еткен оқиғалардың себебі осы еді. Осындай сәттері ол көңілін аулап, өзін-өзі сергіту үшін «Жаһан наменін» соңғы беттерін жазумен айналысады. Себебі жоғарыда айтылғандай:

1321. Кунул жам емас ерди айямдин,

Ки нуш айласам ерди бу жамдин.

Көңіл орнықты емес еді тіршіліктен,

Ішпек үшін сол кеседен.

1322. Тапиб халвати гаһу би-гаһда,

Кечаларда, аксар саһар гаһда.

Бос уақыт тауып әр түрлі кезде,

Түндерде, көбірек тан шағында.

1323. Булуб форсатим гаһи бешу онар,

Хийал еттим улғай дебан йадгар.

Кейде уақыт тауып бесіннен соң,

Қиял еттім болсын деп естелік.

1327. Мошавваш еди кунлум ул һалдин,

Чу айтур едим уткан аһвалдин.

Әбіржүлі еді көңілім сол жағдайдан,

Себебі өткен халден әнгімелеп едім, —

деп тағы да шегелей ескертіп өткен. Дастан, сөйтіп, арада 3 жылға жуық уақыт өткен соң ғана біткен.

«Тарих-и Рашидиді» жазу үстінде де табиғатында кішіпейіл, астамшылығы мен кеудемсоқтығы жоқ ұлы ғалым, ойшыл кемеңгер қайта-қайта оқушысынан ғафу өтініп, әдеп сақтап отыратын сияқты. «Жаһан наменін» де соңғы беттерін осы бір жан жылытар қалпынан айнымай:

1328. Сузумда қосури болуб, билсалар,

Карам айлаб ислаһини қилсалар

Сөзімде кемшілік барын кім білсе,

Кемпейілділікпен түзетіп оны қойса.

²³ Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. -Ташкент, 1996. 543-549-66.

1329. Салаһ ичра салих тутуб моттасел,

Наби руһи булғай улардин баһил.

(Алла) дайымы туралық ішінде тура (жолға) бастап,

Пайғамбар рухы болады одан (риза), —

деп аяқтаған. Шын да шынайы достық, адал да пәк махаббат уағыздалатын поэмада автор жасаған образдардың бәрі де көңілге қонымды шыққан.

Шаһсауар патша. Поэмада ол ақылды, сабырлы, үлкен парасат иесі ретінде көрінеді. Мемлекетінде тыныштық сақталуы, әділдік туы желбіреуіне күш салады. Халқына қиянат жасап, қасіретке душар етпейді. Озбырлық емес, әдептілік жолын қалайды. Ақын өміршіге ханзада сөзімен:

255. Бе-ғайат латифу хош-айандадур,

Куңул ким герехдур, гошанидадур.

(Ол) өте нәзік, сүйкімді ғой, —

Қашанда көңіл түйінін шешуші ғой,

деген баға беріп, бір-ақ бәйтпен көп жәйтті аңғартады.

«Жаһан намедегі» Шаһсауар патшаның құдайдан бала тілеп, ел кезіп кететін жері Мырза Хайдардың өміріне ұқсас. Поэманың осы деталін ол өз өмірбаянынан алған. «Тарих-и Рашидиде» ұлы ғалым: «бұл жаманнемеге дейін менің ата-анамның төрт қызы бар екен. Олар содан әулие-әнбиелер мазаратына зиярат етіп, ұлы Жаратушыдан ұл беруді сұрап жалбарынады. Ұзақ мінежат пен тілекке толы жалбарыныштан соң өмірге мына жаманнеме келіпті. Сол себепті де ата-анамның маған деген сүйіспеншілігі шексіз еді»²⁴, — дейді.

Әйтсе де мұндай мотив орта ғасырлық түркі ақындары шығармаларын былай қойғанда, біздің эпостық жырларымызда да ұшырасады. Шаһсауар патша да сөйтіп жалғыз ұлын жанындай жақсы көреді. Өмірдегі табысы, жемісі, көрер көзі мен жан, ділі Фируз болғандықтан перзенті үшін ол отқа да, суға да түсуге әзір. Киік қуып Фируз шаһ ұшты-күйді жоғалғанда, Шаһсауар патша тірлігін тастап, ұлын іздейді. Ханзададан айрылғанына мойынсұнбайды. Әйтсе де бірте-бірте қасірет бұлты мендеп, думанды күндері қайғыға айналып, үміт оттары сөне бастайды. Ақын оны барлық жерде әдемі де келісті сөйлетеді. Фируз шаһтан айрылғанда патша өзін жеміссіз жапыраққа теңейді. Ұлын аңсап,

²⁴ Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. - Ташкент, 1996. 194-б.

жоқтау айтады. Сондай жоқтауға құрылған төмендегі поэма үзіндісінен Мырза Хайдардын түркі халқының бай ауыз әдебиетін де жақсы білгендігін байқауға болады.

842. Паланг аттиму туьма бииша ара,
Алиб кеттиму тағ ара аждаһа.
Барыс етті ме қорек жынғыл арасында,
Алып кетті ме тау арасына аждаһа.
843. Суға тутиму, йутдиму йа наһанг,
Һава килди симурғ алиб йа пачанг?
Суға батты ма, жұтты ма яки жайын
Әуеге әкетті самұрық яки бөлшектеп.
844. Йикилдиму атдин йаман йер келиб,
Йайақ қалдиму атидин айрилиб?
Жығылды ма аттан жаман жер келіп,
Жаяу қалды ма атынан айрылып.
845. Сусаб сайаьи арзу килдиму?
Панаһи тапиб анда йикилдиму?
Шөліркеп саны арман етті ме,
Пана тауып онда жығылды ма.
846. Йикилғанда йа ход атидин йаман,
Кетиб һошидин би-ход улған заман
Жығылғанда өзі атынан жаман,
Айрылып қалған кезде есінен танып.
847. Бурилар гозарига туш булдиму
Тани туьмаьи, руһи куш болдиму.
Бөрілер жолына тап болды ма,
Тәні қорек, рухы құс болды ма, —

деп, қиялы сан-саққа жүгіреді. Мұнда әкесінің ұлына деген сағынышы уайым, қайғысымен астастырыла өрнектелген. Акын Шаһсауар жоқтауын перзентін іздеген мәнсіз байбалам емес, шындыққа суарылған жайттерге құрған. Жапан далада жалғыз қалғанның аң-құсқа жем болуы, яки аттан жығылып, жаяу қалса шаршап шөліркеп, саяны армандауы да табиғи, шындыққа жарасымды. Сөйткен Шаһсауардын «казан жаңбырындай ағызып жасын», «қайғыдан түндей болғанын» көрген Фируз шаһтын жарқын жүзді анасы Жаһанбану да «заманы мейірін тәрік еткен соң», «жылап жүзін аңсап ұлының қайғыланып», «күйіп қайғы отымен» әлсіреп ақырында дүние салғаны да нанымды шыққан. Соныра бірақ ұлын көру арманына жеткен патша елін, жерін,

халқын Фируз шаһқа тапсырып ханзадаға *«мемлекетті әділетпен гүлдендір, пақыр, ғариптерге қашанда қайырымдылық ет, халқың жақсы мінезіңе риза боп, көңілі тола болсын, әрдайым халықты шат қыл, рақымды бол»* деп бақиға аттанып кетеді.

Автор патша образы арқылы қолында билік күші бар әміршілерді:

1035. Улус йахши хулқиндин улсун хошан,

Не ким фитнадин мулқин улсун аман...

Ұлыс жақсы мінезіннен болсын көңілді,

Барша күйзелістен мемлекетің болсын аман.

1037. Дел-азарлиғ пишеси шумдур,

Не булғай дел-азар мағлумдур.

Қатігездік кәсібі — бакытсыздық кой,

Қатігездіктің немен бітетіні белгілі ғой, —

деп, әділдікті ту етуге, қайырымдылыққа шақырады.

Поэмада сөйтіп Шаһсауар патшаға біраз орын берілсе, ал Перизаттын әкесі Тәжібакыт пен анасы Маһи-Руй Зариф тек бір-екі жерде ғана көрінеді. Олар да бірақ екі жас бакытына бөгет болмайды. Батасын беріп, Самин еліне шығарып салады. Фируз шаһ баласы Фаррух Сауарды алып келуге Назанинді жібергенде де Тәжібакыт кедергі жасамай, түсіністік танытып, ханзаданың еліне қайтуына рұқсат етеді. Дастанда солай Шаһсауар мен Жаһанбану секілді Тәжібакыт пен Маһи-Руй Зариф те әділдік пен қайырымдылық символы боп шыққан.

Шығармада Сәлім уәзір де көрегендігімен көрінеді. Ол Фируз шаһтың өзгере бастағанын сезімталдықпен тез байқайды. Дегенмен, ханзаданың сыр ашпайтындығын білген соң оған ұлы Фируз Райды жібере отырып, «онаша кездесіп сұхбаттас, Мысыр, Шам, Ирак, Герат, Қытай, Қотанның сұлулары жайлы әңгімеле. Қор, пері қыздары туралы қызықты хикаялар айт. Тиісті жері әсер еткенде ханзада амалсыз сырын айтар», - дейді. Ақылды уәзірдің амал-айласы шынында да нәтижесін беріп, ханзада ақырында түсінде пері қызына ғашық болғанын, бірақ өңінде оны таба алмай, қайғы-мұңға бөлінгенін жайып салады.

Патша қайғыланып, мемлекет ісі адыра қалғанда да Сәлім Шаһсауарға келелі кеңес береді. Басу айтып, ол сабыр етуге шақырады. *«Жетім, жесір, ғариптерге қайыр садақа үлестіріп, зындандағы күнаһар пенделерді азат ет, олар да тілектес болсын, мүмкін бірінің дұғасы қабыл болып, ханзада аман келер»* деген ұсыныс

айтады. Шығармада тек Шаһсауар мен Фируз шаһ ғана емес, сондай-ақ, олардын уәзірлері Сәлім мен Фируз Рай да ақылына парасаты сай жандар ретінде суреттеледі.

Фируз шаһ. Дастандағы бар оқиға негізінен Фируз шаһқа байланысты өрбиді. Ақын оның ерекше болатынын ерте-ақ аңғартып кетеді. Тілі шыққанда ханзадаға өнер көрші боп, бақыт қонады. Жас кезінде-ақ барлық ғылымды біліп ойлы жігіт боп өседі. Түсінде көрген Перизатқа ғашық болғанда, ханзадаға оған жету үшін ешқандай кедергі бөгет бола алмайды. Ғашықтық оты жанын жегідей жесе де ол оны ешкімге айтпай, сыр сақтай да біледі.

158. Бу би-некмат ермас, муни ман неһан,

Тутай, та замани ке булғай айан.

Бұл жайдан-жай емес, мұны мен кұпия

Ұстайын, уактысы жегіп болғанша аян, —

деп, өзін-өзі сабырлыққа шақырады. Опындыратын жеңіл ой жетегінде кетпейді. Бірақ соныра досы Фируз райға сенгендіктен ғана іштегі шерін тарқатады. *«Сырымды саған да айтпағаным сені де мұң, қайғыға бөлемейін деп едім»*, - дейді ол.

Фируз шаһ өзі тақылеттес бек балалары ішінен де аңға шыққанда ептілігі, шабандоздығымен дараланады. Сұлу қыздың киын үш шартын шеше алмай, талайлардың жігері құм боп қайтқанда да ол:

379. Бе-джа келтуруб булғаман кам-ран,

Весалиң гулистанида шадман!

Орындауға бел буғанмын — тілекке жетуге,

Қауышуын гүлстанында шатпын, —

деп, жігерлілік танытады. Мақсатына жетпей қоймайтынын аңғартады.

Фируз шаһтың ойлылығы мен ақыл-парасаты осы үш шартты орындауда әсіресе айқын білінеді. Автор *тақ, білте шам, бойшаң бокалды* бірін-бірі қайталамайтын, әрқайсысы өз алдына тартымды әңгіме боларлық оқиғалармен сөйлетеді. Өз кезегінде ол сұлу қыз мүсінін жасаған *төрт дос, залым диюден әдемі қызды құтқарып қалған үш жолдас, қарақшылардың қолынан қазаға ұшыраған екі дос пен адал да аяулы ару* трагедиясын баяндай отырып, Перизатты киын істің шешуін айтуға мәжбүр етеді.

Фируз шаһтың білте шам мен бокалға еркелете, өзімен тең көре, тіл катуы олардың өз сырын айтуына себеп болады. Мысалы, тақты ол оған *«ей, жолы болған бақытты тақ»* деп әуелі мақтайды. Ол

такқа да ұнайды. Риза болған тақ өз жайын айтуға кіріседі де орайы келгенде Фируз шаһқа «әлем шаһы» деп ізет, ілтипат білдіреді. Үлкен боқалды сөйлету үшін Фируз шаһ «ей, тынық су ыдысы сүйікті» деп мақтап өтеді. Оған риза болған боқал да ханзадаға «патшалар патшасы, әлем панасы» дейді. Фируз шаһ білте шамға: «ей, жарқын жанды білте шам» деп еркелете марапаттаса, ол да өз кезегінде оған: «Патшалар патшасы, Бақытты Фируз» деп тіл қатады. Осылай біріне-бірі сый-құрмет, ілтипат жасау—қиын істің оң шешілуіне дәнекер болады. Ханзада кішіпейіл, қыз жүрегінің қыбын таба білетін сезімтал азамат. Әрбір әңгімесінен соң ол: «Ей, көңіл рақаты, менің айтқан әңгімем мұбарак жүрегіңе ұнады ма» деп ғашық жарына еркелете тіл қатады. Сонымен қатар, ол Назбой сұлу әрбір оянған сайын шартты орындағанын Перизатқа мойындатып, шегелеп отыруы да оның тиянақтылығын, алдын-артын күн ілгері болжай білетін жан екендігін көрсетеді.

«Амалы таусылған» қыз ақырында:

786. Деди: «Сандадур иһтийар, ей малик,

Маңа қалмади һич ноу узгалик

Деді: «Сенде енді ерік, ей патша,

Менде қалмады еш амал өзге, —

деп еркін Фируз шаһқа береді.

Автор Фируз шаһтың абзал да текті жан екенін ұзақ баяндап, дәлелдеп жатпай:

794. Деди: «Шаһри Самин маликзадаси,

Жаһан шаһларинин азадаси.

Деді: «Самин қаласының мәлікзадасы,

Жаһан шаһтарының тазасы».

798. Не иш булса фаһму фарасат била,

Билур, килур йуз латафат била

Не іс болса түсінік парасатпен

Біліп істер сүйкімді жүзбен, —

деп, дәл де тауып айтылған сөздерге сидырып жіберген. Өзі шонжар әулетінен шыққанымен жастайынан мұң, зарды көбірек көріп өскен Мырза Хайдар өз шығармасында да қарапайым халық камын түсіне біліп, оларға аяушылықпен қарайды. Фируз шаһ пен Перизаттың некесі қиылған соң олар Самин қаласына аттанарда қыздың ата-анасы, ел-жұрты жылап қоштасып қалады. Әйтсе де автор поэмада:

984. Заыифу кави алам ичра бали,
 Ерур барчага һежр мушкул вали.
 Әлсіз бен күшті жаһанда бар, дұрыс,
 Олардын бәріне айрылу ауыр, бірақ.

985. Заыифу йелга дошвар ерур узгадин,
 Заыиф йел дел-афгар ерур узгадин.
 Әйел затына киын болар өзгеден,
 Әйел заты қасіретті болар өзгеден, —

деп, оларға жаны ашып, күйзеле сөйлейді.

Әкесі қайтыс болып таққа отырған Фируз шаһ өзін әділ де таза ұстайды. Өзгенің байлығы мен жеріне қызығып, ашкөздік жасап соғыс ашып, шапқыншылық жасамайды. Қарапайым халыққа мейріммен қарайды. Фируз шаһ патшалық еткен жүз елу жылды ел той, думанмен көңілді өткізген. Қолында билік-күші бар кез-келген патша, әміршінің жұрт камын ойлауы керектігін ақын қайрыла қайталап айтады. Егер *«Алла тағаланың ризашылығын тілеп, құдайдан үміт етсең, халқыңа адал, еліңе берік бол, сөйтсең ғана сенің де тілегіңді Жаратушы жерде қалдырмайды»*, - дейді ол. Сөйтсе де Мырза Хайдар *«бірақ қанша дегенмен, адам баласы бейқам ғой, көзін тігіп байлыққа азапта ғой. Байлықты мақсат еткен өзге нәрсені ойламайды. Байлық, ашкөздік жолының азапты, қасіретті, таза еместігі белгілі болса да ол одан бас тартпайды. Егер ондай жолға түссе — онда Алла бермеді, жарлықамады деу не жорық»* деп бақыттың байлықта емес екендігін айтады. *«Адам қанша бейқам, ғафіл болса да Алладан қайырым көріп ризығын алса, кем болмас ешқашан»* деп келер күндерден жақсылық күтуге шақырады.

Мырза Хайдар әділ әмірші, әділ патшаны идеал етті. Қарапайым халыққа жақын болды. Олардын мұң-зарын түсіне білді. Оның кейіпкерлері де автордың өзі сияқты махаббатта да осындай моральдық биік принциптерден айныған жоқ. Фируз шаһ сүйген жары Перизатқа адалдық танытып өткен. Назбой қайтыс болып, соныра жалғыз қалғанда да ол сүйген жарын ұмыта алмай дәруіштік жолға түседі. Тағы мен тәжін тастап, өмір қызығынан бас тартады. Назбойды іздеп дүние кезіп кетеді.

Поэманың «Кіріспесі» мен «Эпилогында» ақын дастан оқиғасына өз басынан өткен жайттердің негіз болғаны жайлы ескерткенін айтқанбыз. Ахмет Зәки Валиди ол туралы *«бұлай деп ол әміршінің мемлекетті басқара алмай, тақтан бас тартуға мәжбүр боп, оны ұлына беріп, өзі дала кезіп кететін әңгіменің негізгі*

тұсын айтқысы келгендігі анық. Мұнан Мырза Хайдардың әміршісі Саид ханның да 1532-1533 жылдары Тибетке жорықты тіпті де өз еркімен жасамағандығы байқалады. Саид хан патшалығының соңғы жылдары мемлекетті басқаруды божыратып (ол көп ішкен) жіберді. Осыған байланысты оның ұлы Әбдірашид көбірек сый-құрметке бөлене бастайды»²⁵, - дейді.

«Тарих-и Рашидиде» шынында да осы жайттерді растайтын деректер жоқ емес. Мысалы, «Ескендір сұлтанның туылуы жайлы еске алу» (55 тарау), «Кешірімі шексіз ұлы Тәнірінің арқасында ханның тәубеге келуінің басталуы» (70 т.), «Дәруіштік үшін ханның патшалықтан бас тартуы һәм оның өз шешімін қалай өзгерткені» (71 т.) секілді тарауларында «ол күндері жиі шарап ішкендіктен ханның денсаулығы бұзылды», «ақырында іс насырға шапқандығы сонша ол безгек ауруына ұшырады... ханның шарапқа құмарлығының артқаны сонша, егер түсіне салауаттылық кірсе, оны ол қалайда ішу қажет деп жорыды... Немере ағам көптен (Қожа Ахмет) Йасауи қауымы жолына түсіп салауатты өмір салтын ұстанатын. Ханның шарапқұмарлығына ол күйзеле, күйінетін. Хан (дәруіштік) жолға түскісі келетіндігі жайлы ақылдасқанда, ол әміршінің ниетін қызу қолдады... Хан тәубеге келген соң белгілі де беделді сопылардың кітаптарын оқып, онда айтылған жайттерге ой жіберді. Ол туындылар оған қатты әсер етті. Осы сопылық жолға түспейінше бақытты бола алмайтынын білген Саид хан бұл пәни тіршілігі мен мемлекет ісінен баз кешті. Уақытының көпшілігін онаша өткізіп, тек сопылықты ғана сөз етті»²⁶, - дейді.

Ақырында хан інісі Имин Қожа сұлтанды такка отырғызып, өзі дүние кезіп кетпек болады. Осы кезде Самарқаннан Қашғарға әйгілі тақуа, ел ішінде үлкен бедел иесі саналатын Қожа Мұхаммед Йусуф келеді. Саид хан оған жолығып, дәруіштік жолға түсуге шешім еткені жайлы айтады. Әйтсе де Қожа Мұхаммед оған: «патшалық — ең ұлағатты құрал және (Аллаға) ең жақын жол. Бірақ патшалар оны ләззаттық сезімді қанағаттандыру тәсілі мен сайтандық іс құралына айналдырып жіберді. Патша өзінің бір ғана пәрменді сөзімен игілікті іске берілер құрметке лайық болады. Ал дәруіш оған өзінің ұзақ ғұмырында да жете алмайды. Патша тағында отырып бұл максатқа тезірек жетуге болады»²⁷ дегеннен

²⁵ Ahmet Zaki Walidi Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat... p. 988.

²⁶ Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. - Ташкент, 1996. 423, 465-466-66.

²⁷ Соңда. 469-б.

кейін Саид хан ел билігін қолына қайта алады. Таққа қайта отырады.

Саид хан өмірінің осындай детальдерін Мырза Хайдар поэмада орынды да ретімен сәтті пайдаланған. Осылай ол шығарманың деректілігін арттыра түскен.

Перизат сұлу. Оны сомдауға акын ерекше мән берген. Фируз шаһ сарайдағы көгілдір бір кеште кенет ұйықтап кетіп, түсінде Перизатты ұшыратқанда автор:

149. Хосусан ултурубдур бир паризат,

Йузи ай, кузи чулпан, қадди шамшад.

Ерекшеленіп отыр бір перизат,

Жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат, —

деп, ә дегеннен-ақ оны суреттеп кетеді.

Фируз шаһ Гүлстани Ирамды тауып, қайта айналып келгенде де Мырза Хайдар бас кейіпкерін Назбой сұлумен жолықтырудан бұрын:

325. Қадам куйдийу чикти дарвазаға,

Саадат ешик бу гулу тазаға.

Аяқ басты да кірді (ол) дарбазаға,

Бакытты есік бұл — гүлі тазаға, —

деп, Фируз шаһтың бұл жерден өзіне жар болуға лайық таза да пәк аруды ұшырататынына мензейді.

Сарай ішінің бәрі сұлулар болса да Фируз шаһ өз Перизатын бірден таниды. Акын оны тағы да *«кісі оған жүз рет жан берсе де аз, пері қыздарының бәрі жиылып гүлзар болса, Назбой ондағы гүл»* деп суреттейді. Шынында да Фируз шаһқа *«пері қыздарының Перизаттың оның алдында гүл-гүл жайнап, оның сұлулығына таңырқай қараған бұлбұлы»* сияқты көрінеді. Ханзаданы Назбой да ұнатады. Өйткені Фируз шаһ ғашығын көріп есінен танып қалғанда Перизат тақтан түсіп шаһзаданы құшағына алып, өз жарындай мөпелейді. Соңыра Фируз шаһтың қолынан ұстап, екеуі жұптасып келіп, қыз тағына отырады.

Перизат бірақ шаһзаданы ұнатқанын өзгелерге сездіргісі келмейді. Өйткені, оның шартты орындаған жігітке ғана келісім беретіндігі жайлы сертін сарайдағылардың бәрі де білетін. Сол себепті де Фируз шаһ өзін шын сүйсе әуелі үш шартты толық орындап, өзгелерден ақылдылығы мен тапқырлығын танытуы

керек. Содан кейін ғана ол Фируз шаһқа жар болады. Ханзада жеті ықылым жұртты билеген атакты Шаһсауар падишанын ұлы болса, Перизат та өзін:

364. Атамдур пари хайлинин сарвари,
нава-хаһидурлар атамнин бари.

Әкем сансыз перінің көсемі,
Ізгі ниеттілер ата(ларымнын) бәрі.

365. Ерур шаһри Заррин аңа пай-(е)-тахт,
Узинин мубарак ати Таджи Бахт.

Болады Заррин каласы онын астанасы,
Өзінің мубарак аты Тәжібакыт.

366. Анамның ати Маһи-Руй зариф,
Йуқ андағ жаһан ичре зати шариф.

Анамның аты Маһи-Руй сұлу,
Жоқ ондай әлемде тегі касиетті.

367. Атарлар мани Назбу(й) сарви-наз,
Сурар шаһлар алимда руйи нийаз...

Атайды мені Назбо(й) сұлу деп,
Әлем шаһтары іздер кажетін бізден...

369. Бу гулшанни дерлар Ирам гулшани.

Чекипдур муниң хош-һаваси мани.

Бұл гулзарды дейді Ирам бағы,

Тартып тұр мұнын хош ауасы мені, —

деп, таныстыра отырып, тегі жағынан өзінің де одан кем түспейтінін байкатады. Мұнда Перизатты іздеп келген перінің талай шаһ пен шаһзадалары шартты орындай алмай, амалсыз еліне қайтуға мәжбүр болғанын еске сала келе, ол *«егер шартты орындауға келісім берсең айтайын, орындай алсаң тәжім, тағым, өзім, үй-жайым, қанша дүние мүлкім болса да сенікі»*, — дейді.

Фируз шаһ келісім берген соң қыз ұйқысына жатады. Бірақ ол шын мәнінде ояу екен. Ханзаданың әңгімесіне қыздың ұйықтамай құлақ қоюда екенін автор:

528. Хабардар ердийу, бидар еди,

Аниң имтихани била бар еди

Білетін еді (қыз), ояу еді,

Оны сынап жатыр еді, —

деп ескертіп өтеді.

Поэмада Перизат ақылдылық пен парасаттылық символы ретінде танылады. Өзіне жар етіп ол сырт сұлулыққа құмар арзан

ойлыларды емес, керісінше шартты тапқырлықпен орындап ақылдылығын көрсете алар азаматтардан іздейді. Нәзік сезімді Назбой Фируз шаһты бір көргеннен-ақ оның өзі арман еткен азамат екенін байқайды. Сұлу қыздың ханзаданың өз сынынан сүрінбеуіне тілектес болуының сыры да осында сияқты.

Фируз шаһ әуелгі шартты орындағаннан-ақ Назбой сұлу сүйініспен «оянып», ризашылықпен бір шарттың орындалғанын мәлімдейді. Сөйтіп шарттар біткенше «оянған» сайын Фируз шаһты «патшалар патшасы, жеңіс ұраны», «патшалар патшасының көсемі», «Жаһан шаһтарының тазасы», «Пәк жүректі ием — басымның тәжі» деп мактап өзі мақсатқа жетуге жігерлендіре түседі. Дастанда Назбой солай ой һәм тән сұлулығымен ғана емес, жан сұлулығымен де, ақылына көркі сай ғана емес, жүріс-тұрысы, сөз сөйлеуімен де даралана көрінеді.

Фируз шаһ түсінде қан жылаған әкесін көргенін айтып мұңға бөленгенде сұлу қыз:

973. Туман мин маниңдек заифу һазин,

Саңа садка болсун, сен улма ғамин.

Түмен, мың мендей ару қасіретті,

Саған садақа болсын, сен болма мұнды.

974. Не йерга кадам куйсаң ул йерда ман,

Башиңдур айағиңда һар қайда сен.

Қай жерге кадам бассаң ол жерде мен,

Басымды (иейін) аяғына, қайда болсаң да сен.

975. Фалак емди сандин йирақ етмасун,

Ферагин баласини курсатмасун.

Тағдыр енді сенен жырақ етпесін,

Айрылысу бәлесін көрсетпесін, —

деп Фируз шаһқа адалдық танытады. Екеуінің тез Самин еліне аттанып, ата-анасын қуантуын ұсынады. Әйтсе де бірақ өмір жалған. Фируз шаһ пен Перизат 150 жыл отасқаннан кейін тағдыр шаттық күндерін өзгертіп, думанды гүлзарын түнек етеді. Ажал сәтін жақындатады.

Фируз шаһ пен Назбой үйленіп Саминге аттанар кезде автор қыздың ата-анасы перзентін қимай жылап қалды демей, «айрылысу мұнының әнін салды» деп, әдемі образбен бейнелей де биязылай жеткізеді. Ақынға сүйікті кейіпкері Назбойдың дүниеден өткенін хабарлау да онайға соқпайды. Бұл ретте ол Перизаттың қазасын «жаһан Гүлстанын кетті тастап» деп жүрегіне мұң байлай жеткізеді.

Жарынан айрылып қасірет шеккен Фируз шаһ халін «күз жетті карағайлы Гүлстанына» яки өмір гүлінің сола бастағанын «(Опасыз) тағдыр түтіні жапты жүзін айдың», немесе «күз жаңбырындай төгіп жасын, бұлыттай етті кара бойы-басын» деп білдіреді. Табиғат көріністері тек жақындап қалған қасіретті немесе қуанышты сәтті ғана емес, сондай-ақ көбінесе кейіпкерлердің тағдыр, толайы һәм көңіл-күйімен де байланыстырыла, ұштастырыла суреттеледі. Адам мен табиғат сөйтіп бір-бірімен байланыста көрінеді.

Шығарманың негізгі тақырыбы адал да таза махаббат. Онда сүйген жарға, махаббатқа деген адалдық ту боп желбірейді. Сол себепті де поэманы махаббатқа арналған әнұран десе де болады. Онда сондай-ақ өмірдің өткіншілігі, тағдырдың бейопалығы мен әділетсіздігі де мен-мұндалайды. Сондықтан да «Жаһан намені» көтерілген проблемаларға, айтылар мәселелерге карап кейде «Тағдыр нама» деп те атауға болатын сияқты.

Шынында да шығарма ө дегеннен-ақ (1-14 б.) өмір, тағдыр жайлы философиялық толғаныспен басталады. Жаратушыдан ешнәрсенің де жасырын бола алмайтыны, өмірде не болса да оның рұксатымен, күдіретімен ғана болатыны, тағдырға не жазылса сол болмай қоймайтыны бірнеше рет қайталанады. Тағдыр әділетсіздігін көлденендете отырып, ол поэма оқиғасының да осы мәселелер төңірегіне құрылатынын 24-30 бәйіттерде-ақ аңғартып кеткен.

Қарымды қаламгер өз өмірінде қасірет пен қайғы, азап пен мұнды көрудей-ақ көрген. Сол себепті де ол «Тарих-и Рашиди» немесе «Жаһан намесі» болсын өмірден, қоғамнан әділдік, тазалық, қайырымдылық іздеп, соны ту етуге тырысты. Өзінің мөлдір де адал сезімімен ол айналасына нұрлы шапақ шашқысы келді. Ақындық мәдениеті жоғары қаламгер поэмада нені сөз етсе де, нендей жайтты суреттесе де оған азаматтық көзбен карап, шындық тұрғысынан келуге тырысты.

Ақын шығармашылығына сөз жоқ классикалық парсы және Орта Азиялық түркі тілді әдебиеттің де зор ықпалы болды. «Тарих-и Рашидиді» оқи отырып, ұлы ғалымның Әбу-л-Қасым Фирдауси, Сағди, Қожа Хафиз Ширази, Абд ар-Рахман Жами секілді классиктер мен парсы, түркі тілдерінде бірдей жазған Лүтфи, Әлішер Науаи, Бабыр, Хасан Әли Жалайыри іспетті сөз зергерлерінің шығармаларын да жақсы білегендігін байқайсыз. Әсіресе жүз жасаған Лүтфидің дастандары мен ғазалдары Мырза

Хайдар шығармашылығына көп әсер еткен. Мысалы Лүтфидің «Гүл мен Наурыз» поэмасы мен «Жаһан наменің» бас жағы ұқсас. Лүтфи поэмасында Наурыз шарап кесесін ала сала одан өзінің сұлу екенін көріп қайран қалады. Қараған сайын ынтыға түседі. Сауық кешін доғарып төсекке жатқанда да қолына айна алып, өз жүзіне өзі қарай береді. Сөйтіп ол өзіне-өзі ғашық болады. Бұл деталь бірақ «Жаһан намеде» жоқ.

«Гүл мен Наурызда» ханзаданың елі — Наушад. Әкесінің аты Фаррух болса, «Жаһан намеде» Фаррух — Фируз шаһтың баласының аты. Лүтфи дастанында Гүлдің елі Фархар деп аталса, Мырза Хайдар поэмасында ол Гүлстани Ирам.

«Гүл мен Наурыз» 1411 жылы Гератта жазылған, яғни ол Мырза Хайдар дүниеге келгенге дейін-ақ Орта Азияда кеңінен белгілі болатын. Поэма парсы тілінде емес, керісінше түркі тілінде жазылғандықтан һәм онда араб, парсы тілдеріне карағанда түркі тілінің элементтері басым болғандықтан шығармамен күллі жамағат жақсы таныс еді. Өйткені: «әсем өнер жанкүйерлері арасында сол жылдардың өзінде-ақ Лүтфидің жырлары кеңінен белгілі болатын. Науаидың айтуынша, Лүтфидің ғазалдары түркі тілді Ирак пен Хорасан жұртына кең тараған. Әлішер Науаидың камкоршысы һәм ізбасары — сол кездегі аса білімпаз кісілердің бірі — Саид Хасан Ардашир ұйымдастырған Гераттың әдеби отырыстарында Лүтфи өлеңдері үлкен сүйіспеншілікпен оқылған»²⁸. Сол себепті де осындай ұлы суреткерді Мырза Хайдардың үлгі тұтып, оған еліктегендігін жоққа шығаруға болмас. Бірақ ол Лүтфи ықпалынан шыға алмай, шайыр көлеңкесінде қалып қойған жоқ. Өзінше жол іздеп, өз поэмасында өзгеше шешім жасады.

«Гүл мен Наурыз» 595 бәйіттен ғана тұратын шағын дүние. Ал «Жаһан наме» тереннен қозғап, алыстан шалатын, кең планды күрделі шығарма. Оны жазбас бұрын ол әрине аз ойланған жоқ. Дастанға ежелгі үнді ертегісін негіз ете отырып, оған қандай жанама оқиғалар қосуы керек? Шығарманың айтар ойының түпқазығы неде деген мәселелерге жауап іздеп шарқ ұрды. Ақырында поэмаға өзі куәсі болған, немесе естіген әңгімелерін де тарихи дерек ретінде кіргізуге ұйғарды. Мысалы, «үшінші шарттағы» білте шам әңгімесінен кейін Фируз шаһ баяндаған «екі дос жайлы хикаяға» автордың өз әкесі мен Ташкенттің билеушісі

²⁸ Рустамов Э.Р. Лүтфи// Лүтфи. Лирика. -М., 1961. 4-5-66.

Махмұт хан арасындағы достық негіз болған сияқты. Ол жайлы автор «әкем Мұхаммед Хүсейін мен ханның достығының беріктігі сонша, олар дайымы бір үйде, бір бөлмеде тұрды — хан үйінің оң жақ бөлігі әкеме берілген-ді. Үй шаруасында да әкем ханға таптырмас серік болды. Ханға не әкелсе, соның бәрін әкеме де әкелетін. Егер хан атпен жолға шыкса, онда біреуі ханға, екіншісін әкеме деп екі ат әкелетін. Егер хан жаңа көйлек киген, дәл сондай көйлекті әкеме де әкелетін. Сөйтіп хан Қаракөз бегімге үйленгенге дейін қайсы бір іс болмасын екеуінің арасы ажыраған емес... Әкеме хан өзінің үйленуіне байланысты гаремге кетуіне тура келетінін, ал әкемнің құжырада жалғыз қалып қоятынын, мұның өзі достыққа жатпайтынын айтып ғафу өтінетін»²⁹ деп жазады.

Фируз шаһ әңгімесінде екі дос қаракшыларға тап болып, солардың қолынан қаза тапса, Махмұт хан мен Мұхаммед Хүсейін де Шахибек хан жендеттерінің қолынан жазықсыз мерт болады. Ақын дастан оқиғасына сөйтіп тек Саид хан ғана емес, сондай-ақ өз жанұясына қатысты осындай деректерді де пайдаланған.

Сондай-ақ Шаһсауар патшаның көз жұмар шағында:

1031. Муна шаһру, мулку, вилайат санин,
 Бари турку, тажик раайат санин
 Мына кала, (дүние)-мүлік, уалайат сенікі,
 Түркі, тәжік, құрмет — бәрі сенікі, —

деп елі мен жұртын ұлына аманат ететін бәйітті де поэмаға әдейі кіргізген сияқты. Ол арқылы Мырза Хайдар Шаһсауар мен Фируз шаһ мемлекеті халқы үнділер емес, түркілер мен тәжіктер екенін білдіргісі келген. Ол үшін ақын түркілердің құда түсу, той қылу, қыз ұзату, шашу шашу, қалыңдыққа жасау беру немесе бақилық болған марқұмды аза тұтып, жоқтау айту, оған Құран түсіріп, ас беру секілді тағы да басқа әдет-ғұрыптарын кіргізген.

Дастан тілі де көркем әрі бай. Поэмада, әсіресе, образды сөздер мен нәрлі, кестелі де келісімді суреттерге біршама орын берілген. Автор Фируз шаһ образын күшейту үшін «патшалар патшасының көсемі», «жаһан шаһтарының тазасы», «әлем патшасы», «женіс ұраны», «әлем сұлуларының шаһы» секілді түрлі тенеулер мен эпитеттерді пайдаланған. Сондай-ақ, Фируз шаһтың бек балаларымен жарыса аңға аттанған кездегі «шабындық пен

²⁹ Труды САГУ. Археология Средней Азии. Новая серия. Вып. 61. Кн. 6.-Ташкент, 1953. С. 145.

қызғалдақты алқаптын ұялып, аяқ астында қоқым боп қалу» суреті ханзада образына жарасып-ақ тұр.

Фируз шаһ та Наурыз секілді сұлу жігіт. Оны бірақ ақын Лүтфи секілді айнаға қаратып, өзіне-өзін сұқтандырмайды. «Ей, әлем патшасы, жаман көзден көркін болсын құпия» деп ойлы оқушыға Фируз Райдың бір-ақ сөзімен білдіреді.

Фируз рай да ханзадаға тағы бірде «неге қайғылысың» демей, керісінше, «көркіннің гүлі сарғайып барады» деген эпитетпен тіл катады. Мырза Хайдар Фируз шаһты да кейде ақындарша сөйлетеді. Перизатқа ғашық болып, оны таба алмай торыққанда ол:

251. Таһаммол қилай пишеву сабр етай,
Қуңул уйини ғосседин барк етай.
Төзімді қылайын кәсіп, сабыр етейін,
Көңіл үйін қайғыдан бекітейін

деп образбен сөйлеп кетеді, —

Мырза Хайдар сұңғақ бойлы жігітті тік өскен балқарағайға, ал қынама да қыпша бел сұлуларды жас талға немесе шамшатка (пальмаға), тісін дүрге, ернін лағылға, шашын сүмбүлге, жүзін яки гүлге, яки гүл қырманына, көзін нәркеске теңейді. Поэмада кейде шарап құюшы сакилардың мүсіні де гүлге теңелетін бәйіттер ұшырасады.

Фируз шаһ пен Назбой үйленіп, Саминге аттанар кезде де ақын қыз ата-анасын перзентін қимай жылап қалды демей, «айрылысу мұнының әнін салды» деп бейнелей де биязылай жеткізеді. Ақын образдары жеңіл де жинақы, суреттері айқын, көркем де мағыналы боп келеді. Мырза Хайдар, сондай-ақ, нені айтса да, нендей оқиғаны сөз етсе де әділдік пен даналықты ұсынады. Нендей қиын мәселе болсын, оны шешуде әуелі ақыл, ойға жүгінеді. Асығыс шешімге бармайды. Сол себепті де дастанда ғибрат пен ақыл-ой һәм философия басым.

Поэманың тілі. Орта ғасырларда Мауараннахрлық ақындардың бірқатары өз шығармаларын түркі тілінде де жазған. Оны кейінірек түркітанушылардың кейбірі «шағатай» тілі десе, енді бірі «ескі өзбек тілі» деп атады. Дей тұрғанмен Лүтфи, Атаи, Саккаки, Науаи, Бабыр секілді майталмандардың қайсысының шығармасы болмасын, бәрінде де осы күнгі қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, ұйғыр секілді түркі жамағаты тілдерінің элементтері молынан ұшырасады.

Бабыр өзінің атакты «Бабыр намесінде» Әндіжан аймағы халқының түріктер (түркілер) екені, қала мен оның базарында түрік тілін білмейтін кісі жоқтығы, тіпті Мір Әлішер Науаидің де осы тілде жазғанын айтқан. Осы мәселелерді арнайы зерделеген түркітанушы В.Д. Артамошина: «Орта Азиялық классикалық түркі тілі XV ғасырда бір жағынан Мауараннаһр, Хорасан мен Шығыс Түркістан жамағатының елеулі иранизм қоспасынан басқа шығыс және батыс түркі элементтерінің қосындысы боп табылатын түркі ауызекі тіліне негізделсе, екінші жағынан Қарахан мемлекеті ұйғыр классикалық тілі әдеби дәстүрінің дәнекерлігіне де байланысты еді. Бұл ретте, сондай-ақ, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Кіші Азия әдебиетінің де әсерін ескеруге тура келеді»³⁰ деген байламға келген.

Оны біз де жөн көреміз. Себебі дастаннан Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігінде» ұшырасатын «изим» (егем, тәңірім), «рози» (ризык), «камуғ» (бүгін, барша), «кони» (дұрыс, тура), «арзу» (меркурий жұлдызы), «тапуғ» (қызмет), «гандж» (байлық), «тузум» (пәк жүректі кісі), «ойла», «уйла» (сондай, ондай), «асру» (өте, көп), «ерди» (еді), «йаңлиғ», «каби» (секілді)³¹ іспетті, қазір бірақ кейбірі архаизмге айналған сөздерді былай қойғанда, Лүтфи мен Атаи, Саккаки мен Бабырдың көркем дүниелерінің тілімен де көптеген ұқсастықтар табуға болады.

Поэмада, сондай-ақ, кейбір аз-кем дыбыстық өзгешеліктері болмаса, осы күнгі қазақ тілінде де қолданылып жүрген «көңіл, аяқ, айланып, ашна, бадан, бакыл, бәле, беймалал, бейрақым, бейхабар, дәм, дарбаза, дейін, емес, енді, жапа, қоржын, лағыл, мінәжат, накыш, рабат, сарылып, сыр, сипат, сүмбіл, тәрбие, ұлық, ұлыс, ұрық, халат, кашыр, шолпан, шат, шадыман, шаһр, күйіп-өртеңіп, риза, халайық, қалды, кіріп, көрді, өзі ашылды, жүрек жарасы, сөз» секілді тағы да басқа сөздерді кездестіруге болады.

Түркі тілінде жазу дәстүрі жалпы XII ғасырда Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұни кезінен басталғанымен XIV-XV ғасырларда ол әлі де аяғынан тік тұра қойған жоқ-ты. Лүтфи, Атаи, Саккаки секілді Бабыр мен Мырза Хайдар шығармаларының тілінде де араб, парсы тілдерінің элементтері жиі ұшырасады. Ол жайлы В.Д. Артамошина да: «бұл занды да. Өйткені біз арабизм мен фарсизмді шамадан тыс қолдану»

³⁰ Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика. -М., 1960. С. 11.

³¹ Жүсіп Баласағұни. Құтадғу білік. -Пекин, 1983. 1359-1367-бб.

мен астарлылық өнер мен кемелділік шыны деп есептелген кезеңдегі әдеби тілмен ұшырасып отырмыз»³², — дейді.

Шынында да дастанда «йураки су», «жанни су», «бағри кан», «бағри су», «қандур жегар» (яғни қайғылы, қасіретті деген мағынада), «башига тутун урлаб аччигланиб, ғазаб бирла жанига утлар йаниб» (ашыну, күйіну, долдану), «жаһандин кечмак» (өмірден өту), «илик тишламак» (тандану, таңқалу), «жан ағзига» (қайғылану, дертті болу), «урди илик» (қол салды), «узидин кетиб» (есінен адасу, есінен айрылу) іспетті *ежелгі түркі* һәм «дуди матам» (қайғы оты), «жами весал» (кесе түйістіру, яғни бас қосу, үйлену), «бағри берйан», «жани асир», «йуз малал», «хуну жегар» (қасіретті, қайғылы), «жегар параси», «жегар гушеси» (бауыр еті - перзенті), «бар йамак» (рақатқа бөлену) секілді *парсы*, немесе «нуш айламак» (нәр тату), «қизитти дамаг» (көңіл көтерді), «барбад айлади» (жоқ қылды, жұлды, жойды) сияқты түркі-араб, парсы тілінде аралас келген фразеологиялық тіркестер де ұшырасады.

Поэмада «матам уйи» (аза, қайғы үйі), «байту-лахзан» (қасірет үйі), «етіп бұрышын отан мұң үйінің» сияқты сопылық поэзияға тән фразеологизмдер де кездеседі.

Мырза Хайдар Қашғарияға Орта Азиядан бозбала кезінде келіп, онда бар болғаны 18 жыл ғана тұрғанымен осы өлке жұртының тілдік әсеріне ұшырамай қойған жоқ. Мысалы, ол поэмада «бурнарак» - бұрынырақ, «кузи бирла» көзіміз бірге сияқты тағы да «ешит» - есіт, «нигу», «нагу» - неге, «нечук» - қалай, «таңла» - танда, «келибан» - келіп, келді, «алибан» - алып, алды, «кишким» - ешкім, «тақи» - тағы, «тукқан» - туыс, туғандар, «үзә» - үстінде, «ул дам» - сол сәт, сол кез, «йалғузун» - жалғыз, басқа іспетті бірқатар сөздерді аталмыш жамағат тілінің ерекшеліктерін сақтап пайдаланған.

«Жаһан намеде» парсы сөздері мен олардың синонимдері көбінесе сымбатты сұлу қыз сипаты немесе жалпы сұлулық, әдемілік, кербездік секілді қасиеттерді білдіруге байланысты қолданылады. Сұлу қыз, әдемі жігітті суреттегенде өзге де Орта Азиялық орта ғасырлық түркі текті ақындар сияқты Мырза Хайдар да парсы поэзиясының классиктері жасаған: «моузун-мағбул» (сұңғақ, әдемі), «гул андам» (гүл мүсінді), «сарв азад» (сұңғақ бойлы), «зибалар» (сұлулар), «раьналар» (кербездер), «хубалар»

³² Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика. -М., 1960. С. 17.

(сұлулар), «кадди шемшад» (бойы шамшат), «гульизар» (алқызыл жүзді), «сарви-наз» (сұлу), «сар андаз» (тәкаппар), «сарв-раъна» (сұңғақ бойлы сұлу), «дел-пари́з» (сүйкімді), «гончаи гулбун бағи жаһан» (жан бағымдағы гүл қауызым), «сарв камат» (сұңғақ бойлы), «махбуби зибә һавас» (сүйікті сұлуға ынтықтық), «пари чеһрелик шух раъна һавас» (пері жүзді кербез сұлуға ынтықтық), «дел-дар» (ғашық жар), «һабиб» (сүйікті), «дел-банд» (ынтық), «һам-дами дел гошай» (көңіл көтерер дос), «гулу лалезар» (гүл мен қызғалдақ), «золфи сунбул» (сүмбіл шашты) іспетті тенеу, эпитет, суреттерді пайдаланады. Кейде бірақ ақын оларды түркі тіліндегі эквиваленттерімен де ауыстыруға тырысады. Ал, бірақ сұлудың сұлулығынан басқа көз, қас, тіс, тән, шаш, жүз, аяқ, құлақ, бас, білек секілді дене мүшелері һәм оның жүзік, сырға, білезік секілді әсемдік заттары түркі тілінде берілген.

Ахмет Зәки Валиди *«шығарма Мырза Хайдардың тамаша ақын болғандығын көрсетеді. Оның тілі замандастары Бабыр мен Шайбақ ханның (Шайбани хан - Ә.Д.) тілі сияқты қарапайым, баяндаулары анық та айқын»*³³ дей келіп поэмада Батыс түріктерінің тілдік әсері барына да назар аударады. Шынында да ол қазіргі казак тіліндегі «болып», «болды», «болған» деген сөздерді кейде Батыс түріктері сияқты «олди», «олған»; «отыр» сөзінің орнына «олдур» формасында қолданған. Соған қарап башқұрт ғалымының *«Бабыр Үндістанда, Шайбақ хан Батыс Түркістанда, Саид хан мен Мырза Хайдар Шығыс Түркістанда ғұмыр кешіп, саяси алауыздықта болғандарына қарамай, шағатай әдебиетіндегі бір мектеп өкілдері еді және олар Кіші Азия түріктерінің әдеби ағымымен байланыста болған»*³⁴ деуінде белгілі бір шындық бар.

Тағы бір айта кетер жәйт — кейбір басылымдарда поэма атының екі түрлі жазылып жүргендігі. Ахмет Зәки Валиди мен Т.Сұлтанов оны «Джиһан наме»³⁵ десе, Ч.А.Стори³⁶ мен өзбек шығыстанушылары А. Уринбаев, Р.П. Джалилова мен Л.М.Епифанова³⁷ һәм Шынжан ғалымдары «Жаһан наме», «Жаһан нама»³⁸ деп көрсетеді. Ал автордың өзі поэма сонындағы 1324-1326-бәйттерде дастанға «Жаһан наме» деп ат қойып, оны «ражаб

³³ Ahmet Zaki Walidi Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat... p. 989.

³⁴ Сонда. 989-б.

³⁵ Письменные памятники Востока ... С. 116.

³⁶ Стори Ч.А. Персидская литература ... С. 1202.

³⁷ Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. -Ташкент, 1996.

³⁸ Аяз Шекасте. Жаһан наме. -Үрімші, 1985.

айы, жылқы жылы» (1532-1533 ж.) бітіргенін ескерткен. Парсы тілі сөздігінде де бұл сөз «джаһан - мир, вселенная» деп жазылады. Оны өзбектер де «жахон»-мир, свет, вселенная»; ұйғырлар «жахан» - вселенная, мир деп жазса, ал казактар «жаһан», «жиһан» деп екі формада да колданады. Мысалы, «жер-жаһан», «жер-жиһан». Әйтсе де, бұл сөздің екі түрінің де білдіретіні бір мағына. Мырза Хайдар парсы тілін еркін біліп, сол тілде «Тарих-и рашиди» іспетті классикалық шығарманы дүниеге келтіргендіктен де ол араб сөздерін де парсы тілінің дыбыстық ерекшеліктерімен айтып, жазғандығына күмән жоқ. Сол себепті біз де осы дәстүрді сақтай отырып парсы тіліне кірген араб сөздерін де парсы тілінің транскрипциялық ерекшеліктерімен бергенді жөн көрдік. Дей тұрғанмен, шығарманың тілдік сыр-сипатынан басқа суреттеу құралдары (тенеу, эпитет), образдар жүйесі, сюжеттік желілері, құрылыстары, ұйқас, жанрлық ерекшелігі және т. б. мәселелер туралы арнайы сөз, әрине алда.

«Жаһан намені» оқи отырып, тамаша талант иесінің қарапайым да сабырлы, ойлы да биязы үнін естігендей, жақсылық пен жамандық паркын таразылаған ғибратты сөздерін тындағандай терең сезімде боласыз. «Тарих-и рашиди» секілді «Жаһан наме» де тарих төрінде, халық жүрегінде тұратын классикалық асыл мұра. Ал асыл мұралар әдетте халқымен бірге мәңгі жасайды. «Жаһан наме» соңғы нүктесі қойылған 1533 жылдан бері ұзақ уақыт қолжазба күйінде қалып, оқушысымен жүздесе алмай келді. Поэманың Үрімші басылымы да көпшілікке жете қойған жоқ. Дастанның Берлин қолжазбасы мен Ташкент басылымы қолымызға тигелі де біраз жыл өтті. Әйтсе де, біз оған ұзағырақ үніліп, зерделей түсу мақсатымен жариялауға асықпадық. Осы тұста парсы тілі мен әдебиетінің белгілі маманы Ислам Жеменейдің бірқатар ұсыныстары мен келелі кеңестерінің пайдалы болғандығын айтқан жөн. Сол себепті оған және шығарманың Қашғар нұскасын сыйлаған Үрімші университетінің профессоры, белгілі казак әдебиетшісі А.Кіршібаев пен осы оқу орнының ұстазы, профессор Әбдікерім Рахманға, ташкенттік шығыстанушы ғалымдар, профессорлар А.Бөриев пен Ш.Шамусаровтарға алғыс айтуды жөн көреміз. Сөйтіп, түркі халқының ұлы тұлғасы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескінін көзі, жақсының сөзіндей мәнді де мағыналы мұрасы тарихи отанына оралып, оқушыларымен жүздесуге аттанды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Он бесінші ғасырдың ортасында пайда болған Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өрістеп-өркендеуіне орасан ықпал етіп, ерекше жағдай жасады. Алтын Орда заманында ертеден бері жалғасып, әрі қарай дами түскен жалпытүркілік руханияттың мұрагері ретінде қазақ халқы мен мемлекеті енді бұрынғы бабалардан қалған мирасты сақтап қана емес, оны байытып, жаңғырта дамытуға міндетті болып, соған күш салды. Бұл дәуірдегі мәдениет өзінің түр-сипаты, мазмұны мен тақырыбы жағынан алуан түрлі болды. Мұнда ежелгі мифологиялық аңыздар мен кейінгі фольклорлық шығармалар, орта ғасырларда күллі Шығыста дәстүрге айналған қолжазба кітаптар мен тарихи-шежірелік туындылар, халықтық музыка мен ойындар, сондай-ақ, ұлттық қазақ әдебиеті мен шешендік өнер — бәрі қатар, араласа, сабақтаса ғұмыр кешіп жатты. Әсіресе, авторлық ауыз әдебиеті айырықша дамыды. Оның басты себебі — Қазақ хандығындағы болмыстың өзі мен мемлекеттік құрылымның өзгелігі еді, яғни көшпелі өмір мен отырықшы тұрмыстың, бақташылық пен диханшылықтың қатар болып, жарасымды дамуы сол тұстағы рухани өмірдің алдыңғы сапына өзіндік сипаты мол авторлық ауыз әдебиетін, дәлірек айтқанда, жыраулар поэзиясын және шешендік өнерді шығарды, сондай-ақ, жазбаша әдебиетті де дамыта түсті.

Авторлық ауыз әдебиеті дегенде, бұл жерде фольклор туралы сөз болмауы керек. Фольклор атам заманда туып, авторы жоқ, бірден-бірге айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызекі шығармалар екені белгілі. Ал “авторлық ауыз әдебиеті” деген ұғым орта ғасырлардағы Қазақстан үшін кәдімгі кәсіби жазба әдебиет

рөлін атқарған туындыларды білдіреді. Оның фольклордан басты айырмашылығы — авторлық болуы. Мәтіннің біршама тұрақтылығы, шығарма мазмұнының нақтылығы, оның кімге арналғанының (адресаттың) белгілі болуы, сондай-ақ, шығарма стиліндегі даралық сипат пен автордың “мені” көрініс беретіндігі. Мұндай әдебиетті жасаушылар ол кезде, негізінен, жыраулар мен шешендер (билер) болды.

Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XV-XVI ғасырларда ең басты мәселе — жана құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Бүкіл қоғамдық ой-сана, елдің ансары — ұлттық тұңғыш мемлекетті қалай да сақтап қалу болды да, елді жұмылдырып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын, барлық ру мен тайпаларды бір орталыққа қаратып, ішкі алауыздықты тиятын әрі сыртқы дұшпандарға тойтарыс бере алатын, яғни елдің қамын жеп, ел үшін аянбай еңбек ететін әмірші керек екенін жақсы түсінген жұрт мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек деп, сол идеяны дәріптеді. Халық арасындағы, қоғамдық санадағы осындай этатикалық идеяны, хандық идеологияны барынша жақтап, елді соған үгіттеуге ерекше күш салған кайраткерлердің ішінде жыраулар мен шешендер өздерінің құдіретті сөзімен де, үлгілі ісімен де ең басты рөл атқарды, бұл іске орасан еңбек сіңірді.

Жыраулар кім еді? Жыраулар — мемлекеттегі, әсіресе хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте де, ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын кайрап, рухын көтерген. Тіпті қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болған, тайпалар мен руларды да басқарған. Жыраулардың көбінесе әрі суырып салма ақын, әрі батыр, әрі данагөй және сәуегей болып келуінің себебі сол тұстағы Қазақ хандығының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болуына және ұдайы жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді.

Жалпы, қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты заманына мензейді. Әйгілі Йоллығ-тегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атак-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан бертінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға (Ұлық жыршы), Алтын Орда кезіндегі Сыпыра, бұлардың бәрі XV-XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздарының дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірлерінің талап-талғамына, болмысына сәйкес өз заманындағы сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті. Бір кезде бүкіл түркі халықтарында, олардың тарихтарында, рухани ғұмырында зор рөл атқарған жыраулар орта ғасырларда тек қазақ мемлекетінде ғана өзінің әлеуметтік-саяси, мәдени қызметін сақтап, бертінгі жаңа дәуірге, яғни XIX ғасырға дейін жеткізді. Бұлай болуы – жыраулық тәуелсіз көшпелі-бақташылық мемлекетте ғана болатындығын дәлелдейтін заңдылық. Өйткені қазақтан басқа түркі елдері XV-XVI ғасырларда бірі тәуелсіздігінен айырылды, бірі көшпелілігін қойып, біржола отырықшылыққа ауысып, басқа идеология мен мәдениет жасады, ал енді біреулері өз мемлекетін құра алмады. Міне, Алтын Орда ыдырағаннан кейін, ордалы мемлекет құрған қазақ халқының рухани өмірінде байырғы жыраулық дәстүр мен әдебиет қайта жаңғырып, жаңа сапада көрінді. Қазақ жыраулары жаңадан құрылған мемлекеттің күшті, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кезеңдегі әдебиетті, күллі мәдениетті мемлекетке, ханға қызмет еткізді. Олар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологиясына айналды. Ханның ақылгөй кеңесшісі, бас саясаткері болғандықтан жыраулар тек қана үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша толғаған, сөйтіп өз сөздерін тікелей әміршіге арнап айтқан. Олар әдетте елді абдыратқан, толғантқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан жырауларды әмірші де, халық та аса қадір тұтып, олардан хан да, халық та ел дағдарған, немесе бүліншілік болған шақта, я болмаса елге жау тигенде ақыл-кеңес сұраған. Жыраулар мұндай сәттерде жұртшылыққа тоқтау айтып, болып жатқан оқиғаға немесе жағдаятқа өз бағасын берген, өткенін еске түсіріп, бүгінгі сипаттаған, болашақты барлаған. Өз заманы мен бұрынғы

уақытты салыстыра толғап, дәуір туралы, қоғам жайлы, ел мен әмірші жөнінде нақылды-фәлсафалық ой түйіндеген.

Сонымен бірге жыраулар шығармашылығында әміршіге, билеушілерге қарсы, оппозициялық ой-пікірлер де айтылатын болған. Қажетті жерде жыраулар хан мен сұлтандарға олардың халыққа жағымсыз кейбір қылықтары мен байлам-шешімдеріне наразы болып, өздерінің келіспейтінін ашық айтып отырған. Тіпті кей тұстарда жыраулар өз әміршісін сынға да алатын болған. Олай болатын себебі, — біріншіден, жыраулардың көбісі қай жағынан болса да хан-сұлтандармен терезесі тең ақсүйектер тұқымынан шыққандығы; екіншіден, олардың әміршіге, мемлекетке деген адалдығы; үшіншіден, жыраулардың ел алдындағы орасан биік беделдігі; төртіншіден, көшпелі хандық мемлекетте “өзіндік демократияның” болғандығы; бесіншіден, казак қауымында “өнер алды — қызыл тіл” деп бағаланып, “бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген қағида-шарттың мықтылығы еді.

Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазак хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды. Ал, мұның өзі жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар адамдар жоқшылық көрмей, бақытқа кенелген утопиялық қоғамды суреттеді. Өздерінің монолог түрінде айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды.

Жыраулар поэзиясы үш түрде жасалған: толғау, арнау, мадақтау. Алайда, ең жиі қолданылғаны — толғау. Толғау — алуан түрлі тақырыптағы, философиялық ойға, дидактика мен моральға, т.б. мәселелерге арналған лирикалық шығарма. Оның өлеңдік кестесі, ұйкасы, шумағы әрқашан біркелкі болып келмейді. Сондықтан онда тұрақты буын мен бунақ, үйреншікті тирада мен ұйкас сирек кездеседі де, көп ретте ырғақ басты рөл атқарады. Оның себебі

толғау дүйім жұрттың алдында төтенше жағдайға байланысты қолма-қол шығарылып, ауызша айтылатын болғандықтан және айтылған шақта әрі елді жалықтырмау, әрі тез әсер ету мен жаттап алуға ыңғайлы болу мақсатын көздегендіктен еді. Айтылу ситуациясы мен тақырыбына байланысты шумақ бірде көлемді, бірде шағын, ұйкасы кейде шұбыртпалы, кейде аралас, көп жағдайда анафора түрінде, буын саны да біресе 7-8, біресе 11, енді бірде 15, тіпті одан да көп болуы, сондай-ақ, ассонанс пен аллитерацияның жиі қолданылуы — толғау үшін табиғи және бұл жағдай оны өлең (кара өлең) мен жыр түрлерінен окшауландырып тұрады.

Эмоциялық-экспрессивтілік мақсатты тұтынғандықтан толғауда психологиялық параллелизм, қайталау, кей уақытта дыбыс қуалаушылық та кең пайдаланылады. Жалпы, поэзияға тән тенеу, шендестіру, әсірелеу, контраст тәрізді көркемдік әдіс-тәсілдер де толғауға жат емес.

Жыраулардың толғауларында лирикалық кейіпкермен бірге автордың “мені” де көрініп отырады. Толғау көп жағдайда бірінші жақтан (“мен”) айтылып, автордың көтеріп отырған мәселеге, немесе тақырыпқа өз көзқарасын, өз қатынасын тікелей көрсетеді. Сол себепті кейбір толғауларда биографиялық сипат болады, ал енді бір шығармаларда автор өзін суреттеп, тіпті өз бейнесін (кейде портретін) сомдайды. Солай бола тұрса да, жырау өз мүддесін ел тағдырынан жоғары қоймайды, өзін қанша көтермелеп айтса да, әміршісінен жоғары апармайды, қаншалықты “мен” дегенмен халықтың қамқоры екенін ұмытпайды, халық пен өзін біртұтас сезініп, халық атынан сөйлейді, сондықтан да оның сөзі өтімді, өзі беделді әрі елге қадірлі.

Дербес мемлекет болып, Қазақ хандығы құрылған кездегі осындай аса беделді де көрнекті жырау болған қайраткер — *Асан Сәбитұлы* (Ел арасында және дерекнамаларда оны Асан Қайғы деп атаған). Асан Сәбитұлы шамамен 1370-80 жылдары Еділ жағасында дүниеге келген деп есептеледі. Оның әкесі халықтың құрметіне бөленген, аты көпке әйгілі құсбегі болыпты. Елдің ардақтысы болған Сәбит зерек өсіп келе жатқан баласы Асанға өз заманы үшін айтарлықтай білім берген көрінеді. Өзінің білімділігі мен біліктілігі, таланты мен талабының арқасында Асан бірте-бірте көзге түсіп, жұртшылыққа танымал болады да, ақыр аяғы хан сарайынан бір-ақ шығады. Кейбір мәліметтер бойынша, Асан Ұлық-Мұхамед

ханның ең жақын, ең сенімді ақылшысына айналады, сонын құзырында адал қызмет етеді. Тіпті Ордада аласапыран төңкеріс болып, Ұлық-Мұхамед тактан қуылғанда да Асан өзі зор қадір тұтатын әміршісінің қасында болады, сонымен бірге Қазанға барады. Қазанды билеп тұрған Ұлық-Мұхамед қайтыс болған соң Асан қайтадан өз еліне, Дешті Қыпшаққа келеді.

Ол Дешті Қыпшаққа оралған шақта үлкен тақ үшін таластын үстінен шығып, сол оқиғаларға қатынасады. Әбілқайыр хан мен Жәнібек, Керей сұлтандардың саяси айкасы кезінде Асан Әбілқайыр ханның оппозициясы жағында болып, екі сұлтанды қолдайды. Жәнібек пен Керейдің кейбір іс-әрекеттерін жақтырмаса да, олардың күресін әділдік деп танып, жеке Қазақ хандығын құрғандарын орынды деп біледі. Бұл дүниеден өткенше Асан осы сұлтандардың қасында болады. Бұл 1455-1465 жылдар аралығы еді.

Асан Сәбитұлының әдеби мұрасынан бізге көп нәрсе жеткен жоқ, ал мирас болып келгендерінің дені — толғаулар. Оларда көтерілген проблемалар өмір, тіршіліктің мәнісі, халық тағдыры, қоғам жағдайы, хан мен қарашының, әмір мен халықтың арақатынасы. Аз да болса өте мәнді толғаулардың ішінен, әсіресе, ел арасына кең таралғаны әрі өзінің әлеуметтік мағынасы жағынан ерекшеленіп тұрғаны — жыраудың Жәнібек ханға қарата айтқан “Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің!” және “Қырында киік жайлаған” деп аталатын толғаулары.

Аталмыш шығармаларда Асан халықтың мүддесі, елдің бірлігі, жұрттың тағдыр-талайы туралы айтып, сол тұрғыдан сөйлейді, ханға ата-мекен мен елдің болашағы жайында өз ойын қымсынбай, ашық, жырауға тән мінезбен толғайды. Қазақ хандығын құрғанын қолданғанмен, Ноғай ордасынан мүлде қол үзіп кеткенін жақтырмайды, өйткені, Асанның ойынша, Ноғай-Қазақ ордасы — бір ел, бір жұрт, демек, олар ынтымақта өмір сүруге тиіс. Олай болмаған күнде, халық басына бодандық түсу қаупі бар екенін сезеді, соны ашық айтады.

Мұнан соң килы-килы заман болар,
Заман азып, заң түзіп, жаман болар,
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,

Ханнан күш, карағайдан шайыр кетер,
 Ұлын, қызың орысқа бодан болып,
 Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?¹

Бұл сөз айтылып отырған кез – XV ғасыр. Тарихтан белгілі, XIV ғасырдың соңында Алтын Орда ішкі алауыздықтан әлсіреп, өзіне бағынышты Русьтен алғашқы сокқы ала бастаған болатын. XV ғасырда Мәскеу Русі орыс жерлері мен князьдерін бір тудың астына топтастырып, күш жинап, үлкен мемлекетке айнала бастаған-ды. Ол ыдырап бара жатқан Алтын Ордаға азуын көрсетіп те үлгірген-ді. Ал, үш жүз жыл бойы Азия мен жарты Еуропаны билеген Алтын Орда бірнеше хандыққа бөлініп, өзара қырқысуға түскен-ді. Соның салдарынан олар үлкен күшке айналып келе жатқан Мәскеу Русіне бірінен соң бірі оп-оңай олжаға түсіп жатты, Азаудан, Еділден, т.б. жерлерден айырылып үлгірді. Міне, осының куәгері болған Асан ел тағдырын ойлап күніренеді, елді басқарған хандардың жақындап келе жатқан қауіпті сезбейтініне күйінеді:

Аңдып жүрген көп дұшпан
 Елге жау боп келеді...
 Мұны неге білмейсің?..
 Арасынан қытай, орыстын
 Қорған сап, тыныш жатырсың,
 Өзін, Жәнібек, елден асқан батырсың!
 Ертісті өрлеп орыс жүр,
 Тіл алсаң, іздеп қоныс көр...
 Орыс алар қаланды,
 Шулатар катын, баланды.
 Осыны көрдім түсімде,
 Біл десе де білмейсің².

Жәнібекке арнап айтқан толғауларында Асан өзі қанша жақсы көріп, қолдап жүрсе де әміршісіне катал сыншы ретінде сөйлеп, оның кейбір іс-әрекетін жақтамайтынын ашық көрсетеді. Ақиқатына жүгінсек, Асан жырау Жәнібек ханға оппозициялық сынай білдіреді. Ол Ноғайлы дәуіріндегі өмірді елге жағымды, халықтың бақытты тұрмыс кешкен заманы етіп суреттейді,

¹ Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Бес тарих. 2-ші басылуы. Алматы, 1992, 111-б.

² Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы. 2-ші басылуы. Алматы, 1991. 200-б.

сол уақыт пен қоғамды өзінің мезгілі мен қауымына қарсы қоя бейнелеп, қазақ пен ноғайлардың бірге жасаған тұсын “алтын шак” еді деп, дәріптей жырлайды:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын...
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласан,
Бірін қыста қыстасан,
Ал, қолыңды маларсың
Алтын менен күміске³.

Асан Сәбитұлының жырау ретінде Жәнібек ханға сын көзбен қарағандығы ел арасында Асан туралы, оның Жәнібекке наразы болғандығы жөнінде, сөйтіп, ел-жұрт үшін “құтты қоныс” іздегендігі жайында әлеуметтік-утопиялық аңыздар мен әпсаналар тууына үлкен себеп әрі негіз болған. Бұл әпсаналар Асанның Жерұйықты іздеп, жер жүзін шарлағаны, бірақ өзі ойлағандай елге жайлы мекенді таба алмай өмірден қайғырып өткені туралы әңгімелеп, Асанның есіміне “қайғы” сөзінің қосылуын, сөйтіп оның “Асан Қайғы” аталуының себебін өзінше түсіндіреді.

Ал, жырау Асанның өмірі де, поэзиясы да сол тұстағы Дешті Қыпшақ даласында өткен әрі жасалған. Оның поэзиясы — өз дәуірінің айнасы іспетті, сол кезеннің тынысын айқын сездіреді. Асанның толғауларындағы ең басты ерекшелік — әміршіні дәріптеудің жоқтығы, панегирика сипатының болмауы. Асанның бұл ерекшелігі кейінгі жырауларда да басты белгіге айналады, алайда XVII-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы панегирикадан құралақан да емес.

Асан толғауларында хас поэзияға тән дыбыс үндестігі (ассонанс пен аллитерация), синтаксистік және психологиялық параллелизмдер, тұспалдау, шендестіру, анафора, эпифора ұйкастары сияқты көркемдеу мен бейнелеу құралдары, әдістері аз емес. Мысалы:

³ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984. 25-б.

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Енкейіп келдің тар жерге...⁴

Еділдің қандай екенін айту үшін кілең “е” дыбысынан басталатын анықтауыш-айқындауыш тармақтар қатар келтіріліп, шумаққа үлкен экспрессивтілік беріп тұр.

Асан поэзиясы, әсіресе, параллелизмге бай. Екі құбылысты, бір-біріне ұқсамайтын екі нәрсені карама-қарсы қойып, немесе салыстыра айтады да, бейнелеп отырған затты, яки адамды, немесе өзінің ойын тұспалдап қана емес, сездіріп, айшықтай, айқындай баяндайды, суреттейді:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер?-

деген екі жолда бірі-біріне мүлде жанаспайтын құлан мен жыланды ұйқастыра суреттейді де, нақ айтар ойы — бишара адам қалай күн көреді? — деген идеяны соңында келтіреді.

Тіршілікте күн сайын кездесетін жәйттер мен тәжірибелік ақиқаттар ауыспалы мағынада қолданылған символдар арқылы айтылып, тұспал түрінде баяндалады. Мәселен:

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін?
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін?
Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін?..⁵

деген шумақта көргені жоқ, білгені аз адамдарды мінездеу үшін жырау контраст әдісін пайдаланған, қыр мен суды, қаз бен дуадақты қарсы қою арқылы оң-солын танымаған, ешкіммен араласпаған, ел-жұртпен сыйласпаған адамды сипаттап отыр. Мұнда синтаксистік параллелизм де бар.

⁴ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 41-42-бб.

⁵ Сонда, 28-б.

“Психологиялық, синтаксистік параллелизмдер шығыс поэзиясының дидактикалық, ғақлиялық дәстүріне, мазмұнына, жалпы тәлімдік мақсатына, өмірді бейнелеу мен білдіру ерекшеліктеріне жақын да үндес. Сол себепті де болу керек, Асаннан Абайға дейінгі қазақ поэзиясында параллелизм мен дидактиканың қатар өрбіп келгенін дәлелдейтін мысалдар көп.

Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі
Ең жайлап көлді жүреді, —

деген тәрізді жолдар Асан толғауларының негізгі көркемдік арқауы. Осылайша өмір көріністерін параллелдеу, салыстыру, ұқсату арқылы суреттеу, қорытындылар жасау кейінгі тұста жыраулар творчествосында ақындық дәстүрге айналып, кең орын алды”⁶.

XV ғасырдағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі — *Қазтуған Сүйінішұлы*. Ол 1420-30 жылдары осы күнгі Астрахан уәлаятында әскери ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Ірі шонжарлар тұқымынан шыққан Қазтуған сол тұста Еділ салалары Ақтуба, Бозанды мекен еткен түркі рулары мен тайпаларының әскербасы, билеушісі болған. Алайда, соншама беделді әрі ықпалды болғанымен ол XV ғасырдың екінші жартысында өз елінен Қазақ хандығына аууға мәжбүр болады. Оның себебі — сол XV ғасырдағы Дешті Қыпшақта орын алған таққа таласқан сұлтандардың өзара айқасы болу керек. Қазақ хандығындағы ғұмыры туралы әзірше толық дерек жоқ.

Дей тұрғанмен, хандықтың күшіне кіріп, осы күнгі Батыс және Орталық Қазақстанды қайтадан өзіне қаратып, иелік құрған дәуірінде өмір сүргені күмән туғызбайды. Бұл XV жүзжылдықтың 80 жылдары еді’.

Қазтуғанның да мұрасы бізге аз көлемде жеткен. Солай болса да қолымыздағы толғаулар оның үлкен талант иесі, көркем сөзге ұста екенін көрсетеді. Оның поэзиясы өзіндік мазмұнмен, өзіндік стильмен ерекшеленеді. Онда классик жырауға тән дидактика мен сәуегейлік жоқ, оның есесіне мол күш-қуат, бұлқыныс бар, жауынгерлік рух пен нәзіктік айқын аңғарылады, ол жорықшы,

⁶ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 21-б.

⁷ Мұхтар Мағауин. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991. 17-б.

жауынгер болып көрінеді. Сол кездегі қазақ болмысы үшін көшпелі өмір кешкен халыққа жортуыл кешу, жорыққа аттану, ұзақ сапар шегу — әдетті іс. “Ер азығы жолда”, — деген номадтың идеалы — шаршамайтын, талмайтын, ешнәрседен таймайтын, қайсар жігіт, ер-азамат. Міне, Қазтуған поэзиясында бұл қасиет айырықша көзге түседі:

Белгілі биік көк сенгір
 Басынан қарға ұшырмас
 Ер қарауыл қара деп,
 Алыстан қарар шалар деп.
 Балдағы алтын құрыш болат,
 Ашылып шапсам, дем тартар,
 Сусыным қанға қанар деп...
 Азамат ердің баласы
 Жабықканын білдірмес
 Жамандар мазақ қылар деп!⁸

Сонымен бірге Қазтуған шығармаларында өршілдікпен қатар нәзіктік, мейірімділік, елге, жерге, ата-анаға деген тәтті сезім көрініс береді. Оның әке-шешесі мен ата-мекені жайында айтқан толғауы Қазтуғанды сыршыл ақын ретінде де танытады:

Алан да алан, алан жұрт,
 Ағала ордам қонған жұрт.
 Атамыз біздің бұ Сүйініш
 Күйеу болып барған жұрт.
 Анамыз біздің Бозтуған —
 Келіншек болып түскен жұрт.
 Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт!
 Кіндігімді кескен жұрт,
 Кір-қонымды жуған жұрт..⁹

Бізге жеткен толғауларда Қазтуғанның өз “мені” айқын, ол өзі туралы айтып қана қоймайды, өзін поэтикалық тұрғыдан сипаттайды, тіпті өзінің бет-әлпетін суреттейді:

⁸ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 32-б.

⁹ Сонда

Бұдырайған екі шекелі,
 Мұздай үлкен көбелі.
 Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
 Адырнасы шайы жібек оққа кірісті.
 Айдаса, қойдың көсемі,
 Сөйлесе, қызыл тілдің шешені,
 Ұстаса, қашағанның ұзын құрығы,
 Қалайылаған қасты орданың сырығы,
 Билер уытты би соңы,
 Би ұлынын кенжесі...¹⁰

Бұл толғауда автор өзін мінездейді, өзі туралы мәлімет те береді. Сырт карағанда шартты бейне боп көрінетін “уытты билердің соңғы биі”, “би ұлының кенжесі” деген сөздер Қазтуғанның әкесі де, өзі де беделді би болғанын аңғартады. Ал, осы өзін таныстыру, өзін бейнелеу барысында жырау нағыз көркем поэзияда қолданылатын өрнектерді пайданалады. Ол бақташылық өмір кешетін елге өте жақсы таныс образдар мен символдарды ұтымды қолданып, кей жерлерде метафоралық бейнелер жасайды. Өзін елдің серкесі, биі әрі шешені, асауды ауыздықтайтын құрығы, орданың тірегі, буыршынның бұта шайнар азуы, бидайықтың көл шайқаған жалғызы деп сипаттайды. Осындағы “серке”, “би”, “шешен”, “құрық”, “орда”, “буыршын” дегені қазақ өміріндегі әдеткі сөздер мен ұғымдар метафоралық мағынаға ие болып, автордың қандай адам екенін поэзия тілімен сомдап тұр. Демек, Қазтуған өз толғауларында суреттейтін нәрсеге ақынша карап, оны көркем сөзбен кестелеп танитын зергер екенін көрсетеді. Ол жырауға тән төкпелеп айтуға лайықталған өлең-жырларда ассонанс пен аллитерацияны өте ұтымды пайдаланады. Кейбір толғауларға карағанда, Қазтуғанның өмірі бірыңғай жақсы, үнемі ақсүйек деңгейінде болмаған тәрізді. Сол себепті оның бірер шығармасында тәуекелшіл, өр мінезді ердің образымен қатар жаны нәзік, сезімтал, адам сезімінің, көңіл-күйінің бұрылыстарын дөп басатын кісінің бейнесі, әрі ата-анасы мен ел-жұртын мейілінше жақсы көретін перзенттің де образы кездеседі. Туған жерінен, Еділ жағалауынан шалғайға, Қазақ хандығына келген Қазтуған өзінің ата-мекеніне деген сүйіспеншілігін, сағынышын сол жерлерді

¹⁰ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984, 31-б.

айырықша әсірелеп, әсерлеп суреттеу арқылы береді, туған жерін бак пен ырыс қонған, құтты қоныс етіп көрсетеді:

Салп-салпыншақ анау үш өзен —
 Салуалы менің ордам қонған жер.
 Жабағылы жас тайлак
 Жардай атан болған жер.
 Жатып қалып бір тоқты
 Жайылып мың кой болған жер.
 Жарлысы мен байы тең,
 Жары менен сайы тең,
 Ботташығы бұзаудай,
 Боз сазаны тоқтыдай,
 Балығы тайдай тулаған,
 Бақасы койдай шулаған,-
 Қайран менің Еділім...»

Жалпы, мазмұны мен әлеуметтік мағынасы, көркемдік-бейнелік қасиеттері жағынан Қазтуған шығармалары — Асанның толғаулары секілді қазақ халқының өз алдына отау тігіп, жеке мемлекет құра бастаған шағындағы елге құтты қоныс іздеу идеялары мен жайлы мекенге орналасу мәселелерінің поэзиялық түрдегі шешімі деуге болады, сол себепті онда өзінің ежелгі отанын дәріптеу орын алған.

Ал, енді Қазақ хандығы күшейе бастаған кезі мен дербес мемлекет ретінде басқа көршілес елдерде танылып, үлкен ордаға айналған тұстағы жыраулар поэзиясы бұрынғыдан да гөрі саяси-әлеуметтік мәнге ие болды, онда жалпы мемлекеттік проблемалар сөз болумен қатар, әміршіге, оның іс-әрекетіне деген наразылық та білінеді, кей тұста тіпті сын да айтылады. Сол уақыттағы аса көрнекті жыраудың бірі — *Шалкиіз (Шәлгез) Тіленшіұлы* болды. Ол 1465 жылдар шамасында Жайық өзенінің шығыс жағында, аса ірі ақсүйектер тұқымынан тараған, текті феодалдың үйінде дүниеге келеді. Оның нағашы жұрты да өте беделді, елді билеген адамдар болған. Шалкиіз анасынан сәби кезінде айырылып, нағашыларының қолында тәрбиеленген еді. Екі жағы да текті тұқым болған соң, әрі мұсылманша терең білім алған Шалкиіз биік

¹¹ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984, 32-33-бб.

парасатты, тәкаппар мінезді болып өседі. Ол ұзақ, бір ғасырға жуық тіршілігінде алуан түрлі тағдырды бастан кешіреді, Ноғайлының әміршісі Би Темірдің ардақтаған жырауы болады, содан кейін оның қаһарына ұшырайды. Өмірінің соңғы жылдарын Шалкиіз жырау Қазақ хандығында өткізіп, шамамен 1560 жылдарда қайтыс болған деп саналады.

Шалкиіздің әдеби мұрасы сол дәуірдегі басқа жыраулардан гөрі молырақ сақталған (оның 30-ға жуық толғау-жырлары жарық көрді). Оның бізге жеткен толғаулары Шалкиіздің кен тынысты әрі сөзге ұста, аса дарынды жырау екенін және оның шығармашылығы өз заманындағы жыраулық поэзияға тән барлық қасиеттерді бойына сіңіргенін айғақтайды. Атап айтқанда, мұнда әміршіге тікелей сөз арнау, оны мадақтау, қоғам мен дәуір, билеуші мен жырау туралы фәлсафалық ойланыстар, жақсылық пен зұлымдық, достық пен қастық, әділдік пен арамдық жөніндегі факлиялық тұжырымдар, дидактикалық толғаныстар, яғни жырау көтеретін мәселелер мен тақырыптар түгел бар деуге болады. Мұның бәрі жоғары көркем поэзия тілімен, әр алуан тенеулер, метафора мен синтаксистік, психологиялық параллелизмдер арқылы айтылады.

Шалкиіздің толғаулары әрі лирикалық, әрі эпикалық сарында болып келеді. Лирикалық сарындағылары этика, мораль, дидактика, жалпы адамгершілік мәселелерін сөз етсе, эпикалық сарындағылары мемлекеттік, халықтық, елдік проблемаларына арналып, қаһармандық мәнге ие. Лирикалық толғаулардың басым көпшілігі адам туралы, оның қасиеттері жөнінде, адамдардың өзара қатынасы мен олардың өмір, достық, имандылық жайындағы түсінік-пайымы, адамның қоғамдағы орны жөнінде сөз қозғайды.

Жаугершілік пен жорықтар заманында өмір сүрген Шалкиіздің жас шағындағы идеалы - арғымақ атқа мінген, үстіне сауыт, басына дулыға киген, қолына алдаспан ұстаған, сұлу жарды құшақтаған ержүрек батыр. Өзі талай ұрысқа қатысып, жолдастарын қарумен де, жалынды жыр-толғаумен де жігерлендіре білген Шалкиізге “батыршылық сүру” – басты мұрат, сондықтан да ол:

Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти.
Тәңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр! –

деп айтады.

Жалпы, Шалкиіз толғауларының мазмұнына қарағанда,

оның өмірінің үш кезені аңғарылады: а) арманға толы, албырт жастық шақ, ә) атақ-данқы артып, үлкен жырау деңгейіне көтерілген тұс, б) содан кейін бағы тайып, әміршіден де, сарайдан да аласталған кезең. Алғашқы, келешегіне сенімі мол, тауы шағылмаған Шалкиіздің шығармалары өте аз жеткен, бірақ сол бізге мәлімдерінің өзі жас жігіттің ақындық құдіретін таныта алады. Жастыққа тән өрмінездік, алдына жоғары мақсат қою, биік талаптын үдесінен шығу, әйтпесе өмір сүрудің қажеті жоқ деп кесіп тую ашық айтылады:

Алаштан байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!
Күлікке тастай болып тимесе,
Үстіме көбе салып кимен-ді!
Күмістен екі қолтық жоқ болса,
Сыпайшылық сүрмен-ді!
Алғаным ару болмаса,
Алдыма алып сүймен-ді!
Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сүрмен-ді!¹²

Шалкиіз поэзиясының ішінде нағыз жыраулық үлгіде шығарылғандары, негізінен, фәлсафалы мазмұнда болып келеді де, эпикалық толғау түрінде айтылады. Бұл көбінесе Шалкиіздің мол тәжірибе жинақтап, елге дүлдүл жырау ретінде танылып, хан ордасында ақылгөй, кеңесші болып жүргенде және содан кейін карт абызға айналып, тіршілікке өзінің ұзақ та қызықты әрі мағыналы өмірінің биігінен карап, өткен-кеткенді ойлап, келешекті болжай алатын шақта шығарылған жыр-толғауларында анық көрінеді.

Жұлдызы жанып, Би Темірдің жанында жүрген кезде айтылған толғаулардың дені елдік, ерлік мәселеге бағышталған, өзінің әміршісін дәріптеуге арналған. Мысалы, осындай шығармалар қатарына “Арық хан”, “Көгерген көк сынулар жайқалса”, “Жел, жел есер, жел есер”, “Көктеп мінген еріннің”, “Шағырмақ бұлт жай тастар”, “Жапалақ ұшпас жасыл тау”, “Айырдан туған жампоз

¹² Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984. 41-б.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ МЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ 222
бар”, “Ағынды сулар, аймақ көл”, “Жайыңды білген қарындас”,
“Асқар, асқар, асқар тау”, “Қатынасы биік көлдерден” атты өлең-
толғауларды жатқызуға болады.

Шалкиіздің біраз толғауы оның әмірші қаһарына ұшырап,
ордадан қуылып, өмірдің, әсіресе қуғындықтың кермек дәмін
татып, жалғыздық көрген тұсында шығарылғаны аңғарылады.
Кеше ғана Би Темірдің ақылшысы болып, айтқаны іске асып
тұрған жырау бүгін ешкімге қажет болмай, бұрын қасында жүрген
серіктерінің де сатқындығын көріп, адамдардың іштарлығын,
күншілдігін басынан кешіріп, ашына да, ойлана да, күнірене
де, түніле де толғайды. Дүниедегі жақсылықтың бәрі өтпелі
екенін ашық айтып, тіршілікте адам тәрізді өмір сүріп, қызықты
қызықтап, жоқты жоқтап өту қажет екенін ескертеді:

Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған!¹³ —

деп, үлкен түйін жасайды. Орда мен хан манайынан алшақ жүрген
кезде туған толғауларында Шалкиіз көпті көрген, небір нәрсені
басынан өткерген, мол тәжірибе жинақтаған дана болып көрінеді.
Бұл тұста ол өмірдің мәні неде, адамға дүниеде не керек, жақсылық
деген не тәрізді аса маңызды сауалдарға жауап береді, тіпті “тұлға
мен тобыр” секілді философиялық мәндегі мәселені де көтереді:

Көрінгеннің бәрін де кісі деменіз,
Күпе-күндіз тал түсте
Тарандап түзге кетер кісі бар.
Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрерлер.
Һәр бірінің баласы
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар.
Абаданынан айырылса,
Олардың хәр біреуі
Һәрбір итке жем болар¹⁴.

Шалкиіз шығармаларының ішінде оны нағыз жырау етіп

¹³ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы 1984, 48-б.

¹⁴ Сонда, 49-б.

көрсететін екі толғауы бар: “Би Темірге айтқан бірінші толғау” және “Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны”. Екі толғау да Шалкиіздің атакты жырау болып, халыққа, елге беделі артып, бірақ әміршінің қасынан аласталған шақта айтылған болу керек деп есептеледі. Сол себепті бірінші толғауында жырау үлкен шеберлік көрсетіп, алдымен Би Темірді мақтап алады да, содан соң өзін қорлағанын ашық айтып салады және оның кейбір кемшілігін көрсетіп, оған жырау дәстүріне сай накыл айтады, кеңес береді. Ал, екінші толғауда Шалкиіз басқа бір қырынан көрінеді. Мұнда ол жеке басының өкпесін емес, елдің жағдайын сөз етеді, сөйтіп Би Темірді хажыға барудан бас тартуға шақырады. Меккеге барудан бас тарту қажеттігін жырау өте ұтымды әдіс пайдаланып дәлелдейді: әміршісін дәріптеп, оны өте әділ төре етіп суреттейді де, содан кейін оған – “егер кетер болсаң, мына халқың бассыз, иесіз қалады”, – деп айтады және имандылықтың шарттарын алға тартады:

Жығылғанды тұрғызсан,
 Жылағанды уатсан,
 Қисайғанды түзетсен,
 Тәнірінің үйі Бәйтулла
 Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты¹⁵.

Жалпы, Би Темірге қарата айтылған осы екі толғауда өте дарынды жыраудың қайсар бейнесі мен текті батырдың алып тұлғасы айқын көрінеді. Шалкиіздің ақындық таланты қайтпас батыр-жыраудың образын айшықтаған. Мұндағы батыр жырау өзінің тектілігі мен кеменгерлігі жағынан әміршіден асып түспесе кем түспейді, ол ержүректілік пен ерліктің, парасаттылықтың эталоны, көркемделген шыны болып көрінеді. Сырттай қарағанда Би Темірді мақтап-марапаттаған болып көрінетін жолдар шынтуайтына үнілсек, әміршіні дәріптеуден гөрі жыраудың өз бейнесін аша түседі, оны толығырақ сипаттайды. Бұл жолдарда әмірші қаншалықты жоғары көтеріле көрсетілсе, жырау да өзін соншалықты биіктете түседі, сөйтіп жасырын тұрған “әмірші мен жырау” деген оппозициялық ой өте шебер, көркем, әрі нәзік айтылады. Алайда, осының бәріне қарамастан, Шалкиіз – өз

¹⁵ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы 1984, 47-б.

заманының перзенті, сол дәуірдің жырауы ретінде этатикалық көзқараста болған да, мемлекет күшті болу үшін елді әділ басқаратын, иман жүзді әмірші керек деп ойлаған, сондай әмірші болады деп сенген. Міне, осы сенім оған “Би Темірге адалмын!” — деген сөзді айтқызған.

XVI ғасырда өмір сүрген аса талантты жыраудың бірі — *Аймадет Доспамбет жырау*. Ол XV ғасырдың соңында Кіші Орданың билеушісі болған әскери шонжарлар отбасында дүниеге келген. Болашақ жырау сол дәуірге және өзінің тегіне сай тәлім-тәрбие мен білім алады. Есейген шағында ол Стамбул мен Қырымда, Бақшасарайда болады және Дешті Қыпшақтың біраз жерін аралайды. Ресейге қарсы бірнеше жорыққа қатысады, сондай-ақ өз отанындағы алауыз билеушілердің өзара ұрыс-жанжалдарына да араласып жүреді. Сондай бір қырқыста ауыр жарақаттанып, қаза табады. Бұл, шамамен, 1540-45 жылдар болуға тиіс, өйткені ол өзінің соңғы өлеңінде “Ер Мамайдың алдында Шахид кештім, өкінбен!” — дейді. Ал, Мамайдың 1549 жылы опат болғаны белгілі.

Доспамбет ұзақ жасамағандықтан классикалық типтегі жырау деңгейіне көтеріле алмады, яғни ол әрі мемлекеттің идеологі, әрі ханның ақылшысы, әрі дана абыз болған жоқ. Дей тұрғанмен, оның бізге жеткен әдеби мұрасы Доспамбеттің талантты жауынгер-ақын болғанын көрсетеді. Өзінің шығармаларында ол басынан өткен аласапыран өмірді, басты-басты оқиғалар мен ой-сезімдерді таза поэзиялық үлгіде бейнелей білген. Оның өлең-жырларында жыраулық дәстүрге тән әсіре нақылдылық пен фәлсафашылдық жоқ. Рас, ол да, бұрынғы жыраулар сияқты, өмір мен өлім туралы жырлаған, бірақ көп жасаған қарт тәрізді салмақтап, байсалды толғамайды, келешекті де болжамайды. Доспамбет жалындап жанады, үміттенеді, қайраттанады. Өмірден ерте кеттім деп өкінбейді. Керісінше, өзіме лайықты, жақсы өмір сүрдім деп есептейді, өйткені оның идеалы — Сарыарқа үшін шайқаста шәйіт болған жауынгер. Доспамбеттің ойынша, ең бақытты адам — арғымақ мінген, көбе киген, жұпар аруды құшқан, той тойлап, армансыз қымыз ішкен, жау келсе — қарсы шапқан жаужүрек жігіт. Міне, Доспамбет өзін осындай өмір сүрген кісі деп көрсетеді. Ол өз дәуірінің қоғамына, болмысына, тіршілігіне дән риза. Оны жалған дүние демей, қайта дәріптей жырлайды, оған құштарлық танытады, өмірден түңілу атымен жоқ.

Доспамбет жырау көбінесе бірінші жақтан сөйлейді, оның

“мені” лирикалық кейіпкер емес, жыраудың өзі, сондықтан жырау өзі туралы айтады, өзін қалың жаудан қайтпайтын, нағыз қаһарман етіп сипаттайды:

Қалаға қаблан жаулар тигей ме,
 Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
 Қатарланып, қырланып,
 Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
 Қабырғадан қараған
 Достым менен дұспаным:
 “Апырым, ер Доспамбет!” — дегей ме?!¹⁶.

Осы шумақтың кілең “к” дыбысынан басталуы, көп сөздің де “к” дыбысымен үндесуі — автордың “қаһармандық, қаһарлық” күйді беру үшін пайдаланған көркемдік тәсілі (аллитерация). Мұндай толғаудың мазмұны мен сарынына үндес дыбыстарды қатарлата пайдалану - жалпы, ауыз әдебиетінің, әсіресе жыраулар поэзиясының кең тараған дәстүрі.

Доспамбет жырау шығармаларының ішінде біршама ғұмырнамалық сипаты бар, оның өмірінің кейбір кезеңдерінен хабар беретін толғауы ерекшеленіп тұратынын айтпасқа болмайды. Негізінде, бұл — жыраудың жарық дүниемен қоштасу жыры. Өзінің рухы мен көңіл-күйі жағынан бұл толғау басқа жыраулардың туындыларынан өзгеше. Мұнда уайым да, өкініш те жоқ, мұнаю да, түңілу де көрінбейді. Әдеттегі қоштасу жырларында ұшырасатын сентименталдық, әрі қайшылық сезім де кездеспейді. Бұл толғауда жыраудың өмірі мен тағдыр-талайы жинақы да шымыр баяндалған. Құрылысы жағынан толғау даралықтан жалпылыққа қарай баспалдақтап өріледі: әуелі автор өзіне сипаттама береді, қалай жараланғанын әңгімелейді, содан соң әйелі мен балаларын мінездеп суреттейді, ең соңында туып-өскен жерімен, отанымен қоштасады. Осының бәрі көркем тілмен, әралуан поэтикалық тәсілдерді, параллелизмдерді пайдалану арқылы айтылып, жыраудың ақындық таланты мен импровизаторлық қуатын танытады. Толғаудағы жәйттерді жырау біресе еске түсіру түрінде, біресе орындалмай қалған армандар мен істерді санамалау формасында баян етеді. Ойындағы көп арманның жүзеге

¹⁶ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984, 35-б.

аспағанына Доспамбет еш өкінбейді, себебі оған тіршілігінің өзі — арман-ансардың іске асканы болып көрінеді. Доспамбет шығармаларының тағы бір ерекшелігі — тарихи тұлғалардың арнайы аталып, олар туралы дерек беруі. Айталық, Мамай, Қосай, Есақай, Кетбұға, әл-Ғұсман паша, Досай, Әли. Осылардың ішінде жырау айырықша бағалағандары — Кетбұға, Мамай. Ал, Қосай, Есақай — автордың екі ұлы, ол балаларына үлкен үміт артады. Жалпы, Доспамбет поэзиясы жауынгерлік және тарихилық сипатымен басқа жыраулар туындыларынан ерекшеленіп тұрады.

Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің көрнекті өкілі — *Жиембет Бортоғашұлы*. Ол XVI ғасырдың 70-75 жылдары өте ірі феодалдардың ортасында дүниеге келген. Оның аталары Кіші жүздегі он екі ата Байұлына кіретін Тана руының көсемдері болған. Жиембеттің өзі де сол кездегі қазақ ханы Есімнің өкілі ретінде бүкіл Кіші жүзді билеген. Өзі би, өзі батыр Жиембет мемлекет тіршілігінде үлкен рөл атқарған және ханға да зор ықпал етіп отырған. Аса беделді билердің қатарында Есім ханды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызу рәсіміне қатынаскан. Жиембет қазақ пен жоңғарлықтардың қалың арасында, әсіресе 1620 жылғы шайқаста, сондай-ақ 1627 жылы Ташкент шаһарының билеушісі Қатаған Тұрсынның бүліншілігін басуда айырықша қызмет етіп, көзге түскен. Зор данққа және беделге ие болған Жиембет өзіне қараған Кіші жүзді жеке мемлекет етуге тырысады. Оның мұндай сепаратистік ниетін сезген Есім хан Жиембетті ойраттар тұратын жаққа жер аударып жібереді. Айдаудан 1645 жылы Есім хан қайтыс болған соң оралып, көп ұзамай дүниеден өтеді.

Жиембет жыраудың мұрасынан бізге әзірше белгілілері — ханға арнап айтқан үш толғауы және жыраудың айдаудағы хал-жағдайын баян ететін екі лирикалық өлені. Алайда, осы аз дүниенің өзі-ақ Жиембеттің айтулы жырау болғанын, сөздің де, істің де парқын білетін қайраткер, биік парасатты, даналыққа жеткен абыз екенін толық дәлелдейді. Жиембеттің Есім ханға арнап айтқан толғауларында оның нағыз классик жырау екені көрінеді: ханмен бірге мемлекеттің күшеюіне көп күш салған би, ханның кеңесшісі әрі хандықтың идеологі бола білген Жиембет бірте-бірте ханға қарсылық көрсетіп, оппозицияға көшеді, сөйтіп қуғына түседі. Оның қуғынға ұшырауының себебі, — сөз жоқ, бидің сепаратистік ниеті. Алайда, жыраудың толғауында бұл себеп басқа болып көрінеді: Жиембеттің інісі Жолымбет жол торып жүріп, қалмақ

елінен Есім ханға келе жатқан алым мен сый-сияпатты қолға түсіріп, алып кетеді. Сол үшін хан Кіші жүзге “Жолымбеттің басын беріңіздер!” – деп бұйырады. Бірақ он екі ата Байұлы ханға басу айтқалы Жиёмбетті бас етіп, аяққа жығыла барады. Хан көнбейді, керісінше, Жолымбеттің ісін сылтау етіп, Жиёмбеттің өзін қуғындайды.

Бізге жеткен Жиёмбеттің шығармаларында екі кезен, екі процесс қатар көрініп отырады. Бірінші кезең – Жиёмбеттің хан ордасындағы дәуірі де, екінші кезең – жыраудың айдаудағы шағы. Екі кейіпкердің бірі – жыраудың өзі, екіншісі – Есім хан. Бірінші процесс – ханның Жиёмбетпен санасып, онымен жақсы тұстағы жағдайы, ал екінші процесс – Жиёмбет сарайдан аласталғаннан кейінгі өзінің және ханның жай-күйі. Осындай карама-қарсы қою арқылы Жиёмбет өзін және Есім ханды бұрын, яғни екеуі араз болмай тұрғанда, қандай еді, енді қалай болады деп суреттеуге тырысқан. Әрине, жырау өзін асқақтата, ал қарсыласын тұқырта бейнелейді. Бұрын сен кім едің? – деп, жырау Есім ханға өткен дәуірді, елге жау шапқанда нендей халде болғанын есіне түсіреді:

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің¹⁷.

Ал, бұрын мен кім едім? – деп, жырау өзінің хан сарайындағы жағдайын былайша баяндайды:

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім!
Ес білгенден, Есім хан,
Қолына болдым сүйесін,
Қолтығына болдым демесін...
...Менің ер екемді көргенсін,
Әуелден бірге жүргенсін,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің¹⁸.

Жиёмбет жырау хан алдында бас имейді, өктем сөйлейді.

¹⁷ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984, 60-б.

¹⁸ Сонда, 59-60-бб.

өзінің кім екенін, өзі кетсе, ханның “ит түрткі көретінін”, “Жиёмбет қайда деп сұраған елге жауап бере алмай” маскара болатынын айтады. Қыза-қыза келе Жиёмбет кешегі әміршісіне айбат шегіп, айбар көрсетеді. Осы тұста Жиёмбет өзінің батыр бейнесін сомдайды, “менің ерлігімді сұрасаң, жолбарыс пенен аюдай, өрлігімді сұрасаң, жылқыдағы асау тайындай, зорлығымды сұрасаң, бекіре менен жайындай, беріктігімді сұрасаң, карағай менен қайындай”, – деп, өзін жан-жақты мінездейді.

Есім ханға бас ұрмайтынын білдіріп, “тасқан екен мына хан, сенсіз де күнімді көрермін”, – деп ашу шақырып, ат құйрығын кесіскен Жиёмбет жырау айдауда жүріп те қайсарлық көрсетеді:

Керегеге ілінген
 Шабылмаған семсер тұр,
 Жаудан алмай кегімді,
 Есіл де өмір өткен құр!¹⁹ –

деп, жырау айдаудағы амалсыздыққа налиды, бірақ өзінің жолынан, ниетінен айнамайды, өрмінез қалпында қалады.

XVII-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясын тағы бір биікке көтеріп, жыраулық дәстүрді ары қарай дамыта түскен үлкен талант иесі – *Ақтамберді Сарыұлы* болды. Ол 1675 жылы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан әйгілі Қаратаудың қойнауында ауқатты феодалдар үйінде туған. Ата-анасынан ерте айырылған ол жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Бердіке болашақ жырауды жастайынан соғыс өнеріне баулып, оның мінез-құлқына ерлік, қайсарлық қасиет дарытады. Ақындық таланты ерте білінген Ақтамберді 10-11 жасында-ақ өлең шығара бастайды, ал 17-ге толғаннан соң қазақтардың Моғолстанға, Жонғарияға жасаған жорықтарына қатысып, ұрыстарда қаһармандық көрсетіп жүреді. “Ақтабан – шұбырынды” уағында Ақтамберді атакты батыр әрі жырау, Орта жүзге қарайтын руларды басқарушы ретінде көрінеді. Батыр жырау қазақтардың жонғарлықтарға қарсы күресін ұйымдастырғандардың бірі болады, өзі қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жонғар мемлекеті күйрегеннен кейін Ақтамберді өзінің зор беделі мен жыраулық сөзі арқасында елді сонына ертіп, жаудан азат етілген ата-мекенге орнықтыруда

¹⁹ Бес ғасыр жырлайды. I-т. Алматы, 1984, 61-б.

орасан еңбек етеді. Өзі солармен бірге Қазақстанның шығысына көшіп келеді. Ақтамберді жырау 93 жасында, яғни 1768 жылы, қайтыс болады. Оның күмбезі Шыңғыстаудың “Кұндызды” деген жерінде, “Жүрек жота” деп аталатын төбенің басында.

Ақтамберді жыраудың әзірше бізге мәлім 26 шығармасы бар, олар тақырыбы жағынан үш топ құрайды да, осы үш топ жырау өмірінің үш кезеңін бейнелеп, содан хабар береді: жастық шағы, кемеліне келіп, данққа бөленген кез және қартайған уақыты. Осыдан болу керек, Ақтамберді поэзиясында қаһармандық пен лирикаға тән нәзіктік, қатал шындық пен сағым қиял қатар өріліп, аралас жүреді.

Бірінші топқа жататын шығармалар Ақтамбердінің жас кезінде, көңілі жүдеп жүрген шақта туған болуы керек. Ол өлендері мен толғауларында тағдырға налу, жалғыздық пен кедейшіліктен торығу, өзінің нашарлығына қорлану, өкіну-өксу бар. Автордың өзі де, оның лирикалық кейіпкері де жалғыздікті, қорғансыз, барлық жерде өзінің әлсіздігін сезеді, зорлық-зомбылық көреді. Ол осындай халін уайымдайды, бірақ келешектен үмітін үзбейді. Жылдамырақ есейгісі, елдің қатарына қосылып, дұшпандарынан кек алғысы келеді, соны армандайды.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп, құдай, тілекке!²⁰

Міне, бұл — Ақтамбердінің кәмелетке жетіп, өзін-өзі қорғай алатын шаққа келгендегі көңіл-күйі, арманына жеткен сәті. Осыдан бастап Ақтамбердінің тасы өрге домалап, ол атақ-данққа ие болады.

Ақтамберді өмірінің көбін жорықта, ат үстінде, жортуылда өткізген. Ол өз маңайы ғана емес, алыстағы шет елдерге де сапар шеккен, оларға шабуыл жасаған жасақтардың ішінде болған. Ең бастысы және Ақтамберді үшін ең қиыны сол — қазақтардың жаудан басым түсіп, тізесін бүктіргенін ғана емес, ойраттардан

²⁰ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы. 1984, 67-б.

ойсырай жеңілгенін көзімен көріп, басынан өткерген, өз ағайындарының ерлігімен бірге сужүрек қорқақтығының да куәсі болған... Қалай болғанда да, Ақтамберді қорықпай-үрікпей қалың шайкастың ортасында болып, қазақ қолын жеке қаһармандығымен де, жалынды жырымен де жігерлендіріп, қайраттандырған, оларды ерлікке шақырған, жасақтардың жеңіске деген, өз күшіне деген сенімдерін арттырған, оларды жауға тойтарыс беруге жұмылдырған:

Балпан, балпаң кім баспас,
 Басарға балтыр шыдамас.
 Батырмын деп кім айтпас,
 Барарға жүрек шыдамас.
 Жалтара шапсаң, жау кашпас,
 Жауды аяған бет таппас.
 Уа, жігіттер, жандарын
 Жаудан аяй көрменіз,
 Ғазырейіл тура келмей жан алмас!²¹.

Қасындағы жасақшыларға арналып айтылған осы шумақта Ақтамберді шайқасқа кірер алдындағы жігіттерді қайраттандыру үшін “батыр—жау” деген оппозициялық ұғымды аллитерация әдісін пайдаланып, алғашқы төрт жолды “б” дыбысынан бастап, “батырлық” деген не, “батыр” қандай болады деп айтса, шумақтың екінші жартысындағы бес жолдың үшеуін “ж” дыбысымен бастап, “жау”, “жасқаншақ”, “жаман” деген ұғымдарды беріп тұр. Міне, жорықта айтылатын жырау толғаулары осы іспеттес болып келеді.

Осындай ерлік пен табандылықты жырлайтын толғаулар Ақтамберді шығармаларының екінші тобын құрайды. Осы топтағы өлеңдерде Ақтамберді жыраудың арман-ансары, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы айқын көрінеді. Оның лирикалық кейіпкері көп нәрсені армандайды. Бірде ол “омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей, табаны жалпақ тарланды мініп”, “андысып жүрген дұшпанның айттырса бермес сұлуын тегін олжа қылуды” армандаса, енді бірде елде тыныштық орнап, жұрттың көңілі өсіп, бейбіт өмір сүруді, алқалы жиын өткізіп, билер мен кеңес құруды мұрат етеді. Осы тектес армандар тізбегінен тұратын “Күлдір-

²¹ Бес ғасыр жырлайды. I-т. Алматы. 1984, 69-б.

күлдір кісінетіп” деп аталатын толғаудың орны ерекше, мұнда Ақтамберді жауынгер жырау ғана емес, Асан тәрізді ел қамын жеген, халықтың халін жақсартуды көксеген абыз жырау деңгейіне көтерілген. Егер Асан Қайғы елге құтты қоныс іздеп, жер шарласа, Ақтамберді ондай Жерұйықты өзінің поэзиясында бейнелеп, ырысқа кенелген, бақытты елдің утопиялық өмірін арман арқылы суреттейді. Ол “құрап, жанды көп жиып, өз алдына ел қылуды” армандап, сол елдің бақытты, рахат тіршілігін мынадай күйде көреді:

Асқар бір тауды жайласам,
 Желілеп бие байласам,
 Күнде жиын, күнде той
 Қыз-бозбала ойнатсам.
 Тентегін түзеп байқа деп,
 Ішінен биді сайлатсам.
 Құлым бір ұлдай киінсе,
 Көркемін көрген сүйінсе,
 Атымтай Жомарт секілді
 Атағым жұртқа білінсе!
 Өзім бір бөлек жайласам,
 Жігіттен нөкер сайласам,
 Ойпаң жерге он отау,
 Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
 Қонағымды жайғасам!
 Пышақтан малым кетпесе,
 Қазаным оттан түспесе,
 Ауылдан топыр үзілмей,
 Ошақтың оты өшпесе.
 Май жемесе қонағым,
 Қан жемесе барағым,
 Он кісіге жараса
 Бір кісіге арнап тартқан табағым²².

Бұл толғауда Ақтамберді бірінші жақтан сөйлегенмен, жеке өз басының емес, ел арманын, жұрттың көкейіндегі ойын “мен” арқылы жалпылық мәнде айтып тұр. Сөйтіп, жыраудың өзі емес,

²² Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 71-б.

оның лирикалық геройы “мен” деп тұр. Бұл — кәдімгі реалистік әдебиетке тән әдіс екені белгілі. Абайдың “Болыс болдым, мінеки” деп, бірінші жақтан сөйлейтін лирикалық кейіпкері сияқты, Ақтамбердінің бұл толғауындағы “мен” — автордан бөлектенген кейіпкер, ал оның арманы — автордың идеалы.

Аталмыш толғауында Ақтамберді утопиялық өмірді армандау арқылы сол замандағы қазақ тіршілігінің, тұрмыс-салтының әр саласын бейнелеген. Айталық, жорық пен жортуыл, жауға мінер тарлан ат, ұрысқа киер ақ сауыт, сауытты соғатын зергер, жаудан қыз олжалау, кек қайыру, — бұл жаугершілік көріністері болса, бейбіт өмірдегі жайлауға кону, өзенді жайлау, үй тігіп, бие байлау, той-жиын өткізу, билер кеңесін құру, қонақ күту, балуан күрестіру, аң аулау, мергендік қылу сияқты алуан түрлі тіршілік көрсетілген. Бұл Ақтамбердінің жыраулық поэзияны байытқан тағы бір тәсілі.

Ақтамберді — жауынгер жырау бола тұра жыраулық поэзияға тұңғыш рет қыздың келбет-көркін және аттың сынын сипаттауды енгізген. Оның суреттеуіндегі қыз “Бұлттан шыққан ай бетті, Мұнардан шыққан күн бетті, маңдайы аппак, қастары қиылған, шаштары төгілген” болып келеді. Ал, аттың сыны мынадай: ор қояндай қабақты, қиған камыс құлақты, сары мысықтай азулы, сапты аяқтай ерінді, қидасын кәрі жілікті, омырауы есіктей, ойынды еті бесіктей, табаны жалпақ...

Ақтамберді тоқсан үш жыл жасаған. Оның біраз өлең-толғаулары егде тартқан тұста дүниеге келген сияқты. Мұнда абыздыққа жеткен жыраудың дидактикалық және афористік ойлары, тағылымды сөздері бар. Өмірдің қызығы мен шыжығын, тағдырдың талай тауқыметін көрген, аркалы сөздің күдіретіне көзі жеткен Ақтамберді өзінің асқаралы ғұмырының биігінен тіршілікке көз тастайды, өмірдегі жақсы мен жаман туралы, достық пен қастық, адал мен азамат жөнінде, парасатты адам мен аяр кісі жайында сөз қозғайды. Сол себепті оның кейбір сөздері шешендік афоризм тәрізді, болмыстағы құбылыстарды салыстыра бағалап, констатация жасайды. Мысалы, “кәрі ақсайды ақылдан, ер ақсайды жақыннан”, “қыздың көркі — құлпыда, жігіттің көркі — жылқыда”, “түйе мойнын түз кесер, жігіт мойнын қыз кесер”, “жомарт қолын жоқ кесер”, т.б. Осы үшінші топтағы толғаулар Ақтамбердіні ақылгөй, дана қарт етіп көрсетеді. Бұл шығармалар жыраулар дәстүріне сай ғаклиялық, әрі болмыс құбылыстарын жиынтықтап, оларды бірде салыстыра, бірде қарсы қоя отырып,

сөз етіп отырған мәселесін түйіндеп айтады. Оларда жеке адамның мінез-кұлқына, іс-әрекетіне байланысты да, сондай-ақ, бүкіл қауымның, халықтың тіршілігіне, этика-моралдық мәселесіне қатысты да ойлар айтылып, адам белгілі бір жағдайда өзін қалай ұстауы керек, достық пен дұшпандыққа, әйеліне, маңайындағы жандар мен ағайын-туыстарға қалай қарауы қажет деген сияқты – ақыл-кеңес беріледі. Осы өлең жырларында Ақтамберді өз дәуірі үшін өзекті деген проблемаларды көтерген, бірақ оның ерекшелігі – мемлекеттік идеологияға қызмет етпегені. Ол өз поэзиясын адамның сезімін ашуға, кісінің тіршілігін көрсетуге, оны қауым, ел үшін күреске шақыруға пайдаланған, сол арқылы әдебиетті қоғамға қызмет еткізген. Ақтамбердінің өзіне дейінгі жыраулардан өзгешелігі осында. Алайда, сол замандағы өте маңызды тақырыпты жырлауда, яғни казактардың тәуелсіздік үшін жоңғарлармен соғысуы қажеттігін толғауда Ақтамберді толығымен жыраулық үрдістен көрінеді.

Қазақ хандығы заманында жасаған жыраулардың ішінен әдеби мұрасы өте аз көлемде жеткен ірі ақынның бірі – *Тәтіқара*. Ол туралы тарихи деректер де көп емес. Зерттеушілердің анықтауы бойынша, Тәтіқара Қостанай өңірінде, Сарыкөл деген жерде, кедей шаруаның үйінде туған. Абылай ханның қасында болған; әміршісімен бірге сол уақыттағы қазақ-қалмақ ұрыстарына түгелдей қатысқан. Сол себепті оның өлең-жырлары, негізінен, шайқас кездері туып, жауынгерлік сипатта болады әрі нақты оқиға және тарихи адамдар жайында баян етеді, олардың ерлігі мен ел үшін атқарған іс-әрекетін үлгі етіп, жауынгерлерді қиындыққа мойымауға, қандай ауыр жағдай болса да абыржымай, жол табуға шақырады. Осындай елгезек өлеңдерінің арқасында Тәтіқара көпке танылып, атақты жырауға айналады. Өзі ұрыстарға қатыса жүріп, қаһармандықпен бірге елдік мәселелерді шешуге де қатысады. Әсіресе, 1756 жылы Қытайдағы Цин басқыншылары қазақ жеріне кіргенде, солармен болған қалқығыстар кезінде ол Абылай ханның қасында жүріп, мемлекеттік мәні бар іс-шаралардың басы-қасында болады, өзінің тапқырлығын, жаужүректігін көрсетеді.

Ғалымдардың айтуынша, осындай бір жорықта Абылай ханның ісі алға жүрмепті. Жау басым түсіп, Абылайдың жасағы кейін шегінуге мәжбүр болыпты. Өкшелеп қуып келе жатқан жау жақындап қалғанда Абылайдың алдынан тасып, ернеуінен шығып жатқан өзен кез болады. Жасақ ұйлығып, тұрып қалады, жау арт

жақтан тақап, енді-енді үлкен шайқас басталмақ. Олай болса, саны аз казактар түгел қырылмақ. Осылай не істерге білмей абдырап тұрғанда, Абылайдың жанында тұрған Тәтіқара жауынгерлерге карап, былай деп толғайды:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
 Жәнібек Шақшақұлы — болат найза!
 Алдыннан су, артыннан жау қысқанда,
 Ер жігіттің ерлігі осындайда!
 Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
 Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
 Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
 Сары менен Баянды айт Уақтағы.
 Ағашта биікті айтсаң, карағайды айт,
 Найзасының ұшына жау мінгізген
 Еменәлі Керейде ер Жабайды айт!

Осы толғауда есімі аталған батырлар Тәтіқараның сөзінен кейін суға лап қояды, олардың сонынан жасактар түгел судан өтіп шығады²³. Бізге жеткен Тәтіқараның өлендері осы тектес болып келеді. Бұлардың мазмұны — ұрыс сәті, кейіпкерлері — сол ұрыстың ішінде жүрген тарихи адамдар. Аталмыш шығармаларда Тәтіқара — шайқаста жүрген батыр жырау ғана емес, дүниедегі нәрселерге өзінше қарайтын, болып жатқан оқиғаны, ситуацияны жіті аңғара алатын, қасында жүрген батырлардың әрқайсысының қадір-қасиетін дәл білетін және қажетті жерде оларды нәшіне келтіріп жырлайтын дарын иесі. Оның толғаулары — әдеткі афористік, дидактикалық сөз, немесе ойға шому емес, оқиғалы болып келеді де, нақты бір эпизодты суреттейді, іс-әрекетті көрсетеді, әйтпесе соған итермелейді.

Тәтіқара — жауынгерлік поэзияның ғана өкілі емес. Өзінің жыраулық тұлғасын ол қаһармандығымен әрі жорықтық толғаулармен ғана көрсетпейді. Оның жыраулық табиғаты Абылай ханға соғыстың қарбалас шағында ақыл-кенес айту, оның ерлігін дәріптеу арқылы ғана емес, сонымен қатар бұрынғы үлкен жыраулар тәрізді өз әміршісіне наразылық білдіріп, қарсы сөйлеуі мен ой-пікірін ашық айтуынан да танылады. Оның

²³ Мұхтар Мағауин. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991, 73-б.

“Кеше тоқыраулы судын бойынан” — деп басталатын толғауы жыраудың реті келгенде ханнан тартынбай, әділдікті көзіне айта білгенін дәлелдейді. Тіпті бұл шығармасында Тәтіқара ханға жай ғана наразы емес, ол ашық оппозицияға шығады, оған қарсы іс-қимылға шақырады. Әдеттегідей, жырау алғашында әміршісінің бұрын кім болғанын айтып, қалай билікке келгенін баяндайды да, содан соң ханның мінезі мен ісіне риза еместігін білдіреді.

Абылайдың бұрын Түркістанда Үйсін Төле бидің түйесін баққанын айтып келіп, былай дейді:

Дәл жиырмаға келгенде
 Ақ сұнқар құстай түледі,
 Азуын тасқа біледі,
 Дұшпанға табан тіреді.
 Үш жүздің баласы
 Ақылдасып, жолдасып,
 Хан көтеріп еді,
 Үш жүздің баласын
 Бір баласындай көрмеді.
 Ат құйрығын сүзіндер,
 Аллалап атқа мініңдер
 Хан-талау қылып алындар²⁴.

Бұл толғаудағы Тәтіқараның көңіл-күйі, мінез-құлқы, айтқан сөзі — нағыз жырау үрдісі. Осының өзі Тәтіқара жыраулық дәстүрдің ауқымында болып, XVIII ғасырдағы әдебиетке өзіндік үлес қосқанын айғақтайды. Оның “шығармалары өзінің қарбалас шақтарда, от-жалында туғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұран іспеттес болғандығымен құнды. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара жырлары, — жоғалғандары да, біздің заманымызға жеткендері де, — өз міндетін атқарды деп айта аламыз”²⁵.

XVIII ғасырдағы казак әдебиетін дамытуға үлкен үлес қосқан жырау — *Үмбетей Тілеуұлы*. Ол 1706 жылы туған. Үмбетейдің әкесі — атақты қобызшы, елдің қаһармандық жырлары мен аңыздарын, шешендер мен билер сөзін, халық шежіресін жетік білген адам болыпты. Баласының ақындық, өнерлік ұстазы өзі болған. Үмбетей

²⁴ Бес ғасыр жырайды. 1-т. Алматы, 1984, 80-б.

²⁵ Мұхтар Мағауин. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991, 75-б.

жас кезінен бастап әкесінің репертуарын түгелдей меңгеріп алады, үлкенді-кішілі жырларды жырлайды, сөйтіп ел ішінде танымал болады. Халық мұрасын игеріп алған Үмбетей ақындық қабілетін де ерте танытады. Оның алғашқы өлең-жырлары өз ағайын-туыстары мен ауыл адамдарының бойындағы кемшіліктері мен келеңсіз қылықтарын әжуалауға арналған. Бірте-бірте өзі жақсы білетін жырауларды үлгі тұтып, философиялық-дидактикалық толғауға ойысады, әрі өзі шайқастарда көрген жаужүрек жігіттерге, батырлар мен қолбасшыларға одалар арнап, жауынгер жырауға айналады. Жеке басының биік қасиеттері мен ұрыстардағы ерлігі және ақындық таланты арқасында Үмбетей қалың жұртшылықтың көзіне түседі, сөйтіп Абылай ордасына енеді. Даңқы шартарапқа жайылып, абыз жырау атанған шағында Үмбетей әйгілі “Бөгембай өліміне” деген реквием іспетті жоқтауын және “Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуін” шығарады. Үмбетей жырау 1778 жылы осы күнгі Ақмола облысына қарасты Ерейментауда дүниеден көшеді.

Үмбетей жыраудың біздің заманымызға жеткен шығармалары айтарлықтай көп емес. Олар, негізінен, белгілі бір оқиғаға байланысты болып, нақты адамға арнау түрінде болып келеді (“Бөкеге”, “Жауқашарға”, “Бұқарға”, “Бекболат биге”, т.б.). Бұларда оқиғаның, немесе фактінің өзі болмайды. Автор оларды тәптіштеп жатпайды, сипаттамайды да. Көп жағдайда ол адамдардың өзара қатынасын, олардың дауын, яки күдігін өлеңмен шешеді, я болмаса өзінің ойын айтып, пікірін білдіреді. Сайып келгенде, бұл тәсіл билердің сөздеріне тән. Әдетте, билер дау-дамайды шешкенде осындай өлең-жырды пайдаланып, сөздің құдіретін мойындатады. Осы билер секілді Үмбетей өзінің арнау өлеңдерінде дидактикалық мәндегі афоризмді норматив ретінде қолданады, әрі өзінің ойын дәлелдейтін аргумент етіп пайдаланады. Сонымен қатар кейбір тұстарда Үмбетей өзінің кейіпкерлеріне мінездеме беріп, жыраудан гөрі ақындыққа тән қасиет танытады.

Үмбетей мұрасының ішінде шоқтығы биік, ерекше көзге түсетіні — Бөгембай батырдың өліміне байланысты екі шығармасы. Ежелден келе жатқан дәстүр бойынша, даңқты қолбасы немесе ардақты адамның қаза болғанын халыққа, әсіресе ханға естіртудің өз рәсімі болған. Мұндай суық хабарды әміршіге тек аса көрнекті әрі беделді, елдің құрметіне бөленген абыз жырау немесе шешен-би, яки, аузы дуалы ақын естірткен. Еліне енбегі сінген батырлар

мен хандардың, ұлы қайраткерлердің жоқтауын ең алдымен ресми түрде атакты акын-жырау шығарған. Міне, осы екі бірдей функцияны, яғни, қанжығалы карт Бөгембайдың қазасын әрі естіртуді, әрі оны жоқтауды Үмбетей атқарған, ал бұл — жыраудың асқардай таланты мен күллі қоғам алдындағы ерен еңбегін, таудай биік беделін құрмет тұту еді.

“Бөгембайдың өліміне” — сыртқы формасы жағынан жоқтау, тіпті реквием десе де болады. Ал, мазмұны жағынан бұл шығарма — Бөгембай батырға арналған гимн. Мұнда Бөгембай — шынайы батыр, күллі халықтың сүйікті қаһарманы ретінде бейнеленеді. Автор оның ең маңызды жеңістерін, көрсеткен ұлы ерліктерін санамалап баяндайды, оның қалмақтардан тазартып, қазақты қайтадан қоныстандырған жерлерді атайды. Жырау өзінің жоқтауын дәстүрге сәйкес Бөгембайды сипаттаумен бастап, оны барынша дәріптеп, Абылай жасақтарындағы қазақтың бас батыры екенін көрсетеді, сол үшін неше түрлі тенеулер мен символдарды қолданады.

Уа, Алатаудай Ақшадан
 Асып тудын, Бөгембай,
 Болмашыдай анадан
 Болат тудың, Бөгембай!
 Қалақайлап дулатқан,
 Қалдамандап шулатқан
 Қалмақты алдын, Бөгембай!
 Құбыла көшкен байтақтың
 Ордасындай Бөгембай!
 Темір жұмсап, оқ атқан
 Қорғасындай Бөгембай!
 Қолтығы ала бұғының
 Пәйкесіндей Бөгембай!
 Жалаңқия жерлерден
 Жазбай түсіп түлкі алған
 Білегі жуан Бүркіттің
 Тегеуіріндей Бөгембай!²⁶

Бұл толғаудан, біріншіден, оқырман Бөгембайдың әкесі —

²⁶ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 85-б.

Акша есімді, анасы – Болмашы есімді адамдар екенін аңғарады. Екіншіден, Бөгембай батырдың қайрат-күші, жігері, айлакерлігі, алғырлығы, салмақтылығы, тегеуірінділігі алуан түрлі асыл зат пен айбарлы аң-құстың қасиеттеріндей екендігіне көз жеткізеді.

Үмбетей жыраудың “Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуі” – дәстүрлі осы жанрдың арнасынан бөлек. Түпкі мағынасына үнілсек, бұл – батыр мен ханның ел тағдырындағы рөлі мен маңызы, әміршінің мемлекет өмірінде алатын орны туралы, дәлірек айтқанда, Абылай ханның заманы жайындағы кең диапазонды толғау. Осы толғауында Үмбетей – нағыз абыз, шындықты тайсалмай айтатын азулы жырау. Ол болмыстың күйкі тіршілігінен әлдеқайда жоғары тұрған әрі Абылайдың күллі өмір жолын, оның сарбаздарының тыныс-тіршілігін бүге-шүгесіне дейін біліп, бәрін қырағы көзбен шолып отырған дана карт. Оның статусы өте биік, ол ханмен тен тұр, тіпті кей кезде одан да жоғары көрінеді. Оның дауысы зор, үні сенімді, әрі қатты, өйткені ол ел туралы, елдің ырысы, тіпті ханның өзі жайында, мемлекеттің тағдыры жөнінде ойлайды, қам жейді. Үмбетей өктем сөйлейді. Ол Абылай тұсындағы қалмақтармен болған ірі шайқастарды еске түсіріп, сол ұрыстарда жанқиярлықпен соғысып, дұшпанды жеңуге шешуші үлес қосқан батырларды атайды да, “Ұмыттын ба соны, Абылай?!” деп, ханға қайта-қайта сұрақ қойып, оның жадын жаңғыртып отырады.

Осы естіртудегі Үмбетей айтып отырған шайқастар, Абылайдың іс-қимылы, Бөгембайдың, басқа да батырлардың әрекеттері – бәрі өмірде болғаны тарихтан аян. Үмбетей солардың қан ортасында жүрген, көбісімен аралас-құралас болған, жақсы таныс, жолдас ретінде оларға да сөз арнаған. Мысалы, Абылайды былай қойғанда, Бөгембай, Қабанбай, Сары, Баян, Сағынбай, Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек, Құттыбай сияқты тарихи тұлғалардың аталуы мен сипатталуы – ойымыздың дәлелі. Басқа бір толғауларында Ақтамберді, Бұқар жыраулар, Бекболат билер туралы толғайды. Осылардың біразымен сыйлас дос болған Үмбетей өз сырын, оларды қадірлейтінін ашық айтады. Мұның бәрі Үмбетей жыраудың сезімталдығын, уақыттың ділін дәл басып, дәуір тынысын, замана мен қоғам үрдісін тани білетін кемеңгерлігін дәлелдесе керек. Қоғам өміріндегі жағдайды, хан ордасындағы, сарбаздар арасындағы ситуацияны жақсы біліп, көп нәрседен хабардар болып отырған Үмбетей өз заманы мен ортасының, сол

дәуірдің атақты адамдарының әдеби кейпін, өшпес образын жасап берді, тарихи оқиғаларды поэзиялық тілмен жырлап, әдебиетімізге өз үлесін қосты, рас, оның шығармалары, жалпы жыраулық поэзиядағыдай, форма жағынан алғанда бай емес, бірізді, біркелкі 7-8 буынды. Оның есесіне Үмбетей ұйқасқа мән берген, ал өлең тармақтарының саны бір тирадада тұрақты емес, әркелкі болып келеді. Ескі архаизмдер жоқтың қасы. Үмбетей Тілеуұлы қазақ поэзиясының тарихында XVIII ғасырдың нақты оқиғаларын суреттеген акын, Абылай бастаған батырларды мадақтаған, әрі ханға қарсы оппозициялық ой қозғаған батыр жырау, өзі ұрысқа қатысып, өлең шығарумен бірге бұрынғы батырлар жайындағы жырларды орындаған жыршы ретінде бағаланып, өз орнын алады.

Қазақ поэзиясының ғана емес күллі әдебиетінің, мәдениетінің тарихындағы аса ірі тұлғалардың бірі — *Бұқар Қалқаманұлы*. Ол өз шығармашылығында өзінен бұрынғы поэзиялық дәстүрді толығымен бойына сіңірген әрі қорытқан аса биік дарын иесі. Оның шығармашылығы сонымен бірге өз заманындағы қоғамда, оның рухани өмірінде орасан үлкен рөл атқарды және өзінен кейінгі дәуірлердегі қазақ әдебиетінің дамуына үлкен ықпал етті.

Бұқар жырау шамамен 1668 жылы туған. Әкесі Қалқаман жаугершілік шақта қаһармандығымен көзге түскен атақты батыр болған. Ол баласына мұсылманша білім берген. Аса дарынды акын және қайраткер болған Бұқар Тәуке ханның тұсында-ақ көзге түсіп, хан ордасында болады, алайда, Тәукеден соңғы билеушілер оны ордадан ығыстырып, үлкен саясаттан шеттетіп тастайды. Егде тарта бастаған шағында бағы қайта жанып, Бұқарды Абылай хан өз қасына алады. Сөйтіп, ол Абылайдың бас ақылшысы әрі идеологына айналады. Абылай хан көпті көрген Бұқардың бай тәжірибесін, оның кемеңгерлігін, көрегендігін өте жоғары бағалайды. Қатты қиналып, абыржыған сәттерде Абылай хан Бұқардан ақыл сұрайтын болған, алдағыны болжауды өтінеді екен. Бұқар әміршісін талай қиындықтардан сақтап қалыпты. Ол жүзден астам жасап, 1780 жылдарда қайтыс болғанға ұқсайды. Зираты Баянауылдың Далба деген жерінде.

Бұқар жыраудың өмірі де, шығармашылығы да үлкен екі кезеңге бөлінеді: Абылайға дейінгі және Абылай тұсындағы. Осыған орай оның шығармалары да екі топ құрайды. Бір тобына Бұқардың қуғын көрген шақта шығарған өлеңдері жатса, екінші топтағылары — жыраудың Абылай ордасында жүрген уақытында туған толғаулар.

Екі топтағы шығармалардың туу себебі мен мазмұны, тақырыбы мен сипаты екі басқа.

Бірінші топтағы өлең-жырларда фәлсафалық накыл басым, мұнда жинақтау мен ғибрат айту көбірек. Тіршілікте көргені мен түйгені көп Бұқар дүниедегі ең қымбат не нәрсе, ең үлкен қасірет немене екенін өте жақсы білген. Ең қымбатты, қадірлі нәрсе — өмір, тіршілік, ал ең үлкен трагедия — қаза, ажал, әсіресе зорлық өлім. Сондықтан да ұлы жырау адамдарға ең алдымен “бірінші тілек тіленіз бір Аллаға жазбасқа” — деп, ақыл айтады және де “жер қайысқан қол келіп, ... ардақтап жүрген бикешің жылай жесір қалмасқа”, — деп ескертеді... Басынан небір қиын жағдайды, қуанышты да, күйінішті де өткізген Бұқар адамдар аман болса екен, олар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүрсе екен деп тілейді. Осы мақсатпен ол тұрмыстық та мәні бар дүнияуи да, мемлекеттік те маңызы бар өсиет айтады, саяси да, этикалық та нормаға қатысты ой-пікір ұсынады.

Философ ақын ретінде Бұқар жырау жалпыадамзаттық мәселені көтереді: қалай адам баласы ұзақ та бақытты ғұмыр кешпек және қайтіп мезгілінен бұрын келген ажалдың құрығынан құтылмақ? Бұл сауалға жыраудың өзі жауап береді. Ал, жауабы өмірдің мәні жайындағы толғау, сұрақ пен жауап болып айтылатын өлең түрінде, кейде күмәнсіз ақиқатты айту, сондай-ақ, адам мен табиғатты, адамдардың хал-ахуалын салыстыру, я болмаса карама-қарсы қоо формасында болып келеді. Мұндай жағдайда өмір құбылыстары мен жағдаяттары терен топшылау арқылы жинақталып беріледі және поэзиялық бейнелер мен көркемдеуіш құралдар пайдаланылып, адам белгілі бір ситуацияда не істеуі керек, қалай қиындықтан құтылуға болады, қалай оның алдын алуға болады, қайтсе жаман болмайды — деген мағынада жиынтықталған тәжірибеден туындайтын ақыл-кеңес, дайын жауап ұсынылады:

Жар басына қонбаныз,
Дауыл сокса, үй кетер.
Жатқа тізгін берменіз,
Жаламенен бас кетер...²⁷

Немесе:

²⁷ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 99-б.

Жал-құйрығы қаба деп,
 Жабыдан айғыр салмаңыз!
 Қалын малы арзан деп,
 Жаман қатын алмаңыз!
 Жабыдан айғыр салсаңыз,
 Жауға мінер ат тумас,
 Жаман қатын алсаңыз,
 Топка кірер ұл тумас!...²⁸

Міне, осындай жалпыға қарата “сен өйтпе, өйтсен, бұлай болады”, “сен бұлай істе, сонда жақсы болады”, – деген сияқты сөздер – былай қарағанда “тыйым” мен оның себебін ашу болып көрінгенімен өмірлік тәжірибенің негізінде туған жай ғана дидактика емес, тіршіліктің диалектикалық мәні жайындағы, дүниедегі жақсылық пен жамандықтың ара-қатынасы туралы фәлсафалық байламдар. Бұқар жыраудың тұжырымдауынша, әлемде өзгермейтін, мәңгі бір қалыпта тұратын ешнәрсе жоқ, дүниеде бәрі араласып, алмасып тұрады, өзгеріске ұшырайды, өмірде имандылық пен зұлымдық, адамгершілік пен жауыздық қатар жүреді, қай нәрсенің болса да пайда болуы да, өшуі де болады, өмір бар жерде өлім бар, дүние алма-кезек...

Айналасын жер тұтқан
 Айды батпас деменіз!
 Айнала ішсе таусылмас
 Көл суалмас деменіз!
 Құрсағы құшақ байлардан
 Дәулет таймас деменіз!..²⁹

Жалпы, Бұқардың Абылай ордасына келгенге дейінгі шығармалары тақырып жағынан өте бай, әр алуан. Ол тұста тұрмыстың ащы-тұщысын татып, қарапайым адамның әлеуметтік жағдайын, хал-ахуалын көрген жырау қауымға ортақ, көпшілікке маңызды нәрселерді айтып, философиялық тұрғыда әңгімелейді. Мәселен, осы кезеңдегі Бұқар жырау поэзиясының басты-басты тақырыптары мыналар: адамның тағдыр-талайы мен арман-аңсары, тіршілігі мен тынысы, имандылық пен шарифат

²⁸ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 102-б.

²⁹ Сонда 1984, 118-б.

мәселелері, дүниенің фәнилігі мен байлықтың жалғандығы, жастық пен кәрілік, бай мен жарлы, жақсы мен жаман, әйел мен бала, т.т.

Абылай ордасына келгеннен кейінгі Бұқардың шығармашылығы бұқаралықтан гөрі мемлекеттік мәнге ие. Бұл уақыттағы толғаулар қоғам үшін аса зәру, тарихи мәнді мәселелерге арналған. Сол себепті екінші топтағы поэзия — мемлекетке қызмет етуге бағышталған жоғары стильдегі поэзия. Ол ең әуелі идеологиялық функция атқаруға бағытталған, сондықтан мемлекет те, оның басшысы да өте күшті болуға тиіс деген идеяны насихаттап, қоғамдық пікір орнықтыруға жұмыс істейді. Мемлекеттің үлкен қайраткері әрі бас идеологі болған Бұқар үшін енді ең маңызды проблема — Қазақ хандығын сақтап қалу, оның тәуелсіздігін қорғау, үш жүздің ауызбірлігі мен ынтымағы, көрші елдермен тату өмір сүру. Ол қазақ мемлекетінің өз тұсындағы жағдайымен бірге келешегі туралы толғанады, өйткені Ресей мен Қытай мемлекеттерінен қауіп төне бастағанын сезген болатын. Елді қауіптен құтқарып, хандықты сақтап қалу үшін Абылаймен бірлесе қолдан келгеннің бәрін істейді, соған күш-қуатын, ақындық талантын, қызыл тілін жұмсайды. Сол себепті оның Абылайға айтқан толғаулары бұрынғылардай жалпылама емес, нақты, ондағы жыраудың кеңесі мен нақыл сөзі тікелей ханға арналған, сондықтан ең алдымен елде тыныштық сақтау мен халықты қасіреттен құтқару керектігі айтылады. Көптеген ұрысқа қатысқан 93 жасар Бұқар соғыс дегеннің не екенін, жаудың тұтқиылдан шабуылы қандай болатынын әсте жақсы білген. Аса тәжірибелі саясаткер Бұқар көрші мемлекеттер әміршілерінің мінез-құлқын, әккі де зымиян саясатын, арам ниетін өте жақсы білген, сол үшін ол Абылайға айлакер жаудың шабуылынан бұрын елді Сырдарияның аржағына, Жиделі Байсын жеріне көшіру қажеттігін айтады. Өзінің бұл ойын Бұқар жырау тарихқа сүйеніп қана дәлелдемейді, сондай-ақ, ол қасиетті кітаптарға да жүгініп, ондағы шүршіттердің жаугершілікке шығатыны туралы сөз болатынын тілге тиек етеді. Оның үстіне Бұқар жырау Ресейдің біртіндеп Шығысқа еніп бара жатқанын, Қазақстан жерінің сыртын орай қамал-бекіністер сала бастағанын көреді, содан күдіктенеді әрі қауіптенеді. Қаруы күшті, адамы да, әскері де көп Ресейдің ерте ме, кеш пе қазақ жеріне ауыз салатынын Бұқар жырау жақсы біледі, онымен соғысуға қазақ елі дәрменсіз екенін де сезеді, соның үшін Абылайға орыспен

соғыспа деп кеңес береді. Абылайдың өзі де мұны жақсы түсінеді, сондықтан ол Ресейге қарсы соғыс жүргізген жоқ. Кеменгерлікке жеткен Бұқар жырау өз заманының тынысын байқап, дәуірінің тамырын ұстап отырған, ел ішіндегі және сыртқы жағдайларды жіті аңғара білген, керек жерде болып жатқан оқиғаға тікелей араласып, оның барысына, шешіміне ықпал жасап отырған.

Абылайға қарата айтылған толғауларында Бұқар жырау мінсіз әміршінің идеалдық образын жасаған. Абылайды өте ақылды да әділетті хан деп білген. Рас, сонымен қатар жыраулық дәстүр бойынша өзінің азуын да көрсеткен. Осы толғауларында Абылайдың ата-анасы туралы, содан соң өзі жөнінде әңгімелеп алады да, содан кейін “айтқан ақылыма көнбесен, көресіні көрсетем” — деп, күш көрсетеді:

Ашуланба, Абылай!
 Ашулансаң, Абылай,
 Көтерермін, көнермін,
 Көтеріп қазға салармын.
 Өкпеңменен қабынба,
 Өтіңменен жарылма,
 Орыспенен соғысып,
 Басына мұнша көтерген
 Жұртыңа жаулық сағынба!..³⁰

Алайда, қаншама ірілік көрсеткенмен, Бұқар жырау әміршісінен аса алмайды, өйткені оның патша қашан да әділ деген иллюзорлық түсінігі басым еді. Ол үшін хан — елдің басшысы ғана емес, хан — халықтың бақыты мен ырысы (“хан қисайса, бәрі оңбас”). Сол себепті, — дейді Бұқар, — халық ханды басына көтеруі керек, оны құдірет деп тану қажет, ешкім ханға қарсы шықпауға тиіс, әйтпесе елдің бәрі бақытсыз болады (“жаулаған ханын қара оңбас”). Әміршінің тұлғасын құдірет тұту керек деген түсінікке сүйенген Бұқар жырау өзінің ханы Абылайды еш міні жоқ адам етіп (“дүниеден шықпай мініңіз”), өте әділ әрі қайырымды, рахымы мол хан бейнесінде суреттейді (“Жетім менен жесірге Ешбір жаман қылмадың, Әділетпен жүрдіңіз, Әдеппен іске кірдіңіз”). Оны Бұқар жырау “Кең Абылай, кең аям”, “Хан ием” — деп атап, әміршісіне бас ұрады.

³⁰ Бес ғасыр жырлайды. 1-т. Алматы, 1984, 104-б.

Сонымен қатар Абылайды көтермелеп, дәріптей отырып, Бұқар жырау оны кейбір мәселеге байланысты сынға да алады, одан халыққа қамқорлық көрсетуді талап етеді (“Еліңнің камын жегейсің!”), халықсыз хан да ешнәрсе тындырмайтынын айтады (“Ханның жақсы болмағы — Қарашының елдігі, Қарашы халық сыйласа, алтыннан болар бесігі”). Мұндай шақтарда жырау халық пен ханның арасына дәнекер болады, олардың өзара мәселелерін мемлекеттің мүддесі тұрғысынан қарап, елдің ынтымағы мен тәуелсіздігін сақтау қажеттігін ескеріп шешеді.

Бұқар Қалқаманұлы — XV-XVIII ғасырлар арасында айырықша өркендеп, қазақ мемлекетінің нығаюына, ұлттық мәдениеттің дамуына зор еңбек сіңірген жыраулық поэзияның шарықтау шегіне жеткен тұсында жасаған абыз-жыраулардың соңғы өкілі болды. Ол бір өзі бірнеше бағытта, бірнеше салада көрінді: әрі аса дарынды импровизатор — жырау, әрі мемлекеттің көрнекті бас идеологі, әрі ханның кеменгер ақылшысы, сенімді серігі бола білді. Өкінішке қарай, XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған Ресейдің экспансиясы сол жүзжылдықтың соңына таман Қазақстанның көпшілік жерін жаулап алумен аяқталды да, осыдан былай қазақ мемлекеті өз дербестігінен айырылды, Ресей империясының құрамына енді. Қазақ хандығы жеке мемлекет ретінде жойылған соң, оның идеологі болған, қазақ елінің тұтас мемлекеттігін жақтап, сол идеяны жырлаған классик жыраулар да, жыраулық поэзия да тарихи аренадан кетті. Енді олардың орнына мәдениет пен әдебиет әлеміне ақындар келді. Ақындар қазақ елінде бұрын да болған, бірақ олар қалың бұқара ішінде тұрмыс-салтқа байланысты өлеңдер шығарып, өзара айтысқа түсіп жүретін, қарапайым жұртшылыққа қызмет ететін. XVIII ғасырдың соңынан бастап ақындардың рөлі көтеріле бастады, олардың өнернамалық қызметі кеңейе түсті, сөйтіп, ақындар поэзиясы қоғамдық мәнге ие бола бастады. Алайда, ол поэзия бұрынғы жыраулық поэзия сияқты болмады, мемлекеттік мәселелерге араласа алмады, олар араласатындай қазақтың өз мемлекеті де болмады. Бұл процестің басқа да жағы бар еді. Абыздық сипаттағы әрі мемлекетке, әрі әміршіге қызмет еткен жыраулар поэзиясын енді әдебиетті мемлекеттік әрі ресми идеологиялық функциядан азат еткен, сондай-ақ, әдебиет пен өнерді ақсүйектер ордасынан бұқараның ортасына, қатардағы қазақтың үйіне көшірген әрі әдебиетке демократиялық сипат берген профессионалдык ақындар поэзиясы

алмастырды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиеті жаңа бағытқа бет алды, жаңа сапаға көшті, жаңа мазмұнға ие болды, соны тақырыптар тапты.

Ендігі жерде отанды сыртқы жаудан қорғау тақырыбы ығысып, оның орнына лирика дами бастайды. Қоғамда, оның рухани мәдениетінде әдебиет өз алдына жеке сала болып өрістейді. Бұрынғы жыраулық поэзиядан қалған әдеби үрдіс пен көркем өрнектер ары қарай ақындар шығармашылығында жалғасын табады. Бұл ретте, әсіресе *Көтеш* ақын (1745-1818) мен *Шал* ақынның (1748-1819) дәнекерлік қызметі ерекше. Олар ежелгі жыраулық поэзияның үлгісінде де, жаңаша да өлең шығарып, бір жағынан, дидактикалық мазмұндағы не жақсы, не жаман, алдамшы дәулет пен жалған өмір туралы толғаса, екінші жағынан, тұрмысқа, салт-сана мен әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды да жырлайды. Осы екеуінің шығармашылығынан бастап қазақ өлеңінің формасына да өзгеріс енеді. Олар байырғы жыраулық поэзиядағы формалық еркіндікті шектей бастайды, яғни ерікті шумақ, еркін ұйқас, еркін бунақтар бірден жойылмағанымен, ығысуға мәжбүр болады. Бұрынғы толғауларға тән тирадалық еркін құрылыммен қатар 4 тармақты шумақ қолданылады. Сондай-ақ жыраулар толғауларындағы ұйқас ерікті болып, бірнеше тармақта қатарымен келіп, көп жағдайда ұйқаспен бірге ырғаққа құрылса, ақындар поэзиясында ұйқас а а б а түрінде қатал сақталатын болады және ырғақтан гөрі әуездеп айтуға бейімделеді. Тіпті бірте-бірте толғаудың орнына 11 буынды қара өлең формасы орнығады, ертеден келе жатқан 7-8, кейде одан да көп буыннан тұратын тармақ енді міндетті түрде 11 буыннан құралатын болады.

Сол сияқты жыраулық поэзиядағы қаһармандық мәндегі эпикалық сипат та бірте-бірте лирикалық сарынға ойысады, адамның сыртқы іс-әрекетінен гөрі ойы, көңіл-күйі көрсетіле бастайды. Және ақындар шығармалары жыраулық поэзияға қарағанда жалпылықтан нақтылыққа бет бұрған, сюжетке құрылған, оқиғалы болып келеді. Әрине, бұл көрсетілген айырмашылықтар жыраулық поэзия мен ақындар поэзиясының арасында “қытай қорғаны бар” деген сөз емес. Олар — қазақ әдебиетінің даму барысындағы бағыттар мен кезеңдер, бірін-бірі жалғастырып, сөйтіп ұлттық поэзиямызды байытып отырған дәстүрлер мен жаңалықтар.

XVIII ғасырдың сонынан бастап қазақ әдебиетінде мүлде

жаңа тақырыптағы поэзия пайда болады да, ол ХІХ ғасырда зор қарқынмен дамиды. Ол — ұлт-азаттық поэзиясы. Ресейдің отаршылдық саясаты мен іс-қимылдарына қарсы болған халық көтерілістерін жырлаған поэзия. Ол ХХ ғасырда да өшкен жоқ. Сонымен қатар лирикалық поэзия да өрістеп, оның да жырлаған мәселесі — отарлыққа қарсы болды, қазақ жерінің сақталуы мен халықтың еркіндігі еді. Жалпы, жыраулар жырлап, әдебиеттер орнықтырған тәуелсіздік идеясы ХІХ—ХХ ғасырларда да әдебиетімізде өз жалғасын тапты, әсіресе, Алаш зиялыларының шығармашылығында барынша айқын көрінді, бұл дәстүр Кенес дәуіріндегі әдебиетте де көркем түрде әдемі бой көрсетіп отырды, сөйтіп халықтың, қоғамның тарихи жадын, рухын, санасын оятуға мейлінше мол еңбек сіңірді.

СЫПЫРА ЖЫРАУ

Жыраулық — әрісі оғыз-қыпшақ, берісі ноғай-қазақ дәуірінен бері карай үздіксіз жалғасып келе жатқан көне әдеби дәстүр. Қазақтағы “жыр”, “жыршы”, “жырау” сөздерінің арғы тегі бір, мұның бәрі “жыр айту”, “жырламақ” ұғымымен терен астасып жатыр.

Жыраулардың, көбінесе, елдік, қоғамдық мәні зор әлеуметтік мәселелер төңірегінде ой толғап, бүгінгі мен болашақты болжап айтатын мақал-мәтел іспеттес түйінді тұжырымдар арқылы табиғат пен адам өмірін өзара астастыра, шендестіре жырлайтыны мәлім. Бұл пікірді қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтан бастап, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Е.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісалин, т.б. әдебиет тарихына қалам тартқан зерттеушілеріміздің бәрі де түгелдей мақұлдайды.

Жырау — белгілі бір дидактикалық не әлеуметтік тақырыпқа орай жыр үлгісімен ауызекі суырып салып айтатын қалыпты суырыпсалмалық дәстүрдің өкілі. Жыраулар, академик Ә.Марғұлан атап көрсеткендей, қоғамдық өмірдің барысы мен болашақты болжап айтушылар ғана емес, көптеген эпикалық жырларды тікелей жасаушылар да болып табылады. Сондай-ақ сол жыраулардың көпшілігінің аты-жөні мен жырлары өзге фольклорлық туындылар секілді түбегейлі өзгерістерге ұшырап із-түзсіз ұмытылып кетпей, авторлығы халық жадында сақталып отырған. Сондықтан жырауларды ұстанған дәстүрі мен көркемдік, стильдік сипаттары жағынан фольклор мен жазба әдебиеттің аралығында тұрған даралық әдебиеттің (индивидуальное творчество) бірден-бір профессионалдык өкілдері деп бағалаған жөн.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық мұрасын, негізінен үш кезенге бөліп қарастыруға болар еді. Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін салған Ұлық жыршы, Сыпыра жыраулар жатады. Бұл кезең XI–XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасуын белгілейтін екінші кезенге Асан Қайғы, Қазтуған, Шәлгез (Шалкиіз), Доспамбет, Ер Шобан шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV–XVI ғасырлар. Үшінші кезенді жыраулықтың әбден толысып кемелденген тұсындағы өкілдері Үмбетей, Жиёмбет, Тәтікара, Ақтамберді, Бұқар жыраулар құрайды. Бұған XVII–XVIII ғасырлар жатады.

Әрбір жанрлық туындылардың пайда болып қалыптасуы оның авторларының аренаға шығуымен тікелей байланысты десек, толғау жанрының (жыраулық жанрлардың кейінгі атауы – М.Ж.) алғашқы танымал өкілдерінің бірі деп Асан қайғыны айта аламыз. Өйткені оның жырлары бізге тұңғыш рет бірыңғай өз атынан сақталып жетті. Соның өзінде әйгілі Асанның жартылай аңыз кейіпкері екенін де атап айту қажет.

Көне дәуірлерге неғұрлым тереңірек бойлаған сайын, соғұрлым жыраулардың аты мен жырларының әр алуан хикая, аңыз, әңгімелерде ұшырасатынын көреміз. Айталық, Ұлық жыршының Жошы хан өліміне байланысты туған естірту жыры да кара сөзбен келетін аңыз ішінде жүр. Осылардан бізге жақынырақ тұрған Сыпыра жыраудың өзі бірыңғай аңыз бен эпос кейіпкері ретінде сипатталады. Сондағы Сыпыра атынан берілген жыр, толғауларды жыраулықтың көне дәстүрін белгілейді десек, тек бұларды жыраудың бірден-бір өз авторлығымен сақталған жырлары деп айта алмаймыз. Бұл, сөз жоқ, туған әдебиетіміздің өркендеп дамуындағы тек өзіне тән белгі-сипаттары мен өзге де қайталанбас табиғи ерекшеліктері еді.

Алайда Сыпыра әлгіндей аңыз бен эпос кейіпкері еді деп, оның тарихи тұлға екеніне нұқсан келтіруге болмайды дер едік. Әсіресе, көне аңыз, әңгімелер (“Құбағұл”, “Токтамыс ханның хикаяты” т.б.) мен батырлар жырында (“Ер Тарғын” т.б.) сөз болатын Сыпыра Токтамыс хан мен Едіге тұсында жасаған тарихи адам. Шоқан Едігені “Темірланның әзірейілдерінің бірі, Токтамыс ханның замандасы” деп көрсетеді. Шоқан Едіге жырының 1841 жылы Жұмағұл ақыннан жазып алынғанын айта келіп, бұл жырды XIV

ғасырдың ақыры мен XV ғасырдың бас кезінде туған деп жазады¹. Осыған ұқсас деректер Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің еңбектерінде де бар. Мұнда: “Едігенің Токтамыс ханнан ең соңғы рет қол үзуі 1391 жылдан аз кейін болды. Токтамыс ханның тарих сахнасынан біржолата кетуі 1405 жылдың қаңтар айында еді”², — деп дәйектеледі. Бұл тарихи деректер жоғарыда аталған аңыз, әңгімелермен де өзара үндесіп, бірін-бірі толықтыра түсетіні аңғарылады. Біз атаған аңыз, әңгімелер де Сыпыра жырау Токтамыс хан мен Едігенің соңғы айырылысу сәтіне куә болып, Едігенің ел ішіндегі әр алуан бүліншілікке бас болатынын дұрыс бағалай білгені баяндалады. Ал, біздегі “Ноғайлының ауыр жұрт” деп аталатын жырда хан мен Едігенің арасындағы наразылыққа орай Сыпыраның Едігені есебін тауып өлтіру қажет деген шешімі де жыраудың бұқара мүддесін көздеген болжағыш, кемеңгерлігін танытады. Бұл — Сыпыраның 180 жасқа келіп, “сұм аяқ, сұпа бөрікті қарт” атанған кезі еді. Осы аса мәнді, елеулі оқиға туралы Ә.Марғұлан: “Біздің дәуірге жақындаған сайын көне заман жыршыларының бейнесі айқын сипатқа ие бола бастайды. Қыпшақ руынан шығып, аты аңызға айналған Сыпыра жырау бейнесін XIV ғасырға жатқызған жөн... Ол XV-XVIII ғасырлардағы көптеген қазақ ақындарының көш басшысы және ноғай-қазақ эпостарын (“Ноғайлы жыры”) бірден-бір жасаушы кісі... Қарт жырау ел аңыздарына қарағанда, ең соңғы рет (“халық толқуларына орай”, (1393) Токтамыс ханның шақыртуымен Маңғыстаудан әдейі келіп, хан сарайында келелі жыр толғаған”³, — деп жазады.

Сыпыра жырау туралы сан қилы аңыз, әңгімелер мен жырлардың кезінде жарық көріп зерттелуіне Ш.Уәлиханов, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Г.Спасский, М.Османов (құмық ақыны), С.Сейфуллин, Ә.Диваев, Қ.Сәтбаев сияқты жинаушы-фольклористердің елеулі үлес қосқаны мәлім. Айталық, В.В. Радлов өзінің халық әдебиетінің үлгілеріне арналған көп томдық еңбегінде барабы, құрдақ, қырым татарларында кең тараған әр алуан аңыздарды жазып алып жариялады. Ал, М.Османов өзінің “Ноғай уа құмық шығырлары” деген кітабында “Токтамыс

¹ Валиханов Ч.Ч. Сочинения. СПб., 224.

² Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М., Л., 1950.-С. 384-385.

³ Марғұлан А. О носителях древней культуры казахского народа // М.О.Ауэзов. Сборник статей к его 60-летию. Алма-Ата. 1959. с. 74-75.

⁴ Радлов В.В. Образцы народной литературы. СПб., 1872. Ч. 4; 1896. Ч. 7. с. 27-36, 127-129, 104-106. 2

ханның хикаяты” атты жыр аралас көлемді аңыз-әңгімені бастырып шығарды⁵. Сондай-ақ кейінгі кезеңде С.Сейфуллиннің “Қазақ әдебиеті” деген жинағына Сыпыра атынан айтылған әйгілі “Ноғайлының ауыр жұрт” атты толғауы еніп жарық көрді⁶. Бұлардан тыс осы тақырыптағы аңыз, жырлар әртүрлі хрестоматия, жеке жинақтарда да үздіксіз басылып келеді⁷.

Әсіресе, осылардан 1927 жылы Қаныш Сәтбаев көлемді алғы сөз жазып бастырған “Тоқтамыс” атты жырды айырықша атауға болар еді. Өзінің негізгі ғылымы саласында артына мәні өшпестей жарқын еңбектер қалдырған атышулы ірі ғалым Қ.Сәтбаев халқымыздың мәдениеті мен әдебиетінің дамуына да айтарлықтай ат салысқаны мәлім. Сондықтан ол осы жинаққа жазған кіріспе сөзінде қазақ халқының тарихы мен ескі әдеби мұрасы туралы бағалы да байсалды тұжырымдар айта келіп, бұл жырдағы ұмытылып бара жатқан, бірақ әлі де кәдеге жарап, тіл қорын байыта алатын көне сөздерге жанашырлықпен зер сала қарап, оларды жаңа дәуірде жаңғырта қолдануға алғаш назар аударады. Ал, сондағы Сыпыра жырауды автордың халқымыздың даналық, шешендік үлгісінің кеменгер өкілі ретінде жоғары бағалап: “Көсемдік, даналық майданында ел қиялының төрешісі еді”, — дей келіп, тағы да оны: “Топ бастайтын көсемдік, сөз бастайтын даналық, көптен үздік даралық, кажусыз еңбек, қайтымсыз жігер, мұқаусыз қайрат”⁸ деуін де әдебиет тарихы үшін аса қажетті пікір дей аламыз.

Сыпыра жырау қазақ пен ноғай, қарақалпақ пен башқұрт, барабы, құрдақ, қырым татарларына бірдей ортақ, әдеби тұлға. Мәселен, қазақтар оны “Сыпыра”, “Сыпыра жырау” (Шокан жазуы байынша) деп атаса, ноғайлар “Сыбыра иырау”, қарақалпақтар “Соппаслы Сыпыра жырау”, башқұрттар Сыбырай иырсы, барабы татарлары “Сафардау”, құрдақ татарлары “Сұрғантайұлы Сұпыра”, ал, қырым татарлары “Сыпыра жырау” деп атап кеткен. Сондықтан Сыпыра жырау туралы пікір айтқанда, оның өзге туысқан әдебиеттерде жасалған бейнесіне де зер салып салыстыра зерттеуге тиіспіз.

Осы орайда туысқан елдер әдебиетіндегі Сыпыра жырау

⁵ Османов М. Ноғай уа құмық шығырлары. СПб., 1883. с. 32-49.

⁶ Сейфуллин С. Шығармалар. А., 1964. 312-313-бб.

⁷ Ноғай ертегілер. Черкасск, 1967. 129-б; Ертедегі әдебиет нұсқалары. А., 1967. 104-б.

⁸ Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. А., 1971, 93-94-бб.

бейнесінің жасалуында біздегі жырлармен көптеген үндестіктері бары байқалады. Сыпыра оларда да біздегі секілді бірынғай аңыз, әнгімелер мен эпос кейіпкері болып сипатталады. Айталық, карақалпақ зерттеушісі Н.Дәукараев Сыпыра жырауды дастаншылық мектебінің ұлы ұстазы, карақалпақ жырауларының атасы деп бағаласа⁹, Қ.Мақсетов Сыпыраны әлгіндей ерекшеліктерінен тыс, карақалпақ, казак, ноғай, башқұрт және басқа ұлттарға ортақ аңыз кейіпкері ретінде алып зерттейді¹⁰. Ал, башқұрт зерттеушісі Ғ.Хусайынов оны бүкіл Орал мен Алтайдың даңқты жыршысы дей келіп, Сыпыраның өздеріндегі “Ідекей мен Мұрадым” дастанында басты кейіпкер болып сипатталатынын атап көрсетеді. Мұнда ол Сыпыра жырау атынан берілген “Ей, Оралтау, Оралтау” атты толғаудың құрылысы жағынан өзгеше болып, ерлік пен ездікті, әділдік пен жауыздықты, шындық пен көлгірлікті шендестіре жырлайтынын айтады¹¹. Дәл осы іспеттес пікірлер ноғай әдебиетшісі Ә.Сикалиев еңбектерінен де ұшырасады¹².

Сыпыра жыраудың болжағыш-білгірлігі мен көрегендігін баяндайтын барабы татарларының, құрдақ татарларының, қырым татарларының, ноғайлардың аңыз, әнгімелерінің мазмұнында көптеген ұқсастықтар бар. Бұлардың бәріне тән ортақ мазмұн төмендегіше болып келеді: Токтамыстың әкесі Тойқожа ханның (кейде бір ханның) Құтлықия деген уәзірі бір аяулы лашын құсты (енді бірде сол құстың жұмыртқасын) ханға айтпай Сәтемір ханға (бірде Ақсақ Темірге) жасырып беріп жібереді. Хан мұны біліп калып, уәзірін дарға асып өлтіреді. Құтлықияның баласы Едіге (Құба ұл) бір сенімді досының қолында өсіп ер жетіп, кейін Токтамыс ханның малын бағып жүреді. Сол бала жас кезінен-ақ ел ішіндегі не бір қиын дау-шарларды тапқырлықпен шешіп, кеменгер би де атанады... Жалшысы үйге кіріп келгенде, хан өзінің шошып орнынан ұшып тұрғанын білмей қалады екен. Мұны әйелі ханға айтса, ол бұған сенбепті. Сол үшін әйелі бірде ханның етегін инемен жастыққа түйреп қойыпты. Содан барып хан өз жағдайын біліп, Құба ұлдың кім екенін анықтау үшін, әдейі төтенше кеңес шақырыпты. Ешкім бұл мәселеде жөнді жауап айта алмай, жұрт дал болып отырғанда, уәзірі Жанбай (кейде Янбай, бізде Кенестін

⁹ Давкарев Н. Очерки по истории дореволюционной каракалпакской литературы. Ташкент, 1959. с.25.

¹⁰ Мақсетов Қ. Карақалпақ жырау, бақсылары. Нөкіс, 1983. 13-6.

¹¹ Хусайынов Г. Заман. Әдебиет. Әлеп. Уфа, 1978. 15-6.

¹² Ноғай халқ иырлары М., 1969. 15-6.

ұлы Көк Жанбай) көне көз Сыпыра жырауды алдырып, ақыл-кеңес сұрауды ұсынады. Қарттықтан қажып жібекпен жағын тарттырған Сыпыраны алтын күймеге отырғызып алып келеді. Жырау ханға, ең алдымен, Құба ұлдың кім екенін айтып, оның ертеде өлген әкесі үшін (Құтлықияны Тоқтамыстың әкесі Тойқожа өлтірткен), ескі кегі бар екенін ескертеді. Хан төңірегіндегілермен кеңесіп оған у беріп өлтіртпек болады. Құба ұлдың досы Жанбайдың (біздегі жырда Аңғысын баланын) ақылымен ол бұл өлімнен де құтылып, Сәтемір ханға сапар шегеді. Хан оны кері қайыруға Жанбайды жібереді, бірақ ол алған бетінен қайтпайды...

Осындай хандық үшін болғалы тұрған қанды қырғын талас-тартыстарға орай ел ішінің бүлінбеуін көздеген Сыпыра бұл істе де көрегендік танытады. Сондықтан жоғарыда аталған әңгімелердің бәрінде де ол көп жасап, көпті көрген сәуегей, дана карт бейнесінде көрінеді. Жырау тіпті бір әңгімеде 120 жас, екіншіде 180 жас, тағы бірінде 390 жас жасаған еді делінеді. Айталық, барабы татарлары әңгімесінде Қыпшақ деген би Сыпыра туралы:

Ханым, ием төрем,
 Мен де білбес иш иган,
 Сенде білбес иш иган,
 Камнаулай бажы кашқайған,
 Кундіздей тіжі сарғайған,
 Азулар тіжі божаған,
 Юз иигирма яшаған,
 Білсе, білмесе бу ишні
 Сафардау білер бу ишні¹³, —

десе, қырым татарлары аңызында:

Уч иуз токсан яшаған,
 Атка мінер алы иок,
 Арбага мінер амал иок.
 Уч иуз токсан яшаған,
 Оның бойы шошаған.
 Тішлерін інжі салып,
 Ши ибекпен қоршаған.

¹³ Радлов В.В. Образцы народной литературы. Ч. 4. с. 27.

Атка мінер амал иок,
Арба мінер алы иок¹⁴, —

деп сипатталады. Ал, ноғай аңыз, әңгімелерінде ол бір тұста:

Юз де сексен ясаган,
Азу тиси босаган
Сыбыра атлы, сып тонли,
Бизим әлде карт иырау¹⁵, —

деп жырласа, “Токтамыс ханның хикаяты” атты әңгімеде:

Сүйін аяқ ат мінген,
Судай болат байланған,
Сусар бөріклі, сұп тұтлы
Юз де сексен ясаған,
Атаден ақ ат қоңын асаған,
Сыпыра деген жырау бар,
Құбаулдың асылын
Ол білмесе, кім білер?!¹⁶ —

деп бейнеленеді.

Бұл кейіптеулер біздің “Ер Тарғын” жырындағы Сыпыраны сипаттайтын жолдармен егіздің сыңарындай ұқсас, үндес. Әйгілі “Ер Тарғын” жырында ол “жүзден асқан жасында басынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып тоғыз ханды түзеткен карт” болып суреттелсе, тағы бір жырда Сыпыра “көптеген хандарды бастан өткерген 180 жастағы сұм аяқ, сұпа бөрікті” сұңғыла кария:

Аузында отыз тісі жоқ,
Адам көрер түсі жоқ.
Сұм аяқ, сұпа бөрікті
Сыпыра сынды сұм жырау
Жібекпен жағын тарттырып,
Салтанатка үлде мен бүлде арттырып,
Алып бір келші деп еді¹⁷ ...

¹⁴ Соныкі. СПб., 1896. 7-бөлім. 105-б.

¹⁵ Ноғай ертегілері. 129-б.

¹⁶ Османов М. Ноғай уа кумык шығырлары. 34-б.

¹⁷ Сейфуллин С. Шығармалар. 6-т. 312-б

Кезінде фольклор үлгілерін жинап бастырған ғалым, құмық ақыны Магомет Османов (1840-1904) Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде 1867-1881 жылдар аралығында дәріс оқи жүріп¹⁸ жинап жариялаған өзінің “Ноғай уа құмық шығырлары” атты кітабында ноғай, құмық фольклорының не бір қайталанбас асыл үлгілерімен қатар, “Токтамыс ханның хикаяты” атты әңгімені де қоса бастырады. Осыдан 100 жылдан астам бұрын жарық көрген бұл әңгіме күні бүгінге дейін (ішінде Шәлгез, Асан Қайғы жырлары бар сол бағалы кітаптың өзі де) қалың оқушы жұртшылыққа танылып мәлім болмай келді. Мұнда өзге барабы, құрдақ, қырым татарлары әңгімелеріне карағанда, Сыпыра жырау бұрын танылмаған жана қырларымен дараланып көрінеді.

Аталған әңгіменің түзілім-құрылысында да көптеген өзгешеліктер бар. Мұнда өзгелердегідей емес, кара сөзден гөрі жыр үлгілері әрі көркем, әрі көлемі жағынан басым болып келеді. Бұларды өзінің мазмұны жағынан дәстүрлі толғау іспеттес болып құрылған деп айтуға да болар еді. Осы сипат, әсіресе, Сыпыра атынан берілген толғауда ерекше ұшталып, айқын көрініс тапқан дей аламыз.

Бас жағы біздегі “Мен картынмын, картынмын” жырын еске түсіретін бұл толғаудан ханды қаһар қылар деп тайсалмай шындықты бетке айтудың бір дәстүрлі үлгісін көргендей боламыз. Сыпыра өзі көрген хандарды шетінен тізбектей келе, Токтамыс ханның осы бір қысылтаян сәттің үстінде де өзіне кастандық ойлаудан тайынбайтын кара ниеттілігін айқын сезсе де, сол сапар төніп тұрған ажалдың өзіне қасқая карап, айылын жимай айбат шеге сөйлейді:

Тойқожа ұлы Токтамыс,
 Жалан аяқ, жалан бас
 Жүріп тұрған бала едің.
 Тұсың келді хан болдың,
 Сені де көре тұрамын.
 Өлтірерінді білемін,
 Өлтірсең менін нем курай?
 Акырет үйге барамын
 Айналы үйге кірермін,

¹⁸ Кононов А.Н. История изучения языков в России. Л., 1982. с. 165.

Айналының мен өзім
Тап төрінде болармын¹⁹.

Бұдан әрі жырау Құба ұлдың кім екендігін ғана емес, оның келешекте не істеп, не қоятыны мен нендей ойы бары екеніне дейін көрегендікпен болжап айтып береді:

Құба ұлды сен өзін
Құба ұл деп қорласан,
Құба алалы көп жылқыңды
Қуып айдар Құба ұл.
Қыдыра келген нартыңды,
Құм қаптырар Құба ұл!
Қасықлап жиған малыңды
Шөмішлеп төгер болғай Құба ұл!
Құба ұлдың шынты асылы сол болар:
Баштағысы ұлы атасын мен айтсам,
Баба Түклес қарт еді...
Аның ұлы Терме...
Аның ұлы Құтлықия би еді²⁰ ...

Осылайша Сыпыра Токтамысқа Құба ұлдың арғы шыққан тегін таратып айтып берсе, одан әрі не істеп, не қою керектігіне өз тарапынан ешбір ақыл қоспайды. Дәл осы жайт барабы, құрдақ, қырым татарлары аңыздарына да тән. Сыпыра жырау бұл әңгімелерде де өзі көзбен көрген әр алуан хандарды шетінен тізіп атай келіп, “Қасықлап жиған малыңды, Шөмішлеп шашар ол”, “Қамшы тиер басыңа, Қан сорғалар қойнына” деуден әріге бармайды. Қарт жыраудың Едігеге деген көзқарасы біздің жырда ғана барынша батыл тұжырымдалып, оның болашақта ел ішіне бүлік салатыны да бүкпесіз ашылып берілген:

Алтыннан соққан ақ ордан,
Күмістен соққан ақ есік,
Түсі суық шым болат
Ұшыменен ашар-ды.
Керегенді кертер де,
Күл қылып отқа өртер-ді.
Туырлығың тілер ол,

¹⁹ Османов М. Ноғай кумық шиғырлары. 35-б.

²⁰ Сонда, 36-б.

Токсан басты ақ орда
 Тонамай ие болар-ды.
 Сонау бір жалғыз Құбаша ұл
 Әлі де ұзап кеткен жоқ,
 Еділден әрі өткен жоқ,
 Тоғыз мынау ерінді
 Тобыменен жібер де,
 Алдап-сулап қасыңа ал,
 Қасына ал да, басын ал!

Жырау мұнымен де шектеліп қалмайды. Құбаша ұлдың бұл алған бетінен қайтпаса, кімге барып паналап, келешекте не істейтініне дейін көрегендікпен тап басып толғайды:

Есен-аман кетсе ол,
 Еділден әрі өтсе ол,
 Сәтемір ханға жетсе ол,
 Осы үшін, сірә да
 Сенен алмай қоймас-ты²¹ ...

Осы тұста белгілі зерттеуші Ә.Дербісәлиннің “Мұнда (Едіге туралы жырда. — М.Ж.) тарихи Едігеге берілген халық бағасы бар”²², —деген пікірін толық мақұлдауға болады, алайда қарт жырау ханға: “қасына ал да, басын ал” деп кеңес бергенде, бір ғана Токтамыс ханның мүддесін ойлаудан гөрі, ертеңгі іргесі сөгілмес ел бүтіндігін көздеген тәрізді.

Ноғайдың сол “Токтамыс ханның хикаяты” деген әңгімесінде Сыпыраны хан сарайына алып келу салтанаты мен оған көрсетілген қошамет-құрмет жайын сипаттауға да ерекше мән берілген. Бұл жәйт өзге аңыздармен де (барабы, қырым әңгімелерімен) дәлмедәл түсіп, өзара үндесіп отырады. Бұлардың бәрінде де жырауды алты ат жеккен алтын қоспен алып келіп, қошаметпен төрге отырғызып, жол соқты болған қарияны ес жидырып сөйлету үшін, дүркін-дүркін бал ішкізу дәстүрі түгелдей өзгеріссіз қайталанатын. Тіпті, барабы татарлары әңгімесінде Сафардау (Сыпыра) алғаш хан шақыруына келмей қалса, артынша оны ынғайлы екі нөкер жіберіп, үлкен құрметпен алдыртады. (Бұл біздегі Жәнібек ханның

²¹ Бұл да сонда, 313-б.

²² XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 13-б.

бірнеше шақыртуына келмей қалған Асан Қайғыны еске түсіреді). Айталық, біздегі жырда осы салтанатты оқиғалар аз ғана сөзбен:

Жібекпен жағын тарттырып,
Салтанатқа үлде мен бүлде арттырып, -

деп берілсе, қырым татарлары әңгімесінде:

Алты ат иеккен көш билан,
Сыпыра жырау келді-ді.
Хан төрінде иер бар-ды,
Яз аяқпен бал берди,
Бурак балға бішкенде
Шыңқылдатып ішкенде²³, -

деп баяндалады. Алайда жоғарыда аталған “Тоқтамыс ханның хикаяты” атты әңгімеде осы жәйт калыпты ритуал тұрғысында камтылып қазбалай сипатталады. Мұның өзі сол тұстағы жыраулардың алдын болжап айтатын сәуегей, көрегендік қасиеттеріне көрсетілген ерекше құрмет тәрізді:

Алты ақ боз ат жектіріп,
Алтын қосқа мінгізіп.
Белдерін бұтаменен будырып,
Якаларын алауменен аулатып,
Азуларын ши иығынмен шырматып,
Қолтығына жезлау таяқ сүйентіп,
Қолына алмас қондырып,
Көзіне зунбұл сұрттіріп,
Өтірік иғлан демеске,
Ай мен шаһаттін ескартіп,
Алып келді жырауды²⁴ ...

Ендігі бір мәселе: жыраулардың арнау жырларындағы кейбір этикалық шарттылықтар туралы. Мұнда жыраулар, көбінесе, белгілі бір мәселе төнірегінде кеңес сұраған ханға тобықтай түпкі ойын түйіп айтудан бұрын, өзінің сезім күйлеріне орай, қайсібір қосалқы пікірлерін де жарыстыра беруді дәстүрге айналдырған.

²³ Радлов В.В. Образцы народной литературы. Ч. 7, с. 106.

²⁴ Османов М. Ногай уа кумык шығырлары. 34-б.

Мұның өзі осы күнге дейін Асан қайғыдан басталып, Бұқар толғауларымен шектеліп отыратын тәсіл деп қарастырып келдік. Мәселен, Асан толғауларында: “Әй, хан мен айтпасам білмейсін, Айтқанымға көнбейсін”, “Әй, Жәнібек ойласаң, қилы-қилы заман болмай ма?” деп келетін жолдар мен Бұқар жырындағы: “Хан Абылай, Абылай, қайғылы мұндай хабарды, Сұрамасаң не етеді, Сұраған соң айтпасам, Кісілігім кетеді” іспеттес кіріспе қайталаулардың ұшырайтыны мәлім. Қалыптаса келе толғау жанрының тұрақты бөлігіне айналған осындай кіріспе арнаулардың әуел баста жыраулар жырынан бастау алып жалғаса дамығанын көреміз. Айталық, бұған барабы аңыз, әңгімесіндегі Сафардаудың Токтамыс ханға:

Не үшін мұндай сөз айтасың,
Не үшін андай сөз сұрайсың,
Сен айтқыл тідін-ай,
Мен айтмазам қоймайзын²⁵, —

деген арнауы мен әлгі ноғай әңгімесіндегі Сыпыраның:

Құба ұлдың асылын
Айтма аузым бармайды,
Айтмасам сенің көңлің тыймайды²⁶, —

деп келетін жырлары айқын дәлел бола алады.

Сонымен ойымызды қорыта айтсақ, мыналарды бөліп атаған жөн:

Сыпыра казак, ноғай, башқұрт, каракалпак, барабы, кырым, құрдак татарларының әр қилы аңыз, әңгімелері мен эпостарының басты кейіпкері ретінде көрініп, жыраулық дәстүрдің ең алғаш негізін қалаушылардың бірі болды. Ол сондай-ақ XIV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға, бұған жыраудың жоғарыда аталған әңгімелер мен эпостық жырлардағы Токтамыс ханға Едіге туралы болжап айтқан сан алуан толғаулары айқын дәлел бола алады. Мұның үстіне ол өмірде көп жасап, көпті көрген (бірде 120 жас, енді бірде 180, тіпті кейде 390 жас жасаған) сәуегей, білгір де көреген

²⁵ Радлов В.В. Образцы народной литературы. Ч.4. с. 27.

²⁶ Османов М. Ноғай уа кумык шығырлары. 35-б.

дана карт бейнесінде сипатталады. Сондықтан ол елдік, халықтық мәні зор әлеуметтік мәселелер төңірегінде ой толғап, аңыз, әңгімелердегі толғаулар мен қайсібір эпикалық жырлардың туып қалыптасуына да кезінде елеулі үлес қосты.

Сөйтіп, елдік пен татулық, бірлікті жырлау тақырыбы біз сөз еткен аңыз, әңгімелермен қатар, эпикалық жырлардың да негізгі мазмұнын құрап келген. Бұған өзіміздегі “Ер Тарғын” жыры да нақты дәлел бола алады. Мұнда да Сыпыра жырау өзге бір ханның өтінішіне орай ел бірлігін көздеп, Тарғын батырды ханмен қайта татуластыру мақсатында келелі жыр толғайды. Ел қорғаны Тарғын сынды батырға “келген жаудың бетін қайырсаң, қызымды беремін” деп алдаған ханның екіжүзділігін жұрт алдында әйгілеп, батырға “хан берген сыйлықпен бітіс, хан қызын алып кайтесің?” деп ақыл-кенес береді. Бұларды дәстүрлі толғаудың көне де көркем үлгілері деп айта аламыз. Мұндағы басты ерекшелік: бейнелеудің ең қарапайым салыстырмалы түрін ұтымды әрі жиі қолданылуында дер едік. Жырау ханның кара ниет аярлығын әшкерелеп, Тарғын батырдың асқак тұлғасын сомдай түсу үшін, ұлттық поэзиямызда кең орын тепкен меңзей шендестіру тәсілін шебер қолданады. Айталық, ондағы:

Әй, батырым, батырым,
Таудан тарлан ақырса,
Тас мұрынын ару сұнқар сызғырса,
Көгілдірін ерітіп,
Көлден қулар ұшар ма? —

деп басталатын жолдар түпкі айтылар ойдың алғашқы бастамасы ғана. Келесі шумақтарда Сыпыра ханның аярлығын батыл әшкерелей отырып, батырға да басалқалы терен ой тастайды:

Әділ туған хандарды
Қара берен батырға
Беремін деп бермейді,
Өтірік сөзден өлмейді,
Бұл сықылды хандарды,
Бұл сықылды батырды,
Жалған сөзбен қысар ма?
Хан мен кара келген сон,

Сіз сықылды батырға
Ашуын бермей кетсе ұнар ма ?²⁷

Ал енді, Ер Тарғынның тікелей өзіне арналған жырды ел іргесінің бұзылмауы мен жұрт болашағын ойлаудан туған деп айта аламыз:

Әй, батырым, батырым,
Сөз айтады алдында
Сыпыра жырау бакырын.
Ханы, халқын жиылып,
Айт деп отыр біздерге
Құлақ салып тыңдасаң.
Біз айталық сіздерге
Аруакты туған ер болсаң,
Неғыласың бір қызды...
Мына тұрған ханыңыз
Сый кылады алыңыз.
Қара лашын береді
Көлден көлге шүйсейші!
Қара арғымақ береді
Елден елге мінсейші!
Балдағы алтын ақ берен
Мұны саған береді
Аш беліне ілсейші...
Неғыласың бір қызды !²⁸

Бұл толғауда жыраулар поэзиясының басты бір белгісін кұрайтын тұрақты кайталауларға да елеулі орын берілген. Мұнда жеке сөз кайталауларынан тыс, әрбір шумақ сайын тұтас жолды кайталау арқылы (неғыласың бір қызды) ойдың өткірлігі мен ұтымдылығын еселеп арттыру мақсаты көзделген. Осындай ерекшеліктер Сыпыра жыраудың алдындағы Ұлық жыршы жырларына да тән. Айталық, Ұлық жыршының Жошы хан өлгенде Шыңғыс ханға айтқан әйгілі естірту жыры да бірыңғай кайталауларға кұрылған (“Кім тұндырар, ей, ханым, кім тұрғызар, ей ханым”, “Тұндырар ұлым Жошы дүр, Тұрғызар ұлым Жошы

²⁷ Батырлар жыры. А., 1963. 407-б.

²⁸ Бұл да сонда, 407-408-бб.

дүр”, “Құлынымнан айрылдым, ер ұлымнан айрылдым”, т.б.). Мұның бәрі тым көне дәуірлерде туған аңыз, әңгімелердің ішінде келетін жырлардың алғаш барынша қарапайым болып құрылып, бірыңғай қайталауларға негізделіп келгенін байқатса керек.

Сонымен, Сыпыра жырау айтқан жырлар бізге өз атымен жеке күйінде сақталып жетпесе де, оның аңыз, әңгімелер мен эпостардағы толғауларынан-ақ жыраулық поэзияның алғашқы негізін салушылардың бірі, көш басшысы болғанын аңғарамыз. Жыраудың жартылай аңыз қаһарманы, жартылай эпос кейіпкері ретінде сипатталып отыруының өзі туған әдебиетіміздің дамуындағы өзіндік бетін танытатын елеулі де ерекше құбылыс болып табылады.

АСАН ҚАЙҒЫ

Аты аңызға айналып, ғасырлар бойы өз халқымен рухани бірге жасап келе жатқан жарқын тұлғалардың бірі — Асан Қайғы. Бұған оның атына байланысты туып, ел жадында сақталған қыруар аңыз, әнгімелер мен жер-қоныс аттары туралы айтылып келген сан қилы сын-сарап бағалары, сондай-ақ замана жайын толғаған әр алуан өлең, жырлары толық айғақ. Бұлардың бәріне дерлік Асан өз халқының бақытты болашағын ойлаған ел мұншысы, жұрттың көкейкесті арманын арқалаған ардагер азаматы кейпінде сипатталады. Сондықтан Асан есімі әр кез “қайғы” деген сөзбен қатар аталып, ел қамын жеген кемеңгер, ойшыл адамның жиынтық бейнесіне айналып кеткен.

Ғасырлар бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып, табиғатқа тікелей тәуелді болған елге жұтан-жұтсыз, жайлы қоныс пен шапқыншылығы жоқ еркін тұрмыс, байлығы шалқыған бейбіт өмір қашан да асқақ арман еді. Ел-жұрт “адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы егіз қоздайтын” шұрайлы жер мен “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” мамыражай заманды арман еткенде де, соның бірден-бір жокшысы деп Асан есімін атайды. Аңыздарда айтылғандай, Асан қайғы жеті жыл желмаяға мініп жер шолып, кең сахараны шарқ ұрып шарлағанмен, елге дәл ойдағыдай іргелі қоныс таба алмайды. Өзі ұнатқан құт-ырысы мол Жиделібайсынға (халық қиялындағы аты - “Жерұйық”) ел көшіремін деген ең соңғы үміті де өшіп, жігері құм болып, ақыры күші қайтып қартайған шағында ойлаған арманына жете алмай қаза табады.

Асан тарихта болған адам, алайда оның өмірі туралы нақты тарихи деректер сақтала қоймаған. Халық аңыздарында Асан қайғыны қазақтың бірінші ханы Әз-Жәнібектің тұсында өмір

сүрген адам еді дейді. Тарихи деректер бойынша, Жәнібек XV ғасырда хандық құрған кісі. Бұл туралы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарихи Рашиди” атты әйгілі еңбегінде былай дейді: “Ол уақытта Дешті-Қыпшақты Әбілқайыр хан билеп тұрды. Ол Жошы тұқымынан шыққан сұлтандарды қуғынға ұшыратты. Жәнібек хан мен Керей хан одан шеттеп Моғолстанға барды. Иса-Бұға хан оларды ықыласпен қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу, Қозы-Башы аймағын қоныс етіп берді. Бұлар жайғасып, жақсы өмір кешіп жатқанда, Әбілхайыр хан өлгеннен кейін, өзбек ұлысы ыдырай бастады. Қарамағындағы елдің көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханға ауып, олардың төңірегіне жиналған халықтың саны екі жүз мыңға жетті. Бұлардың аты өзбек-казактар деп аталды. Қазак сұлтандарының ел билей бастауы сегіз жүз жетпісінші жылдардан басталады”¹. Хижра санағымен берілген бұл мерзім біздің жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылға сәйкес келеді. Дәл осы мазмұндас мәліметтер В.В.Бартольд тауып, П.П.Иванов жариялаған “Сығнақ жарлығында” да, Максұт бин Осман Қухистанидың “Тарихи Әбілқайыр-хани”, Хожамқұлбек Балхидың “Тарихи Қыпшаки”², Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухаридің “Шарафна-майи шахи”, яки “Абдуллонома” атты шығармаларында да келтірілген³.

Қазак хандығының бұдан былайғы жай-жағдайы Қазак ССР тарихында: “Жәнібек хандығының территориясы алғашында Шу мен Сырдария өзендерінің аралығындағы жермен шектелді, алайда көп ұзамай-ақ казак сұлтандарының – Жәнібектің Әбілқайырға тәуелсіз туысқандарының басқа да иеліктері пайда болды. 1468 жылы Әбілқайыр хан өлді. Ол өлгеннен кейін Өзбек хандығында феодалдық өзара тартыс күшейді. Билікке таласып күрескен сұлтандардың қанды ұрыс-керістері мен бірін-бірі шауып кетуі Өзбек хандығынан Жетісуға қоныс аударуды жаппай құбылыс етіп жіберді. Барактың ұрпақтары – Жәнібек хан мен Керей ханның баласы Берке бұл жағдайды пайдаланып қалмақшы болды... Бірақ Жәнібек пен басқа да сұлтандар Өзбек хандығында бекіне алмады... 1480 жылы Жәнібек хан өлді”⁴, – деп баяндалады.

¹ Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Алма-Ата, 1969. с. 195.

² Сонда, 137-314, 352-353-бб.

³ Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухари. Абдуллонома. Ташкент, 1966. 1-т. с. 234-240.

⁴ Қазак ССР тарихы. Алматы, 1957. 153-б.

Сонымен, тарихи деректер негізінде қазақтың бірінші ханы Жәнібектің хандық құрған кезеңін 1465-1466-1480 жылдар аралығы еді деп белгілесек, Жәнібекпен аты қатар аталатын Асан қайғы ел аңыздарында Жәнібек таққа отырғанда, жасы келген қарт кісі еді деп баяндалады. Мұның үстіне ол сол Жәнібек ханнан көп кейін қайтыс болған адам деп сипатталады⁵.

Асан Қайғы қай ортадан шығып, қай дәуірде, қандай өмір кешкен еді, көп жасаған өмірінде қандай қызмет атқарды, кімдермен істес, замандас болып еді деген сұрақтарға жауап беретіндей бізде нақты тарихи деректер жоқтың қасы. Бұл тұста Асан Қайғының өз толғауларында айтылатын мәліметтер мен сол тұстағы кейбір жылдарда келтірілген қосалқы дерек-түсініктерді, Асан туралы сақталған кейбір аңыз, әңгімелерді ғана негіз етеміз. Қалай дегенде де ол әрқилы аумалы-төкпелі тарихи дәуірлерді бастан өткеріп, талай-талай хандардың қысылғанда ақыл сұрайтын кеменгер кенесшісі, болжағыш та білгір биі болғанға ұқсайды.

Осы тұста мынандай дерекке назар аударған жөн. Г.Н.Потанин қорына арналған халық мұралары жинағының ғылыми түсінігінде: “Асан Қайғы халық арасында Асан ата аталады. Аңыздарға карағанда, ол ХҮ ғасырда жасаған. Әйтсе де, Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухари оның (яғни Асан қайғының — М.Ж.) сол тұста Сырдария даласындағы белсенді саяси қайраткерлерінің бірі болғанын жазады”⁶, — деп көрсетілген. Аталған автордың “Абдуллонома” атты шығармасында Хасен Хожа Нақып деген кісіні Абдолла ханның тұсында мемлекет басқару ісінде биік мансапқа ие болған, ханның ХҮІ ғасырда қазақ даласына жасаған жорығында оның қолбасшы, сенімді серіктерінің бірі еді деп көрсетілетіні рас. Алайда, “Абдуллонома” атты кітапта әңгіме болатын Хожа Нақыпты, біздің пікірімізше, дәл Асан қайғы еді деп тұжырып айтуға келе бермейтін сияқты. Осы орайда, ең алдымен, Абдолла ханның қазақ даласына жасаған сол жорығы ХҮІ ғасырдың аяғында болған оқиға екенін еске алсақ, бұл мерзім Асан қайғы өмір сүрді дейтін белгілі тарихи кезеңнен (ХҮ ғасыр) тым алшақ жатыр.

Асан Қайғыны жоғарыдағы Хафиз Таныш ал-Бухаридің

⁵ ОҒК қолжазба қоры, 198-бума. 7-б. (Тапсырған академик Ә.Марғұлан); 874-бума, 1-дәптер (М.Ермағамбетов тапсырған материалдар).

⁶ Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. Алма-Ата, 1972. с.307.

⁷ Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухари. Абдуллонома. Ташкент, 1966. 2-т. с. 344.

кітабында айтылатын Хасан Хожа Накыппен тарихи бір кісі еді деп жорамал айтқан автор халық аңыздарындағы “Асанның шын аты Хасен екен, ол пері қызына үйленіп, кейін сол қыздан айрылып қалып, соның қайғысынан “Асан қайғы” атаныпты” дейтін әңгіме мен “Хасен мен Ежен хан”⁸ атты аңызды негізге алған тәрізді, дегенмен мұның Асан қайғының алғаш Хасен аталғанын білдіретін деректер ғана екені мәлім. Сондықтан біз бұл жорамалды оның тарихи шындықпен қабысу, қабыспау тұрғысынан алып бағалауды жөн дер едік. Бұл тұста біз білетін тарихи Асанды жоғарыда айтылған Абдолла ханның төңірегінен іздегеннен гөрі, оны өзбек-казак ұлыстары бөлініп шыққан Дешті-Қыпшақ мемлекетінің ханы Әбілқайыр тобындағы Хасан атты билермен байланыстыра қарау шындыққа әлдеқайда жақын келетін сияқты. Мақсұт бин Осман Кухистанидың “Тарихи Әбілқайыр-хани” атты кітабында Әбілқайыр ханның оң тізесін басқан салауатты билері мен белгілі әскери басшыларының қатарында Хасан-оғлан-би Шынбай және Хасан-би Ұйғыр деген кісілердің аты құрметпен аталады⁹. Асан қайғының есейіп, егде тартқан кезінде Керей мен Жәнібек сұлтандарға еріп, Әбілқайыр ханның тобынан бөлініп шыққанын, кейінірек казак ханының тұңғыш ханы Жәнібек төңірегінен табылып, соның қысылғанда ақыл сұрайтын кеменгер кенесшісі болғанын ескерсек, әлгі айтылған соңғы кісілердің тарихи Асанға бір табан жақындығы ашылып, айқындала түсер еді.

Жоғарыда аталған “Хасен мен Ежен хан” деген аңызда Асан өмірінің маңызды бір қыры әңгімеленген дер едік. Бұл туралы белгілі ғалым, академик Ә.Марғұлан: “Мұндағы тарихи шындық: Асан қайғының Ежен ханға барып жолығуы казак жұртының Әбілқайыр (Шайбани) ханның ордасынан бөлініп шыққан кезді баян қылғанын көрсетеді. Әбілқайыр ханнан Керей мен Жәнібек бөлініп шығуы казак тарихындағы белгілі уақиға. Сол уақиға кезінде Асан қайғының Жәнібек пен Керейді ертіп Қытайға барып, Моғолстаннан жер алуы тарихта белгілі фактінің бірі”¹⁰, - деп жазады. Әрине, Асанның Қытай ханына барған, бармағаны өз алдына бір мәселе, мұндағы негізгі түйін: бір игі жақсылықтың тікелей Асан атына байланысты берілуінде болса керек.

⁸ ОҒК қолжазба қоры, 874-бума. 1-дәптер (М.Ермагамбетов тапсырған материалдар).

⁹ Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Алма-Ата, 1969. с. 144, 164-168.

¹⁰ Марғұлан Ә. Ең ескі дәуірдегі халықтың аңыздары //Жұлдыз. 1983. №5. 171-6.

Асан Қайғының өмір сүрген дәуірі мен сол кездегі тарихи әлеуметтік мән-жайды айтқанда, қолдағы сан алуан аңыз, әңгімелермен қатар, кейбір тарихи өлең, жырлардағы қажетті дерек, қосалқы мәліметтерді де негіз ете аламыз. Бұл орайда Құбанғали Халидұғлының “Тауарих хамса Шархи” атты кітабында келтірген мына бір деректің орны айрықша. Автор өзінің “Асан атаның бір мақалының мағынасы бұл дүр” атты әңгімесінде Асан Қайғының “Қилы-килы заман болар, карағай басын шортан шалар” деген сөзінің мәнісін сұраған Абылай ханға Бұхар жыраудың “Ханға жауап айтпасам” деп басталатын әйгілі толғауын келтіре отырып: “Бұл хабар көне адамдардың әрбірінің аузында бар, кәриялардың құлағы қанық, өздеріне анық дүр. Құдабай намында бір ағмы (екі көзі су қаранғы, өз –М.Ж.) акын бар еді. 1288-1870 хижриә дуалжиғде IV айында бір жайда мәзбүр акыннан сұрадым, Асан қайғы кім дүр, оның мақалдарынан білсең сөйле дегенімде, бұ язылажақ өлең ила жауап берді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
 Үлкендердің айтуы солай деймін.
 Тегінде ноғай, казак түбіміз бір,
 Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
 Ормамбет хан Ордадан шыққан күнде,
 Асан қайғы қайғырып айтыпты жыр, -

деп, айтқан екен деп Қошан акам сөйлеуші еді”, - дейді¹¹.

Бұған карағанда, ең алдымен, Құрбанғали Халидұғлы Асан Қайғының шыққан тегін баяндайтын осы өлеңді Құдабай акынның өз аузынан естіген болып шығады. Бұдан тыс ол ел жүрегінде ұялаған Асан сөздерінің мән-маңызын айта келіп, Асанның асыл заты туралы Құдабайдың Қошан деген дана және білімді адамнан кара сөз күйінде естіп, оны артынан өлеңге айналдырғанын да баяндап береді. Автор: “Асан атаның бағзы ахуалы, шешендік сөздері үзік-үзігімен казак арасында айтылып келеді. Әр сөзінде бір тапқырлық сөз, әр тәртібінде бір мағына бар, онысы түсінуге жеңіл, түсіндіруге қиын заттар емес. Қошан намында бір дана уа білімді адам болса керек. Құдабай ол затынан нашар етілміш (кара сөз күйінде есітеді де, оны өлеңмен жырлайды – М.Ж.). Сірә, акындар үшін насрдан (кара сөзден) назым (өлең) иенілдүр. Анлар назымсыз сөзни сырда етіп сөйлей білмаслар. Бұның үшін “акын

¹¹ Халидұғлы К. Тауарих хамса Шархи. Қазан, 1910. 254-256-66.

дауға жарамас, шешен жауға жарамас” дейтін мәшһүр мысал бар”¹², — деп жазады.

Қ.Халидұғлы аталған еңбегінде Асан атаның бір кезде Хасен аталғанын (384-бет) әңгімелей келіп, жоғарыдағы Құдабай ақын айтқан өлеңге орай өз ойын білдіреді: “Асан кайғы асылы ноғай еміш (бұл сөз “еді”, “екен”, “делінеді” деген ұғымдарды білдіреді — М.Ж.). Шыңғыс ханның тұстасы ұлан Майқы бидің алтыншы немересі”¹³, — деп көрсетеді. Бұл “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген көне мәтелдегі әйгілі Майқы би болып шығады. Қ.Халидұғлының Майқы биді “ұлан” деп көрсетуіне қарағанда, бұл атақтың біз жоғарыда атаған Хасан-оғлан-би Шынбайда да жүруі кездейсоқ жәйт емес. Олай болса, бұл — біз ілгеріде бөліп атаған Әбілқайыр ханның он тізесіндегі Хасан-оғлан-би Шынбай тәрізді кісілермен Асан кайғы бір тұлға болуы да мүмкін деген жорамалға негіз бола алатын сияқты.

Ал енді, Құдабай ақын айтқан “Асанның асыл түбі ноғай деймін” деген жырдағы сөзге келсек, мына жәйтті еске тұтқан жөн.

Тарихи деректерге қарағанда, бұл кезең ноғай мен қазақтың бір-бірінен этникалық жағынан біржолата бөлініп, жеке ұлт болып қалыптаса қоймаған кезін аңғартатын сияқты. Біздің көптеген аңыздарымыз бен тарихи өлеңдеріміздің, тіпті бір алуан эпостық, лиро-эпикалық жырларымыздың “ноғайлы дәуірі” деп аталатын тұста туып қалыптасқаны мәлім. Осындай туыстық нышан-белгілерді екі ел әдебиетіне бірдей ортақ Шалғез, Қазтуған, Доспамбет жырларынан да айқын аңғарамыз. Бұл туралы ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов: “Ноғай деген ат жартылай отырықшы елдерден бөліп алу үшін айтылған аты еді. Ноғайды да, өзбекті де — бәрін де ноғай деп атаған. Бірге жасап өмір кешкен ноғай мен қазақ ордасын Жәнібек билеген кезең қазақ жырларында алтын дәуір тұрғысында саналады”¹⁴, — деп көрсетсе, осы пікірді Сәкен Сейфуллин де қуаттап: “Ертедегі батырлар әңгіме-жырлары қазақ атанған елдің ноғайлы болған дәуірінен, немесе “ноғайлы” атын әлі тастамай жүрген дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары”¹⁵, — дейді. Ал, Қ.Жұмалиев осыған орай өз ойын: “Мұндағы (қазақ

¹² Халидұғлы Қ. Тауарих хамса Шархи. Қазан, 1910. 255-б.

¹³ Сонда, 222-б.

¹⁴ Валиханов Ч.Ч. Сочинения. Спб., 1904. с. 299-304.

¹⁵ Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы, 1964. 6-т. 299-б.

жырларындағы – М.Ж.) “ноғайлы” деген сөзді қазақтан бөлек басқа ел деп түсіну керек емес”¹⁶, - деп түйеді.

Шыңжандық тарихшы ғалым М.Мынжани өзінің “Қазақтың қысқаша тарихы” атты еңбегінде Асан Қайғыны Алтын Орданың 1445 жылы қайтыс болған ақырғы ханы Ұлығ Мұхаммедтің (Ормамбет) қасындағы ықпалды билерінің бірі, Сарай және Қазан қалаларында билік басында болған әйгілі жырау және философ, ол Алтын Орда ыдыраған соң, қазақ ханы Әз Жәнібектің қасында болғандығы мәлім (Аталған кітап. Алматы, 1993. 205-206 бб.) деп жазады. Ормамбет ханның қазақ тарихына қатысын кезінде ұлы Шокан да атап көрсеткен еді.

Шоканның айтуынша, ноғай мен қазақ тайпаларының бөлінуіне қалмақтың Хо-Ұрлық ханының шабуылы себеп болған. Ұлы ғалым бұл тарихи оқиғаны қазақтағы “Елді ала тайдай бүлдірді” деген мәтелмен тығыз байланыста алып қарастырады. Бұл пікірді белгілі фольклортанушы, этнограф Мәшһүр Жүсіп те мақұлдайды. Ол өзінің “Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған” деген еңбегінде “Қырық сан Қырым, отыз сан Рум, тоғыз сан Торғауыт, он сан Ноғай бүлінгенде, Ормамбет би өлгенде, Ноғайлының елі “Алаштан бөлінбейді, ала тайдай бүлдірді” деген сөз содан қалыпты... Кіші алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұруымыз алаш болғанда, үш жүздің баласы қазақ елмін деп айтылған сөз содан қалған”¹⁷, – деп жазады. Ол қазақтың үш жүз болып бөліну кезенін “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген мәтел сөзбен байланыстырады, байқап қарасақ мұның түбінде де белгілі бір тарихи шындық жатқаны байқалады. Асан Қайғы туралы аңыз, әңгімелер мен әр алуан деректердің жарық көру мәселесіне келсек, бұл игілікті істің ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталғанын көреміз. Бұлардың бір алуаны кезінде озық ойлы орыс оқымыстыларының бастыруымен жарық көрсе¹⁸, енді бір тобы ертедегі қазақ ақын, жазушылары

¹⁶ Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 1-т. 21-б.

¹⁷ ОҒК қолжазба қоры. 1176-бума. 109-111-бб. (Мәшһүр Жүсіп Көпеев материалдары).

¹⁸ Лютшь Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. Ташкент, 1883. Ч. 2. с.43; Асан-Кайгы //Киргизская степная газета. 1897. №47. с. 3; Киргизская легенда //Туркестанская газета. 1897. №131-136; Асан-Кайгы (Рассказ) //Киргизская степная газета. 1910. №13. с.2-3; Асан-Кайгы //Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. Алма-Ата, 1972. с.68-69.

мен тарихшыларының жариялауымен басылып келді¹⁹. Бұлардын ішінен Я.Лютшь хрестоматиясында басылған Асан туралы ертегі мен Құрбанғали Халидұғлының “Тауарих хамса Шархиындағы” жоғарыда келтірілген құнды деректерді жеке бөліп атаған жөн.

Асан Қайғы туралы аңыздар мен жыраудың өз жырлары кейінгі дәуірде ғана үздіксіз жарық көріп, жүйелі түрде зерттеле бастады. Енді бұл істе әйгілі жазушымыз С.Сейфуллин жинап бастырған “Қазақ әдебиеті” жинағының алатын орны ерекше. Мұнда ең алғаш Асан туралы кейбір құнды деректермен қатар, оның Әз-Жәнібек ханға айтқан “Қырында киік жайлаған”, “Алты атанға қос артып” атты әлеуметтік мәні зор толғаулары жарық көрді²⁰. Осы жырларға орай жазған зерттеуінде автор Асан қайғының өмірде болған тарихи тұлға екенін айтып, оны Әз Жәнібек ханның замандасы, Майқы бидің ұрпақтары еді деп көрсетеді²¹.

Осы жылдарда Асанның Әз-Жәнібек ханға айтқан “Әй, хан, мен айтпасам білмейсің” атты ұзақ толғауы мен әр алуан қоныс-жерлерге берген баға-сындары “Таң” журналында²² жарияланса, Асан өлеңінің шешімін айтқан Бұқар жыраудың белгілі жыры “Жас казак”²³ журналында жарық көрді. Бұл материалдар, сөз жоқ, Асан Қайғы шығармаларының жиналып, зерттелуіне жол салды.

Осыған орай Сабыржан Шәкіржанның “Асан Қайғы” атты мақаласын бөліп атауға болар еді. Автордың кейбір долбар-жорамалға бейім пікірлерін сын көзбен қарай отырсақ та, оның Асан қайғының өмірі мен жасаған дәуіріне байланысты айтқан ойлары елеуге тұрарлық. Әрине, мұның көпшілігі Қ.Халидұғлының “Тауарих хамса Шархиында” келтірілген деректермен өзара ұштасып жатса да, аталған мақалада Асан Қайғы өмірінің кейбір қырларын дұрыс ашып көрсеткен. Автор ел болашағын ойлаған Асан өмірінің соңғы жылдарында Ақ Ордаға келіп, одан Жиделібайсын барып қайтыс болған деп көрсетеді. Бұл Шоқан

¹⁹ Асан атаның бір мақалының мағынасы бұл дүр //Халидұғлы К. Тауарих хамса Шархи. Қазан, 1910. 254-255-66.; Әмет //Шайыр, яки қазақ ақындарының басты өлеңдері (жинаушы Ғабдолла Мұштақ). Орынбор, 1910. 19-б. Асан Қайғы //Дала уалаятының газеті. 1897. №47.

²⁰ Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы, 1964. 6-т. 267-324-66.

²¹ Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары (Жинаған С.Сейфоллаұлы). Алматы, 1931. 1-жинақ. 83-б.

²² “Әй, хан, мен айтпасам білмейсің” атты толғауын жинап, жариялаған З.Есентайұлы // Таң № 4, 1; Асан Қайғы желмаяға мініп желдіртпін Сарыарқаны аралап жүргенде жерге қойған сындары. Жариялаған Р.Жаманқұлұлы // Таң. № 1, 1. 25,87,88-66.

²³ Асан Қайғыдан (Бұқар шешуі). Жариялаушы Торсықбайұлы // Жас казак. 1924. № 10-11.

айтқан пікірмен де үндес. Жеті өзеннің аталу тарихын әңгімелей келіп, ол халық аузындағы “Жеті өзенге шейін ел тоқтамас” деген сөз Асан атадан қалған екен” — деп жазады²⁴.

Асан Қайғы жырлары ең алғаш мектеп оқушыларына арналған әдебиет оқулықтарында басылып, жарық көрді. Бұларда Асан белгілі бір дәуірде өмір сүріп, халқының бақытты болашағын аңсаған кісі ретінде аталып, оның өлең-жырлары кешегі өткен ел өмірінің айқын көрінісі тұрғысында бағаланып келді²⁵.

Асан шығармаларының арнайы зерттелуі қазақ әдебиетінің тарихына арналған алғашқы кітаптың (1948) үлесіне тисе²⁶, «Қазақ ертегілеріндегі алғы сөз²⁷ бен «Қазақ әдебиеті тарихының соңғы басылымдарында²⁸ Асан қайғының әдебиеттегі орны мен шығармаларының мән-маңызы ғылыми талдаулар арқылы байсалды бағасын алды. Бұлардағы Асан, ең алдымен, көркем сөз иесі — акын ғана емес, халық әңгімелерінің аңызға айналған басты кейіпкері де. Ол, көбінесе, көшпелі елге ырысы мол құт-береке болатын шұрайлы қоныс іздеп, «кой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» мамыражай заманды аңсаған жұрт қамқоршысы болып сипатталды. Сондай-ақ, ол бұл аңыздарда қазақ елі мекендеген қоныс-жай, жер-сулардың аса білгір сарапшы, сыншысы ретінде де, ертенгі болашағын ойлаған асқақ гуманисті тұрғысында да бой көрсетеді.

Ә.Марғұланның «Қазақ халқының поэтикалық көне мәдениетінің сақтаушылары туралы» атты мақаласында Асан қайғы мен Бұхарды әйгілі Сыпыра жыраудың бірден-бір мұрагері, Қорқыт, Ұлық жыршы, Аталық, Сыпыралар негізін салған жыраулық дәстүрдің ізбасар, жалғастырушылары еді деп жазып, оның Сыпыра жырау секілді кезінде эпикалық жырлар тудыруға да үлес қосқанын атап көрсетеді²⁹.

²⁴ Тілші (Жетісудың облыстық партия атқару һәм қошы комитеттерінің газеті). 1924. № 101.

²⁵ Жұмалиев К., Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті (Фольклор). Алматы, 1941. I-бөлім. 49-50-бб.; Жұмалиев К. Қазақ әдебиеті (8-класқа арналған оқу құралы). Алматы, 1942. 61-63-бб.; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің дәуірлеу мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. Алматы, 1941. 17-22-бб.; Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958; 135-136-бб.

²⁶ Қазақ әдебиетінің тарихы / Жалпы редакциясын басқарған М.Әуезов. Алматы, 1948. 90-91-бб.

²⁷ Қазақ ертегілері / Алғы сөзін жазған М. Әуезов, Е. Ысмайылов. Алматы, 1958. 1-36-бб.

²⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. I-т. I-кітап. 255-258-бб.

²⁹ Марғұлан А. О посетителях древней поэтической культуры казахского народа // Сборник статей к 60-летию М.О. Ауэзова. Алма-Ата, 1959. с. 76.

М.Ғабдуллиннің “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” атты еңбегінде Асан Қайғы жайындағы халық әңгімелері кейбір кейінгі қоспаларына қарамастан, негізінен, реалистік болмыс пен шындық өмірден алынған шығармалар тұрғысында бағаланады. Осыған орай автор Асан бейнесін әңгімелегенде, оның ел қамын ойлаған азамат екенін тілге тиек ете отырып, өз тұсында сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі, құралайды көзге атқан мерген, саятшы, домбырашы, әнші, күсбегі болғанына да ерекше мән береді³⁰.

Асан Қайғы жөнінде ертелі-кеш жазылған зерттеулерден өзінің сонылығы мен ғылыми ұстамдылығы жағынан М.Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихынан (1948) арнап жазған «Асан Қайғы» атты еңбегін жеке бөліп атауға болар еді. Бұл зерттеуінде автор Асан өмірде болған тарихи тұлға екенін, ол жөніндегі әр алуан аңыздардың шындықпен суарылып, өмір сорабынан туындап отыратын ерекшеліктерін баса көрсетеді. Асан тұлғасын халық арманының асқақ көрінісі ретінде сипаттаған зерттеуші Асанның жер-су, қоныс-мекендер туралы айтқан баға-сындарын да осы жүйеде алып талдайды. Зерттеушінің: «Алуаны бөлек ерекше бір аңыз-ертегінің адамы — Асан Қайғы... Мұнда Асан-ақын Асан, көркем сөз шығарушы Асан ғана емес, өзі халық шығарған көркем әңгіменің геройы болып кеткен Асан. Бірақ, осы калпында да Асан туралы екі түрлі, бір-біріне қайшы, қарсы екі алуан аңыз-әңгімелер бар³¹, — деген байсалды да әділ бағасының ғылым үшін мәні зор.

Соңғы кезде Асан толғауларының әр түрлі хрестоматияларда басылып жарық көруі оны бірден-бір ақын, жырау ретінде танып білуге жол салды. Айталық, жоғарғы оқу орындарына арналған «Ертедегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясында Асанның «Қырында киік жайлаған», «Құйрығы жоқ, жалы жоқ», «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» атты үш толғауының бірден жарық көруі алғашқы елеулі бастама болды³². Сол жылдары Асан атына байланысты туған халық әңгімелерінен “Хасен ханның Асан Қайғы атануы, «Асан Қайғының жерге айтқан сындары» атты аңыздар «Шешендік сөздер» жинағында³³ да басылып, енді бір топ

³⁰ Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958. 135-6.

³¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. 1-т. 255-256-66.

³² Ертедегі әдебиет нұсқалары / Құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, К. Сыдықов. Алматы, 1967. 104-106-66.

³³ Адамбаев Б. Шешендік сөздер. Алматы, 1967. 2-32-66.

аныз, әңгімелері балаларға арналып жеке кітапша болып жарық көрді».

Асанды тану және зерттеу саласындағы елеулі еңбек деп М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» атты монографиясы мен «Алдаспан» жинағын бөліп атаған жөн³⁵. «Алдаспанда» Асан Қайғының жұртқа мәлім жоғарыда аталған жырларынан тыс, бұрын жарық көрмеген алты өлені, ал, «Поэты Казахстана» атты жинақта төрт өлені орыс тілінде жарияланды³⁶. Автор Асанға арналған тарауда оның аңыздық бейнесімен қатар, акындық, жыраулық тұлғасын ашатын жыр-толғауларына да байыпты талдаулар жасап, Асан өмір сүрген тарихи дәуірге баға бергенде: «Асан толғауларындағы кейбір сарындарды соңғы кездің қоспасы деп қарауға болмайды. Асан — XV ғасырдың перзенті, сол заманның салт-санасы, идеологиясы Асанға да жат емес, сондықтан біз бұл жерде мәселеге тарихи көзқарас тұрғысынан келуге тиіспіз. Асан хандық үкіметтің берік болғанын қалайды, сондықтан Жәнібекті ата жорасын бұздың деп сөгуі әбден мүмкін»³⁷, — дейді. Мұндай пікірдің өзге бір топ зерттеушілер еңбегінде де бар екені мәлім³⁸.

Асан Қайғы шығармалары әдебиетшілерден тыс, тарихшы, философтардың да зерттеу объектісіне айналып келді. Философ Қ.Бейсембиев өзінің «Қазақстандағы қоғамдық-саяси және философиялық ойдың тарихының очеркі» атты еңбегінде Асан Қайғыны тұлға дегеннен гөрі, оның аңыздық сипаты басым дей келіп, ол туралы ертегілерде халықтың болашағы фантастикалық түрде сипатталады»³⁹, — деп жазады.

Асан Қайғы туралы тарихи деректерді айтқанда, ең алдымен, Қ. Халидұғлының жоғарыдағы «Тауарих хамса Шархи» атты еңбегін бөліп атаған жөн. Мұнда ол халық аңыз, әңгімелерімен өзара үндесіп отыратын мынандай бір қызықты дерек келтіреді:

³⁴ Асан Қайғы / Құрастырған Н. Мұхамедханов. Алматы, 1973.

³⁵ Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы, 1968. 19-30-бб.; Алдаспан XV-XVIII ғасырлардағы қазақ акын, жырауларының шығармалар жинағы / Құрастырған М. Мағауин. Алматы, 1971. 59-65-бб.

³⁶ Поэты Казахстана / Составитель М. Мағауин. Л., 1978. с. 70-74.

³⁷ Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы, 1968. 30-б.

³⁸ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967. 75-84-бб.; Смирнова Н.С. Устная казахская поэзия XV-XVIII веков // История казахской литературы. Алма-Ата, 1978. Т. 2. с. 14-29.

³⁹ Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алма-Ата, 1975. с. 23.

«Асан Қайғының шын аты Хасан екен. Халық оны құрмет тұтып “Асан ата” деп атап кеткен. Асанның мысал-мақал сөздері қазаққа аңыз боп тараған және ол күн-түндеп айтылса да таусылмайтын ұзақ жырдай болыпты. Бағзы қазақтар Асан сөздерін ауызша да, жазбаша да айтады. Олар Асанды халыққа қамқорлық ойлаған ізгі адам деп санайды»⁴⁰, — десе, қазақтың ұлы демократ ғалымы Шоқан Уәлиханов Асан қайғының өмір кешкен мекені туралы: «Әйгілі дала философы Асан қайғы Жетісудағы Жырғалаң деген жерде көшіп-қонып жүрген. Оның бейіті осы Ыстықкөлден онша қашық емес»⁴¹, — деп жазады. Бұл пікірді академик Ә.Марғұлан да қуаттап, Асан қайғының қазақтан тыс, ноғай, карақалпақ, қырғыз әдебиеттерінің де өкілі екенін айтса⁴², ал, Қазақ совет энциклопедиясында: «Алтын Орданың ыдырау дәуірінде (ХҮғ.) өмір сүрген Асан алдымен Сарайда, кейін Қазанда Ұлығ-Мұхаммед ханның ықпалды билерінің бірі болған. Егде тартқан шағында Дешті-Қыпшаққа қайтып оралады. Өмірінің соңғы кезеңі жана құрылған Қазақ мемлекетінде, Жәнібек, Керей хандардың төңірегінде өтеді»⁴³, — деп көрсетілген. Бұдан тыс ең басты мәселе: біздегі Асан Қайғының бір алуан жыр-толғауларының ұшты-күйлі халық жадынан шығып ұмытылмай, өз атынан сақталып бізге жетуі дер едік. Осының өзі-ақ оның белгілі бір кезеңде өмір сүрген нақты тарихи кісі екенін дәлелдеп, нақтылай түссе керек. Асан Қайғы С.Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, К. Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б. Кенжебаев зерттеулерінде де осы тұрғыда алынып қарастырылады.

Асан Қайғының аты ноғай, карақалпақ, қырғыз әдебиеттерінде жырау тұрғысында аталғаны болмаса, бұларда Асан туралы қайсыбір бірлі-жарым аңыздардан басқа⁴⁴ Асан айтты деген өлең-жыр сақталмаған. Ноғай әдебиетінің зерттеушісі А. Сикалиев өз еңбектерінде⁴⁵ Асан Қайғының біз білетін бір-екі өлеңінен үзінді

⁴⁰ Халидұғлы К. Тауарих хамса Шархи. Қазан, 1910. 222-223-бб.

⁴¹ Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч.: В. 5-т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. с. 358.

⁴² Марғұлан А. О посетителях древней поэтической культуры казахского народа // Сборник статей к 60-летию М.О. Ауэзова. Алма-Ата, 1959. с. 75-76.

⁴³ Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1972. 1-т. 501-б.

⁴⁴ Жәнібек хан мен Хасан туралы біздегі аңызбен үрдіс бір әңгіме М. Османовтың “Ноғай уа құмық шығарлары” атты жинағында берілген (СПб, 1883. 96-102-бб.). Бұрын мәлімсіз болып келген бұл аңызды біз кейінірек салыстыру тұрғысында арнайы сөз ететін боламыз.

⁴⁵ Сикалиев А. Омирлердинъ тавысы // Шолпан (Ноғай язувшыларының ортақ иынтығы). Черкесск, 1969. 137-б.

келтіргенмен, оған қажетті сілтеме жасамайды, сол себепті бұдан Асан шығармаларының оларда қай дәрежеде сақталып қалғанын түсіну қиын. Асан Қайғының бізде сақталған өлең-жырлары мен сан алуан аңыздары оның ғасырлар бойы біздің халқымыздың көкірегінде ұялап, ел мүддесіне қызмет етіп келгенін айқын ашып танытады.

Асан атына байланысты туған қолдағы бар аңыз, әңгімелерді өзінің тақырып-мазмұны жағынан: Асан өмірін әкесі Сәбиттің ерлік істерімен жалғастыра баяндайтын; бірыңғай Асан қайғының өз өмірін қамтитын; Асанның ұлы Әбет, қызы Жұпардың тапқырлық істерін әңгімелейтін аңыздар деп үш топқа бөліп қарастыруға болар еді.

Асан Қайғы жайындағы аңыздардың бір алуаны оның аңшылық, саятшылығы туралы болып келеді. Осы аңшылық жолы оның өзіне лайықты жар табуына да, кейінірек ел-жұрты үшін жайлы қоныс, құтты мекен іздеуіне де себеп болады.

Асанның жастық шағын бейнелейтін әңгімелерде ол әкесінен жастай жетім қалып, әкесі Сәбит секілді аңшы, саятшы, құсбегі, тіпті, “сегіз қырлы, бір сырлы” жігіт болып ер жетеді. Жас Асан әкесінің аңшылық кәсібін шешесі Салихадан естиді де, Бұлғар тауында баласына әкесі мұра етіп қалдырған тұлпар мен бүркітті, жүйрік тазыны тауып алып, сол мекенде көп жылдар аңшылықпен күн кешеді. Өлерде әкесінің: “Болашақта балам Бұлғар тауының басына шықпасын, егер шықса, өмірі азаппен өтеді. Сол тауда бұлғын деген аң бар, оны қумасын, қуса аты да, өзі де зорығып өледі” деген ақырғы өсиетін естен шығарып, сол тауда кез болған бір бұлғынды қуып, өмірі құлақ естіп, көз көрмеген бір жат елге асып кетеді. Аты болдырып, өзі шаршап әбден қалжыраған Асан бір ауылға келсе, бір бойжеткен қыз бұлардың сырт көрінісінен адамның сұлтаны мен иттің сырттанының, аттың тұлпары мен құстың сұнкарының бас қосқанын ақылмен танып, бұларды үйге түсіріп, бәрін бәйек болып күтеді. Асанды жеке бөлмеге жатқызып тынықтырып, құсын бөлеп тастап, атын қаңтарып таң асырған қыз ертеңіне жігіт аттанар алдында саптыаяқпен оған сусын ұсынады. Асан қызды сынау үшін қыз ұсынған саптыаяқтың шетінің кетігін мін етіп тағып: “Без қайыңның безі екен, нағыз бездің өзі екен, ішінде құйғаны шекер екен, әйтсе де мына бір жері бекер екен”,

— депті. Сонда қыз іле: “Без қайынның безі болса, нағыз бездің өзі болса, ішіне құйғаны шекер болса, ол жерін кемітпей-ақ іше беріңіз”, — дегенде, Асан аталы сөзге уәж таба алмай қалып, аттана берген екен. Сонда қыз тағы да: “Сенің атың қазір Асан ғой, көп ұзамай Асан қайғы аталарсың... Үш жыл күтем, ендігісін өзің біл”, — деген екен⁴⁶.

Ендігі бір топ әңгімелерде оның “Асан Қайғы” аталу себебі қаршадайынан әке-шешеден бірдей айрылып, жетімдіктің тақсыретін көп тартуынан деп те түсіндіріледі. Бұлардың ішіндегі Бәдел Тұрсынбаев тапсырған “Асан Қайғы”⁴⁷ атты әңгімені бөліп атауға болар еді. Мұнда алдымен әкесі Сәбиттің, сондай-ақ Асан мен оның баласы Әбеттің елге үлгі боларлық істері мен адамгершілік, сахи-дарқандық істері баяндалады. Әңгіменің қысқаша мазмұны: Асанның әкесі Сәбит жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, түзу мылтықпен аң аулап, бар өмірін түзде өткізген саятшы жігіт болыпты. Ол елге оралғанда, жұрт одан олжа бөлісіп, аңшының көрген-білген қызықты әңгімелерін ынтыға тындасады екен. Аз өмірінде көпті көріп зерделі азамат болып жетілген Сәбитті халық аялап, айрықша қадірлесе керек. Бірде елге жайлы қоныс, жақсы мекен қажеттігі сөз болғанда, жасы жетпістен асқан бір дана қарт Сәбитке жеті жылдық қиын-қыстау, ұзақ жолы бар, жабайы аң мен құс жыртылып айрылатын, әр алуан қазына, байлығы жер бетінде шашылып жатқан бір керемет жердің бар екенін кәрі құлақ шалдардан жас кезінде естігенін айтып, “соған қалай да барып біліп қайт” деп өтінеді.

Осы іске тәуекел еткен Сәбит әйелі Салиха мен іште қалып бара жатқан баласына көп жылға жететін киім, жейтін азық-түлігін дайындап, өзінің кеткен жағының бағыт-бағдарын тасқа қашап бейнелеп, жүйрік аты мен қыран тазысының суретін соған ойып салып, “мен өлсем, осыларға ие болсын, ал, өлмесем, осы белгілер арқылы соларды іздеп тауып алсын” деп өсиет айтып кетеді. Сәбит сол кеткеннен жеті жыл жол жүріп, көп қиыншылық пен азапты басынан кешіріп, іздеген жеріне жетіп, аңшылықпен күн кешіп жүре береді. Бір күні Сәбиттің тіккен қосына арыстан шауып, өзін қатты жаралайды, сөйтіп ол айдалада қарусыз жалғыз қалады. Аман қалуына иті себепкер болып, Мағзом деген қарт кісі оны емдеп

⁴⁶ ОҒК қолжазба қоры. 131-бума, 1-дәптер. Асан Қайғы (Тапсырған И. Өкпенев): 33-35-бб.

⁴⁷ Сонда. 1-52-бб.

жазып, жұрт қатарына қосады. Бұған разы болған Сәбит өзін іздеп келуге тиісті баласы Асанға Мағзомның қызын айттырып, құда түсіп қояды. Осы кезде Асан он төрт жасқа толып, әкесін іздеуге жеті тұлпар жаратып жолға шығады. Жеті жылдық жолды жеті айда жеті тұлпармен басқан Асан әкесі тұрған мекенге іздеп келсе, әкесі Сәбит оның алдында ғана қайтыс болған екен, әкесінің аты мен құсын, итін алып, өзін зорықтан емдеп жазған Мағзомның қызы — Гүлжазираға үйленіп, еліне қайтады. Мұнда келсе, шешесі қайтыс болыпты. Туған әкесін өз көзімен көре алмай оралған Асанға шешесінің өлімі қайғы үстіне қайғы болып жамалады. Асан да әкесі секілді жер кезіп, аңшылықты кәсіп етеді. Ел кезіп, жер шолады. Жұрт қамын ойлап, өткен мен алдағы өмірді болжап әр алуан толғау-жыр айтатын болады. Алдағы болатын құрғақшылық пен жұтты жұртқа күні бұрын хабарлап отыру да оның әдетіне айналады. Жастай көрген уайым-қайғы мен ел қамын сарыла ойлаудан Асан аты біртіндеп өзгеріп, “Асан Қайғы” атала бастайды. Гүлжазирадан туған жалғыз ұлы Әбет те ел болашағын ойлайтын азамат болып ер жетеді. Асан мен Әбеттің болжамы аркасында бір үлкен жұттан жұрт түгелдей аман қалады. Сол жылы, елді кептіріп етпен асырап, малды жылы жаққа алып барып бағып, аман-сау оралған Әбет әкесінің ақылымен осы әрекеті үшін хан сайлаған жерге елімен келіп қоныс теуіп, бақытты өмір кешеді. Осының өзінен-ақ Асан мен оның баласы Әбеттің әуелден-ақ ел жоқшысы, жұрт қамқоры болып жетілгенін көреміз⁴⁸.

Асанның өзіне лайықты жар іздеп табуын баяндайтын аңыздарда таңғажайып оқиғаларға толы ертегілік, аңыздық сипат басым болып отырады. Бірде ол салған қармағына іліккен су патшасының қызына үйленсе де, одан қыз қойған шарттарды орындай алмай айырылып қалады. Содан перінің қызы Асанды біржолата тастап кеткен соң, ол қайғы-құсадан “Асан Қайғы” деген атқа ие болады⁴⁹.

Ендігі бір алуан әңгімелер Асанның өз басының алғырлық-тапқырлығы мен білгір-шешендігін баяндауға құрылған⁵⁰. Бұлардан

⁴⁸ ОҒК қолжазба қоры. 333-бума, 1-дәптер.

⁴⁹ ОҒК қолжазба қоры. 333-бума, 1-дәптер; 364-бума, 5-дәптер.

⁵⁰ ОҒК қолжазба қоры. 874-бума, 1-дәптер (Тапсырған М. Ермағамбетұлы); ОҒК қолжазба қоры. 333-бума, 19-дәптер. Асан Қайғы туралы (Тапсырушы белгісіз). 32-33-бб.; 874-бума, 1-дәптер. Асан Қайғының хан атағын алуы (Тапсырған М. Ермағамбетұлы). 1-2-бб.; 874-бума, 2-дәптер. Асан Қайғының әңгімесі (Мәшһүр Жүсіп Көпеев материалдарынан); Лютшь Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. Ташкент, 1883. с. 43-44.

да Асан қайғының әуелгі аты Хасен екен, сол Хасен жас талап жігіт күнінде Шүршіт елінің Ежен ханы (енді бірде Бұхардың ханы, тағы бірде Қызылбас елінің ханы) қазақ халқына “айғырын кісінетпесін, соның даусынан қорадағы биелерім исініп құлын тастайды” деп жарлық шығарғанын естіп, мұның бір амалын табуға талаптанады. Қатыгез ханның бұл әділетсіз зорлығын сезген халық та тығырыққа тығылғандай болып өзара кеңеседі. Хасен жұртты бұл бәледен құтқару үшін, қасына 40 мергенді ертіп алып, хан тұрған қалаға беттейді де, жол-жөнекей кездескен иттерді шетінен атып қыра береді. Бұл хабар ханға жетіп, оларды жедел шақыртып алыпты. Істің мәнін сұраған ханға Хасен: “Жас кезімде далада қой бағып жүргенімде, бірде қойға қасқыр шапқан соң, ойдың да, қырдың да, қаланың да, даланың да иттерін дауыстап көмекке шақырып едім, ешқайсысы жәрдемге келмеді, содан бұл опасыз иттердің бәрін де қалдырмай қырамын деп едім. Енді сол ойымды іске асырып келемін”, — депті. Мұны естіген хан: “Сен екі аяқтының ақымағы екенсің, сенің даусыңды қаланың иті қалай естиді?” — дегенде, ол: “Айғырдың даусы жеткен жерге адамның да даусы жетпей ме?” — депті. Сөзден тосылған хан: “Айғыр туралы айтқан сөзім ағаттық екен, өз еріктеріңді бердім, сен өз еліңе хан бол”, — депті⁵¹.

Осы іспеттес аңыздардың Я. Лютшь хрестоматиясына енген өзге бір үлгісінде әлгіндей жарлықты Бұхар хандығы шығарған деседі. Дарақы да жауыз ханның қанқұйлы жарлығын естіп, қатты дағдарған елді бұл азап, қиыншылықтан құтқару үшін Асан Қайғы желмаяға мініп, жеті жыл жер қарап, қоныс іздепті. Ол сол сапарында Көндүрік-Қобан, Қызылжар, Үш Алматы деген жерлерді ұнатып қайтыпты⁵².

Асан Қайғының алдын болжағыш, көрегендігін баяндайтын аңыздардан Жәнібек ханның жасаған үш тойы туралы айтқан сын-шешімі ел ішіне мейлінше кең тараған. Мұның бір тобы тек кара сөз күйінде келіп, енді бір алуаны өлеңімен кара сөзі аралас болып баяндалса да, бұлардың мазмұнында пәлендей айырмашылық жоқ. Асан Қайғы Жәнібек ханға: “Ең алдымен, көлге шекер төктіріп, құс жаманы құладыңға құс төресі аққуды ілдіруін жақсы ырым емес, екіншіден, қарындасың Қаныбет сұлуды Айсылдың ару

⁵¹ ОҒК қолжазба қоры. 874-бума, 1-дәптер. 1-2-бб.; 2-дәптер, 1-2-бб.; 333-бума, 19-дәптер. 32-33-бб.

⁵² Лютшь Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. с. 43-47.

Әметі тұрғанда, қарадан шыққан Мұғалы байдың баласы жаман Тастемірге беруің лайық емес”, — деп айып тағады.

Дәл осы аңызға үндес бір әңгіме ноғай әдебиетінде де бар. Бұл үлгі бірыңғай кара сөзбен баяндалады. Айырмасы: мұнда Жәнібек хан Темірге қарындасы Қаныбетті емес, қызы Секербикені бермек болып той жасайды. Бұған шақырылған Хасан (біздегі Асан) әдейі келмей қалады. “Неге келмедің?” — деген хан сұрағына Хасан: “Қызыңызды ару Әметтен қалдырып Темірге бергеніңізге ел де, мен де разы болмадық. Бұқанды баққан құлыңа қызымды берем дегенің, нәсіл тіркемей, мал тіркеу болды, құл да, би де бірдей заман болар деп келмедім”, — деп жауап береді. Бұдан соң хан: “Құладыңға қу ілдірдім, оған неге келмедің?” — дегенде, Хасан: “Құс жаманы құладың, құс мырзасы ақ тауыт, түбі мырза мен құл тең болар деп келмедім”, — деп жауап беріпті⁵³.

Бұл ноғай аызы бұдан 117 жыл бұрын М. Османов жариялауымен жарық көрсе де, бұған ешкім осы күнге дейін назар аудармаған. Мұнын үстіне қазақ пен ноғай аызы оқиға мазмұнының бірдейлігімен қатар, кісі аттарына дейін ешбір айырмасыз болып келеді. Ноғай әңгімесінде Хасанды “бек ғакылды кісі еді” деп сипаттайды. Бір ғана өзгешелік бар: ол ноғай әңгімесінде Хасанның Мұғалы байдың берген алтынын алып, алғашқы сөзінен қайтуы ғана. “Періште алтынды көріп жолдан тайыпты” деген осы. Соған карамай, мұндағы табиғи бірлік екі халықтың түбі бір туыстығы мен әдебиетінің үндес-ұқсастығын да айқын дәлелдейді.

Асан Қайғы атымен байланысты туған аңыздардың ішінен оның құтты мекен, жайлы қоныс іздегенін баяндайтын әңгімелер елеулі орын алады. Мұндағы Асан ата армандаған қоныс жайы қандай десек: ол, ең алдымен, көшпелі өмірге орай малы екі рет төлдейтін ырыс-берекесі мол, шөбі шүйгін, қысы жұтсыз, жазы жайлы мекен болуы қажет. Мұны Асан Қайғы “қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын” қоныс, кейде “Жерұйек”, енді бірде “Жерұйық”, немесе “Жиделібайсын” деп атаған.

Міне, осындай игі тілекпен желмаяға мініп қоныс қараған Асан жүрген-тұрған, басып өткен қоныс-жерлеріне аса білгірлікпен баға беріп отырады. Бір топ аңыздарға қарағанда, Асан Қайғының халқы үшін қоныс болуға лайық деп ұнатқан жерлері Жиделібайсын,

⁵³ Османов М. Ноғай уа құмық шиғырлары. СПб., 1883. 96-102-66.

Жуалы, Қызылжар, Үш Алматы, Көндүрік-Қобан деген жерлер екен делінеді. Жуалыны аралап көргенде, Асан-ата: “Асылы екі елі бетінде екен, Шу мен Таластың арасы жортар атқа күндік жер екен, әттен, арасы тар жер екен, көп ел сыймайтуғын” десе, ал Үш Алматыны: “Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректтей, алмасы бар жүректтей” деп сипаттаса керек⁵⁴. Топырағын казып орнына қайта салғанда, орнына сыймай қалған жақсы мекеннің бірі — Қызылшілік деген жер екен. Алайда, Асан Қайғы бұл жерден екі үлкен мін тауып, былай деген екен: “Бұл жердің төрт есігі бар екен, екеуінен құт кірсе, екеуінен жұт кіреді екен. Елі бай да болмай, кедей де болмай, орташа ғана өмір кешеді екен. Екінші, жамбас құрт деген бір жайсыз құрты бар екен, сондықтан адам бұл жерде ұзақ жасай алмайды”⁵⁵. Ал, Асан Қайғы Балқаш көліне келгенде: “Балығы тайдай тулаған, құстары койдай шулаған несібелі көл екен. Кедейін аш қылмайтын, балығы азық болғанымен, суы ашы, іргесі шөлге тиіп тұр екен, бораны көп болар. Қамысы боранға қалқа, малға азық, қысы болмаса жазы қапырық, ордалы елге орын болмас”, — деген екен⁵⁶.

Рас, Асан қайғының іздеген қонысының негізінен мал шаруашылығының ыңғайына қарай сарапталып, бағаланып отыратыны мәлім. Соған орай бұған қойылатын талап-талғам да айрықша. Қарт сыншыға бірде жері ұнаса, елі ұнамайды, ал, енді бірде елі ұнаса, жері ұнамайды. Ол жер-қонысқа сын айтқанда, оның тек малға оты жұғымды, шүйгіндігіне ғана мән беріп қоймай, сол қоныстың адамның мінез-құлқы мен болашақ өміріне тигізетін әсер-ықпалын да есепке алып отырады. Мәселен, Асан Қайғы Шыңғыс тауына шығып тұрып: “Мына жердің шөп бітісі ерекше екен. Бұл шөпті жеген мал құтырар, малды жеген адам құтырар, малдың еті мен сүті қуатты болған соң”, — десе⁵⁷, Көкше төңірегін көргенде: “Күні жауын, түні ашық жер сорлысы мұнда екен, катыны семіз, ері арық ел сорлысы мұнда екен”, — депті⁵⁸ деседі.

Бір топ аңыздарда⁵⁹ Асан Қайғының сын-бағалары бір-бір

⁵⁴ Лютов Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. с. 43-46.

⁵⁵ ОҒК қолжазба қоры. 874-бума, 4-дәптер. Әз-Жәнібек пен Асан қайғы. 1-4-бб.

⁵⁶ Асан Қайғы (Әзірлеген Қ. Мұхамедханов). Алматы, 1973. 3-4-бб.

⁵⁷ ОҒК қолжазба қоры. 1-5-бума. (Ә. Марғұлан материалдарынан). 13-16-бб.

⁵⁸ ӘӨИ қолжазба қоры. 364-бума, 5-дәптер (М. Құсайынов материалдарынан). 1-2-бб.

⁵⁹ ӘӨИ қолжазба қоры. 364-бума, 5-дәптер (М. Құсайынов материалдарынан). 1-2-бб.

ауыз ұтымды да ұтқыр сөзбен шектеліп, қоныстың тікелей өзіне арнап айтылса, енді бір алуаны болжамдық мәні бар ұйкасты өлең үлгісінде келеді. Айталық, Асан ата Қарқаралыны көргенде:

Қарқаралы қайран тау,
Тиюші еді пайдан тау...
Бесказылық, Ойтүнлік,
Манырап тұрған қой түнлік,
Әттен, дариға-ай,
Мал исі шығып тұр екен!⁶⁰ —

депті-мыс. Ал, Бетпақдалаға берген баға-сыны терен философиялық мәні бар толғау түрінде көрініс тапқан:

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан жүрер жер екен.
Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан жүрер жер екен.
Тас табаны төрт елі,
Атан жүрер жер екен!⁶¹

Біраңыздарда Асан ойлаған арманын іске асыра алмай, Ұлытауда қайтыс болыпты десе, тағы бір алуан әңгімелерде ол өз елімен Жиделібайсынға, Жетісуға, Көндүрік-Қобанға барып орналасыпты делінеді. Келесі бір аңыздарда Асан сол сапардан оралмай, Тесіктау асып кетіпті, кейін Мөңке би мен тағы басқа кісілер де соның жолын қуыпты деседі⁶². Енді бір халық әңгімелерінде Асан Қайғының қиялдаған арманын Жұпар деген ақылды қызы іске асырыпты деп те әңгімелейді⁶³. Бұлардың ішінде “Жұпар қорығы”⁶⁴ атты әңгіме өзінің Асан Қайғы арманын іске асырған мән-мазмұнымен жеке-дара тұр дер едік. Мазмұны мынадай: Асан Қайғы желмаясымен жер қарап жүріп, Жиделібайсын деген жерді ұнатып келіп: “Құдайдың жаратқан жерінің ондысы, адамы жүзге келмей өлмейтін, қойлары екі қоздайтын, жер шүйгіні сол екен”, —

⁶⁰ ӘӨИ қолжазба қоры. 131-бума, 1-дәптер (И. Өкпенев материалдарынан). 33-36-бб.

⁶¹ Сонда. 27-б.

⁶² ОҒК қолжазба қоры. 333-бума, 1-дәптер. 1-2-бб. (З. Бекарыстанов тапсырған материалдар).

⁶³ ӘӨИ қолжазба қоры. 143-бума, 2-дәптер. 1-2-бб. (Б. Адамбаев жинаған материалдар).

⁶⁴ ОҒК қолжазба қоры. 333-бума, 1-дәптер. 1-2-бб.

дегенде, жұрт: “Оған қалай жетеміз?” – депті. Асан Қайғы: “Малды үш жыл шелдендірсек, қойға қошқар, сиырға бұқа, биеге айғыр салмасак, ол-оңай көшіп барамыз”, - депті. Ел мұны қиынсынып көшпелті. Кесте тігіп отырған он бес жасар Асанның қызы Жұпар әке сөзін аяқсыз қалдырмай, түбі сол жерге көшіп баруға іштей бекінсе керек. Артынша Байшора байдың Ерназар деген баласына тұрмысқа шыққан қыз желекте отырып-ақ күйеуіне өзіндей тағы екі қыз айттырып алып береді. Бұлардың сол Ерназардан тараған ұл балаларының өзі біраз жылдан кейін қырықтан асады. Жұпар бәйбіше өзінен кейінгі әйелдердің балаларын бірыңғай киім-кешек, қару-жаракпен, ер-тұрман, азық-түлікпен жабдықтап, малды тулап шелдендіріп, Асан атасы айтқан Жиделібайсынға Сарыарқадан үдере көшеді. Жиделібайсын жеріндегі Ақша ханның “Хан қорығы” деп аталатын жеріне Жұпар рұқсатсыз қонып, сол қонысты ақыл-айла қолданып ханға берген тарту-таралғысымен де, бір жағы қара күш, айбатымен де еріксіз басып алады. Содан былай бұрынғы “Хан қорығы” енді “Жұпар қорығы” болып аталып кетеді.

“Жұпар қорығы” деген жер Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухаридің “Абдуллонома” атты кітабы мен В.Л. Вяткиннің “Материалы к исторической топографии Самаркандского вилаята” деген еңбегінде де аталады. Бұл деректерде сол “Жұпар қорығының” қазіргі Өзбекстандағы Шолпан-атаның батыс жақ баурайындағы Көнігүл мен Бөдене қорығының ортасына орналасқаны айтылады⁶⁵. Сөйтіп, Асан Қайғы арманының іске асуын баяндайтын аңыз-әңгіме мен әлгі айтылған тарихи деректердің бір жерден табылып, өзара үштасуының өзі елеуге тұрарлық жәйт. Дәл солай болмаған күннің өзінде бұл әңгімеден Асан армандаған ойды тікелей іске асырған халық қиялын көргендей боламыз.

Асан Қайғы ел қиялындағы осындай аңыз кейіпкері ғана емес, сан алуан жыр-толғаулар тудырған белгілі жырау да еді. Ол өз толғауларында белгілі бір тарихи кезеңдегі ел-жұрттың көкейтесті ой-арманы мен мұң-мүддесін өзекті тақырып етіп жырлап, соны нақты іске асыруға да өз үлесін қосты. Халық бақыты ел басшысының іс-әрекетіне тікелей байланысты деп санаған жырау көптеген толғауларын Жәнібек ханға арнады. Оны дұрыс жолға

⁶⁵ Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухари. Абдуллонома. Ташкент, 1966. 354-б.

салып, бұқара тұрмысын жақсартуға болады деп сенді. Мастанған ханды батыл сынап, кемшіліктерін бетіне басты. Мұның бәрін ол ел болашағын ойлау тұрғысынан бағалап, атамекенге жан-жақтан көз алартқан жаулардан құтылудың жолы жайлы мекен Жиделібайсынға көшу деп санады. Бұған Асан Қайғының Әз Жәнібекке айтқан әйгілі үш толғауы дәлел бола алады.

Асан Қайғының екі толғауының бірі ханның көлге шекер төктіріп, куды мас қылып, құладыңға ілдіруіне, екіншісі қарындасы Қаныбет сұлуды өз теңі Айсылдың ару Әметіне бермей, Мұғалы байдың баласына қосуына наразылық түрінде айтылады. Сол жылдардың ішінде сыртқы жаудың қаупін білдіріп, елге лайықты қоныс қарауды ұсынатын жыры өзінің мән-маңызы жағынан айрықша дер едік. Мұнда ол хан қаһарынан тайсалмай, шындықты бетке баса сөйлейді. “Суда жүрген шортанның қарағай басын шалатынын” айтып, қымыз ішіп қызарған ханды жөнге салмақ болады, бірақ оның теріс ойын білген соң, ханға “енді мені көрмейсін” деуге дейін барады.

Әй, хан, мен айтпасам білмейсін,
Айтқаныма көнбейсін.
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсін.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсін.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсін?..
Әй, Жәнібек ойласаң,
Қилы-килы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсін?
Қош-аман тұр, Жәнібек,
Енді мені көрмейсін⁶⁶, —

деп, біржолата ат құйрығын кесісуге дейін барады.

Бұл толғау Асан Қайғының ертеден жанын жегідей жеген ой-арманы мен мұрат-мақсатын айғақтайды. Мұндағы “ақ

⁶⁶ Асан Қайғы толғауы // Тап. 1925. № 4 (Жариялаған З. Ессентайұлы). 81-б.

шортан” мен “қарағай” бейнесі Асанға дейін де, одан кейін де ешбір жырауда ұшыраспаған тың суреттеме екенін атап айтуға тиіспіз. Рас, жыраулық поэзияда адам өміріндегі көріністі табиғат құбылыстарымен астастыра сипаттау бұрыннан бар, алайда бұлар мұндай күрделі, астарлы мәнге көтеріле қоймаған. Жырау патша өкіметінің отарлау саясатының найза бойламайтын зұлымдығын ашып көрсету үшін, әдейі бір-біріне қарама-қарсы, от пен судай сирек кездесетін таңғажайып құбылыстарды (су мен шексіз шөл дала, ақ шортан мен қарағай) салғастыра алып, алдымен ханға, қала берді халыққа ой салуды, олардың ұйқыдағы сезім-санасына ұмытылмастай әсер етуді мақсат еткен. Бір қарағанда судағы ақ шортанның шөл далاداғы қарағай басына ұшып барып қоныс табуы өмірде кездеспейтін құбылыс секілді болып көрінеді, алайда су ішіндегі кейбір балықтардың кезі келгенде бір теңізден екінші теңізге ұшып барып мекендейтіні де мәлім. Қалай десек те, ұлы жырау осы ерекше құбылысты ерте ескертіп жатпай-тұрмай “Жерұйыққа” (Жиделібайсынға) ел болып қоныс аударудың қажеттігін ұсынады. Бұл тақырыпқа Асан қайғы кейін тағы бір оралып, отарлау мен бодандықтың неге әкеліп соғатынына дейін нақтылап ашып береді. Мұнда ол бұрыннан таныс ақ шортан мен қарағайды тағы да мәні зор түйінді бейне ретінде алып суреттейді:

Бұдан сон қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.

Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан — күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?⁶⁷

Асан толғауларының саяси-әлеуметтік сипаты оның жоғарыда сөз еткен “ Әй, хан, мен айтпасам білмейсің ” атты жырымен қатар, “Қырында киік жайлаған”, “Алты атанға қос артып” тәрізді жырларында да ұшталып, терендей түскен. Әсіресе, “Қырында киік жайлаған” атты толғауы елдің Шу бойына көтеріле көшкен кезеңін

⁶⁷ Халид Құрбанғали. Тауарих хамса. Алматы, 1992. 111-6.

бейнелейді. Жырау, неге екені белгісіз, ел-жұрттың Ойыл мен Жем бойынан қоныс аударуын қолайлы көрмеген, қайта бұл мекеннің, сондай-ақ Еділ мен Жайықтың, алтын мен күмістей қымбат, суы мол шүйгінді қонысының асыл қасиеттерін баса айтқан.

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кенес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кенес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің! —

деп қана қоймай, елге құт болған Еділ мен Жайықты қимай, сол жолғы көші-қонға зор наразылық білдіреді:

Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал, қолыңды маларсың
Алтын менен күміске⁶⁸.

Жыраулық поэзияда, оның ішінде Асан толғауларында үлгі-өсиеттік, насихаттық, тағылымдық ойларға ерекше мән беріледі. Мұның бәрі айтылар ойдың ұтымдығы мен әсерлілігіне орай қайталаулар (рефрен) мен дыбыс үндестігіне (аллитерация, ассонанс) құрылып отырады. Мәселен:

Көлде жүрген қоныр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар

⁶⁸ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 64-65-66.

Ер қадірін не білсін!
 Көшіп-қонып жүрмеген
 Жер қадірін не білсін!
 Көшсе, қона білмеген,
 Қонса, көше білмеген,
 Ақылына көнбеген
 Жұрт қадірін не білсін! —

деп, немесе:

Тұрымтай торғай іле алмас,
 Қанаты сынып қайырылса.
 Жер таянбай тұра алмас,
 Жеткіншектен айрылса⁶⁹, —

деп келетін Асан Қайғы жолдарында оның жекелік сипаттан ұтымды жинақтауларға бой ұрғаны аңғарылады. Бұлары кейде қоғамдық тұрмыстың мән-жайын айтуға байланысты әлеуметтік, азаматтық әуенге құрылады. Осындай өзара шебер астасқан салыстырулардың жалпы адамгершілік қағидаға сай өмірлік өзекті мәселелерге жауап беру талабынан туғанын аңғару қиын емес. Асан қайғының:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
 Құлан қайтіп күн көрер?!
 Аяғы жоқ, қолы жоқ,
 Жылан қайтіп күн көрер?!⁷⁰

деп келетін бір ғана шумақ жырынан табиғат пен адам өмірі туралы түйген пәлсапалық толғанысты көреміз.

Жырау — жиған-терген өмірлік тәжірибесі мол, ақыл иесі, парасатты адам, осыған орай бұлар өткенді саралап, електен өткізіп, болашаққа да сеніммен ой жүгірте алады, мұндай болжам, ой-толғаныстарын көбінесе арнау түрінде суырып салып айтады. Ел мүддесі мен жұрт қамын өз міндетім деп санаған жыраулар қашанда өмір шындығынан ой түюге, жинақтаулар жасауға бейім. Мұнда қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар, адамдар

⁶⁹ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 69-б.

⁷⁰ Сонда. 64-б.

арасындағы әр алуан қарым-қатынастар мен солар туралы сын-бағалары да қоса жүреді. Мәселен, адамгершілік пен зұлымдық, байлық пен кедейлік, достық пен жаулық, адалдық пен опасыздық, әділдік пен жауыздық, білімділік пен надандық, ізеттілік пен әдепсіздік секілді аса күрделі мәселелер жан-жақты сөз болып сарапталады.

Бұл мәселелерге кезінде Асан Қайғы да үлкен мән берген. Жыраудың бұл топтағы жырлары мәселені көбіне-көп тұжырымды пікірлермен нақтылай отырып, мақал-мәтел іспеттес етіп құрады. Сондықтан бұл тұжырымдар дәлелдеуді көп қажет етпейді. Айталық оның “Әділдіктің белгісі” деп аталатын мына бір жырына назар салып көрелік:

Әділдіктің белгісі —
 Біле тұра бұрмаса.
 Ақылдының белгісі —
 Өткен істі қумаса.
 Жамандардың белгісі —
 Жауға қарсы тұрмаса.
 Зұлымдардың белгісі —
 Бейбіттің малын ұрласа.
 Надандардың белгісі —
 Білгеннің тілін алмаса.
 Шаманша шалқып көре бер,
 Қабірге әзір қоймаса.
 Артында қалған атак жоқ,
 Тіріде данқың болмаса⁷¹.

Жыраудың ізгілік, бірлік, татулық, жалпы адамгершілік жайындағы түйген ойлары да сол дәуір талабына сай ақыл-насихат, өсиет үлгісінде келеді. Жаугершілік пен даугершілік үстемдік еткен замандағы мына бір жолдардың дәлдігі мен дұрыстығына нұқсан келтіру қиын өйткені бұлар нақты өмірден алынып қорытылған, жинақталған ойлар:

Еділ бол да, Жайық бол,
 Ешкімменен ұрыспа.

⁷¹ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 68-б.

Жолдасына жау тисе,
 Жанынды аяп тұрыспа...
 Өзіңе біреу тимесе,
 Кейін қарай жылыста.
 Мінезі жаман адамға
 Енді қайтып жуыспа!
 Тәуір көрер кісіңмен
 Жалған айтып суыспа!⁷²

Асан Қайғы көп жағдайда өзі көзбен көрген кейбір мәнді де құнды кішігірім оқиғалардан үлкен түйіндеу, жинақтаулар жасауға да шебер. Бұл, сөз жоқ, жыраудың алғырлығы мен дарын қуатына тікелей байланысты көрініп отырады. Мәселен, оның:

Ердін құны сөз емес,
 Есебін тапқан сабазға.
 Төрден орын тимейді,
 Патша болсын малы азға⁷³, —

деп келетін жолдарын осының айғағы дер едік.

Жыраулық толғаулардың басты белгісін құрайтын өмірлік салыстырулар мен қайталаулардың ұштала, қорытыла келе мақал-мәтелдік мәнге ауысатын кездері де бар, бірақ бұлар жыр ішінде келетін болғандықтан, сол талапқа сәйкес ой, ұйқас талабына сай тарқатылып айтылады. Айталық, “Алдына келсе, атанның құнын кеш” делінетін мәтел Асан қайғы толғауында:

Ердін құны болса да,
 Алдына келіп қалған соң,
 Қол қусырып барған соң,
 Аса кеш те қоя бер,
 Бұрынғыны қуыспа⁷⁴, —

деп берілген. Сондай-ақ, “Ашу — дұшпан, ақыл — дос” деген мәтелді де жырау аз-кем түрлентіп:

Ашу — дұшпан, артынан
 Түсіп кетсең қайтесің
 Түбі терең қуысқа⁷⁵, —

деп бейнелейді. Ал:

⁷² XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы. А., 1982. 66-б.

⁷³ Сонда, 60-б.

⁷⁴ Бұл да сонда. 66-б.

⁷⁵ Сонда, 66-б.

Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғарып, —

деп, немесе:

Жас, кәрілер отырып,
Алдынан сабақ алмаса,
Қарамаса жүзіне,
Ғалым да болса сол ғарып⁷⁶, —

деп келетін жолдардың “өзінде жоқ болса, әкен де жат”, “шәкіртсіз ғалым тұл” деп келетін мәтелдермен үндес, мәндес екені даусыз. Сондай-ақ, “Өзің білме, білгеннің тілін алма” деген қарғыс мәнді тіркес Асан қайғыда:

Надандардың белгісі —
Білгеннің тілін алмаса, —

деп тұжырымдалған. Рас, реті мен жөніне қарай Асан Қайғы тобықтай түйіп айтатын пікірді сан қилы салыстырулар арқылы орағыта, ұзағынан қайырып сипаттауға да мән береді, бұл — жыраулық бейнелеудің көне бір тәсілдерінен саналатыны мәлім:

Арғымағын жамандап,
Тұлпар қайдан табарсың?
Тұйғынынды жамандап,
Сұнкар қайдан табарсың?
Иіс майын жамандап,
Жұпар қайдан табарсың?
Көлдің суын жамандап,
Еділ қайдан табарсың?
Өз басынды зорайтып,
тендес қайдан табарсың?
Қарияларын жамандап,
Кенес қайдан табарсың?⁷⁷

⁷⁶ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 68-б.

⁷⁷ Сонда.

Сонымен, жыраулық поэзия, оның ішінде Асан Қайғы жырлары бұрыннан келе жатқан дидактикалық мазмұнды, адам және табиғат көріністерін өзара салыстыру арқылы мағыналы тұжырымдар жасау тәсілдерін дамыта отырып, бұларға жана мазмұн, соны сипат бере білді. Бұл дәстүр кейінгі жыраулар шығармаларында толыса, кемелденіп отырды. Осы ерекшелік бұлардың көркемдік құралдарынан да анық аңғарылады. Бейнелеу тәсілдері жетіліп, көркейіп отырса да, бұл жырлар суырып салма дәстүрін ұстанғандықтан, көп жағдайда ауыз әдебиетіндік сипатта қалып қойды. Мұндағы қайталаулар айтылар ойды қанша ұштап көркейтсе де, толыққанды бейне жасауға көтеріле алмады.

Асан Қайғы өз жырларында қайталау тәсілін үш түрлі жүйеде қолданған. Біріншісі, әр жол сайын алынған жеке сөздік қайталауларды көбінесе өлең ұйқасы үшін алып отырса, екіншісі, бүтін жолдағы ұйқасатын алғашқы сөздерді ғана ауыстырып, қалғанын түгелдей қайталау түрінде қолданады (“Құлан қайтіп күн көрер, жылан қайтіп күн көрер”, “Қыр қадірін не білсін, ел қадірін не білсін, жер қадірін не білсін”, “Тұлпар қайдан табарсың, сұңқар қайдан табарсың, жұпар қайдан табарсың, Еділ қайдан табарсың, әділ қайдан табарсың”). Үшіншісі — негізгі ойды күшейту мақсатымен алынған тұтас тармақтың түгелдей қайталанып отыруы (“Мұны неге білмейсің”).

Қорыта келгенде мыналарды атап көрсеткен жөн: әңгіме, аңыздарға қарағанда, Асан Қайғы ХҮ ғасырдағы қазақтың ханы Әз Жәнібектің тұсында жасаған белгілі тұлға болып саналады. Ол өмірінің соңғы кездерінде туған халқының алғаш рет өз алдына шанырақ көтеріп, ұлт болып қалыптасу кезеңін көзбен көрсе де, патша өкіметінің отаршылдық саясатынан сақтану қажеттігін, бұл үшін “Жерұйыққа” көшудің тиімділігін өз жырларына арқау етті. Жыраудың ел жүрегіне ұялаған толғаулары, жер, қоныс туралы айтқан сын, бағалары халқымен әлі күнге дейін бірге жасап келеді.

Асан Қайғының әдебиетіміздегі жыраулық дәстүрді қалыптастырудағы еңбегі орасан зор. Асан Қайғы жасаған бейнелер мен ол армандаған заман халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық, тәуелсіздік үшін қантөгіс күрестерінде болашақ бақытты өмірге үндейтін бостандық жаршысына айналды, оның өр тұлғасының да сол ақ жарқын күйінде елімен бірге мәңгі жасай беретіні сөзсіз.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Алтын Орда заманындағы ноғайлы-казак дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Ноғайлы аталып, артынан бір-бірінен бөлініп кеткен түбі бір, тілі бір түркі тектес тайпалардың, шынтуайтқа келгенде, сол кезде жеке халық болып қалыптасқан казактардың бай әдебиеті акын-жыраулар поэзиясының бастауында тұрған үлкен эпик. Оның шығармалары бүгінгі уақытқа толық жеткен жоқ, көбі мүлде ұмыт қалса, қолда бары, баспа бетін көріп келе жатқандары үзінді күйінде ғана акын мұрасынан азды-көпті мағлұмат береді. Қазтуған жыраудың өлеңдері «Ертедегі әдебиет нұсқалары» /1967/, «Алдаспан» /1971/, «XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы» /1982/, «Бес ғасыр жырлайды» /1984/, «Ұлы арман» /1990/ жинақтарында, Ленинградтан тұңғыш рет орыс тілінде жарық көрген «Поэты Казахстана» /1978/, Алматыда басылып шыққан «Поэты пяти веков» /1994/ жинақтарында басылды. Жырау өмірі мен шығармашылығы туралы азды-көпті болсын С.Сейфуллин, М.Мағауин, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдиықов, Х.Сүйіншәлиев, Ж.Тілепов сияқты белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар қалам тербеді.¹

Қазтуғанның XV ғасырда өмір сүрген Ноғайлы бағыры, биі әрі акын-жырау екені анық. Алайда ол туралы деректер өте жұтан. Сол себепті де жоғарыда аталған ғалымдардың ол туралы азды-көпті жазды деуіміз де осыған саяды. Бұған дейін барлығымыз негізге алып келген жалғыз ғана мәлімет – XIX ғасырдағы көрнекті казак акыны Мұрат Мөнкеұлының «Қазтуған» толғауында айтқандай,

¹ Сейфуллин С. Шығармалар А., 1964. 6-т; Мағауин М. Ғасырлар бедері. А., 1991; Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. А., 1990; Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. А., 1993; Сүйіншәлиев. XV-XVIII ғасырлардағы казак әдебиеті. А., 1992; Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. А., 1995.

Қазтуған жыраудың қонысы «Жайықтың күнбатыс жеріндегі Нарын, Қабыршақты, Қаралау деген жерлер екен»². Жау жағадан алып, қысылтаян кез туған шақта Қазтуған елін аман сақтап қалу мақсатында жұртты бастап Қазақстанның күншығыс жағына Еділ, Жайықтан ауған деседі. Оның басты себебі — заман құтты қоныс болған туған жердің жайсыз мекенге айналып, ел бірлігінің қожырай бастауынан болса керек. Ел қамын ойлап, халық мұнын жоқтаған Қазтуғандай жаужүрек батыр, қол бастаған басшы жұртты сонынан ерте білді, елінің болашағын толғанып, оны аман-есен сақтай алуды перзенттік парызы деп білді.

Қазтуғанның ақындық қуатын танытып, жыраулық жыр жолдарын биікке көтерген шығармалары санаулы ғана: «Алан да алан, алан жұрт», «Бұдырайған екі шекелі», «Белгілі биік көк сенгір» деп басталып, бүгінгі ұрпаққа сақталып жеткен үш жырының өзі оның үлкен эпик болғанын дәлелдейді.

Қазтуған жырларының шоктығы биік шығарма — оның туған жермен қоштасу жыры.

Алан да алан, алан жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұ Сүйініш,
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт...

деген жыр жолдары арқылы туған жерінен еріксіз үдере көшкен ел көрінісі көз алдымызға келіп, адамды елітіп елжіретер сөз тіркестері түйдек-түйдек ағытылады.

Салп — салпыншақ, анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер
Жабағылы жас тайлак,
Жардай атан болған жер...

Шиыршық атып шымырқанған тебіреністен туған бұл тенеулер батыр жыраудың туған жерге сағынышын, шексіз махаббатын білдіріп, ақындық қиял ұшқырлығы мен өршіл романтикалық шығармашылық шеберлігін дәлелдей түседі.

² Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991. 121-б.

Казтуған жырларында оның акындық ерлігі мен шырқау биігін көрсетер тұс — ол жырды кім шығарғанын нақтылы дәлелдейтін:

Бұлт болған айды ашқан,
 Мұнар болған күнді ашқан,
 Мұсылман мен кәпірдің,
 Арасынан өтіп, бұзып дінді ашқан,
 Сүйіншіұлы Казтуған!

деген жолдар арқылы казактын ноғайлы дәуіріндегі төл әдебиетінің жана белесінің бір қырынан сыр береді. Өз шығармаларын ауызша шығарып таратқан Казтуған сияқты дүлдүл жырау тек осылай ғана өз есімін жырларында ерекше атап өту арқылы авторлығына дау тудырмастай амалды сол заманда-ақ білдіргендей елес қалдырады.

Бұл сол кезде жеке жыраулардың, батырлардың сөзі үлгісінде туған толғау ретінде ноғайлы дәуіріндегі ерлік, батырлық жырдың алғашқы нұсқасы, яғни “Қазіргі ноғай, қаракалпак, казак т.б. халықтардың тарихи кезенге, уақытқа телінген ауызекі поэзиясының үлгісі деп қарау . “Бұдырайған екі шекелі...” деп басталатын толғау өлең жыраудың өзіне дейінгі акындық сөз өнерінен алған үлгі-өнеге негізінде өмірге келген жыр. Көлемі жағынан аз ғана осы жыр үзіндісінің өзі Қазтуғаннан кейінгі акындар мен жыраулар шығармашылығына үлкен ықпал етті, накыл, такпак, макал-мәтел үлгісіндегі жыраудың терең толғанысты ой үрдістері казак поэзиясына үлкен таусылмас казына болды.

“Бұдырайған екі шекелі...” толғауы жыраулық поэзияда ұшырасатын баска толғаулардан окшауланып тұратын көркемдік өзгешеліктерімен ерекшеленеді.. Жырау өзін таныстыру монологы арқылы шағын толғауға каймыкпас кайсар “мұздай үлкен көбелі” батыр “қойдың көсемі” іспетті елін сонына ерте білер басшы, халықты аузына каратып, кара кылды как жарғызған ділмар шешеннің жиынтык бейнесін сиғыза білген. Мұның өзі жырау жай ғана карапайым адам емес, жеке басы бірнеше өнерді меңгерген сегіз кырлы, бір сырлы жан екенін аңғартса керек.

Осы толғаудағы “бұдырайған екі шекесі”, “мұздай үлкен көбелі”, “айдаса қойдың көсемі” және т.б. сөз тіркестеріндегі ойнақты, аскак тенеулер жырға шырай келтіріп, көркемдік ізденіс,

тапқыр да айшықты ой иірімдері байқалады, “Ұстаса қашағынын ұзын құрығы” деген бір жолдың өзі ғана көшпелі дала өмірін көз алдымызға әкеліп, буырқанған бұла күш иесіне тенеген көркемдік ерекшелікті аңғартады.

Қазтуғанның “Алаң да алаң, алаң жұрт” деп басталатын толғауы да жыраулық поэзияның көркемдік қуаты жағынан шебер жасалған үлгілерінің бірі.

Ақын шығармалары көлем жағынан шағын болып келгенімен негізгі тұспалдар ойы, ішкі мазмұны жағынан ерлік рухы, батырлыққа тән қасиеттер анық сезіліп, жыраулық поэзияның айшықты ерекшеліктерімен бедерленеді. Бұл жырларда бір ғана жырау атымен сақталып келген жыраулық үрдіс поэзияның нағыз қаһармандық үні, жауға қарсы қаймықпас атой салған батырлық лебі басым.

Қорыта айтқанда, Қазтуған Сүйінішұлы Сыпыра жырау негізін салған көнеден келе жатқан толғау үлкен үлес қосты, жауынгер ақынның дала поэзиясына тән көркем тіркестерге бай жырлары қазақ әдебиеті тарихында өшпестей із қалдырды.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Жыраулық поэзия туралы сөз қозғағанда ноғайлы дәуіріндегі әдебиет мұраларына біржақты қарап, оның ірі өкілдерін қазақ, қарақалпақ, ноғайдың әрқайсысына еншілеп келдік. Ал шын мәнінде, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жырларын “төрде басы, төскейде малы бір болған, түбі бір туысқан, тілі етене жақын осы халықтардың төл шығармалары дегеннен гөрі ортақ туындылар деп таныған жөн болар еді. Мұның өзіндік тарихи сыры бар: Еділ мен Жайық арасын ноғайлар мен “қара бөріктілер” /қарақалпақтар/, осы өңір мен оған жапсарлас Сарыарқаны қазақтар жайлап, аралас-құралас отырған бауырлас үш халықтың әдебиеті бір арнадан тарады да, XV-XVI ғасырларда бұл халықтардың аражігі соншалықты ашылған жоқ. Үш халық ішінде бәріне ортақ ру аттарының кездесуі де осы туыскандық төркінінен болар.

Сол себепті де ауылы аралас, қойы қоралас, тілі бір, тіпті әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі де бір үш халық арасында Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет аттары бірдей таралып, қазақ, қарақалпақ, ноғайға ортақ тұлғалар болып танылған. Сондықтан да алғаш рет көрнекті қазақ ақыны Ғұмар Қараш “Ғабдолла Мұштак” деген бүркеніш есіммен құрастырып, 1910 жылы Орынборда шығарған “Шаир яки қазақ ақындарының басты жырлары” жинағында олардың жырларын жариялады да, бұл кейін жыраулар шығармаларының белгілі жазушы ғалым М.Мағауин құрастырған “Алдаспан” /1971/, “Бес ғасыр жырлайды” /1984, 1989/ жинақтарында, “Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет хрестоматиясында” /1993/ жарық көруіне негіз болды. Сонымен бірге Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз шығармалары ноғай әдебиетінің өкілі ретінде М.Османов құрастырған “Ноғай уа

құмық шиғырлары” /СПб., 1883/, А.Жәнібек құрастырған “Ауыл поэзиясы иә де ноғай әдебиеті” /Мақашқала, 1935/, “Яшқав сокпактары” /Черкасск, 1979/ жинақтарына еніп, А.Сикалиевтің “Сынап қарап, сырласып...”. атты зерттеуінде /Черкасск, 1975/ олар ноғай ақындары ретінде, ал К.Мәмбетовтың Нөкісте шығатын “Әмударья” журналында жарияланған мақаласында /1972. № 9/ карақалпақ жыраулары ретінде зерттеледі.

Қазақ, карақалпақ және ноғай халықтары бірге өмір сүрген кез жыраулық поэзияның алтын дәуірі болды. Сол себепті де бөле жаратын ештеңе жоқ екенін айта келіп, “бұл сипаттас біраз сөз үлгілеріне қазақ, ноғай карақалпақ, т.б. халықтардың ортақ еншілігі бар мұра ретінде қарау керек” деген Қ.Өмірәлиев¹ пікірі мен бұл нұсқаларды осы халықтарға ортақ туындылар деп тану қажеттігін айтқан Р.Сыздықова² ойын толық қостаған дұрыс.

Үш халық құраған “Ноғайлы цикліндегі” әдебиетте үшеуінің де еншісі бар. Осы дәуірге тән жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінде кең арнамен дамыды да, ата-ана жер үшін, атамекен ел үшін “ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен” қан төгіп, “ақ табан шұбырынды” заманын бастан кешкен халқымыз өлең-жыр өзегін кейінгі ұрпақтарға аман-есен жеткізді. Ғасырлар қойнауынан үзік күйінде болсын жеткен сондай асыл мұраның бірі – қазақ пен ноғайға да, карақалпаққа да ортақ Доспамбет жырлары.

Қазақ халқының өз атымен өмір сүруі XV ғасырдың орта шені десек, осы кезден басталатын қазақтың төл әдебиетіне өзіндік үлес қосқан, сол замандағы әлеуметтік іс-шаралардың бел ортасында болып, ерлігімен де, өрлігімен де, хас батырлығымен де, өр рухты жырларымен де ел құрметіне бөленген көрнекті ақын-жыраудың бірі Доспамбет жырау.

Доспамбет – тарихи тұлға. Ноғайлының атакты биі Мамайдың заманында, яғни XVI ғасырдың орта тұсында Азов теңізі түбінде өз алдына жеке ел болған Азулы ноғайлылардың басшысы, ел қорғаны, қол бастаған батыры немесе Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағасы. Жырау өз есіміне Аймадет пен Доспамбетті екі батыр деп қарастырады,³ ноғай әдебиетінде Доспамбет Азаулы деген сөз тіркесімен ғана шектеледі. Аймадет пен Доспамбеттің бір адам екендігі туралы М.Мағауин: “Бұл оның руының не

¹ Өмірәлиев К. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1976. 15–6.

² Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1993. 75–76–66.

³ Әмударья. 1972. № 97. 121–6.

тайпасының аты болса керек”... Ноғай тайпалары кейде өздерінің билерінің немесе мекен еткен жерлерінің атымен де атала береді екен. Әрине, ондай тайпалардың біраз уақыт өткен соң есімін өзгертуіне тура келеді. “Аймадет” те сондай атаулардың бірі болуға тиіс деп,⁴ дәлелді пікір айтады. Қазақта да ру атымен қосақтап айтылатын Албан Асан, Әубәкір Кердері, т.б. ақындар біршама. Сондықтан да Аймадет, Доспамбеттің бір кісі екенінде еш күмән жоқ.

Жыраудың бүгінге жеткен мұрасы аз ғана — бар жоғы 160 жолдың көлемінде. Осы жыр үзінділерінің өзіне карап, оның шығармаларының тікелей жорық үстінде, ұрыс майданында туғанына көзіміз жетеді. Себебі оның қазір қолда бар шағын толғауларында жырау өмірімен қоштасар алдындағы адам кейпінде өткен дәуренінің мән-мағынасы туралы терең тебіреніп ой қозғайды. Жаралы жауынгер-жыраудың көркем бейнеленген шұрайлы тіл арқылы өткен өмірімен кимай қоштасуы, ішкі кайғы мен өкініштің атқарылып шыққан зарлы мұңы, кейінгі ұрпаққа арнай сөйлеген жыр аманаты елес береді. Солай болғанмен де оның жырларындағы басты қазық — ақынның туған жеріне, еліне деген ыстық махаббаты, ынта сезімі. Бұл қасиетті ұғым жолында туған жерін жаудан қорғау — жырау үшін басты азаматтық парыз. Сол себепті де ол жауынгерлік жорық жолдарын тебірене еске алып, жырға қосады.

Доспамбет жырлары — майдан, ұрыс кезеңінің жылнамасы іспетті. Оның жырларында ел үшін, жер үшін айқас, жаралы жыраудың өлім мен өмір арасында киналған арпалысты сәттері ерекше әсер қалдырып, жорық кезіндегі кайсар қылықтармен өршелене жауға ұмтылған ержүрек ерлердің кимыл-әрекеті көркем бейнеленеді. Бұл жырлар қазақтың қаһармандық поэзиясының нағыз бастапқы кайнар бастаулары.

Доспамбет поэзиясына тән үлкен бір ерекшелік — оның өлең толғауларындағы айтылған ой қазақ мақал-мәтелдерімен астасып, ішкі мағынасы жағынан болсын, сыртқы айтылу түрі, ұйқасы, салыстыру ерекшеліктері жағынан болсын үндесіп, қоғамдық құбылыс жөнінде нақты сөз өрнегі беріледі.

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,

⁴ Мағауин М. Ғасырлар бедері. А., 1991. 35-б.

Аймадетке оқ тиді,
 Отыз екі омыртқа буынынан.
 Зырлап аққан кара қан
 Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
 Сак етер тиді саныма,
 Саксырым толы қаныма.

деген жыр жолдарында көшпенділер дәуіріндегі жан жүрегімен еліне берілген нағыз батыр жыраудың, өр акынның бейнесі зерделенген:

Доспамбет жырларында айшықты көркем тенеулер, сырлы суреттер, өрнекті ойлар, образ символдар көп кездеседі. Мысалы:

Туған айдай нұрланып,
 Дулыға кидім өкінбен

деген жолдардан жай ғана салыстыру, құбылыс мәнін ашу мақсат етілмеген. Бұл үзіндіде, керісінше, нақтылы зат, құбылысқа айқын ой, бедерлі бояу, маңызды мазмұн беру байқалады.

Жырау толғауларында батырдың жорық пен майдандағы басты серігі — ат пен жылқы маңызына ерекше мән берілген. Халқымыздың сол замандағы басты байлығының бірі, ер канаты — жылқыны үстірт сөзбен суреттемейді, керісінше, жауынгер жырау мінер арғымақты мінсе — көлік, шапса — тұлпар, ішсе — сусын ретінде қараған, ел тағдырымен етене құбылыс ретінде таныған.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,
 Арғымақ мінген өкінбес...
 Торы төбел ат мініп,
 Той тойлаған өкінбес! —

деген жыр жолдары осы ойды айқындай түседі.

Касиетті өзен Жайық бойы ежелден тұнған тарих болса, жауынгер жырау жырларында Жайық азаттық жолындағы күрес тарихының ұйтқысындай елес береді.

Айналайын Ақ Жайық,
 Ат салмай өтер күн қайда?!

деген жыр жолдарындағы жорықтың асқак үнді, өршіл рухты сарыны Ақ Жайық бейнесімен астасып, бейбіт күндерді ансаған темірқазық іспетті. Мұның өзі жыраудың ерлікті дәріптеумен бірге бейбіт өмірді армандағанын білдіреді.

Доспамбет поэзиясы шығармаларының аздығына карамастан ғұмырлы, қашан да мәңгілік. Оның толғаулары өзінің мән-

маңызы, ішкі толғанысы жағынан болсын, алып дiңгектер сияқты үлкен әлеуметтік жүк арқалап тұр. Жырау жырлары тарихтың талай аласапыран оқиғаларының арасында адасып жоғалып кетпей бiзге келiп жеттi де, рухани бастаулардың қуатты көзi бола отырып, шығармашылығы мен күрескерлiгi өзiмен үндес XVIII ғасырдағы әдебиеттiң iрi өкiлi Ақтамбердi мен XIX ғасырдағы өршiл рухты азамат ақын Махамбет поэзиясына және одан кейiнгi бүкiл әдебиет дамуына игi әсерiн тигiздi.

Жырау шығармаларының кеңiнен тарап, дәстүрiн дамытқан ортасы — казак ортасы. Доспамбет есiмiнiң казак жыраулар поэзиясының көшбасшылары қатарында аталуы да осыған саяды. Қай шығарма болсын өз алдына жеке пайда болмайды, оны орта тудырады. Доспамбет шығармалары да ноғай топырағында туып, казак ортасында дамыды. Сондықтан да жырау туындылары бүкiл әдебиетiмiздiң жемiсi болып табылады да, халықтың рухани күш-қуаты мен мәдени қарым-қабiлетiнiң артуына орай кейiнгi ұрпақ бұл өршiл де асқақ сезiмге толы жыр жолдарынан бiздiң адамгершiлiк қайнар көзiмiздiң бастаулары мен ерлiк рухын, көркем сөз күдiретiн танып ашады.

ШАЛКИІЗ (ШӘЛГЕЗ) ЖЫРАУ

XV ғасырда өмір сүрген көрнекті жыраулардың бірі – Шәлгез (Шалкиіз). Оның шығармалары казак, ноғай, каракалпак халықтары арасына кең тараған. Біздің қолымызда бар деректерге қарағанда Шәлгез шығармаларының алғаш қағаз бетіне түсуі XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұған дәлел – жырау өлеңдерінің 1874 жылы жазылған “Қазак өлеңдері мен хиссалары” дейтін көне дәптерде кездесуі. Бұл дәптер Башқұрт академиясы жанындағы Ғылыми архивтің қолжазба бөлімінде сақталады. Араб әрпімен жазылған осы дәптердің кейбір парақтары жыртылған. Соңғы бетінде 1691 мүкәрәм алхірам 13, 1874 февраль 18, Дәулетмырза Сүнчіғли Заде” деген жазу бар. “Ибрагимь Давлетовыхь Шейх-али” деген жазулы мөр соғылған. “Ибрагим Шейхали” деп қойылған. Аталмыш дәптерді филология ғылымының докторы Ғ.Хұсайынов бастаған археологиялық экспедиция 1976 жылы 1 маусымда Башқұрт АССР-ы Чишминский ауданындағы Ар деревнясынан татар, башқұрт тұрғындары арасынан тапқан. Әдебиет және өнер институтына Уфа архивінен дәптер көшірмесін алып келген осы жолдардың авторы.

Бұл дәптерде казак, ноғай әдебиетінің көне дәуіріне қатысты көптеген жыраулар мұрасы (Доспамбет, Қазтуған, Шәлгез, т.б.) мен “Орак, Мамай”, “Әділ сұлтан” сияқты жырлар бар. Ноғай, құмық ауыз әдебиетінің тұңғыш жинап бастырушы құмық ақыны Могомед Османов (1840-1904) құрастырып жариялаған “Ноғай уә құмық шиғырлары” (Санкт-Петербург, 1883) деген жинақтың ноғай, құмық жырлары бөліміндегі көптеген өлеңдер Уфа дәптеріндегі жырлардың ұқсастығы ғылым үшін мәнді деректер берері хақ. Дәптердегі жазуларға қарағанда жырларды көшіруші Дәулетмырза да, дәптер иесі Ибрагим Шейхалы сияқты. Ал, сол Дәулетмырза мен Ибрагим кім? М.Османов жинағының бір

арнасы осы дәптер ме? Әлде Дәулетмырза М.Османов жинаған материалдардан көшірді ме? Немесе М.Османов пен дәптер иесі Ибрагим Шейхалы екеуі де бұл мұраларды ел арасынан қатар жинады ма? Олардың арақатынасы қандай еді? Бұл — келешекте арнайы анықтауды қажет ететін дербес мәселелер. Қалай болғанда да осы дәптердегі мұралар — казак, ноғай әдебиетінің көне дәуірінен көптеген мәлімет беретін қымбат қазына. Аталған дәптерде Шәлгездің “Арық хан...”, “Қатынасы биік күлләрден”, “Боз үстіне от яккан би Темір”, “Менің иям би Темірдің тұсында” деп басталатын алты өлені бар. Бір ғасыр бұрын қағаз бетіне түскен бұл текстерде кейінгі басылымдарға карағанда сол дәуірдің жазу стилі мол сақталған. Алайда тексте елеулі алшақтық жоқтың қасы.

Шәлгездің “Аспанды бұлт құрсайды”, “Қарабас құспен шалдырып” деп басталатын көлемді толғаулары алғаш рет 1875 жылы “Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества” жинағында жарық көрді. Бұл жинақта би Темірге айтқан екі толғауы (“Аспанды бұлт құрсайды”, “Қарабас құспен шалдырып”) бір тұтас, жалғас жарияланған. Араб әрпіндегі қазақша тексті мен орысша тексті қатар, салыстырыла берілген. Аталмыш толғаулардың күні бүгінге дейінгі басылымдарының ішіндегі ең толық нұсқасы — осы жинақтағы текстер. Аталған жинақтағы Шәлгез толғауларының И.Н.Распопов аударған орысша тексті 1885 жылы екінші рет басылады, кейбір кітаптар мен мерзімді баспасөз беттерінде жариялана бастайды¹.

Шәлгез жыраудың өнегелік мәні зор өміршең толғаулары ағартушы Ы.Алтынсарин хрестоматиясынан да елеулі орын алғанын көреміз². Алтынсарин Шәлгездің Би Темірге айтқаны (“Аспанды бұлт құрсайды”) толғауын ағартушылық мақсатына орай өзінше тақырып қойып, “Тобылғының берігі”, “Бостаны бар-ды теректің”, “Айдыңға шүйсен тарлан шүй”, “Бар күшінді сынамай”, “Жаксы да келер бұ көпке” деп басталатын шумақтарын қыскартып, кейбір шумақтарын ғана жариялаған. Алтынсарин хрестоматияны кәрі құлақ ересек адамдарға емес, жас балаларға арнағандықтан, солардың ұғымына орай толғауға

¹ Песня Шалкиза хану Битемиру // “Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенные в русские стихи И.Р.Оренбург, 1885. с. 6-16; Песня Шалкиза хану Битемиру // — А. Харузин. Киргизы Букесвский орды. Москва, 1889, с. 136; “Астраханский вестник”, 1893, № 1216.

² Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879, с. 69-71; Издание второе. Оренбург, 1906, с. 76-78.

“Бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі” деген жалпылама, жеңілдеу тақырып қойып, “Ау хан ием, хан ием” деген алғашқы жолын өз жанынан қосқан, кейбір сөздерін өзгертіп қолданған. Мысалы: Шәлгез толғауындағы “Аспанды бұлт күрсайды” – Ы.Алтынсаринде “Айды бұлт күрсайды” немесе “Сұлтан ием, сен менің, Бармай тапқан қағбамсын” – Ы.Алтынсарин хрестоматиясында “Таксыр, менің бір күнде, сен бармай тапқан кебемсің” болып келеді.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрсе де казак зерттеушілерінің назарына кеш ілінген Шәлгез жырларының М.Османов жинағы мен В.В.Радлов кітабындағы³ текстері. М.Оспанов жинағында жарияланған “Аспанды бұлт күрсайды”, “Шағырмак бұлт жай тастар” толғауларының үзінділері мен “Арық хан”, “Катынасы биік көлдерден”, “Боз үстіне от жакқан” толғаулары, В.В.Радлов кітабындағы “Би Темірді хажы сапарынан токтатуға айтқаны” толғауының әңгіме түрі “Шалкиіз” және “Шағырмак бұлт жай тастар” толғауының үзінділері (“Байтеректің иайкалмағы йелден-дір”) жырау шығармаларының ноғай, құмықтар арасына тараған нұсқалары еді. Бұл нұсқалардың құндылығы сол – ноғай, құмық халықтары Шәлгез сынды сөз зергерінің асыл мұрасын сан ғасыр бойы ұмытпай елеулі өзгеріссіз сақтауы. Әйтсе де, В.В.Радлов кітабындағы Шәлгез жолдары ноғайлар арасынан кейінірек жиналған және казак еліне тараған нұсқаларымен салыстырғанда біраз сыр аңғаруға болады. В.В.Радловтағы “Шалкиіз” әңгімесінде келтірілген “Менің ием Ша-Темір” деп басталатын он тармақ казактар арасынан жазылған нұскасынан айырмасы аз екендігі байқалады, тек қана би Темірді Ша Темір (Шах Темір – Аксақ Темір – Қ.С.) деп жансақ жазған. Ал, В.В.Радлов кітабындағы екінші толғау мынадай:

Бәйтеректің иайкалмағы йелден-дір,
 Қарт терек йапырағы ол береннің белден-дір,
 Төрелердің кешінмесі елден-дір,
 Ак киіктің йүгірмесі майдан-дыр.
 Ойнайық, достылар, күлейік,
 Ажалымыз алда білер қайдан-дыр.

³ Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VII. СПб. 1896, с. 210, 224-226

Бұдан 73 жыл кейін А.Сикалиев жариялаған текстiге назар аударайық:

Япырағы ясыл ала байтерек,
 Яйқалмағы желдендир,
 Ясармағы колдендир Япырағы береннин
 Түсе қалса белдендир.
 Төредердин кишинмеги элдендир,
 Кунадыл мен кийиктин
 Ойнар ери майдандир,
 Ювырмағы аркасында майдандир
 Аласадын ишер сувы сайдандир,
 Арғымактын ат болары сойдандир.
 Кундызды кырпув борк кийип,
 Байлардын мактанбагы малдандир.
 Яхшылардын акыл таппак ойдандир,
 Ийгитлердин сыпайы болмак бойдандир.
 Ялан кылыш байланып,
 Ата ұлы әр ийгиттин
 Яу кайтармак сойдандир.
 Ойнайык, дослар, күлейик,
 Ажалымыз, Алла билер кайдандир.

(“Ленин жолы”. КПСС Карашай-Черкес облысының және еңбекшілер депутаттарының облыстық советінің органы. № 107, 6 сентябрь, 1969).

Ертелі-кешті ноғайлар арасынан жазылған бұл екі текстен бірден байқалатын сыр бірінің — 6, екіншісінің — 20 жолдан тұратындығы. В.В.Радлов тексіндегі ой А.Сикалиев тексінде түгелдей қамтылады және өлең сөздері, ұйқастары ұқсас келеді. Сонымен қатар айтылған ойды көріктендіре түсетін “құндызылы кырпув борк кийип” дегендей образды жолдар, ат жақсысы мен жігіт жақсысын санамалап, салыстыра беретін терме, толғауға тән дәстүрлі суреттеулер кездеседі. Алайда жыр ұйқасында “Майдандыр”, “сондандыр” сияқты сөздердің қайталанып келуі толғаудың логикалық жүйесінің шашыраңқылығын танытады.

Ноғайлар арасынан жазылған бұл екі текстiң түп-төркіні — М.Османов жинағынан кездеседі. Себебі, аталмыш жинақ В.В.Радлов кітабынан — 13, А.Сикалиев жариялануынан — 86

жыл бұрын жарық көрген. Және бір ерекшелігі М.Османов жинағындағы текст қазақтар арасынан жазылып, жарияланған Арыстанғали Берқалиұғлының “Ақын”⁴ жинағындағы 8 тармақтан тұратын текспен бірдейге жақын.

Жалп-жалп еткен бәйтерек
 Жайқалмағы желден-дүр.
 Шалулығы белден-дүр.
 Төренің кежігуі елден-дүр.
 Байлардың мақтанбағы малдан-дүр.
 Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
 Кешу-кешмек сайдан-дүр,
 Батыр болмақ сойдан-дүр,
 Жаланаш барып жауға ти,
 Тәнірі өзі біледі,
 Ажалымыз қайдан-дүр.

Арыстанғали Берқалиұлы жинағын негізге алып М.Османов тексі бойынша толықтырылған бұл нұсқа Шәлгез жыраудың “Шағырмақ бұлт жай тастар” толғауындағы шумақтардың бірі В.В.Радлов, А.Сикалиев текстеріне карағанда логикалық жинақтылығы басым, әрі көркем. Демек, В.В.Радлов, А.Сикалиев текстерінде айтушылардың азды-көпті қоспасы, жүйесіздігі болғанымен “Жапырағы жасыл жау теректің” түп-негізі саналатын М.Оспанов, А.Берқалиұғлы нұсқаларына карағанда қазақ, ноғай халықтарында сақталған Шәлгез жырларының көп өзгеріске ұшырамағаны байқалады.

Октябрь революциясына дейінгі дәуірде Шәлгез шығармаларын қазақ даласына кеңірек таратып, таныстырған ХХ ғасыр басында жарық көрген “Жақсы үгіт” (Қазан, 1908), “Ақын” (Қазан, 1912), “Шайыр...” (Орынбор, 1910-1912), “Көксілдер...” (Орынбор, 1910-1912) жинақтары болды. Шәлгездің “Жақсы үгітте” – “Би Темірге айтқаны”, “Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқаны” толғауларының толық нұсқалары, “Ақында” – “Шағырмақ бұлт жай тастар”, “Көксілдерде” – “Би Темірге айтқаны”, “Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқаны” толғауларының үзінділері, “Шайырда” – “Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқаны”⁴ толғауының үзіндісі жарияланды.

⁴ Берқалиұғлы А. Ақын. Қазан, 1912. 14-16-66.

Октябрьге дейінгі өзге акын, жырауларға қарағанда Шөлгез жырларының бүгінгі ұрпаққа жетуінде бір ерекшелік бар. Бірқатар жыраулар сөзі ел аузынан күні кеше ғана жазылса, ал Шөлгез шығармаларының ең берісі ХХ ғасырдың бас кезінде қағаз бетіне түскен. Ғылыми архивтерге соңғы жылдары ел арасынан жиналған жырлардың өзі осы ғасырдың бас кезінде жарық көрген жинақтардан жаттаған нұсқалар боп келеді. Мұның өзі Шөлгез жырларының ел арасында көне жырды көп білген кәрі құлақ қариялардың мол кезінде, бағзы сөз жүйесі аса көп өзгеріске ұшырамаған күйде қағазға түсіп үлгергенін аңғартады.

С.Сейфуллин жазғандай⁵ ноғайлы дәуіріне жататын жырлар ноғай, қазақ бірге жайлаған бағзы Еділ, Жайық бойын қоныс еткен қазақтар арасында молырақ сақталған. С.Сейфуллиннің: “Радлов жинап бастырған ноғай елінің ескі ел әдебиетіндегі әңгімелердің, жырлардың бәрі де қазіргі қазақ атаулы елдің ескі ауыз әдебиетінде бар деуге болады. Радлов жинап бастырған ноғай еліндегілерден толығырақ айтылады”⁶, — деуінің де қисыны бар. Шөлгездің ең көлемді, көркемдігі жоғары туындылары да Т.А.Сейдалин, С.А.Жантурин, Ғ.Мұштак, А.Беркалиұғлы сияқты қазақ жинаушылары мен бастырушылары арқасында жарық көрген. Мысалы, Ғабдолла Мұштак Еділ, Жайық аймағына кен тараған көне жырларды, өзі жастайынан естіп, жаттап өскен Алшын тайпасы Ноғайлы-Қояс руынан (өзі де сол Қоястан — Қ.С.) шыққан батыр жырау Шөлгез мұраларын Шәңгерей Бөкеев қамқорлығымен “Шайыр”, “Көксілдер” жинақтарында жариялайды.

Жоғарыда аталған жинақтарда көне мұраларды қазақ, ноғайлар арасындағы кәрі құлақ қариялардан, акын, жырау, жыршылардан тірнектеп жинап, кей ретте өздеріне дейін жеткен жазбалардан көшіріп қағаз бетіне түсірген, не жариялатқан, сөйтіп халықтық асыл қазыналардың өмірін ұзартқан Ибрагим Шейхали (1874), Т.А.Сейдалин, С.А.Жантурин, И.Н.Распопов (1875), Ы.Алтынсарин (1879), М.Османов (1883), М.Бекмұхамедов (1908), Ғ.Мұштак (1910), А.Беркалиұғлы (1910-1912) еңбектері ерекше атауға лайық. Бұлар атадан балаға, баба жыраулардан жас жыршыға ұласып, халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан асыл туындыларды тарихқа әйгілеп, жоғалмас мұраға айналдырған игі еңбек иелері

⁵ Сейфуллин С. Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964. 319-б.

⁶ Сонда, 327-б.

еді. Бұл дәстүр Қазан төңкерісінен кейін де үрдіс дами түсті. Бұрын жекелеген адамдар мен қоғамдардың жігер, ынтасы арқасында ғана жүзеге асқан жинау, жариялау істеріне кенестік дәуір мол мүмкіндік туғызды, жоспарлы мемлекеттік қажетті жұмысқа айналдырды.

Шәлгез шығармалары кеңес жылдарында М.Османов дәстүрін жалғастырып, 1905-1934 жылдарда ноғай ауылдары арасынан “Сөз қазынасы” аталатын төрт томдық әдеби мұра жинаған ноғай оқытушысы, фольклорист Абдулгамид Жәнібековтің⁷, сондай-ақ ноғай мектептеріне арналған әдеби оқулықтардың авторы, ноғай жазушысы Б.Абдуллин⁸ кітаптарында кездеседі. Бұл екі кітапта да жарияланған “Шағырмақ бұлт жай тастай” толғауының жекелеген үзінділері еді. Толық нұсқасы А.Беркалиұғлының “Ақын” жинағында жарияланған бұл толғаудағы, мағынасы дүдәмал сөздерді анықтауда, кейбір шумақтарын толықтыруда Ә.Жәнібек, Б.Абдуллин кітаптарындағы текстер елеулі роль атқарады.

Шәлгез шығармалары кенестік дәуірде казак тілінде “Ертедегі әдебиет нұсқалары” (1957) хрестоматиясында, “Алдаспан” (1971), “Поэты Казахстана” (1978) жинақтарында басылды және республикалық газеттерде жарияланды. Республика Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет тарихы бөлімі дайындаған ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы казак ақын, жыраулар мұрасының ғылыми басылымы жарық көрді. Бұл істер — есімдері көмескі тарта бастаған ақын, жыраулар мұрасын халық назарына ұсыну жолындағы игі қадамдар еді. Және бұл басылымдардың бір артықшылығы — бұрын әрқилы антологиялар мен архив қазынасындағы Шәлгез жырларын біркелкі жинақтап беруінде.

Ноғайлар арасындағы көне әдебиет нұсқаларын жинап, зерттеумен айналысып жүрген филология ғылымының кандидаты Ашим Сикалиев Шәлгез жырларын газеттерде (“Ленин жолы”, № 107, 6 қыркүйек, 1969; № 40, 4 сәуір, 1970) жариялады. Ноғай арасында тараған Шәлгез шығармаларының қатарынан бұрыннан казак жұртшылығына таныс өлендермен бірге жана текстерді де кездестіреміз. Мысалы, “Шағырмақ бұлт жай тастар” толғауының “Жапырағы жасыл жаутерек” тирадасының ноғайлар арасындағы нұсқасы “Байтерек” (“Япырағы ясыл ала байтерек”) аталады. Негізгі мазмұны бір болғанымен екі нұсканың әрқайсысында екі

⁷ Ауыл поэзиясы на де ноғай ел әдебиеті. I бөлік. Мақашкала, 1935.

⁸ Литературадан хрестоматия. Мақашкала, 1935.

халықтың өзіндік сөз өрнегіне байланысты туған кейбір өзгерістері де бар. Немесе сол толғаудағы “Жапалак ұшпас жасыл тау” деп басталатын шумақ қазақша нұсқасында – 4, ал ноғайшасында – 12 жол. Алғашқы төрт жол екі нұсқада да бірдейге жуық. Қазақша тексі:

Жапалак ұшпас жасыл тау,
Жаксылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам жаманның,
Жаландаған өз басына тілі жау⁹

ноғайшасы:

Япалак ұшпас ясыл тау,
Яхшылардың басы сау.
Сөйлей билмес яманның,
Сөйлегенде өз басына тили яу.

Ноғайша нұсқасында қазақша текстегі “Жаксылардың өзі өлсе де, сөзі сау” деген ойды тарата, дамыта толғаған. Сондықтан, бұл нұсқа дербес тексті есебінде қабылдауға лайық. Сондай-ақ, А.Сикалиев жариялаған Шәлгез шығармаларының қатарында “Эменнен айыры шыққан бұтақпан” (8 жол), “Ярлыкка септи деп” (20 жол), “Эдидлим” (33 жол), “Карангида турган эдим, тандыр деп” (8 жол), “Отауымда меним янлар ойнаған” (8 жол), “Не болды?” (20 жол), “Ялай яным” (39 жол), “Мен көремен” (45 жол) сияқты өлендер бар. Оларда Шәлгездің қазақ арасына кен тараған толғауларындағы бұрыннан таныс кейбір жолдар (“Күймелескен көп яман”, “Яхшылардан кем көрсе, яманлармен тең көрсе”, т.б.) кездесе тұрса да, аталмыш өлендер – негізінен жырау мұрасын толықтыра түсер соны туындылар.

Шәлгез шығармалары түркі тілдес халықтардың үздік әдеби мұрасы есебінде тек қазақ, ноғай жинаушыларының ғана емес, орыс зерттеушілерінің де назарын аударады. Оған куә – жырау туындыларының Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде де, кеңестік кезеңде де орыс тілінде бірнеше рет жарияланғандығы.

Орталық ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институты қорындағы Шәлгез атына байланысты қолжазбалар¹⁰ ертелі-кешті

⁹ Беркалиұғлы А. Ақын. Қазан, 1912. 10-15-беттер.

¹⁰ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры, 659 бума, 1, 2, 3, 4, 5-тігінді; 832-бума, 2-тігінді; Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, 364-бума, 3-дәптер, 328-бума, 2-дәптер.

жарияланған кітаптар негізінде тарап, қайтадан қағаз бетіне түскен. Кейбіреулерін (“Шәлгез бен Орак”) сол тексттерді пайдаланып айтушылар өздерінше жырлаған, әрбір айтушы өз шама-шарқынша, қабілет-дарынына сай өңдеп, өзгертіп, толғаулардың бас-аяғына аңыз-әңгімеге айналған деректер мен түсініктер қосқан. Бірақ, сол деректердің өзі әрқилы, бір-біріне кереғар, қайшылықты. Мысалы, бір қолжазбада Шәлгез Құлыншакұлы делінсе, екінші біреуінде Құлыншак Шәлгездің баласы болып көрінеді. Орак, Мамайға ренжіген жырау бір қолжазбада Шораға, екіншісінде Тама Есетке, Нәрікке кетеді. Осындай ауытқуларға қарағанда акын, жыршылар мен әңгіме айтушылар ноғайлы дәуіріндегі батырлар мен мырзалар атын Шәлгезбен байланыстыра құбылта әңгімелеп, аңызға айналдырған. Мұндай ретте жырау творчествосын зерттеушілер аталған қолжазбаларға емес, сол материалдарға негіз болған баспа жүзін көрген текстерге көбірек сүйенуі орынды.

XV-XVIII ғасырларындағы акын, жыраулар туралы пікірлер Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, К.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Ы.Дүйсенбаев, Р.Бердібаев, М.Мағауин, А.Сикалиев, Қ.Өмірәлиев, Ж.Тілепов, М.Жармұхамедов, К.Мәмбетов еңбектерінде кездеседі. Аталмыш дәуірдің көрнекті жырауы Шәлгез мұрасы М.Мағауин, А.Сикалиев, Қ.Мәмбетов, Ж.Тілепов зерттеулерінде ғана арнайы сөз болады. Республика Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихы бөлімі XV-XVIII ғасырлардағы казак әдебиеті туралы сүбелі зерттеулер жариялады.

Ноғайлы дәуірі жырауларынан есімі казак, ноғай, каракалпак елдеріне ертеден таныс сөз зергері – Шәлгез.

Шәлгез әкесі Тіленші¹¹ аталады. Халық арасында Шәлгез әкешесі белгісіз. Салмен ағып келіп кезігіп Орак, Мамайға бала болған, немесе шешеден ерте айырылып, ноғайлының ұлы биі нағашысы Мұсаның қолында тәрбиеленген деген әңгімелер кездеседі. Филология ғылымының кандидаты А.Сикалиев “Тіленші” деген үстем тап өкілдері қойған лақап ат екен дейді. Ғасырдан-ғасырға көшіп, аңызға айналыңқырап жеткен мазмұны жағынан бір-бірімен сабақтас бұл әңгімелер жырау тегі туралы

¹¹ Записки Оренбургского отдела императорского Русского географического общества. с. 261.

бізге қолға ұстатқандай нақты деректер бермегенмен атадан балаға ұласып халық жадында қалыптасқан шындық сілемін аңғартқандай. Ол шындық — Шөлгездің Орақ, Мамай мырзалармен не өзі қасына көп ерген Темір бимен бірге тұмағандығы. Сондықтан да қанша айбарлы батыр, айдынды жырау болса да өмір тәлкегін көп көргендігі. Академия қорындағы Әкіш ақсақал тапсырған қолжазбада: “Шөлгез Мұсаның қызынан, Орақпен тетелес апасынан туған” делінеді. Осы деректер негізінде бұл пікірді М.Мағауин өз зерттеулерінде келтіреді. Филология ғылымының докторы Ә.Дербісалин Шөлгезді Мұса бидің жиені деу жансақ пікір деп дәлелдейді¹². Ә.Дербісалин пікірінше Шөлгез Орақ, Мамаймен замандас, жасы қатар адам. Сондықтан оның қызынан тууы мүмкін емес. Ел аузынан жазылған қолжазба деректер мен өз жырларына қарағанда Шөлгездің Орақ, Мамай, Темір сияқты мырзалар мен билер маңында — ақсүйектер ордасында өмір кешкені белгілі болғанмен дәл өз әкесі Тіленшінің кім екендігі, оның феодалдық қоғамның қай табының өкілі екендігі мәлім емес.

Шөлгез жыраудың өмір сүрген дәуірі мен мекені туралы ел аузынан жазылған қолжазбалар мен жыраудың өз шығармалары ғана хабар береді. Ертелі-кешті жырау шығармалары жарияланған жинақтарда, казак ақыны Мұрат Мөңкеұлы жырлаған “Шөлгез” толғауында, сондай-ақ ел аузынан жазылған материалдарда Шөлгездің “ноғайлы” екендігі айтылады. “Сөлгез батырдың Орақ, Мамайға айтқаны” деген қолжазбада жыраудың балалық, жігіттік шағы — Орақ, Мамай маңында өткендігі, бірақ батырдың Ноғай ордасындағы бедел, құрметін күндегендер оны елден кетіrmек болып, жауға жалғыз жұмсағаны, батырдың жауды жеңіп келіп, аттан түспестен Орақ, Мамай мен жиналған жұртқа жыр толғап — өкпесін айтып жапан-түзге кеткені айтылады. Аталмыш материалдарға қарағанда Шөлгездің Ордада — Орақ, Мамай маңында өсіп, бедел-даңқы сол кезде белгілі болғаны көрінеді.

Шөлгез Темір биге Орақ, Мамай ордасынан кеткесін барғанға ұқсайды. “Би Темірге айтқаны”, “Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқаны” деген толғауларына қарағанда оның Темір бидің қолбастар батыры, жұртты аузына қаратқан аталы сөз айтар ақылшы жырауы болғандығы аңғарылады. Өкпелеп, ажырап кетіп барып қайта табысады. Бұл жайды аталмыш толғаулар мазмұнынан

¹² XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982.

және В. В. Радлов ноғайлар арасынан жазып алған “Шалкиіз” деген материалдан, “Шайыр” жинағындағы жырау шығармаларына берілген түсініктерден айқын көреміз. Темір мен Шәлгез татулығын көре алмаған билер қызғаныш, бақталастықпен оны елден кетіруді талап етеді. Билер шешіміне амалсыз көнген Темір оны өгейлейді. Ақыры хажыға кетпек сынай танытып, елі басшысыз қалуға айналып, амал таппай дағдарған кезде жұрт Шәлгезді алып келіп жырлатады. Шәлгез сынды парасат иесі, ақылшы жырауды жақындатудың бір себебі ме — әйтеуір Темір сапарынан тоқтап, онымен қайта табысады. Бұл тұста оның Шәлгезбен табысу жолындағы ақылды әдіс-айласы, Шәлгездің байтақ жұрты дағдарған тұста жол-жоба беріп, ақыл айтар жыраулық биік рухы да танылады. Сонда:

Темір еді ханымыз,
Теніз еді халқымыз.
Тебірлерге қалғанда,
Тенселер ауыр ноғай жұртыңыз

деп тебіріне толғайтын осы Темір кім? Ол хақында жырау жыр жолдарында да аз-кем дерек беріледі. Шәлгез Темірге:

Едігеден туған ұғылдың,
Мырзасы өзін болғансын, —

дейді. Бұған карағанда Темір — Едіге немересі. Шәлгез өзге бір өлеңінде:

Әжікам, сен Мансұрұлы Токусан,
Темір Мансұрұлы еді, —

деп жырлайды. Бұл жолдар Темірдің Едігенің Мансұр деген баласынан туғандығын айқындайды.

Шәлгез жырларындағы бұл мағлұматтарды тарихи деректер бекіте түседі. XIX ғасырдың орта шенінде жарық көрген П. Небольсин жазбаларына¹³ карағанда Едігейдің (Едігенің — Қ.С.) мырза атанған Нұр-Әділ (Нұраддин), Мансұр дейтін екі баласы

¹³ Очерки Волжского низовья. СПб. 1852. с. 54-55.

болған. Бұдан гөрі де дәлірек деректер ХІХ ғасырдың орта кезінде “Временник Императорского Московского общества истории и древности Российских” (1851) деген тарихи жылнама беттерінде¹⁴ жарияланған. Онда Едіге тұқымы туралы нақты мағлұмат берілген. Бұл мағлұматқа қарағанда: “Ноғай биі Манғыт Едіге; оның балалары: Мұраддин (Нұраддин) мырза, Мансырь (Мансұр) би; Мұраддин балалары: Оказ би (Аббас, Укас, Окас, Ваккас); Оказ баласы Муса би және Ямгурчей (Жамғұршы) мырза және Алсан (Ассан, Хасан) би; Муса баласы Шегей (Шихим) би – Астраханда өлтірілген Идяк би және (Шейдяк, Сейдак, Сейт Ахмет) және Ших-Мамай мырза және Дороу мырза және Исуп мырза (Жүсіп); Ямгурчей балалары: Урастлы мырза (Оразлы) және Агиш мырза (Ағыс, Тел Ағыс) және Кугуш (Көгіс) мырза; Мансырь баласы Тенсубуй би және Темір би Ахметпен Угреде болған...”. демек, Темір би – Едіге ұрпағы, Мансұрұлы. Манғолдардың түрк тайпасынан шыққан Едіге би (1352-1419) Алтын Орданың ыдырау дәуірінде 1396-1411 жылдары сол аймақта билік жүргізіп Ноғай ордасының негізін қалаушы болғаны белгілі. Оның ұрпақтары көптеген жылдар бірінен кейін бірі ноғай ордасын билейді. Тарихи деректерде Едігенің Мансұр, Қазы-Наурыз, Нұреддин деген үш ұлы аталады. Нұреддинұлы Окас (Аббас, Оказ, Ваккас, Укас), одан тарайтын Мұса, Жанбыршы ұрпақтары Ноғай ордасы және онымен іргелес Қырым, Қазан, Астрахань, қазақ хандығы мен арадағы әлеуметтік-саяси істерде үнемі аталып отырады, әрі кейінірек, ХVІ ғасырда “Ноғайлық” аталатын желілі жырлардың бас кейіпкерлеріне айналды.

ХV ғасырдың бас кезінде Токтамыш балалары Сарайға келіп, Алтын Орда билігін өз қолдарына алған кезде Едіге өлгесін оның баласы Нұреддин мен інісі Кейкуат Тұранға – Қыпшақ даласына қашады. Екі үлкен ұлы Қазы – Наурыз бен Мансұр бас сауғалап Москваға, одан Қырымға барады. Олар 1430 жылдар Алтын Орда тағы үшін күреске белсене араласады. 1437 жылы Мансұрды таққа таласушылардың бірі Орыс хан баласы Барак хан өлтіреді.

Мансұр мұрагерлері Қырым, Алтын Орда, Ноғай ордасындағы саяси-әлеуметтік істерде елеулі роль атқарған.

Мансұр баласы Темірбек есімі моңғол шапқыншылығынан

¹⁴ Исследование о Касимовских царях и царевичах В.В.Вельяминова-Зернова. Часть вторая. СПб. 1864. с. 245.

кейінгі қыпшақ даласына қатысты деректерді баяндаған түрік, парсы тілдерінде жазылған материалдарда кездеседі. “Таварих-и гузида-йи нурсат-наме”, “Шайбани-наме”, “Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар” аталатын шығарма-шежірелердің қай-қайсысында да¹⁵ манғыт Темір-бек Хаджи-Тархан (Астрахань) ханы Қасымның маңында көрінеді. Аталған шығармаларға қарағанда Әбулқайыр өлгесін оның әулетіне де жаулық күшейе түседі. Хаджи Мухаммед-хан балалары Сайидек-Сұлтан (Сай ид-дек), Жәнібек хан, Араба баласы Бөреке-сұлтан, Манғыт Аббас-бек, Муса-бек, Жамғұршы-бектер Ахмад-ханмен одактасып, Әбулқайыр баласы Шаих-Хайдар-ханды өлтіреді. Осы тұста Әбулқайырдың екі немересі, жастай қаза тапқан Шах-будағ-Сұлтанның балалары – Шайибек-хан мен Махмуд-Шах-сұлтанды қамқорлығына алған өзбектің күшті әмірлерінің бірі Қарачин-баһадүр сол кездегі Дешті Қыпшақ қаласындағы елеулі хандардың бірі Құтлық Темір-хан тұқымы, Кіші Мұхаммед баласы Қасым-ханға келеді. Қасым-хан оларды жылы шыраймен қарсы алып, өзінің биі манғыт Темірбекке тапсырады. Бірақ, Ибақ-хан мен Ахмад-хан бастаған Шайх-Хайдар-ханды өлтіргендер Әбулқайыр ұрпақтарының ізімен келіп, Хаджи-тарханды қамайды. Осы кезде Қасымхан Темірмен ақылдасып, Қарачи-баһадүр бастаған Әбулқайыр ұрпағын сенімді 40 адам қосып қаладан қашырып жібереді. Оларға жол бойы тілектестер қосылып, үлкен жасак құрайды, Ахмад-хан әскеріне күйрете сокқы береді.

Аталған шығарма-шежірелерге қарағанда Темір-бек Қасымханның ең сенімді кеңесшісі, сол орданың өзінен кейінгі билеуші-әскер басы екендігі аңғарылады. Ал, тарихшы Хондемир (1521-1524) материалдары мен “Шайбана-наме” деректеріне сүйенген В.В.Вельминов-Зернов пікірінше: Темір-бек – Қасым тұсында елеулі роль атқарып, “Эмирь – ел эмер” (әскер басы, бас қолбасы – Қ.С.) атанған ұлыс-бек. Алтын Орда әскербасы Темір би 1480 жылы сол Орда ханы Ахметпен бірге Урге жорығына қатысады. Ахмет өлгеннен кейін Орда аймағына билік жүргізген Темір 1485 жылы Қырымға шабуыл жасайды. Ол XV ғасырдың соңғы ширегінде Москва мемлекетінің одақтасы ретінде көрінеді.

Темір бидің тек Алтын Орда аймағы Ноғай Ордасы маңында

¹⁵ Материалы по истории из персидских и тюркских сочинений. Алма-Ата: Наука, 1969. с. 19-20.

ғана емес, Қырым, Қазан хандықтары алдында да беделі зор, байланысы күшті болғандығы аңғарылады. Оның қызы атақты Нұр-Салтан — әуелі Қазан ханы Ибрагимнің, ол өлген соң 1485 жылдан Қырым ханы Менлі-Герейдің әйелі, Ибрагимнен туған Қазан хандары Мұхаммед-Әмин мен Әбділ-Ләтифтің, Менлі-Герейден туған Қырым ханы Мұхаммед-Герей мен Қазан ханы Сайып-Керейдің анасы Нұр-Салтан Қырым, Қазан хандығындағы саяси-әлеуметтік істерге елеулі ықпал жасап, Москва патшасы II Иванмен хат алысып, қажет жағдайда балалары Мұхаммед-Әмин мен Әбділ-Ләтифті Москваға жіберіп, пікірлесіп отырады. XV ғасырдың аяқ кезі мен XVI ғасырдың кезінде III Иван көмегімен Қазан хандығын Нұр-Салтан балалары билейді (1487-1496 жылдар Мұхаммед-Әмин, 1496-1502 жылдар — Әбділ-Ләтиф, 1502-1505 жылдар қайтадан Мұхаммед-Әмин). 1521 жылы Қырым партиясы көмегімен Қырым ханы Мұхаммед-Герей інісі Сайып-керейді Қазан хандығы тағына отырғызады.

Міне, Шөлгез жырау маңында болған Би Темір осы — Мансұрұлы, Едіге немересі.

Соңғы жылдарда табылған, яки ноғайлар арасынан жазылған Шөлгез өлеңдері де жырау өмірі туралы жана деректермен толықтыра түседі. Ноғайлар арасынан филология ғылымының кандидаты А.Сикалев жазып алып, жариялаған “Мен иемнің күнінде”, “Алай жаным” деген өлеңдерінде, Уфа архивіндегі “Қазақ өлеңдері мен хиссалары” дәптеріндегі “Әжікам мен Мансұрұлы Тоқусан” деген өлеңіне қарағанда Шөлгез бірқатар уақыт Әзике (Әжіке) мырза қарамағында болады.

Әзике, Мансур кунінде,
Бука миндим нокталап.
Әзике, Мансур кунінде
Быламык іштім былғалап, —

деп Темірді аса аңсап жырлауына қарағанда жырау Әзике мырзаға Темір өлгеннен кейінгі кезеңде тап болған.

Әзикедей көбексиген мырзаның
Юрегінде алай яным тас кордим, —
деп Шөлгез шошына толғаған Әзике мырза:

Әжікам Мансұрұлы сен болсаң,
Ағаламас едін атадан айрылып,
Хандай туған Темір ағанды, —

деген жырау жолдарына карасак, бұ да — Мансұрұлы, Темір туысы болып шығады. Ноғай әдебиетін зерттеуші А.Сикалиев айтуынша “Әзике — Темірдің кіші інісі. Ол Темір өлген соң би болған. Темірұлы Тәуекелмен таласып кара халыққа азап шектірген. Шәлгез Темір өліп, билік Әзикеке қалғанда бастан кешкен қиыншылықтарын айтқан”¹⁶. М.Мағауин зерттеуіне карағанда Темірдің: “... орыс тарихында ең соңғы рет ұшырасуы — ХҮ ғасырдың 90 жылдары. Ал, 1504 жылы Ноғай ордасының биі — Темірдің ұлы Тәуекел”¹⁷. Міне, Әзике мырзаның да Ноғай ордасы билігінің бір құлағына жабысып, халыққа катігездік көрсетуі ХҮІ ғасырдың алғашқы жылдары болуы керек. Шәлгездің “Әжікам сен Мансұрұлы Токусан”, “Мен немнің күнінде”, “Алай яным” деген өлеңдеріне карағанда жырау Темірді аңсап, Әзике озбырлығын әркез тайсалмай батыл әшкерелеп отырған. Әзике мен Шәлгез арасындағы келіспес кереғарлық, көзқарас алшақтығы жырауды ол ортадан кетуге мәжбүр етсе керек.

“Біздің қолымызда бар деректерден, — деп жазады М.Мағауин, — Шалкиіздің Темір би өлгеннен соңғы өмірі Мамайдың және оның інісі Жүсіптің төңірегінде өткендігі көрінеді. Ордадағы Жүсіп пен Исмайылдың билікке таласу дәуірінде (1540 жылдар, 1550 жылдардың алғашқы жартысы) жырау Жүсіптің партиясын жақтайды. Бірақ Исмайылдың еппен жүргізген саясаты нәтижесінде Жүсіп Шалкиізді сыртқа тебеді де, қарт жырау әміршісінің маңынан аулақ кетеді. Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін Хакназар ханның әміріндегі Қазақ мемлекетінде өткізгендігі аңғарылады”¹⁸. М.Мағауин пікіріне карағанда Темірден кейінгі дәуірде Шәлгездің Орақ, Мамайға баруы оның Мұса ұрпағымен қайта табысуы еді¹⁹. Бірақ ол табысу да баянды болмаған.

XVI ғасырдың орта кезінде Ноғай ордасының бірқатар бөлігі Жайық пен Жемнен, Ырғыз бен Арал теңізіне дейінгі аралықта казактармен шекаралас көшіп жүреді. Бұл — Ших-Мамайдың

¹⁶ Ленин жолы, 4 сәуір. 1970.

¹⁷ Мағауин М. Қобыз сарышы. Алматы, 1968. 40-б.

¹⁸ Сонда, 40-б.

¹⁹ Поэты Казахстана. Ленинград, 1978. с. 80.

“Алты ауыл ұлысы аталған алты ұлына караған ауылдар еді. Едіге ұрпақтары Жүсіп пен Исмайл арасындағы алпыс жылға (1507-1563 созылған ру аралық күрес 1554 жылы Жүсіп өлімінде душар қылғасын, Ших-Мамай балаларының Исмаилға наразылығы күшейе түседі, тіпті Ноғай ордасына ресми бағынудан бас тартып, казак хандығына іргелес аймаққа, Каспийдің шығыс бетіне шалқая көшеді. Ноғай ұлыстарының казак, кырым хандықтарына кетуі, әсіресе 1557-1559 жылдары бүкіл Қыпшақ даласын камтыған жұт жылдары көбірек болған. Бұл тұста казак ордасын Қасым хан баласы Хакназар (1538-1588) билейді. Ордасы жемнен Аралға және Сырдарияға дейінгі аралықта көшіп жүреді²⁰. Міне, осы кезде Жайықтың сол жағында көшіп жүрген ноғай ұлыстары казак хандығына бағынып кеткен. Бұған карағанда Шалгез өмірінің соңғы жылдары казак хандығында балалық, жігіттік шағын Мұса би ордасында өткізді, өсе келе Мұса би балалары Орак, Мамай оны сыртқа тепті, ол Мансұрұлы Темір маңында болды. Орданы Темірұлы Тәуекел мен Темір інісі Әзике мырза билеген дәуірде Мамай мен Жүсіпке келеді. Бірақ, Шәлгезді Жүсіп Орданан кетуге мәжбүр етеді. Неге? Біріншіден, жырау бір кезде өз туыстары Орак пен мамайға өкпе-наз айтып, ренжіп кеткен. Енді егдерген шағында пана іздеп қайтып келді. Өмірінің ең мәнді кездері Темір маңында өткен жырау көзқарасы Жүсіппен қайшы келуі мүмкін. Себебі, Шәлгез мадақтай жырлаған Темір би өмірінің соңғы кезеңінде Исмаилмен ниеттес болғандығы аңғарылады. Ал, Исмаил болса, Жүсіптің қас жауы еді. Осы жағдайлар Шалгездің Жүсіп ордасынан кетіп, казак ханы Хакназар маңында болуының себептерін толық аңғартады.

Біз жоғарыда баяндап өткендей жайларға карағанда Шәлгездің XV ғасырдың II жартысы мен XVI ғасырдың 70-жылдары аралығында өмір сүргені аңғарылады. Ел аузынан жиналған материалдарда Шәлгездің сәби кезінде Орак, Мамай аты белгілі батырлар. Зерттеушілер мәліметіне сүйенсек²¹, Алшағырұлы Орак 1496-1548 жылдары өмір сүрген. Мамай 1549 жылы өледі. Шамамен Орак 20-25-терде батыр атанды десек, Шәлгез 1516-1520 жылдар дүниеге келген болады. Бірақ, бұл жоба тарихи деректерге қайшы келеді. Себебі, Шәлгез ұлғылай жырлайтын Темір би 1480 жылы Угре жорығына қатысады, XV ғасырдың 90-жылдары

²⁰ В.М.Жирмуцкий. Тюркский героический эпос. Ленинград, 1979. с. 498-490.

²¹ В.М.Жирмуцкий. Тюркский героический эпос. Ленинград, 1979. с. 447.

тарих сахнасынан кетеді, Ноғай ордасын 1504 жылы оның ұлы Тәуекел билейді. Демек, Шәлгездің Темір дүниеден өткесін тууы шындыққа сәйкес келмейді. Бұған карағанда дәл осы тұста ел аузынан жазылған деректерге сүйенудің жөні жоқ. Себебі, тарихи деректерді Орақ, Мамай Шәлгезбен тұрғылас, тіпті барқатар жас кіші боп та шығады.

Шәлгезді Хакназарға кетуге мәжбүр еткен Жүсіп 1554 жылы өледі. Бұл кезде жырау болып, казак хандығына барған, егдерген кезі еді.

Хакназар казак хандығын 1538-1580 жылдары билеген. Алайда, Шәлгездің Хакназар маңында қанша дәурен сүргені белгісіз. Шамамен алғанда Шәлгез 1465-1560 жылдарда өмір сүрген дейтін М.Мағауин пікірі де жобаға келеді. Алайда, дәл, нақты дерек болмағандықтан кесіп айту қиын. Сондықтан, Шәлгезді XV ғысырдың II жартысы мен XVI ғасырдың орта кезі аралығында өмір сүрген деу орынды.

Кариялар Алшын тайпасы құрамындағы “ноғайлы” не “ноғайлы-казак” руын Қояс, Қостанбалы, Үйсін, Қазанқұлак деген төрт бөлімге таратады. Бір ғана Үйсін тармағының: Бәйдеу, Бақтыбай, Айдарлы, Жанақай, Сары үйсін, Қаралы Үйсін болып жіктелуіне карағанда оның Ұлы жүз құрамындағы Үйсін тайпасының бір бөлігі екенін аңғару қиын емес. Демек, Кіші жүз аймағындағы “Ноғайлы” құрамының өзі бағзы көне түрік-монғол руларының бөліктерінен тұратындығын байқаймыз.

“Шайыр” жинағындағы Шәлгез толғауына берілген түсінікте оның Қояс руынан екені айтылады. Бұл деректі ел аузынан жазылған шежірелер де бекіте түседі. Алшын ішіндегі “Ноғайлы” құрамындағы Қояс руының кариясы Акбаев Елеш өзін Шәлгез батыр ұрпағы санайды. Елеш өз ата-тегін: Шәлгез – Ержақай – Жанғабыл – Бекболат – Аружан – Қараша – Қалмамбет – Шака – Сак – Сәмет – Құдайберді – Қаз – Акбура – Байғазы – Құрманғазы – Құлмұкамбет – Өтелі – Акбай” деп таратады. Демек, Шәлгез – Елештің он тоғызыншы атасы. Елеш кария шежіресіне карағанда алтыншы атасы Акбура батырды Беріш Саржала батырмен байланысты әңгімелейді.

Оның айтуынша сол дәуірден бері Аружан батыр бастаған жиырма бес үйдің ұрпағы “Ағатай” ұранды Беріш руымен қоныстас келеді.

Шөлгез ұрпақтарының бірқатары қазір Ресейдің Саратов облысында тұрады.

Шөлгез шыққан Қояс руы қазіргі Ноғай халқы құрамындағы тайпалар мен ру аттары арасында кездеспейді. Бұған карағанда Ноғай Ордасының көптеген рулары Еділдің Кавказ бетіне көшкенде Қояс руы Ноғай батыр дәуірінен (XIII ғ.—дан бері) Алшын арасында жүрген түрік-монғол руларының бірі, кейін барып “ноғайлы” не “ноғай-казак” руы құрамына кіруі мүмкін. Демек, Қояс руы бағзы “ноғайлы” руы болсын, әлде Ноғай Ордасы сарқыншағы болсын — қалай болғанда да Шөлгез ноғайлы елінде, ноғайлы аймағында — Батыс Қазақстан территориясында дүниеге келіп, бар өмірін Еділ, Жайықтан Қазан мен Түменге, Жемнен Сыр сағасына дейінгі қыпшақ даласында өткізгендігі аңғарылады.

“...Өз заманы үшін қадірлі де құрметті кейбір шығармалардың сол кездің өзінде-ақ қағаз бетіне түсірілгендігіне күмән жоқ. Тіпті Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған шығармаларын алғаш бастырушылар оларды үнемі ел аузынан алып отырды деу қиын. Өткен ғасырдың аяқ кезінде Н. Аристов, Г.Потанин сияқты ғалымдар казақ арасында әртүрлі аңыздар, өлең-жырлар жазылған қолжазбалардың жиі кездесетінін атап көрсеткен болатын”²² — дейтін М. Мағауин пікірінің қисыны бар. Шөлгез шығармаларын алғаш бастырушы М. Османов халық арасында хат білетіндер жіберген қолжазбалардың бірқатар тұсы түсініксіз болғандықтан жырау өлеңдерінің біразы өзі құрастырған жинаққа енбей қалғанын жазады. М.Османовтың осы сөзіне және 1847 жылы қағаз бетіне түскен Уфа архивіндегі “Қазақ өлеңдері мен хиссалары” дейтін қолжазбаға карағанда Шөлгез шығармалары жазбаша да тарағандығы аңғарылады. Бұл тек XIX ғасырға ғана тән жәйт емес. Жазбаша тарау дәстүрі ноғайлы аталған ру, тайпаларда Шөлгез дәуірінен, тіпті одан бұрын болғандығы байқалады. Себебі, оқу жазу дәстүрі Алтын ордада ертерек дамыған. Рукнеддин Бейбарыс, Бедреддин Элайни²³ жылнамаларында, Джузджани шығармаларында²⁴ Эннувейри энциклопедиясында, Ибн Халдан

²² Қобыз сарыны, 147-б.

²³ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. В.Тизенгаузена, том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. с. 98, 507.

²⁴ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. Том II. Извлечения из персидских сочинений собранные А.Г.Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л.Волным. Москва, 1941, Ленинград. с. 17,19.

тарихында²⁵ Шыңғысхан ұрпағынан ислам дінін Берке алғаш қабылдап, өз елінде мектеп-медреселер салдырғаны жазылады. Беркеден кейін Алтын Ордада ислам дініне зор мән берген Өзбек хан еді. Өзбек хан ордасын, ол билеген аймақты нақты суреттеген араб саяхатшысы Ибн Батута әдемі базары, кең көшелері бар сауда-саттық дамыған сарай Беркеде 13 мешіт бар еді деп жазады. XIV ғасырда сол Ибн Батута тоқтап өткен Ноғай ордасының орталығы Сарайшық қаласынан XX ғасырдың бас кезінде табылған археологиялық деректерге карағанда Қырым мен Моголстан, Хорезм мен Қазан аралығындағы кең алқапты жайлаған елдерде туған ауызша, жазбаша рухани мұралар сол аймаққа кең тарап отырғаны аңғарылады. Оған дәлел — Еуропа мен Азия аралығында — тоғыз жол торабындағы сауда қақпасы Сарайшық қаласында әдеби мұраларды оқып, хатқа түсіретін дәстүр болғандығы. Ол дәстүр Юсуп Хас Хаджибтың “Құтадғу білік” (XI ғасыр) дастанының үзінділері осы Сарайшықта құмыра бетіне жазылуы (1909 жылы көне Сарайшық қаласы орнынан терендігі үш метр жерден табылған күбі-құмыра бүйірінде араб әрпімен XIII ғасыр шамасында жазылған мынадай өлең жолдары бар:

Киши көркі йүз ол,
 Бұ ауыз көркі — тіл,
 Бұ йүз көркі — көз.
 Ол бұ тіл көркі — сөз,
 Тәқы көрік кишига
 Билик һәм һөнәр.
 Юлуг килгу жанни
 Биликлик ка әр.
 Бұ күн нин ичиндә
 Чш құяр болұр.

Бұл күбі-құмыра қазір Атырау қаласындағы облыстық өлкетану музейінде сақтаулы. Күбі-құмыра жазуларының алғашқы төрт жолы (бір шумағы) “Құтадғу білікке” келеді. Алғашқы екі жолы сөзбе-сөз қайталайды, 3-4 жолдары жекелеген өзгерістермен берілген. Қараңыз: Хас Хаджиб Баласағуни. Құтадғу білік, Наманған қолжазбасы, № 1809, 16-бет (біз құмыра бетіндегі деректерді салыстыруда жазушы һәм ғылыми қызметкер Юсупбек

²⁵ Сонда. 1-том, 17-б.

Мухилисов қолындағы Наманған қолжазбасы материалдарын пайдаландық – Қ.С.) Бұл деректер XIII-XVI ғасырларда туған Сыпыра, Асан, Қазтуған, Шөлгез, Доспамбет жырлары мен “Ноғайлық жырлары” аталатын эпикалық туындылардың атадан балаға, жыраудан жыршыға ұласып ауызша ғана тарап қоймай, жазбаша да тарағандығы туралы болжам жасауға итермелейді. Мүмкін, бізге жеткен М.Османов, Ғ.Мұштак жинақтарына негіз болған ел ішіндегі қолжазбалар, Уфа архивіндегі “Қазақ өлендері мен хиссалары” сол дәуірдегі жазбалардан біреуден біреу көшіру арқылы жеткен мұралар болар. Мұндай жазбалар ертелі-кешті архив қазыналары мен сол кезде ноғайлы аталған аймақтан тараған түркі тілдес халықтар арасынан табылуы мүмкін.

Шөлгездің бізге жеткен жырлары түгелдей азаматтық, әлеуметтік лирикаға жатады. Ол өз көңіл күйін толғайтын бірді-екілі толғауларының өзінде де өмір заңдылығын, заман үрдісін қатар суреттеп отырады. Жырау “от басы, ошак қасының” қарапайым пендешілік халіне айналмай, өзіне дейінгі һәм өз заманындағы қилы-қилы сырларға көз жібереді, өмірде көрген көп жәйларын көңіл таразысына салып, қорыта толғайды, көсем көңілмен, өнегелі сөзбен ізгілікке үндейді.

Шөлгездің бір шоғыр жыры Темір биге арналады (“Би Темірге айтқаны”, “Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқаны”, “Тор балақ құсты қолға алып”, “Арық хан”, “Әжікам сен Мансұр ұлы Токусан”, “Ғизмәт иям би темір”, “Не болды”). “Боз үстінде от жакқан”, “Мен иемнің күнінде” толғауларында Темір манында дәуірлеп тұрған шағын еске алады. Өмірінің мақсаты мен мәнін толғаған көңіл күйінің кейбір сәттерін суреттеген немесе шабыты бұрқап шалқыған кезінде өзі туралы өр пафоспен жырлаған өлендері де (“Әменнен айыры шыққан бұтақпан”, “Япалық ушпас асыл тау”, “Қаранғыда тұрған әдим тандыр деп”) бар. Біз шартты түрде жүйелеген аталмыш толғаулар мазмұны жағынан бір-бірімен тығыз байланысты.

Шөлгез “Әдилим”, “Отауымда меним яндар ойнаған” сияқты туған жер туралы тебіренісінен өзге “Алайяным”, “Мен көремен”, “Ярлылыққа септи деп”, “Қатнасы биік көлдерден” және “Шағырмақ бұлт жай тастар” аталатын өлендерінің қай-қайсысы да – заман, өмір, мораль туралы дидактикалық – шешендік туындылар. Мазмұн-мәні, жырлаған мәселесі жағынан бұл шартты жүйелеудің импровизатор ақын, жыраулар творчествосына тән

бір шығармада бірнеше мәселе көтеретін дағдылы дәстүр Шалгез мұрасында кездеспейді деген ұғым тумаса керек.

Шәлгез шығармаларынан айқын аңғарылатын сыр — оның өлең сөздерінің серпінділігі мен қуаттылығы, мазмұн-мағынасына сай ойлылығы мен құнарлығы, хас шебердің қолынан шыққандай мінсіздігі мен ажарлылығы. Мысалы, өлең жолдары бірінде аздау, кейбіреуінде көбірек он бір тирададан тұратын “Би Темірге айтқаны” толғауын алайық. Кеше ғана Темір би сарайында шалқып жүрген өзі би, өзі батыр атакты жырауды бүгін тағдыр түзге тентіретсе, жыр дүлдүлінің бақ, мансабын көре алмаған орда маңындағы “күйбендескен көп жаман” жанындай санап, бек сенген Темір биді бұған қарсы қойса жырау не демек, өз көңіл-күйін қалай жеткізбек? Жырау Темір биге деген өкпе-назын, оның маңындағы жандайшаптарға деген кекті һәм сілтілі сөздерін бірден лақ еткізбей, алыстан орғыта, өз халін табиғат құбылыстарына ұқсата, жұптастыра, салыстыра толғайды. Шәлгез нәсер алдындағы түнерген аспанды, көкшілден соққы жеген құс еркесі құдың қайғылы халін тектен-тек айтып отырған жоқ.

Көп ішінде бір жалғыз,
Көп мұңайып жылайды.
Күйбендескен көп жаман,
Сөзі тигенге ұқсайды.

Міне алғашқы тирадан соңғы төрт жолының өзінде де жанама хабар айтқандай, жай жоспалмен, меңзей толғайды. Ал, екінші шумақта өзі үшін Темір би кім еді, үшіншіде — өзі Темір үшін кім еді, — соны жырлайды. Осы үш шумақтың қай-қайсысында да Темір алдында “Көбең семіз торыңмын, көп құлынның бірімін” деп “бетегеден биік, жусаннан аласа” күйінде иба, инабатпен кішік көңілде толғап отырған жырау бірте-бірте қызынғандай шарт сынып, шамырқана түседі, тең сөйлесер тепсінген ер мінезбен өкпе-ызасын баттитып батыл айтады:

Жасыңнан мені кем көрдің,
Жаманынмен тең көрдің.
Жаманынмен тең көрсең,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда,
Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартарапта іздермін.

Төртінші шумақта жырау дауылпаздай данқты Темірге жүрегі шіміркенбестен “Сен кім едің” дегендей өктем тіл қатады.

Тебінгінің астынан,
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде,
Тең атаның ұлы едін,
Дәреженді артық етсе, тәңір етті.

Кемел ақыл, кенен ой, бұлтартпас билік, тепсінген тегеуірінмен Темір биді тізгіндеп жуасытып алған жырау кейінгі бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы шумақтарында ақыл, ғибрат айтуға көшеді.

Шөлгез бұл тұста “шаманды біл, жасық жима, асыл жи” дегендей. Тек толғау соңында ғана тағы да бәсік көңілмен үшінші шумақта айтқан Темірге ақ адалдығын дамыта, тереңдете түседі.

Толғаудың ұзын-ырғасында көз жіберіп барлап шыққанда нені байқауға болады? Сөз жоқ жырау ойының жүйелілігі. Ой, пікірін сатылап дамытып, қисынды қиюластыруында, орнықты аяқтауында мол парасат пен шешендік шешім байқалады. Ол жыраудың өзіне дейінгі өрісті ойларды мол менгергендігін танытады.

Шөлгез жырау шығармаларында өз дәуірінің нендей мәнді мәселелерін көтерді, өмір құбылыстарын қалай суреттеді? Енді соған ойысайық. Себебі, әр дәуір сөз зергерінің қадір-бағасы да, әдебиеттегі орны да оның нені, қалай жырлағандығымен өлшенбек.

Шөлгез шығармаларына ұйтқы болған оқиғалар аса көп емес, әйтсе де жыраудың өмір кезеңдерін, оның өмірге, дәуірге көзқарасын өлең, толғауларына қарап мол сезінуге болады.

Шөлгез жырларында суреттелетін адамдар – Темір, Әзике, Мансұр, Арық хан және жыраудың өзі. Жыраудың өзін біз көбінесе лирикалық “Мені” арқылы танимыз. Осылардың ішінде жыраудың Темір би мен өзін бейнелеуінен сөз зергерлігін анық аңғарамыз.

Жырау өмірінің ең жарқын кездері Темір би сарайында өткен дедік. Ол кез – Шөлгездің шалқыған дәурені. Ол кезде Шөлгез өзі би, өзі батыр, өзі шешен, өзі жырау. Демек, Темір – Шөлгездің жебеушісі, камқоры болса, Шөлгез – Темірдің мәртебесін өсіріп, жұртты аузына қаратқан жалынды тілі, аузы дуалы абызы.

Міне, осындай сыйлас, қадірлес өскен Темір би кейін сарай манындағылардың шағыстыруымен Шәлгезді сыртқа тепсе де жырау оны, ұлғылай суреттейді. Мұның сыртқа тепсе де Темір мен Шәлгез арасындағы ренішті жуып-шаюға елеулі әсер еткен ақыл-айласын да аңғартқандай.

Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзінсін.
Жазулы алтын, қол кескен,
Алдаспаным өзінсін.
Білер де білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менін,
Бармай тапқан қағбамсын.

Осылайша, жырау Темірді суреттеуде өзі көріп, сезінген дала өміріндегі ең кастерлі, ең құдіретті бейнелеулерді аяп қалмайды. Халық әңгімелерінде айтылатын “алты ай жорытса да арымас” арабы торыдай қазан ат пен батырдың батыры, ердің ері ғана көтеріп, сілтегенін қақыратар алдаспан қылыш та осал нәрсе емес. Жырау бұған да місе тұтпай, мұсылмандықты мойындаған пенде біткеннің мүдуар болып, қадір тұтар қасиетті орыны қағбаға тенейді.

Сен — алтынсын, мен — пұлмын,
Сен — жібексің, мен жүнмін.
Сен — сұлтансын, мен — құлмын,
Сен сұңқарсын, мен кумын.

Ерекше өр шабытпен бұрқанған дарынды жырау ғана айтуға лайық алғашқы шумаққа карағанда Темірге деген өз көңілінің кінәратсыздығын сендірмек боп айтқан бұл жолдары жәй ділмәрлық, шешендіктей сезілуі мүмкін. Бірақ, мұның өзінен де хас шеберге тән шумақтағы ойдың мінсіз сұлу бітімі мен алуан ауыстырулардың (метафоралардың) дәл, нақты, айқын әсерлілігінен тану қиын емес.

Шәлгез “Би Темірді хажы сапарынан токтатуға айтқаны” толғауында Темірді халықтың басын құраған елдің береке-құты, әділ әміршісі деп суреттейді. Шәлгез бейнелеуінше Темір кетсе, “етектеп жиған көп халыққа” ие жоқ,

Темір еді биіміз,
Теңіз елі халқымыз,
Тебірлерге қалғанда,
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз! —

деп егіле тебіренуі де сондықтан. Сол себепті де жырау Темірді қисынды пікірлермен, өрісті ақыл-парасатымен иландырап сөз айтып ғана хажы сапарынан тоқтатады:

Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәніріннің үйі кебені,
Сұлтан ием қарсы алдыңнан жасапты!

Бас иіп, жығыла жырлаған Шәлгез осының өзінде астарлап болса да көптен жүрегін кернеген әділ де, ащы сөзін айта алған. Қартайған шақта иман іздеп, күнәдан арылмақ болсаң, ел кезіп қағба бармай-ақ әділетке жүгін, қағба — әділет дегендей. Халқына қайырымды, жұртына жағымды, кемтарға сүйеніш болу сияқты талап, тілектер кісілік құлыққа да, құдай жолына құлшылық қылғандардың шариғат-шартына қиғаш келмейтінін жетік білетін Шәлгез Темірді биік парасатымен тұсап, тоқтату үшін аса әсерлей бейнелеген.

Соқса бір жілік сындырған,
Көк қоянның қос құлағын тұндырған.
Көгілдірдің жез канатын сындырған,
Тегеурінді болат Темірдің,
Тегеуріні өзінсің!
Айдынды көлге қал шауып,
Тоғызын соғып ұшырған,
Қу сұлтаны саһарсың,
Саһарды сайлап қусырған,
Боз сұнқарым өзінсің!

Темірді құдіретті етіп көрсетуде жырау оны сахара аспаны астыңда көздеген жеміне жасылдай ойнап, жайдай жарқ етер сұнқардың тегеурініне балайды. Жырау “қу сұлтаны саһар,

саһарды сайлап каусырған боз сұңқар” – Темірді құс азғыны құладыңға карама-карсы қойып шендестіре суреттейді. Шәлгез бейнелеуінің әсерлілігі сол – әлгі сұңқардың сұмдық қайрат-қуаты мен қимыл-әрекетін көріп отырғандай сезінесін, демек, бұл жырау сөзінің эмоциялық әсер-қуатынның күштілігі. Шәлгездің “Арық хан”, “Боз үстінде от жакқан”, Әжікам сен Мансұр ұлы Токусан”, “Ғимәт иям би Темір”, “Мен иемнің күнінде” сияқты өлеңдерінде Темір бейнесін толықтыра түсер детальдар мол. Бұлардың қай-қайсысында да Темір туралы үлкен мақтаныш сезіммен мадақтай жырлайды.

Бір толғауында /”Арық хан”/ Темірді күш-құдіретін айтып, өзгеге сес көрсетсе, енді бірінде (“Ғизмет иям би Темір”) оның ерлігін мадақ етеді, ал “Боз үстінде от жакқан” “Мен иемнің күнінде”, “Әжікам сен Мансұр ұлы Токусан” толғауларында Темір биді және сол кездегі өз өмірін елжірей еске алады.

Боз үстіне от жакқан,
 Бұзмай бұлан пісірген,
 Мен иемнің бөрлі ала тасы едім,
 Ие, ием, сенің сырын мен білгем,
 Менің ием би Темірдің әрі өзім,
 Жау көрген күн жүрегінің басы едім,
 Көз үстінде қасы едім.

Толғаудың соңғы төрт жолына назар аударсақ, бұл өлең жыраудың Темірден кейінгі бір иесіне арналғандығын байқамаймыз. Жырау Әзике, Мансұр дейтін шонжарларға тап болған мүшкіл халдегі кезінде Темір маңындағы дәуренін сағына жырлаған (“Мен иемнің күнінде”).

Шәлгез аталған жырларда Арық хан, Әзике, Мансұр сияқты ақсүйектерді Темір образына карама-карсы бейнеде суреттейді.

Жырау бейнелеуіне карағанда Арық хан – Темірдің тегеуірініне төтеп бере алмас төменшік адам, Әзике қатыгез, әділетсіз мырза (“Әзикедей көбексіген мырзаның, юрегінде... тас кордим”).

Шәлгез жырларынан жыраудың өз бейнесін де ажырата тану қиын емес. Ол Темірге арналған толғауларында өзін бидің жан аямас шын берілген ақ, адал қызметшісі “көп құлының бірі” ретінде суреттейді. Бірақ, Шәлгез мәңгі бақи сол күйде, сол көңілде қала бермейді. Оған өз жолдары куә.

Басымды меним корласа,
 Көп туғаным иокламан.
 Яғымнан меним басыма,
 Әтеклеп алтын қуйса токламан.
 немесе:

Көктеги кесек қара булытпан,
 Устинизге бир яумаиын ашылмын.

Үлкен басын кішік етіп, кінаратсыз көнілін білдірген жырауды сыпсын сөзге еріп кісі есебіне санамай тентіреткен тұста еңсесі түспей, ер мінезбен осылайша ереуілдеп шыға келген хас батыр бейнесін көреміз. “Шағырмақ бұлт жай тастар” толғауының өлен жолдарына көз салсақ, тек Темірге ғана емес, шын дос, шынайы жолдасқа жүрегін де жұлып берер мәрт батыр бейнесі елестейді. Енді бірде өмірдің ащы, тұщысын көп татып, теңіздей тебіренген ойлы жырау бейнесі көз алдымызға келеді. Ол жақсы мен жаман, ер мен ез, жат пен жақын, асыл мен арзан, дәуір мен дүние сияқты өмірдің өзекті мәселелері туралы толғанады. Ол кейде өткеннен түйген өміршен ойларын ақыл-нақыл, мақал-мәтел ретінде терме, такпақ ретінде шегелеп айтса, бірде ел ағасы, халық камқоры ретінде бірлікке, ізгілікке үндер өсиеттер толғайды. Бұл Шөлгездің әрі аркалы батыр, әрі айтулы жырау сипатын дәлелдей түседі.

Шөлгез феодалдық-патриархалдық қоғамда, көшпелі түркі тайпаларының әдет-салтының қаймағы бұзылмаған кезінде өмір сүрді. Сан ғасыр бойы сол ұлыс, сол тайпаларда қалыптасқан феодалдық салт-сананы, мұсылмандық наным-сенімді мойындай тұрса да Шөлгез сияқты дәуірінің ойлы адамы өмір шындығына өз көзқарасын білдірмей отыра алмайды.

Күпшек санды тіл жалмаған күрен
 Тілеген достан аяман,
 Тілекті бірге тілеген,
 Малымды достан аяман,
 Тайғақ кешу, тар жерде,
 Менін достым бар-ды һәр жерде,
 Издесем табылмайды тар жерде,
 Табылмаса кайтейін,
 Мен ісімді хакка тапсырғанмын һәр жерде.

Байлық пен мансап, атақ пен абырой жел айдаған бұлттай
 жөнкіліп жүре беріп, тар кезенге тап болған жырау өмірінің біраз

ізі осы шумақтан да байқалады. Бұл — хас батырға тән мәрттік мінезбен қатар заман тәлкегіне түсіп неге болса да бел буып бекінген жанның берік тәуекелі мен ашынған көңілінің ақтарылған сыры дерлік. Мұны өлеңнің тепсініп келген тегеуірінді ырғағымен, күңіренісінен, күші басым өлең жолдарынан мол сезінеміз. Мұндай әуен Шәлгездің ноғайлар арасынан А.Сикалиев жазып алып, жариялаған “Әдилім” толғауына да тән. Бірқатар жолдары Қазтуған жырына сәйкес келетін бұл шығарма — жыраудың туған жерімен амалсыз қоштасуы, “шөбі — секер, суы — шәрбәт” ата қонысты қимас сезімнен туған телегей теңіздей терең тебіренісі.

Отын секер, суын сербет
 Көп Ноғайлым кеп яйлаған еримеин.
 Талайсыз Шалкийіз бұ күнде
 Қазақ шығып барады,
 Биздей болған иырауға,
 Иолы болсын дермисин?

Толғаудың шығарылған шамасы туралы жыр жолдарының өзі куәлік береді:

Ялан аяқ, ялан бас
 Қабырғадан қос ат айдап көшкен күн.
 Екі көзин яс басып,
 Танауларын шан басып,
 Бұл языда ираудын
 Күни түзде кешкен күн.

Бұл — Шәлгездің Темірден тепкі көрген, не одан кейінгі шонжарлар тұсындағы кезі болуы керек. Біз үзінді келтірген ашуға мініп ашына, яки күйзеліп, күңірене айтқан тебіреніс-толғауларының қай-қайсысында қаншама дарынды, данқты болғанымен бағы ауған тұста тағдыры талқыға түскен жырау көңілікүйін ғана емес, ақсүйектер қолында ойнаған екіжүзді дәуір сырын да аңғарамыз.

Өмірдің ащы-тұщысын мол татып, ыстық-суығын көп көрген Шәлгездің қазақ, ноғай арасына кең тараған осындай бірқатар жырларынан заманды болжауы, өмір құбылыстарын байыптауы байқалады. Қазақ, ноғай кең жайлаған бағзы қоныс Ана — Еділ мен Ақ Жайық алқабын да, өзі өмір сүрген дәурен-дәуірді де ой

көзімен түгел шолып, сарабалд оймен саралай жырлаған “Мен керемен” толғауында өз дәуіріндегі көп қасіреттерінің бірқатарын байқай біледі.

Ақ сүйектер ары-бери тартысса
 Азиз орда абдырарға усайды.
 Азиз орда алпыс болып таралса,
 Ауыр ноғай аз болырға усайды.

Расында да, тарих телегейіне көз жіберсек, белі бекем, өрісі кең талай елдің іргесін ірітіп, түбіне жеткен Шөлгез айтқандай мансапқа таласу, жікке бөліну сияқты алауыздық екені белгілі. Заманының көреген абызы Шөлгездің бұл байқағаны болмай қалған жоқ. Ақсүйектер арасындағы бәсеке, бакталас, дүрді араздық ақыры қазақ, ноғай арасын ажыратып тынды, он сан ноғай ыдырап кетті. Бұл ежелден “ауылы аралас, қойы қоралас” отырған екі елге де оңай тимеген. Халық туыстас екі ел ірге бөліскен сол бір ауыр күндерді қайғырып еске алған, өкініш, кимас сезімді бейнелей небір тамаша мұнды жыр, күйлер шығарған.

А.Сикалиев ноғайлар арасынан жазып алып, жариялаған “Алай яным” толғауында Шөлгез өз дәуірінің кейбір кісілікке кереғар, адамдыққа жат әдет-салтын байқай біледі. Әзикедей қатігез мырза үкімімен сүйгенінен айырылып сүймесіне телінген “ару көзел”, “көзелінен айырылып, омыртқасы сегіз көзден қайырылған” ер жігіт халі (“теңсізіман алай яным бас қосқан, Ыылай ғана сықтай турған яр көрдім”) қанша аяушылық тудырса да, жырау оған үкім айта алмайды. Мұндай әділетсіз, теңсіздікке қарсы ой айту халық ауыз әдебиетіндегі аңыз, әңгімелерде ғана болмаса, дара жыраулар поэзиясында бұл тұста бой көрсетіп, етек ала қойған жоқ. Ал, соны байқай біліп, сезіне суреттеудің өзі үлкен көрегендік еді.

Халықтың сан ғасырлар бойы тәжірибесінде, сол тәжірибеден қорытылған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерінде тәкаппарлық пен менмендіктің өрісі тар, өмірі қысқалығы әйгіленетін “асқанға-тосқан” деген нұсқалы сөз бар. Шөлгез жырларында бұл идея нақты мысалдармен дәлелденгендей:

Атадан алтау тудым деп,
 Салмақтама неменді.
 Салмактасаң неменді,
 Тәңірі тесер төбенді.

Жырау осы шумақтағы үшінші, төртінші жолдарындағы ойды бекіте түсу үшін өзі өмірде сезіп, байқаған, яки көрген көріністерінен сан-салалы мысалдар келтіреді. Шөлгез шамалауынша жүйріктігіне желіккен ор қоян да, ретсіз сөйлеген желбуаз, даракы кісі де, көлді тастап қырға ұшқан сам үйрек те, үдере шұбырған қыр құланы да, мезгілсіз жусаған жылқы да бір тосқауылға — пәлеге жолығуы мүмкін. Бұл тұста жыраудың өмірде беталды, бағытсыз құбылыс жоқ, әр нәрсенің жөні, жүйесі, орны, уақыты, шамасы, шегі бар, өлшеусіз тасқын төгіледі, аса асқынып кеткен тосқауылға кезікпек деген ойын аңғарамыз. Олай болса, әр нәрсенің де асып-тасқан, болған-толған шағы мәңгілік емес, уақытша-өткінші. Жыраудың бұл пікірлері оның өмірдің өтпелілігі туралы ойларымен сабақтаса түседі. Өмірдің үнемі өзгеруде, дамуда екенін сезіну “Би Темірге айтқаны” толғауындағы “Еділден шыққан сызашық “ шумағында да байқалады. Кешегі тебінгіге жетер-жетпес сызашық — бүгін жарқыраған айдын теңіз. Кешегі қыршын тал — бүгін жапырағы жайқалған жасыл терек. Кешегі тең атаның ұлы — бүгін дәрежесі артық әмір иесі. Шөлгез пікірін жинақтасак, кешегі кішік — бүгінгі зор. Демек, осылайша әр нәрсенің өсіп, өркендеуін, оған керісінше болып-толғанның, асып-тасқанның төгілуі мен тоқырауын суреттеуі — Шөлгездің табиғат пен адам өміріндегі мәңгі құбылыс — өніп, өсуді, керісінше өліп, өшуді тануы еді.

Өмірдің өтпелілігін Шөлгез “Шағырмак бұлт жай тастар” толғауының “Қоғалы көлдер, құм, сулар” шумағында анық ташық айтады. Жауынгер жырау жыр жолдарында өзіне етене таныс “сакалына сары шіркей ұялап” далада қалған барымташы ерлердің реңсіз тағдырын мүсіркей суреттей отырып, жер басып, тірлік кешкен адам атаулыға ортақ құбылыс өмірдің қысқалылығы мен өткіншілігі туралы тебіренеді. Бірақ бұл өмірдің өзі аз екен деп аза тұтып күңіренбейді, қайта “жалған дүниеде” ойнап, күліп, бар рахатты бастан кешіріп, шалқып өтуге үндейді:

Күлелік те ойналық,
Киелік те ішелік.
Мынау жалған дүние,
Кімдерден кейін қалмаған?!

Сөз жоқ, бұл жолдарда жыраудың қысқа ғұмыр мен қысаң

тағдырға деген ашу-ызасы да, өмірге інкәр оптимистік рухы да танылады.

Өмірдің үздіксіз дамуда екенін, дүниеде бірқалыпта өзгермейтін мәңгілік болмыс жоқ екенін мол сезінген Шөлгездің өзінен бұрынғы және кейінгі дәуірлермен үндесіп жатқан бір пікірі — ұлы адамның өлмейтіндігі, өзі өлсе де, сөзі өлмейтіндігі. “Жақсының аты өлсе де, хаты өлмейді” деп келетін халық даналығы Шөлгезде “Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау” күйінде келеді. Ноғайлар арасынан А.Сикалиев жиып алған екінші бір өлеңінде Шөлгез “сөзі өлмейтін жақсының” кім екендігін анықтай түседі. Ол — жырау пікірінше “халықтың сөзін сөйлеген халық ұлы”. Өлең түйініндегі:

Біз өлген сон калғандармен
Сойлер биздин созимиз —

деуіне карағанда өзі сияқты жырауларды да мәңгі жасау санатындағы адамдар деп есептейді. Демек Шөлгездің бұл ойларынан оның өз дәуірінде жұртын қамдаған азамат — ерлер мен елінің жалынды тілі, жіті жанары нұскалы сөз толғаған өнер адамының кадыр-бағасын қаншалықты биікке көтергендігін тани түсеміз. “Жақсылардың сөзі сау” дейтін пікір сайып келгенде, шын азамат, шынайы өнер адамының мәңгілік өмірі туралы барша дәуір мойындатқан ақиқат сөз. Шөлгез заманы үшін — озық ой еді.

Шөлгез жырларында философиялық толғаныс, тебіреніс ретінде келетін дидактикалық өнеге-өсиет, мақал-мәтел, ақыл-нақылды шумақтар мол. Жырау өнеге-өсиеттік бірқатар жолдарында өмірден түйген өрісті ойларын Жақсы мен жаманды салыстыра отырып суреттейді.

Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыс тоңынды түлкі етер.
Бір жақсымен дос болсан,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсан,
Күндердің күні болғанда,
Жімле ғаламға күлкі етер.

“Жақсыдан — шарапат, жаманнан кесапат” дегендей бұл шумақтағы Жақсы — шарапатты шын дос та, Жаман — жалған дос, екіжүзді сатқын бейнесінде.

Бір жаманға сөз айтсан
Есікті кетер сарт ұрып.
Сол жаман елден кетер деп,
Артында жақсылар калар шарқ ұрып.

Ал бұл жерде Жаман – сөз қадірін білмес дөкір, дүнк, кекшіл кейіпте де, Жаксы – көл қорыған қызғыштай байыз таппай бәйек болған бағалы ер. Міне, осылай Шәлгез жылдарындағы Жаксы – жалы биік жайсаң азаматтын, ел мерейін көтерген айтулы ердің, халқының қамын ойлаған қабырғалы батырдың бейнесінде беріледі де, Жаман – көнілі көрінім жерді барлай алмас бейшара, күйбең тірлік кешкен тоғышар, Жаксыны етекпен тартар күншіл, бакқұмар, қызғаншак, ақылы артынан кірер акымак, сыр сактамас желауыз, дос боп жүріп екіталай кезде қас боп шыға келер екі жүзді сатқын бейнесінде суреттеледі. Шәлгез жырларындағы абаданы, атайы ер, атанын ұлы (“Атаның ұлы жаксыға”) сойы деген сөздер де жаксы ұғымды береді. Мысалы абаданы – абзалы, көп камқоры мағынасында колданылған. Жырау Жаксы мен Жаман арқылы Ер мен Ез, Мәрт пен Нәмәрт сияқты адам бойында кездесетін екіұдай кереғар қасиет-мінездерді салыстыра суреттеу арқылы дәуірден дәуірге көшіп келе жатқан көптеген өмір сырын байыпты бағдарлайды. Шәлгездің “Қатнасы биік көлдерден”, “Ярлылыққа септи деп”, “Тобылғының берігі”, “Бостаны бар-ды теректің”, “Айдынға шүйсен, тарлан шүй”, “Бар күшінді сынамай” шумақтары және “Шағырмак бұлт жай тастар” дейтін ұзақ толғауы – не замандар бойы өмір тәжірибесінен қорытылған саралы ойлар жиынтығы, өмір аксиомасы дерлік. Бұларда акыл-ғибрат та, өнегелі өсиет те мол. Бұл саладағы толғауларынан Шәлгездің өрісті ойларын, заман шындығын, дәуірдің елеулі мәселелерін көтере білген кемел парасатын тани түсеміз.

Ру-ұлысқа бөлініп, тұкым-текке қарап бағалаған патриархалды-феодалдық дәуірде бақ тайып, бакыты қашқан кездерде жапа шеккен Шәлгез “Жағаға дұшпан қолы тимеске, Артында туысқанын көбі игі” деп санайды.

Арғымак атқа көп міндім,
Садақа кетсін буданнан.
Азаматқа көп ердім,
Садақа кетсін туғаннан.

Бұл жолдар жыраудың ашына айтқан ақиқат сөзіндей естілгенмен, ол туған біткенді ту етіп, жаманына да жан тарта бермейді, адалдық, азаматтық тұрғыдан саралай, сын көзбен қарайды.

Жаман туған бар болса,
Жаман жолдас көп болса,
Жазаны содан көрерсін.

немесе,

Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басына айғақ-ты.

Яки:

Ағайынның ішінде,
Бір жақсысы бар болса,
Қонқалаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас.

Міне, жырау өмірдің өзінен туындап жатқан ащы шындықты айқын көре алған да, жақын деп жаманға жан тартуға емес, “жақсыда жаттық жоқ” дегендей адамды, азаматты, абзалдықты сүйюді өсиет етеді.

Атаның ұлы ерлерге,
Малың бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма?!

Бұл жолдардағы — Шөлгез ұғымындағы “Ата ұлы” адамдығы мол азамат ерлер ретінде табылады.

Өз заманының ақылгөй жырауы, әрі айтулы батыры Шөлгез суреттеуінше адамның өмірдегі қадір-қасиетін белгілер ерлік пен ездік, достық пен дұшпандық деген қасиеттер ел басына екі талай күн туған “тайғақ кешу тар жерде” танылмақ..

Күпшек санды тіл жалмаған күреңді,
Тілеген достан аяман.
Тілекті бірге тілеген,
Малымды достан аяман.

Бұл — жыраудың батыр ретіндегі бірлік пен ерлікке үндеген мәрт мінезі, әрі адалдық анты дерлік. Өмір талқысын көп көрген жырау жауға — мейірімсіз, досқа — адал, дұшпанға — сақ болуға шақырады.

Андып жүрген дұшпаныннан жүз сақын,
Күле кіріп күңіреніп,
Шыққан достан мың сақын.

Немесе:

Дұспанына белінді шешіп инанба,
Инатып тұрып өлтірер, —

деп үнемі қырағылыққа үндейтін Шәлгез парықсыз ағайын (“Жайынды білмес қарындас өзі дұспан, өзі қас”, “Жаманға дос болғанда, жазымда басың қалмас па?!”), ақылсыз достан да (“Ақылсыз достан ақылды дұспан артық-ты”) сақтандыра сөйлейді.

Шәлгездің ерекше қастерлей жырлайтыны “күндердің күні болғанда” елінің ар-намысын қорғап, жауына жайдай атылар қол бастар “асыл туған батыр ерлер” (“Батыр жігіт жау бастар”). Ондай ерлер елдің панасы (“дұшпанның қолы жете алмас”, “басың жауда қалар ма?”) ретінде бейнеленеді. Мұндай ірі міндет, іргелі іс атқарар батырдың ұлан шабуылдарда үдере жортар канат-көлігі — Атайы ердің тұсында тарп ұрып тұрар тұлпар”, “жаздың алты ай жорытсаң, неш өкпесі қабынбас арғымақтың баласы” немесе:

Елбең-елбен жүгірген,
Ебелек отқа семірген.
Ебедей төсі салынған,
Ертеңнен салса кешке озған,
Ылдидан салса төске озған,
Ала мойын, ала аяқ —

боп суреттеледі.

Шәлгез жырларынан бір байқалатын сыр — оның туып-өскен мекеніне, ата қонысына, өзін қоршаған табиғатқа деген құштарлығы. Бірақ, Шәлгезде бұл тақырыпты бірыңғай толғаған жырларды кездестірмейміз. Оның туған мекенге, өскен табиғатқа деген ықылас-іңкәрлігі өмір, заман туралы толғаныстарымен аралас келеді. Жырау табиғат, туған мекен суреттерін негізгі айтпақ болған ойларын дәлелдеу үшін жанама мысал, фон ретінде

алады. Ол “асқар тауға армай шығып, ... Ана-Едилдин ак елкенім” көрсе де, “Ана-Едилден Ак Кобанға” қараса да, “Ак Кобаннан Ак Яйыкка” жол тартса да дәуір сыры туралы тебіренеді. Немесе Еділден шыққан сызашықтың жарқыраған телегей боп, жағасына қыршын болып біткен талы жапырағы жайқалған терек болған кезін суреттеуі Темірге айтпақ кекті сөзіне керек мысал ретінде келтірілген. Бірақ сондай жекеленген жолдардың өзі табиғат бейнесін бірден көз алдына әкелер образы да әсерлі.

Қарабасты ак құспен
Кендір баулы ақ желкен,
Көк теңіздің жал толқынға жектірдің!

Жапырағы жасыл жау терек,
Жайқалмағы желден дүр...

Арканың құба жонында,
Арыстан ойнар шарқ ұрып ...

Ана Эдилдей алай яным су ақса,
Яғасына біткен онын тал болар ...
Жалп-жалп еткен жапалақ,
Жазда кімге жолдас болмаған ...

Ағынды сулар, аймақ көл,
Тасыса дөнбек келтірер ...

Шөлгезде “Ак ала тау”, “Асқар тау”, “Жапалақ ұшпас жасыл тау”, немесе “Саздауға біткен кара ағаш”, “Шағырмақ бұлт жай тастар” сияқты өзін қоршаған орта суретін елестетерлік ажарлы, образды тіркестер бар.

Шөлкез жырларында ежелгі қоныс Еділ, Жайық пен Кобан атаулары кездеседі. Кездескенде “Ак Жайық”, “Ак Қобан” дегендей аса інкәр, құштар сезіммен аталады. Қазак, ноғай арасында тараған жырлардың қай-қайсысында да Еділді “Ана-Еділ” деп перзенттік сезіммен аса қастерлеп атайды (“Ана-Еділден көксіген...”, “Ана-Еділден Ак Қобанға қарасам”). Бұған қарағанда орыстың “Волга-матушкасы” Шөлгездің “Ана-Еділімен” үндесіп жатыр. Бірақ, бұған бола “Волга-матушка”, “Ана-Еділден” не

“Ана-Еділ” “Волга-матушка” деген ұғымнан шыққан болар деген шолақ жорамал жасау келіспейді. Қалай болғанда да, бұл жердегі бір жарастықты жәйт — Еділ бойын жайлаған халықтардың қайсысы болмасын оны анасы санап, ардақтап жырға қосуы. Бұл тек Еділге ғана тән сипат емес, адамзат баласының “ес кіріп, етек жапқалы” өзіне материалдық игіліктер беріп асыраған, дүниеге келгелі көзі үйреніп, көңіліне хаттай жазылған ыстық мекенге — өзін қоршаған ортаға деген перзенттік сезімі. Ал, бұл перзенттік сезімді, суреткерге тән образды бейнелеу Шәлгез жырларынан айқын аңғарылады.

* * *

XV-XVI ғасырлардағы Асан, Қазтуған, Доспамбет, Шәлгез жырларын дербес акын, жыраулық өнердің басталуы немесе қаз тұра бастаған сатысы ретінде қарауға болмайды. Оған дәлел — аталмыш жыраулар поэзиясы сол кездегі өмір көріністерін суреттеу мүмкіндігі, көркемдік құнары жөнінен XVII-XX ғасырлардағы ауызекі акындар творчествосынан анағұрлым артық, анағұрлым жетілген поэзия. Демек, бұл жай аталмыш жыраулар алдында ру, тайпалардың ежелден келе жатқан ауыз әдебиеті, есімдері бізге беймағұлым талай жыршы, жыраулар легі, олар үлгі алған ауызша, жазуша тараған рухани мұралар болғандығын аңғартады. Шәлгезге дейінгі дәуірде “Дивани Лұғат-ат-түрік”, “Құдатғу білік”, “Кодекс Куманикус”, “Оғыз наме”, “Мұхаббат наме”, “Жүсіп-Зылиха” сияқты шығармалардың Алтын Орда аймағына кең тарағаны белгілі. Ал, өмір сүрген ортасында жазу-сызу дәстүрі бар Шәлгездің қыпшақ даласына ауызша, жазбаша тараған шығармалардан бейхабар болуы мүмкін емес. Бұл тұста “Шәлгез сауатты болған ба?” деген заңды сұрақ туады. Шәлгез толғауларында “сыя”, “хат”, “ғалым”, “кітап” деген сөздер кездеседі. Бірақ, жырау шығармасында айтылатын жайттардың бәрі автордың басынан кешкені деуге болмайды. Сондықтан, аталмыш сөздер оның өз басының сауаттылығы жөнінде бұлтартпас дерек бере алмайды. Шәлгездің хат танып, жаза аларлық сауатты болғандығын біз ноғай арасынан А.Сикалиев жинаған өз жырларынан кездестіреміз.

Эсенімде, сауымда,
Элим ушун иыр язсам.
Тауарыкка дап болып,
Язган язуу йойылмас.

Алайда, Шәлгез қолжазбасын кезіктірген әзір ешкім жоқ. Бізге жеткен жырларының бәрі де — халық көңілінде сақталып, атадан балаға ұласқан мұралар. Қалай болғанда да Шәлгездің өзіне дейінгі әдеби мұраларды мол білген ауыз әдебиеті стиліндегі импровизатор сөз зергері екендігі даусыз.

Шәлгездің бірқатар жыр жолдары халық мақал-мәтелдерімен үндес келеді. Мысалы, мақал-мәтелдердегі “Әлін білмеген әлек” деген пікірді Шәлгез:

Бар күшінді сынамай,
Балуандармен күреспе,
Таң боларсын әлемге,
Сөз боларсын күлемге —

түрінде тарата түсіндіріп, нанымды насихатқа айналдыра толғайды. Ал, “Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді” Шәлгезде — “Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау” күйінде кездеседі. “Жаманға сырынды айтпа, сырынды айтсаң да шынынды айтпа”, “Жаманға сырынды айтсаң, жарға жығар”, “Жақсыда жаттық жоқ” сияқты мақал-мәтелдер мен Шәлгездің:

Жаманменен дос болсан,
Жазымда басың қалмас па?!
Жат туғанды өз етсен,
Жақсыларды дос етсен,
Ғұмырын ұзақ болмас па?!

.....
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты, —

деген жолдары мағыналас. Немесе, “Қырық күн қырғын болса да, ажалды өледі” деген ойды жырау:

Жаланап барып жауға ти,
Төнірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр, —

деп толғайды.

Шәлгез өзінен соңғы дәуір поэзиясына елеулі ықпал, әсер еткен жырау. Бұл салада М. Мағауин бірқатар мысалдар келтіріп, құнарлы пікірлер айтқан.

Халық ауыз әдебиетіндегі “Күле кіріп, күнірене шыққаннан сақтан”, “Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық”, “Жаманнан туған жақсы бар. Адам айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Бір аяқ асқа алғысыз”, “Дұшпаныннан бір сақтан, жаман достан мың сақтан” сияқты мағыналы сөздер Шәлгез жырлары арқылы тарап, мақал-мәтелге айналғанға ұқсайды.

Сөз шеберлерінің мағыналы да көркем туындыларынан ауыз әдебиеті нәрленіп, не сол халық творчествосынан сөз зергері сусындап, алма-кезек құнары артып, байып отыратын дағдылы құбылысын Шәлгез шығармаларынан да байқаймыз. Шәлгез “Би Темірге айтқаны” толғауында Орда маңына орныға алмай Темірден ажырап тұстағы мұнды көңіл-күйін табиғат көріністерімен астастыра абыздардай алыстан болжап, жоспармен жорып, байыппен бағдарлай жырлайтын:

Аспанды бұлт күрсайды —
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды —
Көкшіліден ол айуан,
Сокқы жегенге ұқсайды.
Көп ішінде бір жалғыз,
Көп мұнайып жылайды —
Күйбендескен көп жаман.
Сөзі тигенге ұқсайды.

Дәл осыған ұқсас жолдарды “Ер Тарғын” жырынан оқимыз:

Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт қоршайды,
Күнді байқап қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Айды бұлт қоршайды,
Айды байқап қарасам,
Түн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін еріткен,
Көлдегі қулар шулайды,

Шулағанға қарасам,
 Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды.
 Бойды байқай қарасам,
 Қол-аяғым көсіліп,
 Аузы-мұрным ісініп,
 Алланың хақ бұйрығы,
 Маған таянғанға ұқсайды.

Бұл – жапан түзде мертiгiп жатқан Тарғын батырдың қапалы көңiл-күйi. Шөлгезде де, Тарғын монологiнде де негiзгi ой шумақтың соңғы жағында. Өз көңiл-күйiн бұлтты аспанмен, өзiн жәбiр көрген аккумулятив, психологиялық параллелизм әдiсiмен салыстыра суреттеу Тарғын сөзiнде де бар. Бұл ноғайлы жырларының туу процесiнде жыраудың өз басының, не ұтымды өнегесiнiң қатысын көрсететiн деректер.

Дәуiрi жағынан Асан қайғы, Шөлгездерге бiр табан жақын тұратын Бұқардың құнарлы өнеге бастауларының бiрi Шөлгез мұрасы болғанын байқаймыз. Үмбетей, Ақтамбердiлер Шөлгез жырларының ызаға қайнап, ойға қорыған өткiрлiгi мен тепсiнген теңеурiнiн, жайрап қалар жағдайлардың өзiнде жасып жабаурамай үнемі ширьға, шамырқана отыратын жауынгерлiк рухын өнеге етсе, Бұқар ақыл-нақылға құрылған философиялық-дидактикалық толғауларында жыраудың тұтас шумақтарын, не кейбiр жолдарын аз-кем өзгерiспен көздеген нысанасына дәл тиетiн сенiмдi қаруындай қолданып отырған. Мысалы:

Жауынды күнi көп жүрме,
 Жар жағасы тайғақ-ты.
 Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
 Күндердiң күнi болғанда,
 Сол жаман өз басына айғақ-ты.
 Құсты жисаң, бүркiт жи,
 Қыс тоңынды түлкi етер.
 Бiр жақсымен дос болсаң,
 Азбас-тозбас мүлкi етер.
 Бiр жаманмен дос болсаң,
 Күндердiң күнi болғанда,
 Жiмле ғаламға күлкi етер.

Шәлгездің осы жолдарын Бұқар “Сәлем – сөздің анасы” толғауының бір шумағында көп өзгеріссіз қайталайды:

Жар басына конбаныз,
 Дауыл соқса, үй кетер.
 Жатқа тізгін берменіз,
 Жаламенен бас кетер.
 Жаманмен жолдас болсаңыз,
 Көрінгенге күлкі етер.
 Жақсымен жолдас болсаңыз,
 Айырылмасқа серт етер.
 Ит жүгіртіп құс салсаң,
 Киген тоның түлкі етер...

Енді, Шәлгездің мына шумағына назар аударайық:

Ау, бөрілер, бөрілер,
 Бөрімін деп жүрер ер.
 Әрбіреудің баласы.
 Алтау болар, бес болар,
 Ішінде абаданы бір болар.
 Абаданнан айырылса,
 Олардың әрбіреуі,
 Әрбір итке жем болар.

Осы сегіз жолдағы негізгі ойды Бұқар “Айтар болсаң, Алланы айт” деп басталатын қырық екі жолдық толғауында береді, кей тұста өзге жолдар қосып, тарата толғайды.

XV-XVIII ғасыр жырауларынан, әсіресе Шәлгезден мол сусындаған ақынның бірі – Махамбет. Махамбеттің “Жалған дүние” (“Қоғалы көлдер, құм, сулар”) толғауы Шәлгездің “Қоғалы көлдер, құм, сулар” толғауымен, Махамбеттің “Тайманның ұлы Исатай” (“Арғымақтан туған қазан ат”) толғауының бірқатар жолдары Шәлгездің “Айырдан туған жампоз бар” шумағымен, Махамбеттің “Еменнің түбі сары бал” толғауы Шәлгездің “Жапалақ ұшпас жасыл тау”, “Жапырағы жасыл жау терек” шумақтарымен, Махамбеттің “Ата ұлының баласы”, “Күнқақты ердің астында” шумақтары Шәлгездің “Атаның ұлы Ерлерге”, “Көктеп мінген еріннің” шумақтарымен ойы, мағынасы, бейнелі

сөздері, ұйкасы жағынан да сәйкес келеді. Мысалы, Шөлгезде :

Айырдан туған жанпоз бар,
Жүгін нарға салғысыз.
Арғымақтан туған будан бар,
Күнінде көрінім жерді алғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Бір аяқ асқа алғысыз.

Бұл жолдар Махамбетте былай оқылады:

....Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз.
Аруанадан туған мая бар,
Асылын айуан десең нанғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз.

Немесе, Шөлгездегі:

Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам жаманның,
Жалаңдаған өз басына тілі жау.

Махамбетте:

Жапанға біткен жасылды-ау,
Момындардың басы сау.
Жаманды байқай карасан,
Күндердің күні болғанда,
Өз басына өзі жау.

Сондай-ақ, Махамбеттегі “Елбең-елбең жүгірген, Ебелек отқа семірген”, “Бұзбай құлан пісірмей, мұз үстінде от жақпай” сияқты бейнелі тіркестердің түп-төркіні Шөлгез жырлары екендігі аңғарылады.

Енді бір мысал:

Асқар, асқар, асқар тау,
 Асқардан биік тау болмас,
 Басына балапан шырлап ұшып қона алмас.
 Бүркіттен қыран құс болмас,
 Баулуы жетпей бөрі алмас.
 Бидайықтан алғыр құс болмас,
 Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас.
 Сұңқардан сұлу құс болмас,
 Қауырсыны қатпай ұша алмас.

Шәлгездің осы толғауының өзге нұсқалары сияқты шумақтар XIX ғасырдың көрнекті импровизатор ақындары Абыл мен Шерниязда кездеседі:

Абылда:

Асқар, асқар, асқар тау,
 Асқар таудың басына,
 Балапан ұшып шыға алмас.
 Сұңқардан қыран құс болмас,
 Соқтасы қатпай аң алмас....

Шерниязда:

Асқар, асқар, асқар тау,
 Етегінен балапан,
 Басына шарлап шыға алмас,
 Бауырынан күзен ін қаза алмас
 Сұңқардан сұлу құс болмас,
 Жүні қатпай ұша алмас.
 Бидайықтан сұлу құс болмас,
 Бағуы сыйлы болмаса,
 Ең игісі түк те алмас.

Шәлгез жырлары тек казак, ноғай халықтарында ғана емес, Алтын Орда аймағында болған түрік тілдес елдердің (ред.) бірқатарына етене таныстығы байқалады. Оған куә 1875 жылы қағаз бетіне түскен “Қазак өлеңдері мен киссалары” қолжазбасының Башқұрт жерінен табылуы және 1773-1775 жылдардағы шаруалар көтерілісінің басшыларының бірі башқұрт халқының батыр ақыны Салауат Юлаев (1752-1800) жырларынан Шәлгез өнегесінің айқын аңғарылуы. Мысалы, Салауаттың:

Ялт-йолт иткән ябалак
 Язмышта кемгә юллаш булмаған?!
 Бүтәгә үлән, буз ялан,
 Кемгә түшек булмаған?!
 Яғаһына кош оялап,
 Янағына себен-серәкәй балалап,
 Ир-егеттін башы кайза ятып қалмаған?!

(Башқорт поэзияһы антологияһы, Өфе, 1971, 84-бет) деген жыр жолдары Шәлгездің “Қоғалы көлдер, құм, сулар” шумағындағы “Жалп-жалп еткен жапалак” деп басталатын бірқатар тармағын аз-кем өзгеріспен қайталайды.

Демек, бұл мысалдарға карағанда, Шәлгез жырларының түр, стиль, образ өрнектерінен кейінгі акын, жыраулар игі-өнеге алған. Қажет жағдайда Шәлгез жолдары мен бейнелі тіркестерін өз жырлары арасында сол күйінде қолданып, не өзгертіп, жаңғыртып, ұстарта жырлаған.

Жекелеген көшпелі сөздер мен жолдардың ауыз әдебиеті мен ақпа-төкпе акын, жыраулар мұрасында жиі ұшырасып отыруы дағдылы жайт. Бұл — казактын ауызекі тараған төл поэзиясына ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтар әдебиетіне де тән сипат. Оның өзіндік себептері бар. Дүниеге келген көркем туындыларын салыстырып, саралап отыратын жазбаша дағдысы өріс алмаған елдерде шығарма ауызша тараған. Акын, жыраулар өздерінен бұрынғы сөз зергерлері мұрасын қадір тұтып, жаттап, соларға еліктей өскен. Қажет жерінде оларды дайын құралдай қолма-қол пайдаланып, ағытып айтып отырған. Ал, сол мұралардың бірқатарын бағзы бастапқы күйінде ғана қолданбай, оны сол тұстағы белгілі жағдайға, өз идеясына лайықтап өзіндік өрнегімен дамыта, ұстарта толғаған. Қазак акындарының көбі XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар сөзін өздерінің өмір, заман туралы толғамдарына лайық келісті қисындыра білген, түр мен сөз өрнегіне өзгерістер енгізген, әдебиет тарихында ақындық атағын әйгілер елеулі мұралар қалдырған. Сондықтан, Бұқар, Махамбет, Абыл, Шернияз және олардан кейінгі акындардың бірқатарында Шәлгез сөз орамдарының кездесетіндігіне карап, оларды Шәлгез көлеңкесінде қалғандар деп тұқыртудың жөні жоқ. Олар — көне жыраулардың игі дәстүрін өз дәуіріне сай дамыта білген сөз

шеберлері. Әдебиет тарихында олардын әрқайсысының өзіндік орны бар. Олар Асан, Шәлгез, Қазтуған сияқты жыраулар мұрасының озық үлгілерін өз дәуіріне сай дамыта білген. Олардың мұрасы XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар өнегесінің келісті көріністері, заңды жалғасы.

ЖИЕМБЕТ

Қазақтың жыраулық поэзиясы аса бай да мазмұнды болғанымен, кейінгі дәуірге сол бағалы мұрамыздың аз ғана бөлігі жетті. Сонау Ноғайлы дәуірінде, одан соңғы Қазақ хандығы кезеңдерінде ондаған өрелі өнер өкілдері – айтулы шешен, аркалы жыраулар өмір кешкені анық десек те, бүгін тек солардың бірнешеуінің есімін білеміз, санаулы таланттар ғана қазақ әдебиеті тарихының сахнасынан өлмес орын алды. Мәселен, XVII ғасырда өткен жыраулық поэзия өкілдерінің бізге жеткен белгілісі бірді-екілі болса, соның бірі – Жиёмбет, яғни екеудің бірі, егіздің сынары.

Қазақ тарихында үлкен із қалдырған Тәуекел, Есім хан тәрізді ұлық тұлғалардың замандасы Жиёмбет Бартоғашұлы да өз дәуірінің озық перзенті, ойлы жырауы, белді биі болғаны күмәнсіз. Оның ел қорғау жолында көрсеткен ерліктері, хан қасындағы ақылман би, әскербасы, ұлыс көсемі ретіндегі ерен еңбектері кейінгі ұрпақтарға үлгі боп жеткені мәлім. Соның жарқын дәлелі Жиёмбеттің екі толғауы 1908 жылы Қазан қаласында бөкейлік әуесқой фольклортанушы этнограф Макаш Бекмұхамедұлы бастырған “Жақсы үгіт” кітабында жарық көрді. Осыдан соң жыраудың осы тектес толғауын алаш азаматы Х.Досмұхамедұлы ел арасынан жазып алып, Ташкент қаласында шығарылған әдеби жинағында жарияланғаны белгілі¹. Кейінірек осы шығармалар бірқатар хрестоматиялық жинақтарда да аз-кем өзгерістермен басылғанын білеміз². Сондай-ақ, Жиёмбет батыр жайындағы ел аңыздары мен оның жыр-толғауларын дер кезінде тауып, жинастырып, тиісті орындар мен жекелеген ғалымдарға тапсырған қазақтың эпик ақындарының бірі Ығылман Шөрекұлы

¹ Бекмұхамедұлы М. Жақсы үгіт. Қазан, 1908.

² Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.

³ Алдаспан (Құраст. М.Мағауин) А., 1971; Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. А., 1989.

және батыс өңірінің жергілікті фольклор жинаушылары Әділ Таутекенов, Кенжеғали Шатанов, Қазихан Нұртазин сынды азаматтардың есімін де атап өткен ләзім. Әрине, Жиёмбеттің бірлі-жарым толғаулары табылып, жарияланумен ғана шектелген жоқ. Даңқты жыраудың өмірбаяны мен шығармашылығы жөнінде бірқатар ғылыми зерттеулер жазылып, ақындық таланты лайықты бағаланды және оның есімі қазақ әдебиеті төрінен орын алды. Бұл орайда әдебиет зерттеушілері Х.Сүйіншәлиев, Ғ.Әбетов, К.Сыдиықов, М.Мағауин, С.Қасқабасов, С.Дәуітов тәрізді ғалымдардың жекелеген және ұжымдық-монографиялық зерттеу еңбектерінде Жиёмбет тұлғасы жыраулық поэзия дәстүрімен үндестіріле қарастырылып, толғауларының стильдік-көркемдік жақтарына терең талдаулар жүргізілген.

Жалпы, Жиёмбет жырау толғауларының шығу тарихы көбінесе, Есім хан есімімен байланыстыра әңгімеленеді. Мәселен, жыраудың поэзиясын алғаш рет кешенді түрде зерттеушілердің бірі М.Мағауин “Жиёмбет – Есімханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы” - дей келіп, оның өз заманының ірі шонжары, һәм мемлекет істерінде үлкен рөл атқарған қабырғалы биі болғандығын жазады. Сонымен бірге, Жиёмбет батырдың “Еңсегей бойлы Ер Есім” жырындағы басты кейіпкерлердің бірі екендігі де мәлім.

Жиёмбет жырау Кіші жүздің Алшын бірлестігіне кіретін Байұлының Тана руынан шыққан белді би, белгілі батыр болып саналған. Кейбір шежірелерде Жиёмбет Тананың немересі ретінде көрсетіледі. Ұрпақтар ауысып, ғасырлар өте жыраудың өзі де бір тайпа елдің атасына айналғанын аңғарамыз. М.Мағауиннің деректерінде “Тананың ұраны – Жиёмбет”⁴ делінсе де, ертеректе алаш қайраткері М.Тынышбаев жариялаған шежірелік мәліметте “Тана” деп беріліпті. Бірақ, М.Мағауиннің “Атақты Сырым батыр да жауға шыққанда өз атасы Жиёмбеттің атын атап шыққан” дейтін сөздерінің жаны бар тәрізді. Өйткені, жоғарыда айтылған тарихи шежіреде Алаш тарихын зерттеуші Байбақтыдан өрбитін үш ұлдың бірі Тынбақтыны “Тана баласы” деп ескерткен⁵. Оның үстіне М.Тынышбаевтың Кіші жүз әулеттерінің шежіресін осы тақырыпты тереңірек зерттеген профессор Х.Досмұхамедұлынан

⁴ Мағауин М. Ғасырлар бедері. А., Жазушы, 1991, 58-б.

⁵ Сонда, 59-б.

⁶ Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Таш., 1925, с.30.

алғанын еске алсақ, Жиёмбеттің ұрпақтары байбақты руына да сіңіп кетуі мүмкін деп шамалауға негіз бар. Ал, Атырау, Орал өңірінің қазақтары арасында “Сұрасан біз руымыз – танамыз, / Жиёмбет тана ішінде атанамыз” деп келетін кара өлең жолдары әлі күнге шейін ұшырайды.

Қазақ шежіресі бойынша Жиёмбет батыр Тананың өзінен тікелей, немесе оның бір атасы Бартоғаштан тараса керек. / Бартоғаш, Біртоғаш деп те атала береді. – С.Қ./ Сол Бартоғаштан – Жиёмбет, Жасымбет, Ақымбет туады. Бұл деректің шындыққа бір табан жақын екендігін жыраудың өз інісіне арнаған толғауындағы:

Әй, қыңыр ер, қыңыр ер,
Қыңырайма, біздің ер.
Қыналы бозға мінген ер,
Қыз қалмақты құшқан ер.
Хан жалғыз да, біз үшеу,
Қыңырайма, шіркін, бері кел! –

деуінен-ақ байқау қиын емес⁷.

Ақиқатында да, Есім хан сарайында әскербасы, әрі кенесші қызметінде жүрген Жиёмбеттің өз әміршісімен араздасуы осы айтылған бауырларының себебінен, атап айтқанда, Жолымбет батырдың кесірінен болғаны анық. Аңыз бойынша, қалмақтың бір ханы Есім ханға сыйлыққа жіберген сұлу қызды Жолымбет жолдан олжалап, тартып алып, өзіне жар еткенге ұқсайды. Жиёмбеттің Есім ханға арнаған атакты толғауы сол оқиғаның ушығып, билеушімен арадағы қатынасы суыған сәттерінде өмірге келген. Аталған толғаудың шығу тарихы жөніндегі халық арасына тараған аңыз-әңгімелер, негізінен “Жақсы үгіт” (1908ж.), “Аламан” (1926 ж.) жинақтарында жарық көрген нұсқаларына қатты ұқсас, олардың жалпы мазмұны бір-бірінен онша алыс емес, сондай-ақ, жырдың көлемі мен мәтіні де пәлендей өзгеріссіз қайталанып отыратынын көреміз. Солардың арасында мына бір аңыздың үзіндісі өзіндік баяндау өрнегімен және оқиға дамуының аздаған өзгешелігімен ерекшеленеді: “Танадан туған Бортығаш. Соның балалары: Жиёмбет, Жолымбет, Ақымбет – ағайынды үш жігітті Есімхан қолына қаршыға етіп ұстап, үлкені Жиёмбетпен

⁷ Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Таш., 1925. с.30.

көңілдес, дос болған екен. Сол кезде Есім ханның бәрі көңілдес қалмақ ханы оған бір қызды отаулап беріп жіберіпті. Аң аулап жүріп Жиёмбеттің інісі Жолымбет сол қызды алып келе жатқан елшілерге кездеседі. Сұрастырып карағанда, ол қыз Есім ханға қалмақ ханның сыйлығы ретінде жіберген қызы екендігін біледі де: “Хан қазір ордада жоқ, мен табыс етемін”, — деп елшілерге бір-бір ат мінгізіп жөнелтеді де, қызды алып қалады. Күндер өте береді, қызды өзіне жар етіп, Жолымбет жата береді⁸. Одан арғы болған жағдай барлық нұсқаларда бірдей баяндалған. Аңыз бойынша, әлгі оқиғадан соң, Жиёмбет інісіне ренжіп, көрместей болыпты. Әйткенмен, Жолымбет жастайынан сыйлас жангесі Есенғызбен қарым-қатынасты үзбей, ағасы жоқта келіп-кетіп жүреді. Сондайда бір күні Жиёмбеттің үйіне келіп, жабықтан караса, ағасы төрде отырғанын көріп, кейін қайтады. Осы сәтте Жиёмбеттің бәйбішесі екі ағайынды жігітті татуластыру мақсатымен:

Би, бұрынғыдан қалған сөз бар-ау,
...Екі жақсы бас косса,
Жамандар кіреді араға.
Жаманды жаман деменіз,
Жаман да шығар караға, —

деген емес пе еді?, — дейді⁹. Осы сөзге тоқталып, бауырын жаманатқа кимай, Жиёмбет інісін шақырып алып, татуласады. Мұны естіген Есім хан жыраумен қатынасын үзіп, оған жауыға бастайды. Арада біраз уақыт өтеді. Күндердің күнінде Жиёмбет “Қой, бүйтіп жүргенім болмас, ханға көзбе-көз жолығып, не татуласып қайтайын, не болмаса айтарымды айтып, көрмейтіндей болып кетейін” деп, хан арасына келеді де, Есімге арнап өзінің жұртқа әйгілі толғауын айтып беріпті.

Еңсегей бойлы, Ер Есім,
Есім сені есірткен
Есіл де менін кеңесім, —

деп еспелей, төкпелей басталатын, өте екпінді де асқак рухты жыр жолдарынан Жиёмбеттің ханның кеңесшісі ғана емес, кезінде

⁸ Жиёмбеттің Есімханмен араздасуы. Жинаушы: Әділ Таутекенов. ӘӨН. ҚК: Ш. 129. 10-д., 2-б.

⁹ Жақсы үгіт. Құрастырушы: М. Бекмұхамедұлы, Қазан, 1908. 18-б.

казак жерін жонғарлардан қорғау жолында аянбай шайқасқан, қанды ұрыстарда ерекше көзге түсіп, қалын қолды басқарған батыр қолбасшы болғандығын аңғарамыз. Кейбір деректерге қарағанда, және жыраудың өз толғауынан байқайтынымыз, Жиёмбет атақты Тәуекел ханның тұсында белгілі би болып, кейін оның ұлы Есімді ақ киізге көтеріп, хан сайлайтын беделді бектердің бірі болғанға ұқсайды. Әрине, Есім хан заманы казак пен қалмақ жұртының арасындағы бітпес жаулық басталған, тынымсыз, әрі ұзаққа созылған қанды соғыстардың кезені болатын. Міне, Жиёмбеттің билігімен қоса батырдың даңқы да осы тұста — Есім хан әскеріне және оның өз әулетіне қол ұшын беруімен шыққаны күмәнсіз. Жыраудың:

Ағбұтпа, ханым, күннен соң,
Сіздің естен кеткенмен
Біздің естен кеткен жоқ;
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонды бір жайдақ мінгенсін... —,

дейтін сөздерінен де сол дәуірде казак хандығы басынан кешірген алмағайып оқиғалардың елесін сезгендей боламыз. Жиёмбет жыраудың жай ғана өнер иесі емес, Еңсегей бойлы ер Есімнің кеңесшісі болуы, қол бастап, казак жерін жаудан тазартуға қосқан ерен еңбегі айрықша қастерлеуге лайық. Жорық жырауының казак елінің тәуелсіздігі жолында, әсіресе, Түркістан, Ташкент қалалары үшін өткен зор майдандарда көрсеткен ерліктер туралы ғалым-жазушы М. Мағауиннің¹⁰ академик С. Қасқабасовтың¹¹ еңбектерінде жан-жақты талданып жазылған.

Аталған зерттеушілер Жиёмбет жыраудың тарихи тұрғысын тиісті деңгейде дәріптей отырып, оның казак хандығына жартылай бағынған ірі дала феодалы ретіндегі сепаратистік ниеті болғандығын да жасырмайды. Әрине, бұл арада кесімді пікір айту қиын. Бір жағынан мұндай қайшылықтар Кіші жүз тайпаларының казак ордасының құрамына толық қосыла қоймағандығынан да туындаған сияқты. Осы арада Жетісу жерінде өткен шешуші шайқаста Есімнің атасы Салқам Жәңгірге Самарханнан сапар

¹⁰ Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991. 62-б.

¹¹ Қасқабасов С. Жаназық (зерттеулер). Астана: Аударма. 2002. 520-б.

шегетін Кіші жүз билеушілерінің бірі Жалаңтөс баһадүр де, беріде Тәуекел, Есім хандардың өзіне көмектескен Жиёмбет батырдың да Алшындарға карасты жекелеген ұлыстардың, тіпті, Орта Азияның ірі хандық дәрежесіндегі қалаларының әміршісі болғандықтарын естен шығармаған жөн сияқты. Қалай дегенмен де, жыраудың артында арқа тұтар қалың жұртының бары рас. Жиёмбеттің өзі де Есім ханға:

Қайратым қанша қайтса да,
Мұнына, ханым шыдаман.
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін.

Ат күйрығын кесермін,
Ат саурысын беремін.
Алыста дәурен сүрермін.
Қарамасан, ханым, қарама,
Сенсіз де күнім көрермін, —

деп күшіне сенген қайсар да намысты ердің кейпін қапысыз танытады. Жырау өмірінің осы бір дағдарысты кезені туралы белгілі тарихшы М.Тынышбаев: “Мысалы, Есім ханға ашуланған тана руының батыры Жиёмбет оған “Алашыма ұран десермін” деп сес көрсетеді. Бұл жолдар Алшындардың Есім хандығына жақын уақыттарда ғана қосылғандығын, екіншіден, “алаш” ұранының осы кезеңде көбіне-көп Алшындарға тән екендігін айқын аңғартады”¹² — деп жазған болатын.

Тағы бір назар аударатын нәрсе, “қайратым қанша қайтса да” дегеніне қарағанда, сол оқиғалар өткен XVII ғасырдың 30-шы жылдарында Жиёмбет жыраудың жасы ұлғайыңқырап қалған сияқты. Соған қарамастан, әлі бойынан қайраты қайтпаған батыр өзінің хан алдындағы биік дәрежесі мен бағасын түсірмейді. Есімге: “Мен жоқ болам, Есім хан, // Ит түрткіні көресін. // Жиёмбет қайда дегенде, // Не деп жауап бересін?” — дей келіп, өзінің батырлық тұлғасын былайша сипаттайды:

...Менің ерлігімді сұрасан,
Жолбарыс пенен аюдай.

¹² Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Таш., 1925. С.54.

Өрлігімді сұрасан,
 Жылқыдағы асау тайындай.
 Зорлығымды сұрасан,
 Бекіре менен жайындай.
 Беріктігімді сұрасан,
 Қарағай менен кайындай¹³.

Жиембет шығармашылығынан сонау Асан Қайғы тұсындағы, одан берідегі жыраулар ғұмыр кешкен қазақ ордасындағы хандар мен билердің, сұлтандар мен батыр, шешен, жыраулардың арасындағы бірде тату, бірде кату қарым-қатынастардың қайшылықтарын ғана емес, сол аласапыран жылдары халық басынан өткен тарихи, қоғамдық, саяси және әлеуметтік жағдайлардың іздерін де жыға танимыз. Түптеп келгенде халық иесі хандар мен оларға ерген, есті кенесі мен есіл күштерін қосқан ұлысбасы батыр, би, жыраулардың басты мақсаттары бір арнада тоғысып, осы ортақ мүдде — ел тәуелсіздігі, жұрт бірлігі, ұрпақ болашағы үшін тағы да “теріс мінез” танытып, оның соңы тіпті, өкпе-ренішке, ерегіске ұласып жатты. Біз бір кездері Әз-Жәнібек пен Асан Қайғының, Тарғын мен Ақша ханның, Доспамбет пен Мамайдың, Шалкиіз бен Темірдің арасында өтетін тартысты сәттердің ұқсас белгілерін енді Еңсегей бойлы Ер Есім ханмен Жиембет сынды батыр, жыраудың арасынан көреміз. Демек, бұл да алдыңғы толқын жыраулардың ізін жазбай жалғастырған, соңына қалған мұрасы қаншалықты аз болғанмен, соншалықты қымбат асыл сөздері мен жасын жырлары жұртының жүрегін жаулаған жойқын талант иесі. Бір сөзбен айтқанда, Жиембет Бортоғашұлы қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орын алатын хас дарын, XVII ғасырдағы поэзиямыздың көрнекті өкілі. Ол қол бастаған батыр, сөз бастаған би ғана емес, өз заманының озық тұлғасы, халқын сүйген кемеңгер, қоғам қайраткері деуге лайық жампоз жырау.

¹³ Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. А., Жазушы, 1989. 53-б.

МАРҒАСҚА ЖЫРАУ

Қазақ әдебиеті тарихында ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар жыраулар поэзиясын қамтиды. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет деп аталатын бұл дәуірдегі акын-жыраулардың өмірі мен шығармалары біздің қолымызға толығымен жетпеген. Олардың қай ғасырда өмір сүргені туралы деректерді өлеңдерінде айтылған тарихи оқиғалар мен оған қатысқан ел билеушілері арқылы нақтылауға болады. Мысалы, ХҮІІІ ғасыр әдебиетінің белді өкілдері Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың өмірі мен шығармашылығын анықтауда сол уақытта билік басында болған Еңсегей бойлы ер Есіммен байланыстырамыз.

Жиёмбетпен қатар Марғасқа өмір сүрген дәуір — жанадан мемлекет болып қалыптасып келе жатқан қазақ халқының сыртқы жауға қарсы күрес кезеңі еді. Қалмақтар қайта күшейіп, қол жинап көршілеріне соғыс аша бастайды. Бірде жеңіс, бірде жеңіліс қатар жүріп, қарапайым жұртшылықтың мазасын алған бұл қырғын інгәлаған бала мен қаусаған қарт аналар мен аталарға оңай тиген жоқ. Сол уақытта ел басшылары, батырлармен қатар акындар да ел болып қалыптасуда өз үлестерін қосты. Себебі, олар хан, басшыларға қиын-қыстау кезеңдерде ақыл қосып, түзу жолға бастап отырған: “Қазақ жыраулары жанадан құрылған мемлекеттің күшті, хан билігінің мықты болуын көздеп, сол кезеңдегі әдебиетті, күллі мәдениетті мемлекетке, ханға қызмет еткізді. Олар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологына айналды”¹.

¹ Қасқабасов С. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. 6-б.

Сонымен қатар, тарихи дерек ретінде жыраулар толғауларында өте қиын дүрбелең уақытты, елдің тынышын кетірген ауыр күндер мен қуанышқа толы жеңісті сәттерді өлең жолдарынан оқуға болады: “Жиёмбет, Марғаска өлең, жырларынан былай қарай елмен соғысушы сырт жау түстеліп аталып, оның қазақ жері мен еліне салған бүліншілігі, дұшпанмен ұстасқан кездегі болған жайлар жөніндегі мәліметтер молығады”².

Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең-жерім!
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ.
Қалкаман, Шолан ерлерім!
Қайырылып, кадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал, жерлерім?!³ —

деп Жиёмбет толғауында халықтың басына төнген нәубет кезеңді осылай суреттейді. Кіндік қаны тамған отанын кимай, кең байтақ жерінің тарылғанын айтып налиды.

Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екеуміз⁴

деп Ақтамберді сынды жауға қарсы қарапайым халықты қолына қару ұстай отырып бірігуге шақыру сол кезеңдегі ақын-жыраулардың негізгі атқарған істерінің бірі болғаны бұл өлең жолдары айғақтайды. Демек, замана ахуалы, адамның ықылас-пейілінің өзгерісі жыраулар поэзиясына негізгі өзек болған тақырыптар болып саналады.

Міне, осындай дұшпаннан көрген қорлыққа шыдамаған ақын,

² Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті: Зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1983. 103-б

³ Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет (Құраст. М.Мағауин). Алматы: Ана тілі, 1993. 41-42-б.

⁴ Сонда, 53-б.

жыраулар халықтың жігерін сөзбен көтеріп, олардың арасында өздері де қолдарына қару алып, тек сөзбен ғана емес, сонымен қатар іспен де көмектерін берген. Көкірегін кернеген ашуды жыр жолдарына қоса отырып, жау қорлығына шыдай алмай жауға қарсы шапқан ақын-жыраулар арасынан батыр деген атаққа ие болғандар да бар. Бұл туралы Н.Смирнова былай дейді: “... роль жырау в ханской ставке: они участвуют в походах, представляют от своего рода племени при разборах тяжб, межродовых распрей, при заключении мира”⁵.

XV-XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясының белді өкілдерінің бірі – Марғасқа жырау. Ол қазақ әдебиеті тарихында есімі белгілі Сыпыра, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулармен қатар өмір сүрген. Бұл аталған жыраулар Қазақ хандығын, қазақ елінің тәуелсіз болуына үлкен еңбек сіңірген тұлғалар: “Жыраулар поэзиясының басты тақырыптары Қазақ хандығын құраған тайпалардың топтасқандығы мен бірлігі, мемлекетті және оның әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Мұның өзі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлауға жеткізді”⁶. Үш ғасыр іргелі мемлекет дәрежесіне жету үшін сыртқы жаулармен аянбай күресіп, ішкі алауыздықты жойып, азып-тозған халықтың жағдайын жақсартуға кетті. Сондай игі істерді атқаруға күш салған жырау Марғасқа даналық ақылдылығымен, ділмар шешендігімен, қайтпас қайсарлығымен, батырлығымен кейінгі ұрпақтың жадында мәңгі сақталған.

Марғасқа жырау XVII ғасырда өмір сүрген. Жыраудың туған, қайтыс болған жылдары туралы нақты деректер жоқ. Бізге жеткен “Еңсегей бойлы Ер Есім” деген жалғыз өлеңінен оның Есім хан тұсында өмір сүргенін білуге болады. Есім 1598-1628 (кей жерлерде 1643 жылға дейін билік құрған деген деректер бар) жылдары ел билеген хан. Марғасқа Жиёмбет жырау сынды Есім ханның әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырау болуы мүмкін. Себебі жыраудың ханды жақтап, қиын қыстау кезде жанынан табылып отырған. Есім хан ел басқарған кезде қазақтар мен

⁵ Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. Алматы: Наука, 1967. с. 8.

⁶ Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5-томдық. 2-том. Алматы: Атамұра, 1998. 551-б.

ойраттар арасындағы қактығыстар қатты белең алып тұрған уақыт болатын. Сонымен қатар елдің өз ішінде де бүліктер, так, жер үшін таластар да кездесіп отыратыны Марғасқа жыраудың бізге жеткен өлеңі айғақтайды. 1627 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын мен Есім ханның арасындағы келіспеушілік пен түсініспеушілікті басуда Марғасқа үлкен рол атқарған. М.Мағауин өзі құрастырған “Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет” деген кітапта берген қысқаша өмірбаянында: “Біз тек оның Есім ханның жорық жырауы болғанын, 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін басуға қатысканын білеміз”⁷, — дейді.

Марғасқа жыраудың көп ғұмыры Еңсегей бойлы Ер Есім аталған атақты батыр, ақылды билеушінің қарамағында өткен. Себебі, ол туралы қолымызда ешбір деректер жоқ.

Марғасқаның бір ғана өлеңі жыраулар поэзиясына бізге жеткен әдеби асыл мұралардың бірі болып саналады:

Ей, Қатағанның ханы Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсын.
Хан емессің, қасқырсын,
Қара албасты басқырсын!
Алтын такта жатсан да,
Ажалы жеткен пақырсын!
Еңсегей бойлы ер Есім
Есігінде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!⁸

Бұл өлең жолдары Марғасқа жыраудың Есім ханның төңірегінде болған батырлардың, ақылшылардың бірі, жоғын жоқтаушысы болғанын айғақтайды. Марғасқаның аталған өлеңі Ташкентті басқарып тұрған Тұрсын хан мен Есім хан арасында болған келеңсіз уақиғаға байланысты туған болуы мүмкін. Бір-бірімен жауласпауға ант беріскен екі билеушінің арасындағы келеңсіздіктің арты жақсылыққа апарып соқпады. Есімнің орнына әмірші

⁷ Қазақстан хандығы тұсындағы әдебиет (Құраст. М.Мағауин). Алматы: Ана тілі, 1993. 43-б.

⁸ Сонда, 65-б.

болғысы келген Тұрсын хан оның қалмақтарға қарсы жорығын пайдаланған. Ағасына інісі қарсы шығып, казак ауылдарын шауып алған Тұрсын ханның қуанышы ұзаққа созылмады. Жауына аяусыз, мейірімсіз Есім берген уәдесінде тұрмаған ханнан кегін алады. Тұрсын Катаған деген елді басқарған хан. Ол ойланбай істеген, билікке, байлыққа деген тойымсыздығының арқасында сол тайпаны қырғынға ұшыратады. Сарайды қоршап, Есім хан оны өлтірмек болғанда Марғаска жырау оны тоқтатып, алдымен өзі оған істеген істерінің дұрыс еместігін бетіне басады. Бұл өлең жолдары Марғаска жыраудың Есім хан әскерінің ішіндегі қас батыры әрі өткір тілді ақыны болғанын дәлелдейді. Себебі өзінен жоғары ешкімді қабылдамайтын, оған қарсы қарапайым халық қарсы сөз айта алмайтын ел билеушісіне:

Хан емессін қасқырсын,
Қара албасты басқырсын, —

деп өктем сөйлеуі Марғаска жыраудың батылдығын көрсетеді.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында ажарлау, құбылту мен айшықтаудың тамаша үлгілері еркін пайдаланылған: “Өз дәуірінің өресі биік, ойы озық ділмар-дүлдүлдері саналған ақын, жыраулар бағзы әдеби дәстүр мен табиғи талант арқасында ақтарып, ағындата айтса да, шығарма мазмұны мен көркемдігіне зор мән берген. Олар әр оқиғаның, әр кездің орайына қарай жыр жолдарын шеберлікпен иіп, айрықша айшықпен келісті тіркестер құраған, мазмұнға лайық түр де таба білген”⁹, — дейді Қ.Сыдықов. Көркемдігі жоғары ақын-жыраулар шығармашылығында айшықтаудың арнау түрімен жазылған көркем жәдігерлер көп кездеседі.

Қарахан дәуірі және Алтын Орда тұсындағы әдебиетте ақындардың өз шығармаларын белгілі бір адамға арнау кен құлаш жайған. Сол ғасырдағы ақындардың қай туындысын алсақ та, әмірші, бек, патша, мемлекет қайраткерлеріне арнап жазылған шығармаларды кездестіреміз: “XI-XIII ғасырларда туған белгілі жазба ескерткіштердің жеке адамдардың құрметіне байланысты жасалғанын айтпағанда, аты мәлім көптеген ақындардың, шайырлардың негізгі туындыларын маңайындағы билеушілеріне

⁹ Сыдықов Қ. Жыраулар мен ақындар мұрасының көркемдік ерекшеліктері // Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. Алматы: Ғылым, 2000. 208-б.

бағыштап шығарғанын білеміз”¹⁰. Ел болып қалыптасып өсіп-өркендеуіне, халықты бір орталыққа бағындыруда патшаға ақыл-кеңес берушілер осындай ойшыл-ғұламалар, ақындар еді. Лауазым иелеріне арнап өлең шығарып, көлемді дастандарын тарту еткен. Олардың билеушілер алдында беделі жоғары болады.

Сонымен қатар, Қазақ хандығы тұсындағы ақындар да сарай шайырлары сияқты ханға ақылшы болған, оған жыр, толғау арнап, мадақтаған. Бірақ, олар тек өз атынан емес, халықтың мұңын, арманын айтып, ел атынан сөйлейді. Олардың жақсы жақтары мен кемшілік тұстарын көркем сөзбен әсерлі етіп жеткізген.

Тек орта ғасырларда ғана емес, сонымен бірге жыраулар поэзиясында да арнау өлеңдер жиі ұшырасатынын жоғарыда атап өттік. Қарахандар билігі тұсындағы, Алтын Орда дәуіріндегі ақындар белгілі бір адамға көлемді еңбектер арнауды дәстүрге айналдырған. Ал, жыраулар хан, билерге шағын өлеңдерін арнап, ақыл-кеңес беріп отырған. Олар ірі билеушілерді бірде жер-көкке сиғызбай мақтаса, бірде ащы мысқылмен сынаған. Мысалы, Асан қайғы, Бұқар жырау, Шалғез тағы басқа да ақын-жыраулардың ханға, биге айтқан арнау өлеңдерін ерекше бөліп айтуға болады. Міне, осындай жеке-жеке өлеңдерден біз ХҮ-ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген әдебиетіміздің асыл жауһарлары хан-билерге ақылшы, кеңесші болағанын көреміз.

Асан қайғы Әз Жәнібекке жазған арнауларында (“Қырында киік жайлаған”, “Әй, хан, мен айтпасам білмейсің”), Шалғез толғауларында Темір биге (“Аспанды бұлт күрсайды”), Үмбетей жырау “Бәкеге”, Жиёмбет өлеңдерінде Есім ханға, Бұқар жырларында Абылай ханға (Ай, Абылай, Абылай) деген арнауларында оларға айтқан сындары мен мақтау-мадақтаулары елеулі орынға ие.

Мысалы, Шалғез ақын:

Сокса бір жілік сындырған,
Көк коянның қос құлағын тұндырған,
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,
Тегеурінді болат темірдің
Тегеуріні өзінсің! —

¹⁰ Дербісәлин Ә., Жармұхамедов М., Күмісбаев Ө. «Мұхаббат-наме» және қазақ поэзиясы. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. Алматы: Ғылым, 1986. 64-б.

деп Темір биді мадақтайды. “Жалғыз жүрмей, қасына батыр жию, Бойды билеген күшті сынамай балуандармен күреске түспеу, Жаксы мен жаманның паркын айыра білу” секілді насихатқа толы ғибратты сөздерді Шалғез жырау өмір жиынтығы ретінде ұсынады.

Марғасқаның бізге жеткен жалғыз өлеңі Тұрсын ханға арналғаны белгілі. Бұл 13 жолдық шағын өлең. Жыраудың “Еңсегей бойлы Ер Есім” деген жыр жолдарында антқа тұрмайтын, жазықсыз елді жылатқан аяусыз деп Тұрсын ханды суреттейді. Оның алтын тақта отырып, құрығы ұзын, азулы да айбатты хан екенін білсе де, жырау қорықпай тура айтып, батыл түрде айыбын бетіне басады. Ажалы жеткенін өжет те, қаскиа тұрып айтқаны айбынды ақын екендігін аңғартады.

Жыраулар поэзиясында ханға шындықты айту кейде байыппен, жұмсақ сөздермен білдірсе, бірде ашына тура сынау үрдісін Марғасқа жырау жалғастырды: “Ақын, жыраулар қаншама хан қасында болып, оның мәртебесі мен мерейін асыруға қызмет еткенмен өмір шындығын жырламай отыра алмаған, реті келгенде хан мен бектің ұнамсыз қылық, ыңғайсыз істерін де ашық айтып, батыл әшкерелеп отырған”¹¹.

XV-XVIII ғасырда өмір сүрген ақындар шығармашылығында арнау өлеңдер алдыңғы орынға ие. Олардың сөздері хан мен карапайым халық арасын жалғастыратын көпір іспетті. Жоғарыға жете алмаған халық даусын сол қалпында еш өзгеріссіз қаймықпай жеткізіп отырған. “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген қағиданы жалау етіп ұстанған жыраулар мен ақындар айналасында болып жатқан келенсіз жағдайларды, ел билеушілердің әділетсіз істерін нақты бедерлей суреттейді. Демек, олар шығармаларына гуманистік ой-толғамдарды арқау еткен.

Сонымен арнау өлеңдер көне ғасырдан басталып, бертін келе жыраулар дәуірінде де өз жалғасын табады. Ақындар кейде көлемді дастан, кейде шағын өлеңдерін өз әміршілері мен билеушілеріне құрмет ретінде арнап отырған. Ерте дәуірден бастау алатын ақындар туындыларын қатар өмір сүрген билеушілеріне арнауы кейінгі ақын-жырауларда өз жалғасын тапты. Асан қайғыдан бастап барлық жыраулар бір ғана адамға ғана емес, көпшілікке арнап өлеңдер жазған. Оларға үлгі-насихат айтып, рухани тазалыққа шақырып отырады. Мұндай арнау өлеңдер арқылы

¹¹ Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті: Зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1983. 133-б.

бірде ақын, шайырлардың аты тарихта қалса, бірде белгісіз ел басшыларының есімін білуге мүмкіндік туғызады. Мұндай бағалы рухани мұралардың болашақ ұрпақ үшін пайдалы екені де даусыз.

Марғасқа жыраудың шығармасында адам мінезін, батырдың жай-күйін суреттеу шебер киюластырылған. Ол жеке тұлғаның бойындағы жаман қасиеттерді ашып айтпаса да, өркөкірек, тәкаппар ханның бейнесін мына жолдар арқылы көз алдымызға әкеледі:

Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.

Яғни, ақын әрбір сөзін құбылтып, ажарлау арқылы айтар ойын нақты бере білген.

Марғасқа жыраудың “Еңсегей бойлы Ер Есім” өленінің құрылысы жайында айтатын болсақ, бізге жеткен 12 жол өлен 7 және 8 буындардың алмасып келуімен жасалған. Алғашқы буыны 8 буынды, екінші тармақтағы буын саны 7. Олардың буын сандарының біркелкі болмауы жыраулық поэзияға тән құбылыс. Бұл жайында М.Мағауин өз зерттеуінде былай деп пікірін білдірген: “Жырау поэзиясында тармақтардағы буын саны үнемі біркелкі болып отырмауы — кездейсоқ құбылыс емес. Бұл — жырау поэзиясының ішкі мазмұнына сәйкес табылған форма”¹².

Қорыта келгенде айтарымыз, Марғасқа жырау өзі өмір сүрген ортадағы, сол кезеңдегі атақты басшыларының әдеби кейпін, өшпес бейнесін жасады. Болып жатқан тарихи оқиғаларды поэзиялық тілмен жырлап, Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің жандануына өз үлесін қосқан ақындардың бірі. Демек, Марғасқа жырау ХҮІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясында өзіндік орын алған аса талантты жырау болып саналады.

¹² Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1991. 141-б.

БҰҚАР ЖЫРАУ

Әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жыраулардың бірі – Бұқар Қалқаманұлы. Халық өмірінің алмағайып-аласапыран, тарихта қалу-қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейтесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жокшы-жыршысы бола білді. Оның жыр-толғауларының үнемі әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып отыруының басты себебі де осыдан.

Тарихта “Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама” атанған аумалы-төкпелі заманға душар болған ел-жұртқа “бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып” басқыншы жаудың бетін қайтарып, өз тәуелсіздігін қорғап қалу, немесе жау табанында біржола жаншылып құрып біту мәселесі көлденен тұрды. Жырау, ең алдымен, осындай жауапты сәтте шоғырланбай шашырап жатқан халықтың басын тас түйін біріктіру арқылы қанқұйлы жауға тойтарыс беру ісін ұйымдастыра алатын аса алғыр, қолбасшы-көсемнің қажеттігін ерте түсінді, сөйтіп, осы ұлы мақсатқа орай ол әйгілі Орта жүз ханы Абылайға зор сеніммен қарады. Абылай да тәуелсіздік үшін жан сала күрескен, халық мүддесін терең түсініп, өзін бірыңғай сол күрес жолына арнады. Мұндай ақылы мен айласы астасқан кеменгер басшының үлгілі істері мен оның төңірегіндегі белгілі батырларының жанқиярлық ерліктерін жырау үнемі асқак жырлап, солардың өшпес бейнесін жасауға күш салды. Осының бәрі, түптеп келгенде, жыраудың туған халқының бірлігі мен болашағын ойлау мақсатындағы ерлікке барабар іс-әрекеттерін аңғартады.

Бұқар жыраудың ұзақ жасаған жасындағы өмірлік деректері бізде көп сақтала бермеген. Тек саналы ғұмырының бәрі түгелдей дерлік Абылай ханның қасында, соның он тізесін басқан

кабырғалы да сәуегей биі, ақылшы-кенесшісі ретінде өткені мәлім. Өз өлеңдерінде келтірілген деректерге қарасақ, жыраудың жокшылықтың зардабын көп тартқан адам болғаны көрінеді.

Бұқар жыраудың асыл тегі туралы қолда бар деректер мынадай: Арғыннан-Қодан, одан-Дайырқожа (Ақжол), одан-Қара (Қарақожа), одан-Мейрамсопы, одан-Сүйіндік, одан-Қаржас, одан-Алтынторы, Құлыке, Бегім. Алтынторыдан-Мәмбетәлі, Жолымбет-Келімбет, Бегімбет, Артык. Жолымбеттен-Қойсары, Қалқаман, Рымбет, Назар. Қалқаманнан-Бұқар жырау. Бұқардың да үрім-бұтақтары аз емес, бұлардың көбі сол Бұқар жырау дүниеге келген атамекенді қоныс етіп отыр.

Бұқар жырау қазіргі Қарағанды облысына қарайтын (бұрынғы Баянауыл) Ульянов ауданының Далба тауы бойында дүниеге келіп, сол мекенде қайтыс болады. 1993 жылы жыраудың туғанына 325 жыл толған мерекелі тойында оның басына үлкен күмбез орнатылып, Қарағанды қаласында осы мерекеге арнап ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармаларын қалың көпшілікке насихаттау мақсатында бір топ мерекелік мақалалар мен бір кішігірім зерттеу кітапша жарық көрді. Сондай-ақ, сол жылы тұңғыш рет жырау жырларының жеке жинағы екі рет басылды (бірі-“Жалын” баспасынан шыққан “Әй, Абылай, Абылай”, екіншісі – Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап, “Мұраттас” орталығы бастырған жинақ). Бұған жыраудың бұрыннан мәлім жыр, толғауларынан тыс, ертеректе А.Сейдімбеков жариялаған кейінгі нұсқа енді. Алайда, әлі күнге дейін жыраудың туған, өлген жылдары бір ізге түспей, әркім тарапынан әртүрлі пікір-болжамдар ұсынылып келеді. Бұл орайда К.Жұмалиев өзінің қазақ әдебиеті тарихының екінші томындағы Бұқар туралы жазған тарауында жырауды 6193 жылы туып, 1787 жылы 94 жасында қайтыс болды деп көрсеткен еді. Ал, Х.Сүйіншәлиев пен М.Мағауин жыраудың Тәуке хан тұсында жасап, Абылайдан кейін өлген деген тұжырымына орай Бұқарды 1668 жылы туып, 1781 жылы 113 жасында өлген дейді. Бұл мерзім Абылай хан қайтыс болған жылға тұстас келеді.

Ал енді, жоғарыда айтылған ескі болжам-тұжырымнан тіпті өзгеше, яғни алғашқы кездегі 94 жаста қайтыс болды деген дәйектемеге біршама ұқсас пікірді кезінде К.Мұхамедханов ұсынған болатын-ды (“Қазақ әдебиеті” газеті. № 31, 32, 1982).

Автор Бұқардың замандасы Үмбетей жыраудың “Бұқардың асында, зиратының басында отырып Үмбетей жыраудың жырлағаны” деген жанадан табылған толғауы бойынша ой қорытып, Бұқар жырауды 92 жасында қайтыс болды деген пікір ұсынады. Сонда жырау, бұл кісінің айтуынша, 1685 жылы туып, Абылай өлімінен (1781 ж.) 4 жыл бұрын, яғни 1777 жылы қайтыс болған деп тұжырымдалады. Сол Үмбетей айтты деген бір жырдың алғаш 7-8, кейін 11 буынды өлең өлшемімен жазылғанына күдіктенбесек, негізінен, осы ойдың көңілге қонатынын, дәйектілігін айтқан жөн. Бұқар жыраудың Абылайға айтқан бір жырында:

Менін жасым тоқсан үш,
 Мұнан да былай сөйлеуім
 Маған да болар ауыр күш, —
 дейтіні және тағы бірде:
 Күнінде мендей жырлайтын,
 Тоқсан үште қария
 Енді саған табылмас, —
 деп толғайтыны бар. Бұдан Бұқардың:
 Тоқсан бес деген тор екен,
 Дүйім жанның қоры екен, —

дейтінін де білеміз. Бұған қарасақ, жырау 95 жасқа да келіп, әбден қалжырап, қор болып отырған кезін жырға қосқан сияқты. Қалай дегенде де, Бұқар жыраудың 92-95 жас аралығында қайтыс болғаны шындыққа сай келетін тәрізді. Сондықтан осы айтылған жылдардың біріне үзілді-кесілді тоқтап, бір жүйеге келтіру қажет.

Ендігі бір-екі ауыз сөз Бұқардың туған жері туралы. Әдебиетші Қ.Мұхамедханов сол Үмбетей жырында айтылған деректерге сүйене отырып, оның туған жерін Бұқар маңындағы Жиделібайсын, Елібай деп көрсетеді. Бұған себеп: Бұқардың әкесі Қалқаман батыр қалмақ шабуылынан ығысып, сол төңірекке барған делінеді. Қазақтың бала атын туған жеріне қарай қоятын көне дәстүрін ескерсек, бұған да шек келтірудің жөні жоқ сияқты. Бұқар жыраудың Абылай қасында отыратын кенесші-жырауы болып қалай келгені туралы бір қызықты дерек “Әдебиет майданы” журналының 1935 жылғы № 1-2 сандарында жыраудың “Бұл кісі жылқыменен бір ат берсін” деген жырымен қоса түсінік ретінде келтірілген. Бұған жариялаушы “Кәрікүлак” деп қол қойып, “Балқаштағы атакты Шашубай ақынның айтуымен” деген

ескертпе жасаған. (Біз бұл өлеңді бас жағындағы арнауымен бірге Бұқар жыраудың тұңғыш жеке жинағында сол аттас жырдың бір нұсқасы ретінде ғылыми түсінікте берген едік — М.Ж).

Журналда басылған жыраудың екі жыры біздегі сол аттас өзге толғауларға өте ұқсас, бірақ айырмашылығы да аз емес. Мұндағы берілген түсінікке қарағанда, Абылай Бұқар жыраудың бір ісіне қатты ренжіп, “басын аламын” деп уәзірін жіберіп, шұғыл шақыртыпты деседі. Суыт хабарды естіген жырау хан жарлығымен Абылай хан ордасына келіп жыр толғапты.

Хан жарлығы қатты болды,
Шыбын жаннан тәтті болды.
Шақырған соң келдім, ханым,
Жарлығынды қайтармай.
Жіберген уәзіріңізге екі жауап айта алмай.
Кел десен келдім, кет десен кеттім.
Кет дегендей мені сөйлетпей не еттім?
Бір ауыз сөз сұрамай, басынды кесемін деп,
Мені шошытып түбіме жеттің... —

дей келіп, оның бір кезде Түркістанда жетім болып жүргенін, енді басына бақ, астына тақ қонғанын айтады. Ең соңында жырау ханға:

Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқардай түледін,
Салған сайын үдедің,
Алыстан тоят тіледін,
Құдайдың сүйікті ұлы едің,
Қалмақты қашырдың,
Алатаудан асырдың.
Қазаққа жер кеңейттің,
Дұшпаныңды кеміттің, —

депті, сонда Абылай райынан қайтып: “Мынаған бір үйір қысырақ айдап әкеп беріндер”, дегенде, Бұқар “Маған хан Абылай жақсы бір ат берсін” деген әйгілі жырын толғаса керек. Содан хан кара көз, кара ауыз, қояндай боз атын беріп, өзін қасында жүретін жырауы етіп алыпты делінеді¹.

Бұқар шығармалары ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап

¹ Бұқар жырау. Шығармалары / Күраст. М.Жармұхамедұлы. Алматы, 1992, 91-92 бб.

жиналып, зерттеліп келеді. Алғашқы жариялануы дегенде, біз ең алдымен, “Таң” журналында басылған жырларды айта аламыз. Мұнда жыраудың “Бірінші тілек тіленіз”, “Ай не болар күннен сон”, “Айналасын жер тұтқан”, “Ақсаңнан биік тау болмас”, “Абылай ханның қасында”, “Ал, тілімді алмасан”, “Ей, Абылай, Абылай”, “Керей, қайда барасың?”, “Ханға жауап айтпасам” атты бір топ өлендері жарық көрді².

Бұқар шығармаларын жариялауда С.Сейфуллин үлкен еңбек етіп, “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” атты жинағына жыраудың “Ай не болар күннен сон”, “Керей, қайда барасың?”, “Жал, құйрығы қаба деп”, “Асқар таудың өлгені”, “Қалданменен ұрысып”, “Атам болған жиырма бес”, “Құбылып шыққан бәйшешек”, “Әй, Абылай, сен он бір жасында” атты толғауларын бастырғаны мәлім³. Бұдан соң жыраудың бір алуан жырлары әр түрлі хрестоматиялар мен жинақтарда, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып келді⁴. Бұқар туындылары алғаш рет толыққа жуық көлемде “Алдаспан”⁵ жинағында басылды. Бұған оның үлкенді-кішілі 49 толғауы енді. Алайда, Бұқар шығармаларының бізге жеткен асыл үлгілерін айтқанда, ең алдымен, белгілі фольклор танытқыш Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімін атауға тиіспіз. М.Көпеев жырау туындыларын ертеректе көне көз қариялардан қағаз бетіне түсірумен қатар, солардың ғылым үшін қажетті туу, айтылу тарихын да қызықты етіп жазып қалдырған болатын-ды. Сол себепті Бұқар шығармаларын сөз еткенде, біз сол М.Көпеев жазбаларын түптүсқа ретінде негізге алуға тиіспіз⁶.

Ал, енді Бұқар жырларының ең бастапқы жариялану мәселесіне келсек, оның Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, И.Н.Березин қорында сақталып, кейбір үлгілерінің солардың жариялауымен басылғанын⁷, сондай-ақ, бір-екі толғауының Құрбанғали Халидғлының “Тауарих

² Таң, 1925. № 1. 90-96-бб.; № 2. 78-98-бб. № 4. 95-98-бб.

³ Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары / Құраст. С.Сейфуллин. А., 1931. 1-жинақ, 83-87-бб. А., 1932. 2-жинақ.

⁴ Мұқанов С. Бекхожин К. Қазақ әдебиеті // Хрестоматия. Алматы, 1934; Алматы, 1950. 209-214, 191-194-бб. Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965. 54-68-бб.; Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967. 132-135-б. Поэты Казахстана. Л., 1978. с. 122-139; Жұлдыз. 1959. № 3. 90-92-бб. Лениншіл жас. 1969. № 24.

⁵ Алдаспан. 139-175-бб.

⁶ ОҒК қолжазба қоры, 1170-бума (Мәшһүр Жүсіп Көпеев материалдары).

⁷ Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т.1. с. 169-170; Фонд И.Н.Березина. Сектор восточных рукописей Института Азии АН СССР. № 5. Оп 2/267 (Ленинград); Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина: Архивные материалы и публикации. Алма-Ата, 1972. с. 272-280.

хамса Шархи”⁸ атты кітабында жарық көргенін айта аламыз (“Ханға жауап айтпасам”, “Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай”).

Бұқар шығармашылығын танып-білуде, әдебиеттегі орнын белгілеп бағалауда әр тұста әр алуан пікір таластары болып келді. Кейбір зерттеушілер оған “Сарай ақыны”, “Орда ақыны” деген ат қойып, феодалдық салт-сана мен Абылай ханның жыршысы деп теріс бағаласа, енді бір топ әдебиетшілер жыраудың үстем тап жыршысы бола тұрса да, өз туындыларымен сол тұстағы ірі саяси-әлеуметтік мәселелерге үн қосып, дұрыс бағыт ұстанғанын айтты, мұнымен бірге XVIII ғасырда жасаған акындардың ішінде жырлары бірден-бір өз атымен сақталып қалған жырау екенін баса көрсетіп, оны сол дәуірдегі әдебиеттің басы деген тұжырым жасады. Бұған белгілі жазушы-ғалым М.Әуезов басқарып өткізген 1959 жылғы әдеби-теориялық конференция көп әсер етті. Соның нәтижесінде Бұқар жырау да алғаш рет дұрыс бағаланып, әдебиеттегі өз орнын алды.

Бұқар жырау туындыларының оң бағаланып, оның әдебиет тарихындағы орнын ашып белгілеу ісі М.Әуезов зерттеулерінен басталады. Ол өзінің XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиетке арналған ертеректегі оқу кітабында Бұқар туралы “Жыраудың мақсаты, міндеті — “не болса сол көңіл ашар”, “әлдене” дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи уақиғаның мазмұн бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады. Олжа, табыс, абыройды ханмен қатар үлеседі. Өзі хан қасында жуан рудың — Арғынның қосқан “табан шөңгел биі” болуға лайық... Бұл жағынан карағанда Бұқар, Орта жүз ханы Абылай болса, соның орталық елі, жуан бел руы — Арғын ішінен шыққан анық үстем тап адамы болады... Бұқар сонда үлкен, қырағы саясаттың толғаушысы боп, әрбір сөзін ірі-ірі уақиғалардың, ірі мәселенің тұсында ғана айтады. Сол сөздері жыраудың таптық-қоғамдық мазмұнын көрсетіп, дәуірінің тарихи сырын ашады”⁹ — дейді. Бұны бір ғана Бұқар емес, жалпы жыраулық поэзияның табиғатын ашуға жол салатын ғылыми ұстамды пікір деп айта аламыз. Тек зерттеуші заман ағымына сай мәселеге таптық тұрғыдан келуге мәжбүр болған.

С.Мұқанов Бұқар шығармаларының көпшілігі Абылай

⁸ Халидұғлы К. Тауарих хамса Шахри. Қазак, 1910. 260-263-бб.

⁹ XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы казак әдебиетінің оқу кітабы. Алматы, 1933. 17-б.

ханға арналып айтылғандықтан, өзі сырттай Орда ақынына ұқсағанмен, жырлары сол кездегі саяси-әлеуметтік тұрмыстың нақты көрінісінен туған деп атап көрсетеді. Ол: “Бұқар жыраудың шығармаларында азаматтық, саяси мотив терең, әлеуметтік маңызы зор. Ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да”¹⁰, — дейді.

Қ.Жұмалиев казак әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтарынан¹¹ бастап, казак әдебиетінің алты томдық тарихына жазған Бұқар туралы монографиялық тарауларында да, оны XVIII ғасырдағы авторлығы сақталған тарихи әдебиеттің басы деп бағалай келіп, ол өзінің дидактикалық толғаулары арқылы өмірге ескілік мұнарасынан қараса да, сол кезеңдегі әлеуметтік шындықты тап басып сипаттай алады деп жазады¹². Ал, Ә.Марғұлан Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі казак ақындарының бірден-бір көшбасшысы, ұстазы деп бағалайды¹³. Осындай бағаны Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев еңбектерінен де ұшыратамыз¹⁴.

Белгілі фольклорист Н.С.Смирнова Бұқар творчествосына арналған көлемді зерттеулерінде оның суырыпсалмалық өнерінің ерен қуаты мен демократиялық бағытының нығая түсу ерекшеліктеріне, сондай-ақ соңғы шығармаларында халықтық ұғымның әлеуметтік терең сипатқа ие болып отыру жәйтін айрықша мән береді¹⁵.

60-жылдардың соңында жазылған Х.Сүйіншәлиев пен М.Мағауин зерттеулерінде¹⁶ Бұқар шығармалары әдебиетіміздің даму жолында елеулі бір белес болғаны баса әңгімеленеді. Зерттеушілер Бұқардың өмірі мен туған, өлген жылдарын анықтауда да бұрынғы қалыптасқан пікірге өздерінше келіп, біршама тың ойлар айтқан.

¹⁰ Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы тарихынан очерктер. Алматы, 1942. 16-б.

¹¹ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті // Оқу құралы. Алматы., 1941. 2-бөлім.

¹² Қазақ әдебиетінің тарихы: Алматы, 1961. 2-т. I-кітап. 22-30-бб.

¹³ Марғұлан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // Ауэзов М.О. Сборник статей к его 60-летию. Алма-Ата, 1959. с. 76.

¹⁴ Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956. 42-б. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің дәуірлену мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 19. 29-б.

¹⁵ Смирнова Н.С. Бухар Калкмаганов // История казахской литературы: В 3-х томах. / Под ред И.Т. Дюсенбаева. Алма-Ата, 1979. Т. 2. с.45.

¹⁶ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967. 110-120-б.; Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы, 1968. 77-96-бб.

Белгілі әдебиет тарихшысы А.Дүйсенбаевтың Бұқар Қалқаманұлы туралы зерттеуі жырау шығармашылығы мен сол тұстағы тарихи кезенді бағалауда болсын, жалпы мәселенің қойылып, шешілуі тұрғысынан болсын өзге еңбектерден шоқтанып жеке-дара тұр. Ол Бұқарды үстем тап өкілі ретінде бағалаған әдебиетшілерге қосыла отырса да, бұл пікірдің жырау еңбегін тұтас алып қарағанда бір жақты, тым тікелей қойылғанына, тіпті мәселенің Абылайдың қара басында, яки Бұқар жыраудың жеке қасиетінде емес, салмақтың тым әріде, халық бастан кешкен тарихи жағдайлар мен ел тағдыры шешілетін күрделі оқиғаларға тікелей байланысты екеніне назар аударады. Сондай-ақ, автордың бұл тұста жырау шығармаларын мүмкіндігінше туған мерзіміне, айтылу кезеңіне қарай бағалау керек деген пікірі де елеуге тұрарлық¹⁷.

Сонымен, Бұқар жырау өмір сүрген кезен халық тарихында аса бір елеулі, әрі күрделі дәуір болды. Осыған орай ол өз халқының не өмір сүру, не құрып кету қаупі туған тұста азаттық күресін бастайтын қолбасшы батыр, алғыр көсемнің қажеттігін толық түсініп, соған бірден-бір лайықты адам Абылай деп санады. Мұны Абылай хан да толық ұғынды. Сөйтіп, ауыр қауіптен сендей соғылысып, не істерін білмей тығырыққа тірелген халықтың басын қосып, басқыншы жауға қарсы күресті ұйымдастыруда ол алғырлық, білгір тапқырлық танытты. Ханның үш жүздің басын біріктіріп, бір орталыққа бағынатын ел етуге жасаған әрекеті де көрегендік еді. Бұқар жырау да осы игі істің қалың ортасында жүріп, соның ұйытқысы болды. Жыраудың бүкіл жырларының осы мақсатқа арналып, Абылай ханның өшпес бейнесін жасауға бағытталуы да осыдан.

Енді бұл шығармалардың мәтіні жайында бір-екі ауыз сөз. Бұл мәселе бізде әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда толық зерттеле қойған жоқ. Алайда, осы мақсаттағы алғашқы сәтті кадамның бірі деп белгілі зерттеуші Қ.Өмірәлиевтің “XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” (1976 ж.) атты еңбегінің “Бұқар жырау поэзиясының тілі” деген тарауын бөліп атауға болар еді. Автор мұнда Бұқар туындыларының лексикалық құрамы мен грамматикалық сипатын, сондай-ақ оның өзіндік сөз қолдану мәнерін, табиғи ерекшеліктерін арнайы әңгімелей отырып,

¹⁷ Дүйсенбаев А. Бұқар жырау Қалқаманұлы // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1976. 20-57-бб.

жырау өлеңдерінің мәтіні туралы да біршама жіті барлау жасаған. Зерттеушінің осыған орай түйген ой-тұжырымдарын негізінен құптай отырсақ та, оның кейбір пікірлерінің орынсыздығын да ескерткіміз келеді.

Бұқар шығармаларының мәтінін сөз ете отырып, марқұм Қ.Өмірәлиев жыраудың дау-дамайсыз басы ашық төл өлеңі деп тек 364 жолдың 8 өлеңін (“Абылай ханның қасында” “Ай, Абылай, Абылай”, “Ханға жауап айтпасам”, “Қалдан ханмен ұрысып”, “Әй, Абылай, сен он бір жасыңда”, “Атам болған жиырма бес”, “Керей қайда барасың?”, “Әй, Абылай, Абылай”) ғана атайды. Ал, 100 жолдық үш өлеңіне (“Бірінші тілек тілеңіз”, “Ай не болар күннен соң”, “Айналасын жер тұтқан”) ортақ ой, “ортақ мотивке құрылған өлеңдер” деп қарайды. Бұдан тыс Бұқардың 150 жолдық 10 өлеңін (“Ақсаннан биік тау болмас”, “Ақсұңқар құстың баласы”, “Жар басына қонбаңыз”, “Алыстан қызыл көрінсе”, “Асқар таудың өлгені, “Әлемді түгел көрсе де”, “Қара арғымақ арыса”) “жыраудың өлеңі екендігі, иә еместігі белгісіз, шартты өлеңдер” деп бағалап, 119 жолдық 4 толғауын (“Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек”, “Ей, айташы, Алланы айт”, “Ақтың үйі мешіті”, “Әй, заман-ай, заман-ай”) “Бұқарға қатемен танылып жүрген өлеңдер” деген пікір айтады.

Ең алдымен, зерттеуші атап көрсеткен “Бұқарға қатемен танылып жүр” делінетін жырларға келейік. Бұлардың бәрі де бізге белгілі акын әрі фольклор танушы, Бұқар жыраудың жерлесі Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбалары (№ 1170-бума, 772, 773, 777, 780, 783, 784-бб.) арқылы келіп жеткен өлеңдер. Сондай-ақ, жоғарыдағы шартты делінетін толғаулары да Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларынан алынып, Бұқардікі деп жұрт мойындаған жырлар. Олай болса, Бұқар шығармаларының асыл түпнұсқасына барабар саналатын аса құнды қолжазбаның бір тобын дұрыс, екінші бір бөлігін бұрыс деуге бізде қандай негіз бар? Бұл жердегі зерттеушінің “Бұқарға қатемен танылып жүр” делінетін бір топ өлеңдерге “М.Көпеевтің негізгі № 334 папкасында жоқ” деп күдікпен қарауын да ешбір жөнге келмейді деп санаймыз.

Қ.Өмірәлиев аталған кітабында “Бұқарға қатемен танылып жүрген өлеңдер” катарында оның “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек” атты өлеңін де келтіріпті. Ол мұндағы “байлар ұғлы шоралар” деген тіркестің екі қайталанатынын айта келіп, “ұғлы” сөзі Бұқар дәуірінен бұрынырақ қалыптасқан көне сөз болғандықтан, оны

Бұқардың осында қолдануы жасанды дегенді айтпақ болады. Көне ұғымды білдіретін сөздерді реті келсе, кім жаңғыртып қолданбайды? Қ.Өмірәлиев өзі мысалға келтірген (144-б) Бұқардың “Ханға жауап айтпасам” өленіндегі:

Енді айтайын тыңласан,

Айтты деп қаһар қылмасан, —

деп келетін жолдағы “тыңласан” етістігі де ертеден келе жатқан көне түр емес пе? Сондай-ақ, зерттеушінің “Ей, айташы, Алланы айт”, “Ақтың үйі мешіт-ті” тәрізді жырларына да шүбә келтіруін (алғашқысының атындағы кеткен қате мен соңғысында араб-парсы сөздерінің көптігіне бола) ғылыми дәлелді дей алмаймыз. Біздің ойымызша, авторлықты анықтау мен текстологиялық жұмыста жырдың мазмұн, стилі мен бейне жасау жүйесіндегі өзара ұқсастық, бірлікті басты өлшемге алған жөн. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, Бұқардың “Ей, айташы, Алланы айт” атты жыры өзінің мазмұндық сипаты жағынан оның “бірінші тілек тілеңіз”, “Алла деген ар болмас”, “Ақтың үйі мешіт-ті”, “Күпшек санды күренді” тәрізді жырларымен толық үндесіп жатыр. Айталық, “Ей, айташы, Алланы айт” атты өленіндегі “Наушаруандай әділді айт” деген жол мен “Күпшек санды күренді” толғауындағы “ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген” деген тіркестердің жолма-жол дерлік қайталануы да жайдан-жай болмаса керек. Тіпті, сол өлендегі “Сөйлеу үшін жаратқан, сөз анасы — сәлемді айт” деген жолдың мағынасы жыраудың “Сәлем — бір сөздің анасы” деген жырымен егіз ұғымдай қиысып, астасып тұр. Бұдан тыс Бұқардың жоғарыда аталған өлендеріндегі әділдік пен адалдық, ата-ананы сыйлау, жалпы адамгершілік жөніндегі ойлары табиғи бірлікті айғақтайды. Бірер салыстыру жасап көрелік. Жыраудың “Ей, айташы, Алланы айт” жырындағы:

Ей, айташы, Алланы айт...

Сөйлеу үшін жаратқан

Сөз анасы сәлемді айт.

Тіршілікте сыйласқан

Ата менен ананды айт, —

деп келетін жолдардың “Алла деген ар болмас” толғауындағы:

Алла деген ар болмас,

Ақтық жолы тар болмас...

Қартайсан, қарт бабанды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда,
Кімдер де кімнің белі бүкіреймес, —

деген тіркестермен өзара бірлігі бірден көзге ұрып тұр емес пе? Сол себепті біз аса ірі жыраудың толғау-жырлары туралы пікір айтқанда өте мұқият болуымыз шарт дегенді ескерткіміз келеді.

Бұқар жырау дәуір алшақтығына қарамай, жырларының әлеуметтік-саяси мазмұны мен тақырыбы жағынан да, бейнелеу тәсілдері мен көркемдік құралдары жағынан да өзінен бұрынғы жырлаумен терең үндесіп отырады. Әсіресе, патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелеу, содан елді сақтандыру, Жиделібайсын (Жерұйық) секілді құтты қонысқа көшу жайындағы қоғамдық ойларымен ол жыраулық поэзияның басында тұрған Асан қайғыға егіздің сыңарындай ұқсас, рухтас дей аламыз. Бұл орайда Бұқарды Асан қайғының ісін жалғастырушы шәкірті деп бағалаған Б.Кенжебаев пікірін орынды деп санаймыз. Бір жағынан отаршылдық саясат белен алған кезде, екіншіден, Жоңғар басқыншылары халқымызды “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға” ұшыратқан тұста Абылай ханның Асан жұмбағын шешу туралы айтқан өтінішіне би қырын қарап, көзіне жас алып, “бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді” деп кинала-кинала жауап беретіні бар. Осының өзі-ақ сол толғақты мәселенің жыраудың үнемі есінен кетпей, әрқашан ойында жүргенін анық аңғартады. Соған дейін Асан қайғының ханға да, қарашаға да жұмбақ болып келген “ақ шортаны мен шөлдегі қарағайының” мән-жайын Бұқар жырау көсілте жырлап, түгелдей шешіп береді. Қ.Халидұғлының айтуына қарағанда, Абылай хан да бұл жауапқа “бекер сұраған екенмін” деп қатты өкінсе керек.

Бұқар жыраудың “Ханға жауап айтпасам” атты толғауын халық тағдыры мен оның болашағын жырлаған әлеуметтік-қоғамдық мәнімен де, айтар ойдың бас-аяғы тұтас табиғи бірлігімен де, сипаттаудағы көркемдік-бейнелеу, шеберлік тәсілдермен де өзге жырларынан жекедара тұр дей аламыз. Асан қайғы жыры да, оны Бұқар жыраудың шешуі де кешегі заманда ашықтан-ашық бүркемеленіп, жарияланбай келді. Сондықтан бүгінгі тәуелсіздік дәуірінде мұндай тарихи асыл туындыны бұзбай-жармай беруді жөн көріп отырмыз. Бұқар жырау осы әйгілі жырын:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.

Қандыра жауап бермесем,
Халқым не деп айтады?
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасан не етеді?
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді, —

деген кішігірім кіріспемен бастап, біртіндеп негізгі мәселеге қарай ойысады:

Енді айтайын тындасан,
Маған қаһар қылмасан.
Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарак.
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарак.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды,
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Осы сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жаяулап келер жұртына,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртына.
Жемірлерге жем беріп,
Ел камын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Елінді алар қолыңнан,

Әскер қылар ұлыннан.
Тексізді төрге шығарып,
Басына ол күн туғанда,
Тендік тимес құлыннан.
Бұл айтқан сөз, Абылай,
Болмай қалмас артыннан,
Естісен мына қартыннан¹⁸.

Бұқар жыраудың ақындық қуаты мен дарын-күшін айқын танытатын келесі бір жыры “Әлемді түгел көрсе де” деп аталады. Мұнда ол адам баласы өмірінің сыр-сипаты мен қызық-қуанышының шексіздігін, аспанға шарқ ұрып, Ай мен Жұлдызды аралаған арман-үмітінің жарқындығын шебер бейнелейді. Осы ерекшеліктерімен бұл жырды тұрмыстың әр алуан қуаныш-қызығын шалқыта, жырлайтын асқақ үнді толғау деуге болар еді. Бас-аяғы он бес жолдан ғана тұратын бұл жырды өзара астасқан мазмұны мен құрылымы жағынан да дараланады дер едік. Осы жәйт толғау жанрының Бұқар жырау тұсында жана сатыға көтеріліп, толыса, кемелдене түскенін анық аңғартады:

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де —
Қызыққа тоймас адамзат!

Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де —
Өмірге тоймас адамзат!

Жакындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да —
Үмітін қоймас адамзат¹⁹!

¹⁸ Халид Құрбанғали. Тауарих хамса. А., 1992. 110-111-66.

¹⁹ Сонда.

Жыраулық поэзияда адам өмірі мен табиғат құбылыстарын астастыра сипаттау сондағы көркемдік ізденістерге, тіпті бейне жасаудың тұрақты тәсіліне жол салған. Осы жәйт Бұқарға да тән. Жыраудың “Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек” атты екі бөлімнен тұратын жырынан мұның бізде бұрын кездеспеген жаңа бір үлгісін көреміз. Ол жұбын жазбай сымпыл қағып бірлесе ұшқан үйректердің бірлік-тұтастығын сол өзі сөз етіп отырған байлар ұлы шораларға үлгі етіп ұсынғандай болады. Осыған орай жырау сән-салтанаты мен әзіл-қалжыны жарасқан жастардың сыпайы қарым-қатынасын да шебер бейнелейді:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек
 Бұрылып ұшар жаз күні.
 Боз мойынды сұр үйрек
 Көлге конар жаз күні.
 Көк аланы жаратып,
 Көн дабылды байлатып,
 Байлар ұғлы шоралар,
 Көл жағалар жаз күні.
 Байлар қызы бикештер
 Қол бұлғайды-ау жаз күні!²⁰

Рас, мұнда жаздыгүнгі ауыл өмірінің тұтас көріністері мен көл жағалай сән-салтанат құрған қыз-жігіттердің нақты тұлғасы, немесе есте қалар бейнесі жасала қоймаған. Әсем суреттемелердің орнына дидактикалық мән-мазмұн басым болып шыққан. Осы талаптарға орай ол тату-тәтті, бірлікте болындар деген кеңес айтып, сәл кейінірек сыйластық, бірлікке жеткен жастардың сырт бейнесін көрсетумен ғана шектеледі. Ең сонында өз ойын: “Айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін” деген мағынасы терең пікір ұсынады. Бұл жыр осы сипаттарымен Абайдың “Жаз” өлеңіндегі өзара астасып, көркем өрілген табиғат пен адам сипаттамаларын еске түсіреді. Сол себепті бұл аталған жырды кейбір жетілмеген тұстары бола тұра, толғаудың сол кездегі қол жеткен бір бел-белесі деуге болар еді. Осындай ерекшелік оның “Сәлем — бір сөздің анасы” атты толғауына да тән деп айта аламыз.

Бұқар жырау бұл жырында да адам бейнесін жасауға талаптанады. Ол мұнда ұлы Абай сомдаған “бойы бұлған, сөзі

²⁰ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 131-132-бб.

жылман” бәлекорлардың типтік бейнесін жасай алмаса да, сол іспеттес өз кезіндегі алаяқ, қызылкөз сұмдардың іс-әрекет, түр-тұлғасы мен бет-бейнесін жасауға бой ұрады. Бұларды жырау “Айтқанға көніп, айдауға жүрмейтін, өтірікті шын қылған Алланың қызыл көзді пәлесі” деп бейнелейді. Өз әуенінен әсте танбайтын осындай пәлекорлардан қашық жүрмейінше, бірлік, тірлік болмайды деген қорытынды шығарады.

Жыраудың дүниеге көзқарас-танымын белгілейтін шығармаларынан оның “Бірінші тілек тіленіз” атты толғауын бөліп атауға болады. Бас-аяғы он бір тілектен ғана тұратын бұл жырда Бұқар өз дәуіріндегі адамдардың ой-тілегі мен арман-мұратын жинақтап беруге талаптанады. Бұлары құдайға құлшылық пен бес уақыт намаз, тыныштық пен адамгершілік, адалдық, тазалық туралы болып келеді.

Жырау ұсынған игі тілектер тізбегінің екеуі ислам дінінің шарттары мен қағидаларын атқару жәйтін арналса (“Бірінші тілек тіленіз, бір Аллаға жазбасқа... Бесінші тілек тіленіз, Бес уақытта бес намаз, біреуі қаза болмасқа”), енді бір тобы бейбітшілік пен тыныш өмірді сақтау (“Тоғызыншы тілек тіленіз, Төреніз тақтан таймасқа”), тіпті өмір түйіні адамгершілік жайында (“Екінші тілек тіленіз, Бір шұғыл пасық залымның, Тіліне еріп азбасқа”) арналған. Қалған жеті тілек отбасы, ошак қасының амандығынан бастап, ел іргесінің бүтіндігі мен тыныштық, бейбіт өмірді армандау талаптарымен жалғасып жатыр. Сонымен, жырау жеке адамның ырыс-бақыты бүкіл ел бірлігімен, халық тағдырымен тығыз байланысты деген мәнді қорытынды жасайды. Автордың мейлінше ардақ тұтар арманы бейбіт өмір мен тыныштық, тәуелсіздік, еркін өмір екені аңғарылады (“Алтыншы тілек тіленіз, Алпыс басты ақ орда, Ардақтаған аяулын, Күнінде біреуге, тегіннен-тегін олжа болмасқа”, “Жетінші тілек тіленіз, Жеткілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, Сонан сасып тұрмасқа...”).

Бұқардың “Ақсаннан биік тау болмас”, “Айналасын жер тұтқан”, “Ай не болар күннен сон”, “Бағаналы орда, басты орда” атты толғаулары өз дәуірінің өмір көріністерін: көшпелі тұрмыс тұсындағы адамдардың өзара қарым-қатынастары мен қалыпты салт-сана, ұғым-түсініктерін, жалпы өмірдің құбылмалы екендігін баяндау-тұрғысында келеді.

Бұқар жыраудың бір топ жырлары (“Ежелгі дос жау болмас”, “Шашырап шыққан қандар көп”, “Рулының оғы жоғалса табылар”,

“Он екі айда жаз келер”, “Мырзалық қонаққа пайда, малға қас”, “Асқар таудың өлгені”, “Жар басына қонбаңыз”, “Биік тауға жарасар”, “Жал, құйрығы қаба деп”) ел бірлігі, жақсы мен жаман, білімділік пен надандық, жалпы ізгілік мәселелерін қамтиды. Тағы бір алуанында (“Атам болған жиырма бес”, “Құбылып тұрған бәйшешек”, “Садыр, қайда барасын?”) жыраудың әлеуметтік ортаға көзқарасы мен ішкі сезім-күйлері басым болып келеді.

Асан қайғы жырларында көрініс тапқан жұмбақ үлгісінде келетін орағыта астарлау, пернелеу тәсілдері де Бұқарда өз көріністерін тапты. Алайда, бұларға жырау үлкен әлеуметтік жүк артып, оның ұштала түсуіне зер салды.

Бұқар жырау өзі тандап алған бір құбылысты бұрынғы жыраулардай емес, өзінше карама-қайшылық сипатта құрып, оның мағыналық міндетін арттыруға мән береді. Бұл орайда ол шендестіру тәсілін тиімді пайдаланады. Айталық:

Мырзалық қонаққа пайда,
малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда,
жанға қас,
Өтірік о дағы пайда,
иманға қас,
Өткір пышақ қолға пайда,
қынға қас²¹

дегенде, ол бұрынғы “мырзалық, батырлық, өтірік, өткірлік” ұғымдарының пайдасы мен зиянын жарыстыра сипаттап егіз ұғымда беріп отыр.

Жырау шешендік қисын мен астасқан ой жиынтығын аз сөзбен түйіп беруге де шебер. Бұл тұста ол өмірлік салыстыруларды құлпырта қолданып, ұтымдылық танытады. Мәселен, мұнда ойды жекеден жалпы ұғымға астастыра сипаттауды көздейді:

Жакын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіреді.
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетіреді.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетіреді²²

²¹ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 129-б.

²² Сонда, 129-б.

Бұқар толғауларындағы әдеби бейне жасаудың қалыпты бір түрі егіз ұғымды салыстыруларға құрылып отырады. Мұның үш түрі бар десек, біріншісі — айтар ойға іштей астасып, соның тікелей көрінісі, нәтижесі ретінде құрылатын сипаттамалар болса (“Жар басына қонбаныз, Дауыл соқса үй кетер, жатқа тізгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер”), екіншісі — ой-пікірдің карама-қарсы құбылыстарымен келген шарттылығын айғақтайды. Мұнда авторлық мақсат сол құбылыстың ешбір дәлелдеуді керек етпейтін қисын-ұтымдылығымен дараланып отырады:

Асқар таудың өлгені —
 Басын мұнар шалғаны.
 Көктегі бұлттың өлгені —
 Аса алмай таудан қалғаны.
 Ай мен Күннің өлгені —
 Еңкейіп барып батқаны.
 Айдын шалқар өлгені —
 Мұз болып тастай қатқаны.
 Қара жердің өлгені —
 Қар астында қалғаны.
 Өлмегенде не өлмейді,
 Ғалымның хаты өлмейді²³.

Шендестіре салыстырулардың үшінші бір түрі жаратылыстағы ұқсастықты адам өмірімен ұштастырып, екеуінің сапалық белгілерін окшаулап, даралай айтып жырлау болып келеді. Мәселен, жырау ақ сұңқар құстың баласы ұяда алтау өскенімен, соның біреуінің-ақ жемді ұзақтан ілетін алғыр боп туатынын мензеп айту арқылы (“Ақ сұңқар құстың баласы, Ұяда алтау болмас па, Алғырының белгісі, Ұзақтан жемді ілмес пе, Айырып жемін бермес пе, Алғырынан айрылса, Қанаты түптен қайрылса, Құс жаманы жапалақ, Оған да қор болмас па?”) адам арасындағы игі жақсылардың өлмес істерін сол сұңқар бейнесімен астастыра сипаттайды (“Адамзаттың баласы, Атадан алтау туғанмен, Оның ішінде біреуі арыстан болмас па, арыстанның барында... Толғай да толғай дәурен сүрмес пе, Арыстаннан айрылса, Қанаты түптен қайрылса, Артында қалған жамандар, Бас-басына тозбас па?”).

²³ XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы. Алматы, 1982. 129-б

Мұндай салыстырулардың қайталаулар арқылы толыса кемелденіп келгені аңғарылады.

Сыпыра мен Асан кайғы жырларынан алғаш өріс алып, Бұқар шығармаларында жетілген қайталаулар келе-келе толғау жанрының бөлінбес бір белгісін құрап қана қоймай, соның мазмұны жағынан көркейе толысуына жағдай жасап келген. Бұқар жырау көбінесе айтылар ойдың салмағын ұштап, өткірлей түсу үшін, оған әр тұста тың міндеттер артып отырған.

Бұқар толғауларындағы қайталауларды негізінен үш жүйеге жіктеп бөлген жөн. Алғашқысы жеке бір сөзді әр жол сайын қайталау арқылы жасалса (“Төрде отырған қарт бабан, төресін жаңылар малдан сон, Төркіндеген бикешін, тіркеусіз о да қайтар малдан сон, Төсі аршынды сұлуын, сілкіп төсек салмас малдан сон, Байдың ұлы көрпелдес, шұбалаңқы тартады, айдап жүрген малдан сон”; “Арғымағым барында жарысқалы келгенмін, Азаматым барында алысқалы келгенмін, Жақсы болсан, сенімен табысқалы келгенмін, Жаман болсан, шаншысып шабысқалы келгенмін”, т.б.), екінші тобы бастан-аяқ ұйқас үшін алынған риторикалық сұрау күйінде келеді (“Көкте бұлт сөгілсе, көктеп болмас, не пайда? Көкіректен жан шыкса, қайтып келмес, не пайда?”; Алыстан қызыл көрінсе, манат емей немене? Көтеріліп ұшқан сон, қанат емей немене?”; “Жарқ-жарқ еткен жайда бар, Құйрығы бітеу койда бар, Қанаты бітеу куда бар, Ақ кірпіш тас суда бар, Әзірейіл келгенде, Жан калар жер қайда бар?”). Енді үшінші бір үлгісі табиғи салыстыруларды үнемі шендестіріп карама-карсы қою арқылы жасалып отырады (“Асқар таудың өлгені — Басын мұнар шалғаны, Көктегі бұлттың өлгені — Аса алмай таудан қалғаны, Ай мен Күннің өлгені — Еңкейіп барып батқаны, Айдын шалқар өлгені — Мұз болып тастай қатқаны, Өлгенде не өлмейді, Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді”).

Енді Бұқар жырларының дидактикалық мазмұнының сипатына келсек, бұлар да өзіне дейінгі нұсқалар секілді өмірді пәлсапалық тұрғыда тану, бағалау арқылы соны адам санасына сіңіріп, тәрбиелеу мақсатында құрылады. Жырау осыған орай кейде дайын үлгіні өзгертпей алуға да, не сонын сөз орамы мен ұйқас үшін аз-кем түрлентіп қолдануға да, тіпті, тыннан жол салып өзінше кестелеуге де бейім. Айталық, өзіне дейінгі жыраулық толғауларда қалыпты мақал-мәтел орнына жүретін жолдар (“Жақсыларға айтпаған асыл-шырын сөз ғарып, Замандасы болмаса, қариялар

болар тез ғарып”, “Ауылдағы жамандар ер қадірін не білсін” — Асан қайғы; “Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық-ты”, “Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, қонқалаған көп жаман сол жақсыны көре алмас” — Шалкез, т.б.) Бұқар жырауда кейде бір-бірімен іштей жалғасып дамытыла жырланса, енді бірде толыса жанғырып, сапалық, көркемдік мазмұнмен түрленіп отырады. Тағы бір нұскаларда кейінгі жол алғашқы тармақтардың анықтамасы түрінде де келеді:

Ежелгі дос жау болмас,
Шірнеуіште хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде кір-даты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар²⁴.

Бұқар жырау сол тұстағы әр алуан өмір көріністері мен адамдар арасындағы қарым-қатынас жайларын да өз назарынан тыс қалдырмаған. Жырау мұнда жалпы өмірді үнемі жанғырып, жаңару, түрлене құлпырып, өзгеру барысында ашып бағалауға мән береді. Соған орай жыраудың “кұрсағы құшақ байлар” мен “ку таяқты кедейдің” тағдыры туралы түйген ойлары да көңіл аударуға тұрарлықтай. Ол бұлардың арасындағы аспан мен жердей айырмашылықты (байлық пен жоқтықты) тұрақсыз, ауыспалы құбылыс ретінде түсіндірмек болады (“Айналасын жер тұтқан, Айды батпас деменіз, Айнала ішсе азайып, Көл суалмас деменіз, Құрсағы құшақ байлардан, Дәулет таймас деменіз, Жарлы байға тенеліп, жайлауға жарыса көшпес деменіз”, т.б.). Алайда, Бұқар бұл жерде дәулет пен ырыс, шалқыған байлық бір құдайдан деген көкейдегі ойын ашып айтпай, жай емеурінмен ғана сездірсе де, мұсылман дінінің талаптарына орай панасыз жетім, момын мен жарлыға, пақырға іш тартып, солардың тілеуін тілейді, бұлары шын адамгершілік, ізгілік талабы тұрғысынан көрінеді.

Жыраудың бізге жеткен азды-көпті мұрасын табиғи сипаты жағынан насихат толғау, арнау толғау, болжау толғау деп үш топқа бөлуге болар еді. Шығармаларының басым көпшілігін құрайтын насихат толғауларында, жоғарыда аталғандай, адамды

²⁴ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 132-б.

игілікке тәрбиелеу, бауырмалдылық, адалдық, әділдік мәселелері сөз болады. Осыған орай жыраудың топшылаулары мен ой-болжамдары да сезім күйлері арқылы беріліп отырады. Осы талапқа сай бұл жырлардың көңіл-күй, лирикалық сипаты басым болып келеді.

Жыраудың қолда бар арнау толғауларының көпшілігі (“Абылай ханның қасында”, “Ал, тілімді алмасан”, “Ей, Абылай, Абылай”, “Қазақтың ханы Абылай”, “Ханға жауап айтпасам”, “Басына біткен күніңіз”, “Әй, Абылай, сен он бір жасында”, “Ал, айтамын, айтамын”) Абылай ханның сол тұстағы ұстанған саясаты мен жалпы ел басқару ісіне арналса, енді бір топ жырларының (“Садыр, қайда барасын?”, “Бұқарекен — біз келдік Ақан, Төбет байларға”) әр кезеңде әр қилы тілек-талаптарға орай белгілі бір кісілерге арнау түрінде айтылғанын көреміз.

“Бұқарекен — біз келдік Ақан, Төбет байларға” атты жырында оның малы бар ағайындарынан ат майын сұраған өз жайы баяндалса, “Садыр, қайда барасын?” деген толғауында жырау жаугершілік замандағы ел тіршілігінің бірлік-тұтастығын басты шарт санап, бөліне көшкен тұтас бір руды Абылай алдында бітісуге шақырады.

Бұқар тарихта “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” атанған қатерлі заманда қазақ елінің басын құрап, қалмақ басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастыра білген Абылай ханды халық тәуелсіздігін қорғап қалған көсемі, данқты қолбасшысы ретінде сипаттайды. Сол тұста ерекше ерліктерімен көзге түскен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шакшақұлы Жәнібек, Сіргелі Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, тағы басқа батырларды ханның сенімді серіктері, оның бұйрық-жарлықтарын бұлжытпай орындаушы сарбаздары ретінде асқақ жырлайды.

Бұл — қалың жұртшылықтың жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күреске шығып, елдікті сақтап қалуға бел байлаған кезі еді. Абылай хан дәл осындай ауыр кезең, қиын сәтте бөлек-бөлек шашырап жатқан үш жүздің басын біріктіріп, жауға үзілді кесілді тойтарыс бере алатындай бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруға талаптанды. Сол себепті Бұқар өз жырларында Абылайдың сол тұстағы орасан зор еңбегін жоғары бағалай отырып, халық арманын ақтаған батыр-қолбасшының мақтан тұтарлық көркем бейнесін жасауға зер салды. Айталық, Абылай хан науқастанған тұста айтқан мына бір бес жолдан тұратын жырға ол Абылайдың

сол кездегі бүкіл жұрт ұмытпастай тарихи еңбегін сыйғызып, нақты бейнелей алған дер едік. Сондай-ақ, бұдан жыраудың тапқырлығы мен шешендігін, хас шеберлігін де анық көреміз.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бактырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан кылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!²⁵

Феодалдық-рулық тәртіп билеген замандағы әр алуан қыркыс, тартыс, қанды кек соғыстар тұсында да Абылай хан азаттық күресін шебер ұйымдастыра білді. Көрші Ресей және Қытаймен қарым-қатынасты дұрыс жолға қойып, негізгі жау — жонғарлардың іштей іруіне, “бөлшектене” бөлінуіне күш салды. Бұған қасындағы кеңесші Бұқар жырау қосқан үлес те аз болмаған. Сондықтан ол бір топ толғауларында (“Күпшек сынды күренді”, “Қалданменен ұрысып”, т.б.) ханды “ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген, жомарттығын Атымтайдан өткерген” деп сипаттап, оның байлық-салтанат, асыл-жиһаздарын “қырық мың атан тарта алмас” деп бейнелейді. Тіпті, жырау ханның елді аузына қаратқан әділ билігі мен ізгі адамгершілік, ақылдылығын, жау қашырған қолбасы, батырлығы мен көреген-білгір көсемдігін, өзгеге үлгі боларлық әділ істерін жинақтап беруге талаптанады. Жырау бұл тұста Абылай хан тұлғасын үлкен шабыт, тебіреніспен толғана жырлайды:

Жиырма беске келгенде,
Бакыт берді басына,
Такыт берді астына.
Отыз жасқа келгенде,
Дүниедей кең едің,
Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде,
Сығылып аққан сен едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,

²⁵ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 138-139-бб.

Жаксы-жаман демедін,
 Елу жасқа келгенде,
 Үш жүздін баласынын
 Атының басын бір кезенге тіредін*.

Алайда, Бұқар жырау Абылай ханның барлық іс-әрекет, ішкі-тысқы саясатын түгелдей коштап, мақұлдап, бас изей бермеген. Хан үлкен елдік мәні бар ірі саяси мәселелер төнірегіндегі айтылған келелі кеңес, толғамды ақылға көнбеген кезде, ол Абылайдың бүгінгі өмірі мен кешегі қиыншылықты бастан кешкен азапты күндерін әдейі шендестіре, карама-қарсы қойып толғайды. Мұндай сәттерде жырау оған ешкім батып айта алмайтын ащы да ауыр шындықты бүкпесіз бетке айтып, тартынбай сөйлейді. “Атан – тексіз құл, анан – түркіменнің төріндегі күн, өзін жалаң аяқ жар кешкен арқар ұранды жат едің, момын елге келіп бек болдың” дейтін батыл айыптауға дейін барады.

Ел берекесінің ұйтқысы татулық-бірлікте, бейбіт өмірде деп санаған қарт жырау ханға “өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін” ерегес-жанжалдың, қажетсіз кантөгістің орынсыз екенін де батыл ескертіп отырады. Абылай бірде ашу шақырып, көрші отырған орыс мемлекетімен соғысамын деп қаһар төккенде, Бұқар бұған үзілді-кесілді қарсы шығып, ел тағдыры үшін мұның үлкен қателік екенін айтады. Бұдан жыраудың халық тағдыры мен болашағы шешілер қиын кезең, ауыр сәттерде ел мүддесінен табылғанын көреміз. Бұқар жырау бұл батыл ойларын жұрт көзінше бүкпесіз білдіріп, хан қаһарынан тайсалмай сөйлеген. Сөйтіп, ханды сабасына түсіріп, қажетті тұстарда халық атынан қыр көрсете жырлауға дейін барады:

Ашуланба, Абылай!
 Ашулансаң, Абылай,
 Көтерермін, көнермін,
 Көтеріп қазға салармын.
 Өкпенменен қабынба,
 Өтіңменен жарылма!
 Орыспенен соғысып,
 Басына мұнша көтерген,
 Жұртына жаулық сағынба!²⁷

²⁶ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 137-б.

²⁷ Сонда. 124-б.

Бұқар жырау Абылай бейнесіне әр қырынан келіп, оның шындыққа сай тұлғасын өрнектемек болады. Бұл бағытта туған жырларының бәрі дерлік Абылай ханның сол бір жауапты кезеңдегі әр алуан саяси қызметі мен саналы өмірін оның жас мерзіміне орай кезең-кезеңге бөліп, ой таразысымен екшеп саралау, жинақтап қорыту үлгісінде құрады. Мұның бәрі бір ғана талап — ертеңгі ел болашағы, тәуелсіз, бақытты өмірді орнату мақсатымен терен ұштасып жатады. Осыған орай жыраудың өзге жырларынан оның “Ал, айтамын, айтамын” атты толғауын бөліп атауға болар еді. Бұл шағын ғана туынды (бас-аяғы 31 жол) ішкі қисынды бірлікпен жалғасқан үш бөліктен тұрады. Біріншісінде Абылай мінген жүйрік сәйгүліктің түр-тұлға, сын-сипаты сөз болса, екіншісінде сол атқа лайық оның иесі елдік биік талаптар тұрғысынан сипатталады. Ал, үшінші бөлімі Абылай бейнесін бірыңғай бөліп алып, жеке сомдауға арналған.

Аталған толғаудың сырт құрылысы мен мазмұнынан, бейнелік жүйесінен дәстүрлі эпикалық жырлардың әсер-ықпалын көргендей боламыз. Бұл сипат арқылы, әсіресе, жауға мінер жүйріктің әсем тұлғасы мен оның иесінің ел мақсатын ақтауда қайтпас, қайсар ер екенін көрсетсе де, сол “сауырсын кере жараған тостаған көзді торының” үнемі шапқыншылық жаугершілікке емес, қайта бейбіт ел бірлігі мүддесіне қызмет етуін қалайды:

Тостаған көзді торыны
Топ тарқамай мін-сана,
Есіліп кенес айт-сана,
Айта да айта кетсең жұртына
Мұздар да мұздар қатсын мұртына²⁸, —

дейді. Жыраудың Абылайдың телісі мен тентегі алдынан тарап жататын алды-арты кең, панашыл-қамқорлығын құба жон шөлдегі саясы мол зәулім бәйтерекке балап сипаттауы да сәтті шыққан дер едік (“Кең Абылай, кең аям, Шұбарағаш, құба жон, мекен еткен шөлде, аям, Телі менен тентегін, Иіліп алдына келді, аям”).

Бұқардың сәйгүлік атты бейнелеу тәсілі де назар аударуға тұрарлықтай. Ол осы талабымен де батырлар жырындағы болашақ жорыққа ерекше күтіммен бапталатын тұлпардың мүсінді тұлғасын санамалап сипаттап, көз алдына әкелгендей болады:

²⁸ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 140-б.

Құлында емген, тайда емген,
 Құнанында арда емген,
 Дөненінде үйреткен,
 Бестісінде белі күшті болсын деп,
 Бес байталға салдырған,
 Алтысында аттай мұрнын танытқан,
 Жетісінде жетіп құлан шалдырған,
 Сегізінде серке сан деп атанған,
 Тоғызында тола семірген,
 Онында оқ жыландай қарғыған,
 Ойнай басқан аяқтым,
 Қиғаш камыс құлақтым,
 Саптыаяктай еріндім,
 Сарымсактай азулым,
 Сауырсын кере жараған,
 Кекілін қыздай тараған...²⁹

Бұқар Абылайдың “бәйгелі жерде бак болған” әйгілі батырларын өзіне “тұғыр болған төрт терек” (“Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Қаздауысты Қазыбек, Шакшақұлы Жәнібек, Ормандай көп Орта жүз, Содан шыққан төрт терек, Тұғыр болған сол еді, сіздей төре сұңқарға”) деп сипаттағанда да, бұларды халық мүддесіне орай бағалап, “қазақтың абырой-арына бар күшін сарп қылған” ел қорғаны – асыл азаматтар тұрғысында жырлайды. Осы аталған батырлар бейнесінің Үмбетей толғауларынан да елеулі орын алып келгені мәлім. Дегенмен, мұнда Бұқар жырлағандай бірыңғай жинақтау түрінде емес, керісінше, солардың әрқайсысының өшпес ерлігін жекелеп айтып, дамыта кейіптеу жағы басым (“Құбыла көшкен байтақтың ордасындай Бөгембай, Темір жұмсап оқ атқан қорғасындай Бөгембай, Қолтығы ала бұғының пәйкесіндей Бөгембай”). Сөйтіп, осының бәрі Абылайға арнау, естірту түрінде айтылғандықтан, авторлар алдына сол батырлардың өшпес ерлігін кеңінен толғайтындай күрделі мақсат та қоя бермеген тәрізді. Сондықтан бұл толғауларды бас-аяғы тұтас, аяқталған жыр іспеттес болып құрылған табиғи ерекшеліктері мен ерлікті асқак дәріптеуі жағынан әйгілі батырларды топтап жырлайтын желілі дастанға барудың алғашқы адым-бастамасы деуге де болар еді.

Жыраудың болжау толғауларынан бізге әзірше мәлімі – Асан

²⁹ XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982. 140-б.

қайғының “Мұнан соң қилы-килы заман болар” деген біз жоғарыда сөз еткен өлеңінің мәнін шешетін “Ханға жауап айтпасам”, сондай-ақ “Он екі айда жаз келер”, “Абылай ханның қасында” деп аталатын жырлары. Бұл шығармаларының алғашқысында (“Ханға жауап айтпасам”) ол заман, дәуір болашақ туралы түйген ойларын Асан қайғы жұмбағын шешу үстінде де бүкпесіз ашып толғайды. Жыраудың “Абылай ханның қасында” деп аталатын жыры да әлгі ой-түсініктерімен іштей сабақтас. Мұнда ол соғысты ел берекесін кетіретін қырғын, қажетсіз қантөгіс деп, оған қарсы шығып қана қоймай (“Соғыссаң кетер сәніңіз, Жаулық жолын сүйменіз”), бір кезде Асан қайғы арман еткен “Кісісі жүзге келмей өлмейтін, қойлары екі қабат қоздайтын” жер ырысы – Жиделібайсынға қоныс аудару қажеттігі тұрғысынан қарайды. Ал, “Он екі айда жаз келер” атты толғауында ол тіпті “ғалымдық тонын жамылған” сәлдесі қазандай арамза молдалардың зұлымдықтарын діни қағидаларға сүйене отырып әшкерелемек болады.

Бұқардың шеберлік ұштау, көркемдік ізденістерінің өзі әрқилы, сан алуан. Ол өмірлік құбылыстарды бейнелеуде тұжырымды ойларға мән беріп келгендіктен, аз сөзге көп мағына сыйдыратын айшықты суреттеме, кейіптеулерді мейлінше ұтымды қолданып отырады. Осы ерекшелік мұндағы қанатты теңеулер мен ұшқыр метафоралардың көл-көсір молдығына жол салған (“Бірі етек, бірі жең болған, найзасының ұшы алтын”), “Сен бұзау терісі – шөншіксің, мен өгіз терісі – талыспын”, “Исі жұпар анқыған, даусы қудай санқыған”, “Әбжыландай есіліп, бозжорғадай бұлғаны”, “Әкелі бала жау жүрек, әкесіз бала сұм жүрек”, “Алтын тұғыр үстінде Ақсұңқар құстай түледін”, “Қарсыласқан асылдар қорғасындай балқыған”, “Аспанда жұлдыз аралап, Ай нұрын ұстап мінсе де”, “Дүниедей кен едің, Сығылып аққан сең едің, Алтын тонның жеңі едің”, “Қалайыдан қазық қақтырып, Токпағын сом алтыннан соқтырып”, “Кен Абылай кен аям, Мекен еткен шөлде, аям”, “Ағар бұлақ сүтті жұрт”, “Көлдей камқа төсеніп, Көрікті ханым түскен жұрт”.

Жастық пен кәрілік сипаттарын баяндайтын жырларында да жыраудың осы дәстүрлі тақырыпты өзінше ашуға елеулі үлес қосқанын көреміз. Осыған орай оның “Атам болған жиырма бес” атты толғауындағы көркем бейне жасау жүйесінің түзілімін бөліп атасақ та жеткілікті сияқты.

Осы аталған жырда “Қызықты күнде қыздырған, асуды талқан

бұздырған” қайтып келмес кешегі жиырма бес жас “ақырған арыстан, жайнаған қызыл шокка” сәтін тауып баланса, “заманы бастан кешкен” бүгінгі кәрілік шақ “су құйылып сөнген күлмен” ұтымдылықпен салыстырылады. Жырау жырдың әсерлік күшін әдейі еселеп арттыру үшін, жастық шақтың естен кетпес қызықты кезеңдерін бірыңғай жанды қимыл-қозғалыс арқылы ашуға құрып отырса (“Қызды ауылды көргенде, Бұландатқан жиырма бес”), қызу-қуаты әлсіреген кәрілікті, керісінше, томаға-тұйық тоқырау, дәрменсіздік күйде шебер бейнелей алған (“Кәрілік шіркін не қылмас, Айтып-айтпай немене, Мезгіліміз өткен соң, Жайнап тұрған қызыл шок, Су құйылып өшкен соң, Жайнап жүрген заманым, басымнан бүйтіп көшкен соң”). Осының өзінен-ақ жыраудың кезінде сөз өнерін еркін игерген зергер суретші болғанын көру қиын емес.

Ал, “Күпшек санды күренді” деп басталатын толғауынан жыраудың жалпы әдемілік, әсемдік туралы ой-түсінігі мен эстетикалық талап-талғамы да айқын аңғарылады. Жыр бастан-аяқ айтылар ойға орай келісті өрнек, айшықты суреттемелермен көмкеріліп отырады. Бұдан тек жыраудың ғана емес, сол кездегі жұрттың көркемдік, әдемілік туралы түйген ұғымы мен ой дәрежесін де байқаймыз:

Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан...
Қазығын қалайыдан кактырып,
Токпағын сом алтыннан соқтырып,
Нықыра күміс шаптырып,
Былғары саба пістіріп,
Шыны аякпен іштірген.
Орындығын оймыштап,
Ою-нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған...³⁰

Бұқар өзіне дейінгі қалыпты жырдың сыртқы түзілім-құрылысына айтарлықтай жаңалық енгізе қоймаса да, оның дәуір талабына сай мазмұндық, көркемдік жағынан жетіліп, кемелденуіне үлкен үлес қосты. Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалғез,

³⁰ XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы. -А., 1982. 139-б.

Жиембет, т.б. толғауларында орныққан тақырып пен мазмұнды жырау өз туындыларында жаңа бір қырынан ашып сипаттайды. Бұдан Бұқар тұсындағы жыраулық толғаудың әлеуметтік мәні мен көркемдік сапасының ұшталып, өмір құбылыстарын даралау, адам бейнелерін жасауы жағынан толыса кемелденгенін көреміз.

Бұқар толғауларының өзіндік белгілеріне келгенде, біз, ең алдымен, олардың түрі мен мазмұнының терең астасып отыратынын айтуға тиіспіз. Жырау ырғақ пен бунақ, тұрақты ұйкастың бірлік-шарттылығын көбінесе айтылар ойдың мазмұнына бағындырып отырады. Осыған орай бұлардағы ішкі логикалық байланыс-тұтастықты Бұқар шығармашылығының басты сипат-ерекшеліктері деп айта аламыз.

Бұқар негіздеген осындай белгі-қасиеттерді, кейбір белгі-нышандарды өзінен бұрынғы Асан қайғы, Қазтуған, Шөлгез, Жиембет, Ақтамберді толғауларынан да, өзінен кейінгі Шал, Көтеш, Махамбет тәрізді ақындардың өлең-жырларынан да аңғару қиын емес.

Жыраудың өмірге көзқарасын белгілеп, ел болашағы туралы айтқан бір алуан жырлары (“Абылай ханның қасында”, “Ханға жауап айтпасам”) өзіне дейінгі Асан қайғы толғауларымен өзара үндесіп отырады. Бұл, әрине, сол тұстағы тарихи-әлеуметтік оқиғалардың көрінісі ретінде туған еді. Бүкіл халық, ел тағдыры шешілгелі тұрған жауапты кезеңде туған бұл жырлардың бір-бірімен іштей үндесіп, жалғасып отыруы да осыдан.

Рас, ақындық поэзияның өз тақырыбы мен бағыт-бағдары бар. Бұларда, М.Әуезов айтқандай, жыраулық поэзияда көп ұшыраса бермейтін кіші-гірім жеке құбылыстар мен адамның көңіл-күй, ой-сезімдерін бейнелеуге басты назар аударылады. Сондай-ақ, ақындық поэзияның жыраулардағы секілді дәстүрлі ақыл-насихат, дидактикаға бой ұратыны да бар. Алайда, бұларда әлеуметтік үлкен түйіндеу, өмірлік ірі қорытындылар жасауға көп мән берілмейді. Бұл — суырып салма дәстүрінде туып, кең өріс алған екі саланың бірлігі мен айырмашылығын да ашып белгілейді. Сөйтіп, Бұқар шығармалары арқылы өзінің кемелдену кезеңіне көтерілген жыраулық поэзия ақындық өлең-жырлармен ұштаса дами отырып, Абай негізін қалаған жаңа сипатты жазба әдебиеттің туып қалыптасуына да айтарлықтай үлес қосты.

Ендігі бір-екі ауыз сөз Бұқар жыраудың көріпкел, сәуегейлігін баяндайтын аңыз, әңгімелер туралы. Ақын әрі фольклор үлгісін

көп жинаған М.Ж.Көпеев Бұқар жырау жөнінде: “Замандағы сыншылар ол кісіні “Көмекей әулие” дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен... Абылай хан бір жаққа аттанарда Бұқарекенді алдырып: “Айдың, күннің сәтін сұрайды екен, сәуе көріп бер”, – дейді екен. Сонда Бұқарекен: “Сары бура (Абылайдың аңызға айналған сүйікті бурасы. – М.Ж) келіп, туынның түбіне тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды”, – дейді екен. Сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер Сары бура келіп туынның түбіне шөгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен” – деп жазады.

Бұқардың алдын болжап айтқыш сәуегейлік сөздерін кезінде Ш.Уәлиханов та атап көрсетіп, өзінің “XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи әңгімелер” атты еңбегінде жыраудың көрегендігін келелі сөз ететіні бар. Бірде Абылай хан тапсырмасымен алдын барлап, болжау үшін екі бөлініп кеткен Қарабұжыр Қанжығалы Жантай мен Қанжығалы Бөгембай батырлардың уақытылы оралмай кешігуінен қауіптенген хан Бұқардан: “Менің жігіттеріме не болды екен, оралмауына не себеп?” – деп сұрапты. Сонда жырау: “Жанатай Талкын арқылы барады, ал Бөгембай Кұлжан батыр секілді қиыннан жол тауып өтеді. Ал енді, Хан Баба болса көп ұзамай қайтып келер... Жанатай бұзып-жарып өтіп, ұлысын олжалайды. Жанатай әкелген аққұба қызды Абылай сұлтан алады”, – депті.

Дәл осындай болжалды керек ететін бір әңгіме Абылай хан алдында қалмақты қалай шабу туралы болса керек. Қанжығалы Бөгембай батыр Тарбағатайды асып, Үржар, Еміл бойындағы торғауытты алдымен шабуды ұсынып: “Бергі шеттегі Ласты-Шорғадағы қалмақтарға тиіспейік, өзгелері есітіп, дайындық жасап үлгереді” – дегенде, Қаракерей Қабанбай батыр: “Алыстағы жауға барсақ, ат ариды, азық таусылады, әскер шаршайды, ең алдымен, берідегі Ласты-Шорғадағы қалмақтарды алған жөн”, – депті. Абылай осының билігін Бұқарға айт дегенде, ол әйгілі:

Сен Қанжығалы Бөгембай,
Тоқымың кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзанды
Қашан сен жауға тіредің?!³¹

³¹ Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары / Құрастырған М.Жармұхамедұлы. Алматы, 1992. 76-б.

дейтін жырын суырып салып айтыпты. Сөйтіп, Қабанбай батырдың ұсынысын қолдап, сол жолы шығын болса да, көп олжалы оралса керек.

Бұқардың көріпкелдік қасиетінің тағы бір көрінісі оның Абылай ханның түсін жоруына байланысты айтқан сәуегейлігінен аңғарылады. Абылай хан Самарқанға барып, қаланы қамауға алып жатқанда, Бұқарға “бүгін сәуе көріп бер” депті. Бұқар тұрып, “мен де қарап жатпан, хансың ғой, өзің де болжай жатқайсың” десе керек. Ертеңіне жырау ханға көрісуге келгенде, ол “не көрдің” депті. Сонда Бұқар “дәнеме көрмегенсіп маған не көрдің дегенше, өз көргенінді айт!” депті. Хан сонда көрген түсін былайша баяндапты: “Түсімде бір жолбарыс келіп, шатырымның алдына шөгіп, мойнын салып жатып алды. Бұл не қылғаны деп қарап едім, әлгі жолбарыс дегенім аю болды, жап-жақсы жолбарыс еді ғой, аю болғаны несі деп қарап едім, ит-құс болды, одан кейін түлкі болды. Одан кейін қарсақ па, қоян ба, әлденеме болды. Оянып кеттім, көргенім осы”, — депті. Бұқар: “Олай болса, шатырынның алдына келіп шөккен жолбарыс өзіннің бакталайың. Сен өзін бір жолбарыс едің. Оның шөгіп басын көтере алмай жатып алғаны — жетіп жығылған жерің осы болғаны. Енді бак-талайың көтерілмейді. “Баяғыдан бері жүріп-жүріп есіл Абылай сарттан өліпті” дегізбей, осы жерден аман-есенінде қайта ғой” дей келіп, түстің қалғанын жорып: “Енді қарасан аю болғаны — өзіннен соңғы заман аюша алысып өтетұғын заман болады. Онан ит-құс болғаны ит-құсша жұмысын өтейтұғын заман болады. Онан түлкі болғаны — түлкіше бұландап жүріп күнелтетін заман болады. Онан қоян болғаны — қоянша кебектен-кебекке қорғалап жан сақтайтын заман болады. Мен көрген-білгенімді айтсам, күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер “Абылай өледі, соның жаназасына Түркістанға бара жатырмыз деп, жындай жиылып, құмдай құйылып жүр. Қайтқаннан басқа жабдық жоқ”³², — депті. Сол жолы Арыс бойындағы өзі қолдан қойған әкімдері жасағымен қарсы шығып жолын бөгепті, хан батырларын таратып жібергеніне өкініпті. Ақыры хан сол қорғанда жұма күні қайтыс болыпты деседі. Бұқар жыраудың бұл жолғы айтқан сәуесі де қолмен ұстатқандай дәл келіпті. Бұл әңгімеден Абылай хан Бұқардан бұрын қайтыс болды деген сөздің дұрыстығы ашылып дәлелденеді. Бұқар — өзі өмір

³² Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. 78-79-бб.

сүрген дәуірдің болмыс-шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі әдеби мұра қалдырған жырау. Ең алғаш ол ауыз әдебиетіндік үлгілерден бастау алса да, дәуір талабына орай әлеуметтік мазмұн мен көркемдік сапаларды игерген жыраулық поэзия Бұқар шығармалары арқылы жаңа белеске көтеріліп, әдебиетіміздің байып, маркая түсуіне жол салды.

АҚТАМБЕРДІ

Қазақ поэзиясында жырау, жыршы, акын атақтарын иемденген талант иелері кемде кем. Жырау хандық мемлекеттің бас идеологы ретінде ірі қоғамдық мәселелерді қозғайтын толғауларды шығарып айтушы, ойшыл, ақылшы, көреген сәуегей болса, жыршы белгілі бір тарихи оқиғаны жырлап, ел тәуелсіздігін негізгі тақырып өзегіне айналдырады, ал акын — өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып, не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері¹, адам тіршілігі мен сезімін суреттейді. Суырыпсалма шығармашылық өнердің мұндай үш сипаты бір аламан бойынан табыла бермейді, ондай ерекше қасиет ілуде бір адамда ғана кездеседі. Сондай ғажап талант иесінің бірі, бірі ғана емес, бірегейі, Қазақ хандығы тұсындағы поэзияның ірі өкілі Ақтамберді Сарыұлы өз заманында әрі жырау, әрі жыршы, әрі акын ретінде кенінен танылды.

Ақтамберді жыраудың өмір сүрген уақыты бұған дейін ғылыми әдебиетте 1675-1768 жылдар деп шартты түрде, ешқандай архивтік деректерге жүгінбей алынған. Ал ел аузындағы әңгімелер батыр-жыраудың Абылай ханмен замандас, әрі кетсе одан жеті-сегіз жас үлкендігін айтады. Оның үстіне Қазақстан тарихын зерттеген орыс әскери инженері, капитан Иван Андреев 1785-1790 жж. өзінің елу жылдан астам уақыт бойы Оңтүстік Сібір мен қазақ даласында қызмет еткен кезеңін баяндап жазған «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, с касающимися до сего народа, також и прилегающих к российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний крепостей дополнениями» атты қазақтар туралы монографиялық еңбегінде 1785 ж. қайтадан Семейге жұмыс істеуге

¹ Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1996. 25-б.

жіберілгенін айта келіп: «Прежде всего 1786 г. происшествия намерен я объявить о случившемся в годе воздушных явлениях и примечания достойных погод... Сентября 11-го приезжал в Семипалатную крепость, чрез завод Локтевский, Колыванский, губернатор Миллер, а генерал-поручик Огарев — из Бийской 14-го числа... В Омск в сие бытие приезжали к нему киргиз-кайсацкой Средней Орды Каракерей найманской волости Абулфейс — салтана сын Пупы и два его брата Агадай и Шамагмет, и при них старшины — Актамберды и Байгара, и прочих старшин довольно, и простых киргизов человек до 100»². Міне, орыс зерттеушісі жазып көрсеткендей, 1786 жылы Семей каласына келген жоғары мәртебелі ұлық — губернатор Миллер мен генерал-поручик Огаревтермен кездесуге Орта жүздің Каракерей найман болысының төресі, Әбілпейіз сұлтанның баласы Бопы екі інісімен және оларға қарасты старшындар Актамберді мен Байғара қатысқан. Бұл капитан жазбаларында нақты келтірілген тарихи дерек. Оның үстіне Актамберді атақты батыр, жырау, ал Байғара елге белгілі би болғандықтан аттары арнайы аталады да, қалғандары «басқа да старшындар...» деп жай ғана айтылады.

Сонда И.Г.Андреев деректеріне сүйенсек, Актамберді 1786 жылы сексеннен асқан, ойы сергек, тың карт, ал даланын ауызша тарихы жыраудың тоқсан жастан асып барып дүние салғандығын айтады. Олай болса, батыр-жырау шамамен XVIII ғасырдың басында туып, осы ғасырдың соңына таман қайтыс болған. Туған жері — Оңтүстік Қазақстанның Қаратау маңы. Ал шыққан тегі — Найман ішінде Каракерей руының Сыбан тармағынан. Соңғы жылдары кейбір еңбектерде Актамбердіні Ұлы жүздің Ошақты руына телу байқалады³. Бұл әсте олай емес. Осыған дейін шыққан ғылыми әдебиетте батырдың Орта жүздің рубасы аксақалдарының бірі екендігі нақты жазылып келді. Енді барып ойша дүдәмалмен халықты жаңылыстыруға болмайды.

Тұлғаны тарих жасайды. Актамберді — тарихи тұлға, аты аңызға айналған батыр, қолбасшы, жырау. Ол заманда ру аты әр адамның құжаты іспеттес болған. Каракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгембай батыр деп айту содан қалған. Актамбердіні де Каракерей Актамберді батыр деп атаған. Жоғарыда атап өткен И.Г.Андреев жазбаларында Каракерей найман болысының стар-

² Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. А., 1998. с. 158.

³ Бәйлібек Баба — Алып Бәйтерек: Ұрпақтар шежіресі (Ошақты шежіресі). А., 2005. 392-395-б.

шындары Ақтамберді мен Байғара деп айтылады ғой. Сол сияқты атақты тарихшы Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында шыққан «Тауарих хамса» кітабының қазақ тарихына арналған бөлігінде: «Абылай заманында батыр, сардар болғандар: Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Еспембет батыр, Матай Шөнкей батыр, керей Жәнібек батыр, бура Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгембай батыр, бәсентиін Малайсары батыр»⁴ деп тайға таңба басқандай жазылған. Мұнда Қабанбай, Алтыбай, Ақтамберді, Еспембет төртеуін қайталамай Қаракерей атымен бір тізбекте атаған. Сондықтан Ақтамберді батырдың шыққан тегі — Найман ішінде Қаракерей екендігі дау тудырмас ақиқат. Бұл пікірді «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына Ақтамберді жырау туралы деректер беріп, шығармаларын айтып берген батыр ұрпақтары К.Бокасов, С.Нұрпейісов, С.Сепбосынов материалдары айғақтайды.

Батыр-жыраудың өз есіміне байланысты ой өрбітсек. Қазақта дуана атаулының арғы атасын «Ақтан әулие» деп айтқан аңыз бар. Соған карағанда жыраудың әке-шешесі балаға зарығып жүргенде Сары батыр ауылына келген дуана батасынан кейін немесе осындай бір атақты дуананың зиратына түнеген соң перзент көтерген тәрізді. Сол себепті де болашақ батыр есімі Ақтанберді деп аталып, кейін айтыла келе «Ақтамберді» болып қалыптасқан. Әке кіндігінен жалғыз болып туып, кейін жамағайын туысы Бердіке батырдың қолында өсуі де осы сөзімізге дәлел бола алады.

Ақтамберді тым ерте, он-он бір жасында ақындық талантымен танылып, жыраулық өнерге ден қояды. Он жеті жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысып, ерекше ерлік қасиетімен дүйім жұртқа танылады. Батыр жырау өзінің қайраткерлігімен де, тебіреністі толғауларымен де халықты жонғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болып, Орта жүздің беделді рубасы ақсақалдарының біріне айналды. Жонғар мемлекеті біржола талқандалған соң Ақтамберді қазақ руларын шығыс жақтағы атамекенге қайта қоныстандыруда үлкен еңбек сіңіреді. Батыр жырау әбден қартайған шағында тоқсан жас-тан асқанда қайтыс болып, Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Құндызды ауылы шетіндегі Жүрекадыр деген жотаға

⁴ Халид К. Тауарих хамса (Бес тарих). А., 1992. 105-б.

⁵ Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. Құр. М.Мағауин. А., 1971. 249-251бб., Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құр. М.Мағауин, М.Байділлаев. А., 1989. Т.1. 374-б.

жерленеді. Қазір ол жерде батыр бабаларына ұрпақтары тұрғызған күмбез бар.

Жыраудың қай толғауын қай кезде шығарғанын дөп басып айту қиын. Мөлшермен шамалап айтуға болады. «Күлдір-күлдір кісі-нетіп» толғауы қазақ жасағы 1728 жылы Торғай өңіріндегі Бұланты өзені бойында алғаш рет жоңғар әскеріне күресте соққы бергеннен кейін туған сияқты. Себебі, осы атақты толғауында алғашқы тойтарыстың тура ортасында болған батыр толық жеңіске жетуді қиялдап, шабыттана жырлайды. Арыны қатты жауынгер жыраудың жорық жыры болашақ жойқын жөңкілісті, сахара даланың қабырғасын қайыстырған қалың қолды елестетеді. Жыр екпінінде адам төзбестей тебін бар. Жүрекке жігер, бойға ерекше күш дарытқандай арынды ырғақ жел көтергендей желпітіп, желпінте түседі. Екіленген елірме топтың айқасарға жау іздеп, толқынды күйге түскен шағы. Жырмен арманды айқасқа ұран бастап, төкпе сөзді ағытқан жырау үні естіледі:

Сол шұбарға мінген сон,
Қоныраулы найза қолға алып,
Қоныр салқын төске алып,
Қол төнкерер ме екеміз.
Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екеміз!
...Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екеміз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенміз⁶.

Жыр аяғы осылай алқынып барып, еңтігіп тоқтайды. Ақтамберді арманы ел мүддесінен бөлек емес. Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыста толық жеңіске жетуді, әр ауылдың молшылық өмірге кенелуін, мамыражай рахат өмірді аңсайды ақын. Жырау көркем тілмен ел көкейіндегісін дөп басып, қиялға беріледі. Жорықшы батыр өзінің батырлық тұлғасын «жапанға біткен терекке, қарағайға қарсы біткен бұтаққа, тасқа майрылмайтын, сырты құрыш, жүзі болатқа» тенеяді.

Ақтамберді толғауларында арманшылдық үні басым.

⁶ Бес ғасыр жырлайды... 64-б.

Жауының аруын олжалау, тарланды таңбалап мініп, жау кашыру, жақсылармен топтанып кеңес құру сияқты киял канатындағы арманды ойлар. Жырау жырларындағы ерлікке толы кайран түндерін «қайдалап» іздеуінен, өлім жақындаған сәтте батырларша жорықта қаза болмағанына өкініш білдірген жалғыздықты сезуге болады.

Жырау ойы мен ішкі сезімін поэтикалық «мен» арқылы айқындайды. «Салпан да салпаң жортармын» атты толғауынан Ақтамберді жыраудың көрген-білгені мен көңілге түйгенінен тұжырымдалған болмыс-бітімі нақ байқалады.

Қарағайға қарсы біткен бұтақпын
Балталасаң да айрылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсан майрылман!

Өр рухты акын «мені» ел билеушісіне қарата айтылған төбіреністі толғау. Жырау осы «мені» арқылы ел билеушісіне іс насырға шапқан тұста халқының атынан сөйлей отырып, әділ шешім шығаруға көндірген сынайлы. Осы «мені» арқылы жырау батыр келбетімен жұртты сонынан ерте білген.

Жырау ер канаты — жылқы түлігін суреттеуде алдына жан салмайды. «Ор қояндай қабақты, қиған камыс құлақты, Сары мысықтай азулы, Саптыаяқтай ерінді» сияқты тенеулер сол тұстағы басқа акын-жыраулар шығармаларынан кезікпейді.

«Балпан, балпаң кім баспас» толғауын жыраудың саликалы жасқа келгенде шығарғаны байқалады.

Балпан, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас.
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас⁷, —

деген өлең жолдары нағыз канатты сөз, каймақты мақал, толғаулы жасқа жеткен адамның толғауы.

Ақтамберді толғауларының тілі көркем, ойы өршіл, арманы асқақ. Оның қай толғауын алсақта, өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жеке жырға ұқсас болып келеді. Акын толғаулары философиялық ойға құрылған тұжырымдармен, жеке адам бейнелерін сомдаған тартымды мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл туындыларда ел тағдыры, жер тағдыры, халық болашағы, имандылық мәселелері кеңінен сөз болады.

⁷ Бес ғасыр жырлайды... 60-б.

Әрі жырау, әрі жыршы, әрі акын Ақтамберді Сарыұлы өз туындыларында сұрапыл майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, ғибратқа толы жыр жолдарымен ықпал етіп, халықты іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Артына елеулі мұра қалдырған жырау поэзиялы тақырып жағынан да, мазмұны жағынан да бай болғаны айқын сезіледі. Халқымыздың көркемдік сөз өнері тарихында Ақтамберді есімі өзіндік орны бар жыраулық поэзияның көрнекті бір өкілі ретінде мәңгі сақталады.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ

Үмбетей Тілеуұлының жырау ретінде артына қалдырған мұрасы аса көп емес. Небәрі жеті-сегіз толғау. Бар қазынасына байыптай қарағанда батырлығынан бұрын жыраулығы ерекше көзге түсіп тұрады. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы жалпы алғанда күрделі құбылыс санатына жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры осы ойымызды растайды. Әсіресе, XV-XVIII ғасырлардың арасында тірлік кешкен көшпенділер поэзиясы шын мәнінде қазақтағы азаматтық поэзияның төлбасы болса керек. Сол уақыттың поэзиясы қым-қиғаш дәуірдің, қоғамдық қарым-қатынастардың, қара халықтың хал-күйінің айнасы секілді әсер етеді.

XVIII ғасырда өмір сүрген дуалы ауыздың бірі Үмбетей Тілеуұлы әскери жорықтарға қатысқан, батырлығы да, ақындығы да қатар жүрген кісі. Шығармасының дені арнаудан тұрады. Әдебиет зерттеушісі, жазушы М.Мағауиннің айтуынша: "... өз тұсындағы дабырлы ерлер жайлы тарихи поэмалар жасау ісіне белсене араласқан"¹. Қазір қолда бар шығармалары шағын. Академик Қажым Жұмалиев Үмбетейді Бұқардан кейін атапты: "Шығармалары өз аттарымен біздің дәуірімізге дейін сақталып келген әдебиет өкілдері: Бұқар, Үмбетей (XVIII ғасыр), Дулат, Жанкісі, Байтоқ, Жанұзақ, Шернияз, Алмашты, т.б. (XIX ғасыр) алсақ, бәрі бір дәуір, бір кезеңде өмір сүрсе де, олардың дүние тану, өмірге көзқарастары әр басқа. Өйткені бұлардың бәрі бір таптың ақындары емес. Әркім өмір құбылысын өз ортасы арқылы өз табының көзқарасынан танымақ"².

¹ Алдаспан. Алматы, 1971. 34-б.

² Жұмалиев К. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1967. 24-б.

Үмбетейдің аты, бірқатар өлендері әр мақала, жинақтарда ұшырасып жүргенімен ол туралы арнайы ешкім айта қоймаған екен. Жеке жыраулардың шығармашылық еңбектері жөнінде біраз зерттеулер жазылды. Бұлардың поэзиясы өзара тығыз байланысып жатады. Үмбетей беріде өмір сүрген акын. Оған белгілі дәстүрді жалғастырушы ретінде қараймыз. Үмбетей есімі Бөгембай батырмен қатар аталады. Арнау жырларымен аты шыққан. Жалпы, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының дені арнау, толғаулар десек қателеспейміз.

Қазақ тарихи жырлары туралы сөз қозғағанда алдымен ауызға түсетін осы жанр толғау екендігін, оның жеке-дара акындар, жыраулар шығармашылығында көріне бастағанын айта кету керек. Үмбетей жырларының қолда барының дені толғау. Жырау мақалдап, мәтелдеп сөйлейді, халық даналығына сүйенеді. Айтқандарына қарағанда әділетті, ақылды кісі болып елестейді. Оны Бәкеге арнаған жолдарынан байқаймыз. Бұл өлең 1968 жылы карт журналист ауыз әдебиетін жинаушы Ғалымжан Мұқатовтан жазып алынған. Ал, Ғалымжанның кімнен, қайдан, қашан алғаны белгісіз.

“Алдаспан” жинағында айтылғандай, Үмбетеймен аталас Жауқашар деген адамның бірінен-бірі өткен бұзық, сойқанды тоғыз ұлы болады. Бір жолы бұлар өздерімен ағайын көрші ауылға барымтаға шығып, үйірге салып жүрген бураларын әкеп сойып алады. Екі атаның арасында дау туады. Бәке деген кісі Жауқашардың тоғызына ара түседі. Сонда Үмбетей әлгі әділетсіздікті әшкерелеп, “Бәкеге” атты өлеңін шығарыпты. Әрине, бұл шындықтан туған шымыр жолдар болса керек. Сол дәуірдегі жыраулардың бір қасиеті — ойларынан ешнәрсе шығармаған, өзі өмір сүрген ортаның ғана жағдайын жырға тиек еткен. Бастауы, аяқтауы бар, артық тұрған ештеңе көзге түспейді.

Жыраулық шығарманың ұзақтау болып келуіне шек қоюға болмайтын секілді. Ауызша тарағандықтан ұзақ нәрсенің қысқа болып қалатыны, керісінше аз нәрсенің молайып кететіндігі ауызша әдебиетте ұшырасып қалады. Соған қарағанда Үмбетейдің шығармаларында толық мәтіннің кездесуі некен-саяқ. Арасынан бірденелер қалып отырғанға ұқсайды. Қайталаулар ұшырайды.

“Ауызша дәстүр XVIII ғасырда өмір сүрген үш жыраудың Бұқардың, Үмбетейдің, Тәтіқараның есімдерін сақтаған. Аңыздарға және кейбір архив документтеріне қарағанда бұлар

феодалдық аксүйектерден шыққан”³, — деп жазады Н.С.Смирнова “XVIII ғасырдағы казак жыраулары” деген мақаласында. Белгілі фольклортанушы-ғалым Үмбетейді Бұқардан кейін бекерге атап отырған жоқ сияқты. Үмбетей жыраулық поэзияның толысқан тұсына тап келген кісі. Марғасқа, Үмбетей, Жиёмбет, Тәтікара, Ақтамберді, Бұқар жыраулардың туындылары толғаудың әлеуметтік келбетінің кемелденген кезеңіне келетіндігін академик Әлкей Хаканұлы Марғұлан дәп көрсетеді.

Тәтікара мен Бұқардың арасындағы орынды толтырып, тарихта болған батырлардың ерлігін паш еткен Үмбетей толғауларының саны санаулы-ақ, онда басқалардан ауысып жүрген дүние көрінбейді. Бәрі өзінікіндей оқылады, басқаға да танылмайды. Үмбетей шығармашылығы халық поэзиясының қасиетін бойына жақсы сіңірген. Өлендері шешендік сөздерге жақын тұрады. Өзінің алдында өткен жыраулардан қалған жыраулық салтқа икемденгендігі көрініп тұр.

“Егер тақырып авторға бұрынғы туындылар арқылы таныс болса ол бұрынғыны өзгертіп, өзінікін жасайды, кейде стиль, кейде композициясын, рабайда шығармаларының идеясын өзгертеді, кейде бұрынғы үлгіні толықтырады, кейде қыскартады. Нәтижелерінде шығармалардың тексттері өзара араласып кетеді. Сюжеттердің ұқсастығы сөз тіркестерін, суреттеулерді, толық үзінділерді қайталауға әкеп тірейді. Мәселен, бір соғыс эпизоды басқа бір шығармадағы соғыс картинасын жасау үшін пайдаланылады”⁴, — деп жазады академик Д.С.Лихачев.

Ғалымның бұл сөзінде біз қолдайтын шындық бар. Қайталанатын сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер тек Үмбетейге ғана тән көрініс деуге болады. Әлбетте толық жауапты текстологиялық салыстырулардан кейін күтуге болатын шығар.

Заман өткен сайын сөз де өзгереді. Белгілі бір мәтін сонау баяғы қалпында қалмайды. Айтушыдан айтушыға өткен сайын сан құбылысқа түсіп, тіпті кейбір өлендердің толық жетпеуі көбейіп жететіндері де бар. Сондықтан өте мұқияттылықты, зеректікті қажет етеді.

Басқа акын, жыраулардың поэзиясында Үмбетейдің өлендері

³ Краткие сообщения Института востоковедения. Москва, 1952. №4. С. 43.

⁴ М.О.Әуезовтің 60 жылдығына арналған мақалалар жинағы. Алматы, 1959. 74-75-бб.

⁵ Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. Л., 1971. С. 17.

де жүруі мүмкін. Тілдік-стильдік ерекшеліктеріне қарағанда мұнда жеке-даралық шығармашылық белгілері айқындау көріне бастады, осы арнау өлеңдерінен аңғаруға мүмкіндік бар, онда анық объект бар екені хақ. “Бәкеге”, “Бұқарға” дейін Үмбетей айтқан бірқатар төкпе, түйдек сөздердің болуына кім шек келтіре алады. Үмбетейдің қолынан келмейді деп айтуға және реті жоқ. “Бөгембай өлімін Абылай ханға естірткен” жыраудың үлкен эпикалық сарынға икемі барлығын байқаймыз.

“Тоқымы кеппей топтанып, ел тонауға аттанып” жүрген тоғыз тентекті сынға алады, оларға араша түскен Бәкеге “не бетінмен қорғайсың Жауқашардың тоғызын” деп, озбырларды әділеттілікке, адамдыққа шақырады. Жақсы ұл мен жаман ұлдың айырмашылығын анықтайды.

Ұл он беске келгенше
Колға ұстаған кобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса доңызын.

Осы шумақтың өзінен Үмбетейдің отбасылық институтқа қандай талаптармен қарағандығын сеземіз. Баладан көрген базарын да, азарын да жасырмайтын сияқты. Балалық, жастық, кәрілік жыраулардың тұрақты тақырыптарының бірінен саналады. Жыраудың: «Дін пұсырман баласы адамдықтан жерімес» деуіне қарағанда мұсылмандықтан адамды жақсартатын біраз нәрселер іздеген болуға керек.

«Жауқашарға» деген өлеңі «Бәкене» арнауының жалғасындай, жалпы екеуі біртұтас дүние болуы мүмкін. Ол кезде өлеңге тақырып қоймаған ғой, айтқан жерден халықтың өзі қағып алып, келесі ғасырға жеткізген. Үмбетей сөздеріне қарағанда көпшіліктің, көптен шыққан батырлардың ақылшысы, кеңесшісі болған кісі. Шағын қазынасының өзінен көргені, білгені мол, мейірімді адамның келбеті елестейді. Мезгілсіз келген қонаққа да қуанады.

...Кісіні көрсен есікке
Жүгіре шық, кешікпе.
Қарсы алмасан мейманды
Кесір болар несіпке,—

деу әрі батыр, әрі ақынның аузынан шығатын сөздер. Жыраулар бір себепке кездескенде ғана сөз тудырады. Мысалы, Үмбетей мен Бұқар дос болыпты деген сөз бар. Бірде Бұқардың үйіне барғанда әйелі он шырай танытпаған. Сонда Үмбетей өкпелеп өлен шығарып кетіпті. «Бұқарға» деген өленін сол жолы айтыпты деседі. Бірақ бұл әңгіменің шындыққа қанша жанасатынын әлі де дәлелдеуге тиіспіз. Ал, енді Үмбетейдің сөзінде Бұқар есімі айтылмайды, Бұқардың оған жауабы «Жал-құйрығы қабасында» Үмбетейдің есімі кездеспейді. Әлде кейінгі ауызша таратушылардың жанастырып жүргені шығар. Әйтеуір бір кілтипан бар.

Рас, Үмбетей фәлсафа айтып келіп, мәселені әйел жайындағы түйінмен тамамдайды. Өзіне сауал қояды да, жауабын өзі береді. Түйенің, биенің, адамның, жаманның қандай болатындығын нақты сөздермен келтіреді. Тұрмыс фәлсафасын тартымды береді.

Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең.
Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең, —

дейді жырау «Бұқарған арнауында. Мұнда ұлдың жақсы, жаманы сын таразысына түседі. Әйелдің нашарын «Арқана артқан тұзбен тең» дейді. Жалаң өкпе ғана емес, өрелі ой тастай келеді. Өзі жорықта жүрсе де от басының тірлігін, бірлігін тілеген кісінің келбетін елестетеді жырау, қонақ — ырыс, күндіз-түні есігін ашық болсын дейді. Үйіне барғанда он шырай бермеген Бұқардың әйеліне мін тастайды.

...Бәйбішен аю болса аса алмассын,
Қарау болса әй деуге бата алмассын.
Мейманға отың басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассын,—

деп есіктен шығып жүре беріпті деседі жырау. Бұған Бұқар сынды жырау жауапсыз қала ма. Әлде сол мезетте, әлде кейінірек жауабын айтыпты. Ақындардың әйел заты хақындағы пікірлері бір жерден тоғысады. «Жаман қатын» тіркесі Бұқарда үш мәрте қайталанады, бірақ одан ойдың көркемдігі өсе түспесе кемімейді.

Жабыдан айғыр салсаңыз,
 Жауға мінер ат тумас.
 Жаман катын алсаңыз
 Топқа кірер ұл тумас,

деген Бұқар жауабы мақал-мәтелге айналып, ажарлы, айдынды сөз жасады. Тын түйінді табады. Әрі нұсқа, әрі қысқа сөз. Әділетін алдына салады. Сылдырату, тұмандату жоқ. Жырау жыры белгілі бір себепке жолыққанда салдары мықты шығады. Жасандылық, тигтей жалтару болсайшы. Салактын оғындай сарт етіп нысанаға тиеді. Зайыбымды сынап кетті екен деп, кек тұтпайды, келісті сөзбен шындықты білдіргеніне разы. Үмбетей Бұқардың жеке басын сыйлай тұрып, жанына лайықты жары болмағанына қынжылады. «Тоты құс жарқанатқа пенде бопты. Бұқарым, айтар мінім осы-ақ» — деп үйінен күйзеліп шығады.

Үмбетейдің «Ей, Ақтамберді» деп басталатын он үш жол өлені де өмірге өздігінен келмегенге ұқсайды. Құн дауы ма, жесір дауы ма, әйтеуір аржағында бірдене бар екені анық. Қарсы келгенде қандыра жауап қайтармаса көңілдері көншімейді. Ақтамберді жырау ақырып жетеді. Үмбетейге тіл тигізе сөйлейді. Бір батырының құнын қуа келіпті.

Қынаптан қылыш суырмай,
 Қарыскан жау бүлк етпес.
 Қанымен қастын жуылмай,
 Намысқа тиген кір кетпес.
 Шабыссан, кәне, шыдап көр,
 Жау емессің күш жетпес.

Токтататын сөз шықпаса Ақтамбердінің екпіні жаман, мерт етуі мүмкін. Тура жауаптан тайсалу керек пе, жоқ. Үмбетейде де жүрек бар, үндемей қалатын кісі емес.

Суытпа босқа түсінді,
 Қайрама сонша тісінді,
 Сырт тазасы не керек,
 Тазарт әуел ішінді.
 Мен арғын дейтін арыспын,
 Азуы кере қарыспын.
 Сен — бұзау терісі шөншіксің,
 Мен өгіздің жон терісі — талыспын, —

деп, Ақтамбердінің айбынын басады. Алмас қылыштан да қуаттырақ, өткір естіледі. Үмбетей Ақтамберді жырауды жақсы біле тұра, сыйлай тұра жауабын беруден тайсалмайды. Демек, батырлық пен ақындық қабат дарыған XV—XVIII ғасырдағы әдебиет өкілдерінің өзіндік оттылығы мол болған дер едік.

Үмбетейдің эпикалық күшінің барлығын байқататын өлеңінің бірі «Бекболат биге» арнағаны. Әдетте жыраулар кесімді пікір айту үшін сол тақырыптың өзіне тура кіріспей орағытып, тұспалдап, көтеріңкі кіріспе жасап алады. Мысалы:

Мен пайғамбардан бастасам, —
 Әңгімеге кетермін.
 Едігеден бастасам, —
 Ертегіге кетермін.
 Келтесінен қайырсам,
 Сөз түбіне жетермін, —

деуінде біраз мән жатыр. Шешендік сөздің салмағын, өрісін байқатып қояды. Қаһарлы қылыш ала алмаған камалды канатты сөз алады деген сөзде өмірлік тәжірибе бар. Іс шындыққа тақалғанда Үмбетей, Бұқарлар ханға да, қараға да қарамайды. Қара қылды қық жарып айтады. Әр шумақ, әр жолында өрнекті сипат бар. «Баласын мақтар бас жаман, қатынын мақтар қас жаман, Алыстағы дұшпаннан аңдып жүрген дос жаман» деп мойындамасқа, бас иземеске амалыңыз қайсы.

Жырау өзінен бұрынғы және тұстас, замандас әріптестерінің көркемдік бейнелеудегі қол жеткен табыстарын өзінше айшықтап, сөзге сынғыр әуез, сазды салмақ қосады. Көбінесе өздері көрінбей, өзгені өсіре көрсетуді мақсат етеді. Индивидуалдық поэзияның енді ғана ауызша әдебиеттен бөліне беріп, жеке отау құра бастағанда поэзияда жеке меннің көрінуі некен-саяқ екені анық. Жыраулар институтына әлі де болса фольклордың әсері басым-тұғын. Тақырыптық, ритмикалық, интонациялық ерекшеліктердің дараланбаған, сараланбаған кезі еді.

Жырау халық даналығының энциклопедиясы іспеттес, халық қорытып, пісірген нәрсені жинақтап шығарушы.

«Жырау деген сөздің түп мәні қазақтың ескі ұғымында болжампаз, көреген деген мағынаны береді, данагөй, тектер, рулар тарихының шежіресін, халық аңыздарын таратушы дегенге

саяды. Жыраулар шығармашылығының жанрлық ерекшелігін толғау анықтайды. Толғау қашаннан халықтың поэтикалық формасы. Жырау сол мағынасында эпоста сақталған. Эпикалық персонаждардың бірі Сыпыра жырау деген ат содан қалған. Уақыт өткен сайын «жырау» сөзінің мәні жаңаланып, толығып отырды.

Үмбетей сол Сыпыра жыраудан, Асан Қайғыдан, Қазтуғаннан, т.б. қалған асыл сөз мұрасын ілгері апарушылардың бірі, насихат сөздерінде ханнан гөрі қауым мен батырдың бейнесі молырақ сипатталады. «Бөгембай өліміне», «Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естірту» атты шығармалары. Әсіресе, Үмбетей аты аталғанда осы туындылар алдымен ауызға ілінеді. Соңғы толғаудың айтушылардан түгел жеткені сезіледі. Толғау еркін, төкпелі сарыннан туған, таудан құлаған сарқырама су үніндей әсерлі естіледі.

Бөгембай образы жыраулар шығармашылығынан көрнекті орын алады. Шын мәнінде батырға өлеңмен берік ескерткіш жасалған. Бұқар мен Үмбетейдің Бөгембайға арнаған жоқтауы дәл мағынасындағы жоқтау емес, одан да биігірек тұрған көркем поэтикалық полотно.

Бөгембайдың ерлігін жырау өзінің алдындағы сарқылмас сөз өнері – ауыз әдебиеті дәстүрлері негізінде суреттейді. Батырдың батырлық қимылын тануда да, бейнелеуде де батырлар жырында қалыптасқан негізгі өлшемдер мен көркемдік тәсілдерге сүйенеді. Соған қарамастан асыра әсірелеу де, қиялдағы батыр бейнесін жасау талабы да байқалмайды. Керісінше, өмірде болған адамның ісі оны тікелей көрген адамның көзімен өлшеніп бағаланады, суреттеледі. Соның нәтижесінде толғаудан елін жаудан қорғаған қайсар ер, қайтпас батырдың ер бейнесін көргендей боласын. Үмбетейдің “Бөгембай батыр өлімін Абылай ханға естіртуі” де осы деңгейдегі толғау. Жырау Бөгембай сияқты батырдың Абылай тұсында өмір сүруі Абылайға “Төңірім берген үлкен сый” деп бағалайды, суреттейді. Бұқар толғауы сияқты мұнда да Бөгембай ел қорғаны батыр ретінде көрінеді. Сөйте тұра осы екі толғауға тән, ортақ сипат – адамдық жылылық пен сыршылдық. Бұл кейіпкер басынан емес, автордың кейіпкерге қатысынан көрінеді.

Әдетте тарихи қаһармандарға ауысқанда жырауларда нақтылық дәлдік пайда бола бастайды. Жеке адамдар жөніндегі толғауларда ауытқу, боямалау кездеспейді. Батырдың туған күнінен бастап қазасы жеткенге дейінгі аралықты жырау кейде 40 жолмен кейде

400 жол өлеңмен төгіп салады. Кейде ол мөлшерден асып кетеді, бәрі де жыраудың шеберлігінен шығатын дүниелер.

“Үмбетей батыр Бөгембайдың өліміне арналған жоқтауы” белгілі. Ақын оның жонғарлармен айқасуындағы ерліктерін жырлайды. Ол Бөгембайдың жарқын, әсерлі образын жасаған.

Қолтығы ала бұғының,
Пәйкесіндей Бөгембай.
Жалан қия жерлерден.
Жазбай түсіп түлкі алған
Білегі жуан бүркіттің,
Тегеуріндей Бөгембай.

Үмбетейдің Бөгембай жөніндегі жоқтауы — халық қорғанынын тамаша образы⁶.

Динамикалық қимыл-әрекетке толы, экспессивті жолда Бөгембайдың басқыншыларға қарсы халық күресінің тарихына алатын орнын ойып алып көрсетеді. Толғауда жоқтау, мүдіру жоқ, бір тыныстан туған тұтас туынды. Мұнда “автордың” өзі мүлдем сырт қалады да бар ықылас, тілек жырланып отырған объектіге ауады. Батырдың өлімін ханға естірту арқылы өмірді жырлайды.

Ерікті, аралас ұйқаспен келген 7-8 буынды жыр түрінде келген бүгін триаданың тұла бойында бір тармақ үнемі үстемеленіп, қайталанып келеді. Абылай ханның басынан “талай істер” өткенін, “Үргеніштен мұнда келгенін”, “Күндіз түйе бакканын” “Еш малшыға қосылмай, қара жерге отырмайтынын” айта келіп, “Ұмыттың ба соны, Абылай” деп бір түйіп тастайды.

Аруағына болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаған қандай ұрыстан
Қаз дауысты Қазыбек,
Керей батыр Жәнібек,
Қу дауысты Құттыбай
Қаракерей Қабанбай
Қанжығалы Бөгембай
Абылай, сенің тұсыннан

⁶ История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней в пяти томах. А., 1979. Т. 3. с. 196-197.

Сол бесеуі болыпты-ай!
 Кейі батыр, кейі би
 Тәнірім берген сондай сый
 Ұмыттың ба соны, Абылай –

деп және бір желіні тартады да келесі түйінге жақындайды, халық батырларын мадақтайды. “Дүние кезек, Абылай! Қаласың әлі-ақ сен былай” деп, хан тағының тағдыры екендігін батыл ескертеді. Жоктаудың оқушыға қатты әсер ететін тағы бір себебі: жырау, Бөгембай дүниеден аттанарда, қасында болыпты. “Батырды қолдан өткіздім, сәлемін міне жеткіздім” деген жолдары соған айғақ. Уақиғаның ізі суымай тұрғанда Үмбетей ыстық қалпында ғана толғауды төгіп салған. Содан барып кесек, жұмыр жыр дөңгеленіп түсе қалған. Ерлік стихиясы жырау жанына жақын тақырып болғандықтан еркін, барынша тебірене жырлағаны байқалады. Туындыларын былай қойғанда Үмбетейдің Бөгембайға арнаған толғауының орны бөлек, жауынгер, патриот ақынның халық қамын ойлағандығын, ердің ерін ел ұмытпайтындығын, батырлықты кемеліне келтіре жырлағандығын биік мұраларынан сеземіз. Шабытының шылбырын босатпаған, елдің жай-күйін ойлаған, адамдық жасауға шақырған жырау бейнесі алыстаған сайын ұрпағы үшін тұлғалана түспек.

Енді бірер сөз жыраудың жасы мен кссашылдығы туралы. “Біз Үмбетей мұрасына бала күнімізден қанықпыз. Қазір қолымызда Үмбетейдің өмірін айқындап көрсететін 1500 жол материал бар” деп келіп Ғ.Мұхатов жыраудың туған жылын анықтауға кіріседі “... Бұқар мен Үмбетей 1668 жылдың төлі дейік. Бұқардың 113 жасын 1668-ге қосыңыз 1781 болады, ал бұдан 3 жасты алып тастасаныз 1778 болады, сонда Үмбетей, міне осы жылы яғни 110 жасында дүние салған. Бұл күмәнсіз факт” журналист, әдебиетші Ғалымжан Мұқатов жолдас мұндай үзілді-кесілді фактіні Бөгембай батырдың немересі Бапан бидің қыпшақ Байсерке абыздарға айтыпты дейтін мына бір шумақ өленіне сүйеніп айтып отыр:

“Үмбетей Бұқармен дос, құрдас екен,
 Қайтыс боп үш жыл бұрын құса дерттен.
 Жыраудың жыры әлі сусындатып,
 Ұрпақтың ұрпағына ұзап кеткен,” – дейді.

Әрине, бұл бір шумақ өлеңмен жыраудың қай жылдың төлі екенін бірден айқындау оңайға келе бермейді. Аңыздың аты қанша дегенмен аңыз. Аңыз дәл айтпайды, жобалайды. Мынау жалғыз тармақ өлеңге ой көзімен қарасан, Байсерке абыздың тұсында емес, тіпті беріде туған қосымша шығар-ау деген күмән көмекейге тіреледі. Ол ойымызды соңғы екі жол шегелей түседі.

Ғ.Мұқатовтың айтуынша, Үмбетей кедейліктің тауқыметін көп тартқан, өз еңбегімен күн кешеді, бертін келе жырау атанып қарт Бөгембайға әрі серік, ірі жыршысы болады. Жұрағаттарын “Ақмола облысының Ленин совхозына қарайтын Шөкей селосынан көрдік” дейді зерттеуші.

Және бір назар аударатын факт — Үмбетей Жантай батыр туралы қисса-дастанын ұлғайған кезінде шығарса керек дейді. Қиссада Жантай бастаған батырлар тобының әрекеті мен халықтың сол тұстағы ауыр тұрмысы баса көрсетілген. Абылай ханға тие сөйлейді. Хан мен жырау бір-бірінен қашықтайды. Жырау сарай маңынан кетеді.

Бір қызығы, Жантай батыр қиссасын Шоканның әкесі Шыңғыс білген. “Ғалым саяхатшы Шокан кейін архивтерді ақтарып жүріп, әкесі полковник Ладыжинскийге тапсырған қолжазбаларынан “Жантай батырдың” мән-жайын түсіндіреді. Оның сөзіне қарағанда, бұл шығарманың екі-үштей нұскасы қағазға түсіпті. Әрине, бұл нұсқаларды өзара салыстырып, анығын, асыл нұскасын ажырату келер күндердің міндетіне кірмек. Текстологиялық салыстырулар қажет. Өйтпейінше, аңыз-әнгіме солай айтады деп, тоқ етер пікір айту асығыстыққа апарады.

Атқыбай жыраудан бұрын қиссаны Бөгембай батырдың немересі “Бапан би” айтыпты деген сөз бар. Ғ.Мұқатов 10-шы дәптердегі “Жантай батыр” қисса-хикаясын жерлесі жыршы Жылыбаев Жұмағұл марқұмның айтуынан 1953 жылы жазып алыпты. Жұмағұл Төлештен үйренген. Жұмағұлдың “Қиссаны таратушыдан бірер сөз” деген қосымша анықтама өлеңінде:

Төлеш-ау, үйрендің сен мұны қайдан? —
Дегенде ол ұқтым деді Атқыбайдан.
Атқыбай Үмбетейдің шөбересі,
Қиссаны аузыменен жұртқа жайған,
Қиссаны онан бұрын Бапан айтқан,
Бапан би өз тұсында бопты жайсан.

Қазақта белгілі ғой тілдің майы
 Кей жерін кейінгілер көп ұлғайтқан⁷. —

деген сөз бар. Бұдан шығатын қорытынды: “Жантай батыр” хикаясы бізге жеткенше біраз қосымшалармен ұлғайып, көлемді шығармаға айналған. Қиссаға жазбаша әдебиеттің әсері бар-ау деп қалдық. Он бір буынмен келісті жазылған.

Шығармада өз жерін жаудан азат ету мақсатында қазақтардың жүргізген күресі көрсетіледі. Негізгі кейіпкерлері — Қабанбай, Бөгембай, Жантай батырлар, солардың іс-әрекеттері. Бұлардан басқа Жантайдың немере інісі Үйсімбай, Атан, Досай батырлар бар. Бұлардың портреті жеке-жеке беріледі. Бөгембай бастаған қол “он мың үй торғауытпен” соғысады. Алғашында женеді, артынан жау жағы алдан тыныс алып Қытай қашады. Қазақтар біліп қойғасын қалмақтар Уса-Серен дейтінді бітімге жібереді. Ол Абылай ханды алдап түсіреді. Батыр тобы “Жауын аяған жаралы боп қалатұғын” деп ескертеді ханға. Хан тындамайды. Соны пайдаланып қалмақтар арнайы Абылайдың баласы Қасымды қонаққа шақырады. Еріп барған кісілердің ішінде Үмбетей жырау да болыпты. Қалмақ ханы Айныш атты айтулы сұлу қызын Қасымға беріп той жасап, тарту-таралғысымен қазақтарды қайтарады.

Қарсы жақтың қулық-әдісін түсінген Жантай батыр хан баласы Қасымға қарсы шығып, қалмақты қазақ жерінен қуып, ата-мекенді босату керек дейді. Өкінішке қарай, оны тындамайды. Соғыста қазақ қолы орасан шығынға ұшырайды. Көптеген батырлар қаза табады. Қисса авторы жаугершілік замандағы халық бірлігін, патриотизмін, ауыз бірлікті жырлайды. Жырау бар ақындық қиялын жұмсап, өршіл пафоспен азаматтық тақырыпты биік көтереді.

Ендігі бір мәселе “Жантай батыр” қиссасын Үмбетей шығарып па деген сауалдың айналасынан шығады. Стиліне қарағанда Үмбетей жырларынан бөлек тұрған, авторы басқа адам сияқты. Үмбетейге мүлдем келмейді. Тәрізі бұл шығарма жазбаша әдебиеттің жемісі болар деп ойлаймыз. Жырау шығармаған қиссаны оған тели бергеннен не ұтамыз, онсыз да Үмбетей шығармашылығы төмендеп кетпейді, өзінің өлендері де жетеді. Сондықтан бұл мәселе әлі де болса анықтай түсуді керек етеді.

⁷ ҚР БҒМ ӘӨИ Қолжазба орталығы. 717-п. 10-дәптер.

Сонымен Үмбетейдің шағын мұрасын топтастырып карағанымызда біз жыраудың XV-XVIII ғасыр поэзиясынан алатын өзіндік орны бар екендігін анықтадық. Үмбетейдің жинақы, шымыр жыр, толғаулары зиялы өрнектерімен, өрісті ойларымен ерекшеленіп тұрады. Ол өршіл поэзиясын заттылыққа, нақтылыққа құра білген. Халықтың ауызша әдебиетімен тығыз байланысты болған. Өзінен бұрын келе жатқан арнау поэзиясының дәстүрін сәтті түрде ілгері апарушылардың санатына кіреді.

Үмбетей толғауларынан жыраулық салттың жалғасын танимыз. Белгілі бір объектіні негізге ала отырып, соны суреттеу арқылы адамды адамгершілікке, ізгілікке, пенде баласына киянат жасамауға шақырады. Азаматтың, әйелдің, ұлдың міндет-мұраттарына арнайы тоқталып өтеді. Тақырыпты өзін қоршаған тіршіліктің өзінен алады да, өлең сөзбен өрнектеп қайтарады. Жырау жырларының басты қазығы, адам, яғни өзінің замандасы, ол адам баласына үлкен сенім артып жырлайды, оның болашағын болжайды. Халықты бірлікке, берекеге, батырып ерлікке үндейді. Сондықтан да Үмбетей толғауларындағы үлкен серпінді ой бізге суымай, үзілмей жеткен деу керек.

ТӘТІҚАРА ЖЫРАУ

XVIII ғасырда жасаған казак акын-жазушыларының ішіндегі ең мәшһүрлерінің бірі — Тәтіқара. Халық әдебиеті қазыналарын жазбай танитын ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов кезінде Тәтіқара жырларына назар аударып, «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» атты зерттеуінде акынның бір өлеңінің жолма-жол тәржімасын да жасаған болатын.

XVIII ғасыр әдебиеті жайындағы сөзде Тәтіқараның аты аталмай қалмайды. Жұртшылық санасындағы Тәтіқара — казак халқының тарихындағы қиын кезеңдердің біріндегі сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын басқыншылармен қайтпай ұрысуға шақырушы жауынгер акын, жортуыл кернейшісі.

Алайда Тәтіқараның қолда бар шығармалары акынның дабырлы атын ақтай алмайды: олардың көлемі тым аз, көркемдік дәрежесі де айтарлықтай жоғары өреде емес.

Тәтіқараның сүйегі — Сарыкөл манындағы уактан, уак ішінде Қалмақ деген атадан. Акынның туып-өскен жері — қазіргі Қостанай облысының Сарыкөл ауданының аумағы. Алайда акынның саналы өмірі түгелдей дерлік Абылай ханның төңірегінде өткен сияқты. Ел аузындағы сөздерге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанғанда Тәтіқараны қасына тастамайды екен. Оның суырып салма акындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалаған.

Абылай ханның сүйікті акыны болғанына қарамастан, Тәтіқара өмір бойы жокшылық тақсіретінен құтыла алмаған тәрізді. XVIII ғасырдың орта шенінде казак халқының басынан өткен ұрыс-соғыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан

Тәтікара көне заман батырлары, олардың ел қорғаудағы ерлік істері туралы, жұрттың рухын көтеретін үлкенді-кішілі жырлар айтумен қатар, өз жанынан күнделікті әскери өмірге қатысты, жауынгерлерді қиындықтарға мойымауға, ерлікке, күреске үндеген өлеңдер шығарып отырған. Бұл елгезектік өз кезінде Тәтікара шығармаларының халық арасына кең таралуына жол ашады. Тәтікара, әсіресе, 1756 жылы қазақ жерінің шегіне кірген Цин басқыншыларына қарсы күрес күндерінде туған өлеңдері арқылы мәшһүр болады. Біздің заманымызға қарбалас шақтарда, от-жалында туған Тәтікара импровизацияларының кейбір жұканалары ғана жетті.

Әрине, кез-келген акын жортуыл жыршысы бола алмайды. Аумалы-төкпелі заманда жорықтағы жауынгерлер арасында жүрген акынның басы жау найзасына шаншылып кетуі де мүмкін. Сол себепті бұл ретте акындық қана емес, жүрек те керек. Акын қаруы көбіне өзге жұртпен бірдей — шашақты найза; домбыра — жаугершілік арасындағы тыныштық сәттерде, сарбаздар қонаға не дамылдауға тоқтай қалған кездерде ғана қолға алынады; ал кейде қарбалас сәттің өзінде-ақ, жауынгерлер қатары бұзылып, еңсесі түскенде олардың рухын көтеру үшін, жігерлендіру үшін акынның дауыс көтеруі қажет болып қалады. Тәтікараның бізге жеткен шығармалары осындай реттерде айтылған.

Бірде Абылай ханның жортуылда жолы болмапты. Өкшелеген жаудан құтылуға айналғанда алдыдан өткел бермес тасыған өзен кездеседі. Жұрт ұйлығып қалыпты. Бәріне де харап болу қаупі төнеді. Сонда Тәтікара суырылып шығып:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шакшақұлы болат найза.
Алдыннан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.

Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Дәріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт уақтағы.

Ағашта биікті айтсан қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсан Бөгембайды айт,

Найзасының ұшына жау мінгізген

Еменалы керейде ер Жабайды айт¹, —

дегенде, аты аталған батырлар акынның соңынан тасып жатқан өзенге түсе бастапты. Бұлардың артынан қалың қол да еріп, судан аман өтіпті.

Тәтіқараның Шокан тәржімалаған жыры да осындай жағдайда айтылған. Абылай бастаған қазақтар саны көп, күші басым қытай әскерлерімен табан тіреп ұрыса алмай, шегінуге мәжбүр болады. Жауынгерлердің еңсесі түсіп кеткенін көрген Тәтіқара бір жағы күйінішпен, бір жағынан жұрттың рухын көтеру үшін табан астында суырып салып, жырлап қоя береді.

Шокан аудармасын толық келтірейік:

«Бежавшие китайцы снова начали движение, натянулась тетива из куланьева хребта. Крепкороберный и широкожелудочный Аблай, перенеси это одно дельцо. У врага — китаец клячи как копчики изловчились; нет, хан Аблай не бежал, не хорошее слово «бежал», — он двигался только косо. Басентинец Сырымбет, стрел бросая, билься. Не ищи ума при бегстве! Нет хладнокровия при торопливости! Баян Уаковцев, да мы и это видели! Когда он поворачиваясь назад, копьем работал»².

Осының қарсаңында ғана Ойрат империясын оп-оңай бағындырып алған қытайлар екі рет ұрысып, екеуінде де жеңіліске ұшырайды.

Яғни Тәтіқара шығармасы 1756 жылы туған. Бұл — акынның өмір сүрген уақытын дәлірек білуде үлкен мәні бар дерек.

Айтылмыш жырдың түпнұсқасы біздің заманымызға жекелеген үзінділер түрінде жеткен:

Кебеже қарын, кең құрсақ
Артық туған Абылай
Көтере көр бұл істі:
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты,
Жау жағадан алғанда,
Ит етекпен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,

¹ Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ акын, жырауларының шығармалар жинағы. А., 1971. 123-б.

² Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. —Алма-Ата, 1961. Т.1, с. 220-221.

Әшейін еңкейе бере жылысты.
 Бәсентиін Олжабай
 Оны да мен ер көрдім,
 Оқ жіберіп ұрысты³.

Жырдың тағы бір үзiгiн Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларының арасынан ұшыратамыз. Онда өлеңнiң кiмдiкi екенi айтылмаған:

Ақыл қалмас кашқанда,
 Дегбiр қалмас сасқанда,
 Баяндай ердi көрмессiн
 Бұрылып жауды шанышқанда⁴.

Бұл үзiндi Тәтiқара өлеңiнен алынғандығы екенi даусыз. Шокан еңбегiнде келтiрiлген аударманың Баян батырға берген сипаттамасы осы шумакқа дәлме-дәл сәйкес келедi.

Тәтiқара «Бас кеспек болса да тiл кеспек жоқ» деген көне мақалдың жөнiмен ретi келгенде тартынбайтын, әдiлдiктi айтқан турашыл, беттi ақын болған. Бұғанмысал ретiнде ел аузында қалған мына бiр әнгiменi келтiрейiк.

Қалмаққа жорыққа аттанған батырларға ерiп Абылайдың тұңғыш ұлы бала жiгiт Жанбай да да кеткен екен, сол сапарда каза тауыпты. Баласының өлiмi жанына батқан хан бас көтермей жатып алады.

Жаугершiлiк заманда өлiм, каза – әдепкi құбылыс. Ол таңдап, талғап алмайды, жалпыға бiрдей. Сол жорықта жалғыз Абылайдың ұлы ғана өлген жоқ, талай жас қыршынынан қиылды, сол себептi ел билеп отырған әмiршi тек өз кара басының ғана қайғы-зарын шегуi – кейбiр шонжарлардың да, жұрттың да қытығына тиедi. Сол көптiң атынан Тәтiқара сөйлейдi. Абылайдың кеше ғана «Түркiстаннан келген ұл» екендiгiн, оны осы жұрттың өзi хан көтергендiгiн айта келiп ақын:

Үш жүздiң баласы
 Ақылдасып, жолдасып,
 Хан көтерiп едi, –
 Үш жүздiң баласын
 Бiр баласындай көрмедi,
 Ат құйрығын сүзiндер,

³ Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. А., 1989. Т.1. 70-б.

⁴ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Павлодар, 2006. Т.9. 114-б.

Аллалап атқа мініндер,
Хан талау алындар⁵, —

дейді.

Мұндағы бір назар аударарлық жай — үнемі хан қасында болған Тәтіқараның бұл жолы оған қарсы партияны жақтауы. Әрине, жоғарыдағы сөздерді айтқызыған ақынның батылдығы ғана емес, — артында «тәнірісі» тұр. Алайда осының өзі-ақ Тәтіқараның үнемі тура басуға тырысып отырған адам екендігін айғағы іспеттес.

Тәтіқараға қатысты бізге белгілі мәліметтер осындай. Әрине, импровизатор ақын туғызған жырлардың дені сақталмаған. Бұл — жалғыз Тәтіқараның емес, қазақтың өткендегі талай талантты ақынының трагедиясы.

Тәтіқараның біздің дәуірімізге жеткен шығармалары, жоғарыда да айттық, оның үлкен сөз зергері болғандығын көрсетпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, Тәтіқара — қарабайыр көп ақынның бірі. Алайда Тәтіқара шығармалары өзінің қарбалас шақтарда, отжалында туғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұран іспеттес болғандығымен құнды. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара жырлары, — жоғалғандары да, біздің заманымызға жеткендері де, — өз міндетін атқарды деп айта аламыз.

⁵ Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. А., 1989. Т.1. 71-б.

ШЕШЕНДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Шешендік сөздер қашанда әрбір халықтың күнкөріс-кәсібі мен тұрмыс-салтына, дүниеге деген көзқарас-танымы мен тілек-мұраттарына, эстетикалық талғамына сәйкес туып қалыптасады. Бұлар заман, дәуір талабына орай ғасырлар бойы сан түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Солардан жұрт жүрегіне ұялағандары ғана сақталып бізге жеткен. Бұл ұзақ дәуірлер бойындағы өмірлік тәжірибе мен білімнің, ой-толғамның жиынтығы, қара қылды қас жарған әділдіктің, шындықтың жаршысы болып келген жанр.

Қазақ елінде шешендік өнердің қалыптасқан, өзге халықтарда кездесе бермейтін дәстүрлі өз мектебі болған. Алғырлық пен тапқырлыққа бейімі зор жастар ең алғаш үй іші, ауыл көлеміндегі би-шешендердің төреліктерінен үлгі алып жетіледі. Тіпті, әкесі не атасы би болған отбасыларда билікке араласу тәсілдерін көріп-біліп өседі. Сондай талапты жастар ата-анасының айтуымен сол төңірекке аты жайылған танымал билерден ақыл-кеңес сұрап, бата алуға барады. Осы алғашқы сапарда-ақ бұлар сұрақ-жауап түрінде келетін әңгімелерде өзінің сол өнерге деген ықлас-бейімін, қабілет-дарынын тынытып, реті келген тұста сөз жарыстырып та көреді. Білікті би-шешендердің айтқан ақылына құлақ салып, тәжірибе жинақтайды. Шындық пен әділдікке жетудің сан шиырлы жолдарын іздестіреді. Қарт ұстаздар көбіне-көп бұқара мүддесін қорғауды мақсат қылып, әділдік жағынан табылуды өсиет етеді.

Қазақ елінің дәстүрінде дер кезінде тауып айтылған тапқырлық пен аталы сөзге қарсы уәж айтылмаған. Сондықтан би-шешендер мен айтыс акындары уәж не сөз таба алмағандықтан жеңілмейді,

аталы сөзге арсыздықпен жауап беруге батылы бармай тосылады. Осы талаптарға орай шешендерге де, айтыс акындарына да ел өмірінің әр алуан тарихы мен жай-жағдайларын толық білмей жауапты биліктер мен дүбірлі айтыстарға бел шешіп кірісуге болмайтыны мәлім. Соның нәтижесінде бұл өнерді киелі деп санап, оның болашағына үлкен сеніммен қараған. “Өнер алды кызыл тіл”, “Сөз тапқанға қолқа жоқ”, “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген қанатты сөздер осы ойымыздың айқын куәсіндей.

Шешендік сөздің ел өміріндегі орны мен мәні ерекше болған. Ауыл арасындағы кішігірім дау-жанжалдан бастап, ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, тіпті барымта, адам өлімі мен құн дауларын білікті билер шешіп отырған. Екі жақтың даугер билері не бір күрделі, шиеленіскен, шешуі қиын істерді, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітістіретін де болған. Мұның кейбіреулері “Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы”, Тәуке ханның “Жеті жарғысы” секілді заң жинақтары бойынша шешіліп келген.

Қазақ тұрмысында дау-шарға айтылатын билік қарсылас екі жақтың шығарған билерінің онаша сөйлесуі мен келісуінің арқасында іске асып отырған. Бұлар көбінесе жас сұрасып, жасы үлкені билік айтуды мойнына алатын болған. Егер бұлай болмаса, екеуінің өзара уәждесуі кезінде сөзден тосылғаны әріптесіне жол берген. Бұл жерде тапқырлық пен алғырлық, ұтқырлық қасиет басым түсіп отырған. Билер шиеленісті даудың тобықтай түйінін табуға талаптанып, кейде екеуіне ғана түсінікті мензеу, жұмбақ, ыммен сөйлесуді де жоққа шығармаған. Екі би өз ара келіскен жағдайда, қарсыласы қандай билік айтса да, екінші би толық құптайтын болған. Қазақтың шешендік сөздері бірынғай ауыз екі айтылып, суырып салма тәсілімен айтылып келген. Бұған тұрақты баспасы мен кітабы жоқ көшпелі өмір себеп болған, сөйтіп, бүкіл шығармашылықтың ауыр салмағы ауыз екі айту, еске сақтау, тәжірибесіне бейімделген. Ал, ескі грек, рим елдерінде бұл өнер ауызекі айтылуымен де, жазбаша түрде де кең таралған. Рас, біздегідей негізгі салмақ ауызекі айтуға түскен тұста ойдың ұтқырлығы мен нысанаға дөп тиетін дәлдігіне, уәжді қисын, айшықтылығына мән беретіні бар, кей тұстарда “қалауын тауып қар жандырып” өз пайдасын арттырып кететін тәжірибе де кездеседі.

Шешендік сөздер бізде белгілі бір жеке кісілердің атымен

байланысты туып айтылады. Бұлардың қажеттілері ғана халық жүрегіне ұялап, сол шығарушы адамның атымен айтылып жүреді. Уақыт оза келе ауыз әдебиетіне тән солардың кейбіреулері ұмытылып, кейінгі бір бидің атына танылуы да ғажап емес. Мұның бәрін жүйелеп реттеуші де, жанартып жанғыртушы да халық, халық өкілдері. Көне дәуірлердегі шешендік сөздер туралы айтқанда, біз, ең алдымен, Жиренше мен Қарашаш, Алдар көсе, Қожа Насыр әпенді жөніндегі әңгімелерді есте тұтамыз. Өнегелі сөз, үлгілі өнер дегенде, соның алғашқы бұлақ-бастауында тұрған ұлы жүз Майқы биді алдымен атаймыз.

Шешендік сөздер әдебиетімізде жеке түр болып ерте кездерден-ақ қалыптасса да, бұлар кейде өзге өзектес жанрлармен де аралас келетіні бар. Мәселен, ертегілеріміздегі Тазша бала мен Аяз би әңгімелері соның айқын дәлелі бола алады. Мұндай сипатты тұрмыс-салт жырлары мен батырлар жырынан да, лиро-эпос пен жыраулық поэзиядан да, айтыс өлеңдерінен де көптеп ұшыратамыз. Кейінгі би-шешендердің ел бірлігі мен азаттық үшін күрес мақсатындағы айтқан тапқырлық сөздері ұлы жүз Төле, орта жүз Қаздауысты Қазыбек, кіші жүз Әйтеке билердің атымен байланысты айтылады. Сондай-ақ Досбол, Балаби, Сырым, Байдалы, Асаубай тақпақ, Бөлтірік, Мөңке, Сакқұлақ, Ерден, Ақтайлақ, Шоң тәрізді даналардың пәлсапалық толғамдары мен шешімдерінің өзі сан салалы.

Шешендік сөздерді өзінің құрылысы мен табиғи сипаты жағынан жіктестіргенде, оларды шартты түрде үш топқа бөлуге болар еді: 1. Шешендік дау. 2. Шешендік арнау. 3. Шешендік толғау.

Шешендік сөздердің өнімді бір саласы — мақал, мәтелдер. Бұлар ең әуелде би-шешендердің, акын, жыраулардың өмір құбылыс, адамдар арасындағы қарым-қатынас, жақсы мен жаман туралы әр кезде жинақтап айтқан ой-толғам, бағаларынан тұратын болған. Олар айтыла келе табиғат пен адам өміріндегі көріністерді бағамдап, айтылуы онай әрі түсінікті болу үшін, ұйқастырылып мақал, мәтелге айтылуы онай әрі түсінікті болу үшін, ұйқастырылып мақал, мәтелге айналатын болған. Сөйтіп, үлкен бір құбылыстың заңдылықтары сығымдалып аз жолдарға жинақталады, ойдың алтын қазығына айналады.

Шешендік сөздер бірыңғай кара сөз күйінде ұшырасып отырса да, ара-тұра ұйқасты нақыл, тақпақ түрінде де келеді. Ал, енді, сол

қара сөздің өзі кейде іштей ұйқасып өлең секілді төгіліп отырады. Осы белгілер шешендік сөз бен ақындық өнердің бір-біріне тонның ішкі бауындай жақындығын аңғартса керек.

Шешендік сөздердің кейбір үлгілері бүгінгі ақын, жазушылардың көркем шығармаларынан тыс, очерк, эсселерінен де ұшырасады. Мұның не көп, не аз болуы табиғи талант пен еңбекке байланысты екені де сөзсіз.

Аталған жанрдың жеке сала ретінде зерттелуі кейінгі жылдар үлесіне тиеді. Бұл тұста әйгілі ғалымдар А.Байтұрсынов пен М.Әуезовтің еңбектері ерекше. Осы салада Ә.Мәметова, Б.Адамбаев секілді зерттеушілер елеулі үлес қосты. Жинап жариялау ісіне Ы.Алтынсарин, В.В.Радлов, А.Васильев, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев, Ө.Тұрманжанов, Н.Төрекұлов, М.Әлімбаев көп еңбек етті.

Елімізде қалыптасқан шешендік сөздердің басқа да қайталанбас өзіндік ерекшеліктері де мол. Бұлар ат жалы, түйе қомында дегендей көшпелі өмірдің талап-тілектеріне сәйкес ауызекі, суырып салма дәстүрінде туған мұралар. Сол себепті бұл өнердің иелері тыңдаушылары мен жүгінушілеріне аталы да көркем сөз арқылы әсер етіп, бұлары ауыз әдебиеті шығармалары болып табылса да, өзінің мазмұны, құрылысы жағынан әдет-ғұрып, салт-сананы орындау, шешімді бітім айтуы жағынан заңға жақын тұрады. Сол шешендік сөздердің өнімді бір саласы — шешендік даулар: жер дауы, жесір дауы, мал дауы, ар дауы, құн дауы болып беске бөлінеді. Бұлар жөнінде кейінірек жеке тараулар берілетін болғандықтан, осы тұста шешендік даудың табиғаты мен белгі-сипаттары туралы аз ғана шолу жасауды қажет санадық.

Қазақ елі жағдайында дауласқан екі кісі сол төңіректегі өздері қалаған белгілі бір биге келіп жүгінуге хақылы. Істің мән-жайын кезек тыңдап болған соң, әлгі би өз шешімін айтып бітістіреді. Егер біреуі бұл билікке қанағаттанбаса, екінші бір әділ деген биге барып төрелікке отыра алады. Сөйтіп, мәселе қашан өз шешімін толық тапқанға дейін қайталана беруі мүмкін. Бұл — биліктің демократиялық сипатын танытса, екіншіден, бітіспеген билік алғашқы билерге де үлкен сын. Мұның арты сол бидің ел ішіндегі абырой-атағына нұқсан келтіретіні де сөзсіз. Ал енді әділ айтылған билікке (ол әдейі бұрып айтылған әділетсіз билік болмаса) тоқтамаған да жақсы атак алып келмейді. Сондықтан даудың үлкені де, кішісі де қай жаққа болса да жауапкершілік

жүктейді. Бұған билік айтушы да, жүгінушілер де қалай болса солай қарай алмайды. Әділдіктен ауытқыған бір биліктің өзі оның айтушысының болашақ биліктеріне тікелей әсер ететіні болған. Осыдан барып шындыққа құрылған әділ биліктерді халық аңыз қылып ел ішінде кең таратып отырған. Барынша әділ, кара қылды қақ жарған биліктердің осындай демократиялық сипатын ірі ғалымымыз Ш.Уәлиханов өте жоғары бағалап, мұның мәдениеті еркендеген елдердің өзінде ұшыраса бермейтінін атап көрсеткен еді.

Шешендік арнаулар адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынасты, сын-баға, байламдарын білдіреді. Бұлардың басты ерекшелігі кімнің кімге, қандай жағдайда айтқаны нақты көрініс тауып отырады. Осы сипаттарына сәйкес кейде пернелеу, әжуа-мысқыл, сын-сықақ та аралас келеді. Осының келісті бір үлгісі арғын Наурызбай би мен қыпшақ Моғал бидің арасында болса керек. Наурызбай би Моғал биді ерекше құрметпен қонақ етіп күтіпті, жүрер алдында оған көңілі тола қоймаған Моғал бұлай депті:

Ілімін бар екен,
Білімін әлде қалай?
Қағуын бар екен,
Халқына жағуын әлде қалай?
Айлаң бар екен,
Халқына пайдаң әлде қалай?
Жорғалығың бар екен,
Халқына қорғандығың әлде қалай?
Заттығың бар екен, жарқыным,
Халқына қымбаттығың әлде қалай?

Билердің сын-сарап, бағаларында кісінің бет-бейнесіндегі кеміс-міндер де, кейбір оғаш көрінетін іс-әрекеттері де келелі сөз болады. Бірде Орынбордағы оқуын аяқтап, аға сұлтандық атак алып келе жатқан Нұралы ханның баласы Қаратай кіші жүз елін аралап жүріп, Атақозы биге жолығып қалыпты. Атақозы арық, қатпа кісі екен, осыны мін санаған Қаратай оған: “Әй, Атақозы, ойда қалмақтың, қырда қазақтың малын қоймасан да, алғаның бойына жұкпаған екен” – депті. Сонда Атақозы табан астында:

Өленді жерде өгіз семіреді,
 Өлімді жерде молда семіреді,
 Қаралы үйде катын семіреді,
 Қамсыз елде хан семіреді,
 Қайтсем топтан торай шалдырмаймын деп,
 Қазақтың бір тайын дұшпанға алдырмаймын деп,
 Бір түнде тоғыз оянып, тоқсан толғанамын,
 Мен арық болмай, кім арық болады? —

дегенде, Қаратай жұмған аузын аша алмай калыпты.

Шешендік толғауларда қоршаған табиғат пен адам өмірі, қоғамдық-әлеуметтік тұрмыстың сын-сипаттары, жақсылық пен жамандық, адамгершілік көріністері шендестіріліп, терең мағыналы жинақтаулар жасалады. Бұлардың көбі дерлік мақал-мәтел, қанатты сөзге айналады. Бұған солардағы өмірлік тәжірибені қорыту арқылы жасалған пәлсапалық толғаулардың жиілігі игі әсер еткені байқалады. Осының жарқын дәлелі ретінде Ақтайлақ шешен мен Қанай шешеннің сұрақ-жауап түріндегі мына бір әңгімесін атай аламыз. Ақтайлақ Қанайдан ер басындағы бақыт нешеу, құлазу нешеу, кемдік нешеу деген сауал береді. Сонда Қанай би:

Астындағы атың жүрдек болса,
 Жалғанның пырағы.
 Алғаның жақсы болса,
 Үй мен қонақтың тұрағы.
 Әкең — асқар тау,
 Шешен қайнар бұлақ.
 Балаң жақсы болса,
 Екі көздің шамшырағы,
 Міне, бес бақыт осы.
 Қалың ел көшсе,
 Көл құлазиды.
 Қаптаған мал кетсе,
 Бел құлазиды.
 Нарқын танымаған
 Сөз құлазиды.
 Қатарынан айрылған
 Шал құлазиды.
 Міне, төрт құлазу осы.
 Атың шабан болса,

Жалғанның азабы.
 Алғаның жаман болса,
 Дүниенің тозағы,
 Балан жаман болса,
 Көрінгеннің мазағы,
 Міне, үш кемдік осы! —

деп сұрағын шешкен екен.

Шешендік сөздердегі бір күрделі мәселе билердің дау-таласқа деген ішкі дайындығы дер едік. Шаршы топты қажарып көп алдында сөз бастаудың қиындығын небір тәжірибелі, талай сындардан мүдірмей өткен билердің өздері де мойындаған. Бұған сол даудың қалай басталып, немен тынатынының белгісіздігі де себеп болса керек. Мұндағы түйін: қарсыласына уәж айтып, оның дәлелдерін жоққа шығару ғана емес, істің мәні қай шындықты қалай бастап, немен бітіруде, өз пайдасына иіп әкелуде дер едік. Мұнда да күреске түскен палуандар, айтысқа түскен ақындар секілді ойдың орамын тауып, қарсылас даугердің алдын орап, бұлтартпастай етіп матап, шырмап тастау қажеттігі туады. Соған алып баратын төте жол, уәжді қисын қайда, сөз бастаушы ә дегеннен соны іздейді, соған бастайтын амалды қарастырады. Бұл, әрине, екі жақтың биі де ойландыратын күрделі жәйт. Осы қиын жұмбақты екі жақтың биі де алдын-ала жобалап іштей шешуге ұмтылады, қай жерден қандай қақпан құруға болатынын да қарастырады. Дәл осы мәселені шешендердің күн ілгері шешуі де қиын, сол себепті олар осыған орай:

Көш бастау қиын емес,
 Қонатын жерде су бар.
 Қол бастау қиын емес,
 Шабатын жерде жау бар.
 Шаршы топта сөз бастау қиын, —
 Шешуін таппас дау бар.
 Тауып айтсаң мереке қылады,
 Таппай айтсаң келеке қылады —

дейді.

Сонымен, шешендік — дегеніміз жер мен жесір, мал дауы мен ер құны дауларында қарсыласын бұлтартпай тізе бүктіру мақсатында айтылған уәжді де аталы, көркем де қанатты сөздер болып келеді. Шиеленіскен дау тез бітуі де, ұзақ жылдарға созылып кетуі де

мүмкін. Сол себепті биліктің көбіне-көп екі жақтың талап-тілегіне сәйкес айтылуы да үлкен мәнге ие.

Шешендік өнер мен билік қолма-қол айтылатын творчестволық сипатымен дараланады. Билікке түсушілер даудың ерекшелігіне қарай кейде тыннан жол салып жаңаша айтылса, кейде бұрынғы әдет-ғұрып заңымен де шешілуі мүмкін. Мұның бәрі бітімге шыққан билердің шеберлігі мен тапқырлығына байланысты болып отырады. Сондағы айтылған ұтқыр да тапқыр сөздер алғаш сол билікке шыққандардың атымен таралса да, кейін ол дәуір талабына орай өзгерістерге ұшырап, тіпті басқа бір кейінгі бидің атына таңылуы да ғажап емес.

Қазақтың төл шешендік сөздері жөнінде айтқанда, біз, ең алдымен, “Түгел сөздің түбі бір түп атасы — Майқы би” аталған ұлы жүз Майқы биден бастап, (XII-XIV ғ.), Жиренше мен Қарашаш, Алдар көсе (XVғ.), Асан қайғы, Шалғез, Бұқар (XV-XVII ғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат (XIX ғ.), Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке (XVIII ғ.) бастаған сан алуан билерімізді атай аламыз.

Алғашқы Майқы биден бастап, Жиренше мен Қарашаш, Алдар көсе дәуірін алсақ, бұл тұста шапқыншылық, отарлаудан зардап шеккен халқымыздың шұрайлы қоныс, тыныш өмірді ансау мұратын көреміз. Осы сипат Асан қайғы заманында үлкен әлеуметтік мәнге ие болады. Сондай-ақ ел бірлігі, татулық, азаттық мәселесі “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы” аталған заманда да күн тәртібінен түскен жоқ. Тіпті, XVII-XVIII ғасырлардағы Жонғар, қалмақ шапқыншылығы тұсында ата мекен, ел болашағы, бостандықты қорғап қалу қажеттігі басты тақырыпқа айналды. Қокан билеген кезеңде Сырым Датұлы, Досбол, Бала билер өмір сахнасына шықты. Тәуке хан заманында ел ұйтқысы болған әйгілі “Жеті жарғы” дүниеге келді. Кешегі XIX ғасыр тұсындағы билер мен ақын, жыраулар көрші елдердің отарлау саясатына қарсы тұрып, өз шығармаларында шешендіктің небір көркем үлгілерін тудырды. Ел мен жер тағдыры, болашақ туралы толғаныс ұлы Абай мен Сұлтанмахмұт, Мағжан секілді атакты ақындарды дүниеге әкелді. Сонымен, шешендік өнердің өткен жолына зер сала қарасақ, әр дәуір, тарихи кезеңдер өз ісін, өз өкілдерін қалдырып отырғанын көреміз. Мұның бәрі халқымыздың өлмес, өшпес алтын қорын құрап келген.

Шешендік сөздердің алғашқы бұлақ-бастауларын халық прозасы — кара сөздерден, ертегілерден де ұшыратамыз. Ертегілердегі

Аяз би мен “Қырық өтіріктегі” Тазша балалар тапқырлық пен ұтқырлықтың, шешендіктің қайталанбастай әсем нұсқаларын жасады. Ал, ақын жыраулар өздерінің үгіт-насихат, дидактикалық туындыларында, айтыс өлендерінде мақал-мәтелдердің не бір тамаша үлгілерін жаратып, осы мұрамыздың байи түсуіне елеулі үлес қосты. Әсіресе, Асан қайғы мен Бұқар жыраудың мақал-мәтел туғызудағы рөлін бөліп атауға болар еді.

Шешендік өнердің ең әуелде орнығып, кең канат жайған елі – көне грек, рим болып табылады. Бұл пәнді олар “Риторика”, “Поэтика” деп атап, оның өркендеп-өсіп кемелденуіне елеулі үлес қосқан. Шешендік сөздің негізін қалап қана қоймай, оның оқу орындарында пән ретінде оқытылуына да мән берген. Соның нәтижесінде Риторика пәні ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін әдебиет сабағының орнына оқытылып та келген. Тек осы аталған кезеңнен кейін ғана Еуропа мен Ресейде “бұл пәннің” орнына әдебиет оқытыла басталады.

Ескі рим, грек елінде шешендік өнердің туып орнығуына Демосфен, Цицерон, Квинтилиан тәрізді шешендердің қосқан үлесі айрықша. Бұлар ауызекі сөйлеу мен жазып, оқып беру жүйесінде де ерекше көзге түсіп, осы саланың теориялық және тәжірибелік жағынан толысып-жетілуіне де айтарлықтай еңбек етті.

Аталған елдерде риториканы үйреніп білудің, кемелденудің үш бастауы бар деп саналады. Алғашқысы: туа бітті табиғат берген дарын, екіншісі: білім арқылы сусындап жетілу, үшіншісі: бірыңғай тәжірибемен жаттығып толысу. Оларша риториканың басты міндеті: тыңдаушысының сезіміне әсер ету арқылы қатты әсерлендеріп, сендіру болып табылады. Олардың түсінігі бойынша шешенде көркем сөздің үш түрі бар: салтанатты сөз, саяси сөз, сотта айтылатын сөз. Шешендік сөз саясаттан тыс, философияда да, тарихи прозада да кең қолданылатын болған. Сондай-ақ шешендік сөздердің құрылыс мазмұнын бұл елде бес салаға бөліп жүйелеген. Олары: 1. Сөз ететін әңгіме өзегін дәл табу. 2. Тыңдаушының жан дүниесіне жол табу. 3. Өз ойының тартымдылығын еселеп арттыру үшін, оны көркемдеп көмкеру. 4. Басты идеяны, түйінді-түйінді ойларды үнемі істе сақтау. 5. Сөзді жүйелеп, түрлентіп, құлпыртып отыру. Осыларды еске асыру үшін, мына шарттарды жадында ұстау: әр алуан материалдардан тек қажеттілерін ғана тандап, талғап алу; Сөзді кіріспемен ашып, ең сонын түйінді

оймен қорыта білу; Жұрттың көкейіндегісін тап басып танып, өзіне баурай білу; Айтылған ой-пікір шындыққа құрылып, әсерлі де әсем, бейнелі болып, жұрт жүрегіне жол тауып жатуы керек. Мұнда сөздің әуезділігі мен ырғақтылығы да, үннің жоғары, төмен ауысып отыруы да сөздің әсерлілігіне тікелей ықпал етуі қажет. Бұлар дәлел мен қисынға, логикалық уәжге негізделеді. Осы ерекшеліктеріне қарап, сондағы сөз үш түрге бөлінеді: біріншісі, жоғары сипатты сөз. Осы айтылғандардан тыс, оқып-тоқу арқылы есте тұту мен жадты тәрбиелеу, бет құбылыстары мен мен қол қозғалыстарын оймен ұштастыру, керекті жерде кідірістер жасап, ырғақпен сөйлеу, сөзді мәнерлеп айтып, пікірді үстемелей білу де аса қажетті. Бұл амал-тәсілдерді еркін игермеген адам шешендік өнерді игердім дей алмаса керек. Сол себепті шешендіктің ұшына шыққан кісілер саусақпен санарлықтай ғана болған.

Қазақ билерінің шешендік сөздерінде де осында көрсетілген жайттар бірде аз, бірде көп болса да ұшырасып отырады. Қалың топ алдына шыққан қазақ билері де жұртты баурау мен ұтымды сөз арқылы оған әсер ету жағын ойластыратын болған. Рас, жоғарыда аталған мәселелер бізде ғылыми негізге түсіп жүйелене қоймаған. Шаршы топта жеке шығып сөз жарыстыру да көп үрдіске айнала бермеген. Билер өмірінде сөздің ұтымдылығы мен уәждігіне көбірек мән беріліп, билік түйіні көбінесе соған негізделетін болған.

Шешендік өнерді жеке сала ретінде қарастыру А.Байтұрсынұлының теориялық еңбектерінен басталады. Ол кісі ауызекі айтылатын шешен сөздердің мүшелерін беске бөледі: 1.Бастамасы. 2. Ұсынбасы. 3. Мазмұндамасы. 4. Қыздырмасы. 5.Қорытпасы. Шешендік сөздердің түрлерін айтқанда оны: саясат шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білімдар шешен сөзі, діни уағыз сөзі — деп жіктейді. Ал жазып шығарылатын сөзді көсем сөз деп таратады.

Аталған саланың арнайы зерттелуіне М.Әуезов те елеулі еңбек етті. Ол өзінің 1927 жылы Қызылорда қаласында басылған “Әдебиет тарихы” атты кітабында шешендік сөздерді жіктегенде, оның табиғи бітіміне қарап “билер айтысы” деп жүйелеген. Мұнда зерттеуші бұларды ішкі мазмұнына қарай бөліп сипаттайды: 1. Дау мен билік қоса айтылатын сөздер. 2. Билік тұсындағы талас сөздер. 3. Арбасып, ырғасып, жұмбақпен, не мақтап айтылатын сөздер. Бір атап көрсететін жәйт: М.Әуезов билер сөзінің өлен, тақпақ түрінде

келетінін ескеріп, бұл жанрды айтыс өлеңдеріне жақындатып, “билер айтысы” деп жүйелеуі дер едік.

Ал енді, 1948 жылы басылған “Қазақ әдебиетінің тарихында” шешендік сөздер жөнінде арнайы бөлім жазған Ә.Мәметова бұл жанрды екіге бөліп қарастырады. 1. Шешендік толғау. 2. Шешендік дау. Мақал мен мәтел, жұмбақтарды соның бір саласы ретінде қарастырылуын да орынды дер едік. Бұл жіктеу де өз кезінде шешендік сөздердің табиғатын танып білуге көп септігін тигізді. Б.Адамбаев шешендік сөздердің жалпы ерекшеліктерін ескере отырып, оны үш салаға бөліп жіктеді: 1. Шешендік арнау. 2. Шешендік толғау. 3. Шешендік дау. Осы тұрғыдан ашып талдай отырып, ол кезінде көлемді зерттеу жазды. Осының бәрі бізде де шешендік сөздердің үздіксіз зерттеліп келгенін көрсетеді.

Шешендік — қазақ елі жағдайында көне замандардан бері қарай үздіксіз жалғасып келген дәстүрлі өнер. Қашаннан аталы да уәжді сөзді қастерлеп қадір тұтқан халқымыз көркем сөзді үлкен өнер санап, “Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады”, “Өнер алды — қызыл тіл” деп, оның өмірдегі орны мен қызметіне үлкен мән берген. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген басалқалы билердің тапқырлығы мен алғырлығын үлгі тұтып буыннан буынға ұластырып отырған. Нендей қанқұйлы жаумен сөйлескенде де білектің күші мен ақ найзаның бұрын келісімге келіп аталы сөзге тоқтайтын болған. Сондай халық тағдыры шешілетін тұста қаракылды қаракылып айтылған билікті, қиядан табылған қапысыз жолды аңыз қылып айтып, соны жадында сақтап келген.

Ел-жұрт шешендікті сирек ұшырасатын қасиет-дарын санап, сол тұма өнерді тәрбие арқылы жетілдіріп кемелдендіруге болады деп санаған. “Сөйлей-сөйлей шешен боларсын, көре-көре көсем боларсын” деген мақалдың мәнісі де осы ойдың дұрыстығын аңғартады. Рас, би баласының билікке, ақын баласының ақындыққа бейім тұратыны бұрыннан мәлім. Дегенмен солардың бәрі бірдей би мен ақын бола бермеген. “Бозторғай жетеу туады: біреуі бұлбұл болады, қалғаны өл-бұл болады” дегендей солардың ішінен некен-саяқ би мен ақын болып, артына өшпес із қалдыратынын көреміз. Қандай талапты да алғыр балалардың өзінен-өзі жетіліп кемеңгер би не ақпа-төкпе ақын болып жетілуі қиын, ол, сөз жоқ, ұстаз алдын көріп, бойындағы табиғи дарынды ұштап, талай тар жол, тайғақ кешулерден өтуі керек. Бұл, әрине, ұзақ жылдардың жемісі дер едік.

Өнерге қабілеті бар жастардың тәрбиесі, алдымен, ауылдан, үй ішінен басталады. “Әке көрген тон пішер” дегендей ауыл-аймақта, от басында үлгі-өнеге беретін адамның болғанына не жетсін, рас, мұндай кісілер аз болмаған. Осы орайда орта жүздің белгілі биі Қаздауысты Қазыбек пен әкесі Келдібек бидің арасындағы мына бір әңгімені тілге тиек ете аламыз. Бірде Абылай хан қалмақтарға мал, жан дауымен баратын топқа Келдібек биді де қосыпты. Жасы келіп қалған би өзінің орнына 15 жасар баласы Қазыбекті қосқысы келіп, оған сынау үшін бірнеше сұрақ қойыпты. Олары: “Балам, сен кімнің баласысың, жөнінді айтшы” — депті. Сонда Қазыбек: “Атым Қазыбек, әкем Келдібек, Шаншардың немересімен” — депті. Әкесі тағы да: “Балам, сенің осылай асық ойнап, тай үйретіп жүргенің жақсы ма, жоқ жақсылардың қасына еріп, ел танып, жер танып, сөз танып жүргенің жақсы ма?” — десе керек. Бұған ол: “Балалық дәуір де жақсы екен, оны тастағым келмейді, бірақ жақсылардың қасына еріп, ел танып, жер танып, сөз таныған да теріс болмас” — деп жауап беріпті. Баласының сөзіне риза болған Келдібек қасына сенімді он кісі ертіп, астына “Телқоңыр” деген жарамды тайды мінгізіп, Абылай хан мен Тайкелтір биге сәлем бер деп аттандырыпты деседі. Келіп ханға сәлем берген соң, хан да баланы сынап бірнеше сұрақ қойыпты. Ең алғаш ол: “Балам, сен қайда барасың?” — дегенде, Қазыбек: “Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім” — депті. Бұған риза болған хан: “Жарайды, балам, барсаң бар, тайың да, сөзің де жақсы екен” — депті. Абылай хан оны екінші рет сынап, тағы да бұлай депті: “Балам, сен шыныңды айтшы, атшы болғың келе ме, әлде басшы болғың келе ме?” — десе керек. Сонда бала: “Мен жол көрген ағаларымның қасында басшы болып не қылайын, атшы болсам жарасар” — деп жауап беріпті. Хан баланың жауабына риза болып батасын беріп тұрып, Тайкелтір биге: “Мына Қазыбек сынды кішінің сөзін де сыйландар” — деп тапсырыпты. Сол жолы жас бала қазақ елшілігінің басшысы Тайкелтір мен өзге кісілер сөзден тосылып, тығырыққа тығылған тұстарында өзінің тапқырлығы мен алғырлығы, білгірлігі арқылы жарып шығып көзге түсіпті. Қоңтажының өзін сөзден, уәжден тосып, ел мүддесін қорғауда дарындылық танытыпты. Ел есесін толық қайырып, адам мен малды түгел еселеп қайтарып алса керек. Мұның үстіне қалмақтың

ханы Қонтажының бағалауымен “Қаздауысты Қазыбек” деген атаққа ие болады.

Жана талап жастардың кемеңгер, тәжірибелі билерден келіп бата алуы — өзінің жетіліп-толысканымен қатар, ауыр сыннан да өтіп, билікке біржолата жолдама алғанмен бірдей деуге болады. Әр алуан тақырыпта жас талапкер өз білім-парасатын танытумен бірге, дана қартқа да сұрақтар қойып, болашақ биге лайық таным-түсінігін танытады. Толық сыннан өткен жастар көшелі бидің батасын алып, оның ақыл-кеңесі мен ұстанар бағытын да белгілеп қайтады. Бірде бала Сырым Есентемір Бөкен биге бата сұрай келіпті. Амандық сұрасып, жөн біліскен соң, би сапарының мәнін сұрағанда, Сырым: “Бата алайын, кеңес сұрайын деп келіп едім” — депті. Сонда Бөкен: “Жас та болсан, елге бас болғандай бала екенсің” — деп бағалап, ең соңында бата беріп бұлай депті:

Арқан кара нардай жауыр болсын,
Мінезін кара жердей ауыр болсын.
Өкпен жок, бауыр болсын,
Құлағыннан сыбыр кетпесін,
Жасың алпыска жетпесін!

Бөкен би мұнымен тоқталып қалмай: “Осы айтылған сөздің мәнін маған түсіндіріп берші” — десе керек. Бұған Сырым: “Арқан жауыр болсын дегеніңіз, халыққа беріле қызмет қыл дегеніңіз, мінезін ауыр болсын дегеніңіз, терең ойлап байыпты бол дегеніңіз, бауыр бол, кешірімді бол дегеніңіз, құлақтан сыбыр кетпесін дегеніңіз, ел ішіндегі өсек-аянға сенбе дегеніңіз, тек жасың алпыска жетпесін дегеніңізді түсіне алмадым” депті. Сонда би: “Мен сенен құдайдың берген жасың қызғанамын ба? Мен 84 жасқа келдім, сол жаста алты бәлені бастан кешірдім, сол көріліктің бәлелерін сен көрмесін дегенім еді” — десе керек. Осымен сөз бітіп, аттанар алдында Бөкен би Сырымға басын көрсетіпті, бұған Сырым тілін шығарыпты. Жұрт бұған түсіне алмай, жолда соның мәнісін сұрапты. Сонда Сырым: “Ол кісінің басын көрсеткені, басқа бәле неден дегені еді, менің тілімді көрсеткенім, басқа бәле тілден дегенім еді”, — деп түсіндіріпті.

Қазақ өмірінде билікке араласудың, шешендік танытудың тым ерте танылып мәлімденетінін байқаймыз. Бұған жоғарыда сөз болған Қаздауысты Қазыбек пен Сырымның өмірі дәлел бола

алады. Талапты жастардың атағы жайылған дана билерге бата сұрай баруының өзі солардың шешендіктің киыр-шиырларын менгеріп толысқан кезінде болатынын аңғартады. Бұлар оған дейін ауыл ішіндегі, кейде ауыларалық дау-дамайларды шешуге катысып, карт билердің тәжірибесінен хабардар болып жетіліп отыратынын көрсетеді. Не атасы, не әкесі би болған тұста сол өнерді игеру тіпті оңай болатыны да даусыз. “Құс ұяда не көрсе, соны іледі” деген сөздің айтылуы да осыған байланысты болса керек.

Билікке араласудың жолдары сан алуан. Төрде даудың мән-жайын сұрап болып айтқан төрелікке бір жағы көнбесе, не берілген билік әділ болмаса, есік жақта отырған баланың рұқсат сұрап дұрыста әділ шешім айтуы жиі ұшырасады. Тіпті, кейде кесімді билікке риза болмаған екі жақтың даугерлері қой бағып жүрген балаға, не асық ойнап жүрген балаға жүгінетін тұстары да аз емес. Осының бір үлгісі кіші жүз Әйтеке бидің жастық шағында айтқан билігінен айқын көрінеді.

Ертеде әйгілі Төле би және Қаздауысты Қазыбек би кісі құнын даулап кіші жүз еліне келіпті. Даудың аяғы созылып, келісімге келе алмапты. Сонда есік жақта отырған бір балаң жігіт:

Асқар тау, сенде бір мін бар: асу бермейсін,
Тасқын су, сенде мін бар: өткел бермейсін.
Билер, сендерде мін бар: басқаға сөз бермейсін —

депті. Сонда Қазыбек би оны шақыртып алып: “Шырағым, қай баласын?” — дегенде, ол: “Әкемді сұрасаңыз: жетесіз, шешемді сұрасаңыз: некесіз. Туа салған бір баламын: тегімді сұрап не етесіз?” — депті. Бұған Қазыбек: “Балам, сөзің жетті, енді төрелігін өзін айт” — дегенде, Әйтеке: “Алты атасын арқалап жүргенді сіздерден көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сіздерден көрдім. Ескіріп кеткен дау екен, бірақ құр қайтсаңыздар, ағалық назаларыңызға қалармын. Ердін құны жүз кара ғой. Кіші жүз санын жүзге толтырып тайынша-торпақ берсін, соған разы болыңыздар” — деп билік айтып, жұрт тоқтапты, Әйтекенің де би атағы содан басталыпты.

Жастай кара қылды қак жарып аты шыққандардың бірі — Едіге би. Ол тарихтан мәлім Тоқтамыс ханның тұсында жасап, бала кезіндегі төрт билігімен танылып, ханның сенімді биіне айналады. Соның бірі: баланы жоғалтқан ана мен тауып алған ананың

таласын шешкен билігі. Едіге сол даулы баланы канжармен как бөліп берейін деп өлтірмек болғанда, туған ананын баланы өлімге кимағанын көріп, билікті шын анасының пайдасына шешуі де барынша ұтымды дер едік. Енді бірде қой бағып жүрген Едігеге еншілеріндегі жалғыз қарасын егінге түсті деп төрт аяғына төрт жүз ділдә сұраған кісінің әділетсіздігін айтып, осының билігін сұрапты. Малдың бір аяғы аксақ екен, оны күн төлеуден бірден азат еткен бала: “екі жүз ділдәны аған төлесін, өйткені малды көзімен егінге бастап барған соның басы мен аяғы, ал, қалған екі жүз ділдәны екі аған тартсын” — депті. Бұл билікті естіген хан наразы болып келгендерге сол баланың дұрыс билігіне риза болындар, мен ондай төрелік бере алмас едім деп, шындықты мойындапты.

Шешендік сөздердің басты белгілері не дегенде мыналарды бөліп атаған жөн: қарсыласының өзін тоқтатуды көздеп қойған сұрақтары мен айып-сынына, немесе тіршілік пен табиғат, жалпы адамдар қатынасы туралы терең мәнді тұжырымдар мен сан алуан астарлы жұмбақтарға ұстамды да ұтқыр жауап беріп, дау-дамайдың тобықтай түйінін өз елінің пайдасына бұра білу мақсатында айтылған уәжді сөздер оның жанрлық сипатын белгілейді дей аламыз. Екіншіден, ол шындық пен әділдікке құрылған болуы керек, онсыз қандай ұтқыр да ұтымды деген сөздердің өзі мән-мағынасынан айрылып, өз міндетін толық атқара алмайды. Талас-тартысқа құрылған әр алуан уәжді де аталы сөздер таласында жауапсыз қалған бір ауыз сөз, немесе толымсыз ой-пікір қарсы жақтың мерейінің үстем болуына себеп болады. Мұндай жағдайда даудың қандай бітіміне де көнуге тура келеді. Бұл тұста да тосындық пен қолма-қол айтылған аталы сөз мәртебелі жеңіске бастайды.

Рас, дау үстінде өз шындығын дәлелді де ұтымды етіп айта білу де үлкен өнер. Төрелік берушінің алдында, тындаушысының алдында бұл уәж ешбір күдік туғызбайтындай болуы қажет. Сол себепті билікке түсушінің қай-қайсысы да тізе бүктіріп ұту мақсатында аянып қалмайды, өз мүмкіндігін сарқа пайдалануға ұмтылады. Осыған орай билік айтушы да өз абыройын толық сақтап, оған кір, дақ түсірмеуге талаптанады, кейде жақынына бұрып, не пара алып билікті бұрып айтса, бұл жәйт білінбей қалмайды, ондай жаман аты бар билердің қайтып қатарға қосылуы екіталай. Сондықтан бұл мәселеге билер қашанда жауапкершілікпен қараған.

Жас пен ақыл, тәжірибе әбден толысқан соң, би-шешендердің көкірек көзі де санлақтанып, кез-келген тақырып пен не бір күрделі

де қиын мәселелерді шешу қабілеті де артып кемелдене түседі. Бұл, әрине, ұзақ жылдарды талап ететін шығармашылық мәселе. Осы жәйтті Досбол бидің өмір жолы да айқындай түседі. Бір үлкен аста қымыз ішіп дүрілдесіп отырған бір би қыпшақ Досболдың сырт көрінісіне көңілі толмай: “Қара ағаштай қалтия қалған қаралдысы жоқ мынау кім?” десе керек. Сонда Досбол: “Рас, мен қара ағаштай қатушы едім, сендей талайлардың есінен қалғысыз қылып шымбайына батушы едім, өзімді елеп еңкейгендердің таңдайына бал-шекердей татушы едім, қарайғанды ескермей, қалқиғанды хош көрмей, қақиғанды хан көрмей, ел шетінде, жау бетінде жатушы едім” — деп қолма-қол жауап беріпті. Екінші би: “Қанша мақтансаң да ми сиярлық басың, шынашак айналарлық шекен жоқ екен” — депті. Сонда Досбол тағы да жұлып алғандай:

Арам етті, қам желке
Барсан байдан табылар.
Құлан сирақ, қу шеке
Іздесен қайдан табылар? —

деп жауап берген екен.

Ендігі бір алуан биліктер бірнеше бидің бір мәселеге орай үндесе, жұптаса таклақпен жауап беру түрінде келеді. Кейде талқыға салынған мәселенің жауаптылығына сәйкес бір тоқтамға келе алмаған жағдайда топ құрап ақылдасқан билердің бірінің тапқырлығы өзгелерге тыннан жол салып өнеге болатын тұстары да бар. Айталық, бір үлкен саликалы бас қосуда қалмақтың қолға түскен елшісін өлтіреміз бе, жоқ па? — деген сұраққа үш жүздің әйгілі билері: Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке үшеуі көп ойланып бір шешімге келе алмапты деседі. Бұлар бір төбенің басына шыға келсе, бір жарқыраған көлдің дәл үстінен түсіпті. Мұны көрген Төле би тұрып:

Мына көлдің алар ма еді қазын атып, —
депті, сонда Әйтеке би айтылған ойға үйлестіре:

Оғың шығын болмасын жазым атып, —
дегенде, Қазыбек бұған іле-шала:

Құтылмастай бәлеге қап жүрмейік,
Қаз екен деп перінің қызын атып, —

деп, түйінді істің шешімін тап басып айтыпты деседі. Қалмақ елшісі азаттық алған соң: екі ел арасында көп жылдар бейбітшілік орнаған көрінеді.

Шешендік сөздердің енді бір үлгілері бір-бірін сынап ырғасу, үлгі-өнегелі ұғым-түсініктерді кейінгі буынға өсиет түрінде қалдыру мақсатында айтылады. Бұл топтағы сөздердің бәрінің дерлік астарлы ойға құрылған жұмбақ, табиғат пен адам өміріндегі өзгерістер, құбылыс сипаттары пернелеу, мензеу арқылы орағыта байыпталады. Бұларды көкірегі жүйрік, ой-қиялы ұшқыр кісілер болмаса, өзгелердің бірден ұға қоюы қиын. Мәселен, Сыр бойының даңғыл шешені Бала би жиналған жұртқа:

Жерден ауыр не,
Судан терең не?
Оттан ыстық не,
Көктен биік не? —

деген мәнді сұрақ тастайды. Ешкім жауап бере алмаған соң, бидің өзі мұны бұлайша түсіндіріпті:

Жерден ауыр дегенім — ақыл, білім,
Судан терең дегенім — оқу, ғылым.
Оттан ыстық дегенім — фани жалған, адамның өмірі,
Көктен биік дегенім — тәкаббардың көңілі!

Билер жұмбағының бір алуанын әр кім өз түсінігінше шешетін болған. Айталық, әйгілі Байдалы би әбден қартайып жатқан кезде, сәлем беруге Мұса мырза келіпті. Қайтар мезгілде Байдалы би қонағына: “Алыста не алыс, жақында не жақын, тәттіде не тәтті?” — деп сұрапты. Сонда Мұса: “Жер мен Көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, бала тәтті” — деп жауап беріпті. Бұған риза болмаған Байдалы: “Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жақында ажал жақын, бала қанша тәтті болса да, өз жанынан асқан тәтті жоқ” — деген екен.

Шешендік сөздердің тағы бір тобы өмірдегі келеңсіз көріністер мен адамның жағымсыз істерін сипаттап бағалауға құрылады. Мәселен, бір кездесуде Қаздауысты Қазыбек Әнет Бабаға: “Дүниені не бұзады, адамгершілікке не нұқсан, күнә неден пайда болады?” — деп сұрақ қойыпты. Сонда Әнет Баба: “Осы сұрақтарыңның бәрі

алты нәрсеге тікелей байланысты. Олар әйел, алтын, кек, кесір, мақтаншылық, тәкаббарлық” — деп ұтымды жауап берсе керек.

Сонымен шешендік сөздер ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап, сонын әдет-ғұрып, салт-сананы атқаруда, дау-таластарды шешуде билердің алғырлық-тапқырлықпен қолма-қол суырып салып айтқан көркем де көсем, өнегелі ойларынан тұрады. Бұлар көшпелі елдің тұрмыс-салты мен таным-түсінігінен, эстетикалық талғамынан туындап отырған. Рас, ауыз әдебиеті туындысы болғандықтан, осы үлгілер де дәуір талабына сәйкес әр алуан өзгерістерге ұшырап келген. Дегенмен бұлардағы шындық пен әділдік, бұқарашылдық сипат буыннан буынға үзілмей жалғасып отырған. Бұған атадан балаға, биден биге ауысып келген шешендік мектептің атқарған қызметі ерекше дер едік.

ТӨЛЕ БИ

Қазақ халқының бір орталыққа бағынған мемлекеттік қуаты Тәуке ханның тұсында¹ едәуір толық көзге түседі: хан маңына өзінің қазақтары ғана емес, қырғыздар мен карақалпақтар да үйірілсе керек. С.Сейфуллин “Билер дәуірінің әдебиеті” атты еңбегінде бұл жөнінде былай деп жазады: “Бірігіп өмір сүрген қазақ, қырғыз, карақалпақтың ірі руларында билік жүргізген алты ірі бидің аты аталады. Ұлы жүзде — Төле би (Дулат Әлібек баласы). Орта жүзде — Қаздауысты Қазыбек би. Кіші жүзде — Әлім руынан Әйтеке би. Қырғызда — Көкім би. Карақалпақта — Сасық би. Катаған, жайма, басқа ұсақ руда тағы да бір би”². Осы деректердің кейбір мән-мағынасы Н.Гродековтың еңбегінде кеңірек баяндалады. Н.Гродеков Тәуке ханның тұсында онымен бірге тізе қосып қызмет атқарған атақты жеті би болғанын жазады³.

Қазақ, қырғыз, карақалпақ — үш елді айналасына үйіріп, күшпен емес, ақылмен ұстап, елінің күш-қуатын арттырғанда, Тәуке хан батырларға емес, жоғарыда аталған билерге сүйенеді. Тәуке ханның мемлекеттік саясатын жүзеге асыруда өлшеусіз зор қызмет еткен билер тобының алдында Төле би тұрды. Мемлекеттің ішкі-сыртқы маңызды істерін хан осы билер кеңесі арқылы шешкен. Елді басқарудың жеті сала әдет заңын, “Жеті Жарғыны” да Әз Тәуке хан Төле би бастаған билерімен бірлесе отырып жасап, бекіткен.

¹ Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.1.— СПб., 1773. с. 27.

² Сейфуллин С. Билер дәуірінің әдебиеті. Қызылорда, 1932. 27-6.

³ Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1869. с.257

⁴ Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.2. СПб., 1832. с.64-65.

Төле би Әлібекұлының туған, өлген жылдары (1663-1756), ата-тегі туралы әдебиеттерде едәуір мағлұматтар бар. Солардың көпшілігінде Төле би карашоғыр кара шаруа әулетінен шыққан делінеді.⁵ Бұл әрбір құбылысты таптық, партиялық тұрғыдан бағалау қажеттігі белең алып тұрған дәуірдің талабына сай айтылған болса керек. С.Дәуітов өз еңбегінде Төле бидің әкесі Әлібектің де өз дәуірінің белгілі биі болғаны туралы дұрыс жазады.⁶ Біздіңше, Әлібектің би болғаны туралы пікір болжам, жорамал емес, ақиқат шындыққа мейлінше жанасымды. Бұл орайдағы күдікті, көмескі ойлардың сейілуіне Шоқан Уәлихановтың жазып қалдырған дерегі көмектеседі. Ш.Уәлиханов қызыл тулы сұлтандар тарихы туралы ел аузындағы аңызға сүйене отырып, Ұзын окты Ондан сұлтанның жас кезінде істі болып, әкесінің досы Әлібекке ақыл сұрай келгенін жазады. Әлібектің кеңесімен Ондан сұлтан басына төнген қатерден құтылады. Төле бидің әкесі — Ондан сұлтанға қысылғанда ақыл беріп, жөн көрсеткен осы Әлібек.⁷

Төле би Ташкентте билік құра отырып, өзі Ташкент маңындағы Сартөбе деген жерде тұрған.⁸ Бидің негізгі тұрақ-жайының бірі Шыршық өзенінің бойында, Бозсу арығының басында болады. Шыршық өзені басын Кендіртау өзенінің қойнынан бұрқ-сарқ қайнап шығып жатқан сансыз тас бұлақтардан алған. Өзеннің суы сарқырап-гүрілдеп өте қатты, сұрапыл екпінмен аққан, гүрілі атшаптырым қашықтықтан естілгенде де, одан шошыған тау текелер, барыстар мен жолбарыстар жақпар тастардың арасына сініп жоқ болған. Кендіртаудың шыңы аспанмен тілдесіп, басын мәңгі қар басып жатқанда, етегі көк шалғын гүлді алқап болған екен.⁹ Бозсу арығы осы Шыршық өзенінен тарайды. Бозсу арығы Ташкентті сумен қамтамасыз ететін бірден-бір жүйе болғандықтан, қала өзін су иесі Төле биге тәуелді деп таныған.¹⁰ Қыбырай қыстағында бидің туысы Қыбырай батыр тұрған. Бәйтiк қорған қыстағында бидің тағы бір туысы Бәйтiк батыр қыстаған.¹¹

Төле бидің өзі де, балалары да сауатты болған. Бидің күйеу

⁵ Аламбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Алматы, 1984. 53-60-66.

⁶ Дәуітов С. Төле би. Алматы, 1993.

⁷ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-и томах. Т.4. Алматы, 1985. с. 173.

⁸ Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1869. с. 25.

⁹ Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. М., 1968. с. 56-60

¹⁰ ЦГАДА. Ф.248. Кн.5/136, л.193-194

¹¹ Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1869. с. 25

баласы¹² атакты Құлеке батыр да хат жазып, хат оқи алатын білімді кісі екен.¹³ Би туыстарының бірінің қызын Қабанбай батырдың інісі Дәулетбайға берген. “Қабанбай батыр” тарихи жырында Қабанбай батырдың осы келіні туралы:

Тоғыз жасар кезінде,
Қонырберген деген үйсіннен
Төле бидің аулынан
Қоймай айттырып беріп ем, —
деуінің мәнісі осында¹⁴.

Айтылған жырға, сонымен қатар басқа деректерге карағанда, Төле бидің шыққан әулеті мен айналасында ел, мемлекет ісіне, билікке араласқан билер мен білікті, білімді азаматтар оның өзіне дейін де, өзі тұсында да болғанға ұқсайды.

1715 жылы Тәуке ханның қайтыс болуы біртұтас орталыққа бағынып нығайып келе жатқан қазақ хандығының әлсіреуіне алып келді. Хандыққа, хан тағына таласқан сұлтандар өзгенін өздеріне билік, басшылық жасауына мойынсұнбай, әрқайсысы өз ұлысында бас-басына хан болуға ұмтылды. Батырлардың да көпшілігі тұмсығының астындағыдан арғыны көрмейтін сұлтандардың, ру басылардың ықпалында қалып қояды¹⁵. Төле бидің: “Елге бай құт емес, би құт”, “Батыр деген барак ит: екі катынның бірі табады; Би деген бір бұлақ: катынның ілуде біреуі табады”, — деген даналық сөздері жай ұғар, жөн билер билердің аздығы, білігі жоқ, білегі тоқ жөн білмес сынар езу сұлтандар мен батырлардың көптігі ел тағдырын қиын жағдайға душар еткен осындай ащы шындықты жете сезініп, шамырқанған күйден шыққан болуы керек. С. Сейфуллиннің билер дәуірі әдебиеті үлгілерінің тобына жатқызған шешендік сөздер қатарында Төле бидің бірнеше сөздері берілген. Солардың бірінде бай мен би тақырыбына катысты былай айтылады:

Тұмау түбі - құрт,
Тұман түбі - жұт,
Ақыл түбі - құт.

¹² Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи. Алматы, 1991. с. 129

¹³ Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Кн.2. М., 1989. с. 70

¹⁴ Каракерей Қабанбай. Тарихи жыр. М. Сағымбаев жазып алған нұсқа.

¹⁵ Тараханная грамота Галдан-Черена// Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.3. Алматы, 1985. с. 302-303

Елге бай құт емес,

Би құт.¹⁶

Сөздің алғашқы үш тармағы өзінше бір мағыналық құрылым қызметін атқарады. Мағыналық құрылым ішінде өзара тең дәрежеде байланысқан үш мағыналық-құрылымдық бірлік бар. Олардың пәндері арасында мағыналық ешқандай жақындық жоқ: тұмау; тұман; ақыл. Үш түрлі, үш басқа, дара ұғымдар. Тіпті тұман мен тұмаудың ішінде ақыл қайдан жүр дегендей бір олақ ойдың көленкесі қылтиып шыққандай болады. Енді осы пәндердің мәндеріне көңіл бөлейік: құрт; жұт; құт. Бұл ретте де алдыңғыдай ой қылаң береді. Құрттың да, жұттың да жайы белгілі. Екеуі де катер. Бұл екеуінің катарында құт неге жүр дегендей алан күй пайда болуы кәдік. Пәндер мен олардың мәндері арасындағы алшақтық пен қайшылық қатынастардың үндестігі мен үйлестігінің жүйесінен поэтикалық идея өріліп шыққанда ғана бидің сөзінің пәні мен мәнінің маңызы айқындалып, анық сипат табады: құттың мәні мен мәнісі дараланады. Осылайша би айтар ойының түп қазығын сатылап, салыстырулар мен салғастырулар арқылы, тікелей және бірден емес, жанамалап, қиялап келіп айшықтайды. Құнсыз, катерлі ұғымдар катарынан құнды, игілікті құбылыстың мәнін оқшау алып шығып, тұжырымды, тұғырлы ойын көркейтіп, көрікті етіп жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазып қалдырған мәліметтері бойынша, бір қактығыста ұлы жүз үйсіннен біреу орта жүздің бір кісісін өлтіріп қойып, құнды болса керек. Құн даулаған жан болмай, замандардан заман өтеді, құн ескіреді. Күндердің күнінде осы құнды даулауға он төрт жастағы Едіге жолға шығып, Төле бидің аулына он кісі болып келіп түседі. Күні бойы тырп етпей әнгімедүкен құрғанда, екі жақ та құн дауы туралы бір ауыз сөз айтпапты. Намаздыгер шақта ғана кісілер дәрет алып, намаз оқуға қамданып, орындарынан тұрса керек. Сонда Төле би мынаны айтқан екен:

— “Алты атасын аркалап жүрген бар ма екен? Жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасын болса, мойным бар. Асылын болса, қойным бар. Бұл сөзімді ойлаңдар”.¹⁷

Төле бидің сөзін тындаған қонақ кісілер бір сәт үнсіз тұрып қалады. Сонда Едіге іркілместен былай деп жауап сөз айтқан екен:

¹⁶ Сейфуллин С. Шығармалары. VI том. Алматы, 1964. 277-б.

¹⁷ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. VI том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. 127-б.

– “Аксақал, киіз кімдікі болса, білек соныкі. Ауыз кімдікі болса, сөз соныкі. Кен шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден”.¹⁸

Төле бидің сөзі қарапайым. Сөйтсе де оны екiнiң бiрi түсiне алмайды. Екiнiң бiрi оған лезде лайықты жауап та ойлап таба қоймайды. Дауға араласып жүрген дара билер ғана сөздің мәнін жете түсініп, жіті қимылдайды. Едіге жас та болса осындай биіктен танылады, бидің тұспалмен айтқан сөзін қапысыз ұғып, оның шарттарын толық қабыл алғанын өзі де тұспалмен айтып тоқтайды.

Төле бидің сөзі әу баста басқадай жүйеде айтылуы ғажап емес. Сөздің ырғағы мен ұйқасы, бейнелеу құралдары, тілі мен стилі, мағыналық құрылымы беріліп отырған үлгіден әлдеқайда ілгері болғаны дау тудырмасы анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел аузынан бидің сөзінің кейінгі сілемін ғана жазып алған. Соған карамастан бидің сөзінің әр қатарының астарында үлкен мән, бай мазмұн бар. Оларға үңіліп қараған жағдайда, бидің құн даулап келгендерге өзінің шешімін, жауабын астарлап, тұспалдап айтқаны белгілі болады. Бидің “алты ата”, “жеті ата” жайлы сұраулы лебіздерінің тысы мен астары арасынан даугер жақтың алты атасының жолына бір бөлек, жеті атасының жолына бір бөлек құрмет білдірмек ниеті бой көрсетеді. Екінші жағынан, даудың атадан атаға өткен ескілігін ескерту сазы сезіледі. “Алмас пен мойын”, “асыл мен қойын” жайындағы жұп ұғымдар мен жұп сөздердің мазмұнында да кісі бойы тереңдік бар. Осылайша, атадан атаға көшіп келген құн дауының ақырын би бір ауыз сөзге сыйдырады. Оның мәні мен мәнісін қапысыз ұғып, өзінің келісімін кестелі сөз, келісті ой жүйесімен жеткізген он төрт жастағы Едігенің тереңдігі мен жүйріктігі де билік пен шешендік талаптарына мейлінше лайықты. Екі би бәйшешектей құбылған астарлы сөзбен, тұспалды оймен тілдеседі. Тілдері бейнелі, суретті. Сөз бен сөздің арасынан ойдың оты шашырап, ойлаудың жалыны шалқиды. Билік шешім ретінде өрнектелген ой мен сөз құбылыстың мәні мен мағынасын дәстүрлі құқықтық таным таразысына сай нақты, анық та айқын жеткізеді. Сонымен қатар Төле би құн даулап келген он төрт жасар Едігенің жолын беріп, оны разы еткенде, халықтың дәстүрлі мәдениетіне тән жол мен жөн туралы танымдық құндылықтарды басшылыққа

¹⁸ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.. Шығармалары. VI том. 127-б.

алып, шешімін соған сай шығарады. Бұдан бидің ой мен сөзге, жол мен жөнге жүйріктігі ғана емес, сонымен бірге дүниетанымының, өмірлік ұстанымының берендігі мен ерендігі де көзге түседі.

Жоңғардың тұтқиылдан дауылдай қаптап соққан шапқыншылығынан ес жия алмаған қазақтардың бір тобы Бұқар мен Самарқанға, бір тобы Шыршық өзеніне асканы тарихтан белгілі. Сауран айналып, Хиуаға ауғандар да болды. “Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, “Сауран айналған”, “Қайын сауған” деген атаулар қазақ халқының тарихи тағдырындағы осы секілді ең бір ауыр, трагедиялы кезеннің шындығынан туды.

Төле бидің:

Қабырғадан қар жауса,

Атан менен нарға күш.

Ел шетіне жау келсе,

Батыр менен биге күш,¹⁹ —

деген сөзінде халық басындағы осындай трагедиялық ахуал көрініс тапқан. Сөз егіздеу тәсілі бойынша өрілген өлең үлгісіне сәйкес келеді. Бірақ бидің сөзін өлең сөз деп емес, шешендік сөз деп қабылдау дұрыс. Сөздің негізгі мазмұны, шешеннің айтайын деген негізгі ойы кейінгі екі тармақта. Егерде негізгі ой осы екі тармақ көлемінде ғана айтылып қалған жағдайда, оның жұртқа әсерінің деңгейі қанағаттанғысыз деңгейде қала берген болар еді. Сондықтан би негізгі ойының алдына басқа ойдын жарығын түсіреді: қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш. Мұны би бекер айтып отырған жоқ. Мұндағы мазмұн да, сурет те халықтың басынан әлденеше рет өткен, жалпы жұртқа белгілі, түсінікті, ұғымды құбылыстың сырын танытады. Тындаушы жұрттың ықыласын, көңілін аударып алу үшін дәл осындай, осы тектес сөз керек болғаны анық. Тындаушы жұрттың назарын, көңілін өзіне осындай амал арқылы аударып, бұрып алған сон ғана би басты ойын ұсынуға ойысады. Алғашқы, өзіне етене таныс, басынан өткен жағдайдың мәнісін бірден ұғып, тез қабылдап, көңіліне толқыныс түскен, сезімі оянған тындаушы жұрттың зейіні келесі ойды қабылдауға бейімделе береді. Би басты ойын жұртқа осы кезде ұсынады. Тындаушыларының зейінін белгіліден белгісізге қарай бастау, сөйтіп оның белгісіз, танымға тосын, жана құбылыстың сырын толық қабылдауын камтамасыз ету бидің

¹⁹ Сейфуллин С. Шығармалары. VI том. 277-б.

шешендік өнерге барынша жетік майталмандығын аңғартады. Бұл жерде қабылданған, жұрттың ойы мен сезіміне қатар от берген сөздің санада ұмытылмастай болып сақталуына қол жеткізудің маңызы өте жоғары. Би қолданған поэтикалық егіздеу тәсілі осы міндетті шешуге қызмет етеді: егіздеудің алғашқы сыңары жұрттың көкейінде әуелден бар, белгілі; егіздеудің екінші жаңа сыңары жұрттың көкейінде әуелден бар алғашқы сыңарымен ырғақ деңгейінде де, ұйқас деңгейінде де үндес, сәйкес. Бидің қолданған поэтикалық тәсілінің жүйесіндегі осы үндестік пен сәйкестік сөздің тыңдаушылар есінде онай жатталып қалуын қамтамасыз етуге де қабілетті.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде, ел жерден ауған қиын-қыстау жаугершілік шақта Төле би отырған жерінде жалғыз үй қала берген. Оның себебі елдің аузындағы аңыз-әңгімелерде бидің үйінің шаңырағына ұя салған, балапан шығарған қарлығашпен сабақтасады. Жоңғар қолбасысы Шона Лаузан Төле бидің қоныс аудармай отырған жерінде қалып қоюының себебін білгенде, таң қалып, оны “Қарлығаш би” деп атаған екен. Алайда бұл бидің басына түскен ауыр сынды жеңілдетпейді. Елге тиген жау шапқыншылығының биге түскен салмағы қажымас қайратты, бидің өзі айтқандай, мойымас жігерді, қайтпас күшті талап етті. Бидің бойынан осылардың бәрі де табылды. Ақылдың қайратына сүйене отырып, би Шона Лаузан қолының қазақтарды қырып-жойып бара жатқан жойқын шапқыншылығын тежеуге, баяулатуға қол жеткізеді. Осындай жағдайды онтайлы пайдалана отырып, Төле бидің айналасындағы батырлардың тобы 1723-1725 жылдар аралығында жоңғар қолына бірнеше рет ойсырата соққы береді. Алайда қазақтар жоңғарлар басып алған байырғы атамекендерін қайтара алмайды, жоңғарларға кіріптар күй кешеді. Екінші жағынан, Орта Азия хандықтары да жау шапқыншылығына ұшыраған қазақтарды сыртқы жаумен қоса шабысты.

Бұлай барсан, коқан бар,

Кокандаған әкен бар.

Бұлай барсан, қалмақ бар,

Күшінді ептеп алмақ бар... —

деген жыр жолдары қазақтардың ауыр жағдайынан, басар жер, барар тау таппай қиналған, ширыққан шағынан хабар береді. Тұйықтан шығар жол іздеген ел басындағы қолында билігі бар азаматтар орыс патшасынан қолдау күтеді. Сұлтандар арасында

басқа да бағыттар болды. Қытайға мойын бұрып, содан пана іздемек болғандар да кездесті. С.Сейфуллин осындай шактын шындығы туралы былай деп жазады: “Кіші жүздің Қайырлы деген бір ақыны сол патшаға бағынған дәуірдің күйін жырлап келіп, былай деп бітіреді:

...Айқайдан шыққан ақ бөкен,
 Қашып қайда құтылар —
 Құрулы какпан жатқан соң?!
 Жылқыдан шыққан кашаған
 Қашып қайда құтылар —
 Мойнына бұғау артқан соң?!”²⁰

Ел үшін жайсыз қалыптасқан киын шакта Төле би түрлі әрекеттерге барады. Ел тәуелсіздігі жолында ерлік істерге бару, елдің басын біріктіру, бір орталыққа, бір тәртіпке бағынған ауыр қол, әскери жасак құру оңайға түспегені анық. Сенім артқан сұлтандар мен батырлар, тіпті бектер мен билер де түп-түгел ел мен жер, халық жайын ойлап іс қыла алмады. Біреулер сенімді актамады, біреулер өз басына катер тумаған соң, жайлауын жайлап, қыстауын қыстап тып-тыныш жата берді. Енді біреулер ел басына төнген катерді пайдаланып, пайда табуға ұмтылды. Осының бәрі Төле бидің ойын оңға, санасын санға бөлгендей еді. С.Сейфуллиннің кітабына енген мына бір сөз бидің осындай жағдайдағы көңіл күйінен хабар береді:

Бастыққа сенген аңқау ер
 Дұспанға оңай алынар.
 Қара боп шыкса ақ ісі,
 Ақ көңіл басы қор болып,
 Аңқаулығы сор болып,
 Пасықтарға жалынар.
 Жазатайым іс болса,
 Кеше саған күшік боп,
 Жылмандаған кішік боп,
 Ниеті жаман пасықтар,
 Кісілік жоқ жасықтар
 Өзіңе келіп жабылар...²¹

Бидің сөзінің көркемдік, эстетикалық және танымдық маңызы

²⁰ Сейфуллин С. Билер дәуірінің әдебиеті. 27-30-б.

²¹ Сейфуллин С. Шығармалары. VI том. 277-б.

зор. Текстологиялық талдау талаптары тұрғысынан карағанда, мәтіндегі кейбір сөздер жаңсақ жазылғандай әсер қалдырады. Сөздің басты пәндері қатарында мыналар дараланған: бастық, аңқау ер, дұспан, пасықтар, жасықтар. Осы қатардағы “бастық” сөзіне назар аударайық. Төле бидің тұсында қазақ шешендік өнерінің сөздік қорында бұл сөз болмаған. Аңқау ер қандай бастыққа сенген, неге сенген, бастыққа сенсе, дұспанға неге онай алдырған? Осы секілді сұрақтар туғанда, оларға лайықты жауап табу қиынға түседі. Біздіңше, сөз “бастыққа” емес, “пасыққа” деп басталған болуы мүмкін. Пасыққа сенген аңқау ердің дұспанға онай алынуы Төле би заманында әдеттегідей іс болған. Пасыққа сеніп, алданып, опық жеп жүргендер бүгінде де жеткілікті. Сөз мәтінінде алданған ердің “пасықтарға” жалынатыны туралы тармақ бар. Бұл жерде де жаңсақтық барға ұқсайды. Тұрмыстық тәжірибеге сүйенгенде, алданған жандар пасықтарға жалынбайды, пысықтарға жалынады. Иненің көзінен өткендей пысықтар әр заманда да болған, қазір де бар. Сол пысықтардың ішінде пасық болып шыққандары да жеткілікті. Әйтсе де басына іс түскендер пасыққа емес, пысыққа жалынғаны, пысыққа жалынатыны рас. Осы тұрғыдан келгенде, бидің сөзіндегі “Пасықтарға жалынар” тармағының дұрысы “Пысықтарға жалынар” болу керек. Енді сөздің акырғы тармағының алдындағы екі жолға көңіл бөлейік: Ниеті жаман пасықтар, Кісілік жоқ жасықтар. “Жасықтар” сөздің соңында қосылған. Жасықтардың жиналып, біреуге жабылып жәбір көрсеткені билер тәжірибесінде де, шешендік өнер тарихында да кездеспейді. Бұл жерде істің, қимылдың, әрекеттің иесі “жасық” емес, “пысық” болса керек. Сонда аталған жолдардың дұрысы мынадай болып шығады:

Ниеті жаман пасықтар,
Кісілік жоқ пысықтар
Өзіне келіп жабылар.

Пайымдалған жайларды сараптай келгенде, бидің сөзінің жүйесіндегі іс пен қимылдың, әрекеттің иелері мыналар болып табылады: пасық(тар); аңқау ер; пысықтар. Пасықтардан алданған аңқау ер есесін қайтаруға көмек сұрап пысықтарға ұрынады. Ақыры ол пасықтар мен пысықтардан бірдей зорлық көреді. Би елдің ерлерін пасықтардың алдауынан, пысықтардың арбауынан сақтандырады. Мұндай қырағылық пен сақтық жаугершілік заманда әр азаматтың қорғаны қызметін атқаруға тиіс еді. Би

өз сөзінде ел-жұртына осындай өмірлік маңызы жоғары қағида ұсынады.

Билік шешімдері мен шешендік сөздерінде елдің бірлігі мен ынтымағын, тәуелсіздігін насихаттаған би мемлекттің сыртқы саясатына да араласқан. Селдей ағылып, топандай қаптап келген жауға елдің өз күші төтеп бере алмайтындай жағдай туғанда, би іргелес отырған іргелі елдерден көмек іздейді.

1743 жылы Түркістанды Сейіт хан басқарды. Бұл кезде де Төле би бас би дәрежесінде болған. Жоңғар мен қазақ шекарасының бас әскери бақылаушысы Сары Манджа нойан орыс елшісін Әбілхайыр ханға жеткізуді Сейіт хан мен Төле биге тапсырады.²² Төле би орыс елшісін Түркістанға анасын жерлеуге алып келген Жәнібек батырмен кездестіреді. Жәнібек батыр орыс елшісі К.Миллерді көріп, оны қабылдап, оның 1738-1739 жылдары бірінші орыс сауда керуенін Ташкентке бастап келгенін, Түркістан мен Ташкент арасында керуенді Қойгелді батырдың талан-таражға салғанын еске алады.²³ Жәнібек батырдың бұл сөзінің жөні бар. 1738 жылы карашаның екінші жанаасында Түркістан мен Ташкент аралығындағы Балакемпір деген жерде Қойгелді батыр бастаған жүзден астам қазақ қолы 20 мың сомдық дүниесі бар орыс сауда керуенін шауып, керуенбасы поручик К.Миллер мен геодезист подпоручик Кошелевті бас қылып, керуеншілерді тұтқынға алады.²⁴ Тек Қанай бидің ара түсуі арқасында ғана К.Миллердің басына азаттық беріледі. Қанай би Қойгелді батырдың жауынгерлерінің қолындағы керуеннің жүк артқан бір түйесін К.Миллердің өзіне қайтарады да, оны аман-есен Ташкентке алып келеді. Кейінгі сапарында К.Миллер Ташкентте едәуір уақыт кідіреді, Ресей шекара комиссиясына 1739 жылдың маусымында жетеді. Осы сапарында К.Миллер Ташкент туралы, Жолбарыс ханның ел билеу тәртібі туралы, хандықтың ішкі-сыртқы жағдайы, ел басқару жүйесіндегі Төле бидің орны, қазақ батырларының ісі туралы бірқатар бағалы мағлұматтар алып қайтады. Оның біразы П.И.Рычковтың “Орынбор тарихы” атты еңбегінде көрініс тапты. К.Миллердің осы сапарының егжей-тегжейі туралы жазылған

²² АВПР. Ф.113. Оп.1. 1745. д.2, л.17 об.

²³ Рычков П.И. История Оренбургская. Оренбург, 1896. с. 39-40.

²⁴ Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах Гладышевым и Муравиным. СПб., 1851. с.83.

басқа еңбектерде де Төле би хақында бағалы деректер беріледі.²⁵ Алайда Төле би және оның тұсындағы ірі саяси және әскери оқиғалар жайлы баға жетпес құнды деректер К.Миллер мен Ш.Арслановтың қолжазбалары мен күнделіктерінде, олар туралы құжаттарда сақталған.²⁶

1742 жылы 20 тамызда Әбілхайыр хан жоңғар қоңтайшысының елшілерін Ор камалына ертіп келеді. Камал әкімшілігіне жоңғар елшісі Кашка казактар жайында өз пікірлерін ашық айтып, қоңтайшының тапсырмасы бойынша, Әбілхайыр ханнан аманат алып қайтуға келгендігін мәлімдейді. Камал әкімшілігі істің жайын қоңтайшыға қолма-қол түсіндіру үшін, К.Миллер бастаған елшілікті сапарға дайындайды. К.Миллер тобы сапарға еліне қайтқан жоңғар елшілігімен бірге шығады.²⁷ К.Миллердің Жоңғарияға елшілігі 1742 жылдың 3 қыркүйегінде басталып, казак ұлыстары арқылы өтеді. Елшілік құрамында тілмәш Иван Ерофеев, капрал Тихон Дмитриев және алты Жайық казак-орыс әскері болады. Елшінің казак ұлыстары арқылы жылжи отырып, өзінің жоңғар қоңтайшысына сапарының мәнісін казактардың мүддесін қорғау мақсатымен сабақтас түсіндіреді. К.Миллердің қолында Орынбор шекаралық комиссиясының бастығының жоңғар қоңтайшысы Қалдан Церенге хаты да бар еді. Казактар К.Миллердің елшілігімен қатар Жоңғарияға дербес өз елшілігін аттандырады. Елшілік Қалдан Цереннің тұтқынындағы Абылайды босату мақсатында Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілфейіз сұлтан бастатқан бірнеше белгілі кісілердің балаларын қоңтайшыға аманат есебінде алып барады. Төле би осы елшілер тобын жолға шығаруға, оның мақсатын анықтауға тікелей ықпал еткен ел басшыларының бірі болған. Елшілік сапары, Төле би күткендей, сәтті аяқталады.

К.Миллер бастаған елшілік жоңғар сапарынан оралып, Түркістанға келгенде, жоңғар елшісі Түркістан ханы Сейіт ханға, Төле биге, сондай-ақ К.Миллерге Қалдан Цереннің Абылайды тұтқыннан босатқаны жайлы хабарлайды. К.Миллер 1743 жылы 14 мамырда Ор камалында берген есебінде өзі бастаған елшіліктің

²⁵ Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края. 1735-1736 годы /Сост. А.И.Добросмыслов. Т.И. Оренбург, 1900. с. 43-44; Абдураимов А. Первый русский купеческий караван в Ташкент (1738-1739) //Известия АН УзССР. 1955. №6. с. 87-93.

²⁶ ЦГАДА. Ф.248. 1742-1743. Кн.28/149, л.160-162; ЦГАДА. Ф.248. 1742.. Кн.5/136; АВПР. Ф.113. Оп.1. 1743. Д.2, л.2-200; АВПР. Ф.113. Оп.1. 1742-1744. Д.3, л.2-28.

²⁷ Рычков П.И. История Оренбургская. Оренбург, 1896. с. 64.

жоңғар билеушілеріне қатты әсер еткенін, тіпті оларды едәуір үрейлендіргенін айта отырып, Абылайды жоңғар тұтқынынан босануын өз сапарымен тікелей сабақтастырады.²⁸

Жоңғарияға К.Миллер бастап барған Ресей елшілігінің де, қазақтардың өз елшілігінің де нәтижелі болуы елдің, ел билігін ұстап отырған ел басшыларының мерейін өсіреді. Мерейі өскен ел басшылары, батырлары сол тұста К.Миллердің алғашқы керуенінің 20 мың сомдық тоналған дүниесінің орнын толтыру туралы сөз бастайды. Бұл істе Жәнібек батыр үлкен белсенділік көрсетеді. Төле би Қойгелді батырды Түркістанға алдырады. Түркістанды билеп тұрған Сейіт хан, сондай-ақ Жәнібек батыр, елші К.Миллердің қатысуымен билер соты болады. Төле би Ресей сауда керуенінің тоналған дүние-мүліктерінің орнын толтыру үшін, Қойгелді батырдың екі мың жылқы төлеуі қажеттігі туралы билік шығарады. Қойгелді билікке мойынсұнады.²⁹ Бұл арада Төле би 1740 жылы 24 тамызда Орынбор түбінде өткен мәслихат шешімін де ескерген болуы керек. Ол мәслихатқа Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан, Нұралы сұлтан, Ералы сұлтан, Жәнібек батыр, сондай-ақ белгілі билер, ру басылар қатысқан-ды. Керуеннің дүние-мүліктерін өтеу үшін айыпкерлердің екі мың жылқы төлеуі қажеттігі туралы ой алғаш рет осы мәслихатта айтылған болатын.³⁰ Төле бидің бұл шешімінен де оның орыстармен екі арада ынтымақтастық пен сауда-саттық қарым-қатынастың қалыптасуына, дамуына ерекше мән бергенін аңғаруға болады. Бір бүйірінен жоңғар қадалып, тәуелді етіп, екінші жағынан Қокан қокандап отырған шақта Төле бидің Жәнібек батырды қолдап, орыс елшісінің көңілін ауламасқа шарасы жоқ та еді. Алайда орыс патшасы жоңғарға қарсы күресте Төле биге көмекке келуге асықпады. Би енді жоңғарға қарсы Қокан хандығын пайдалануға бекінеді. Ташкент бегі болып тұрған Күсек-бектің жоңғар қонтайшысынан қол үзіп, Қокан ханы Әбділ-Керімді қолдайтынын мәлімдеуінің сырында кенінен ойластырылған осындай шешім бар еді деуге болады. Шындығында да Қокан хандығы Күсек-бекке үлкен көмек көрсетеді. Қоканның қолдауымен Күсек-бек жоңғар қолына екі рет ойсырата соққы береді. Төле бидің жоңғарға қарсы қокандықтарды пайдалану

²⁸ ЦГАДА. Ф.248. Кн.28/184-187. л.160-162.

²⁹ ЦГАДА. Ф.248.1742-1743. Кн.28/149, л.160-162; ЦГАДА. Ф.248.1742. Кн.5/136; АВПР. Ф.113. Оп.1.1743.Д.2, л.2-200; АВПР. Ф.113.Оп.1. 1742-1744. Д.3, л.2-28.

³⁰ Рычков П.И. История Оренбургская. Оренбург, 1896. с. 51.

туралы ойы қалың жұртшылық арасынан кең қолдау табады. Ел діні бөлек жоңғарға кіріптар болғаннан бір діндегі қокандықтармен ынтымақтасқанды дұрыс көреді. Алайда Төле биге қарасты ел-жұрттың жоңғарға кіріптарлығы жалғаса береді. Қалдан Церен Күсек-бектің орнына Ташкент тағына Айбек деген өз адамын отырғызады. Жоңғар қонтайшысы Түркістан және Ташкент қалаларын қазақ сұлтандарына кезек-кезек ұсынып, олардың арасында қызғаныш, талас-тартыс туғызуға күш салады. Әдепкіде Түркістанды, Ташкентті билеуге қазақ сұлтандарының қай-қайсысы да қызығады. Төле би Түркістан мен Ташкенттің билеушісі деген атақ үшін жоңғар қонтайшысына кіріптар болуға көніп отырған сұлтандарды қаламайтындығын білдіреді, Әбілмәмбет ханның ниетін де қолдамайды. Ташкент пен Түркістанды жоңғарлардан күшпен қайтарып алу жолында Төле би Қокан ханы Әбділ-Керімді пайдалануды мақұл көреді. 1744 жылы күзде Әбділ-Керім би Төле бидің мақұлдауымен әрі тікелей көмегімен Ташкент билігіне жоңғар қонтайшысы отырғызған Айбекті қаладан қуып шығады. Қала бегі етіп өз адамын отырғызады да, Төле бидің қолына бас биліктің лайықты екенін мәлімдейді.³¹ Бірақ Төле би қалада емес, өз ұлысында болғанды дұрыс көреді.

Төле би Қокан билеушісі Әбділ-Керім бимен келісіп, жоңғар басқыншыларына қарсы осындай қиын күрес жүргізіп жатқанда, Әбілхайыр хан мен Барак сұлтан арасындағы тартыс шиеленісе түседі. Неплюевтің 1747 жылы 15 мамырда Сыртқы істер коллегиясына жазған рапортында Әбілхайырдың маңындағы елге жайсыздығы, шапқыншылығы, екіжүзділігі оның хандығындағы өзге сұлтандар мен ру басыларын ғана емес, оның өз кіндігінен тараған ұлдарын да қатты ашындырып отырғанын жазады³². Мұның аяғы, көп ұзамай, 1748 жылы Әбілхайыр ханның өліміне әкеліп соқты. Егесіп, ерегесіп жүрген Барак сұлтан Әбілхайырды өлтіріп тынады. Өлген ханның баласы Ералы сұлтан айыпкерлерден әкесінің құнын даулап, билер сотына шағынады. Ералы сұлтан билер сотынан айыпкерлердің өлген ханның құнын төлеуін әрі ханды тікелей өз қолымен өлтірген адамды өлім жазасына кесуді талап етеді. Билер соты айыпкерлерді жеті күн төлеуге тиісті деп табады, солай деп үкім шығарады. Ал Ералы сұлтан айыпкерлерден екі күн алып, қалған төрт күнды алмайды

³¹ АВПР. Ф.113. Оп.1. 1745. д.2, л.83-83 об.

³² АВПР. Ф.122. Оп.2.1742-1743. Д.8, л.59-72.

да, әкесін өлтіруге қатысы бар Сырымбет батырды өз қолымен өлтіреді.³³ Әбілхайырдың балалары бұған да тоқтамайды, Барақ сұлтанның жауапқа тартылуын Төле биден де, жоңғарлардан да, орыс патшасынан да сұранып, ізденіске түседі. Бас сауғалап қашып жүрген Барақ сұлтан Төле биге өзі келіп, жасаған ісі үшін екінші рет сотқа тартуды, сөйтіп даугерлердің қуғынынан құтқаруды сұранады. Төле би билер сотына барша қазақ билерінің ішінен Барақ сұлтанның ұсынуы және өз қалауы бойынша, бірнеше белгілі билерді қатыстырады. Билердің қатарында, Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша, Әйтеке би де болса керек. Билер алқасында Төле би Барақ сұлтанды ақтап шығады.³⁴ Төле бидің осы сотта айтқан “Бір қойдан екі тері сыпырмайды (алмайды)” деген канатты билік сөзі ел арасында кеңінен таралып кетеді. Сөз астарлы әрі көркем, сонысымен де құнды әрі көрікті. Бұрма мағынаның ажарын аша отырып, би сөздің түп мағынасының күші мен әсерін арттыра түскен. Соның нәтижесінде ол халықтың қабылдауына, санасына құйып, көкірегіне түйіп алуына барынша ынғайлы, құлаққа жағымды, ойға қонымды болып шыққан. Сөзі көріктінің ойы көрікті, сөзі жүйелінің ойы жүйелі. Сөз бен ойдың көріктілігі мен жүйелілігі ойдың тереңінен шықпақ. Терең ой терең ойлаудан туады. Төле бидің ойы мен ойлауының тереңдігі, тегеурінділігі билік ретінде айтылған осы сөзден де анық байқалып тұр. Бидің бұл сөзінде³⁵ бір қылмыс үшін екі үкім, екі жаза болмайды деген құқықтық қағида негізделген. Бұлай дегенде би Әбілхайырдың өлімі үшін айыпкердің жеті құн төлеуі туралы билер сотының алғашқы үкімін ескерген болса керек.

Төле бидің ел ішіндегі беделінің, орнының жоғары екенін байқаған жоңғардың жана қонтайшысы Лама Доржы 1752 жылы оны кенесу үшін Жоңғарияға шақырады. Қауіп-қатер барын сезгенмен, Төле би өзін арнайы шақырып отырған қонтайшыға баруға бекінеді. Қонтайшы қазақ биін құрметпен қабылдайды. Еліне оралған Төле би Лама Доржының ұсыныстарын орындамай, Жоңғарияның ішкі жағдайының қандай күйде екенін, қонтайшы Лама Доржының өз халінің жайын Абылай ханға жеткізеді,

³³ Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацских орд и степей. Ч.3. СПб., 1832. с.171.

³⁴ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-и томах. Т.4. Алматы, 1985. с: 88.

³⁵ Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Омск, 1886. с.64.

қонтайшы тағынан үміткер болып, Лама Доржыға қарсылық жасап, ақыры казак жеріне бас сауғалап қашып келген Даваци, Әмірсана нойандарды Жоңғарияға қайтару туралы қонтайшының сұранысын қанағаттандырмау жөнінде хат жолдап, кенес береді. Хатта Төле би Давацидің бүкіл жоңғар аймағына беделді, абыройы асқан нойан екендігін, ол үшін жоңғарлардың өз арасында қактығыс болып жатқанын, оны Лама Доржыға ұстап бермеуден қырғыз бен казакқа келетін зиян жоқтығын жазады.³⁶ Хаттың аты - хат. Оның шешендік өнердің үлгісі болғандай ерекшеліктері жоқ. Бірақ бидің хатында ойды орайлы, иланымды, дәлелді негіздеудің, ұтымды жеткізудің құралдары мен тәсілдері сүйсіндірмей қоймайды.

Төле би жоңғар билеушілерінің арасындағы так үшін болған күресті демеп, қолдап, ежелгі жауын іштен әлсіретуді дұрыс көріп қана қоймайды, бұл секілді істі Абылай ханға тікелей тапсыруды мақұл көреді. Нұралы хан жоңғар қонтайшысына қарындасын бермекші болып, онымен келіссөз жүргізгендіктен, бұл пікіріне Төле би оны (Нұралы ханды) ортақ етпейді. Абылай хан Төле бидің бұл ұсынысын толық қабыл алады: Даваци, Әмірсана, Банчжур нойандарды жоңғар қонтайшысына бермеу туралы шешімге келеді. Хан шешімін Бөгенбай, Жапақ секілді елдің белгілі батырлары да қолдайды.³⁷ Осылайша келісімге келген казактар жоңғар қонтайшысының тағына Даваци нойанның отыруына көмектеседі. Даваци қонтайшы тағына отырғаннан кейін, онымен тіл табыса алмай қайта келген Әмірсананы да қолдайды. Сөйтіп, Абылай хан мен Төле би такқа таласқан жоңғар нойандарын алма-кезек қолдай отырып, ақырында Жоңғарияның сілесі қатып, қатты қалжырауына қол жеткізеді. Бұл Төле бидің Абылай ханмен бірлесе, кенесе отырып жүргізген саясатының ірі нәтижесі еді.

Төле бидің казак халқының әдет заңына шешендік өнер, қанатты сөз үлгісінде енгізген жаңа баптары аз болмаған. Олардың бірқатары - макал, енді бірқатары мәтел болып қалыптасқан. Мысалы, бүгінде Төле би айтқан екен деп жүрген “Ұр деп айтқан жазықты емес, ұрған жазықты” секілді қанатты сөз бар. Бұл сөз байырғы әдет заңның баптарына белгілі дәрежеде қайшы келеді. Байырғы әдет заң бойынша, “ұр” деп айтқан да, ұрған да жазықты саналған. Сондай-ақ біреуді “өлтір” деп жұмсаған да, біреудің

³⁶ АВПР. 113. Оп.1.1752-1753. Д., л.71-71 об.

³⁷ АВПР. 113. Оп.1.1752-1753. Д., л.71-71 об.

осындай жұмсауы бойынша кісі өлтірген де жазалы болуға тиісті. Соңғы жағдайда біреудің жұмсауымен кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілгенде, оны кісі өлтіруге жұмсаған адам өлген кісінің құнын төлеген.³⁶ Төле би жоғарыдағы билік сөзі арқылы біреуді қылмысты іске итермелеген кісіні емес, қылмысты тікелей жасаған кісіні жазалауды дұрыс деп табады. Соған орай би әдет заңына біреуді ұруға итермелеген адамның емес, ұрған адамның, біреуді өлтіруге итермелеген адамның емес, өлтірген адамның жазықты болатыны туралы бап енгізеді. Бұл да Төле бидің билік айту, билік кесу ісіндегі, билік тұжырымын бейнелі, образды жеткізе білудегі терең парасатына айғақ болатын маңызды шешім еді.

Төле бидің шешендік билік сөздерінің жүйесінде әдет заңының, тіршілік философиясының алуан қырлары, терең сырлары бар. Бидің сөздері өмірдің ақиқат шындықтарына, өзі көріп білген, көз алдынан өткен құбылыстарға негізделеді. Халықта: “Сөйлей-сөйлей шешен боласын”, “Көре-көре көсем боласын”, деген ғибратты сөз бар. Бұл да халықтың өмірден алған бай тәжірибесі негізінде түйген даналық қағидаларының бірі. Әрине, сөйлей берген кісінің бәрі шешен болмаған, көре берген кісінің де көсем бола қалмағаны аян. Сөйлей-сөйлей шешен болған, көре-көре көсем болған жандардың жөні бөлек. Көне грек тарихшысы Плутарх әйгілі Демосфеннің шешендік өнерге келу жолы туралы айрықша бір оқиғаны баяндайды. Демосфеннің тілін төсеп сөйлейтін кемістігі болған екен. Шешендік өнер жолын тандаған ол тілін де, сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағын да барынша жетілдіріп, мінсіз шеберлікке жетуді алдына басты өмірлік мақсат етіп қояды, мақсатына жету жолында небір тосын жаттығулар жасайды: аузына ұсақ тастар салып алып, ақындардың өлеңдерін ұзақты күнге жатқа айтып жаттығады, тіпті шашының жартысын алып тастап, үйінен шықпай, айлар бойы жападан жалғыз шешен сөйлеуге машықтанады. Еңбек пен бейнет нәтижесінде Демосфен алдына қойған мақсатына жетіп тынады.

Шешендік өнер сөйлей-сөйлей үйреніп алатын кәсіп емес, оқи-оқи игеріп алатын мамандық емес. Шешендік — өнер. Өнер болғанда, қатардағы өнер емес, өнер біткеннің алды. “Өнер алды — қызыл тіл”, — деген халық даналығы осыған мегзейді. Шешен кісі - өнерлі кісі. Өнерлі кісі - талантты кісі. Олай болса, шешендік

³⁶ Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. с.66.

жақ жаппай сөйлеуден шықпайды, таланттан туады. Екіншіден, өнер мен өнеге-егіз. Өнеге ұғымының аясы кең. Өнеге өнерден тыс тұрып та өрге баса беруі мүмкін. Ал өнер өнегесіз өмір сүре алмайды. Өнердің мәні өнегелілігінде. Сол себепті шешеннің өнері өнегелі өнер болып табылады. Өнеге кісіден, кісінің кісілігінен өніп-өседі. Рас, көргені жоқтан кісілік іздеу бекер. Солай дегеннің өзінде кісілік деген кісіге көп көргеннен қонбайды, негізден тамыр тартады. Көпті көріп, көргенін көкірегіне түйген, содан ғибрат алған, танымын байытқан, өмірлік ұстанымын ұстартқан жан ғана кісілікке бейім тұрады. Шешеннің бойындағы өнерінің жетіліп, өнегесінің өсуі талант пен ақылдың кемелдігіне тәуелді. Талант пен ақылдың, өнер мен өнегенің тас бұлақтың суындай таза сылдыраған сұлу келісіміне шешеннің шешені, бидің биі ғана жеткен. Мұндай келісімді тұтастық, түгелдік, кемелдік деу керек. Билік пен шешендік тарихында кемелдіктің мұндай биігіне Төле би жеткен. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының: “Үйсін Төле биден асқан би жоқ”, – деуінің мәнісі осында.

Төле би Әбілхайыр ханның өлімі үшін жеті адамның құнын кескенде де, Барак сұлтанды кейінгі сот үстінде актап шыққанда да, туысы Қойгелді батырға тоналған орыс сауда керуенінің өтеуіне екі мың жылқы төлеуіне билік шығарғанда да елдің елдігін бұзбауды, әлі келгенше халықтың бейбіт, тыныш жағдайын, тұтастығын қалпына келтіруді, сақтауды көздейді. Бидің бұл секілді еларалық сипаттағы билігімен қатар ұлыс ішіндегі дауларды шешкен билігінде оның мемлекеттік деңгейдегі парасат-пайымы, ойының саралығы мен ниет-тілегінің тазалығы танылады. Мұның бір мысалын қазақтың әдет заңын зерттеуші П.Е.Маковецкий атап өтеді. П.Е.Маковецкийдің келтірген дерегінде Төле би суыққа тонып өлген бір адамға байланысты билер жиынында халық алдында билік айтады. Билік бойынша, боранда, қатты суықта тонып өлуге айналған жанындағы немесе оған жол үстінде кездейсоқ ұшырасқан адам үстінде қасқыр ішігі бола тұра қайрылмай кететін болса, онда ол суықта қалып үсіп өлген адам үшін жарты құн төлеуге тиісті болады. Егер оның үстіне кигені қасқыр ішік емес, жай тон болса, онда ол суықтан үсіп өлген адам үшін айыпсыз, жазықсыз деп танылған.³⁹

Бидің шешімінде, билік үкімінде адамға, адамның өміріне деген

³⁹ Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. с. 76

кұрмет те, адамгершілік ұлы сезім де, жұртты кісілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді мақсат тұтқан аталық даналығы да бар десек, оның ешқандай артықшылығы жоқ.

Төле бидің ендігі бір билігі Л.Баллюзектің еңбегінде көрініс тапқан. Биліктің мазмұнын түпнұскадан алыстатпау мақсатында, оны орыс тіліндегі калпында беруді дұрыс көрдік:

“Так некто из большой орды, по имени Уйсюн Туле-би, по одному бывшему в его время делу о покраже одним уйсюновцем у другого треног, по-киргизски чидер, постановил следующее оригинальное и неслыханное до толе решение: по объяснении каждым из тяжущихся лиц сущности дела, он долго сидел как-бы задумавшись над решением такого пустого случая; потом приказал надеть треноги тремя концами на три лошади так, чтобы у каждой стреножено было по одной задней ноги. Стреножив таким образом одними треногами трех лошадей, каждую за одну ногу, би приказал прогнать каждую из них врозь и в разные стороны, при чем сказал, что если треноги от этого порвутся — не полагать за них никакой платы и никакого аипа. Но они несмотря на усилия лошадей не порвались и удержали лошадей на месте. Тогда он обратился к тяжущимся со словами, что это не чидер, а үш ерь, т.е. не треноги, а три мужа, или другими словами в них заключается сила, равная силе трех мужчин. Почему и определил платить за них не по цене материала, из которого они сделаны, т.е. не как за ремень, а как за три мощные руки и по видимости от них практической пользе — 3 лошади 5 году или үш бесті ат.

Живя в самый разгар барымты, среди ежечасных опасностей от набега хищников, от которых предосторожность требовала держать каждому воину-киргизу коней своих в треногах, Туле считал последние как-бы за хозяйские руки, держащиеся за ежеминутно нужный ему предмет, и как бы за верных сторожей, а потому не удовлетворялся существовавшею до него ничтожною ценою за кражу такой важной вещи, как треноги, и при первом представившемся ему случае усилил за них штраф в тех видах, чтобы отбить в ворах охоту к краже из опасения подвергнуться за простой ремень неслыханному аипу в 3 лошади. Затем, для внушения всякому необходимой по тогдашнему времени предосторожности, он же Туле постановил, чтобы за кражу лошади, пущенной хозяином в путах-тусау, не взыскивать никакого штрафа, полагая таковой только за стреноженную и за привязанную в колышку

арканом. Сообразив степень надежности каждого из сих трех способов держания лошадей при себе и степень практической от каждого из них пользы, он назвал их так: чидер — кос, аркан — дос, тұсау — бос, т.е. треноги — кос или кибитка, или другими словами: то, что в треногах, все равно что в комнате; аркан или веревка — друг, то есть тоже верное средство; но путы — пустяки, или весьма ненадежное средство. Чтобы пояснить или осмыслить странное, быть может для некоторых, с первого взгляда постановление знаменитого бия, необходимо заметить, что стреноженная лошадь, у которой три ноги привязаны и также привязанная арканом в вбитому землю деревянному колу, действительно не может отшатнуться, тогда как путы, надеваемые только на передние ноги, ни чуть не мешает лошади уйти прыжками так же далеко, как и на свободе”⁴⁰.

Л.Баллюзек казак биінің билігіне таң қала отырып, мұндай шешімнің жаугершілік жағдайындағы казактар үшін мейлінше тиімді екендігіне назар аударады. Андап карағанда, Төле бидің бұл билігінің де мемлекеттік, бүкілхалықтық мүддеге негізделгені көзге түседі. Оның үстіне бидің ойы дара, биліктің мазмұны сара: елдің де ердің де көкейіне қона кетеді. Дара ой мен сара мазмұнның түрі де сынғыр қағып, бірінғай келісіммен жарасып тұр. Расында да “Шідер — кос, аркан — дос, тұсау — бос” деген қанатты сөздер мазмұнының байлығымен, негіздерінің тереңдігімен, дәлелділігімен ғана емес, бірін-бірі қуалай, бірімен-бірі жараса үндескен сұлу келісімімен, жарыса үйлескен әсем ырғағымен де ерекше назар аударады. Халық алдында үш ат үш жаққа бар күштерімен жұлқа тартқанда да үзілмеген шідер туралы бидің сөзінің түрі мен түсі, құрылымы бізге дәл айтылған қалпында емес, ықшамдалған, қысқартылған күйде айтылып отырғаны анық. Л.Баллюзектің жазуында көрініс тапқан үлгі шағын ғана: бұл шідер емес, үш ер. Сөзде сезімді балқытатын, ойды толқытатын эмоциялық күш жасырын жатқан сияқты көрінеді. Егерде би: “мұны шідер дегенше, үш ер десейші”, — дегендей болса, сөздің эмоциялық бояуы ашыла түскен болар ма еді... Қалай дегенде де бидің сөзінің көркемдік кестесі келісті, логикалық қисыны қуатты.

⁴⁰ Баллюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в малой киргизской орде силу закона//Записки Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества. Выпуск второй. Казань, 1871. с. 120-122.

Заманының кемеңгер саясаткері, сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем Төле бидің артында даналығына куә болып билік шешімдері, тыңдаған жұрттын ойын ұйытып, сезімін балкытқан асыл сөздері, сырты күміс, іші алтын шешендік толғаулары қалды, солардын бәрінің өзегінде күн нұрындай жарығын шаша балқыған арман, бидің алдындағы ел-жұртын басы біріккен іргелі, егеменді ел етсем деген ұлы арманы қалды.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

Халқымыздың айтулы кеменгер билерінің бірі — Қаздауысты Қазыбек шешендігімен дараланып көзге түскен тарихи тұлға. Оның аты әйгілі Абылай хан, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке билермен қатар аталады. Қазыбектің шын мәніндегі шешендігі мен жер жарған данкы кешегі “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” атанған Жонғар басқыншылығына қарсы күрес жылдары бүкіл қазақ даласына жайылады. Ол халқымыздың басына ауыр күн туып, не ел болу, не құрып кету қаупі төнген қиын сәтте суырылған шешендігімен, алғыр да білгір көсемдігімен ел намысын қорғап қалады.

Халық әңгімелеріне қарағанда, Қаздауысты Қазыбек қалмақтың ханы Қонтажыға (бұл лақап аты, шын есімі Батыр) үш рет барып, үшеуінде де ел есесін толығымен алып, жауда кеткен мал-жанды түгелімен қайырады. Бидің қалмақ ханына баруын тарихи деректер де растайды. Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылым кітапханасының № 829 папкасындағы қолжазбада Айдабол бидің баласы Тайкелтір бастаған, құрамында Қаздауысты Қазыбек, Керей Тұрсынбай батыр, Шакшақұлы Жәнібек бар топтың Қонтажыға барғаны баяндалады. Шамасы, бұл Қаздауысты Қазыбектің қалмаққа соңғы сапары болуы мүмкін. Осы деректерді ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов та қуаттайды. Ол өзінің “XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар” атты мақаласында былай деп жазады: “Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз? деп Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті: “Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып қалған Қаракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Уак

Дербісәлі. Біріншісі Қалданның өз алдына барып босатып алған, ал, екіншісі өз ауылында жатып дұшпанын қорқытып алдырған” (Ч.Ч.Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1, Алма-Ата, 1984, стр. 218). Сөйтіп, осы деректерге карағанда, Қазыбектің өмірінің басым көпшілігі қалмақ пен қазақ арасындағы бітімшілік, ел басқару, сан түрлі дау-дамай, талас-тартыстарды шешу, ел бірлігі мен татулықты қорғау мәселесіне арналғаны аңғарылады. Бұған халық аузында сақталған әр алуан аңыз, әнгімелер мен жоқтау жырлар да дәлел бола алады.

Қазыбектің туған, өлген жылдары зерттеу еңбектерінде әртүрлі көрсетіліп келеді. Айталық, Қазақ совет энциклопедиясында 100 жыл жасап, 1665 жылы туып, 1765 жылы қайтыс болған деп көрсетілген. Ал, зерттеуші Б.Адамбаев 1667 жылы туған деп жазады. Мұнда ол бидің 97 жыл жасағанын да атап көрсеткен. Алайда, А.Ысқақов пен Т.Арыновтың “Қаздауысты Қазыбек туралы жоқтау жыр” деген мақаласында жоқтаудың жарияланған 1925 жылын негізге ала отырып, Қанай бидің кенже ұлы Қожабайдың жасын салғастыра келіп, Қазыбекті 1661 жылы туып, 1758 жылы 97 жасында дүние салды деген тың пікір ұсынады. Біз осы соңғы деректі дұрыс па деп ойлаймыз («Қазақ әдебиеті» газеті, 1985 жылдың 11 января, 10-11 бет).

Аталған авторлардың жоқтау жырына зер сала карасак, Қаздауысты Қазыбектің өмір жолын екі қырынан танып білуге болатынын көреміз. Алдымен ол ел іші, ру арасындағы және үш жүздің билік-бітіміне әділ төрелік беруші дана кісі. Екіншіден, Қазыбек қазақ пен қалмақ елдерің татулық-достыққа шақырған кемеңгер шешен.

Ел арасындағы биліктерін айтқанда, жоқтау бидің кара қылды қак жарған әділдігі мен жоқ-жітік, момындарға қамқорлығын баса көрсетеді. Бидің қызы Манқанның атынан айтылған осы жоқтауда оның адамгершілік қасиеттері халық атынан бағаланып:

Қазаққа арнап жол салдың,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл
Аруағыңа таянып,
ие болды мал-жанға...
Қара қылды қак жарып,
Әділ өткен әкекем
Байыстан құлай иманға! —

дей келіп, Қазыбектің ұстанған жолының казак өміріне қолайлы болғаны баса айтылады. Бұл сөздерден оның Тәуке ханның тұсындағы “Жеті жарғыны” жасауға қатысканы ескеріліп отырған сияқты. Мұны келесі бір жолдарда тағы да қайталап:

Қазакка деп зан жасап,
 “Қазыбектің каска жол”, —
 Артына мирас қалғаны.
 Шариғат айтқан жол емес,
 Законың тағы қол емес,
 Дуалы ауыз айтқан соң,
 Қазакка бір жол салғаны —

дейді.

Осы аталған жоқтаудағы тағы бір ерекшелік: Қазыбектің көрші елдермен тату-тәттілік, бірлікке шақыруы дер едік. Бұған қарағанда бидің еліміздің бақ-талайы мен ырысының, болашағының бірлік-ынтымақта деп, соған үлкен сенім артқанын танимыз: Тіпті, елді үйреншікті Сыр бойынан Арқаға көшіруі де қапталдас жатқан жаудан іргесін аулақ салу екенін де аңғарамыз:

Сырдың бойын жаратпай
 Мал өсірер орын деп,
 Қазактын ұлын өндіріп,
 Қоныс әпердің Арқадан!
 Өсиет қылдың казакка:
 Сарыарқа болсын қонысың,
 Қалмак, сартпен жауықпа!
 Болмасын — дедін — жұмысын,
 Біреу саған жау болса,
 Паналауға жарайды,
 Мынау көрші орысын!

Ендігі бір түйінді мәселе: Қазыбек бидің қалмак ханына елшілік құрамында баруы туралы. Жоқтауда аңыз әңгімелердегідей емес, бидің қалмакқа барып, сөз таласында озып шығып, үлкен атақ-абыройға ие болуы он төрт, он бес жас емес, он сегіз жас еді делінеді. Сондай-ақ Абылай хан айтатын тоқсан адам саны да сарапталып аныктала түседі:

Белгілі шығар алашка,
 Қоңтажыға барғаның.
 Он сегізде сол күнде
 Қалмақтың сынға салғаның.
 Қазақты жоқтап қалмақтан
 Араға сөзді салғаның.
 Қалмақтың ханы Қоңтажы
 Жауаптан ұтып алғаның.
 Босатып едің, жан әкем,
 Тұтқында қазақ қалғаның.
 Талап алған шабынды
 Қайырып алдын бар малды.
 Ұлықсыз тоқсан жесірді
 Сол жерде анық алғаның...
 Батыр жинап ел шашпай,
 Қылыш шауып, оқ атпай,
 Ақылыңмен жол тауып,
 Қазақтың кегін алғаның!

Енді, осы қазақ, қалмақ тартысына келсек, мұндағы Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігі ерлікпен барабар дей аламыз. Қоңтажы да онай берілетін осал жау емес. Ол алғаш қазақ елшілігін түгел қырып жіберуге де ынғайланады, бірақ сыншысы мен әйелінің (енді бірде өзінің) сынауымен түр-тұлғасынан аяғын тартып келісімге келеді.

Топ басшысы Тайкелтір би ханның сұсынан тартынып, “берсең алдық, бермесен қалдық, сөзді өзіңе салдық” дегенде, қалмақ ханы құн қайыру былай тұрсын, “ат-тоныңның аманында елге қайтындар” деп кергиді. Сонда Қазыбек бүкіл қазақ елінің атынан тайсалмай, шындықты бетке басып сөйлейді: “Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, қыз туса құн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ қарпыскалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, балқытқалы келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы

табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Жана үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімінді айт, бермесең дірілдемей жөнінді айт, не тұрысатын жерінді айт”, - депті. Бұған Қонтажы не дерін білмей сасып қалыпты. Сасқанынан Қазыбекке жоғарыдан орын ұсынып, күтімдерін де жөндеуге, өткен-кеткеннің бәрін толығымен қайыруға уәде береді. “Ер болсаң, бопсаға шыда” деген осы болса керек, айтылған сөздің дәлдігі мен өткірлігі нысанаға дәп тиеді. Хан уәжден тосылып, елшілерге тоғыз-тоғыздан жол беріп, Қазыбекке екі сыбаға береді. Дауысының қанқылдауына қарап, оған “Қаздауысты Қазыбек” деген ат береді. Қазақ елшілерін өзі шығарып салған ханға бір жігіт сынған тісін, қолды болған тонын, астындағы атын даулағанда, хан бұған қарсылық білдіріпті. Сонда Қазыбек: “Тісі сынса, ауыз ішінде, қолы сынса жақ ішінде жүре беру керек деген сөз? Оның үстіндегі тоны жанат емей немене? Аузындағы отыз тіс болат емей немене? Астындағы ат канат емей немене? Ханның бізбен қарыспай біткені рас болса, жанатынан айырмай, болатынан майырмай, канатынан қайырмай, алғанын қайыру керек!..” – дегенде, хан тағы да сөзден тосылып, астындағы атын, үстіндегі тонын, болат қылышын беріп, төбе басында мең-зең күйінде қала берсе керек. Қазыбек бидің осы екі сөзін шешендік өнердің қайталанбас, тамаша бір үлгісі деп айта аламыз.

Қазыбек атақты Төле биден бата аламын деп әкесі Келдібектен рұқсат сұраса, ол кемеңгер биге жауап таба алмай күлкі боларсын депті. Қоярда қоймай жас бала әке ризашылығын алып Төлеге келіпті. Төле би жөн сұрасып болған соң: “Шырағым, бозбала әкесінен өтіп туады, бозбала әкесіне жетіп туады, бозбала кері кетіп туады”, – деген, сен соның қайсысын?” – депті. Сонда Қазыбек: “Өткенімді алдымдағы өмірім біледі. Өз ойымша, әкеме жетіп тудым-ау деймін” дейді. “Ә, шырағым, жарайсын!” деп Төле бұл жауапқа ризашылығын білдіріпті. Өз кезінде Қазыбек: “Алысыңыз қалай?” депті сынай қарап. Оған би: “Алысым жақын болды” депті. Қазыбек: “Тәттіңіз қандай болды” дегенде, ол: “Тәттім шырын болды” десе керек. “Несиеніз қандай?” “Несием шүкір, өніп жатыр”. Ауылға келген соң Қазыбек Төле бидің жұмбақ сөздерін түсіндіріп, “Алысым жақын болды” дегені “көзінің нұрын айтқаны”, “Тәттім шырын болды” дегені “ұйқысының

азайғанын”, ал “Шүкір, несием өніп жатыр” дегені “балаларының жақсы күтетінін” айтқаны деп түсіндіріп беріпті.

Орта жүз Қаракесек Қазыбек, Кіші жүз Алшын Қаражігіт болып үш жүз бас қосатын бір мәжіліске күн белгілеп Ұлы жүз Төле бидің алдына келіпті. Ол әуелі екі бидің шама-шарқын байқау үшін: “Уа, әлеумет, құс ұшса қанаты талатын, жүрсе тұяғы тиетін ат арқасы қияннан келіп отырсыздар. Осы аттың күші қай жерінде?” депті. Сонда біреу аттың күші алдында, біреуі артында, енді біреуі ортасында дейді. Бұған Төле: “Аттың күші алдында да, артында да болмай, ортасында болатыны қалай?” – дегенде, бір би: “Бас – басшы, артында – қосшы, астында – төрт тіреу бар ортасы – арқалық емес пе?” “Күш ортасында болатын себебі сол” – дейді. Біраздан соң Төле би айтыпты: “Бұрынғылар айтқан екен: “Би екеу болса, дау төртеу болады” деп, үш ел үш жаққа тартып, дау бітімі бытырамасқа төбе би сайлап қойса қалай болады?” – дейді. Жұрт мақұлдаған соң төбе биге талас болады. Ұлы жүз жағы “Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен” десе, Кіші жүз: “Біз боламыз, өйткені қара шаңырақ қалған” деп уәж айтыпты. Сонда манағы аттың күші ортасында деген жігіт: “Аға төреші болмайды, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды артында қайрылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да қауіпі зор, сол себепті билікті айтатын төбе билікті ортанша ұл алу керек” депті. Сонда жол Ұлы жүздікі деп бір ұлы жүз жігіті, ал артқы аяқты тілге тиек еткен Кіші жүз Қаражігіт би екен. Ал аттың күші ортасында, билікті ортаншы ұл айту керек деген Қазыбек би болып шығады. Бұдан кейін Төле би:

“Қой асығы демендер,
Қолыңа жақса сақа қой.
Жасы кіші демендер,
Ақылы асса аға қой! –

деген, уа, жаным Қазыбек, төбе биліктің абыройын саған бердік, айтқан сөздерін жүйелі болсын” деген екен. Оң жағына отырғызып батасын беріпті.

Қаздауысты Қазыбектің қара қылды қақ жарған бір әділ төрелігі Жантай деген бай мен жалшысының араздасуына орай айтылыпты. Жалшы “Сенен шығамын, ақымды бер” десе, ол: “Тісімді сындырдың, соның төлеуі үшін аламын” дейтін көрінеді. Екеуі

Қазыбекке жүгініске келеді. Жантай істің мәнісін биге: “Мынау менің жалшым еді, өзіммен төбелесіп, бір күрек тісімді сындырды. Мұның құнын сұрасам бермейді. Жалға жүрген ақымды бер деп жүр” депті. Жалшы айтыпты:

Мен жалға кірдім Жантайға,
Бір тай алмақ болып алты айға.
Бұл асына жарытпады,
Мен күшіме жарытпадым,
Содан барып төбелес туды,
Жазым болып күрек тісі сынды —

депті. Сонда би мынадай билік беріпті: “Ас-адамның арқауы еді. Жантай асқа жарытпаса, жалшыға күш қайдан дарысын. Аш кісі ұрысқақ деген, төбелестің шығуына да өзін себеп болғансын. Сондықтан мынаның ақысын бер, күрек тістен келер кемшілік жоқ. Ал, әйелдің күрек тісі әрі көркі, әрі жіп қиятын қаруы” депті.

Тағы бір билік жесірін алып қашып, содан екі жақ барымталасып, ел арасы бұзылады. Бұл дауды шешу үшін, үш жүздің би-шешендері бас қосыпты. Сонда Ұлы жүзден Төле би тұрып: “Мен аға баласымын, жасы үлкен, билікті мен айтамын” дегенде, Кіші жүз Мәлсе би: “Жоқ, мен атаның қара шаңырағындағы кенжесімін. Жасым кіші болғанмен, жолым үлкен, билік менікі” дейді. Орта жүз Қазыбек бұған күледі. “Жылағанды сұрама, күлгенді сұра деуші еді, сіз Қазыбек неге күлдіңіз?” деп сұрапты екі би. Сонда Қаздауысты Қазыбек айтыпты: “Сендер атадан туысыңды білсеңдер де оның өсиетін білмейді екенсіңдер, аталарын: “Ұлы жүзге таяқ беріп малға қой, Орта жүзді камшы беріп дауға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой” дегені қайда? Сүрінсем алдымда ағам, артымда інім бар, билік менікі еді ғой” депті. Бұл аталы сөзге екі жағы да тоқтап, билікті Қазыбекке беріпті. Сонда Қаздауысты Қазыбек төрелік айтып: “Уа, Үйсін Төле! Сен атадан үлкен туасың, ініңнің бір еркелігін көтермей жылқысын неге қуасың? Уа, жарқыным, Мәлсе! Сен ара шаңырақтағы еркесін, ағанның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесін? Сен, Мәлсе би, жесірді қайтар, сен, Төле би, жылқыны қайтар!” дегенде, екі жақ та бұған тоқтап, бітісіп қайтыпты.

Жас кезінде Төле би мен Әйтеке би екеуі Қаздауысты Қазыбекті сынамақ болып, бір ерге өтірік таласады, сөйтіп, оған жүгініске

отырыпты. Ер иесі Әйтеке, даулаушы Төле болыпты. “Қапталын қайын, қасың тал, Қазыбек қосқан ермісін?” деп Әйтеке би өз уәжін айтады. Төле би де ердің өзінікі екенін дәлелдеп, одан айрылмайтынын, керек болса жан беруге дайын екенін айтып қасарысыпты. Сонда Қазыбек би Төлеге қарап: “Сен қараның ұлы Төлесің, адам болайын деген немесің, қу ағаш үшін жан берме, жан берсен күніңнен бұрын өлесің. Сен екі шіркін, қартайғанда мені сынамай-ақ қойсаңдар нетті? Орта жүзде бір кісінің жауырыны жерге тимей-ақ қойса қайтеді?” деген екен.

Қаздауысты Қазыбектің ізгі адамгершілік қасиеттерін айғақтайтын әңгімелер де баршылық. Соның бірі: бакталас ағайыны Бертіс би жайында. Бұл кісі Қазыбектің ел ішіндегі атақ-абыройын көре алмай, бірде жасының үлкендігін малданып оны шақырып алып:

Ақылы елден артылған,
Ақылың болса мақтан,
Сенің жасың кіші ғой,
Ағаның алдына шығудан сақтан —депті,

Қазыбек бұған:
Бір бала бар атаға жете туады,
Бір бала бар атадан өте туады
Бір бала бар кері кете туады —

деп жауап қатыпты. Осыны кек тұтқан би күні бұрын дайындап қойған адамдарына белгі беріп Қазыбекті сабатпақ болады. Сол кезде аттың дүбірі естіледі, бұл келген бидің кенже інісі Бөдене батыр екен. Сабаймыз деген сабаздар тым-тырақай боп зытып беріпті. Ашулы Бөдене аналарға қылыш ала ұмтылса керек. Сонда Қазыбек інісіне: “Шырағым, бір қолың ұрысшы болса, екінші қолың арашашы болсын. “Ашу дұшпан ақыл дос, ақылына ақыл қос”. Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме” депті. Содан кейін былайша толғапты:

Өркенім өссін десен, кекшіл болма,
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десен, өршіл болма,
Өскенінді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға қастық қылма,

Жанашыры жоқ жарлыға,
 Қайғысы көшер басына.
 Жәрдемші бол асыға,
 Қиын-қыстау күндерде,
 Өзі келер қасына.
 Бүгін сағы сынды деп,
 Жакынынды басынба!

Ендігі бір бидің ел бірлігі мен болашағы туралы ой-арманын білдіретін әңгімесі “Ауруын жасырған өледі” деп аталады. Би Уақ руының және соған жапсарлас Арғынның басты адамдары әділ билікті параға айналдырды дегенді естіп, сол жақтан келген жолаушыдан мән-жайды сұраса, ол мінгірлеп ештеңе айта алмапты. Сонда Қазыбек:

Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
 Зорлықтан қорыққан амалсыз өледі.
 Айтпайын десе бұған сор,
 Айтайын десе елге сор.
 Отыз тістен шыққанды
 Отыз рулы ел білер.
 Қазақтың қайғысы қалмақ еді,
 Берекемен жауын алмақ еді.
 Мынау берекені бұзатын құрт ауру,
 Не қылған ауыр салмақ еді.
 Қазақтың түбіне жететін сұмдық дерт
 Зығыр майындай жайылмаса игі еді?! —

деп қайғыра толғапты.

Бидің бір топ толғаулары өмірдегі сыйластық, татулық, қадірмендік секілді маңызды мәселелерді шешуге арналады. Бұлары өзінің өткірлігі мен мәні жағынан мақал-мәтел іспеттес болып отырады. Мұндай сұрақтарға жауап беру бір карағанда, онша қиын да емес сияқты көрінуі мүмкін, алайда бұлардың ішкі қырсырын ашып, көркем өріп, көңілге қонымды етіп сипаттап беру қиынның қиыны. Осындай канатты сөздерді өмірден көп көріп, көңілге түйген дана кісілер ғана қорытып айтуы ықтимал. Бірде бас қосқан мәжіліс үстінде бір адам Қазыбектен: “Кім жақын, не қымбат, не қиын?” деген үш сұрақ қойыпты. Ол бұған такпақтап:

Тату болса, ағайын жақын,

Ақылшы болса, апайың жақын.
 Бауырмал болса, інің жақын, —
 Алдына тартқан адал асын, —
 Қимас жақын қарындасын.
 Сыбайлас болса, нағашың жақын,
 Адал болса, досың жақын..
 Бәрінен де әйелің жақын! —

деп бір түйіп тастайды да, екінші сауалға орай:

Алтын ұяң Отан қымбат,
 Құт-берекен атаң қымбат
 Аймалайтын анаң қымбат
 Асқар тауың әкең қымбат.
 Мейірімді апаң қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат.
 Ұят пенен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат —

деп, тағы бір тоқтап, үшінші сұраққа ауысады:

Арадан шыққан жау қиын,
 Таусылмайтын дау қиын,
 Шанышқылаған сөз қиын
 Жазылмаса дерт қиын.
 Іске аспаған серт қиын.
 Ақылыңнан адасып,
 Өзің түскен өрт қиын!

Сынасып ырғасқан айтыс-тартыстарда қарсыласының сұрағына сұрақпен жауап беру — ертеден келе жатқан тәсіл. Мұнда кейінгісі алғашқы кісінің жауабына сәйкес ұтымды уәж айту мақсатын көздейді. Бірде жас талапкер кіші жүз Қаражігіт Қаздауысты Қазыбекке сәлем беруге келсе, аға би:

Атадан жақсы ұл туса,
 Елінің туы болады.
 Атадан жаман ұл туса,
 Көшінің ең соңы болады —

деген, сен осының қайсысы боласың? — депті. Сонда Қаражігіт:

Ораздының кәрісі

Қартайғанда қазына болады.

Шиырлының кәрісі

Қартайғанда қазымыр болады —

деген. Сіз өзіңіз соның қайсысы боласыз? — депті. Бұған Қазыбек сынай карап: “Е, халқым сөзімді тындаса, қазынасы боламын” — дейді, сонда Қаражігіт: “Мен де халқым құп алса, елімнің туы болармын!” депті.

Қаздауысты Қазыбектің айтқан биліктерінің ішінен оның ерине опасыздық жасаған әйел туралы төрелігі жеке тұр деп айта аламыз. Қазыбек қалмақ-казак бітімінен кейін жол-жөнекей Қонырат еліндегі бір жігіттің үйіне қонады. Мал сойылып, қонакасы беріліп болған соң, үй иесі сырттағы үйшіктен жалба-жұлба киінген әйелді алып келіп, сүйек-саяқты оның алдына қояды да, шымылдық ішінде жатқан итке бір табак ет береді. Мұны көріп тіксініп қалған би істің мән-жайын сұрапты. Сөйтсе, әлгі келіншек жігіттің қыздай айттырып алған әйелі екен. Бір жаугершілікте қалмақтардың қолына түсіп, бір ойратқа тұрмысқа шығыпты. Кейін бітім болып, тұтқындарды қайтарғанда, әйелдің сонда кейінгі күйеуімен қалғысы келіпті. Күйеуі “ең болмаса әудем жер шығарып сал” деп өтінеді. Қалмақ күйеуі “ерсе алып кете бер” десе керек. Былай шыққан соң, бұрынғы күйеуі әйелінің мойнына қыл арқан салып күштеп алып кетпек болғанда, қалмақ жігіт артынан қуып жетіп екеуі алыса кетеді. Әйел кейінгі күйеуіне болысып, екеулеп мұны өлтірмек болғанда, казак жігітінің осы төбеті қалмақ жігітін жарып өлтірген екен. Міне, осыдан кейін екеуінің өмірі осылайша жүріп жатқан болып шығады. Осының бәрін естіп-білген Қаздауысты Қазыбек жігітке былай депті: “Жүрекке әмір жүрмейтінін білмей, күштарлықтың қызыл тілді күрмейтінін білмей, сен жүректі білекпен жеңбек болыпсың. Сенің өктемдігіңе көнбеген бұл айыпты емес, жүрекке ерік бермеген сен айыптысың. Одан соң бұл әйел басқаны ұнатқаны үшін емес, жауына болысып, сені құлатқаны үшін айыпты. Сонымен, айыпты айып жусында, ашуынды ақыл қусын. Бұл әйел төркінін тапсын. Сен өзің өшпенділіктен босап, еркіндігіңді тап!” деп, әділ билікпен шешім айтыпты.

Қазыбек би қалмақ ханына, аңыздарға карағанда, үш рет барған делінеді. Үшеуінде де ол өзінің тапқыр көсемдігімен, суырылған

шешендігімен жауда кеткен мал-жанды еселеп қайтарып алғаны мәлім. Ең соңғы сапары бидің тоқтасқан шағында болса керек.

Қазыбек қалмақ шабуылынан іргесін аулақ ұстау үшін өз елін Сыр бойынан Арқаға көшірмек болады. Сол мақсатпен Сарыарқаға қоныс қарай кетсе, баяғы Қонтажы хан бидің ауылын шауып, мал-жандарын айдап кетіпті. Ішінде бидің Қазымбек деген баласы да кетсе керек. Сондағы ойы: баланы өлдіге санап, өзіне бала етіп алу екен. Артынан қуып келген биге “балаң тірі емес” деп, құн төлеу ниетінде болады. Қазыбек бұған көнбей: “Жұмыр басты, екі аяқты адамымның өзін қайыр! Төрт аяқты, айдынды бозымның көзін қайыр! Ерім үшін құн алмай, өлісемін, бозымның көзі жоқ болса, екі есе құн аламын. Бұл айтқаным болмаса, тал түсте талап аламын” деп сес көрсетіпті. Сонда хан: “Ерім үшін құн алмай, өлісемін дегенді жөн делік. Ал, бозынның төлеуін екі есе қылып аламын дегеніңе жол болсын!” депті. Сонда Қазыбек: “Бозымның екі есе болатын себебі: белеңнен шыға келген қалың топтың ішінде оның жарқ еткен айбыны Қонтажыдай ханды да сескендіреді. Төлеуі толық боса, ендігіде есте жүреді!” дейді. Сонымен, сөзден тосылған хан бидің айтқанының бәрін толығымен орындап құтылыпты.

Ал енді, Қазыбек үшінші қалмаққа барған сапарында да талай құрылған қақпан, ауыр сыннан мүдірмей өтіп, жауын тізе бүктіре білген. Бір жолы қалмақ ханы оған мал-жанына қоса, онымен құда болып баласына өзінің қызын да беріпті делінеді. Сол сапардағы келіссөзде хан Қазыбекті сүріндіру мақсатымен оған үш сұрақ қойыпты. Бұл сұрақтарға ол ақылмен шамалап, ой елегінен өткізе отырып, дәлелді де уәжді жауап бере алған. Қонтажының бірінші сауалы өте күрделі. “Әуелінде не бар, ақырында не бар?” деген пәлсапалық сұрақ қояды. Қазыбек би: “Араға мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлі тумас па?” деп, алғашқысына ұтымды жауап берсе, ханның: “Аспан мен жердің арасы қаншалық жол?” деген сұрағына би: “Бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім: ешкім аспан мен жердің арасын құлаштап өлшеген жоқ, қадамдап басқан жоқ. Құн күркіреп жауғанда, ел дүрлігіп сасатын, құлақтарын басатын. Сонда құн күркірі шақырым жерден жететін. Кемпіркосақ құрылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Доғаланған иіні шақырымдай-ақ жерден өтетін” деп Қазыбек бұл сауалға да өзінше түсінік беріп. Астрономия ғылымынан хабары жоқ қалмақ ханы да жауапқа қанағаттанса керек. Үшінші сұрақ батыс пен шығыстың

арасы қанша жер дегенге тіреліпті. Сонда Қазыбек бұған да мүдірместен: “Не бары күншілік қана жол. Олай дейтінім: азанда шығыстан атқан күн ымыртта батысқа шаршап батады. Күншілік жер жүріп өтіп, ұясында қалжырап жатады. Ал, кереметті көзбен көрген, шығыс пен батыстың арасында зымыраған күнге ерген адамзатты көрген емеспін” депті. Қонтажы үндемеді.

Сөйтіп, Қаздауысты Қазыбек халқымыздың шешендік өнерінде өзінің тапқырлық, алғырлығымен, кемеңгер биліктерімен, уәжді шешендігімен елеулі із қалдырған ірі тұлға. Бүкіл өмірі ел мен елді татуластыру, сыртқы жауларға қарсы күресті ұйымдастыру, жауда кеткен есені қайыру, ел-жұрт намысын қиын сәттерде қорғап қалу секілді мәселелерде жарып шығып, тыннан жол салған данышпан би, басалқалы шешен. Сол себепті оның қиядан жол, қиыннан қисын тапқан өнегелі сөздері өз халқымен бірге жасай береді.

ӘЙТЕКЕ БИ

Қазақ билері туралы алғаш ғылыми пікір айтушылардың бірі Ш.Уәлиханов болатын. Ол өзінің «Сот реформасы туралы жазбалары» атты әйгілі еңбегінде: «...Билерді іс жүзінде ешкім ресми түрде бекітпейді. Олар Еуропадағы акындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты жеке беделі арқылы ел арасына сыйлы болады. Шекспир мен Гетені жұрттың бәрі ұлы акын деп таниды, бірақ олардың данышпандығы туралы пікір үкімет, декреттері немесе халықтың формальді сайлауы негізінде қалыптаспайды ғой, би беделі осыған ұқсас...», деп жазған еді. Ғалымның дала шешендерінің дарынын Еуропаның аса үздік талаптарымен қатар ұлықтауы билер тұлғасына берілген лайықты баға екені шәксіз. Шоқаннан соң, ұзамай-ақ бір қатар орыс-шетел оқымыстылары қазақ билерінің шығармашылығына назар аударып, сахарадағы «би және билік» жөнінде еңбектер жазыла бастады. Мәселен, Макшеев, Добромислов, Скороходов, т.б. орыс зерттеушілерінің кітаптарында қазақ хандығы тұсындағы билер сотының жүйесі, тарихы мен ұлттық ерекшеліктері жайында қызықты деректер мол ұшырайды.

Қазақ даласындағы шешендердің беделі мен сөз өнерінің күдіреті туралы В.Радлов, А.Янушкевич, Н.И.Ильминский, И.Харузин, т.б. ғалымдардың жұмыстарында да аз айтылмаған. Мәселен, сахарадағы сөз зергерлерінің соңғы тұяқтарының бірі Құнанбай қажы жөнінде поляк жиһангері: «Қазақтар оған минут сайын келіп, кеңес сұрап жатады, ол баха, ежелгі оракулдар (көріпкел-шешендер) сияқты белін таянған күйі суырыла сөйлеп отырады: үш ауыз сөзден соң шариғаттан тәмсіл айтады, оның зердесінің күштілігі сондай, үкіметтің жарлықтары мен пәрмендерін кітаптан оқып отырғандай жатқа соғады...» деп жазды.

Жоғарыдағы бейнелеу тек Құнанбай ғана емес, өткен дәуірде өмір сүрген қазақтың барлық берен тілді, берік байламды аузынан аталы сөзі кетпеген би-шешендеріне берілген әділ де дәл мінездеме деп ұғамыз. Бұл орайда, төменде біз сөз еткелі отырған Алшын Әйтеке Байбекұлы да қазақтың сөз өнеріне үлкен үлес қосқан қабырғалы билерінің бірінен саналады.

Жалпы, «би» деген сөздің түпкі мағынасы бек (бег), яғни түркілердің билеуші сөзімен тәркіндес екені еш дау туғызбайды. Ежелгі қытай жазбаларындағы деректерге қарағанда, ғұндар заманының өзінде-ақ «төбей», «чешен» секілді тұлғалардың ел басқарғаны жайында мағлұматтар бар. Ғұндардың атақты билеушісі Мөде қағанның қытай империясының Қатын патшасына жазған хаттарынан билік, шешендік сөздер түркілердің қоғамдық өмірінен ежелгі замандардың өзінде-ақ мәртебелі орын иемденгенін аңғару қиын емес.

Түркі халықтарының одан бергі дәуірлерден кейінге аталы сөзі жеткен шешен-билерінен Тоныкөк, Жүсіп Баласағұни, Қорқыт, Майқы, Кетбұқа секілді билер мен аузы дуалы шешен-жырауларды атар едік. Ал қазақ хандығы тұсындағы сөз зергерлерінің өзі билік пен шешендіктің, сәуегейлік пен жыраулықтың іргесі ажырамаған, қаймағы бұзылмаған қалпын байкатады, тегі тәркіндес тел өнерден қол үзбеген Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Марқасқалардың бойында сөз атасы осынау синкретті құбылыстың қайталанбас айшықтарымен жарқырай көрінгені де мәлім.

Десек те, қазақ билерінің қоғамдық қызметі мен әлеуметтік, һәм кісілік тұлғасының барынша айқындалып, мемлекет пен халықтық істерге көбірек араласқан тұсы XVII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Дәл осы уақытта қазақ ордасының билігіне Тәуке хан келді де көп ұзамай өзінің әйгілі ел басқару заңы ретінде «Жеті жарғыны» қабылдадым.

Міне, сол сын сағатта тарих сахнасына Ұлы жүз, Үйсін Төле би, Орта жүз Арғын Қазыбек би және Кіші жүз Алшын Әйтеке билер шыққан болатын. Өздерінің әділ төрелігімен, бұрусыз билігімен һәм кемел ойлы кемеңгерлігімен қалың жұртының құрметіне, бөленген бұл билер «Жеті Жарғы» заңының ережелері мен оның түрлі қоғамдық және жеке дау-жанжалдарға қатысты баптарын жүйелеуге белсене араласады. Әрине, аталған билер құр билік айтумен ғана шектелген жоқ. Олардың әрқайсысының сонына еретіндей тұтас бір ұлыс, жұрт, ру-тайпалары болды. Яғни, ақылға

кен, данышпан тұлғалар өз қарамағындағы кара халықты сүттей ұйытып, ел басына күн туған бұлғақ кезеңде жұртын бірлікке, ұлт батырларын ерлікке үндей білді. Қысқасы, сөзді қиында қиыстырды, елді жиында ұйыстырды, сөйтіп, үш жүздің баласын бір төбеге, бір тудын түбіне жиыстырды да, сыйыстырды.

XVII-ХVIII ғасырларда казак жеріне көз алартып, далиып жатқан даламызды жоңғар қосындары дамылсыз шабуылдады. Сайын дала төрінде тарыдай шашырап жатқан көшпелі казак жұрты көп шығынға ұшырады. Талай айдынды аруларымыз жау аттарының артына мінгессе, нелер айбынды батырлардың бастары да қалмақ нояндарының канжығасында кеткен кембағал уақыт еді ол. Әсіресе, 1723 жылғы Жоңғар қонтайшысы – Қалдан-Сереннің тұтқиыл шабуылы кезінде казактар Қаратау – Сыр бойынан Кіші жүздің батыс бөлігіне қарай үдере көшті. Шындығында, бұл көш казак ұлтының тарихындағы ең бір қаралы көш ретінде есте қалды.

Атақты «Елім-ай» әні де сол сәтте туған, казак баласының басынан өткізген ауыр қасіретінің куәсі болатын.

Алты ата Әлім тайпасына жататын Төртқара руының түлегі Әйтеке би де осы «Ақтабан-Шұбырынды, Алқакөл-сұлама» атанған алмағайып заманның «бел баласын» десек, артық айтқандық болмас. Өйткені Әйтекенің ат жалын тартып, жігіт атанғаннан бергі ғұмыры сол бір дүрбелен уақыттын дүрмегінде дерексіз кетті. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық шайқастарын басқарып, елдік жолында ерлік көрсеткен көптеген казак батыр-билері секілді Әйтеке би туралы да тарихи мәліметтер өте мардымсыз. Иә, расында да біз, казак оқырмандары, сонау осыдан 300 жылдай бұрын өмір сүрген билеріміз бен батырларымыз туралы тарихшы ағайындарға аса жоғары талап қоямыз. Ал, сайып келгенде, күні кеше ғана өткен бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан каншама батыр боздақтарымыз із-түзсіз, тіпті, атаусыз кетті десеніңші!

Осы тұрғыдан келгенде, Әйтеке би мен оның замандастары жайындағы деректер неге аз деуіміздің өзі орынсыз. Ең бастысы, олар мүлде жоқ емес. Егер сол бар мәліметтердің өзі сенімді болса, соның өзі жетіп жатыр. Себебі, кейбір дүмше тарихшы-әдебиетшілеріміздің кателігі де сонда – олар жоқтан бар жасағысы келеді, кейде, тіпті, өмірде болмаған адамның өзін қолдан жасауға еш шімірікпейді.

Жалпы, біздің білетініміз, Әйтеке би тарихта шын болған адам. Ол жайында қазақ оқымыстылары арасында тұңғыш мәлімет беруші – профессор Халел Досмұхамедұлы. Алаш қайраткері өзінің 1926 жылы Ташкент қаласында басылған «Аламан» атты кітабында Әйтеке би әулетінің толық шежіресін келтірген. Сірә, жазылған уақытына карағанда, аталмыш шежіре 1920 жылғы Ә.Диваев экспедициясы барысында жергілікті Сыр Шөмекейлерінің білгір шежірешісі Молдиман Шонтайұлынан алынған болуы керек. Ғалымның көлемді қолжазбадан келтірген мәліметі бойынша, Әйтеке бидің тегі былайша таратылады: Әлімнен – Жаманак, Ұланак, Қарамак, Айнык, Тегінболат; Қарамашактан (Төртқара руының лакабы – С.К.) – Оразгелді, Ораз, Жаншұқыр, Қараш; Ораздан – Ақбан, Токбан; Токбаннан – Тоғамыс, Шобан, Сейітқұл; Сейітқұлдың Сары бәйбіше атты әйелінен Сейтімбет, Төлес, Ақша би; Ақша биден – Байбек, Шалым; Байбектен – Әйтеке би. Осы аталған Сейітқұлдың Қаракемпір атты екінші әйелінен туған жеті ұлдың біреуі – Самарқанды билеген атышулы Жалантөс баһадүр. Айта кетер бір жай, Әйтекенің аталары Ораз, Токбан, Сейітқұл, Шобандар да, немесе ағасы Жалантөс те, өз әкесі Ақша да ел арасында сыйлы, беделді би, батыр ретінде аты шыққан, әрі түрлі мемлекеттік қызметтерге араласқан ұлысбегі, әскербасы, бек, яки қарадан шығып хан болған қадірменді, тілінен де, қолынан да келетін кемеңгер жандар екен. Төртқара руының жақсылары туралы сөз қозғай келе Халел: «Төртқара руы ерекше жауынгерлігімен көзге түседі, олардың арасынан атақты адамдар көп шыққан және қазақтардың аузы біріккенше Кіші жүз ішінде үлкен орны болды. Жалантөстің ағасы Ақша би өз кезінде атақты би болған. Ақша бидің немересі – Әйтеке би жарғы шығарушы үшеудің бірі еді» (3,43), – деп нақтылай түседі. Сондай-ақ, ғалым Сейітқұл әулетінің ұрпақтары қазіргі Ақтөбе облысының Темір, Ырғыз және Қызылорда облысының Қазалы аудандары мен Өзбекстан аймағында тұрып жатқаны жайында да жазған. Ал кейінгі кездерде жарық көрген бірқатар зерттеу мақалаларда жоғарыда айтылғандарға алып-қосарлықтай өзгеріс, не жаналық жоқтың қасы. Демек, Әйтеке би Байбекұлының шыққан тегі, өскен ортасы туралы ғылыми жұртшылықтың пікірі де бір арнаға тоғысканы аңғарылады. Тек ілгерідегі әдеби мақалаларда Әйтекені Шекті Қаражігіт бимен шатастырған жағдайлар болса да, кейін түзетілгенін білеміз.

Сөйтсе де, Әйтеке би өміріне қатысты шешілмеген түйіндер баршылық. Соңғы кездері жергілікті бұқаралық ақпарат көздерінде оның туған, өлген жылдары мен жерленген жері жөнінде әркілы болжамдар ұсыныла бастады. Мәселен, 2005 жылдың қазан — қараша айларында жарық көрген «Ана тілі» газетінің бірнеше санында «Әйтеке би кабіріне байланысты аңыз бен ақиқат» атты сериялық мақалалар топтамасы жарияланды.

Аталған мақалада өлкетанушылар мен зерттеушілердің Әйтеке бидің туған жылы ретінде топшылаған төрт түрлі мерзімді ұсынады:

а) 1644 ж.; ә) 1666 ж.; б) 1682 ж.; в) 1683 ж. Сондай-ақ, оның өлген мезгілі де 1700 жылдан 1766 жылға дейінгі алты түрлі уақыт межесін көрсетсе, тиісінше Әйтеке би 56, 63, 47, 80, 84 жастардың бірінде қайтыс болса керек. Дегенмен, бұл пікірдегілердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін айыру әрі маңызды, әрі тым күрделі мәселе. Олардың арасында күмәнді яки қайшылықты дереккөздерге сүйеніп, қателікке ұрынатындары да жоқ емес.

Мәселен, Әйтеке биге байланысты әжептәуір жер төгіп, ізденістерге толы, іргелі еңбек жазған каламгерлердің санатында жазушы Ә.Кекілбаев пен М.Есләмғалиевтерді атар едік. Алайда екеуі де Кіші жүз биінің туған-өлген жылдарын анықтау барысында Қожаберген жырау «шығарыпты» делініп жүрген «Елім-ай» жырындағы мәліметтерге сүйенген. Дастанда:

...Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті, —

деген жолдардың бары рас. Сонымен бірге, жырау өз туындысын 1723 жылы жонғарлар қазақ даласына кенет шабуыл жасағанда жаудан қашып келе жатып шығарған. Жырдың әнін өзімен бір атқа мінгесіп келе жатқан сүйген жары Айша шығарып айтыпты-мыс делінеді. Сөйтіп, Әйтеке Байбекұлы жайындағы зерттеу мақаласында Ә.Кекілбаев жоғарыдағы жыр жолдарына сүйене отырып, би «Ақтабан Шұбырынды, Алқакөл Сұлама» оқиғасынан бір жыл бұрын қайтқан, демек Әйтеке 1722 жылы қайтыс болуы мүмкін десе, енді бірде оның «Қаракұм құрылтайынан» бір жыл бұрын, яғни 1709 жылы опат болғандығын жазады және екі жағдайды да жазушы «Елім-айда» айтылатын «56 жасты» тілге тиек ете келе, Әйтекенің туған-өлген жылдарын соған мөлшерлеп

көрсеткенін көреміз. Ал екінші бір, Әйтеке би туралы көлемді тарихи эссе-роман жазған қаламгер М.Есләмғалиев те негізінен Қожаберген жырау дастанының деректеріне көбірек сүйенеді. Бұл пікірді қолдаушылар мейлінше көп. Олар Сыр өңірі мен Самарқан маңындағы шежіреші қазақтардың ауызекі әңгімесіне сүйене отырып, «Жалантөс өлгенде (1756 ж.) Әйтеке 12 жаста болған», ендеше әйгілі бабамыз 644 жылы туып, 1700 жылдары 56 жасында өмірден озған деп есептейді. Сондай-ақ зерттеушілердің көбі Әйтекенің жасын Тәуке, Төле би, Қазыбек билермен салыстыра есептеп, бидің олардан үлкен, не кішілігін дерексіз дәлелдеуден аса алмағаны аңғарылады.

Шындығына келгенде, ғылыми ортаға тек 70-жылдардың соңында ғана мәлім бола бастаған Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының екіұшты деректеріне карап, Әйтеке секілді ата-бабалары сонау Сейіткүл, Ақша, Жалантөстерден бермен қарай ел билігіне белсене араласқан бүкіл Орта Азия аймағына мәшһүр әулеттің белгілі ғұмырбаянына тыннан бірдене қосам деудің өзі әбестік. Біздіңше, Әйтеке би әулетінің шежіресі оның кейінгі ұрпақтарына дейін үзілмей жетті, демек, Алшын Төртқаралар арасынан шыққан осынау ордалы шанырақтан тараған текті жандардың өмірі жайында өз жұрағаттарынан сұраған әділірек болар деп ойлаймыз. Екіншіден, соңғы уақыттары жұртшылыққа кең насихатталып жүрген Қожаберген жырау мен оның «Елім-ай» дастанына төлтума шығарма ретінде қарауға қандай ғылыми негіз бар?

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына 1974 жылы Қ.Биғожин дейтін ауыз әдебиетін жинаушы тапсырған «Елім-ай» дастаны мен Қожабергеннің өзге шығармалары жөнінде институттың сол кездегі белгілі мәтінгер ғалымдары М.Ғұмарова, Т.Қанағатов, О.Нұрмағамбетовалар өте ауыр сын айтқан. Шынында да ӘӨИ-дың Сирек қордағы 863, 853, 766-нөмірлі бумаларында сақтаулы Қожаберген, Сегіз Сері шығармаларының қолжазбалары мәтіндік жағынан да, поэтикалық тұрғыдан да еш сын көтермейтін дүбәра дүниелер екенін көпшілік ғалымдар мен әдебиетшілер қауымы ескере бермейді.

«Елім-ай» дастанының мәтінінде мынадай өрескел қайшылықтар ұшырайды. Мысалы:

Еділ мен Жайық жақтан көш келеді. //

Көш бас сайын бір топ нар бос келеді, —

деп келетін жолдардың шынайлығы күмән тудырады. Немесе осы беттегі:

«...Басынан Алатаудың көш келеді, //

Көшкен сайын жорғалар бос келеді».

Сондай-ақ, 162-беттегі «Басынан Қаратаудың көш келеді, //

Көш бас сайын тайлақтар бос келеді» деген жолдардың тарихи шындыққа да, эстетикалық талғамға да еш жанаспайтын оғаш тұстары бар. Себебі қазақ халқының басына үлкен нәубет әкелген Жоңғар шапқыншылығының қасіретін бейнелейтін осынау тарихи жырдың мазмұны бойынша Каралы көш Қожаберген жырау жазыпты-мыс дегендей Алакөл, Алатау, яки болмаса Еділ – Жайықтан емес, Қаратаудың басынан келгені, қазақ тайпаларының Сырды жағалай Оңтүстікке – Орта Азия бағытына және батысқа – Жайық – Ор тарапына қарай бет алғаны басы ашық мәселе. Сонымен бірге, көш жағалап жалғыз келе жатқан тайлақ – ол түйе төлі емес, образ арқылы өрнектелген, метафоралық мәні түздіктерге ежелден етене болып кеткен адамзат баласы. Әйтпесе, «тайлақтан» кейін «Қарындастан айрылған жаман екен, // Қара көзге мөлтілдеп жас келеді» демес те еді. Яғни, тайлағымыз – енесінен адасқан ботадай ата-ана, туыс-бауырдан айырылған мұңлық сәби, шапқыншылықтың зардабынан жапа шеккен, жаны жаралы жетімек болса керек. Халық әндерінде бозбала жасты кертайлақ, бозтайлақ дейтін сөздермен ауыстырып, айшықтап әнге қосу жиі кездесетіні белгілі. Сондай көне әндердің бірінде «Жігіттің мен де өзіндей бозтайлағы» деп те айтылады. Шынында, жас адамның қайғылы қабағы мен жас толы жанарын қазақтар жас тайлақ пен ботаның аялы көздеріне ұқсатып, «Көзі боталап тұрн деп астарлайтыны рас. Ал Қожаберген жыраудың «Елім-айында» көш бас сайын қаптап келе жатқан «бұл неғылған жорғалар, нарлар мен тайлақтар?» деп қатты таң қалдық. Бұл арада қазақтардың дәл осы жолы Қаратаудан тоз-тозы шығып босқан көшінде «бұт артарға» көлік болмай, атакты Арғын Әнет бидің жаяу жүруге жарамай жұртта қалып кететіні еске еріксіз түседі. Ат былай тұрсын, есек те болмағандықтан табандары тозып, жаяу шұбырған көштің алды Сыр бойындағы «Алқакөл» деген жерге жетіп, сұлаған екен дейді ескі ел әңгімесі. Сол себептен аталмыш тарихи оқиға қазақ халқының санасында «Ақтабан-Шұбырынды» деген атаумен әйгіленіп, мәңгі жатталып қалған болатын. Осы айтылғандардың

өзінен-ақ, Қожабергенге телінетін «Елім-ай» жырының мәтіні өте сенімсіз, кейінге кезеннің лексикалық, грамматикалық және стилдік таңбасы мол орынсыз бұрмалаулар мен жадағай қоспалары көп қолдан жасалған татымсыз туынды екендігі көрініп тұр.

Біздің бұл ойымызды белгілі қаламгер, жыраулық поэзия жәдігерлерін жанын сала зерттеген ғалымдардың бірі М.Мағауиннің мына пікірі де қуаттайды: «Керей Қожаберген деген жырау болған. Алтынсарин хрестоматиясында аты аталады, бір үзік толғауы жүр. Бірақ белгілі Бұқарды қайталайды. Мүмкін, ортақ сарын. Мүмкін, әуелде Қожабергенге тиесілі тіркестер. Алайда, Бұқарға біржола кіріккен. Ал Қожаберген атына қатысты басқа бір нұсқалар кейінгі кездің жамауының астында қалған. Аршып алу мүмкін емес. Сөйтіп, Қожабергенмен қоштастым». Демек, әдебиет тарихындағы есімі елеусіз, кейінге қалдырған мұрасының мәтіні көмескі, қолжазба материалдарының көпшілігі күмәнді болып келетін жырау шығармасының екі ұшты мәліметіне сүйеніп Әйтеке би өмірінің ақтандық тұстарын анықтаймыз деу — ғылыми тұрғыдан алғанда еш негізсіз деп білеміз.

Жоғарыда жазғанымыздай, көптеген зерттеушілер Әйтекенің 1723 жылғы жонғар шабуылына дейін-ақ дүниеден өткенін, яғни 1700-1722 жылдар аралығында бакилық болғанын көрсеткен. Мәселен, Ә.Кекілбаев 1748 жылдың күзінде Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, оған тікелей кінәлі адам Барак сұлтанды жазаға тартқан билердің қатарында Әйтекені де атаған Ш.Уәлихановтың пікірімен келіспейді. Жазушы: «Өйткені, оның тізелестері Төле мен Қазыбек билердің «Ақтабан» оқиғасынан кейінгі өмірінің негізгі сипатын сол кездегі орыс-қазақ қатынастары құжаттарынан ұшырастыруға болады. Олардың қай жылы туып, қай жылы өлгені де сол деректер бойынша айқындалып отыр. Ал, аталмыш кезеңдегі орыс-қазақ қатынастары жайындағы деректерде Әйтекенің аты ұшыраспайтынын» айта келіп, «Алты алашты аузына қаратқан әкелері тұрғанда Жалтыр мен Қонысбай білектерін сыбанып, талас-тартыстын ортасында жүрер ме еді? Жан-жаққа хабар шаптырып, аузы дуалылардың лебізіне құлақ тосқан Барак сұлтан мен Әбілқайыр балалары Әйтекеге нағып хабар салмайды? Хабар салса жауабы қайда? Жоқ қисынға келмейді. Соған карағанда, ол кезде Әйтекенің көзі тірі болмаса керек» (8, 120) деген қорытынды жасайды.

Аталған кітапта Қазыбектің Төле биден төрт жастай кіші

екендігі, ал Әйтекенің олардан едәуір үлкен болуы мүмкіндігі де айтылған.

Тарихи жағдайларға және қисынға сүйенсек, жазушы пікірлерінің жаны бар. Дегенмен, ойланатын тұстары да жоқ емес. Мәселен, Ә.Кекілбаевтың жазғанындай, 1748 жылдың 27 қыркүйегінде Бопай үйінде Шакшак Жәнібек батыр қатысқан Орта, Кіші жүз ру басыларының кеңесіне Барактың одақтасы Батыр сұлтанды да шақырып келу үшін әлгі төрт би жұмсалады. Олар барса Батыр сұлтанның үйінде Әйтеке бидің балалары Жалтыр мен Қонысбай, Шекті Тілеміс билер бастаған игі жақсылар отыр екен. Ендеше, біз де деректі қисынға сүйеніп көрелік. Соңғы пікір бойынша Әйтеке би Байбекұлы 1700-1710 жылдар аралығында қайтыс болған. Олай болса, 1644 жылы туған делінетін бидің үлкен балалары Жалтыр мен Қонысбай шамамен 1670 жылдары дүниеге келген деп есептейміз. Сонда Жалтыр мен Қонысбай Әбілқайыр хан өлетін 1748 жылы жетпісті еңсеріп сексенге таяп қалған қарт билер екендігі аңғарылмай ма? Бұл жағдайда Кіші жүз ішінде ғана емес, қазақ арасында ықпалы жүретіндей аталық жастағы Жалтыр мен Қонысбайдың сол оқиғадан жарты ғасырдай бұрын байлық болған әкелерінің атымен «Айтекбиевые дети» делініп жүруі де күдік тудырады. Өйткені, әлдеқашан өмірден өткен Әйтекенің есімін орыс елшісінің білмеуі былай тұрсын, «елу жылда — ел жаңа» дейтін қазақтардың өздері үшін де «көзден таса, көңілден ұмыт» болатындай уақыт еді бұл. Расында да қазақ жеріне алғаш рет, қорқынқырай қадам басқан Тевкелевтің де, тілмаш Гуляевтің де Әйтекенің марқұм болғандығы турасында еш сілтеме жасамай-ақ, құдды бидің көзін көрген жандай кесіп-пішіп жазуы қалай? Шынында да зерттеушілер айтқандай, бұл кезеңде Әйтеке туралы ешбір тарихи мәлімет болмаса, тіпті оның аты да аталмаса, әлгі орыс келімсектері Әйтекені қайдан білген, не болмаса, оларға хабар әкелуші қазақтардың танымайтын елшілерге ілгеріде сүйегі қурап қалған Әйтекенің атын атап несі бар? Демек, біздіңше, 1748 жылдың шамасында Әйтеке әлі тірі, не болмаса би жақын арада ғана пәниден қайтқан сияқты. Оның үстіне өзгелерді Шөмекей Жалған би, Шекті Сырлыбай би, Мөнке би, Ысық Көбек би, Бағаналы Өтебай би, Төртқара Қаратоқа би деп ру-ныспыларымен айтқанда Әйтеке балаларының шыққан тайпа-әулетін білмеді деуге келмейді. Бізге белгілісі, тарихи деректер бойынша Орта жүздің ұлысбегі Қазыбек бидің баласы Бекболат би де Қонысбай

мен Жалтыр сияқты әкесінің тірі күнінде ел билігіне араласып, орыс мұрағаттарында «Казыбек бидің баласы» деген анықтамамен берілгенін көреміз.

Сонымен қатар ОҒК Сирек қорында сақтаулы Жанқожа батыр жайындағы қолжазба материалдарының арасында Әйтеке биге қатысты мынадай бір аңыз-дерек кездеседі. Онда 1748 жылы Әбілқайыр хан өлгеннен кейінгі Барак сұлтан мен Арғын Сырымбет батырдың үстінен қозғалған билік істері жөнінде де айтылады. Бұл аңыздың айтуы бойынша, Әбілқайыр өлтірген кезде оның жанында бірге көшіп жүрген рулар ханның құнын даулап, билердің алдына жүгінсе керек. Сірә, бұл кезде қылмыскер Барак сұятан Жонғар жеріне қарай қашып кеткен де, оған тікелей көмектесіп, Әбілқайырдың басынан айбалтамен ұрған, оны ат үстінен құлатып, ханның өліміне себепші болған Сырымбет батыр да ажал құшса керек. Сонда билердің бірқатары кімді кінәләп, кімнен және қанша құн даулау керектігі турасында келісе алмай дағдарысып қалыпты. Осындай қысылтаяң сәтте ортаға камшы тастаған Әйтеке би дауды қиыннан қиыстырып, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіпті-мыс.

Әйтекенің кесімі мынау: Ханның құны жеті адамның құнына, ал батырдың құны үш кісінің орнына жүреді. Арғын Сырымбет батыр Әбілқайырды өлтірсе, сіздер жақтың кісілері Сырымбетті ажалға байлады. Олай болса, хан мен батырдың айырмасы — екі кісінің құны болмақ. Арғын-қыпшақ жағы жаппастарға екі адамның құнын төлесін, — депті міс (8,12).

Осы сияқты ауыз екі әңгімелер мен тарихи аңыздарға қарап, Әйтеке бидің XVIII ғасырдың 40-50 жылдарына дейін өмір сүруі мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Соған орай, оның өмірбаяндық шежіресін әлде де зерттеп, толықтыра түсу қажеттігі күн тәртібінен түспеген мәселе. Қалай болғанда да “ел басына күн туып ер етігімен су кешкен” алмағайып дәуірдің дана перзанті, қазақ халқының аса қадірлі ұлдарының бірі Әйтеке бидің шешендік сөздері жұрт жадында сақталып, есімі ел есінде дәріптеліп келгені мәлім.

Әйтекенің алғашқы билік айтуы ат теуіп өлтірген баланың құн дауына байланысты баяндалады. Дау көтеруші жақтың кісілері Әйтекенің аулына келіп, алдарынан кезіккен баладан Қосуак бидің үйін сұрайды.

Сонда Әйтеке: — Баланызды ат босағада телсе бүтін құн, төрде

тепсе, төрттін бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар, осыны айтпаса қосып айтар. Бидің ауылы-анау, жолдарыңыз болсын! – деген екен.

Шынымен де баланың айтқаны дөп келіп, Қосуақ би де осындай кесім айтыпты. Болашақ ұлыс биінің тырнақалды төрелігі осы болса керек.

Әйтекенің есімі ел-жұртқа көрегендігімен, тапқыр шешендігімен һәм бұрусыз билігімен кең танылған. Сондай-ақ, Кіші жүз биінің жасанған жауға қарсы қол бастап шыққан ерлігі де халық арасында аңыз болып тараған. Ауызша айтылатын ел әңгімелері Әйтеке би ол төрелік жасаған дау-бітімдердің бірқатарын Төле, Қазыбек билердің есімімен байланыстыра баяндайды.

Бір аңызда Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ертеректе өлген бір кісінің құнын даулап кіші жүзге келеді. Дау бірнеше күнге созылып, екі жақ келісе алмайды. Бір күні есік жаққа отырған бір жігіт:

– Асқар тау, сенде бір мін бар – асу бермейсін, тасқын су сенде бір мін бар-өткел бермейсін, билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсін! – деп әріптестерін сабырға шақырған екен.

Әсіресе Әйтекенің Орта жүз Орманбет биге айтқан мына бір сөзі өткірлігімен де, үлгілі өнегесімен де ел жадында мәңгі сақталып қалды. Ұлы жүз, Орта жүз билері қатысқан “Қасқакөл” дауына Әйтеке би Орманбетке:

– Бай болсаң, халқыңа пайдан тисін, батыр болсаң, дұшпанға пайдан тисін, бай болып пайдан тимесе, батыр болып жауға пайдан тимесе, жұрттан алабөтен үйін күйсін! – депті-міс.

Жалпы, Әйтеке әулеті арғы аталарынан бері биліктен қол үзбеген, руымен ұлысына, қала берді жалпак жұртына жөн көрсетерліктей туымды да текті шаңырақ болып саналады. Тарихы мұрағат деректеріне қарағанда Төртқара Сейітқұлдан өрбитін Қаратоқа бидің есімі де елге қадірлі, аса беделді, дана кісі болған. 1748 жылы Әбілқайыр ханды өлтірген Барак сұлтанның өз басына төрелік айтсын деп сұраған төрт бидің бірі және төбе биі – осы Қаратоқа. Ал Әйтеке бидің өз кіндігінен тараған ұлдары елдің тізгінін, сөздің шылбырын ұстаған турашыл, ер мінезді жандар болғандығы тағы белгілі.

Жалтыр мен Қонысбай Әбілқайыр ханның Ресеймен жасаған бодандық туралы келіссөздеріне о бастан қарсы шығып, оның қарсыласы Шекті руының билеушісі Батыр Сұлтанның жағына

шығып кеткенін көреміз. 1748 жылы Батыр сұлтанды хан көтеруші топтың арасында белсенділігімен көзге түсушілердің бірі — сол Әйтеке ұрпақтары. Сірә, бидің төрт баласы да әке тәрбиесінен үйреніп, ішіндегі дау-шарға жастайынан-ақ төрелік етсе керек.

Әйтеке ұрпақтары — Жалтыр, Қонысбай, Көбек, Өміртайлардың билік сөздерін Кіші жүз ғана емес, Орта жүз қазақтары да жырғып айтып жүргендігін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған халық аңыздары да растай түседі. Мысалы. Бір әңгімеде Орта жүз батырлары мен билері Арғын Қаракесек пен Күлік арасындағы барымта дауына келісе алмай керілдесіп ұзақ отырып алады. Орталарына атакты Едіге, Жанабатыр, Олжабай, Жарылқап сынды батыр-билер де бар екен. Сонда жолаушылап келе жатып, сәлем бере тоқтаған төрт кісінің бірі:

Асқар тау, сенде бірмін бар,
Асуынды бермейсін.
Аккан су сенде бір мін бар,
Кешуінді бермейсін.
Жарылқап, сенде бір мін бар,
Көлденен неге бермейсін?
Едіге, сенде бір мін бар
Көпке неге тізгін бермейсін?! —

деп жүре берді, — дейді. Отырғандар бұлардың кім екенін біліп қалайық десіп, жүгіріп барып, жөн сұрасып, тіл қатысты дейді. Сөйтсе, ол жолаушылар Кіші жүз Алшын Әйтеке бидің баласы Өміртай деген екен. Сонан соң Едіге көпке тізгін беріпті де, Жарылқап көлденен беріпті-мыс. Бұл шешендік сөз ілгеріде Әйтекенің Төле, Қазыбек билерге айтқан белгілі сөздеріне ұқсағанмен, одан гөрі нақтырақ, әрі толығырақ екені көрінеді. Оның үстіне Өміртаймен бірге әлгідей тарихи тұлғалардың қатар аталуы — аңыздың шынайылығын әйгілеп тұр. Тағы бізге кіші жүздің кісілері Қаракесек Арғынның бір батырын өлтіріп, екі жақ барымталасып, соның дауын бітіру үшін бала жігіт Өміртай Қазыбек бидің үйіне келіп түсіпті. Бидің өзі жоқ екен, бәйбішесі жас биді қонақ етіп жөн-жосық сұрапты. Жұмысын білген соң:

— Балам, биге жолығам деп отырған жеріне бармай-ақ қой, осында жат. Көп басы қосылған жер жынның ойнағындай болады. “Ішкен мас, жеген тоқ” деген сөз бар. Кіші жүзбін деген соң, бір ит тарпа бас салар, — депті. Өміртай:

— Уай, шеше, көп басы қосылған дуда “жақсының күйі түседі,

жаманның сыйы түседі” деген, көп отырса барайын, — деп жүре беріпті. Көп ортасына кіріп барып, биге сәлем беріп алдына тұра қалыпты.

— Қай бала боласын, карағым, — дегенде:

— Ұрығым — кіші жүз, Алшын, атам Өміртай, Әйтекенің баласы болармын, — депті. Сонда естіген біреу:

— Өміртай болсаң, өлмеймін, — деп келдің бе? — дейді.

— Өтетұғын кісі осынша жерге келе ме, өзі, — депті.

Сонда би:

— Балам, жарайды, жарайды. Өзіңе де болайын, сөзіңе де болайын, — деп оң тізесіне алыпты. Мұндай мысалдар өте көп. Осылардың бәрі казактың Кабырғалы билерінің бірі, от ауызды, орақ тілді шешен һәм мемлекет қайраткері Әйтеке байбекұлының соңына өлмес мұра, өнегелі өсиет қалдырған кемел тұлға екенін дәлелдейді. Қорыта айтқанда, Әйтеке би мен оның дәстүрін жалғастырушы ұрпақтарының ғұмырбаянын толықтырып, әдебиетіміз бен мәдениетімізде алатын орнын теренірек пайымдайтын іргелі зерттеулердің мезгілі жеткен сияқты.

СЫРЫМ ШЕШЕН

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында сөз өнерінен әлде бір өнер асады деген түсінік, ұғым болмаған. Ел өзінің өткен тарихын, өз тұсындағы тұрмыс-тіршілігінің барша саласындағы қуанышы мен ренішін, алдынан күткен, іздеген арман-тілегін түгелдей сөз өнері арқылы танып, сөз өнері арқылы танытқан. “Өнер алды – қызыл тіл”, “Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген секілді асыл сөздер халықтың тұрмыс-тіршілігінде сөз өнерінің алатын орны мен атқаратын қызметінің маңызы мен мәнін ашатын сипатымен бағалы. Байырғы дәуірлерде қазақ даласында кісінің атақ-данқын асқақтата шарықтатқан санаулы ғана өнер болған. Оның бірі – соғыс ісін жүргізу өнері; екіншісі – билік; үшіншісі – сөз өнері. Осылардың бастысы да, бастаушысы да сөз өнері. Шешен сөздің майталман шеберлері өздерінің де, өзгелердің де атақ-данқын тұтас елге шығарғанда, тіл өнерінің күдірет-күшіне, шешендік өнеріне, ақпа-төкпе ақындық талантына, таным байлығы мен білім тереңдігіне бірдей сүйенген. Бұл қасиет қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі Сырым Датұлының (1742 - 1802) таланты мен танымы үшін де жат емес. Сырым Датұлы жоғарыда аталған өнер түрлерін бірдей меңгерген, соғыс ісін жүргізу өнері, билік өнері, шешендік өнер салаларын тән ұстаған.

Сырым Датұлының батырлық ісі, билік қызметі, елдің теңдігі мен тәуелсіздігі жолындағы халық қозғалысының басшысы ретінде жүргізген күресі М.П.Вяткиннің “Сырым батыр” (Алматы, 1951) атты монографиялық еңбегінде зерттелді. Сырымның шешендік сөздерінің жиналуы мен жариялануы, зерттелуі бағытында Б.Адамбаев, Н.Төрехұлов секілді ғалымдар едәуір еңбек сіңірді. Сырымның шешендік сөздері жарық көрді (1994). Сырым туралы

С.Мұқанов та ой толғап, пікір айтты. Сырымның шешендік өнері жайында С.Негимов айтқан ойларда да соны сарын, жаңа леп бар. Әдебиет, заң саласындағы ғылымдар аясында кандидаттық диссертациялар да қорғалды. Алайда Сырымның шешендік сөздері толық жиналып болды деуге ерте. Сырымның шешендік өнерінің арнайы зерттелу жайы да әдебиеттану ғылымының бүгінгі талаптарын қанағаттандыра алады деп айта алмаймыз. Қоғамның бүгінгі сұраныстары халықтың мәдени мұрасын, соның ішінде билер дәуірі әдебиетін түгендеуді, жинақтауды, саралап, сараптауды, жаңаша бағалауды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде, шешендік өнердің жалпы теориясы, жеке шығармашылық тұлғалардың шешендік өнері, солардың ішінде Сырым Датұлының шешендік даралығы жүйелі түрде зерттелуге тиісті аса ірі, мәдени және ғылыми маңызы жоғары, өзекті мәселелер қатарына жатады.

Сөз өнерінің талантын әлем таныған алғашқы ұлы шебері әрі теоретигі римдік Марк Туллий Цицерон (б.з.б. 106-43 жылдар) шешендік өнер мен өнердің басқа түрлері арасындағы ортақ белгілер мен дара ерекшеліктерді саралап көрсеткен. Ол шешендік өнер мен ғылым арасындағы байланыстар жүйесіне де кенінен сипаттама береді, қайсыбір ойларын Аристотельдің пікірлеріне сүйеніп түйіндейді. Алдында өткен даналардың ақиқатқа айналған ой-толғамдарын басшылыққа ала отырып, Цицерон ғылымды тастай түйілген жұдырыққа ұқсатса, шешендік өнерді саусақтар сала-сала болып жазылған ашық алақанға балайды. Шешендік өнер кісінің бойына оқу-білім арқылы емес, көктің күдіретімен даритынын көрсетеді. Ғұлама тастай түйілген жұдырық бейнесі арқылы ғылыми ойдың бұлтартпас дәлелділігін, нақтылығын баса көрсетсе, ашық алақан арқылы шешендік өнерге тән жүйелілік пен бейнелілікке назар аударады. Сөйте отырып ол шешендік өнердің мәні мен мағынасы ғылымға негізделетіні туралы бағалы пікір түйеді. Мұның өзі — Цицерон сөз өнеріне тән басты қасиеттер қатарына ойдың терендігін, бұлтартпас дәлелділігі мен нақтылығын да қосып отыр деген сөз. Бұдан шешендік сөздің ерте дәуірден-ақ өз жүйесінде өнер мен ғылымның белгілерін бірдей ұстаған күрделі, синкретті құбылыс ретінде танылғаны белгілі болады. Осы қасиетіне орай шешендік өнер тыңдаушы елдің ойы мен сезімін бірдей баурап, бірдей билейді. Шешендік өнердің философия, логика, этика, эстетика, тарих, этнография, тіл, әдебиет, заң, психология секілді ғылым салаларымен тығыз байланыста дамып отырғанын да көне дәуір

ғұламасы орынды айтады: Бұл ой көне дәуір мәдениетінен казак билер дәуірінің әдебиетіне дейін үзбей жалғасады. Көрсетілген байланыстың табиғаты басқа құбылыстар арасындағы байланыстар сипатынан мүлде бөлек, ол тұтастыққа ұласып кетіп отырады. Мұндай байланыстың немесе тұтастықтың әрбір құрамдас саласын біліп, игерудің өзі қыруар еңбек пен уақытты талап ететінінде сөз жоқ. Ал аталған ғылым салаларын, олардың өзара байланысу, үндесу жолдарын жете білудің үстіне солардың бәрінің табыса, тоғыса келе біртұтас күрделі құбылысқа айналу сырына бойлау ілуде біреудің ғана қолынан келген. Батыр көп болғанда, шешеннің саусақпен санардай аз болуының басты себебі осында. Төле бидің: “Батыр деген — барак ит: екі долы қатынның бірі табады. Би деген — бір бұлақ: қатынның ілуде біреуі ғана табады”², — деген қанатты сөзі де би мен шешеннің, шешендік өнердің болмыс-бітімін, дара табиғатын терең танудан туған. Өнер мен ғылымның басқа түрлерінің қай-қайсысы да өз пәнінің аясынан аспайды, олардың әрқайсысы өзімен-өзі болғанда ғана қоғамдық ойдың дербес саласы ретінде сақталып қалмақ. Ал олай болмаған жағдайда олардың қай-қайсысы да мәнін, мәнімен бірге пәнін жоғалтып аларында сөз жоқ. Шешендік өнердің басқа өнер түрлерінен және ғылым салаларынан айырмашылығы — оның пәнінде де, әдісі мен тәсілінде де ешқандай шекара болмайды. Шешендік өнер үшін асуға болмайтын жалғыз-ақ шекара бар. Ол — ақыл-ой, ар-ождан, абырой шекарасы. Ақыл-ойдан таятын, ар-ожданнан аттайтын, абыройдан ажырайтын межеден арғы жерде шешен де, шешендік өнер де жоқ. Сырым батыр да өз өнерінің маңызы мен мәнін ақыл-ойға, ар-ожданға, абыройға негіздеген. Осы ретте Сырым үлгі алған, ғибрат тапқан шешендік өнер мектебі туралы айтқан артық емес. Шешендік өнер жолын тандаған жан, халықтың дәстүрлі дүниетанымына сәйкес, алдындағы ірі, ел ардақ тұтқан би-шешендерден үлгі үйренген, бата алған. Осы дәстүр бойынша, Сырым Байбақтының биі болып тұрған кезінде аймақтағы үлгілі қарт би Малайсарының алдына барады. Малайсарының Сырымға берген батасы М.П.Вяткиннің ілгеріде көрсетілген еңбегінде былай баяндалады:

“Балам, асыл үш сөз бар, - дейді Малайсары. - Егер осы үш сөзді ұмытпасаң, ел де сенін төңірегінде болады. Егер ұмытсаң,

¹ Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. М., 1972. с.114-147.

² Төле би. Өсиет сөздер / Құрастырған, алғы сөзін жазған. С.Дәуітов. А., 1991. 14-б.

сенің қасында ешкім де қалмайды. Ол үш сөз мынау: ар, намыс, ел алдындағы борыш. Тағы да саған айтатыным: жақынға жара түсіремін деп асық болма, алыстағыға күйе жағамын деп асық болма”³.

Сырым билік қызметінде, батырлық ісінде, шешендік өнерінде Малайсары бидің осы өсиет сөздерін халықтың әдет заңының қасиетті талабындай бұлжытпай орындады, өзгелерге де соны ғибрат етті.

Көне дәуір шешендері шешендік өнер негіздері туралы алғашқы білімді тиісті оқу орындарынан алып, бұл орайдағы өз дағдылары мен шеберліктерін ұштауда өздеріне дейінгі өнерпаздардың еңбектеріне сүйеніп, сөз ұстар алдында жазбаша жаттығу жұмыстарына ерекше көңіл бөлген. Көркем сөздің көне заманғы майталмандарының тәжірибелері белгілі бір мәселе төңірегіндегі негізгі хабарларды, деректерді тұтас игеріп, оларды ой сарабынан өткізу, сөйтіп тиісті тұжырымның бұлтартпас дәлелділігіне жазбаша түрде еңбектену нәтижесінде ғана қол жеткізуге болатындығын көрсетеді. Оның үстіне жазбаша жұмыс жүргізіп жаттығу сөздің дәлелділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның ырғақ жүйесі мен мағыналық құрылымына тән мөлшерлі тәртіп пен өлшемді өрнекті де күшейтіп, ажарлай түседі. Айтар ойын жазулы толғауға айналдырып, әр пікіріне атан түйеге жүк болардай ауыр салмақ дарытып, әр сөзінен көзді арбап, көңілді баурайтындай ажар танытып дағдыланған шешен сөйлер жерге келгенде, жазбаша да, ауызша да ағыл-тегіл көсіле беретін болса керек. Сонымен қатар шешендер арасында алдын-ала жазбаша жаттығу жұмыстарын жүргізбей-ақ, тиісті мәселе бойынша бірден сөйлеп кету тәжірибесі де мол болған және бұл ретте де неше түрлі өткір сөздер, отты лебіздер айтылған. Алайда ежелгі дәуір шешендерінің тәжірибесінде дәлелділігі, жүйелілігі жағынан бұл секілді түрде айтылған сөздер алдын ала жазбаша түрде дайындалған, екшелген сөздер сияқты қуатты да құнарлы бола алмаған.

Шешендік сөздің тарихы мен теориясында қазақ халқының қиыннан қиыстырып, суырып салып айту өнерінің маңызы мен мәні өте жоғары. Қазақ шешендері өз сөздерін көне дәуірдің сауатты шешендері секілді жазбаша дайындап, әр іс туралы айтар ойын алдын ала кесіп-пішіп, тіпті сөзін жатқа айтып жаттығып

³ Вяткин М.П. Сырым батыр. А., 1951. 200-б.

отырмаған. Өмірдің сан алуан құбылыстары, олардың тарихи болмысы мен тарихи сипаты, мазмұны мен мәні — қай-қайсысы да көне дәуір шешендерінің қойын дәптерінде жүретін болса, қазақ шешендерінің ойында сақталған. Қалыптасқан таным мен талғам талаптарына орай кез келген құбылыс туралы тұжырымды, кесімді пікірді де олар табан астында айналасы теп-тегіс жұмыр пішінге, өлшемді, мөлшерлі түрге түсіре білген. Сырымның шешендік өнері мен өнегесі де осындай ерекшеліктерімен дараланады. Сырым мен Ақсуат би арасындағы шешендік дау сөзінен Сырымның қызыл тілге жүйріктігі, қиыннан қиыстырып, табан астында суырып салып айтуға шеберлігі ғана көзге түсіп қоймайды, сонымен қатар ойлаудың даралығы мен ойдың саралығы да байқалады..

Сырым Ақсуат биден құн дауын даулапты. Ақсуат жасы да, айналасы да толған, толысқан, төрт құбыласы түгел би екен, Сырымды өзіне тең көрмеңгі, ашылып сөйлей де қоймайды. Сырым оны сөзге тартып, жөн сұрайды. Сонда Ақсуат мына сөзді айтқан екен:

“Бала, менің аты-жөнімді сұрасаң; айтайын. Елімді сұрасаң — Әлім, жерімді сұрасаң — Бұйырғын. Атымды сұрасаң — Ақсуат. Осы елдің ортасындағы бір қазығымын. Айналаман ел кетпейді, алдымнан дау кетпейді”.

Сырым Ақсуат бидің сөзі айтылған бойда былай деп салады:

“Би, сөз білесіз, суатпын деп мақтанбаныз: су жаманы — суат, басынан сокпақ кетпейді. Қазықпын деп мақтанбаныз: мүлік жаманы — қазық, басынан тоқпақ кетпейді. Бұйырғын деген шөп болады, жеген мал тоқ болады, қауқары жоқ болады, тышса — бөк болады”.

Ақсуат бидің сөзі мен ойынан өзіне өзінің көңілі толған, Сырымды менсінбеген қалып байқалады. Соны сезген Сырымның намысы келіп, табан астында қисын тауып, Ақсуаттың мақтан көріп айтқан сөзін де, сөзінің жөнін де жоққа шығарады, тіпті іске алғысыз етеді. Әрине, Ақсуат бидің сөзінде де ауыр салмақ жатыр. Елдің ортасындағы қазығы болу астарлы, ауыспалы мағынада айтылған сөз. Мұны айналасына ел үйірілген, ел-жұртының ұйытқысы болған би ғана айта алады. Мұндай биік деңгейге бидің бәрі жете бермейді. Бұл реттен келгенде, Ақсуаттың мақтануында сөкеттік жоқ. Шешендік өнердің теориясы мен тәжірибесінде сөздің көп мағыналылығы, тура мағынасы мен бірге бұрма, астарлы мағынасы үлкен көркемдік қызмет атқарады. Сөйте тұра шешен астарлы, ауыспалы мағынада айтқан сөзінің өзіне келіп

тимуеу жағын мұқият қадағалауы шарт. Сөз жүйесінде баяндалған әр құбылыстың, оны жеткізетін сөздің бір ғана мағынасы болуы керек. Сөз бен ойдың анықтығы мен айқындығына суреттілік ешбір көленке түсірмеуі шарт. Ал шешен айтқан сөзі арқылы дау желісіндегі ойларын қарсыласының басқаша, өз пайдасына пайдаланып кетуіне жол бермеуі қажет. Ақсуат би қарсыласының шешендік өнеріне немқұрайды қарап, қырағылығын жоғалтты, сақтықты ұмытты. Соның нәтижесінде дауға бастайтын сөздің мағыналық дәлдігін, анықтығы мен айқындығын сақтай алмай қалды. Сөйтіп өзінің мәртебесін көтеру үшін, сөзді тура мағынада емес, бұрма мағынада пайдаланды. Ал сөздің тура мағынасын қарсыласының өзіне қарсы қару етіп пайдалануына жол берді. Сырым бұл мүмкіншілікті тамаша пайдаланды. Ақсуаттай атакты бидің мақтанып, баптанып айтқан артықшылықтарының бәрін мансұқ ету және сонысына Ақсуаттың өзін иландыру Сырым үшін оңай болмағаны анық. Сөйтсе де ол дегеніне жетті: Ақсуат ауыспалы, астарлы мағынада айтқан “қазық” сөзінің тура мағынасын тандап алып, ойының жүйесін “қазық” сөзінің нақты да затты, тура мағынасына құрды да, қарсыласының сөзіндегі жүйені үзді. Сөзінің жүйесі үзілген соң, Ақсуат та бір, басынан тоқпақ кетпейтін қазық та бір болып шықты. Сырым мұнымен де тоқтап қалмай, бидің масаттанып айтқан атынан да кемшілік табады: Ақсуат та бір, басынан соқпақ кетпейтін суат та бір болып шықты. Сөйтіп, би өзі ардақтаған атының абыройынан да, өзі мақтан тұтқан тұғырының абыройынан да лезде көз жазып, адасып қалды. Сырым Ақсуаттың ауыз толтырып айтқан жерін де сүмірейтіп шығарады: шөп болады – жеген мал тоқ болады, қауқары жоқ болады – тышса, бөк болады. Ақсуат бидің мақтан тұтып, масаттанып айтып отырған жері Бұйырғын ақырында осындай болды. Қарсыласының сөзін оның өзіне қарсы қару етіп қолдану, сөздің жүйелілігі, ойдың дәлелділігі Сырымның шешендік талантын тамаша ашады. Осының бәріне Ақсуат би көнген, төзген қалып танытады, қарсы айтар уәж таппайды. Қарсыласын мұндай күйге түсіру шешеннің шешенінің ғана қолынан келмек. Сөзді ойнату, ойды құбылту – суретті ойлаудың қызметі. Ал суретті ойлау жүйелі, дәлелді келсе, оның үстіне қиялдың ұшқырлығымен ұштасып, алғырлығымен астасып жатса, шешеннің өнерінің де өрелі болғаны.

Сырымның би аты мен шешен аты қатар шығып, ел аузына іліге бастағанда, ақылы асқан ақсақалдар оны Бақай атты сыншының

алдынан өткізеді. Алдына сәлем бере келген Сырымды қолынан ұстап тұрып, Бақай сыншы былай деген екен:

Иә, Сырым бала,
Жоктан бар болдың,
Айырдан нар болдың.
Көңдей камқа тозды,
Атадан ұл озды,
Анадан қыз озды,
Боздан бурыл озды.

Көпті көрген көне көз сыншы Сырымды көзімен де, сөзімен де сынап, тамырын басады. Көзімен көріп, тамыр ұстап білгенімен қоймай, айтқан сөзіне жауап күтеді. Сонда Сырымның айтқан жауап сөзі мынау екен:

Иә, Бақай ата,
Жоктан бар болсам,
Құдайдың құдіреті болар.
Айырдан нар болсам,
Атам үлек болар.
Көңдей камқа тозса,
Киюі салак болар.
Атадан ұл озса,
Еркіндігі болар.
Анадан қыз озса,
Шіркіндігі болар.
Боздан бурыл озса,
Жүйріктігі болар.

Ілгеріде халық ішінде неше алуан сыншы болған. Мал сыншысы бір басқа да, кісі сыншысының жөні бөлек. Қазақ пен қырғыз тарихында айтқан сыны айнамай келген кісі сыншылары аз емес. Бақай сыншы солардың соңындағы бір тұяқ болса керек. Мұндай сыншының көзбен көріп, тамыр ұстап білгенінің өзінде мол сыр барында сөз жоқ. Бірақ Бақай сыншы Сырымның ақыл-ойы мен таным деңгейін білуді мақсат етеді. Сырым сыншының бұл сынынан да мүдірмей өтеді.

Жоктан бар жасаудың, жоктан бар болудың жөні. Құранда:

баяндалған. Сырым Бақайдың бірінші сынына Құран аятына сай жауап береді. Сыншының келесі сындарын шешен халықтың дәстүрлі дүниетанымы негізінде қабылдап, соған орай тұжырым жасайды. Соңғы сөздің мәнісі көпшіліктің бәріне бірдей түсінікті болмауы мүмкін. Бұл, негізінен, тұлпардың сынына қатысты. Тұлпар туған жануардың түсі бірнеше рет құбылады. Ақырында боздан бурылға айналады. Тұлпардың сыны туралы ілгерідегі сыншылар осылай айтқан. Сырым өз ойын осындай халықтық таным негізінде түйіндейді. Соның салдарынан оның айтқан сөзінен топтанған жұрт та, топтан озған Бақай сыншы да мін таба алмайды. Сырым ел сынынан, осылайша, білімінің тереңдігімен, танымының байлығымен, ойының алғырлығымен, шешендігімен өтеді.

Қазақ шешендерінің, солардың қатарында Сырымның да, сөз майталманы ретінде қалыптасуы, өнерін өсіріп, шеберліктерін шындауы арнаулы оқу орнында, шешендік өнер мектебінде, ұстаз алдында емес, сахаралық тұрмыс-салт жағдайында өткен. Арнаулы мектеп, үйретуден жалықпаған арнаулы ұстаз жоқ сайын даланың төсінен шыққан алуан шешендердің, билердің сөздері бүгінде қазақтың өзін де, өзімен өзектес басқа жұртты да тандандырмай қоймайды. Өйткені қазақ шешендік өнері тапқыр сөз, шешен сөйлеу ғана емес. Қазақ шешендік өнерінің әлеуметтік қызметі де, мазмұн-мағынасы да, сыртқы ажар-көркі де өте күрделі, көп салалы, көп қырлы. Әлеуметтік қызметі жағынан шешендік өнер қазақ даласында бірнеше қоғамдық ойдың міндетін қатар атқарған. Өмір құбылыстарын көркемдік-эстетикалық жоғары деңгейде толғау (сөз өнері), өмір құбылыстарының мәні мен тегін, олардың өзара өзектес сырларын толғау (философия, тарих), өмір құбылыстарының тәлімдік мазмұнын толғау, ғибратлану (халық педагогикасы), өмір құбылыстарына қоғамдық баға беру мен үкім айту (билік), т.б. — қазақ шешендік өнерінде осылардың бәрі бар. Сондықтан қазақ шешендік өнерін ғылым мен өнердің, қоғам мен өмірдің өзара тұтасқан, тоғысқан деңгейінде көрініс тапқан арнасы ретінде қарау дұрыс. Қазақ шешендік өнерінің мағыналық-құрылымдық жүйесі, ықпал ету аясы қаншалықты кең, жан-жақты болса, қазақ шешенінің өзін де жұрт сондай көп қырлы, терең сырды, әмбебап өнарпаз болғанда ғана мойындаған. Сырым осындай өмір мектебінен өткен.

Қазақ шешендік өнерінің қалыптасып, дамуына, өркен жаюына мейлінше зор ықпал еткен бірнеше факторлар көзге түседі.

Олардың бастылары мынадай болып келеді: 1) халықтық әдет-заны жүйесі; 2) халықтық сот билігі жүйесі; 3) халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты; 4) халықтың ақындық, жыраулық өнері; 5) халықтың айтыс өнері; 6) халықтың тарихи тағдыры мен дүниетанымы. Халық ұғымында осы көрсетілген салаларда өмір құбылыстарының мән-мағынасын терең біліп немесе олардың әрқайсысының өмірдегі нақты көріністерімен жете таныс болып қана қоймай, өзін солардың бәрімен біртұтас сезініп, солардың бәрін өзінің күнделікті өмір-тіршілігінің басты өзегі мен өлшеміне айналдыра алған, сөйтіп, ел ықыласына өзінің әділдігімен, кендігімен, биіктігімен бөленген әрі өнерпаз, әрі ғұлама адам ғана шешен атағына ие болған. Мұндай биікке көтерілген шешеннің сөзі билік секілді тұжырымды, бұлтаруға жібермейтін дәлелді, ой мен сезімге бірдей өтімді болады, түр-түсі, көркемдік кестесі мінсіз өріліп, әңгіме болып отырған құбылысты көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай әрлі де нәрлі, сәнді де мәнді қалыпта бейнелейді. Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би шешендік өнердің осындай биік белесіне шыққан. Бөлтірік шешен мен Сырым да шешендік өнердің шынайылығы мен шырайлылығына қол жеткізген талантты шығармашылық тұлғалар.

Сөз өнерінің көне замандардағы білгірлерінің бірі Аристотельдің байқауы бойынша, шешендік сөздің болмыс-бітімін белгілейтін үш белгі бар: тіл, стиль және құрылым-жүйе. Шешендік өнердің басты қуаты тілде. Тілінің қуаты жоқ кісінің сөзінен шешендік өнердің өрнегін іздеу ретсіз. Тілі күрмеліп тұрған сөзден стиль немесе тас бұлақтың суындай сылдыраған келісім табуға талпыну ағаттық болады. Сондықтан сөз өнерінің бастапқы теоретигі Аристотель тілдік көркемдеу құралдарына, тілді ажарлау тәсілдеріне ерекше көңіл бөлген. Ұлы ойшылдың көркем сөз тіліне қоятын басты екі талабы бар: оның бірі — тілдің айқындығы, екіншісі — тілдің сәулеттілігі. Анық сөйлеу, айқын, шынайы айту әркімнің қолынан келмесе де, әркімге қойылатын талап осындай. Аристотельдің айтып отырғаны жай, ауызекі сөйлеудегі айқындық емес, көркем тілдің айқындығы, поэтикалық тілдің анықтығы. Көркем поэтикалық тілмен сөйлеу әркімнің қолынан келе бермейді. Ал, көркем, поэтикалық тілмен анық та айқын сөйлеу — нағыз шебердің ғана мандайына бі-

⁴ Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества. Вып. 2. Казань, 1872. с. 166-167.

тетін ерекше қасиет. Сырымның жоғарыда талданған сөзінен осы қасиеттің жарқылы көрінеді.

Сырымның бірқатар сөздері өмірлік тәжірибелер негізінде туған нақыл сипатты болып келеді. Солардың бірі мынадай үлгіде:

Табалдырықтан биік тау жоқ,
Жаман ағайыннан мықты жау жоқ.

Екі тармақ шешендік сөзде теңіздей терең мазмұн бар, сылдыраған келісім бар. Ұғым, түсінік жалпыға ортақ, көпке таныс секілді көрінуі ғажап емес. Өйткені шешен шындықты айтып отыр. Шындық жалпыға ортақ. Сөйте тұра осының бәрі Сырымның өз өмірінің шындығы екенін де есте ұстау керек. Сөз мазмұнындағы шындық та, сол арқылы ашылған ой мен сезім де қайшылыққа толы. Ал енді мазмұнның осындай тереңдігіне, келісімнің осындай сылдыры мен сынғырына жету үшін, шешеннің жаны мен жүрегі қалай жанып, қалай күйгенін жаратқаннан басқа ешкім білмейді, біле алмайды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде үйдің табалдырығының өзіне тән қызметі, соған сәйкес мәні бар. Табалдырықты баспау туралы тыйымның мәнісі зор. Алайда табалдырықтың тау болғанын кім көріпті? Ағайынның арасында ала да, құла да, есті де, есер де бар. Соған карамастан, халық: “Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимайды”, - деген ғой. Жаманның жау болғанын кім көріпті? Құдайдың күдіреті, достыққа жарамаған ағайынның жаулыққа жарағанын көрмейсіз бе... Бәрін айтпай, бірін айтқанда, ағайынның аласының ниеті бір басқа, құласының тілегі бір басқа. Ағайынның естісінің ісі бір басқа, есерінің ісі бір басқа. Аланы кім жақсы көріпті, есерді кім дос тұтыпты? Күнделікті тіршілікте табалдырықтан аттап ішке кірген немесе сыртқа шыққан кісі ешнәрсені аңғармайды. Табалдырыққа мән де бермейді, көз де тоқтатпайды. Өмірде не болмайды... Күндердің күні болғанда, тобықтан аласа табалдырықтан аттау көкпен тілдескен таудан асудан да қиын болады екен. Мұны өмірдің қилы сынынан өткен намысты ер ғана айтпақ. “Табалдырықтан биік тау жоқ” тармағы – тұтасып жатқан образ. Елдің теңдігі мен тәуелсіздігі жолында түн қатып, түсі қашып жүрген шақтарда Сырым талай үйдің табалдырығынан аттап, талай азаматтарға ой салған, олардың еріне көңілі толған, ездерінен көңілі қалған. Ағайынның жақсысы жанынан табылып, жаманы жамандығына басып, жауға айналған. Бұған

таңдануға болмайды. Жаманның ісі кашанда солай. Жамандығын, надандығын сезе тұра, біле тұра, алмағайып заманда ердің етегіне, жақсының жағасына қол созады. Өзінде жоқтың орнын сонымен толтыруға талап қылады. Мына сөзде Сырымның өзі басынан өткеріп, жанымен сезінген осындай шындықтың уыты бар.

Үгітті ұққанға айту керек,
Ақылды жұққанға айту керек,-

деген сөздің негізінде де осындай мән жатыр. Орынсыз, жөнсіз тұрған бір сөз жоқ. Бір сөзді өзгертуге немесе толықтыруға болмайды. Қысқа. Анық та айқын. Дәлелді. Бейнелі. Көңілге де, көкейге де қонымды. Жаңадан ақыл айтып жүрген бірәу болмаса, көкірегі ояу, көзі ашық жанның бәріне түсінікті, ғибратты.

Тілдің айқындығы мен оның көпшіліктің көкейіне қонымдылығы, ұғымдылығы арасында үлкен айырмашылық бар. Шешен өз сөзін қатардағы қалың жұрттың сөйлеу деңгейінде айтатын болса, онда оның сөзі көпшілікке түсінікті, айқын болғанмен, ешкімді тұщындыра алмайды. Мұндай сөздің шешендік сөз үлгілеріне еш қатысы жоқ. Белгілі ұғымды күнделікті қолданылып жүрген сөздің өзі білдіретіндей, тіпті одан да анық танытатын, бірақ танымға тосын, жаңа, сондай-ақ бейнелі, суретті, әсерлі түрде танытатын сөз ғана шешен өнерінің өрісін кеңейтіп, қадірін арттыра алады. Бұл ретте өмір құбылыстарының табиғи болмысына тән қасиеттер мен оны бейнелеп көрсетіп тұрған суретті сөздің мәні арасында тиісті қарым-қатынас толық сақталуы тиіс. Суретті сөздің мәні мен сәні сол сөз арқылы беріліп отырған өмір құбылыстарының өз мәні мен өз ісінен айқындығы, бейнелілігі жағынан әлдеқайда асып түсіп жатуы шарт. Шешендік сөз ел алдында айтылатын болғандықтан, оны айтудағы үн, әуез бен ырғақтың да маңызы жоғары. Маңызды, мәнді құбылыс туралы терен ойды көпшілікке белгілі жағымды әуезбен, жайлы ырғақпен жеткізгенде ғана оны айтудағы тілдің айқындығы, әсерлілігі мен бейнелілігі сақтала алады. Шешеннің сөзі оның көмейінен үн де емес, әуез де емес, құр айқай болып шықса, оның тілінің сұлу ажары мен анық-айқын табиғатында ешқандай да қасиет қалмайды. Дауыс, дыбыс, әуез тұрпайылығы сөздің де, ойдың да қадірін қашырады. Абайдың “Құр айқай бақырған құлаққа ән бе екен?” деуінің сыры осында. Сөздің ішкі қуатын, мазмұн тереңдігін құбылыс сипатына орай

тиісті әуезбен, ырғақпен ажарлап қана қоймай, солардың бәрінің негізін түзетін ой дәлелділігін толық қамтамасыз еткенде ғана сөйлеушінің өзін — шешен, сөзін шешендік сөз деудің бір шарты орындалады. Сонда ғана сөз жүйесін табатын болады. Сырымның талдау пәні болып отырған шешендік сөздерінің ырғақ жүйесі толық, әуезі нәрлі, ойы дәлелді.

Шешендік өнер үшін сөздің анықтығы мен айқындығы қандай қымбат болса, шешеннің сөйлеу стилі де айрықша маңызды. Әр шешеннің тек өзіне ғана тән ойлау және сөйлеу ерекшелігі барында сөз жоқ. Ол ерекшелік те сөз болып отырған құбылыстың мазмұны мен мәнін неғұрлым терең, анық та айқын ашатын болса ғана ерекшелік, өйтпеген жағдайда, ол — әурешілік.

Сөз анасы — құлақ,
Су анасы — бұлақ,
Жол анасы — тұяқ,-

деген үш тағанның шырайы метафоралық қолданыстағы сөздердің суреттілігі мен бейнелілігінде, анықтығы мен айқындығында ғана емес, сонымен қатар құрылым жүйесінің симметриясы мен гармониясында жатыр деуіміз керек. Стиль ерекшелігі, шешеннің стильдік даралығы да осыдан басталады.

Дау мұраты — біту,
Қыз мұраты — кету,
Жол мұраты — жету,-

секілді үш тағанның да поэтикалық түзілімі келісті, пікір дәлелді.

Шешендік өнердің теориясында сөздің суреттілігі бар да дәлелділігі бар, дәлелдеу бар да сендіру бар. Қайсыбір шешендердің сөзінде суреттілік жетіп артылғанда, дәлелділік кем түсіп жатады. Енді біреуде дәлелділік болғанмен, соған сендіру, иландыру жағы жетіспейді. Сырымның сөзінде суреттілік те, дәлелділік те, сендіру мен көндіру де бар. Сырымның сөз жүйесінде халықтың тұрмыс-тіршілігінің, әлеуметтік санасының, тілі мен ойының жанар жасқағандай асыл зері оның шығармашылық даралығының сәні мен салтанатына оранып көрініс тапқан. Шындығына келгенде, Сырымның шешендік өнерінен халықтың ғасырлар бойы екшеліп, сұрыпталып келіп саф алтындай асылға айналған қағидасының қадір-қасиеті танылады.

Шешеннің таланты — ерекше талант. Оған тән бірнеше қасиет бар. Солардың ішінде ақылдың алғырлығы мен сезімнің сергектігі атқаратын қызмет аса маңызды. Ақыл кез келген кісінде, кез келген атакты ғалымда болады. Ақыл-ойдың кемелдігінсіз ғылым да жоқ, ғалым да болмақ емес. Бірақ ақыл-ойдың тереңдігі немесе кемелдігі мен алғырлығы — екі түрлі категория, екі бөлек ұғым. Ғылым мен білім ақыл-ойды арттырып, жетілдіре түскенмен, ақылдың алғырлығына тікелей ықпал ете алмайды. Ақылдың алғырлығы ғылым мен білімге тәуелді емес. Ғылым мен білім ақылға алғырлық қасиетті бере де алмайды, дарыта да алмайды, өйткені ақылдың алғырлығын адамға табиғат қана сыйлайды. Ақылдың алғырлығын шешеннің туа біткен талантының басты қасиеті ретінде танудың себебі осында. Сезімнің сергектігі туралы да осыны айтуға болады. Ақылдың алғырлығы мен сезімнің сергектігі шешеннің ойын шарықтатып, қиялына қанат береді. Шешен табиғатына тән деп есептелетін басқа қасиеттер, білім, тәжірибе, шеберлік — бұлар шешеннің ғана емес, сондай-ақ барша жұрттың бойына жүре келе, еңбектің, үйренудің, тәжірибенің нәтижесінде қалыптасады.

Шешен сөйлеу, оның тарихы, теориясы ғылым пәні екендігінде сөз жоқ. Ал шешен сөйлеудің өзі ғылым емес, өнер, ғылым мен білімге негізделген өнер болып табылады. Соған орай шешеннің сөзі ғылым пәні болғанымен, оның өзі ғалым емес, бірақ оның әрбір ойы, әрбір пікірі ғылым жетістіктеріне, оның арғы-бергі деректеріне, қағидалары мен ережелеріне негізделеді. М.Т. Цицеронның айтуынша, шешеннің бойында туа біткен талантқа қоса ғалымның ойшылдығы, акынның бейнелі тілі, зангердің жады, әртістің үні мен шеберлігі түгел болуы керек⁵. Шешен әр сөзі мен әрбір ойының тыңдаушыларға әсерін жіті қадағалап, тіпті оны алдынала болжап отыруға тиісті. Тыңдаушылардың ықыласын өзіне аудару, істің мәнін ашып, даулы мәселе туралы өз пікіріне айқын, дәлелді сипат дарыту, қарсыласының пікірін теріске шығару, ақыр аяғында тыңдаушыларының ойы мен еркін тұтас баурап алып, оларды дегеніне біржола көндіру шешендік өнер таласының тиісті сатылары ғана емес, тұтастай бір процесс, жай емес, күрделі психологиялық процесс. Айтылған жайлар шешеннің қызметінің ғалымның қызметінен қиындығын әрі күрделілігін, ал шешендік өнер мәртебесінің ғылым мен өнердің қай сала, қай түрінен де

⁵ Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве, с. 100.

жоғары екендігін аңғартса керек. Осы орайда Цицеронның мына бір тұжырымының ғылыми және практикалық маңызы жарқырап көзге түседі: “Егер әңгіме кімнің озық екендігі туралы қозғалса, онда кім білімді әрі шешен болса, жеңіс туы да соған тиесілі. Егер біз оны бір ауыздан әрі шешен, әрі философ деп атауға келіссек, онда оның асықтығы мен озықтығы туралы сөз таластырудың өзі артық. Егер бұл екі ұғымды екі ажыратуға тура келсе, онда философтар шешендерден төмен тұрады, өйткені нағыз шешен философтардың білетінін түгел біледі, ал философ тілге келгенде, шешеннің ширегіне де татымайды”⁶.

Сырым Датұлы – казак сөз өнерінің тарихындағы ақылы алғыр, сезімі сергек, танымы терең нағыз шешен тұлғалардың бірі.

⁶ Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. с. 193.

АҚТАЙЛАҚ БИ

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары ұғым-түсінігіміз бен сана-сезіміміз көп өзгеріске ұшырап, өткен жолымызға жаңаша қарайтын болдық. Сол тұрғыда тарихты таразылағанда оның жасампаз беттерін жарқырата түсетін жеке тұлғалар екеніне көз жетеді. Ол еш дау тудырмайтын ақиқат екенін есті уақыт әлдеқашан айғақтаған. Есімдері ел тарихында үлкен із қалдырып, рухани мұралары ғасырлар теренінен тамыр тартып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ғұлама данагөйлер қазақ даласында жетіп артылатындығына уақыт өткен сайын көз қанығуда. Көне қазақ жерінің асты пайдалы қазбаларға қаншалықты бай болса, оның үсті де рухани құндылықтарға соншалықты мол. Осы орайда халықтың халықтығын, жеріміздің тұтастығын сақтап қалуда ерен ерлік үлгісін көрсеткен хас батырлар мен мемлекет қайраткерлері дәрежесіне көтерілген от ауызды, орақ тілді атакты билер мен аттары аңызға айналған арқалы ақындар шоғырының көш басында ғибраты мол, тұлғасы биік Ақтайлақ би Байқараұлы тұрады. Ол әрі ақын, шешен, жырау, ірі мемлекет және қоғам қайраткері болған.

Ақтайлақ би өнегелі де қасиетті әулеттен шыққан. Бұл күндері бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігіне қараған жерлерде мекендейтін Найман ішіндегі Сыбан руы – оның арғы ата тегі. Сол Сыбанда Жанкөбек бидің баласы, ертеде Ташкентті билеген бек Нарымбай дейтін сөзге шешен, әділ би өткен. Оның жалғыз ұлы Құттыбай Қаз дауысты Қазыбек тұғырдан тайғаннан кейін ұлы бидің орнын басып, білгір білімі мен шешендігіне орай “Қу дауысты Құттыбай” деген атпен Абылай хан заманында белгілі болған атакты би. Ол 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшісінің бірі. Құттыбайдың Байқара, Ботақара, Боран, Сейтен атты балалары

да шеттерінен сөзге ұста болып, шешендігімен көзге түскен. Осы төртеуіне сол кезде халық “Төрт Құттыбай”, “Бас ауыл” деп ат беріпті. Сол төрт Құттыбайдың Байқарасынан Ақтайлақ туады.

Билер әулетіне өз кезінде халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, инженер, этнограф Мұхамеджан Тынышбаев та назар аударып, өзінің “Қырғыз-қазақ халқының тарихына байланысты материалдар” атты белгілі кітабында (Ташкент, 1925): “Жанкөбек Найман ішінде ең атакты рудың бірінен саналады. Жанкөбектің ұлы Нарынбайдан бастап Жұмаханға дейін 7 ата бойы аса көрнекті билер бірінен соң бірі болыпты. Мұның өзі қазақ тарихында болмаған құбылыс. Жанкөбектің немересі Құттыбай (Қу дауысты Құттыбай) аңыз бойынша Тәуке хан тұсында Ташкентті билеген. Оның ұлы Байқара болса, Орта жүздің атакты биі арғын Қазыбектен кейін Орта жүзде бірінші би саналған, оның ұлы Ақтайлақ би де атакты кісі болған, оның ақылды шешімдерімен салт бойынша бекіген заң ретінде қарап, соңғы кезге дейін жүгінген” деп жоғары баға береді.

Қазақ поэзиясының биік көгінде жұлдыз болып жарқыраған Дулат акынның жыр-толғауларына арқау болған, ұрпақтары мен ел-жұртының жадында жағталған Байқара биді халық табиғат берген ерекше көріпкелдік қасиетіне байланысты әулие санап, ел қорғаны ретінде құрмет тұтты. Дулат акын “Кенесбайға” атты толғауында:

Байқара атаң бай болды,
Төрт түлігі сай болды.
Қайыры елге мол болды,
Анық әділ сол болды.
Серкештен жылқы айдалды,
Көшкенде жұртта тай қалды.
Алдына келген дау болса,
Әділдікпен жайғалды.
Дәулетіне ел кенелді,
Жетім-жесір теңелді.
Опасыз мына жалғаннан,
Демі біткен күнінде
О да көшіп жөнелді, —

деп тебірене толғайды.

Байкара бидің елден ерекшелендіретін қасиеті — әулиелігі. Әулие адамның өн бойында сәуегейлік, көріпкелдік пен болжаушылық бірдей тоғысып астасып жатады. Мұндай атақ дәп қазіргідей екінің біріне таңылмаған. Нар дауысты Нарымбай мен Ку дауысты Құттыбай билер сияқты аруакты аталардан өрбіген, қасиетті тұт бесікте тербетіліп өскен Байкара биге осындай қастерлі атакты халқы кеменгер көсемдігі, ізгі ісі, сөз бастаған шешендігі, кара қылды қак жарған әділ билігі және туысы Ақтамберді жырау, батыр бастаған жасақта көрсеткен ерліктері үшін берді. XVIII ғасырда болған ел тарихындағы қиын кезең — “Ақтабан шұбырынды” заманында жоңғар тегеуірінінен атамекенін тастап, қиыр жайлаған халқын жауға тойтарыс берілгеннен кейін өз ата-жұртына қайта қоныстандыруда Байкара бидің алысты бағдарлайтын болжампаздығы мен білгір басшылығы көп септігін тигізді.

Халық данасы, дала данышпаны атанған, көрегендігімен ел басқарған Байкара би сынды нар тұлғалардың арқасында халқымыз сара жолынан адаспай, ұлттық болмыс-бітімін сақтап қалған. Ел-жұрт тығырыққа тіреліп, қиналған сәттерінде Байкара әулиенің даналығына көбірек жүгінген. Ел арасындағы даулы мәселелерді шешкен кезде ол тек қана әділдікті ту етіп ұстаған, бармақ басты, бұра тартуға жол бермеген.

Ел аузында жатталып бүгінге жеткен:

Ханға бермес кара бар,
Қылышқа бермес ара бар.
Кейбір қараның сөзі,
Хан сөзіне пара-пар,—

деген бір ауыз дана сөзі арқылы күрмеуі қиын дау-дамайды мейлінше әділ шешудегі Байкара бидің көсем билігі мен шешендігі жұртшылық көңлінен шыққан.

Ел тұтқасын ұстаған,
Түзу жолды нұсқаған
Байкарадай би қайда?

деп Шағалақ дейтін ақын тебірене толғап жырлағандай дархан табиғат сыйлаған ерекше қадір-қасиетті бір бойына тоғыстыра

білген Байқара бидің осы кемел ісі, үлгі-өнегесі оның баласы, атакты би атамыз Ақтайлаққа дарыған.

Сол бір қиын заманда ақыл-парасатымен толғаған-топты тоқтатқан, екіталай қысылтаян іс болғанда тапқырлығымен жол нұсқап, көзге түскен, есімі ерте күннен алты алашқа белгілі болған, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қара тілдің шебері атанған шешен, дипломат Ақтайлақ бидің шешендік дана сөздерінен, билермен айтысынан, өлендері мен жыр толғауларынан, әділ биліктерінен оның төкпе жырдың, суырып салма ақындық өнердің үлкен шебері болғанын байқауға болады. Ақтайлақ би — Бұқар жырау, Ақтамберді жыраулар секілді қазақ әдебиетіндегі дара ақындық шығармашылықты бастаушылардың бірі. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: “Тыныштық заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшан заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын кемеңгер көрегені болған”. Демек, Ақтайлақ Байқараұлы қазақтың байырғы шешендік өнерін өзінің өлең, толғауларымен зерделеп, кезінде елінің ақылшы кемеңгері ретінде танылып өткенін білдіреді. Ол аталы сөздерімен, іс-әрекеттерімен ел бірлігін сақтауға бар күш-жігер, қайратын жұмсай білген.

Ақтайлақ би атакты би-шешендер әулетінде шамамен айтқанда XVIII ғасырдың орта тұсында, 1742 жылы Орталық Қазақстандағы Ақтайлақ өзенінің бойында туған, Ақтайлақ деп ат қоюы осы себептен болса керек, ал өскен жері — қазіргі Семей аймағы Абай мен Жарма аудандарының шектесетін жеріндегі Құндызды өңірі. Ол кезде Құндыздыны қалың Найман, оның Сыбан руы қоныс етіп, жайлап, қыстап келген. “Қара көк шыққан жері қалың нудан” дегендей өз жұрты атакты би-шешендер әулеті болса, нағашы жағы да осал емес. Анасы Мәнхан әйгілі Қаз дауысты Қазыбек бидің қарындасы екенін айтсақ, көп нәрсені аңғаруға болады. Ақтайлақ би жүз жасқа жуық жасаған, 1838 жылы дүниеден өткен. Бұл туралы оның қартайған шағында айтқан өленіндегі:

Екі қырық, бір он бестен асып тұрмын,
Аяқты апыл-тапыл басып тұрмын

деген жолдар айқын дәлел болады.

Зираты Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданына қарасты Сарыарқа ауылының терістік жағындағы Қайрақты тауының

күнгей жақ бауырындағы төбе үстінде әкесі Байқара би кесенесінің жанында орналасқан.

Шешен-жырау өзінің ұзақ өмірінде үлкен-үлкен дауларға түседі. Қара сөзбен терең ой толғаған өленге бергісіз кестелі, әсерлі де ұтымды сөздерді осындай жерлерде айтады. Ақтайлақ би айтқан дейтін осындай ұтымды өткір сөздер ондап саналады. Алкалы топ, жиынды жерлерде, сөз сайыстарында алдына жан салмаған оның “Қазақтың кара тілі” атануы да содан. Оның бар шығармашылығын кұрайтын да сол билік үстінде айтылған аталы сөздері мен толғау өлендері, сөз қағыстары.

Ақтайлақ шығармасы ел аузында көп сақталған. Оның таралу географиясы Ресейдің Түмен өңірінен бастап Қостанай, Жезқазған, Қарағанды, Баянауыл, Шығыс Қазақстан, Қытайдың қазақтар жиі қоныстанған Шыңжаң өңірі мен Жетісу өлкесі, Өзбекстан мен Қырғызстанға дейінгі үлкен аумақты қамтиды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар және текстология бөлімінде “Ақтайлақ биден қалған” деген шығармаларының ұзын саны елуге тартады. Оған қоса би туралы аңыз әңгімелердің өзі отыз шақты. Соңғы жылдары бұл орталық қоры белгілі сазгер, өнертанушы Ілия Жақановтың Ақтайлақ би шығармаларын Жезқазған өңірінен жазып алған және карт жинаушылар аяқөздік Ғабділахмет Шәкеров, жармалық Сіләмшайық Имамұсаұлы және Көкпекті ауданында тұрған халық ақыны Қалихан Алтынбаев қолжазбаларымен толықтырылды.

Ақтайлақ бидің 1991 ж. шыққан алғашқы кітабы бойынша және соңғы кездері ел аузынан жиналған, Қытайда шығатын “Мұра” журналында жарияланған материалдар негізінде “Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би” атты үлкен жинақ құрастырылып 2000 жылы жеке кітап болып шықты. Бұл жинаққа Ақтайлақ би мен ата-бабалары туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер, ақын-жыраудың толғаулары мен өлендері, биліктері мен сөз қағыстары, нақыл сөздері, оның ақын ұрпақтарының шығармалары, Ақтайлақ би туралы мақалалар, би жазып қалдырған шежіре енгізілді. 2003ж. “Отырар кітапханасы” сериясымен Астанадағы “Елорда” баспасынан өлендері мен толғаулары, шешендік және билік сөздері, би туралы мақалалар топтастырылған “Ақтайлақ би” жинағы жарық көрді.

Би болған соң да Ақтайлақ ел ішінде дауы мен шарына көп араласады. Сондай алқалы топта сан шумақтар, такпақтар мен қанатты сөздерді де шығарып тастап отырған. Өмір, дүние туралы, адамгершілік асыл қасиеттер жайлы философиялық ой-орамдары бар толғауларды көп айтқан. Бұл ретте Ақтайлақтың акын ретінде “Нені айтамыз” деген философиялық накышка құрылған өлеңінің маңызы зор:

Ақ сауыт деп айтамыз,
Атылған оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желгенде жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозған елді септесе.
Ер жігіт деп айтамыз,
Жауға тастап кетпесе.
Жақсы әйел деп айтамыз,
Жамандап ерін сөкпесе.
Жабылып елі көптесе.
Шерлі мұны таркамас,
Көзінің жасын төкпесе
Жақсы менен жаманды,
Жаманат деп жалғанды
Қолмен ұстап, көз көрер,
Санаулы демін бітпесе.

деп адам бойындағы асыл қасиеттерді тізбектеп санаға құяды, бидің тактайлап айтқан осы жыр жолдары дана абыз өсиеттеріндей көкейге қонып, тағылымдық маңызымен баурап алады. Сонымен бірге үй-іші, от басы, ошақ қасы сияқты жайларға қатысты сөздері үлкен, салықалы ойлармен шебер айтылады. Ата-ана тағылымы мен тәлім-тәрбие туралы дидактикалық ғаклия өлеңдері мен жыр термелері де бүгінгі жастарымызға үлгі боларлық нұсқалар:

Тасыма жігіт тасыма,
Тасыған жетер басына.
Жаттан да жақын шығады,
Жатырқап жаттан шошыма.
Бәрін өзім білем деп,

Бекерге лағып жосыма.
 Үй менікі дейсіңдер,
 Үй артында кісі бар,
 Білгендерің осы ма?
 Ителгідей томсарсаң,
 Кім жолайды қасына.
 Күлме бекер досына,
 Жаксылыққа қуанып,
 Жамандыққа жасыма.
 Жаксылық пен жамандық
 Өмірінше тұрмайды,
 Бір кісінің басында.

Қай кезде болсын, ескірмейтін, өшпейтін, ғибраты мен тағылымы мол, жоғары адамгершілікке толы мұндай төкпе жыр шумақтарын Ақтайлақтың қай өлең-толғауынан болсын жиі ұшыратамыз.

Өз шығармаларында Ақтайлақ би ел намысын, ер намысын ұстай білуді ту етіп отырады. Елін, туған жерін шын сүйіп өскен ел азаматы болса, оған керекті асыл қасиеттерді төбесіне көтере құрметтейді, оларды өзінің от-жалынды жыр-толғауларына арқау етіп отырады. Жас ұрпаққа бауырмал, ұйымшыл болып өсуді үйретіп, оларды имандылыққа, ізгілікке шақырады.

“Ердің құны — екі елу” атты билік толғау — Ақтайлақ шығармаларының ішіндегі ең жоғарғы биік туындысы. Себебі, ол ең алдымен, кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде қалар нұсқа, әділ биліктей айтылған сөз болса, екіншіден, ол ел жақсысы атанған кейбір билердің паракорлығын әшкерелейтін терең ойлы өткір философиялық эпиграмма. Тобықты Өскенбай бидің тұсында Көкше руының жігіттері көршілес Керей елінен барымтамен мал алып, екі жақ қатты ұрысқа түскен кезде Тобықты—Көкшелер Керейдің бір адамын өлтіреді. Содан екі елдің арасын егер қылған үлкен жанжал бұрынғысынан да өршіп, Сергиопольде бас қосқан үлкен жиында қаралатын дауға ұласады. Талай билер, ел жақсылары сол жиынға шақырылады. Билік айтуға Керейлер Ақтайлақ биді атап, Көкше жағы Бопы төрені қалайды. Сол сәтте Бопының баласы Солтабай төре әкесіне білдірмей Көкше жағынан пара алады. Енді дау үстінде төрт кісі күмән ұстамақ болған мезетте Ақтайлақ би Бопы төренің пасық әрекетіне тосқауыл қояды. Ел

сенген жақсылар билікке араласқанда, адамгершілік пен адалдық қасиеттерді берік ұстау керектігін айта отырып, алдамшы, паракор бидің маскара ісін көп алдына тезге салдырады. Кісісі өлген Керейлерге төлеу үшін жүз түйе құн кестіреді. Ол шешімге Бопы наразылық білдіргенде:

Әуелі баһара ашылса,
Акку шомар көлдерге.
Туысканы кімнің көп болса,
Үлкен медеу белдерге.
Қырық кез торғын жатыр ғой
Ақ сандықтың түбінде.
Бәрін айт та, бірін айт
Солтанжан-ау,

Сары каска ат тұр ғой белдеуде

деп құлқынның құлы болған, көп үмітін ақтай алмаған паракор бидің қылмысын әшкерелейді. Ақтайлақ бидің кара қылды қас жарар әділдігі оның биік ақыл-парасатынан туатынына сол жолы көзі жеткен жұрт кейінде де аңыз етіп ел іші таратып әкеткен. Ұлы ақын Абайдың әкесі жас Құнанбай да осы билік куәсі болып, даудың әділ шешілуіне, Ақтайлақ би шешіміне тоқтамға келуге әкесі Өскенбай биге ықпал еткен.

“Ердін құны — екі елу” билігі кейінгіге нұсқа болып қалған. Осы орайда 1885 ж. мамыр айында Шар маңындағы Қарамола төтенше съезінде ұлы ақын Абайдың тікелей қатысуымен жазылып қабылданған “Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелері” немесе “Билер ережесі” үлкен маңызы бар құқықтық құжаттың 27-ші бабында: “Әдейі қастандықпен өлтірілген ер құны 100 түйе” деп көрсетілген, яғни бұл бап Ақтайлақ бидің “Ердін құны — екі елу” кесіміне нақ сәйкес келеді. Оның үстіне осы “Билер ережесін” жазуға Ақтайлақ бидің шөбересі Жұмахан Жарқынбайұлының Семей оязының құрметті қазағы ретінде қатысып қол қоюы көп жайтты аңғартса керек. Ақтайлақ бидің тағы бір талантты шөбересі, көрнекті халық ақыны Төлеу Көбдіков осы билікті шығармасына арқау етіп, “Ақтайлақтың толғауы” атты дастан жазған.

Ақтайлақтың осы әділ билігіне қатысты әңгімені Абайдың талантты шәкірті, көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлы аузынан жазып алған Мұхтар Әуезов “Таң” журналының 1925 жылғы №2

санында “Сыбан Ақтайлақ би” деп арнайы жариялаған. Мұқан “Билер айтысы” деген тағы бір зерттеуінде осы айтылғандарға қайта оралады. Сөйтеді де екі бидің таласып айтқан сөздеріне мысал етіп, Ақтайлақ би айтысын тағы нұсқаға келтіреді. “Қазақтың ауыз әдебиеті” деген басқа бір іргелі зерттеуінде: “... Ел аузындағы аңыздар мен әдебиеті сұлтан Солтабайдың пара алатындығына қарсы Найман руынан шыққан Ақтайлақ бидің әділ сөздерін халық мактап, көтеріп айтады”, – деп бидің шешендік, шеберлік талантына ерекше назар аударады.

Бұл толғаудың өне бойынан XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі өкілі Ақтамберді жырау шығармаларының әсерін, онан жұғысқан үлгі-өнегені ерекше байқауға болады. Ақтамберді жырау да жонғарлармен соғыста жүрген кездерін және өмірінің ақырғы кезеңдерін де осы Ақтайлақ бидің туып өскен өңірінде, яғни Хан Шыңғыстауы, Құндызды, Арна өзендері төңірегінде өткізген. Сонда Ақтайлақ өзінен бұрын осы батыр жырау ұстазымен кездесіп, одан ақыл-кенес алуы әбден мүмкін. Сол себепті де болар, Ақтайлақтың толғау, жырларында жастарды батырлыққа, ерлікке шақырған үндеуі Ақтамберді жыраудың елін сүю, оны қорғауға әзір болу сияқты отаншылдық идеясына, азаматтық жігерлі сарындарына бой тартатыны білініп тұрады.

Ақтайлақ шығармалары оның өмір сүрген дәуіріндегі өз халқының болашағы жайлы ойлап, қалай түсінгенін танып, аңғартады. Би ақын ретінде сол дәуірдің тұрмыс-салты мен бел алған дәстүрін, сол кездегі өмір ағымына, әлеуметтік өзгерістерге байланысты қазақтардың дүниетанымдық ерекшеліктері мен ой тұжырымдарын толық байыта жырлайды. “Достық жайлы”, “Өзімшілдік және әдептілік жайында”, “Қуәсізде қуат болмас” және тағы басқа толғау өлеңдерінде адал жар, асыл ер жайлы ойын шебер айтады. Жаксы мен жаманның айырмашылығы туралы, ағайын арасының татулығы мен туыскандық сыбайластық қасиеттері туралы жыр тиегін ағытады. Сол сияқты дүниеқоңыз пейіл мен пасықтық, есерлік, мактаншақтық, опасыздық секілді мінез-құлықтарды сын тезінен өткізеді.

Ақтайлақ би мемлекет ісіне де белсене араласқан. Болат ханның тұсында 1773 ж. қыста Қытайға қазақ елшілігін басқарып барып, екі ел арасындағы қарым-қатынасты жандандыруға көп еңбек сіңірген. Бұл жөнінде Қытай Шын патшалығының Орда күнделігінде жазылыпты.

Ақтайлақ би тек зангер, акын-жырау, шешен ғана емес, елінің тарихын көп білетін шежірешісі дәрежесіне көтерілген. Абылай хан өз тұсында Көкшетаудағы ордасына үш жүзден таңдаулы елу биді шақыртып, қазақ руларының ата-баба шежіресін жазуға тапсырма беріпті. Әлгі билер мерзімді уақыт өткеннен кейін жазған шежірелерін ханға әкеліп табыс еткеннен кейін Абылай хан өз кезегінде бұл қолжазбаларды атакты бес биге көрсетіпті. Сол бес бидің бірі Ақтайлақ би екен. Бесеуі шежірелерді өзара талқыға салып, қазақтың ортақ шежіресін жазып шыққан деседі. Мұның бәрі мемлекеттік маңызы бар іс ретінде өте құпия сақталыпты. Бес би қарап жазып шыққан ортақ шежірені Абылай хан құптап, бірнеше данасын қайта көшіртеді де, елу биге бір-бірден үлестіріп береді. Ақтайлақ биге де бір данасы тиіпті. Шежіренің қолжазба түпнұсқасын би ұрпақтары қастерлеп сақтап келген. 1930 жылдар зобаланы басталған кезде шежірені тау-тасқа тыққан, бірақ уақыт өте келе заман түзеле бастағанда қайта іздестіргенде ешкім таба алмапты.

Ақтайлақ би шежіресі дегеніміз ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен жұрнағы ғана. Соның өзінде Ақтайлақ би қатысқан ата-баба шежіресі қазақ тарихын жазуға үлкен септігін тигізді деуге болады. Сондықтан да өз тарихын да, тағдырын да, тәлім-тәрбиесін де, заңын да, даналығын да, қуанышы мен қайғысын да бір ғана “би” сөзіне сыйғыза білген Ақтайлақ би таразы басын тең ұстап, қара қылды қас жарған әділдік жолын ұстанды. Осы өткен ғасырларда қазіргі қазақ тілінің де кемелденіп, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің көбеюінің де себеп-салдары Ақтайлақ би сияқты сөз зергерлерінің арқасы деуге қажетіміз бар.

Қазақ даналығының жоғарғы көрсеткіші билер институты десек, ол тек халықтан ғана тәуелді болған, яғни қазір демократтар аңсаған үш биліктің нағыз тәуелсіз сот тармағын құраған. Билер институтының басты ерекшеліктері: биді ешкім тағайындамайды, халық оны білімділігі мен шешендігіне қарай талдап, соның ғана шешімін қабылдайды. Осындай көп таңдаудан өткен билер ғана ру көсемі, ел басшысы дәрежесіндегі билер аталып, жұртшылық атынан сөйлей алған. Осындай сындардан мүдірмей өтіп жас күнінен би атанған Ақтайлақ би шешендіктің билік айтар тұстағы ең бір қажетті ерекшелігі — туған халқының жүйе-жобасын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, заңдық қалыптарын жетік білген. Қазақ билік өнерінде жүйеден ұтылса, сөзден жеңілу оп-онай болған.

соған орай Актайлак би шешендігіне қоса ғұлама, білімдар зерек адам болған.

Дала данасы Актайлак би еліміздің қайталанбас елдігін, ерлігін, қасиетін, даналығын бүкіл казак даласы мен көрші елдерге танытқан мақтанышымыз деп білу керек. Қазақта “Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін” деген тамаша мәтел бар. Демек, дала даналығы ұяда тәрбие екен асылдық. Актайлак би тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен өрбіп, өз жемісін, нәтижесін берді.

Сақал-шашы ағарғанша тұғырынан таймаған, халқы алақанына салған батагөй қарт өзінің өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін балаларына, көкірегінде сәулесі бар, үміт күткен жастарға күйодан еш жалықпаған. Мұның жарқын мысалы - ұлдары Кеңесбай, Жарасбай, Айнабай, Әкімбай, Сабырбайлар бес би аталып, өлең сөзге де, кара сөзге де шешен болыпты.

Мұхтар Әуезов қайран қалып тамсана жазған Сыбаннан шыққан 17 акынның бәрі де Актайлак би талантынан нәр алған талантты шәкірттері. Сол заманда Сыбан ішінде Байкарадан тараған Актайлак бастаған 17 акын атакты жыр дүлдүлі Жанакпен айтысқаны белгілі. Сонда олардың бірнеше күн айтысқаны туралы белгілі түркітанушы-ғалым Радлов естіп біліп, осы айтыстың шағын нұскасын жариялағаны мәлім. Одан кейін Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин және М.Әуезовтің ерекше мән бере айтқандары және бар. Бұл сөз болған жайттың барлығы Актайлак бидің өз баласы Сабырбай, жақын туысы, Әділ ханның сұрқылтайы атанған Түбек сынды атакты жыр жүйріктерінен құралған акындық мектебі болғандығын паш етеді.

Мұхтар Әуезовтің Актайлак би ұрпақтарының бірі екендігін ауыз толтырып айта аламыз. Бидің үлкен баласы, ел басқарған Кеңесбай би ұлы жазушының атасы, бозбала жігіт Әуезді сонау қияндағы Созактан аттай қалап алдырып, өз еліндегі жастарды ислам қағидалары мен имандылық мұраттарына үйреткен. Сахара далаға білім нұрын шашқан Әуездің көңілі Кеңесбайдың кенжесі Малдыбайдың қызы Дінәсілде болады. Жас жігіттің адамшылық қасиетін жоғары бағалаған Кеңесбайдың ортаншы баласы Жарқынбай би інісі Малдыбайға: “Оқымыстыға шыққан қыз қор болмайды” деп сөз салып, екі жасты қостырады. Осылайша би ұрпақтары Әуез молданың Құндызды өңірінде тұрақты қоныстанып қалуына ықпал еткен, артынша бұрыннан құдандалы Құнанбай қажы Әуезді өз ауылына көшіріп алып, Бөріліден

жер берген. Ақтайлақ бидің шөбересі сол Дінәсілден Омархан туса, оның баласы Мұхтар сүйікті әжесінің бауырында өсіп, үлкен ғибратты тәрбие алған, бала жасынан атақты би мен оның ұрпақтары туралы ел әңгімелерін құлағына құйып өсіп, есейе келе олар туралы халық жадында қалған аңыздар мен төл туындыларын жинап жазып алған, баспасөз бетінде жариялап, зерттеулерінде ерекше атап өткен. Жерлестерінің айтуына қарағанда ұлы жазушы би бабасы туралы көлемді көркем туынды жазбақ ниеті болғанға ұқсайды. Алайда заман ағымы, өмірдің кесе-көлденен қым-қиғаш тіршіліктері мен кенестік әкімшіл-әміршіл үстемшілдік алапат кезең бұл жұмысқа ырық бермеді. Өткен тарихты қозғап қана қоймай, хан, би, батыр атаулыны айтуға тиым салынды. Сонда да қайсар Мұхан өзінің қазақ әдебиетіне арнаған зерттеулерінде Ақтайлақ би, Сабырбай, Түбек туралы құнды пікірлер айтса, “Абай жолы” роман-эпопеясында Ақтайлақ биді өз есімімен, Сабырбайды Қадырбай, Түбекті Шүмек деп енгізіп, Сабырбайдың қызы Қуандыққа “Қияда” тарауында жеке бөлім арнады.

“Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді” десек, дүркіретіп ат шаптырып, көл-көсір дастарқан жайып той өткізу, мәжіліс құру бар да, осындай үлкен алқалы жиындар мен салтанаттардан ескерткіш белгілер мен рухани мұралар қалдыру жайы тағы бар. Осы ретте Ақтайлақ би мұраларын зерттеу ісі кеңінен қолға алынып, республикалық, облыстық және аудандық баспасөз беттерінде, ғылыми жинақтарда белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар, ҚР ҰҒА академиктері М.Қ.Қаратаев пен З.Ахметов, филология ғылымының докторлары, профессорлар М.Жармұхамедұлы, С.Негимов, З.Сейітжанов, Н.Төрекұлов зерттеулері, Қазақстанның халық жазушылары Ә.Нұршайықов пен М.Әлімбаев, филология ғылымының кандидаты Б.Ердембеков, халық акыны, әдебиет зерттеушісі, этнограф, шежіреші К.Алтынбаевтардың кең көлемді танымдық, ғылыми-көпшілік мақалалары, би шығармаларын жинап насихаттау ісіне көп еңбек сіңірген, Сыбаннан шыққан 17 ақынның мұражайын ашып, “Насихат” мәдени орталығының директоры болған зиялы азамат, марқұм Еркін Жұмағұлұлы, шежіре карттар, ауыз әдебиетінің білгірлері Сіләмшайық Имамұсаұлы, Ғабділахмет Шәкерұлы материалдары және т.б. деректер жарияланды.

Бұл тұрғыдан алғанда да Ақтайлақ би мұрасын зерттеу, зерделеу арқылы осы тарихи тұлғаның халықтығымыздың қалыптасу

кезеңдерін айқындаудағы, ұлттығымыздың дәуірлеу тұстарын екшеудегі алар орнын, қазіргі өміріміздегі әлеуметтік мәнін қалын қауымға, әсіресе, жас жеткіншектерге берер тағылымын бағамдар едік.

Данагөй халқымыз “Ер — елдің айнасы, ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар, батыр туар ел үшін, жақсы туар көп үшін” деп бекерге айтпаған. Олай болса, Ақтайлақ бидің тағылымды тұлғасы халқына, ұрпағына мәңгі бақи қасиет нұрын шаша бермекші.

БӨЛТІРІК ШЕШЕН

Қазақ халқының дәстүрлі танымында шешендік өнердің алатын орны ерекше құрметті. Шешендік тіл өнері ғана емес, оның мазмұн-мәні де, атқаратын қызметі де күрделі, әр салалы. Халықтың дәстүрлі ойлау ерекшелігін, таным табиғатын, өмірлік тұрғысын танып-білуде шешендік өнердің, билер дәуірі әдебиеті өкілдері өнерінің ғылыми және әлеуметтік-мәдени маңызы аса зор. Бұл орайда қазақтың белгілі билері мен шешендерінің өмірі, өнері туралы деректерді жинап, ел игілігіне айналдыру ұлттың рухани байлығының, өркениетінің өсіп-өркендеуіне үлкен ықпал етерінде сөз жоқ.

Рухани жанару, түлеу кезеңінде болып отырған тәуелсіздік жылдарында шешендік өнер өкілдерінің шығармашылығы үлгілерін бірқатар кітап баспалары топтастырып та, жеке-дара етіп те шығарып келеді. Солардың ішінде жеке бір том болып шыққан Бөлтірік шешеннің сөздері де бар (Әлменұлы Б. Шешендік сөздер/Құрастырып, түсініктерін жазған Ж.Дәдебаев. - Алматы: Ғылым, 1991). Біздің талдауларымызда негізге алынған шешендік сөздер осы кітап бойынша берілді.

Бөлтірік Әлменұлы 1771 жылы Жамбыл облысының Шу ауданында туып, 1854 жылы сол өңірде қайтыс болған. Жастайынан ақындық, батырлық жолын қуып, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, құн және жесір дауларына талай рет әділ төрелік айтқан. Билер дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі болды.

Бөлтірік шешеннің дүниеге келгеніне бірнеше ғасырдың жүзі болды. Соған қарамастан оның сөздері ел жадында күні бүгінге дейін анық та айқын калпында сақталған. Олай болатын себебі, алдымен, шешеннің әр сөзінің өмірлік мәні жоғары, терен мағыналы әрі жүйелі ойға негізделгенінде болса керек. Екіншіден,

шешен сөзіндегі мұндай терең ой кісі көкейіне қонымдылығымен, дәлелділігімен, иландыру, сендіру, көндіру қуатымен, сондай-ақ жанды баурап, сезімді билейтін ұлттық бояу нақышка бай суреттілігімен дараланады. Көрсетілген ерекшеліктер Бөлтірік шешеннің сөздерінде әр қырынан ашылып, шешендік өнердің бір-біріне жарығын түсіріп, бірін-бірі нұрландырып тұратын көркемдік бейнелеу құралдарымен ұштасып, сабақтасып жатады.

Бұрынғы замандарда ой жарыстырып, сөз сайыстыру салты неше түрлі тақырыпты қамтыған. Олардың қай-қайсысы да ақынға қошемет көрсетіп, ақындық өнерді құрметтеген халықтың сөз шеберлеріне сүйіп ұсынып отырған тақырыптары. Мұндай тақырыптар, мұндай айтысу желілері ақын-жырауларға ғана емес, сондай-ақ айтулы шешендерге де ұсынылған. Ел аузынан Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып алған, Бөлтірік шешеннің жоғарыда аталған кітабына енген “Қырғыз-казактың байлық айтысқанда Бөлтіріктің айтқан сөзі” осындай екі жақ, екі шешен сайысқан шақта туған.

Қырғыз бен казак байлық жарыстырып айтысқанда, казак жағынан Бөлтірік бір-ақ ауыз сөз айтады: “Қырғыз шіркіннің байлығы сол, көшкен сайын ошағын жұртына қалдырып жүре береді”.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Бөлтірік шешеннің сөзіне түсінік бере отырып, қырғыздың жайлауға ошақ алып шықпайтынын, қонған жерінде үш тасты ошақ қылып, қазан асатынын, көшкенде ол тастарды жұртта қалдырып кететінін жазады.

Шешен сөз жарыстырғанда да, билік айтқанда да не айтуды, қандай жағдайда айтуды, қалай айтуды жете білуі шарт. Бөлтірік жоғарыдағы сөзін казак пен қырғыздың игі жақсылары түгел бас қосқан дүйім ел алдында айтады. Сондықтан да жүйелі айтылған сөзге қарсы ешкім дау көтермейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының беріп отырған түсінігінің мәні Бөлтірік сөзінің мазмұнына сай келеді. Ал Бөлтірік айтқан еді деп берілген бір ауыз сөз шешен сөзінің қорытпасы болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы берген мағлұматтарға қарағанда, Бөлтірік шешен қырғыз шешенін тоқтатқан бұл сөзінің бастамасы мен ұсынбасын, мазмұндамасын анықтап айтып жатпайды. Бірақ бұл осы бөліктердің мазмұнын да, атқаратын қызметін де астарлау тәсілі арқылы өз сөзінің соңғы мағыналық-құрылымдық бөлігіне (қорытпа) сіңіріп жібереді.

Сөздің айтылу түрі қырғызды кедей емес, бай етіп көрсетеді, ал оның бұркеулі мағынасы бұған мүлде карама-карсы. Бөлтірік өзінің қарсыласына қырғыздардың қазан астына қоятын ошағы жоқтығын ғана айтып отыр. Бірақ шешен осы сөзі арқылы “қазан-ошағын түгендей алмай жүрген қырғыздың байлығы қай жерінде болмақшы” деген ащы ойды астарлы түрде жеткізеді. Бұл ойдың сөзбен сомдалу жолдары айшықты, ажарлы. Тура мағына денгейінде қырғыздың ошағының болмауы — кедейліктің белгісі, ауыспалы мағына денгейінде — қырғыздың ошағының болмауы (көшкен сайын жұртында тас ошағын қалдырып кете беруі) байлықтың, барлықтың белгісі ретінде көрсетіледі. Екінші мағыналық денгейде шешен сөзінің түрі мен мазмұнын өзара қайшылыққа құрады да (кедейлікті байлық ретінде көрсету), ойына әжуа аралас уытты ренк береді. Істің ақиқат, нақты болмысына үнілгенде, қырғыздың ошақсыз көшіп-қонуы кедейліктен де, байлықтан да емес, таулы-тасты жайлау жағдайында ошақ артып көшуге ешқандай да тұрмыстық қажеттіліктен болмауымен байланысты. Жайлауы ошақ міндетін атқаруға лайықты тасқа толы болса, сән-салтанат құған біреу болмаса, жай кісі ондай жайлауға ошағын артып көшпейді. Бөлтірік осының бәрін көріп-біле отырып, қырғыздың тас ошағының көптігін байлық белгісі ретінде ерекше даралап айтады да, осы сөзінің астарымен мұның өзі жоқшылықтың, қазан-ошағы бүтінделмеген кедейліктің көрінісі деген ой тұжырып, ойына да, сөзіне де өткір мағына дарытады. Шектес, қанаттас құбылыстар мен ұғымдардың бір-біріне ұласуы немесе бір-бірімен алмасуы, жалқы мен жалпының, мазмұн мен түрдің үйлесімі, олардың өзара тоғысуы немесе тоқайласуы шешеннің сөзіне айтарлықтай айшықты ажар беріп, оның эстетикалық және логикалық қуатын еселей түседі.

Бөлтірік шешеннің мазмұн мен түр қайшылығына құрылған сөздерінің енді бірі — “Төре баласы мен түйе ботасы”. Сөз Бөлтірік шешен мен Тезек төренің ой жарысы түрінде айтылған. Тезек төре үйіне келген Бөлтірікке итін сынап беруді өтінеді. Бөлтірік сонда: “Тазыңыз құмайы, жүйрік-ақ екен. Ит иесіне тартады деген емес пе, бойында бір мін жоқ. Бірақ әр үйден ет ұрлап жей ме деймін — көзіне қараңызшы ойнақтап тұрған, көзі соны айтып тұр,” — дейді.

Сөз бірнеше мағыналық бөліктен тұрады: а) тазының жүйріктігі, мінсіздігі; ә) иттің иесіне тартқандығы; б) иттің ұры

екендігі. Алғашқы екі мағыналық бөлік бір-бірімен үндесіп, жалғасып жатыр. Шешен итті мақтай отырып, иттің иесіне тартатын ойды даралайды да, иттің иесін көтермелей түседі. Бұл арада шешеннің айтып отырған басты ойы — иттің иесіне тартатындығы. Мұның өзі, Ахмет Байтұрсыновтың атауымен айтқанда, шешен сөзінің “ұсынбасы” мен “мазмұндамасы” деуге лайықты. Үшінші мағыналық бөлік — шешен сөзінің қорытпасы. Сөздің үш мағыналық бөлігі бір-бірімен сатылы түрде сабақтасып жатыр. Олардың ортаңғысын алып тастаған жағдайда, бірінші және соңғы мағыналық бөлік арасындағы байланыс үзіледі. Олай болған жағдайда, шешен сөзінің “қорытпасы” да, “ұсынбасы” мен “мазмұндамасы” да өз мағыналарын жоғалтып алады. Шешеннің қарсыласына айтайын деген бірден-бір кесімді ой-пікірі сөздің екінші бөлігіне негізделген үшінші мағыналық құрылымы, “қорытпасы”, арқылы тұжырымдалады. “Қорытпада” әңгіме тек ит туралы болады, шешен төренің мақтатып отырған тазысының ұры екендігін айтады. Ал осы тұжырымды ой (“қорытпа”) алдыңғы бөлікте берілген мазмұнмен ұштасқанда, сөз жүйесіндегі бірнеше мағыналық хабардың — иттің а) жүйріктігі, ә) иесіне тартқандығы және б) ұры екендігі — алғашқы бөлігі екінші қатарға ығысады да, кейінгі екі бөлік тоғысып, тұтасып, негізгі ойға айналады. Алғашқы және соңғы мағыналық бөліктер мазмұны жағынан бір-біріне қарама-қарсы {а) жүйрік, мінсіз — б) ұры}. Осындай қарама-қайшылық алғашқы екі бөлік пен кейінгі мағыналық бөлік арасында да бар: а) жүйрік, мінсіз; ә) иесіне тартқан — б) ұры. Осы үш мағыналық бөлікті соңғы үлгідегідей екіге ғана бөліп қараған жағдайда, олардың алғашқысы (а,ә) айтылып отырған хабардың (құбылыстың) түрі қызметін, ал кейінгісі мазмұны қызметін атқарады. Түр мен мазмұнның бір-біріне қайшылығы бұл жерде де үлкен көркемдік-эстетикалық жүк көтеріп тұр.

Бөлтірік шешен сөздерінің адамгершілік нысанасы халықтың дәстүрлі мәдениетінің категорияларына негізделеді. Оның шешендік өнері мен билік, төрелік айту өнегесінде халық мәдениетінің “жақсы”, “жаман” категорияларының мазмұнымен байланысты нақыл сөздердің алатын орны үлкен. Бұл топтағы нақыл сөздер тақырыптық тұрғыда әр түрлі, әр сала болып келгенмен, олардың түпкі мәні Жақсы және Жаман ұғымдарымен тығыз бірлікте ашылады. Нақыл сөздердің поэтикалық әлемі күрделі әрі көркем, мағыналық құрылымы келісті болып келеді.

Шешеннің ақындық өнерінің ашылып, ажарлана түсетін шағы да осы тұс.

Ақылы жоқты аға тұтпа,
Касиеті жоқты қадір тұтпа... —

деген жолдарда қарапайым ғана түрде айтылған мазмұн бар. Екіншіден, аға біткеннің бәрі ақылды бола бермейді, бірақ елдің бәрі ағасын ақылы жоқ екен деп аға тұтудан қалса не болғаны... Шешеннің ойы осы тұста жұрттың бәрінің көңілінен шыға бермеуі мүмкін. Соған қарамастан шешен нақыл ретінде айтып отырған сөзіне иландырмай қоймайды:

Ақылы жоқты аға тұтсан,
Кішілігінді кемшілігіндей көрер.

Бұған ешкім күмән келтірмейді. Өйткені өмірде ақылы шамалы үлкенді аға тұтушы ақылды інілер де, ақылы терең інінің кішік қалпын кемшіліктей көріп жүрген пайымы саяз үлкендер де аз емес. Осы шындықты шешен үлкен көркемдік-эстетикалық түрге бөлеп айтады. Алғашқы екі тармақта алдыңғы екі тармақтың біріншісінде ұсынылып отырған ойдың мәнісі ашылады. Екінші нақылдың мағыналық құрылымы да осы жүйе бойынша беріледі. Шешеннің ойлары бір-бірімен сатылы түрде сабақтасып, белгілі бір тәртіпке сай дамиды:

Касиеті жоқты қадір тұтсан,
Кісілігінді ерсіліктей көрер.

Ақылды мен ақылсыз, касиетті мен касиетсіз туралы мұндай терең мағыналы, көңілге де, көкейге де қонымды қанатты ой, фибратты сөз айту үшін шешен болу, би болу, білімді, білікті болу жеткіліксіз. Мұндай даналық сөз, даңғыл ой тую үшін, ілгеріде көрсетілген кісілік касиеттерге қоса, бай өмірлік тәжірибе, ұлы таным жолында мың жығылып, мың тұрған, тұрған сайын ой тұғырын, мұрат тұрғысын биіктете берген, сан рет сеніп, сан рет алданған, алданған сайын көш бойы алға озған, ақыл асырған жан болу керек. Екі үйдің арасында адасып, екі кісінің алдында жаңылып кетсе де, не жаңылғанын, не жазғанын аңдамай, ас ішіп, аяқ босатып қана жүргендерден саликалы ой, байсалды пікір шықпақ емес. Жалдан май, өзінен жай кеткенде, көзіне көк шыбын үймелетсе де басын бір көтермейтін, ал қарны тойып, қабырғасы жабылғанда, жанына жан жолатқысы келмей, көлеңкесіне қарап көңілі тасып, өз бұтына өзі толып, теңселіп, ырғалып-жырғалып қалатындар да өзінің надандығын кісіліктей көріп, өзгенін

адамдығын ерсіліктей көріп шекесінен сызданып карап жүретіндер де осылардың қатарынан шығады. Бөлтірік шешен өз заманында мұндай көкірегінде жарығы жоқ, ниеті де, өзі де сәулесіз, ымырттай жым-жырт қараңғы жандардың талайымен бетпе-бет келген, олардың талайының ит терісін басына қаптаған. Ол ілгерідегідей ақылға бай, ғибратқа толы сөздерін осындай өмірден көргені мен білгендері нәтижесінде туып, көкірегін шайқап, көңілін тербеген сырдан таратып айтқан.

Шешеннің мына төмендегі сөзі де алдыңғы сөзбен сарындас, Үндес:

Тегі жаманды тең тұтпа,
Тілегі жаманды ес тұтпа.
Тегі жаманды тең тұтсаң,
Төріңе шығар.
Тілегі жаманды ес тұтсаң,
Төбене шығар.

Келтірілген үзіндіде айтылған ойлардың белгілі бір нақты құрылым-жүйесі бар. Ол сөздің ғана емес, сонымен бірге шешеннің ойлау психологиясының да жүйесін аңғартады. Оның үстіне шешен белгілі бір жағдайлардағы өмір құбылыстарының құрылым-жүйесін де дәлме-дәл жеткізеді.

Әңгіме желісі болып отырған сөздердің құрылым жүйесі негізгі екі бөліктен тұрады: а) ұсынылып отырған тұжырымды ой (Ақылы жоқты аға тұтпа); ә) ұсынылып отырған тұжырымды ойдың мәнісі (Ақылы жоқты аға тұтсаң, Кішілігінді кемшіліктей көрер).

Айтылған ойдың қай-қайсысының да “бұл қалайы” жоқ, адам бойындағы опасыз қылықтар мен қасиетсіз құлықтарды дәл көрсетіп, әсерлі аңғартады. Айналып келгенде, шешеннің бұл сөзі де кісі бойындағы кісілік пен итгік, жақсы мен жаман, жақсылық пен жамандық арасын екшеу мақсатында айтылған. Жаманның болмыс-бітімі, қылығы мен құлығы, ниеті жайын баяндай отырып, шешен үлкен пікір түйеді, ғибратты ақыл, парасатты пайым деңгейімен дараланады. “Тілегі жаманды ес тұтсаң, төбене шығар” деген бір ауыз сөздің өзінде қаншама шындық, өмір тәжірибесінен туған көл-көсір сыр жатыр.

Шешеннің ақыл сөздері халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесінен туған даналық ойларымен тегі жағынан да, түрі жағынан да туыстас. Оның себебі сөз майталманының әр сөзі мен әр ойының өмірлік негізінің оның жеке өмірінің шындықтарына,

жеке басынын ой-толғаныстары мен сезім серпілістеріне ғана емес, халық басынан өткен маңызды да мәнді оқиғалар мен жинақталған, сұрыпталған құбылыстарға, ғасырлар теңінен өткен ұлы ұғымдар мен баянды байымдауларға негізделгендігінде. Шешеннің ақыл сөз ретінде айтқан ғибраттары тұтастай осындай ерекшеліктерімен, мазмұн мен түрдегі дара да сара қасиеттерімен бағалы. Мына сөздің жүйесінде де осындай дара әрі сара сипат бар:

Жақсы мен жаманның парқын
 Жаман емес, жақсы біледі.
 Жаман нені біледі.
 Кім жақсы болса, саған сол жақын.
 Білімді мен наданның парқын
 Надан емес, білімді біледі.
 Надан нені біледі.
 Кім білімді болса, саған сол жақын.
 Жаманның көңілі лас,
 Наданның көңілі нас.
 Бірі тазармайды,
 Бірі ағармайды.

Шешеннің айтып отырғаны ел білмейтін, жұрт мәнісін танымаған ой емес. Керісінше бұл әркімнің көкейінде тербетіліп жүрген, әркімнің көкірегінде тұнып жатқан, бірақ оянбаған, көзі ашылмаған ой болып табылады. Сондықтан да бұл сөзді естіген немесе оқыған жұрт одан өз ойын тапқандай болады. Шешеннің даналығы осында: ел айтпаған, бірақ көңілі мен көкейінде жүрген өмірлік маңызы мен мәні жоғары ойды орайын тауып, ажарын ашып айта білгенінде. Ол балаға айтып отырған ақыл сөздің сонын: “жаманның көңілі лас, наданның көңілі нас, бірі тазармайды, бірі ағармайды”, — деп тиянақтайды, алдыңғы ойларды, нақты сипаттағы пікірлерді жинақтап, жалпыландыра келе, олардың мағынасын байытып, күрделендіре, тереңдете түседі, ой мен ойлау бәйтерегінің жасыл жалырақтарын жайқалта отырып, негізгі пікірін соның ұшар басынан бір-ақ түйеді.

Шешеннің накыл сөздерінің бір тобы екі емес, одан да көп құрылымдық бөліктерден тұрады. Бұған көз жеткізу үшін, шешеннің “Өнерін мен өнеген азбасын” деп аталатын сөзін тұтас оқып шығайық:

Жаксы деген кісінін

Алды-арты бірдей жарық болар.

Жаксы деген ісіннін

Бас-аяғы бірдей анық болар.

а

Жаман деген кісінін

Алды-арты бірдей жау болар.

Жаман деген ісіннін

Бас-аяғы бірдей дау болар.

Жаман істі костама,

Жаман кісіні бастама.

ә Жаксы істі тастама,

Жаксы кісіні жаскама.

Жаман істі бастасан,

Қарың талады.

Жаман кісіні бастасаң,

Жағың талады.

б

Жаксы істі қостасан,

Өнерің азады.

Жаксы кісіні жаскасаң,

Өнеген азады.

Қарың мен жағың талмасын,

в Өнерің мен өнеген азбасын.

Сөз жаксы мен жаман туралы. Алғашқы сегіз тармақ жаксы мен жаман жайында жалпы ұғымнан тұрады. Мұны алғашқы құрылымдық бөлік ретінде алып, шартты түрде сөздің Бастамасы деп қарауға болады — а). Келесі төрт тармақта бастама мазмұнына сай кісі жадында ұстап, үнемі орындауға тиісті істердің тобы айтылады. Мұны екінші құрылымдық бөлік ретінде қарап, шартты түрде сөздің Ұсынбасы деп атауға болады — ә). Келесі сегіз тармақта сөздің Ұсынбасында айтылған шарттар орындалмауы нәтижесінде туатын оқиғалар, құбылыстар тобы баяндалады. Сөздің бұл бөлігі

– оның Мазмұндамасы – б). Соңғы екі тармақ сөздің Қорытпасы деуге лайықты – в). Сөйтіп, сөз төрт түрлі мағыналық бөліктен тұрады. Шешеннің жақсы мен жаман туралы айтқан ойлары сөздің көрсетілген мағыналық-құрылымдық жүйесінде бір сатыдан екінші сатыға, бір бөліктен екінші бөлікке біртіндеп дамып, жетіліп отырады. Мұның өзі сөздің композициялық жүйесінің, стилінің мейлінше толысқан кемел болмысын және үнге де, мәнге де бай күрделі поэтикалық келісіммен сынғырлаған жоғары көркемдік-эстетикалық табиғатын аңғартады.

Ойды өзара сатылы сабақтастыра баяндау, дамыта толғау шеберлігін жаңа бір қырынан ашатын нақыл сөздердің бірі – “Жеті жақсы”. Сөз балаға айтылған ақыл түрінде өрбіген:

Ақылсыз адым баспайсың.

Ақылына сай талабың болмаса,

Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.

Сөздің бірінші мағыналық бөлігі осындай. Ақыл – адамзаттың таным-талайында айрықша мәні мен маңызы бар ірі философиялық категория. Қазақ халқының байырғы дүниетанымында да ақыл туралы ойлар ерекше орын алады. Бөлтірік шешеннің ақыл туралы толғамдары қазақ халқының рухани ой байлығының осындай күрделі, маңызды саласымен тығыз байланыста байымдалады. Шешен баласына адам болып туған соң, ақылсыз бір де бір іс жасауға болмайтынын айта отырып, өмірде тірі адамның тіршілігінде ақылдың атқаратын қызметінің, өмірлік маңызының жоғары екендігін үзілді-кесілді түйіп айтады. Сөйте отырып, шешен талап туралы және бір тың ойдың жарығын түсіреді: Кісі бойында құдай дарытқан ақыл-ойға лайық талап болу керек, талап жоқ жерде, жалғыз ақыл адамды үлкен істерге бастай алмайды. Осылайша, ой бағып, сөз қуған кісіні мұратына жеткізетін қасиеттің ақылда екендігін, ал ақылдың ісі талапқа тәуелді екендігін өзінше топшылап, өзгеше өрнектейді. Сөздің келесі мағыналық бөлігі былай жалғасады:

Жақсы кәсіп – анық ырыс,

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Жақсы ісіңе жақсы сөзін серік болмаса,

Жақынына да, жатқа да жақпайсың.

Берілген үзінді мағынасы жағынан өз алдына дербес, белгілі бір тұжырымды ойды анық, толық жеткізумен бірге алдыңғы үзіндіде берілген ойды дамытып, толықтырып тұр. Құрылым жүйесі

жағынан алдыңғы ойдың құрылым жүйесімен тең дәрежеде, салаласа, жарыса байланысады. Екі үзінді жүйесінде “болмаса” сөзінің бірдей қайталануы мен әр үзіндінің соңғы тармақтарында түйінделген ойлардың “аспайсын” және “жакпайсын” секілді ұйқас тәртібі арқылы үндесіп, үйлесуі бұлардың арасындағы сабақтастық пен жалпыластық желісін толық сақтауды қамтамасыз еткен. Сөйтіп, сөз шебері ойларын дара түйіндей отырып, олардың арасындағы сабақтастық пен жалғастықты да сақтап қалады. Екі үзіндінің мағыналық-құрылымдық жүйесіне ортақ мынадай басты ерекшелік бар: екі үзіндіде де екі құбылыс қатар алынады — алғашқы үзіндіде ақыл мен талап туралы сөз болса, кейінгі үзіндіде жақсы кәсіп пен жақсы сөз егіз сипатталады. Бұл егіз желілердің сыңарлары бір-біріне сай келгенде ғана кісілік келісімге, үлгілі үйлесімге қол жеткізуге болады. Осы тәсіл сөздің келесі мағыналық бөлігінде едәуір байытылады:

Білімсіз бірлік жоқ,
Малсыз тірлік жоқ.
Мал мен білімге сай кісілігін болмаса,
Бірлік пен тірліктен де опа таппайсың,
Осыны ұққайсын!

Берілген үзіндіде ілгерідегі тәсіл аясында егіз алынып отырған құбылыстар — білім мен мал. Олар жалаң берілмей, бірлік пен тірлік секілді келесі бір егіз құбылыстардың сақталуы мен жалғасуының алғышарттары қызметін атқаратын қосымша мағынаға иеленген. Шешен мұнымен де тоқтамай, мал мен білімді және бір өмірлік маңызды ұғыммен сабақтастырады. Ол — кісілік. Кісіліктен таралып, басқа бір күрделі ұғым туады. Ол бірлік пен тірліктің опалылығы не опасыздығы туралы ұғым. Мал мен білімге сай кісіліктің болуы бірлік пен тірліктің опалығының басты шарты болып шығады. Білім мен мал, бірлік пен тірлік және бұл ұғымдардың кіндік дінгегі қызметін атқарушы кісілік — бес түрлі ұғымның өзара байланысы мен өзара келісімінің мұншалық күрделілігі мен мұншалық келіскен сән-салтанатына қол жеткізу тек үздік, кемеліне келіп толған талант пен болған данышпанның ғана қолынан келсе керек.

Балаға айтқан ақыл сөздерінің тағы бірінде шешен былай дейді:

Бар дүниені шашпа,
Жоқ дүниені қума.

Шашқан шет болар,
Қуған ит болар.

Бір шумақ өлең сөз мағынасы жағынан екі құрылымдық бөліктен тұрады. Бастапқы екі тармақта берілген алғашқы мағына басты, негізгі мағына болып табылады. Мұндағы ақыл сөздің мағынасы анық, ойға қонымды. Әйтсе де сол мағынасы анық, ойға қонымды ақылды айту оңай да, алу қиын. Қайсыбіреулердің осы сөзді күнде естіп, тіпті өзі де өзгеге өнеге қылып айтып жүргенімен, барды шашып, жоқты қуып кететіні бар. Ақыл сөздің эмоциялық әсері мен мазмұнын арттыра түсу мақсатында шешен кейінгі екі тармақты қоса айтады. Сол арқылы ол алдыңғы тармақтарда көрініс тапқан ақылды алмаудан туатын қорытынды баға мәнісімен сөзінің салмағын арттырып, әсерін күшейтеді. Шешеннің сөзінің мағыналық қатар-қатпарларының бірі халықтың ежелден келе жатқан ұғым-түсінігімен ұштасады. Бұл ретте ойға “Дүние – бок, оны қуған – ит” деген халық даналығы оралады. Бөлтірік шешеннің сөзі өзінің дара, дербес мағынасымен бағалы, сөйте тұра халық даналығынан туған мынадай қанатты сөздің мазмұн-мәнімен де үндеседі, сөйтіп өз мағынасын өзге бір тектес, шектес мән-мағынамен байытып, толықтырады. Ақыл сөздің мағыналық-құрылымдық жүйесінің бұл секілді ерекшелігі оны айтушының шеберлігінің, ойшылдық болмысының және бір қырын көрсетеді.

Бөлтірік шешеннің нақыл сөздерінде оның тіл өнері туралы қағидалары мен пікірлері де кең көрініс тапқан. Шешеннің бұл саладағы ойлары ел есінде балаға айтқан нақыл сөз қалпында сақталған. Шешеннің “Орынсыз болса, сөзің жау тартады”, “Бәрінен де сол дұрыс”, “Сөз мәнісі”, “Тұз сөздің де дәмін кіргізеді”, “Баска бәле – тілден” және баска сөздерінде тіл өнерінің қасиеті хақында бағалы, бағдарлы ойлар мол.

Жатқа сөйлеме,
Жаманға сөйлеме,
Жаска сөйлеме,
Маска сөйлеме,
Ұрыға сөйлеме,
Қарыға сөйлеме,
Асырып сөйлеме,
Батырып сөйлеме...-

секілді тиым сөздердің мәнісі тексте толық ашылмағанымен, белгілі өмірлік тәжірибесі бар кісі үшін ол түсінікті. Бұл арада

“сөйлеу” ұғымы “ой айту”, “ақылдасу” ұғымдарымен ұштасып жатыр. Сөздің кейінгі бөліктерінде шешен қандай сөзді қандай жерде, кімге және қалай айту керектігін толғай келіп:

Олай болмаған жерде,
Қанша асыл деме —
Сөзінің алды бұрыс,
Арты — ұрыс, —

деп тұжырады. Шешен сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін аса құрмет тұтып қана қоймай, оны халықтың құт-береке туралы байырғы ұғымдарымен байланыстырып, әлеуметтік-мәдени өмірдің қозғаушы, басты үйлестіруші құралы деп бағалайды. Бұл, әрине, байсалды пайымның, тиянақты тұғырдың иесіне тән ерекшелік. Кісі басына құт-береке, қадір-қасиет қонуын сөз, сөйлеу әдебімен байланыстыру да Бөлтірік шешеннің дүниетану аясының кеңдігіне, дүниетаным деңгейінің биіктігіне дәлел болғандай үлкен парасаттылықтың белгісі.

Бөлтірік шешеннің сөздерінің мазмұны, адамгершілік нысана-тұрғысы халықтың ғасырлар бойы жалғасып, жанарып келген дәстүрлі дүниетанымынан тамыр тартады.

Жақсы мен жақсылық, жаман мен жамандық — Бөлтірік шешен сөздерінің басты мазмұндық желісін түзеді. Бұл желі түрлі деңгейлердегі мән мен мазмұн сапаларымен жетіле келе, заман мен адам болмысы секілді ірі мәселелер биігінде сарапталады. Көп жағдайларда шешеннің ойлары пенделік туралы толғамдардан даналық парасат хақындағы философиялық тұжырымдарға айналып жатады.

Өнерпаздың шығармашылық даралығын анықтайтын факторлар оның бойына екі сала, екі арнадан келіп құйылады. Оның бірі — өмірдің өзі, сан салалы қызу тіршілік шындықтары. Екіншісі — өнер адамының өз әлемі, жан жылуы мен жүрек қызуы, ақыл нұры. Өмір шындығынан өнер туындысын жасау — жан жылуы мен жүрек қызуының, ақыл нұрының қызметі. Жанда — жылу, жүректе қызу болмаған жерде, ақылда нұр жоқ жерде өмір құбылыстарын тану да қиын, олардың қалың тобынан мән-мағына табу да мүмкін емес. Қаншалықты қызыл тілдің ұстасы, қаншалықты кемел ойдың кемеңгері болуға ұмтылғанмен, жанында — жылу, жүрегінде қызу болғанда ғана, ақылынан нұр төгіліп тұрғанда ғана кісі шешендік өнердің шын шебері бола алады. Бөлтірік шешен туралы Ноғайбай бидің: “Шешен деп Бөлтірікті

айт”, — деп сүйсінуі тектен-тек емес. Бөлтірік — шешендік өнердің хас шебері. Оның шеберлігінің ажар-көркі ойынын даралығы мен саралығында да, сөзінің көріктілігі мен көркемдігінде де шуак шашып, нұрланып тұр.

Шешендік өнер туындысы үшін ойдың тереңдігі мен дәлелділігі, анықтығы мен айқындығы қандай маңызды болса, сөздің сұлулығы мен бейнелілігі де сондай мәнді. Бөлтіріктің сөздерінің басты қуаты ойдың тереңдігінде, ойлаудың жүйелілігінде екендігінде дау жоқ, сонымен бірге терең ой мен жүйелі ойлаудың қадір-қасиеті оның суреттілігі мен бейнелілігінде жатқаны да рас. Шешен айтқан сөздің қай-қайсысында да ішкі нәр мен сыртқы әр тас бұлақтың суындай сылдыраған бірөнкей мөлдір келісіммен жарасады. Бұл орайда көркемдік бейнелеу құралдарының байлығы, жай емес, эстетикалық ажары ашық, нағыз баянды байлығы айрықша сән-салтанатпен көзге түседі.

Тіл — сөз өнерінің қай түр, қай тегінің де басты құралы. Ой келіспеген жерде, ойда тереңдік болмаған жағдайда, қызыл тіл қанша майда сөйлегенмен, көркемдік те, көрік те болмақ емес. Сондай-ақ, көркем тіл, кестелі оралым болмайынша, жарамды пікір, жарасымды ой түюге талпыну да бекершілік. Өнерде ғана емес, өмірдің өзінде де жарамды ойды жарасымсыз тілмен жеткізу мүмкін емес. Бөлтірік шешеннің ойы мен сөзінің қуаты мен ажары тең түсіп, бірін-бірі күшейтіп тұрады. Мысал ретінде мынадай даналық сөз үлгісіне назар аударып көрейік:

Жақсымен жолдас болған
Ел ұстанған тілектей болады,
Қыз ұстаған жібектей болады,
Жадыраған жаздай болады,
Айдың көлдегі қаздай болады,
Отау ортасындағы оттай болады,
От ортасындағы шоктай болады,
Тұрағы алтын шырақтай болады,
Тұяғы асыл пырақтай болады...

Сөз жақсымен жолдас болудың жайы туралы. Сөздің алғашқы тармағы жақсымен жолдас болу туралы да, қалған сегіз тармақ түгелдей осы бір ғана құбылыстың ерекше қасиеттері мен белгілерін басқа бір құбылыспен теңеу арқылы сипаттайды, сипаттап қана қоймайды, көзге елестетіп, көкейге әкеліп қондырады. Теңеудің пәні — “жақсымен жолдас болған”, қалған сегіз тармақ түгелдей —

тенеудің образы. Ал сөздің өзі тұтастай алғанда — тенеу, жай, жалан тенеу емес, ұлғайған, тұтасқан тенеу. Тенеудің, мұндай казак сөз өнерінің үлгілерінде Бөлтірікке дейін болмаған еді, одан кейін де болған емес. Бұл — шешеннің даралығында ғана емес, даналығына да куә болғандай шынайы шеберліктің үлгісі.

Ілгеріде байымдалған “Өзін талап, күшігіне тістеттін” сөзіндегі:

Сен бір көл болғанда,

Мен бір акку едім,

Айдынында бауырым төсеп қалқып едім... —

деген жолдарда суретке, бейнеге, образға айналмаған бір де бір сөз, бір де бір ұғым жоқ, бәрі суретті, бәрі бейнелі, бәрі образды. Жалан, жадағай сурет емес, күрделі, өзара астасқан, өзара тұтасқан жанды көрініс. Суреттілігі, бейнелілігі, көркемдік-эстетикалық қуаты жағынан осының бәрін XVIII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген Бөлтірік шешен емес, кемел тартқан көркем әдебиетіміздің бүгінгі бір майталманы, хас шебері айтқандай әсер туады. Үш ауыз сөз, үшеуі де астарлы, ауыспалы мағынада қолданылған. Бейнелі, келтірінді мағынаға ауысқан шақта, бұлардың әрқайсысы бір емес, бірнеше түрлі құбылып, сөздің бейнелілігі ойлаудың бейнелілігіне, ойлаудың бейнелілігі ойдың тереңдігі мен кендігіне ұласып отырады.

Кісінің сөзі мен ісінің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты тұспалдап айтқан: “Кей акымақ аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды”, — сөзі де бейнелі, бедерлі. Сөздің суреттілігі арқылы тұтас бір сурет жасалған, образдылық образға айналып кеткен. Расы сол. Андап, байымдап карағанда, екі ауыз бейнелі сөздің өзегін жарып, адам бейнесі, адам образы бой көтеріп шығады да, сол бейне, сол образ кісінің көз алдында тұлғалана береді. Мұндағы “аузымен айды алу”, “қолымен қосаяқ соға алмау” — ауыспалы мағынада қолданылған сөздердің тобы. Ауыспалы мағынада, метафоралық қолданыста берілген екі ауыз сөз екі түрлі күрделі ұғымды білдіреді. Бір-біріне карама-қарсы қатынаста айтылған бұрма мағынадағы сөздер беретін ұғымдар да бір-біріне карама-қарсы сипатқа ие. Ой мен сөздің қуатын арттыруда карама-қарсы қатынастағы астарлы сөздер мен бұрма мағына жүйесінің атқаратын қызметі де жоғары екендігі сөзсіз.

Жерді су көтереді,

Елді ер көтереді.

Жердің құты күйінде болады,

Ердін құты үйінде болады,
Елдін құты биінде болады, —

секілді даналық ойдың ажарын ашып тұрған да ауыстыру тәсілі. Бес тармақ сөздің әрбір тармағы ауыспалы мағынада берілген, әрбір ауыспалы мағына бірнеше ұғым, бірнеше түсінікке жалғасып, белгілі бір пайымдалып отырған құбылыстың әдепкі мағынасын үстеп күшейте түседі, оның әріне нәр беріп, нәріне әр қосады.

Арғымақ атта жал болмас,
Жабы келіп жалымен теңесер.
Акиық ерде мал болмас,
Жаман келіп малымен теңесер...

Арғымақ пен жабы. Акиық ер мен жаман. Қарама-қарсы мағынадағы екі жұп ұғым. Әр жұп ұғым сипатын баяндайтын тармақтар белгілі дәрежеде аяқталған, мағыналық тұрғыда дербес, толымды. Арғымақ пен жабы көшпенді тұрмыс кешкен халықтардың ұғымында біріне-бірі қарама-қарсы белгілерімен ерекшеленеді. Жабының бойында ер серігі арғымақ атқа тән қасиеттердің бірі де жоқ. Өмірдің алмағайып айдынында арғымақ аттың ерге серіктіктен қалатын сәттері де болады. Мұндайда жабының жалын күдірейтіп шыға келерінде сөз жоқ. Арғымақ пен жабыға қатысты ойлардың тура мағынасының аясы ауыспалы, ауытқымалы болып табылады. Бұл мағына өзімен сарындас өзге мағыналар желісімен сабақтасып, күрделі мәнге, құбылмалы, толқымалы мазмұнға иеленеді. Келесі жұп ұғымдар арақатынасында да осындай мән мен мағына бар: Акиық ер. Жаман. Бұл екі құбылыс, екі ұғым арасындағы қарама-қайшылық сипаты мен ілгеріде көрсетілген арғымақ пен жабы арасындағы қарама-қайшылық сипаты өзара сарындас. Қарама-қарсы ұғымдардың екі жұбын осылайша жанастыра, жарыстыра баяндау сөзге — сұлу сурет, ойға нұрлы қуат дарытудың таптырмас тәсілі болып шыққан. “Акку құсқа ок тисе”, “Өнерің мен өнеген азбасын”, “Атанның тасын тасыған артық”, “Оның шошып жүргені осы шығар” және басқа сөздердің құрылым жүйесінде егіздеудің осы секілді күрделі, бір-бірімен сатылы түрде сабақтасып жатқан қызметі маңызды орын алады.

Бөлтірік шешеннің сөздерінің көркемдік жүйесінде үлкен эстетикалық қызмет атқаратын бейнелеу құралдарының бірі — егіздеу. Шешен сөзінде егіздеу тәсілі арқылы күрделі ұғымдар жүйесі көрініс табады. Оқиға, көрініс немесе өмірдің түрлі

құбылыстарын суреттеудің көркем әдебиетте алуан түрлі асыл үлгілері бар. Ал ұғым мен ұғымды егіздеп ұсына отырып, басқа бір күрделі ұғым туралы толғау — ежелден қазақ жыраулары мен шешендерінің өнеріне тән ерекшелік. Бөлтірік шешеннің көркемдік-эстетикалық танымы мен ойлау ерекшеліктерін танытатын поэтикалық тәсілдердің қатарында егіздеу ерекше орын алады.

Бөлтірік шешеннің тиімді, орынды пайдаланатын көркемдік ажарлау құралдарының бірі — қайталау. Қайталаудың бірнеше түрі бар. Солардың ішінде еспе қайталау туралы ғұлама З.Қабдолов былай дейді: “Мұндайда ой мен сыр шынында да бір түрлі еспе түйдектеліп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады”. Бөлтіріктің сөзі, әрине, өлең емес. Өлең өнеріндегі еспе қайталауға тән осы сипаттаманы түгелдей шешендік өнер туындысына әкеліп қондыра салудың жөні жоқ. Шешендік өнер туындысының табиғаты мұны көтермейді. Әйтсе де еспе қайталаудың мағыналық-құрылымдық болмысына тән жүйе өлең сөз бен шешендік сөзде бірдей қызмет атқарады.

Бай болсаң, сараң болма,
Сараң бай — байлықтың құлы.
Би болсаң, карау болма,
Карау би биліктің құлы...—

дейді шешен. Мұнда “есіле түйдектеліп, еселеніп келіп” тұрған ой мен сыр жоғы рас. Ал әр екі тармақтың алдыңғысында айтылған ұғымның аяғы кейінгісінде айтылған ойдың басына көшіп, ойдың маңызын арттырып, ұғымның мәнін байытып тұрғандық даусыз. Қайталау тәсілі бұл жерде сөздің суреттілігін арттырудан гөрі ой мен ұғымның маңызы мен мәнін байыту мақсатында қолданылған.

Керден болса,
Аяғың жау тартады.
Кесірден болса,
Таяғың жау тартады.
Кіді болса,
Мінезін жау тартады.
Ірі болса,
Білегін жау тартады...

Мұнда да қайталау бар. Ілгеріде көрсетілгендей, бір ұғымнан

екінші ұғымға жалғасып жатқан қайталаудан бұл қайталаудың құрылымдық сипаты мүлде басқа. Алғашқы екі тармақтың аякқы сөздері келесі тармақтарда алма-кезек қайталанып тұр. Аякқы қайталау болғанмен, мұның өзі мөлшерлі, өлшемді және жүйелі сипатқа иеленіп, өзі күрделеніп, ойды күлтелендіріп тұр.

Бармен жолдас болсаң,
 Ернің майланады.
 Жокпен жолдас болсаң,
 Есің айналады.
 Батырмен жолдас болсаң,
 Қаның тасиды.
 Қоркакпен жолдас болсаң,
 Жаның жасиды.
 Адалмен жолдас болсаң,
 Қонып, асынды ішеді.
 Аярмен жолдас болсаң,
 Төгіп, қаныңды ішеді...

Бұл — аякқы қайталаудың басқа бір түрі. Мұнда да белгілі бір тармақтың сонындағы сөз қайталанғанымен, оның атқаратын көркемдік-эстетикалық қызметі өзге сөз, өзге ұғымдар жүйесінің қызметімен тікелей сабақтас ашылады. Сөз тексін түзуші әрбір екі тармақтың мазмұны мен келесі екі тармақтың мазмұны бір-біріне антонимдік қатынаста берілген. Қайталанып отырған сөз арқылы берілген ұғым әр қайталауға негіз болған ой жүйесімен астаса, байланыса келе, біртұтас философиялық толғам өзегіне айналады. Қайталанып отырған сөздердің мән мен мағына арттырудағы мұндай қызметі мен текстің мағыналық-құрылымдық бөліктерін өзара байланыстырушылық, ұйымдастырушылық қызметі тікелей сабақтас.

Бөлтірік шешеннің сөздерінің көркемдік-бейнелеу құралдары түр-түсі, құрамы жағынан алуан түрлі. Өнер шеберінің өзіндік өрнегін көркейтуде бейнелеу құралдарының байлығының алатын орны да аса маңызды. Әрине, бұл жерде көркем сөз беретін ұғымның мәні мен мәнісін екінші орынға қоюға болады деген түсінік тумауға тиіс. Бөлтірік шешеннің талант даралығының жарық бір қыры оның ойының маңызы мен сөзінің суреттілігінің бірінен-бірі қара үзіп кетпей, бірін-бірі жетілдіріп, бірін-бірі бірде биіктетіп, бірде терендетіп тұрған, бірімен-бірі тең түсіп, тенесіп жатқан сырымен байланысты. Шешеннің әдеби мұрасының

образдылығы мен образды жүйесіне тән ерекшелік ой мен сезімнің, нақтылық пен суреттіліктің осындай тұтастығында.

Шешеннің жекелеген сөзінде де, жалпы өнерпаздық өнегесінде де ерекше жарқырап көрінетін басты үш көркемдік-эстетикалық ерекшелік бар. Оның бірі – Терендік. Танымның, ой мен сөздің терендігі. Екіншісі – Айкындық. Танымның, ой мен сөздің айкындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрған және бір ерекше өлшем бар. Ол – Жүйелілік. Тағы да сол танымның, ой мен сөздің жүйелілігі. Терендік. Айкындық. Жүйелілік. Бөлтірік шешеннің өнері мен өнегесі осы үш өлшемге негізделген.

РЕЗЮМЕ

Десятитомная «История казахской литературы» — коллективный труд сотрудников Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова Министерства образования и науки Республики Казахстан, выполненный при участии литературоведов вузов нашей страны.

В третьем томе систематизирован огромный пласт истории казахской литературы XIII-XVIII веков. Он охватывает материал, начиная от образцов авторской поэзии и письменной литературы эпохи Золотой Орды до поэзии акынов и жырау периода Казахского ханства.

Для индивидуального творчества были характерны авторство, относительная устойчивость текста, конкретность его содержания, наличие адресата. Путем творческого соединения прежней фольклорной поэтики с новой, зарождающейся, индивидуальная поэзия по-своему отобразила события в Дешт-и Кыпчаке периода золотоордынского государства, по-своему создала литературные образцы исторических лиц и вымышленных персонажей. Главной для авторской поэзии была идея сохранения единства народа Дешт-и Кыпчака и защиты его независимости.

Эпоха Золотой Орды характеризовалась бурным развитием письменной литературы. Наиболее значительные произведения создавались в основном в придворной среде талантливыми поэтами, которые как правило, находились на государственной службе или при правителях и нередко свои творения посвящали или приносили им в дар. Из общего числа созданных в эпоху Золотой Орды произведений можно выделить такие шедевры письменной литературы, как классический образец научно-учебной и частично художественной литературы периода господства кыпчаков (куманов, половцев) на огромной территории от Джунгарских ворот

до Дуная, лирическая поэма «Мухаббат-наме» Хорезми, новое по форме и содержанию произведение в литературе эпохи Золотой Орды, дастан «Гулистан бит-тюрки» Саифа Сараи, дастан «Хосроу и Ширин» Кутба, написанного в духе назирьи и воспевающего беспредельную чистую любовь и идеального правителя, дастан «Жусуп-Зылиха» Дурбека.

Своеобразие государственного устройства и жизни Казахского ханства выдвинуло на передний план духовной жизни общества поэзию акынов и жырау, творчество шешенов-биев. И главными темами поэзии жырау XV-XVIII вв. были вопросы сплочения и единства племен, составляющих Казахское ханство, укрепления государства и ее воинской мощи. В своих поэтических монологах-толгау акыны и жырау, наряду с важными государственными проблемами, затрагивали вопросы этики и морали, чести и достоинства, излагали свои думы о жизни и смерти, об изменчивости и бренности мира. Крупнейшими представителями поэзии жырау XV-XVIII вв. были Асан Кайгы жырау (XV в.), Сыпыра жырау (XV в.), Шалкииз (Шалгез) жырау (1465-1560), Казтуган жырау (XV в.), Доспамбет жырау (XV в.), Жиембет жырау (XVII в.), Маргаска жырау (XVII в.), Ақтамберды жырау (XVIII в.), Умбетей жырау (1668-1780), Бухар жырау (XVIII в.), акын Татикара (1705-1780).

В эпоху Казахского ханства развивалась также письменная литература, которая творилась главным образом в придворной среде и преимущественно в форме исторических сочинений. История сохранила немало таких произведений, которые имеют значение не только как летописные или нарративные источники, но и как памятники художественной литературы тюркских народов позднего средневековья. Среди них особо можно выделить замечательную книгу мемуарной литературы «Бабур-наме» Захриддина Бабура, историческое сочинение «Жами ат-тауарих» Кадыргали Жалаири, книгу «Шежре-и тюрк» Абылгазы Бахадурхана, написанную в традициях средневековой исторической прозы Востока, сочинение «Тарих-и Рашиди» и поэму «Джахан-наме» Мухаммеда Хайдара Дулати.

Том открывается вступительной статьей академика НАН РК С.А.Каскабасова, где определяются хронологические границы истории литературы эпохи Золотой Орды и периода Казахского ханства и дается ее краткое описание.

В монографических разделах освещено творчество видных пред-

ставителей письменной литературы и поэзии жырау рассматриваемого периода, а также впервые представлено творчество шешенов-биев XVIII в. Толе-би, Казыбек-би, Айтеке-би, Актайлак-би, Сырым шешена, Болтирик шешена, которые в своих произведениях воспевали и утверждали идеалы, к которым должны были стремиться жители Казахского ханства. Их творчество своеобразно как по форме, так и по содержанию, поэтому в жанровом отношении оно сочетает прозу с поэзией.

В томе также впервые исследован армянописьменный кыпчакский литературный памятник XVI в. — повесть «История о премудром Хикаре». Это древнейшее творение Востока, преодолевшее забвение и не потерявшее в течение веков своего обаяния. Повесть выражена в гибких художественных формах. Эта история о неблагодарном племяннике, интерполированная поучениями, притчами и загадками. Большое место в повести занимают назидания. В ней запечатлены заветы и мудрость веков.

Таким образом, в настоящем томе впервые масштабно и комплексно, в исторической последовательности исследованы все значительные этапы развития поэзии жырау и письменной казахской литературы XIII-XVIII веков.

В написании разделов третьего тома принимали участие: Н.Келимбетов, доктор филологических наук, профессор («Литература эпохи Золотой Орды», «Кутб», «Хорезми», «Саиф Сарай», «Дурбек», «Историческое шежере и художественная традиция», «Абылгазы Бахадурхан», «Захириддин Мухаммед Бабыр»); С.Каскабасов, академик НАН РК («Вступление», «Литература периода Казахского ханства»); А.Дербисали, доктор филологических наук, профессор («Мухаммед Хайдар Дулати»); Р.Г.Сыздык, академик НАН РК, М.Койгелдиев, доктор исторических наук, профессор («Кадыргали Жалаири»); М.Жармухамедулы, доктор филологических наук, профессор («Сыпыра жырау», «Асан Кайгы», «Бухар жырау», «Творчество биев-шешен», «Казыбек-би»); У.Кумисбаев, доктор филологических наук, профессор («Умбетей»); Ж.Дадебаев, доктор филологических наук, профессор («Толе-би», «Сырым шешен», «Болтирик шешен»); М.Магауин, кандидат филологических наук («Татикара»); К.Сыдыкулы, кандидат филологических наук, доцент («Шалкииз (Шалгез) жырау»); С.Корабай, кандидат филологических наук, доцент («История премудрого Хикара», «Доспамбет», «Казтуган», «Актамберды», «Актайлак-би»); С.Косан,

кандидат филологических наук («Али», «Жиембет», «Айтеке-би»); А.Алибекулы, кандидат филологических наук («Кыпчакская литература Египта»); Г.Курмангали, кандидат филологических наук («Маргаска»).

SUMMARY

Ten volume edition of "History of Kazakh literature" is a collective work of the staff of M.O.Auezov Institute of literature and art, Ministry of education and science of Kazakhstan, performed with participation of specialists in the field of literary studies of our country.

Third volume includes systematization of the big section of history of Kazakh literature of XIII-XVIII centuries. It covers materials including patterns of author poetry and written literature during Golden Horde epoch and akyns and zhyrau poetry during the period of Kazakh khanate.

Authorship, relative sustainability of the text, concrete content, availability of addressee were typical for individual creative activity. Due to creative combination of the previous folklore poetry with a newly beginning one, the individual poetry has reflected events in Desht-i-Kypchak during Golden Horde State, has created literary patterns of historical persons and fictitious personages. Main idea of the authors poetry was the idea of conserving unity of Desht-i-Kypchak people and protection of their independence.

Golden Horde epoch was characterized with a rapid development of written literature. Most significant works have been created mainly in court medium by talented poets who as a rule, have been involved in public service or served to the rulers and they often devoted their works to the rulers. From the total number of works created during the Golden Horde epoch such masterpieces of written literature can be outlined as classical pattern of scientific and research and partially fiction of the period when Kypchaks (Kumans, Polovtsy) were dominating on the huge territory from Djungar Gates to Danube river- "Kumanikus code" (XIV c.), Khorezmi'z lyric poem "Mukhabbat-name", a work with a new form and content in the literature of Golden Horde epoch, dastan "Gulistan bit-turki" written by Saif Sarai, Kutba's dastan "Khosrou and Shirin"

written as a nazira and singing real love and ideal ruler, Durbek's dastan "Zhusup-Zilykha", Nasreddin Rabguzi's book "Kissa sul-anbiya" that is devoted to the description of the life and adventures of the prophets who were before Mohamed, description of Mohamed's life and Moslem khalifs.

Original government system and life of Kazakh khanate has set akyn's and zhyrau's poetry, creative work of sheshens-biys as a priority of spiritual life of the society. Main themes of zhyrau poetry in XV-XVIII centuries included the issues of consolidation and unity of tribes that have composed Kazakh khanate, strengthening of the State and its army. Akyns and zhyrau in their poetic monologues-tolgau have considered ethic and moral issues, issues of honor and dignity, issues of life and death, changeability and transitory feature of the world. The outstanding representatives of zhyrau poetry of XV-XVIII centuries were Assan Kaigy zhyrau (XV c.), Sypyra zhyrau (XV c.), Shalkiiz (Shalgez) zhyrau (1465-1560), Kaztugan zhyrau (XV c.), Dospambet zhurau (XV c.), Zhiembet zhyrau (XVII c.), Margaska zhyrau (XVII c.), Aktamberdi zhyrau (XVIII c.), Umbetei zhyrau (XVIII c.), Bukhar zhyrau (1660-1780), akyn Taticara (1705-1780).

During epoch of Kazakh khanate written literature was also developing that was mainly created in court environment and mostly in a form of historical compositions. History has preserved many works that are significant not only as chronicle or narrative sources but also as monuments of fiction of Turkic peoples during late medieval period. Among them we can note a remarkable book of memoir literature such as Zakhridin Babur's "Babur-name", historical composition of Kadyrgali Zhalairi "Zhami at-tauarikh", Abylgazy Bahadurkhan's book "Shezhre-i Turk" written in traditions of medieval historical Oriental prose, composition "Tarikh-i Rashidi" and Mukhammed Khaidar Dulati's poem "Djakhan-name".

The volume begins with an introductory article of S.A.Kaskabasov, Academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan, that includes identification of chronological boundaries of history and literature of Golden Horde and Kazakh khanate periods and brief description.

Monograph sections highlight creative work of the well known representatives of written literature and zhyrau poetry of the mentioned period and creative work of sheshens-bis of XVIII centuries such as Tolebi, Kazybak-bi, Aktailak-bi, Syrym sheshen, Boltirik sheshen has been presented for the first time who were singing and confirming the ideals to

which the residents of Kazakh khanate should strive. Their creative work has original form and content and therefore in genre aspect they combine prose and poetry.

This volume highlights Armenia written Kypchak literary monument of XVI century such as “History of wise Khikar”. This ancient Oriental creation that have overcome oblivion and didn't lose its charm. The novel is written in flexible artistic forms. This is a history about ungrateful nephew and it includes exhortations, parables and mysteries. Significant part in the novel is given to edifications. It includes behests and wisdom of ages.

So this volume includes researches done in a wide scale, complex and historical consequence way, of all significant stages of zhyrau poetry development in written Kazakh literature of XIII-XVIII centuries.

In writing of the sections of the third volume the following staff were involved: N.Kelimbetov, Doctor of philology, professor (“Literature of Golden Horde epoch”, “Kutb”, “Khorezmi”, “Saif Sarai”, “Durbek”, “Historical shezhreand artistic tradition”, “Abylgazy Bahadurkhan”, “Zahiriddin Mukhammed Babyr”); S.Kaskabasov, Academician of National Academy of Sciences of Kazakhstan (“Introduction”, “Literature of Kazakh khanate period”); A.Derbisali, Doctor of philology, professor (“Mukhammed Khaidar Dulati”); R.G.Syzdyk, Academician of National Academy of Sciences of Kazakhstan, M.Koigeldiev, Doctor of historical sciences, professor (“Kadyrgali Zhalairi”); M.Zharmukhammeduly, Doctor of philology, professor (“Sypyra zhyrau”, “Assan Kaigy”, “Bukhar zhyrau”, “Creation of bis-sheshens”, “Kazybek-bi”); U.Kumisbayev, Doctor of philology, professor (“Umbetei”); Z.Dadebayev, Doctor of philology, professor (“Tolbi”, “Syrym sheshen”, “Boltirik sheshen”); M.Magauin, Candidate of philology (“Tatikara”); K.Sydiykyuly, Candidate of philology, Docent (“Shalkiiz (Shalgez) zhyrau”); S.Korabai, Candidate of philology, Docent (“History of wise Khikara”, “Dospambet”, “Kaztugan”, “Aktamberdi”, “Aktailak-bi”); S.Kosan, Candidate of philology (“Ali”, “Zhiembet”, “Aiteke-bi”); A.Alipbekuly, Candidate of philology (“Kypchak literature of Egipt”); G.Kurmangali, Candidate of philology (“Margaska”).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Абилов Ш. Неждул фарадис // Татарская литература (VIII-XVIII в.в.). Казань, 1999.
- 2.Абилов Ш. «Кутадгу билиг» в болгаро-татарской литературе // Советская тюркология, 1970. № 6.
- 3.Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата, 1985.
- 4.Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1971.
- 5.Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы казак акын, жырауларының шығармалар жинағы. А., 1971.
- 6.Алиев Г.Ю. Легенда о Хосраве и Ширин в литературах народов Востока. М., 1960.
- 7.Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка (часть I). Алма-Ата, 1959.
- 8.Аминь аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокращенный перевод с арабского. М., 1962.
- 9.Ат-тухфату-з-закияту фи-л-луғати-т-туркия. Ташкент, 1968.
- 10.Ауыл поэзиясы на де ноғай ел әдебиеті. 1 бөлік. Мақашкала, 1935.
- 11.Ахматгалиева Я.С. Исследование тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». М., 1979.
- 12.Ахметов З. Казак өлендерінің құрылысы. А., 1964.
- 13.Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түркі тілінен аударған Б.Әбілқасымов. А., 1992.
- 14.Әл-Рәмзи М.М. Тәлфик-ул-ахбар уә тәлқик-ул-әсәр фи уақайғ Қазан, Булғар уә мулук-ул-Татар. Орынбор, 1908.
- 15.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1984.
- 16.Әхмәтжанов М. Татар кулъязма китабы. Казан, 2000.

17. Бабур-наме. Ташкент, 1958.
18. Бабур-наме («Записки Бабура»). Перевод М. Салье. Ташкент, 1958.
19. Базарбаев М. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. А., 1973.
20. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік (көне түркі тілінен аударған Егеубаев А.). А., 1986. Бертельс Е. Э. Альманах «Дар». Ташкент, 1944.
21. Башкорт әдебиәте тарихы. — Уфа, 1990.
22. Башкорт әдебиәте тарихы, Урта быуаттар осоро. 1-том, 1990.
23. Бердібаев Р. Саркылмас казына. А., 1983.
24. Беркалиұғлы А. Акын. Казан, 1912.
25. Бертельс Е. Э., Навои. М. — Л., 1948.
26. Бертельс Е. Э. Избранные труды. Т. I. Суфизм и суфийская литература М., 1962.
27. Бес ғасыр жырлайды: 2-томдық. Құраст. М. Мағауин., М. Байділдаев. — А., 1989. Т. I.
28. Борынғы торки һәм татар әдебиятының чиғанаклары. Тозучесе Хатип Госман — Казан, 1981.
29. Борынғы татар әдебияты. Казан, 1963.
30. Бұқар жырау. Шығармалары / Құраст. М. Жармұхамедұлы. А., 1992.
31. Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., А., т. I. 1961.
32. Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2, СПб., 1864.
33. Газиз Г., Рахим Г. Татар әдебияты тарихы. 1923, т. I. Ч. 2.
34. Гарбузова В. С. Поэты средневековой Турции. Л., 1963.
35. Ғабдуллин М. Қазак халқының ауыз әдебиеті. А., 1958.
36. Давкарев Н. Очерки по истории дореволюционной каракалпакской литературы. Ташкент, 1959.
37. Дербісәлин Ә. Дәстүр және жалғастық. А., 1976.
38. Дербісәлиев Ә. Қазак даласының жұлдыздары. А., 1995.
39. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. А., 1982.
40. Джавад Алмаз. «Кисса-и Юсуф» Али — болгаро — татарский памятник. Казан, 1989.
41. Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991.
42. Ежелгі мәдениет куәлары. А., 1966.
43. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазак кітабының тарихы. А., 1999.
44. Ерте дәуірдегі казак әдебиеті. А., 1983.

45. Ерте дәуірдегі казак әдебиеті: Зерттеулер. А., 1983.
46. Ертедегі әдебиет нұсқалары. А., 1967.
47. Жандарбек З. Түркістанның қысқаша тарихы. Түркістан, 2000.
48. Жиреншин Ә. Казак кітаптары тарихынан. А., 1971.
49. Жұмалиев К. Казак әдебиеті // Оқу құралы. А., 1941. II бөлім.
50. Жұмалиев К. Әдебиет тарихы // Әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 1-т.
51. Зайончковский А. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики (1946-1956.).
52. Захир ад-дин Мухаммед Бабур. Трактат об арузе. Факсимиле рукописи. Издание текста, вступит. статьи указатели И.В.Стеблевой. М., 1972.
53. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы (XIV ғ. Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштердің тілі негізінде). А., 1983.
54. Ибн Батутаның дәшті Қибжакка саяхаты. Оренбург, 1917.
55. Ибн Тағриберді (Жамаладдин Әбулмухасин Юсую бин Тағриберді әл-Атабеки). Аннужуму-з-заһирату фи мулуки Мисри уә-л-Қаһира. т. VII. Каир, «Дар-ул-кутуб», 1984.
56. Исламов Р.Ф. Алтын Урда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдени бағланышлар. Казан: Матбугат йорты, 1998.
57. Исламов Р.Ф. Алтын Урда һәм мәмлүкләр Мисыры: язма мирас, мәдәни бағланышлар. Казан; 1998.
58. Кабаклы А. Түрік әдебиеті. Истамбул. Т.2. 1978.
59. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. Алма-Ата, 1972.
60. Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1983.
61. Келімбетов Н. Казак әдебиетінің ежелгі дәуірі. А., «Мектеп», 1986.
62. Келімбетов Н., Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. А., 1986.
63. Келімбетов Н. Шығыстың классикалық поэзиясы және казак әдебиеті. А., 1989.
64. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., «Ана тілі», 1991.

65. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. А., “Ана тілі”, 1998.
66. Келимбетов Н. Древний период истории казахской литературы. А., “Санат”, 1998.
67. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. А., 1998.
68. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Астана, “Елорда”, 2000.
69. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. (Толықтырылған басылымы). А., “Атамұра”, 2005.
70. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. А., “Алатау”, 2005.
71. Кемал Я. Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехджул фарадис». Симферополь, 1930.
72. Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А., 1966.
73. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986.
74. Ключевский В.О. Сказание иностранцев о Московском государстве. М., 1916.
75. Копрюле-заде. Тюрк әдебиаты тарихы. Истамбул. 1926, 277 – бет; Е. Бертельс. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV в. – журн. «Новый мир», 1939 № 9.
76. Короглы Х. Огузский героический эпос. М., 1976.
77. Кростовцев М.А. Литература древнего Египта // История всемирной литературы. – М., 1983. Т.1.
78. Крымский А.Е. История новой арабской литературы XIX начало XX в. М., 1971.
79. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. А., 1995.
80. Қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдері. А., 1989.
81. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1948; 1960. 1-т. Бірінші кітап; А., 1971.
82. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1958.
83. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары (Жинаған С.Сейфоллаұлы) А., 1931. 1-жинақ.
84. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркі тілдерінің дамуындағы орта ғасыр дәуірі (X-XV ғасырлар). А., 1985.
85. Қасқабасов С. Жаназык. Астана, 2002.
86. Қасым Абдуһу Қасым. Аср салатин әл-мамалик ат-тарих әс-сиаси уә-л-ижтима’и. Каир, «Айн», 1998.

87. Қоңыртпаев Ә. Эпос және оның айтушылары. А., 1975.
88. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы // Өлеңдер мен поэмалар. А., 1977.
89. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Бес тарих. 2-ші басылуы. А., 1992.
90. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. А., 1988.
91. Литературадан хрестоматия. Мақашкала, 1935.
92. Мағауин М. Қобыз сарыны. — А., 1968.
93. Марғұлан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // Сборник статей к 60-летию М.О. Ауезова. А., 1959.
94. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. А., 1985.
95. Максетов Қ. Қарақалпақ жырау, бақсылары, Нөкіс, 1983.
96. Маржани Ш. Әл-қалам Әл-әуал мин китап мустафат әл-ахбар фи ахуали Қазан уә бұлғар. Казан, 1897.
97. Маржани Ш. Мустафад әл-ахбар фи ахуали Қазан уә Булғар. I-том. Казан, 1895.
98. Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков. А., 1969.
99. Миннегулов Х.Ю. Сәйф Сараи тормышы һәм ижаты. Казан, 1976.
100. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. А., 1942. I бөлім.
101. Мұхтар Әуезов. Әдебиет тарихы. 2-ші басылуы. А., 1991.
102. Наджип Ә.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык. Ч. I. А., 1975.
103. Наджип Ә. О памятнике XIV века «Нахдж ал-фарадис» и его языке // Советская тюркология. Баку, 1971, № 6.
104. Наджип Ә.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египета XIV века (Диссертация на соискания ученой степени доктора филологических наук). М., 1965.
105. Наджип Ә.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. А., Казак университеті, 1991.
106. Наджип Ә.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. М., 1989.
107. Нәжип Ә. XIV йөз шағыйре Сәйф Сараи һәм аның заманы // «Совет әдәбияты» журналы, 1957. №4.

108. Носируддин Бурхонуддин Рабгузи. Кисаси Рабгузий. Биринчи китоб. Ташкент, 1990.

109. Носируддин Бурхонуддин Рабгузи. Кисаси Рабгузий. Екинчи китоб. Таш., 1991.

110. Оғыз-наме, Мұхаббат-наме. Дайындаған Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев. А., 1986.

111. «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме». Редколлегия: Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев. А., 1986.

112. XV-XVIII ғасырлардағы казак поэзиясы. А., 1982.

113. Өмірәлиев К. «Оғыз қаған» эпосының тілі. А., 1988.

114. Поэзия народов СССР IV-XVIII веков. М., 1972.

115. Рабғузи. Қисасул әнбия. Қазан, 1899.

116. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Санк-Петербург, 1870.

117. Самойлович А.Н. К истории литературного среднеазиатского турецкого языка. Сб. Мир-Али Шир. Л., 1928.

118. Сарай и его язык. Часть первая. А., 1975.

119. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Саранск. 1960.

120. Сборник статей к 60-летию М.О.Ауэзова. Алма-ата, 1959.

121. Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер. - А., 1981.

122. Сейфуллин С. Шығармалар. 6-т. - А., 1964.

123. Сираг әл-Мәлик аз-Заһир Бейбарыс. Ливан, Бейрут: Дәр-ул-кутуб аш-ша'бия, 1982.

124. Смирнова Н.С. Очерк истории казахского фольклора // История казахской литературы. Казахский фольклор. Т.1. Под. ред: Н.С. Смирновой. А., 1984.

125. Стеблева И. В. Семантика газелей Бабура. М., 1982.

126. Сулаймонова Ф. Навоийга нисбат берилген «Юсуф ва Зулайхо» достониниг Париж кул ёзмаси хакида. Тошкент, 1973.

127. Сұбханбердина Ү. Қазак кітабынын шежіресі. 1807—1917. А., 1996.

128. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. А., 1987.

129. Сүйіншәлиев Х. Қазак әдебиетінің калыптасу кезендері. А., 1967.

130. Сыдықов К. Акын, жыраулар. А., 1974.

131. Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991.

132. Табари Тәпсир әл-кәбир. Истамбул. 1873.

133. Тагирджанов А.И. К вопросу о поэме Фирдоуси "Юсуф и Зулейха". Советское востоковедение. V. М.-Л., 1948.
134. Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1977.
135. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В 2-х т. М. – Л., 1941. Т.2.
136. Тизенгаузен В. Сборник относящихся к истории Золотой орды. Т.1. СПб., 1884.
137. Тұрсынов Е. Қазак ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. А., 1976.
138. Түркі филологиясының негіздері (Неміс тілінде). Виесбаден, 1958, 1-том.
139. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. А., 1995.
140. Тюркологический сборник. М., 1966.
141. Уахатов Б. Қазактың халық өлендері. А., 1974.
142. Фильштинский И.М. История арабской литературы X-XVIII века. М., 1991.
143. Фуат Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999.
144. Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед ал-Бухари. Абдуллонома. Таш., 1966. 2-т.
145. Хисамов Н. Ш. Сюжет Юсуфа и Зулейхи в тюрко-татарской поэзии XIII-XV вв. (Проблема версий). Казан, 2001.
146. Хисмәтуллин Х. «Жәмигь-эт-тәварих»-ның татарча тәржемәсе. – Татар теле һәм әдәбияты. Казан, 1959.
147. Хорезми. Мухаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э. Н. Наджиба. М., 1961.
148. Хрестоматия по древней русской литературе. Сост. Н.К. Гудзий. – М., 1962.
149. Хусаинов Г.Б. Башкирская литература XI-XVIII вв. Уфа, 1996.
150. Чулошникова А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов. Оренбург, 1924, ч.1.
151. Шолпан (Ноғай язувшыларының ортак иынтығы). Черкасск, 1969.
152. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959.
153. Ысмайылов Е. Акындар. А., 1956.
154. Эмир Наджип. Татар әдәбиятының һәм әдәби теленен кайбер язма истлеклере турында. Совет әдәбияты. 1957, № 12.

155. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966.

156. Battal-Taymas A. Seyf Sarai nin Qülüstan tärkümesini gözden gesiris, Türk dili araştırmaları yilli i. Ankara, 1955.

157. Brockelmann C., Ali's Qissa'i Jusuf. Der alteste Vorlanferder osmanischen Literatur, ZDMG, 1916, Pil. Hist. Klasse, № 5, Berlin.

158. Codex Cumanicus. Edited by G. Kuun. Budapest. 1981.

159. Fleischer H. Catalogus codicum manuscriptorum orientalium Bibliothecae regiae Dresdensis scripsit, Lipsiae, 1831, № 49.

160. Karamanlioglu F. Ankara, 1989. XV.

161. Kuprulu Fuad, Turk edabiatında ilk mutasavvıflar. Ankara, "Dianet Isleri Baskanligi", 1991.

162. Kuprulu Fuad, Turk edabiatında ilk mutasavvıflar. Ankara, "Dianet Iskeri Baskanligi", 1993.

163. Stanley Lane Poole. A history of Egypt in the Middle ages. London, 1936.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	7
АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ	13
Хорезми	21
Күтб	33
Сәйф Саран	43
Дүрбек	51
Әли	60
Мысырдағы кыпшак әдебиеті	72
Дана Хикар хикаясы	99
Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр	106
Әбілғазы Баһадүрхан	109
Қадырғали Жалаири	116
Захириддин Мұхаммед Бабыр	155
Мұхаммед Хайдар Дулати	170
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ	207
Сыпыра жырау	247
Асан Қайғы	262
Қазтуған	290
Доспамбет	294
Шалкиіз (Шөлгез) жырау	299
Жиёмбет	342
Марғаска	349
Бұқар жырау	357
Ақтамберді	387
Үмбетей	393
Тәтіқара	406
Шешендер шығармашылығы	411
Төле би	429
Қазыбек би	449
Әйтеке би	462
Сырым шешен	475
Ақтайлақ би	489
Бөлтірік шешен	502
Резюме	520
Summary	524
Пайдаланылған әдебиеттер	527

**Қазақ әдебиетінің тарихы
(Он томдық)
3-том**

**“ҚазАқпарат” баспа корпорациясының
президенті Қонысбек БОТБАЙ**

Редакторлар Баян Кумыкбаева, Динара Күмісбекова
Корректор Айша Қазыбайқызы
Көркемдеуші редактор Назгүл Ошарбайқызы
Техникалық редактор Нұркен Сүйеубекұлы

ISBN 978-601-03-0025-5



ИБ №379

Теруге 05.03.08. берілді. Басуға 10.12.08. қол қойылды. Қалыбы
60x90¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Әріп түрі “ММ Times”: Офсеттік басылыс.
Есептік баспа табағы 60. Таралымы 3000. Тапсырыс №182.

Алматы қаласы, Жангелдин – Түрген көшесі, 30/26.

“ҚазАқпарат” баспа корпорациясы.

E-mail: Kazakparat10@mail.ru

Тел.: (8-727) 230-44-40, 230-42-47.